Orhon yazıtlarında kullanılmış *atlığ* 'atlı' (Tonyukuk 4), *bodun* 'halk' (Bilge Kağan D 28-29), *bitig* 'yazı, yazıt' (Külü Çor 28), *buyruk* 'buyuruk (askeri rütbe)' (Bilge Kağan G 14), *sünüş* 'dövüş, savaş' (Külü Çor 9), *tutuk* 'askeri rütbe' (Bilge Kağan D 25), *kıyın* 'ceza' (Tonyukuk 32), *barım* 'zengin, sahip olunan hayvanlar' (Kül Tigin GB), *yazı* 'çöl' (Tonyukuk 33), *yelme* 'istihbarat' (Tonyukuk 34), *tabışgan* 'tavşan' (Tonyukuk 8),

*Azerbaycan Milli İlimler Akademisi, Nesimi Adına Dilcilik Enstitüsü, aysel_009@mail.ru

yadağ‘yaya, piyade’(Tonyukuk 25), *yarğan*‘rütbe’(Ongin Ön 1) isimleri Göktürk harfli Eski Uygur yazıtlarında da kullanılmaya devam etmiştir:

Atlığ‘atlı, süvari’ (TesK 3, TerhinK 2; Moyun Çor D 2, D 5):Uçuzkölkeatlığıntöke barmış (TesK 3) ‘Ucuz gölüne süvarileriyle birliktedöküb gitmiş’. *Ar*‘at’ ismi ve isimden isim ve sıfat yapan *-lığ* ekiyle yapılmıştır.

Bodun‘halk’ (TesK 4, D 5; TerhinD 7, G 4, G 5, B 3, B 4, B 5, B 6, B 9, K 1, K 2, K 3, K 4, K 5; Moyun ÇorK 3, K 4, K 5, K 10, D 1, D 2, D 5, D 6, D 7, G 2, G 9, G 10, B 4, B 8):Ol *bodunum*Kenkeresde... (TesK 4) ‘O halkım Keneres’te’. *Bod*‘kabile’ ismi ve çokluk anlamı oluşturan *-un* ekiyle ortaya çıkmıştır.

Bitig‘yazı, yazıt’ (Tes G 3; Terhin B 2; Moyun Çor D 8, D 9, G I 2):...belgüsin, *bitigin* bu urdı, bu yaratdı (Tes G 3) ‘...işarelerini, yazıtlarımı bu koydu, bu yarattı’. *Biti*‘yazmak’ fiili ve fiilden isim yapan *-ig* ekiyle oluşturulmuştur.

Buyruk‘buyuruk (askeri rütbe)’ (Tes G 4, Terhin G 4, B 6, K 2, K 3; Süci 3; Kara Balgasun II 2):...tokuz *buyruk* (Terhin G 4) ‘...dokuz buyuruk’. *Buyur*‘buyurmak, emretmek’ fiili ve fiilden isim yapan *-uk* ekinin birleşmesinin sonucudur.

Sünüş‘dövüş, savaş’ (Moyun ÇorK 9):Ekinti *sünüş* ...ki ay altı yanıkatokıdım... (Moyun ÇorK 9) ‘İkinci dövüşte, ...ayın altıncı günündeyendim’. *Sünüşde* tutup on er ıtım (Moyun Çor D 4) ‘Dövüşte tuttum, on asker gönderdim’. *Sünüş* sözünün burada iki kez isim olarak kullanılması Orhon yazıtlarından sonra da bu ismin kullanımının devamını göstermektedir. *Sünüş*‘dövüşmek, savaşmak’ fiilinin isme dönüşmesinin sonucu olarak görülebilir.

Tutuk‘askeri rütbe’ (Moyun ÇorK 11, D 5, D 11, G 11):...tay bilgetutukuğ... (Moyun ÇorK 11) ‘...Tay BilgeTutuğ’u...’. Genellikle ele geçirilmiş bölgelere atanan valileri belirten bu sözcük *tut*‘tutmak’ fiilinden *-uk* isim yapan ekiyle oluşturulmuştur.

Kıyın‘ceza’ (Moyun Çor D 2):...*kıyın* aydım (Moyun Çor D 2) ‘...cezasını verdim’. Bu ismin *kıy*‘cezalandırmak, kıymak’ fiilinden yapıldığı söylenebilir.

Barım‘zenginlik, sahip olunan hayvanlar’ (Moyun Çor D 3):...yılıksın, *barımın*, kızın, kuduzınkelürtim (Moyun Çor D 3) ‘...atlarını, büyük baş hayvanlarını, kızını, gelinini getirdim’. *Bar*‘var’ sözcüğünden yapıldığı söylenebilecek bu isim aslen ‘varlık, zenginlik’ anlamı taşıyor olmalı. Eski Türkler için zenginlik sahip olunan hayvanlarla ölçüldüğünden bu sözcük de ‘sahip olunan hayvanlar’ anlamı kazanmıştır.

Yazi‘çöl, açık, düz arazi’ (Moyun Çor D 4):...*yazıkıltım*(Moyun Çor (Moyun Çor D 4) ‘...çöle çevirdim’. *Yaz*‘açılmak’ fiiline fiilden isim yapan *-ı* eki getirilmiştir.

Yelme‘istihbarat’ (Moyun Çor D 6, D 12):...*yelmeeri* kelti, yağı kelirtidi (Moyun Çor D 6) ‘...istihbarat yapan askerler geldi, düşman geliyor, dedi’. *Yel*‘at sürmek’ fiili ile fiilden isim yapan *-ma* eki birleştirilmiştir.

Tabışğan‘tavşan’ (Moyun Çor D 8):*Tabışğan* yıl beşinçayka... (Moyun Çor D 8-9) ‘Tavşan yılının beşinci ayında...’. *Tabış*‘zıplamak, hoplamak’ fiiliyle isim yapan *-ğan* ekinin birleşmesiyle yapılmıştır.

Yadağ‘yaya, piyade’ (Moyun Çor G 9):...beş yüz kedimlig*yadağ* (Moyun Çor G 9) ‘...beş yüz silahlı piyade’. *Yad*‘yayılmak, açılmak’ fiilinden isim yapan *-ağ* ekiyle yapılmıştır.

Yarğan‘rütbe’ (Süci 2):...kırkız oğlu men boyla kutluğyarğan (Süci 2) ‘...kırgız oğlu ben Boyla KutluğYarğan’. *CodexCumanicus*‘dayar-‘mühakeme etmek, sorgulamak’ sözcüğüyle ilişkilendiriliyor (Erdal, 1991: 386).

2. SIFATLAR

Orhon yazıtlarında yer alan sıfatların dahir kısmı Eski Uygur yazıtlarına geçmiştir, örneğin, *uluğ*‘büyük, yaşlı’ (Tonyukuk 56), *bilge*‘bilge’ (Kül Tigin D 23), *yağız*‘kahverengi’ (Kül Tigin D 1), *yablak*‘kötü’ (Kül Tigin D 23), *içreki*‘iç, dahili, bağlı’ (Kül Tigin G 2), *ıduk*‘kutsal’ (Tonyukuk 38), *kedimlig*‘giyimli, silahlı’ (Kül Tigin D 33), *tirig*‘diri, canlı’ (Tonyukuk 33), *sansız*‘sayısız’ (Bilge Kağan G 12), *küçlüğ*‘güçlü’ (Tonyukuk 3), *kısğa*‘kısa’ (Külü Çor 23).

Uluğ‘büyük’ (TesK 1, Terhin B 6, K 1, K 3; Süci 10; Kara Balgasun I 1. 9):...böküuluğ kağan ermiş (TesK 1) ‘...kahraman, büyük bir kağanmış’.

Bilge‘bilge’ (Tes D 5; Terhin G 6, B 6, K 1, K 3, K 5, K 6; Moyun ÇorK 1, K 5, K 11, D 5, B 8; Kara Balgasun I 1. 4, 14 6): ...*bilgesin* için (Tes D 5) ‘...bilge olduğu için’. *Bil*‘bilmek’ fiili ve fiilden sıfat yapan *-ge* ekiyle yapılmıştır.

Yağız‘kahverengi’ (Terhin D 4, B 3; Kara Balgasun II 8):...üzetenri, asra yağız yer (Terhin D 4) ‘...yukarıda gökyüzü, aşağıda kahverengi yer’. *Yağ*‘yağmak’ fiiliyle ilişkilendiriliyor (Clouston, 1972: 909; Sevortyan ve Levitskaya, 1989: 65). *-ız* fiilden isim ve sıfat yapan işlek bir ektir.

Yablak ‘kötü’ (Terhin G 3, Moyun ÇorK 11, D 5):...üç karlukyablaksakınıp teze bardı (Terhin G 3) ‘...Üç Karluklar kötüdüşünüp, kaçıp gittiler’. *Yab* ‘kötü, zayıf’ köküyle ilişkilidir. *-lak* isim soylu sözcüklerden isim ve sıfatlar yapar.

İçreki ‘iç, dahili, itaat eden’ (Terhin B 6):Teñridebolmış el etmiş bilge kanım içreki bodunı... (Terhin B 6) ‘Gökyüzünden doğmuş devlet kurmuş bilgehanıma itaat eden halk’. *İç* sözcüğüne önce yer ve istikamet bildiren *-re* daha sonra da isim ve zarflardan sıfat yapan *-ki* ekinin getirilmesi sonucunda ortaya çıkmıştır.

Iduk ‘kutsal’ (Moyun ÇorK 4, G 4). *Id-* ‘göndermek’ fiili ve fiilden isim yapan *-uk* ekiyle yapıldığı gösterilmektedir (Clouston, 1972: 46; Sevortyan, 1974: 649).

Kedimlig ‘giyimli, silahlı’ (Moyun Çor G 9):...beş yüz kedimligyadağ (Moyun Çor G 9) ‘...beş yüz silahlı piyade’. *Kedim* ‘giyim’ ismi ve isimden sıfat yapan *-lig* ekiyle yapılmıştır.

Tirig ‘canlı, can’ (Moyun Çor B 1):...tirigi barı... (Moyun Çor B 1) ‘...canı, malı...’. *Tir-* ‘yaşamak’ fiili ve sıfat yapan *-ig* ekiyle ortaya çıkmıştır. *Tir-* kökü *tirgüd-*, *tirgür-*, *tirgüz-* ‘hayata döndürmek’, *tirilgü* ‘hayat, yaşamak aracı’ (172, 562), *tirşilik* ‘ömür, hayat’ (168, 287) ve *tiril-* ‘dirilmek’ sözcüklerinde de görülmektedir.

Sansız ‘sayısız’ (Süci 5):...ağılım on, yılmım sansızerti (Süci 5) ‘...ahırım on, atlarım sayısızdı’. *San* ‘sayı’ ismi ve sıfat yapan *-sız* ekiyle yapılmıştır. *Sansız* sözcüğüyle ilgili dikkat edilmesi gereken bir husus Süci yazıtında sıfat olarak geçen bu sözcüğün Orhon yazıtlarında zarf olarak kullanılmasıdır: Edgüözlek atın, kara kisin, kök tiyinin sansızkelürüp kop kotı (BK G 12) ‘İyi cins atını, kara samurunu, mavisincabını sayısız getiriphepsinikoydu’. *-sız* ekinin isimden sıfat yapan bir ek olmasına dayanarak bu sözcüğün Göktürklerde de aslen sıfat olduğu fakat bazı yerlerde aynı eki kullanmış diğer sözcüklerde olduğu gibi zarf olarak da kullanıldığı söylenebilir.

Küçlüg ‘güçlü’ (Kara Balgasun I 14 5):...küçlüg boltu... (Kara Balgasun I 14 5) ‘...güçlü oldu’. *Küç* ‘güc’ + *-lüg* (sıfat yapan ek) şeklinde ortaya çıkmıştır.

Kısğa ‘kısa’ (Kara Balgasun II 7):...yağız yerde yolın kısğa boltı (Kara Balgasun II 8-10) ‘...kahverengi yeryüzünde yolum kısa oldu’. Kara Balgasun yazıtında sıfat olarak kullanılmış bu sözcük Küli Çor yazıtında zarf olarak ‘kolay, çabuk’ anlamıyla yer almıştır: ...özikısğakergekboltı (KülüÇor 23) ‘...kendi hemen öldü’. *Kıs-* ‘kısaltmak, azaltmak’ fiili (DLT, II, 11-9) ve fiilden sıfat yapan *-ğa* ekinin birleşmesinin sonucudur.

3. FİLLER

Orhon ve Göktürk harfli Eski Uygur yazıtlarında geçen fiiller arasında daha büyük benzerlikler vardır. *Olur-* ‘oturmak’ (Kül Tigin G 3), *kılın-* ‘yaratılmak’ (Kül Tigin D 1), *yarat-* ‘yaratmak, yapmak’ (Bilge Kağan D 16), *artat-* ‘zayıflatmak’ (Kül Tigin D 22), *içger-/içgir-* ‘itaat altına almak’ (Bilge Kağan D 26), *sünüş-* ‘savaşmak, dövüşmek’ (Kül Tigin D 18), *sakin-* ‘düşünmek’ (Kül Tigin K 10), *ötün-* ‘hitap etmek’ (Tonyukuk 12), *tokıt-* ‘kazıttırmak’ (Kül Tigin G 12), *yarlıka-* ‘bahş etmek, emretmek’ (Ongin 6), *etin-* ‘kurmak’ (Kül Tigin D 10), *yañıl-* ‘yanılmak’ (Kül Tigin D 23), *kubrat-* ‘toplamak, bir araya getirmek’ (Kül Tigin D 12), *tiril-* ‘toplanmak, bir araya gelmek’ (Tonyukuk 36), *kelür-* ‘getirmek’ (Bilge Kağan G 12), *içik-* ‘itaat etmek’ (Tonyukuk 2), *kışla-* ‘kışı geçirmek’ (Bilge Kağan D 31), *ayıt-* ‘demek, cezalandırmak’ (Bilge Kağan D 41), *taşık-* ‘isyan etmek’ (Bilge Kağan D 32), *kabiş-* ‘birleşmek’ (Tonyukuk 20), *kod-* ‘koymak, kurmak’ (Tonyukuk 2) fiilleri iki gruba ait yazıtlarda da gözlemlenir.

Olur- ‘oturmak’ (Tes B 6, K 1, K 2, K 5, D 1, D 4; Terhin D 1, D 3, D 4; Moyun ÇorK 2, D 10, B 3):...uyğur kağan olurmuş (Tes D 1) ‘...Uygur kağanı tahta oturmuş’. **ol-* ‘oturmak’ fiiline fiilden fiil yapan *-ur* eki getirilmiştir. **ol* köküne *olut* ‘(oturmakiçin) yer’ (Harrison ve Anderson, 2002: 60), *oltur-/oldur-* ‘oturmak’, *olğur-* ‘yerleştirmek’ (Nadelyayev ve diğerleri, 1969: 366) sözlerinde rastlanır.

Kılın- ‘yaratılmak’ (TesK 1): ...teñrikalintukta... (TesK 1) ‘...gökyüzü yaratıldıkta’. *Kıl-* ‘yapmak’ fiili ve fiilden fiil yapan *-in* ekinen yapılmıştır.

Yarat- ‘yaratmak’ (Tes G 2, G 3; TerhinK 5; Kara Balgasun I 2. 1): ...çıt tikdi, örginyaratdı, yayladı (Tes G 2) ‘...sınırlarını çekti, tahtını kurdu, yazı geçirdi’. *Yara-* ‘yaramak’ fiili ve fiilden fiil yapan *-t* ekiyle yapılmıştır.

Artat- ‘zayıflatmak’ (Terhin D 5):...yılan yılmak türk elin antabulğadım, antaartatdım (Terhin D 5) ‘...yılan yılında Türk halkını orada karıştırdım, orada zayıflatım’. *Arta-* ‘bozmak, zayıflatmak’ fiilinin ettirgen çatısıdır.

İçger- ‘itaat ettirmek’ (Terhin D 8, G 3; Moyun ÇorK 7, G 4): Türk bodunuğanta içgertim (Terhin D 8) ‘Türk halkını orada itaat ettirdim’. *İçik-* ‘itaat etmek’ fiilinden *-er* ekiyle yapılmıştır.

Sünüş- ‘vuruşmak, dövüşmek’ (Terhin G 3; Moyun Çor D 1, D 3, D 4, D 6, G 5):...sünüşdüm antasançdım (Terhin G 1) ‘Savaşım, orada darbe vurduğum’. *Sünüş-* fiilinin işteşlik çatısı olarak değerlendirilebilir.

Sakin-‘düşünmek’ (Terhin G 3):...üç karlukyablak *sakinip* teze bardı (Terhin G 3) ‘...Üç Karluklar kötüdüşünerek kaçarak gittiler’. Bu sözcüğün kökü *sak-*‘düşünmek’ fiili olarak gösterilmektedir (Erdal, 1991: 612).

Ötün-‘hitap etmek’ (Terhin G 4):...kañımkanka*ötünti* (Terhin G 4) ‘...han babamahitap etti’. *Öt-*‘anlatmak’, ‘demek’, ‘konuşmak’, ‘cevap vermek’, ‘haber vermek’(Sevortyan, 1974: 556) fiilinden *-ün* ekiyle yapılmıştır.

Tokıt-‘kazıttırmak’ (Terhin B 2, B 3; Moyun Çor D 8, D 9):...tolkutaşkatokıtım (Terhin B 3) ‘...sert taşa kazıttırmak’. *Tokı-*‘dövmek, kazımak’ fiilinden türemiştir.

Yarlıka-‘bahş etmek, emretmek’ (Terhin B 3):Üze kök teñriyarlıkaduk için... (Terhin B 3) ‘Yukarıda mavi gökyüzübahşetti için...’. *Yarlık-*‘emir, bahşış’ sözüdür, isim soylu sözcüklerden fiil yapan *a* ekiyle yapılmıştır.

Etin-‘yapmak, kurmak’ (Terhin B 3):...elimin törüminetintim (Terhin B 3) ‘...devletimi, kanunumu kurdum’. *Et-*‘yapmak, kurmak’ fiili ve *-in* ekinde oluşmuştur.

Yañıl-‘yanılmak’ (Moyun Çor B 5; Kara Balgasun I 3. 8):...yazmayın tidi, *yañılmayıntidi* (Moyun Çor B 5) ‘...yanlışı yapmayın, dedi, yanılmayın, dedi’. *Yañ-*‘yanılmak’, ‘yanlıklık yapmak’ (Doğu Türkistan) fiilinden türemiştir. *Cansak, jansak-*‘yanlış’, ‘yanlılıkla’ (Kazak, Kırgız) (Sevortyan ve Levitskaya, 1989: 121) sözcükleri de aynı köktendir.

Kubrat-‘toplamak, bir araya getirmek’ (Moyun ÇorK 5):...Tokuz Oğuz bodunumıtirükubratıaltım (Moyun ÇorK 5) ‘...Dokuz Oğuz halkımı topladım, bir araya getirdim, hakimiyetim altına aldım’. *Kuvrā-*‘toplamak, bir araya getirmek’ (Clouston, 1972: 586) fiilinin ettirgen çatısıdır.

Kubran-‘toplanmak, bir araya gelmek’ (Moyun Çor D 1): Künkubranmış, tün *tirilmiş...* (Moyun Çor D 1) ‘Gün toplanmış, akşam toplanmış...’. *Kuvrā-*‘toplamak, bir araya getirmek’ (Clouston, 1972: 586) fiilinin dönüşlü çatısıdır.

Tiril-‘toplanmak, bir araya gelmek’ (Moyun Çor D 1, G 3, G 12):Künkubranmış, tün *tirilmiş...* (Moyun Çor D 1) ‘Gün toplanmış, akşam toplanmış...’. *Tir-*‘toplamak’ fiilinin dönüşlü çatısıdır.

Kelür-‘getirmek’ (Moyun Çor D 3):...yılıksın, barımın, kızın, kuduzinkelürtim (Moyun Çor D 3) ‘...atlarını, büyük baş hayvanlarını, kızını, gelinini getirdim’. *Kel-*‘gelmek’ fiilinin geçişli şeklidir.

İçik-‘itaat etmek’ (Moyun Çor D 5, D 6, G 10):...yana *içik* (Moyun Çor D 5) ‘...yine itaat et’. *İç-*‘iç’ sözcüğüne isim soylu sözcüklerden fiil yapan *-ik* ekinin getirilmesiyle türetilmiştir.

Kışla-‘kışı geçirmek’ (Moyun Çor D 7):Ötüken irin *kışladım* (Moyun Çor D 7) ‘Ötüken’ingüneyinde kışı geçirdim’. *Kış-*‘kış’ sözcüğüne isimden fiil yapan *-la* ekinin getirilmesi sonucunda ortaya çıkmıştır.

Ayt-‘demek, cezalandırmak’ (Moyun Çor D 8):...tatarığayıtım... (Moyun Çor D 8) ‘...Tatarları cezalandırdım...’. *Ay-*‘demek, söylemek, cezasını söylemek’ fiilinin ettirgen çatısıdır.

Taşık-‘isyan etmek’ (Moyun Çor D 10, G 8):Siz *taşıkıñ* (Moyun Çor D 10) ‘Siz isyan edin’. *Taş-*‘dışarı’ sözünden yapılmıştır.

Kabış-‘birleşmek’ (Moyun Çor D 11, B 6):Kör Budakalıdakabışalımtimiş (Moyun Çor D 10-11) ‘Kör Budakalı’da birleşelim, demiş’. **kav-* fiilinin işteşlik çatısı olarak sunulur. **kav-* kökü aynı zamanda *kavır-*‘birleştirmek’, ‘toplamak’(Clouston, 1972: 585, 588), *kavla-*‘birleştirmek, görüştürmek’ (Erdal, 1991: 439), *kov^our-*‘toplamak’ (türkm.), *kabil-*‘görüşmek, birleşmek’ (qır.), *kavit-*‘karşılaşmak’ (Eski Türkçe) (Levitskaya ve diğerleri, 2000: 12-13) fiilerinde görülmektedir.

Kod-‘koymak, kurmak’ (Moyun Çor G 6):EbiminErsegünte Yula költe*kodtum* (Moyun Çor G 6) ‘KarargahımıErsegün’deYula Gölün’dekurdum’. **ko-*‘koymak’ fiilinden pekiştirme eki *-d* ile yapılmıştır.

Bunların yanı sıra, yukarıda da belirtildiği üzere, Orhon-Uygur Kağanlığı dönemine ait yazıtlarda kullanılmış sözcüklerden bir kısmının kökü ve eki farklı şekillerde Orhon yazıtlarında kullanılsa da, sözcüklere bütünlükle Orhon yazıtlarında rastlanmaz. Aşağıda verilecek sözcükler bu gruba dahildir:

Bazlan-‘itaat altına almak’ (TesK 5) Tabğaçkabazlanmış (TesK 5) ‘Çin’in itaati altına alınmış’. *Baz-*‘sakin, itaat eden’ sözcüğünden türemiştir.

Yayla-‘yazı geçirmek’ (Tes G 2, Terhin B 2; Moyun Çor D 9, v 2):...çıt tikdi, örginyaratdı, *yayladı* (Tes G 2) ‘...sınırlarını çekti, tahtını kurdu, yazı geçirdi’. Orhon yazıtlarındaki *kışla-*‘kışı geçirmek’ sözcüğü geçer fakat *yayla-* sözcüğünerastlanmaz. Bir ihtimale göre, Göktürkler *deyayla-* sözcüğünü kullanmışlar ancak bu sözcük yazıtlardayazı almamıştır. *Yay-*‘yaz’ ve *-la* ekinin birleşmesi sonucunda oluşmuştur.

Kağangı-‘kağana ait olan’ (Terhin B 5) ...bodunkağangı... (Terhin B 5) ‘...halkkağana ait olanlar...’. Aitlik eki *-ğikağan-*‘kağan’ sözcüğüne getirilmiştir.

Toktar-‘dövdürmek’:...antatoktardım (Terhin D 8) ‘...orada dövdürdüm’. *Tokıt-*‘dövdürmek’ fiilinin ettirgen çatısının *-ar* ekiyle pekiştirilmesinin sonucudur.

Yilla-‘yılı geçirmek’ (Terhin G 2):*Tağıyılıkayorıdım, yilladım* (Terhin G 2) ‘Tavukyılındasaldırdım, yılı orada geçirdim’. *Yıl* ‘yıl’ isim kökü ve isimden fiil yapan *-la* ekiyle türetilmiştir.

Taşğar-‘kovmak, dışarı çıkarmak’ (Moyun Çor D 10):...*çikigtaşğarıң*... (Moyun Çor D 10) ‘...Çikleri kovun’. *Taş* ‘dışarı’ isminden yapılmış *taşık*- fiilinin *-ar* ekli ettirgen çatısıdır.

Yoluk-‘karşılaşmak’ (Moyun Çor G 1):Bir yigirmineç ay sekiz yigirmike ...*yolukdum*... (Moyun Çor G 1) ‘On birinci ayın on sekizinde ...karşılaşmak’. *Yol* ‘yol’ sözcüğü ve genellikle mekan bildiren isimlerden fiil yapan *-uk* ekinen yapılmıştır.

Katığlan-‘güçlenmek, sert olmak’ (Süci 9):...*kanka tap, katığlan* (Süci 9) ‘...hana hizmet edin, güçlü olun’. *Katığ* ‘sert, katı’ sıfatına *-lan* eki getirilmiştir.

Yaratıt-‘yaptırmak’ (Terhin B 1, B 2, B 3; Moyun Çor D 8, D 9, D 10): ...*antayararatıtdım* (Terhin B 1, B 2) ‘...orada yaptırdım’. *Yarat*-‘yaratmak, yapmak’ fiilinin ettirgen çatısıdır.

Yağid-‘düşman olmak’ (Moyun Çor G 4): ...*basmiyağidıpebimerü bardı* (Moyun Çor G 4) ‘...Basmillardüşman oldular, evime doğru gittiler’. *Yaği* ‘düşman’ sözcüğünden *-d* ekiyle yapılmıştır.

Bazlan- ve *katığlan*- sözcüklerinde dikkati çeken olay *-lan* ekinin Orhon yazıtlarındaki gibi isme değil, sonraki döneme uygun olarak sıfata eklenmesidir. Halbuki Orhon yazıtlarında *-la* eki ve türevleri sıfata eklenmez. Bu da *katığlan*- fiilinin Göktürklerden sonraki dönemde yapılmış olmasını düşündürüyor.

Baz ‘itaat eden’ (Kül Tigin D 2), *yay* ‘yaz’ (Bilge Kağan D 39), *kağan* ‘kağan’ (Tonyukuk 10), *tokı*- ‘dövmek, vurmak, yenmek’ (Bilge Kağan G 8), *yıl* ‘yıl’ (Bilge Kağan G 9), *taş* ‘dışarı’ (Kül Tigin G 12) (ve *taşık*- ‘dışarı çıkmak’ (Bilge Kağan D 32)), *yol* ‘yol’ (Kül Tigin K 9), *katığ* ‘katı, sert’ (Kül Tigin K 11), *yarat*- (Bilge Kağan D 16), *yağı* (Ongin Ön 5) kökleri Orhon yazıtlarında yer almıştır. *-lan* (ad soylulardan fiil yapan), *-la* (isimden fiil yapan), *-ği* (isim ve zarflardan sıfat yapan), *-ar* (fiilden fiil yapan), *-uk* (ad soylulardan fiil yapan), *-ıt* (ettirgen fiil yapan ek), *-d* (addan fiil yapan ek) ekleri de bu yazıtlar için işlektir. *Yayla*-, *kağanği*, *yilla*- sözcüklerinin Göktürklerde de mövcut olduğunu ancak yazıtlarda yer almadığını, *bazlan*-, *katığlan*-, *toktar*-, *taşğar*-, *yoluk*- sözcüklerinin ise Göktürklerden sonraki dönemde yapıldığını düşünebiliriz. İlginç bir olay da şudur ki, bunlardan *katığlan*-, *yayla*- ve *yoluk*- sözcükleri çağdaş Türk dillerinde daha geniş kullanıma sahiptir.

SONUÇ

Böylece yazıtlarda 13 türemiş isim ve 11 türemiş sıfata karşılık 21 ortak türemiş fiil vardır. Bunlardan *yarat*- ‘yaratmak, yapmak’, *sakin*- ‘düşünmek’, *ötün*- ‘hitap etmek’, *tokıt*- ‘kazıttırmak’, *yañıl*- ‘yanılmak’, *tiril*- ‘toplanmak, bir araya gelmek’, *kelür*- ‘getirmek’, *kışla*- ‘kışı geçirmek’, *ayıt*- ‘demek, cezalandırmak’, *kabış*- ‘birleşmek’, *kod*- ‘koymak, kurmak’ sözcükleri bazı ses değişimleriyle çağdaş Türk dillerinde de kullanılmaktadır. Demek ki fiiller oluşturulduğu zamandan itibaren Türk dillerinde daha kalıtsal bir nitelik taşımakta ve çoğunlukla var olmaya devam etmektedir. Halbuki bu yazıtlar için ortak olan *bodun* ‘halk’, *sünüş* ‘dövüş, savaş’, *tutuk* ‘askeri rütbe’, *kıyın* ‘ceza’, *barım* ‘zengin, sahip olunan hayvanlar’, *yelme* ‘istihbarat’, *yarğan* ‘rütbe’ isimleri ve *içreki* ‘iç, dahili, bağlı’, *ıduk* ‘kutsal’ sıfatları çağdaş Türk dillerinde ya hiç kullanılmamakta ya da Türk dillerinin çok az bir kısmında varlığını sürdürmektedir.

KAYNAKÇA:

Clauson, Gerald (1972), *An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish*, Oxford, Clarendon Press.

Наделяев В.М., Насилов Д.М., Э.Р.Тенишев, Щербак А.М.(1969), *Древнетюркский словарь*, Ленинград, Наука.

Erdal, Marcel (1991), *Old Turkic Word Formation. A Functional Approach to the Lexicon*, 2 Vols, Wiesbaden, Otto Harrassowitz.

Ölmez, Mehmet (2013), *Orhon-Uygur Hanlığı dönemi Moğolistan’daki Eski Türk yazıtları. Metin-Çeviri-Sözlük*, Ankara, BilgeSu.

Рәсәбли, Әбүлфәз (2009), *Qədim türk yazısı abidələri*, I cild, I hissə, Bakı, Nurlan.

Харрисон, Девиди Андерсон, Грегори (2002), *Тыва-англи англи-тыва сөстүк*, Кызыл.

Севортян Э.В. (1974), *Этимологический словарь тюркских языков*, Итом, Москва, Наука.

Севортян Э.В. и Левитская Л.С. (1989), *Этимологический словарь тюркских языков*, IV том, Москва, Наука.

Левитская Л. С., Дыбо А. В., Рассадин В. И. (2000), *Этимологический словарь тюркских языков*, VI том, Москва, Индрик.

КЕЙБІР СӨЗДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ЖАЙЫНДА

Ф.ғ.д., проф. Қ.С.ҚАЛЫБАЕВА*

Магистр-аға оқытушы П.А.БАЙТИМБЕТОВА**

Түйіндеме

Түркілік тамырымыздың сан ғасырлық тарихынан бастау алатын тектік өркениетіміздің сабақтастығын, дәстүр жалғастығын анықтауға негіз болатын деректердің бүгінгі күнге дейін жеткенін дәлелдейтін әдеби - мәдени, рухани – тарихи атрибуттар мен материалдық құндылықтар шектеусіз мол. Осындай құндылықтардың қатарында қолданыста сақталған көне тілдік деректердің орны ерекше. Жалпы тіл тарихында сөз мағынасының күңгірттену, көнеру процесі –үнемі орын алып отыратын құбылыс. Мұндай тілдік деректердің бірқатары бүгінде соншалық көнеріп, өзінің о бастағы мағынасынан айрылған. Ондай мағынасы күңгірттенген, не көнерген сөздердің мағынасының ұмыт бола бастауы –оларды қолданыстан не мүлде шығарып тастайды. Көбіне ондай көнерген сөздер белгілі бір тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдердің, күрделі сөздердің құрамында ғана селбесіп келеді. Бұл мақаламызда біз осындай мағынасы мүлде ұмыт болған, немесе күңгірттенген бірқатар көнерген сөздердің сырын ашуға тырысамыз.

Тірек сөздер: этимология, көнерген сөздер, сөз мағынасы, көнетүркі сөздігі

ABOUT THE ETYMOLOGY OF SOME WORDS

Abstract

Literary-cultural, spiritual-historical attributes and material values that prove the continuity of our homeland civilization, starting with the centuries-old history of our Turkic roots, and the basis of which are the basis for determining the tradition of continuity, are unlimited.

Ancient linguistic data is unique in this value. In the general language history, the meaning of the word, the evolutionary process - is a phenomenon. Some of these linguistic data are so awkward today that they have lost their original meaning. The meaning of archaic words is that they are either used or abandoned. Such idiosyncratic are derived from certain regular phrases, proverbs, and complex words.

In this article, we try to disclose the pitfalls of a number of archaic words that we have forgotten.

Keywords: etymology, archaic words, word meaning, old Turkic dictionary

КІРІСПЕ

Түркілік тамырымыздың сан ғасырлық тарихынан бастау алатын тектік өркениетіміздің сабақтастығын, дәстүр жалғастығын анықтауға негіз болатын деректердің бүгінгі күнге дейін жеткенін дәлелдейтін әдеби – мәдени, рухани – тарихи атрибуттар мен материалдық құндылықтар шектеусіз мол. Осындай құндылықтардың қатарында қолданыста сақталған көне тілдік деректердің орны ерекше. Жалпы тіл тарихында сөз мағынасының күңгірттену, көнеру процесі –үнемі орын алып отыратын құбылыс. Мұндай тілдік деректердің бірқатары бүгінде соншалық көнеріп, өзінің о бастағы мағынасынан айрылған. Ондай мағынасы күңгірттенген, не көнерген сөздердің мағынасының ұмыт бола бастауы –оларды қолданыстан не мүлде шығарып тастайды. Көбіне ондай көнерген сөздер белгілі бір тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдердің, күрделі сөздердің құрамында ғана селбесіп келеді. Бұл мақаламызда біз осындай мағынасы мүлде ұмыт болған, немесе күңгірттенген бірқатар көнерген сөздердің сырын ашуға тырысамыз.

Қазіргі қазақ тілі – көне түркі тілдерінің генетикалық негізін құрайтын бай тілдің бірі. Сөздердің төркінін зерттеу арқылы қазақ халқының өткен әмірін, бай мұрасын, тұрмыс-салтын, мәдени-рухани өміріндегі өзгерістерін, басқа ел-жұртпен қарым-қатынасын көруге болады. Тілдегі болған кез-келген өзгерістер сол кезеңнің, сол дәуірдің куәсі ретінде танылады. Оны айқындайтын этимология ғылымы. Тіліміздегі көнерген сөздер тарихи категория болғандықтан, өткен дәуірдің өмір шындығын, әдет-ғұрпын, шаруашылық, тұрмыс-жағдайын көрсететін деректер деуге болады.

* Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. E-mail: kalamkas1965@mail.ru

** Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті. E-mail: perizat737@mail.ru

Сөздердің көмескіленуі туралы академик Ә.Қайдаров "Сирек қолданылуының салдарынан кейбір сөздердің лексикалық мағыналары күңгірттеніп, бара-бара этимологиялық объектіге айналады", - деп атап көрсетеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұмыт бола бастаған сөз төркіні тіліміздің эволюциялық даму барысынан хабар береді. Сондықтан, сөз төркінін зерттей түсу - бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеті. Осы орайда, ғалым Н.Уәлиев "Көмескі сөздердің мағынасы дәлме-дәл ашылмай жатса, байырғы жырлардың тіл кестесі танылмай, оқушыға эстетикалық әсері, әрі мен нәрі әлсіреп жететіні белгілі. Рухани қазынаны танып-білудің бір кілті сөзде жатыр", - деген пікір білдіреді. Сөз этимологиясын айқындау - өте күрделі мәселе. Әйтсе де, сөздердің этимологиясын айқындау барлық сөздерге бірдей қатысты емес. Тілдің сөздік құрамында шығу тегі мен жасалуы айқын сөздер және шығу тегі өте күңгірт, сондықтан да арнайы этимологиялық зерттеуді қажет ететін сөздер де кездеседі. Этимологиялық зерттеулер тіл біліміндегі ең бір күрделі сала болғандықтан, олар бір тілдің материалы аясында ғана жасалмайды. Ол бір тіл құбылысының шығу тарихын бір емес, бірнеше туыс тілдермен, кейде туыс емес өзге тілдердің деректерімен де өзара салыстыра зерттеуді талап етеді. Мысалы, сондай этимологиялық талдауды қажет ететін сөздің бірі «*жіті қарау*» тіркесінің құрамындағы *жіті* сөзінің мағынасына тоқталайық.

Қазіргі қазақ тілінде – қырағы, кергіш, байқағыш мағынасында, кебіне тек «көз» сөзімен тіркесе қолданылады. «*Күйшінің жіті көзі қыздың әр қимылын қапысыз бағады*» (Т. Ахтанов, Дала сыры). «*Жіті*» сөзінің қазақ тіліндегі қазіргі мағынасы тілдерінде өте ертеде пайда болған **тұрақты тіркестің** сақталғандығын аңғартады. Онда *йіті көзлүг — өткір көзді* мағынасында қолданылған (Ф.М.Ауэзовой, 263). Ал басқа заттың өткірлігіне «*жіті*» сөзі қазақ тілінде айтылмайтыны белгілі. Мысалы, көне түркі сөздігінде бұл сөзге қатысты мынадай деректер келтірілген:

ЖІТІ I 1. острый (ТТ X 348); bu menin jiti qilicimin koruniar смотрите на этот мой острый меч (Uig I 41-14); jiti qilicin bicir разрезая острым мечом (Uig II 86-48); 2. перен. острый, проницательный; oglari konullari jiti их мысли и чувств острые (Suz 529-21).

- **Jiti kozlug** имеющий острый глаз, взгляд; ntgu ter esigil jiti kozlug ер послушай, что говорит человек с острым взглядом (QBN 48-19); Jiti kozlug ol kor bagisi jirag смотри, тот, у кого острый взгляд, видит далеко (OBN 71-18); Яғни, сөздіктен көріп отырғанымыздай көне түркі тілдерінде «йіті», «йітіг» тұлғалы сөздер кесетін құралдың өткірлігін білдірген: «бу менің йіті қылышымын көрүңләр» (Ф.М.Ауэзовой; 263).—«мына менің өткір қылышыма қараңдар» немесе «*нечә йітіг бічәк ерсә өз сапын йонумас*» (сонда) - «*пышақ қанша өткір болса да өз сабын жона алмас*». Қазіргі кездегі кептеген түркі тілдерінде әр түрлі дыбыстық ауытқушылықпен «йіті» немесе «йітіг» сөздері «өткір» (кесетін заттар үшін) мағынасын осы күнге дейін сақтаған: Мысалы, **Әзірбайжан, түрік, қырым татарларында** – іті (В. Рад. Опыт..., I, 2, 1502); **түрікмендерде** – йити (Рус.-туркм. сл., 1956, 435); тува тілінде – чидиг (Рус.-тув., 1980; 346); хакасса – чітіг (Хак.-рус., 1953; 319), якуттарда – сытыы (Рус.-як., 1968; 377) және т. б. қорыта келгенде, ертеден мәлім, «йіті» сөзі қазақ тілінде тек көзбен тіркесте ғана сақталған да, қалған жағдайларда оны қазір қолданылып жүрген «өткір» сөзі ығыстырған. Демек, қазіргі тіліміздегі *көз жеткізу* тіркесінің құрамындағы *жеткізу* осы жіті *йітіг*, (**koz jitiq qil**) (Suz 529-21). сөзімен терең сабақтастықта болуы әбден мүмкін.

Осы көз сөзінің қызметімен сәйкес келетін – *жек көру* фразеологизмінің құрамындағы **жек** сөзі. Бұл кей философтардың айтып жүргеніндей «Жек көру – бейшаралықтың, кейде ақыл жұтаңдығының бетке ұстаған пердесі, жек көру дегеніміз – мейірімнің, ақыл мен адамдарды түсінудің жетіспеушілігінің белгісі. Жек көру, яғни ұнатпау мағынасын береді. *Жек көру* деген сөздің жалпы кез келген қолданыста беретін мағынасы барлық заттар мен құбылыстардан *жек* деген нәрсені көру дегенді білдіреді. Жоғарыдағы көне түркі тіліндегі мағынасында көрсетілгендей, сайтан деген мағынаны білдіріп отыр. *Мен сені жек көремін // Мен сені сайтан көремін* деген сөйлемдерді салыстыратын болсақ, *Көзіңе не көрініп тұр, Оның көзіне бірдеңе көрінген бе, Көзіңе жын көрініп тұр ма* деген секілді сөйлемдердегі *жын*, *сайтан* деген сөздердің қолданысындағы мағыналық байланысты көреміз. Ал *иттің етінен жек көру* деген фраземадағы мағынасы *иттің етінен де жаман көру* деген мағынаға сәйкес келеді. Демек, мағынасы алдыңғы мен сені жек көремін деген мағынадан өзгеше. Яғни екіншілік мағынаға ие болған. Көнетүркі сөздігін қарайтын болсақ, онда бұл сөздің «жын, шайтан» сөзімен сабақтас екендігін байқаймыз:

ЖЕК [ср.пр. jakkha] демон; *jekka tapintimiz ergar* если мы поклонялись демоном (МК II 236); *Jek qarualdi* демон был проклят (МК II 236); *bu dynia tukul jek tuzagi turur*: весь этот мир – сети демона;

(QBN 136); **ЖЕК ickak**; демоны и вампиры; *jekka ickakka...jikiutiimiz ersar* если мы поклонялись ...демовым и вампирам враги и не други, демоны и вампиры (Suz 325-22); о боже, много живых существ, поклоняющихся демоном, вампиром и шаманом (ТТ VI-17); находящиеся впещерах демонические существа (ТТ III 17); Көне түркі сөздігіндегі жек көру тіркесіндегі жек сөзінің мағынасы қазіргі кезде толық лексикалық мағынасы бар тілдік бірлік ретінде қолданылмайды. Ал көне түркі сөздігіндегі мағынасы жын, сайтан деп берілген. Ал қазіргі біздің тілімізде *жек көремін* деген тілдік бірлік сол *аданнан жынды, сайтанды көремін* дегенді білдіретін сияқты. Кейін келе, ренжіген, ұнатпайтын адамын жек көремін деп атау пайда болған.

Сонымен қатар қазіргі қазақ тілінде иттің етінен жек көру фраземасы бар. Осы фразама қалай пайда болды екен деген сұраққа да осылай жауап беруге болады. Қазіргі біздің тіліміздегі *иттің етінен жек көру* фраземасының мағынасы мынадай: Г.Смағұлованың «мағыналас фразеологизмдер сөздігінде» жек көру мағынасын беретін *Жаны //қаны// қас; Ит /-тің/ етінен жек көру; Суқаны сүймеу* секілді тілдік оралымдар берілген [5]. Қазақ тілінде жексұрын сөзінің, жек көру фразеологизмінің құрамында кездеседі. *"Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты"* мақалының құрамындағы *жік* пен көне түркі сөздігіндегі *йек* сөзінің мағынасы бір. Мақалда жын-шайтан, пері шықты деген ұғымда жұмсалып тұр. Осындай тілдік деректердің бірқатарына тоқталғмыз келеді. Мысалы, сөздіктен қазіргі қазақ тілінің қолданыс аясындағы мағынасы күңгірттенген көптеген сөздердің түп төркінін көруге болады. Айталық, біз сөздіктегі «ар» сөзінің адам мағынасында қолданылуына назар аудардық. Бұл сөздің этимологиясы жайлы түрлі пікірлер айтылып келгенімен, ғалымдар осы сөздің Қашқари сөздігінде адам мағынасында қолданылғандығына тоқталмағандығы таңқалдырады. Соған қарамастан атаулы сөз сөздіктің бас-аяғында тек адам мағынасында жұмсалған. Сөздікте «ар» сөзі «ер адам» мағынасында беріліп, көпше түрі «аран», яғни «ерлер» түрінде көрсетілген (Ф.М.Ауэзовой,2005;62).

Ғалымдар ар сөзін булгар, мадьяр, авар, хазар, мишар, сувар және татар сөзінің құрамындағы ар компонентімен түсіндіруге тырысады. Себебі, ар сөзі парсы тілінде адам мағынасында қолданылады екен. "Ар" считается словом персидского происхождения со значением "человек". Тюркское "ир" - мужчина - принято отождествлять с "ар". При такой этимологии кажется, что этноним "татары" тюркского происхождения. Как сообщает древнетюркский хронист Махмуд Кашгари, "татами тюрки называют тех, кто говорит на фарси", то есть на иранских языках. "Первоначально значение слова "тат" было скорее "иранец", "говорящий по-ирански", но затем этим словом стали обозначать всех чужестранцев, чужаков" (А-Б. Ижевск, 1988). Ол жайында М.Қашқаридың өзі де көрсеткен. Демек, татар сөзі парсы тілінде сөйлейтін адам мағынасында қолданылады. Ендеше, сонау Қашқари заманында осы парсы сөзі «ар» адам мағынасында түркі тілінде мықтап орын тепкен бе. Удмурд ғалымы В.К.Кельмаковтың ойынша ар этнонимі қазіргі ер сөзімен тамырлас болып келеді. «... этноним ар этимологически восходит к тюркским словам егі, ег, іг «человек», «мужчина». (Ф.М.Ауэзова, 2005;62). Махмұт Қашқаридың сөздігінде ерлік сөзі арлик түрінде қолданылған. Ал, қазіргі чуваш тілінде ар сөзі ер адам мағынасын береді. Мысалы, Усрем, усрем, ар пултсам. (Феодотов;54). Ендеше, шынында да атаулы сөздің о бастағы мағынасы осы ар этнонимінен шыққандығы дау туғызбаса керек-ті. Олай болса, қазіргі тіліміздегі әр (әркім, әрқашан, әрбір т.б.) шылауының түбі де осы ар сөзімен байланысып жатыр ма деген ойға жетелейді.

Қазіргі қазақ тілінде тамыры танылмай кеткен тағы біраз сөздерге назар аударайық. Мысалы, алдау сөзінің танылмай кеткен түбірі ал сөзі екендігін бүгінде әркім біле бермейді. Қашқари сөздігінде Ал- қулық жасау деп берілген.

AL I уловка, хитрость; хитростью можно льва поймать, а силой не поймать и пугала на огороде (МК -13). Ендеше, орыс тіліндегі алчный- қулық сөзінің түбірі осы көне түркілік ал сөзінен бастау алады. Ожеговтың сөздігінде бұл сөздің мағынасына назар аударсақ ойымыз дәлелдене түседі. АЛЧ-НЬИЙ, -ая, -ое; -чен, -чна. 1. Жадный, корыстолюбивый. Алчный к деньгам или до денег. 2. Страстно желающий чего-нибудь, выражающий такое желание. Алчные взоры (устар.).

ALCI обманчивый; хитрый; *bolu bermadim men sozun tutmadim\ bu alci acunga ozum butmadim* я не согласен, слов твоих не принимаю, [так как] не верю сам в этот обманчивый мир (QBN 143-); и еще надо быть хитрым, словно рыжая лисица (QBN 174-10); в четвертых, надо разбираться в хитром коварстве, человеку, знающему это коварство, поддается лев (QBN 175-10); Алдау сөзімен қосарласа қолданылатын арбау сөзінің түбірі де осы сөздікте орын тепкендігін көне түркі сөздігінен көреміз.

AR- обманывать, лгать, соблазнять; *sucig sabin jimsaq ayin araq boduniy anca jayutir ermis*; соблазняя сладкой речью "мягкими" драгоценностями, он так приближал [к себе] далеко живущие народы (КТм-5); обманул меня [этот] мирб звал [меня] с любовьюб я отдал [ему] сердцеб он жеотвернулся [от меня] (QBK 51g).

Қашқари сөздігінде тағы бір назар аударуды қажет ететін сөз УРИЛА-мақтану мағынасындағы сөз. Сөздікте Урила –мақтану деп көрсетілген. Мысалы: Ар урилади. «Урила –кричать, повышать голос» (305) деп түсіндірмесі берілген. Демек, бұл қазіргі орыс тіліндегі УРРАА!!! Тіліміздегі Ұрандату мағынасы осы сөзбен байланысты болса керек. Ожеговтің сөздігінде «Ура́ — восклицательное междометие, употребляющееся в качестве торжествующего восклицания, выражающего восторг, радость, общее воодушевление, а также в качестве боевого клича. (О. С. Иванович,1999). Бір қызық жері бұл сөз үндіевропа тілінің бірқатарында осы мағынада қолданылады екен. Мысалы, немісте hurra, ағылшын және француз тілдерінде hurrah. В. Дальдің сөздігінде бұл сөздің татар тіліндегі ұру, қырғыз тіліндегі ұран сөзімен байланысы болуы мүмкін деп көрсетуі оймызды дәлеледей түседі.

Ал, бүгінде танымал сөзге айналған «йогурт» атауы о баста түркілік сөз екендігін біз тағы да осы Қашқари сөздігінен танымыз. Йогурт- ул сиркани йогуртка катти. (647) Осыдан түркілердің о баста сүт өнімдерінің кейбірін «құрт» немесе «ғұрт» атағаны танылады. Ал, оған ұю сөзін қосатын болсақ, ұйы құрт сөзі шығады. М.Қашқари сөздігінен басқа да көптеген тілімізде танылмай кеткен сөздердің түп нұсқасын табамыз. Оған қатысты терең зерттеулер жүргізуіміз қажет. Тағы бірқатар мысалдар келтірейік. Мысалы:

АБМАК-нан. Қазіргі татар тілінде ЕТМЕК. Қазақ тілінің батыс говорларында өтпек нан деген сөздің тамыры осы сөзден бастау алатыны аңғарылады. Иңак-сиыр. Қазіргі бірқатар түркі тілдерінде ИНЕК сөзі қолданылады.

Убрул- сөздікте ішіп-жеу деп көрсетілген, яғни қазіргі тіліміздегі опыру-жеу мағынасындағы сөздің төркіні. Айман-ұялу. Ул манди бул ишта айманди (272) Сак-ойлау, (548) Ул манга азку сакинди. Ул мандин сакинди. Ол менен абайлады, сақтанды. Талкан-ашулану. Ул унар булганда талканди.

Біза кернеді, ашуы келді деген ұғымдарды білдіретін зығырданы қайнау тіркесі тілімізде зығыры қайнау деп те айтыла береді. Зығыр өсімдігіне ешқандай қатысы жоқ бұл тіркес "зығырданы қайнаудың" қысқарған түрі болу керек. - Атама! Еске алсам зығырым қайнайды. Әбдінің орағы Әзімбайдың қалтасын қырыкса, рауа ғой деп ем! (М.Әуезов, II т., 56).

Бұл тұрақты тіркестің этимологиясы тек зығырдан сезіне ғана байланысты анықталатынын көреміз, - дейді, - Ә.Қайдаров. Бұл жердегі зығырдан парсы тілінен енген заһардан > заһар+дан, яғни "зәһәр, у құйған ыдыс; ауыспалы мағынасында "өт жолы" ("желчный пузырь") деген мағына береді. Заһарданның зығырданға айналуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесі тұрғысынан дәлелдеуге болатын құбылыс. Зәһәр сөзі [h] дыбысының ерекшелігіне байланысты бірде зэр (зэр қашад), бірде зығыр (h~ғ, ө~ы) түріне ауыса береді. Әрине, бұл мақаламызда біз тіліміздегі көнерген сөздердің бәрін саралап шығуды мақсат еткен жоқпыз. Ол мүмкін де емес. Тек біздің айтарымыз-тіліміздің тереңі тасасында жатқан осындай сөздердің көне мағынасын ашып-айқындау -ана тіліміздің қаншалықты бай да оралымды тіл екендігіне ғалымдардың назарын аударта түсер еді дегіміз келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қысқасы, бүгінгі тіліміздегі лексика қабатының тереңде жатқан құпия сырларын ғылыми лингвистикалық тұрғыдан саралау таптырмас құнды зерттеу болып қала береді. Сөз тарихы қызық әрі қиын. Түркі тілдеріне ортақ единицалардың көнерген сипатынан осыны байқадық. Себебі о баста бір ұлтқа тән болған ұғымның атауы ұлттар мәдени өмірінің даму сатысында жіктеліп, бір ұғымның төңірегінен алыс түсініктер арқылы "отау" алып семантикалық өзгерістерге ұшырап отырған. Ал этимология ғылымының көздеген мақсаты да осы, яғни сөз төркінін зерделей келе соңғы түбірді табу. Яғни, қоғам дамуына байланысты сөз мағыналарының өзгеруін және олардың алғашқы түп-төркінін зерттеу. Осыған орай, егер болашақта түркология саласында этимологиялық еңбектер көптеп жазылса, түбі бір түркі тілінің қызық қолданыс аумағы айқындала түсер еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері - Алматы; 1998
2. Н.Уәлиев.Сөз мәдениеті,-Алматы,1984.
3. М.Қашқари Диван-Лугат ат-Турк. Перевод, предисловие и комментарии
4. Ф.М.Ауэзова.-Алматы, 2005.
5. Алатырев В.И. Этимологический словарь удмуртского языка. А-Б. Ижевск, 1988.
6. Древнетюркский словарь. Л., 1969.
7. Бес жүз бес сөз.– Алматы: Рауан, 1994
8. Кельмаков В.К. 1970. Происхождение и первые упоминания этнонима «ар» // Этнонимы. Москва
9. Древнетюркский словарь, Л.1969.
- 10.Ожегов С.И. Словарь русского языка. РАН, 1999.

АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТІЛДІ ҚОЛДАНА БІЛУ» ЖАЙЫНДАҒЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Ф.ғ.д., профессор М.С.АТАБАЕВА*

Түйіндеме

Дүниенің тілдік бейнесі тілдік бірліктер арқылы жасалып, тілдің ұлттық ерекшелігі ретінде лексикада көрініс табады, оны адамның қатынас құралына айналдыратын - грамматикалық амал-тәсілдер. Белгілі ұлттық ұжымда қалыптасқан тілді тұтынушының санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінеді, сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасауда грамматикалық категориялар маңызды болады. Осындай ерекшелігі мол категория қатарына септік категориясы жатқызылады. А. Байтұрсынұлы «тілді қолдана білу» мәселесіне ерекше көңіл бөлген екен, ғаламның пайымдауынша, тілді қолданудағы басты мәселе - «тілдің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу». Ол шарттар мен заңдар сөз бен сөздің байланысы айналасына топтасады, мұнда маңызды қызмет атқаратын септік жалғаулары екені анық. Мақалада А. Байтұрсынұлының септік жалғауларын қолданылуының заңдылықтары жайлы ойлары мен септік жалғауларын қолданудың қазіргі жайы туралы сөз болады.

Кілт сөздер: септік жалғаулары, функционалды грамматика, әлемнің тілдік бейнесі

AKHMET BAITURSYNULY'S CONCEPTION ON ABILITY TO USE THE LANGUAGE

Abstract

The world language image is formed through linguistic units and is reflected the language as a national peculiarity in the lexis, and the grammatical ways and methods form them as a means communication of people.

The peculiarity feature of each language and the national outlook are reflected in the grammatical structures in consciousness of using language formed in a particular national society, that's why grammatical categories are important in the formation of linguistic image of the world. To such a number of categories with plural features are related to the category of declension. A. Baitursynuly paid particular attention to the question of "the abilities of use language", in his opinion; the main problem in the use of the target language is "correctly enumerate the relevant laws, the conventions of the language". These conventions and regularity are related to connection between the words, there is an important function is performed by declination. In this article the opinion of A. Baitursynov about the regularities of the use of case endings and the present state of their use are considered.

Key words: case endings, functional grammar, synthetic way (method), of language image of the world, world outlook

КІРІСПЕ

Антропоэлекті бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. Тіл адамға таным құралы, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы адам баласын қоршаған ортаны «жаратынды» және «жасалынды» нәрсе деп топтайды, табиғатқа тән дүниенің бәрі - «жаратынды», ал адам қолымен жасалғанның бәрі «жасалынды», өйткені оның қалыптасуына адамның ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен. Тіршілік үшін жұмсалатын өнер - «тірнек өнері» де, көркемшілік үшін жасалатын өнер - «көрнек өнері». «...нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Өнердің ең алды - сөз өнері саналады». «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі - аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі - меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі - тую, талғау» (Байтұрсынұлы, 1989: 137-138).

«Сөз өнері деп асылында нені айтамыз?» деген сұраққа «Сөз өнерінің ғылымы» еңбегінде жауап береді, сөз өнері - іштегі ойды «... тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп» сөз арқылы өрнектеу. Сөз өнерінің ғылымы - тіл ғылымы, тіл ғылымы «дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ғылыми сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады» (Байтұрсынұлы, 1998, 148). Осыған орай, А. Байтұрсынұлы сөзді

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, e-mail: mereke.atabaeva@gmail.com

өнер деңгейінде қолдана білу үшін ең қажеттісі *тіл қисыны* санайды. «Тіл қисыны дегеніміз - асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым». «Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу - тіл қисыны». Тілдің қисынын келістіріп қолданудың басты ұстанымы - сөз талғау деп есептейді. Тілдің қисынын келістіретін әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Бұл үшін, *алдымен*, «сөздердің тұлғасын мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; *екіншіден*, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; *үшіншіден*, сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» (Байтұрсынов,1989,150),- деп атап көрсеткен екен.

Дүниенің тілдік бейнесі тілдік бірліктер арқылы жасалып, тілдің ұлттық ерекшелігі ретінде лексикада көрініс табады, оны адамның қатынас құралына айналдыратын - тіл табиғатын танытатын грамматикалық амал-тәсілдер, заңдар, шарттар. А. Байтұрсынұлы «Қазақша сөз жазушыларға» атты еңбегінде аталған ойларын таратып түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, тілді қисынын келтіріп қолдану емлеге сүйенеді, ал емле тілдің табиғатына сай болу қажет. «Емле - жазу үшін шығарылған нәрсе, жазу - тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек». Сөйтіп, тілдің қисынын келістіретін әр сөздің, әр сөйлемнің білдіретін мағынасының көңілге қонымдылығы оны құрап тұрған сөздердің тұлғалық және синтаксистік жақтан үйлесімді қолданылуы екен. А. Байтұрсынұлы оның да жолдарын көрсеткен, ол - «сөздердің тұлғасын мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну». Бұл тұжырым сөйлемде сөздердің арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге әртүрлі грамматикалық мағына үстеп, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен орын алатын зат есімнің парадигмалық түрлену жүйесінің бірі - *сентік жалғауларына көбірек* қатысты болатыны белгілі.

Белгілі ұлттық ұжымда қалыптасқан тілді тұтынушының санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінеді, сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасауда грамматикалық категориялар маңызды болады. Осындай ерекшелігі мол категория қатарына септік категориясы жатқызылады. Септік категориясы болмыстағы нысандардың арақатынасы туралы білімдерге негізделеді, өйткені септік категориясы адамның қарым-қатынас барысындағы түрлі қатынастарды зерделеп құруы нәтижесінде пайда болады. О.Жұбаеваның пайымдауынша, септік категориясының мазмұны тілдік қатынастардың қалай пайда болғанын білдіріп, ғалам туралы білімді, олардың тілде қалай көрініс тапқанын, морфологиялық септік категориясында тоғысатын грамматикалық мағыналар мен көрсеткіштерді қамту, морфологиялық жолмен берілетін қатынас туралы энциклопедиялық білімдердің тілде қалай кодталатынын көрсету (Жұбанва,2014: 258-259).

Сөздердің синтетикалық байланысу тәсілдерінде септік жалғауларының рөлі басқа жалғау түрлеріне қарағанда күрделірек. Септік жалғаулары жалғанған сөздер өздері тіркесетін сөздермен біріншіден, сабақтаса байланысса, екіншіден, сол байланыстың нәтижесінде қосымша грамматикалық мағынаға ие болады. Сондай-ақ, септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстырумен қатар, алуан түрлі синтаксистік қатынастарды да білдіреді. Мағыналық қатынастар тек жалғау жалғанған сөздердің лексикалық мағынасының әртүрлі болуынан ғана тумады, тұтас сөз тіркесінің қарым-қатынасынан пайда болады.

Сөйлеу әрекетінде тілдік бірліктер қатысымдық бірліктерге айналып, сыртқы орта жайлы ақпаратты мазмұнына жинақтайды «Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы, олардың сөз тудыру және грамматикалық форма тудыру тәсілдері мен жүйелері мыңдаған жылдар бойына сол тілде сөйлеуші халықтың өзара сөйлеу үдерісінде қалыптасқан. Әр тілдің грамматикалық құбылыстарының қалыптасқан жүйелі тәртібі аз ғана жылдың жемісі емес, ол - сол тілде сөйлейтін халықтың өмір тарихымен байланысты мыңдаған жылдың жемісі.

Тілдің грамматикалық құбылыстары ұдайы бір қалыпта тұра бермейді, олар өзінің даму процесінде өзгеріп, сұрыптала түседі» (Маманов,2007:146-147),-дей келе, Б. Маманов тілдің морфологиялық құрылымының маңызын анықтаумен қатар, қазақ тілінде түбір сөздер мен сол сөздің грамматикалық формаларының ара жігін, шегін дұрыс ажыратуға бөгет болып жүрген нәрсе - қосымшалардың грамматикалық қызметіне қарай дұрыс топтастырылмауында деп тұжырымдайды. Грамматиканың осы аса күрделі мәселесіне қатысты ой-пікірлерді саралай келе: «...Мұндай пікір алалығын жою үшін түркі тілдерін зерттеуші авторлардың алдында тұрған басты міндет - морфологияға қатысты ең маңызды екі мәселенің басын ашып алу қажет сияқты. Оның біріншісі - қазақ тіліндегі қосымшаларды орыс тілінің үлгісімен сөз түрлендіруші (словоизменение), сөз

тудырушы (словообразование) және форма тудырушы (формообразование) деп үшке бөліп қарастыру керек пе, жоқ әлде, оларды жаңа мағыналы сөз тудыру және сөздің грамматикалық формасын тудыру қызметіне сәйкес *сөз тудырушы* және *форма тудырушы* деп екі топқа бөліп қарастыру керек пе? Қазақ тілінің материалы екінші принципті қуаттайды. Сөйлемде грамматикалық формалармен түрленетін толық мағыналы атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) тек қана екі түрде: не түбір сөз түрінде, не қосымша жалғанған формада қолданылады. Былайша айтқанда, қазақ тіліндегі қосымша жалғанған сөздер не тілдің сөздік құрамына енетін туынды түбір сөз (лексикалық бүтін), не белгілі бір сөз табына тән грамматикалық форма болып қалыптасады (Маманов,2007,147).

Сөйтіп, форма тудыратын қосымшалардың белгілі бір жиынтығы парадигмалық түрлену жүйесінің сыртқы көрінісі мен соған сәйкес ішкі мазмұн жағынан грамматикалық мағына білдіруі арқылы грамматикалық категория құрайды, енді бір тобы бөлігі бір сөз табының өз ішінде семантикалық топтарын жасайды. Қосымшалардың бұл негізгі мәні мен грамматикалық сипаты грамматикаларда **форма тудырушы** (немесе сөз түрлендіруші) **жұрнақтар** және **жалғаулар** деп аталып жүрген қосымша түріне тән болып келеді. Форма тудырушы жұрнақтар мен жалғаулардың грамматикалық мағына білдіруі мен сөз түрлендіру қасиеті жағынан айырмашылығы жоқ деп есептеледі, алайда жалғаулардың сөзге жалғану өрісі кең және де басқа форма тудыратын қосымшалардан синтаксистік қызметі жағынан үлкен айырмашылығы бар, жалғаулар сөйлем ішінде сөз бен сөзді байланыстырып, олардың сөзге үстейтін грамматикалық мағыналары сол байланысқан сөздер арасындағы қатынастар негізінде айқындалып отырады. Мұндай қызметтік қасиеттер жалғаулардан басқа форма тудыратын қосымшаларға тән емес. Сол себепті Ы. Маманов жалғауларды форма тудыратын қосымшалар қатарына қосқанымен, олардың синтаксистік-қатысымдық қызметінің маңыздылығына қарай, **жалғаулар** деп бөліп атайды (Маманов,2007:146-148). С. Исаев қосымшалардың сөздерді байланыстыра отырып, үстейтін мағыналары мен олардан туындайтын қызметіне қарай жіктемесін жасаған. Бұл жіктемеде форма тудырушы қосымшаларды, алдымен, **жұрнақтар** және **жалғаулар** деп, ал жалғауларды: **субстантивтік**, **субстантивтік-адвербиалдық** және **предикаттық** деп бөледі. **Субстантивтік** жалғаулар тек заттық мағынамен байланысты болады және өзге сөз таптарын заттандыру қасиетіне ие. Сол себепті С. Исаев субстантивтік жалғаулар қатарына **тәуелдік** жалғау мен **грамматикалық септіктерді** жатқызады **Субстантивтік-адвербиалдық** жалғаулар заттық мағынаға қоса үстеулік мағына жасайды, яғни үстеу тудырады және үстеудің қызметін атқарады. Бұл топқа көлемдік септіктер: барыс, жатыс, шығыс септіктері енеді (Исаев,1998,230).

Дәл осылайша синтетикалық байланысқа түсетін, сөз тіркестеріндегі дінгек компонент болып табылатын кез келген сөз өзге сөздердің онымен байланысқа түсу дәрежесімен санаса отырып, өзіндік семантикалық ерекшелікке ие болады. Қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғау жүйесі негізінен алғанда, көне түркі тіліндегі және қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғау жүйесімен сәйкес келуі заңды құбылыс саналады, өйткені олардың төркіні, қалыптасу кезеңдері, сипаты көбіне ортақ болып келеді, сондықтан қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде *атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс* септік жалғауларының сыртқы тұлғалары да, мағыналары да, қызметтері де негізінен ұқсас болып келеді. С. Исаев оны қазақ тіліндегі септік жалғау жүйесінің өте ерте кезде қалыптасып, сөз түрлендіру, парадигмалық сипаты, тұлғалық түрлері, әрқайсысының мағыналық шеңбері, сөйлемде атқаратын қызметі мен сөздер арасындағы грамматикалық қатынастары тұрақталып, кейін жекелеген түркі тілдерінде үлкен өзгеріске түспей енгендігін байқатады деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің өзіндік **ерекшелігі көмектес септігі** болып табылады (Исаев,1998,230).Сөйтіп, түркі тілдерінде септік жалғауларын **грамматикалық** және **көлемдік** септіктер деп екіге бөлуге болатын негіз: олардың білдіретін мағынасы, атқаратын қызметі, шығу, даму тарихымен бірге септік тұлғаларының сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөз тіркесінің типін құрау мәнінің ерекшелігінен де көрінеді. В. Севортян түркі тілдерінде септіктерді бұлай **грамматикалық** және **көлемдік** септіктерге бөлуді бір жағынан шартты санайды, сондықтан бұлай бөлуден бас тартуға да болады деп есептейді. Бұл екі топқа бөлінетін септік жалғаулары кейде **барыс-бағыттық** болып сәйкес келсе де, сонымен қатар әрі грамматикалық әрі көлемдік септік қатарында жүрсе де, өзіндік ерекшеліктері бары байқалады. Бұл оларды грамматикалық және көлемдік септік деп екіге бөлудің ғылыми негізі барын білдіреді деп тұжырымдайды (Севортян,1955,45). Э. В. Севортян септік жүйесіндегі бұл ерекшеліктермен қатар, көне түркі, көне ұйғыр, көне және жаңа өзбек ұйғыр тілдерінде **көлемдік** септік тұлғаларының есімдік сөз табында **грамматикалық** септік тұлғаларының үстіне жалғанатынын көрсете келе, осы аталған тілдер үшін **грамматикалық** септік тұлғаларының қалыптасуы - алғашқы, ал **көлемдік** септіктердің одан кейінгі құбылыс екендігін айтады (Севортян,1955,45).

Бұны қазақ тіліндегі өзіндік үлкен ерекшелігі бар көмектес септігінің қалыптасу жолы арқылы түсінуге болады. Басқа түркі тілдерінде көмектес септігінің мағынасы көбіне септеулік шылау арқылы беріледі. Қазақ тіліндегі көмектес септік тұлғасы: **-мен, бен, пен** септеулік шылаудан қалыптасқан: **бірлән, білән > бінән, мінән, бынан > -мынан, -менен, -пенен > -мен, -бен, -пен** (Исаев, 1998:96-97). С. Исаевтың пайымдауынша, «сыртқы тұлғасы жағынан бұл **мен, бен, пен** жалғаулық шылауларына ұқсас болғанымен, одан жасалмаған. Бәлкім, жалғаулық шылау мен септеулік шылау төркіндес болып, бір сөзден тарап, бөлек-бөлек қалыптасып дамуы мүмкін. Сөйтіп, көмектес септік жалғауы кейін ғана қалыптасып, септік жалғау жүйесіне кеш енді. Оның бұл ерекшелігін көмектес септік жалғауының сырт тұлғасы да аңғартады: *біріншіден*, сингармонизм заңына бағынбайды, жалғаулардың жуан буынды нұсқасы жоқ, *екіншіден*, дыбыс үндестігіне қарай нұсқалануы да ерекше... Көмектес септіктің осындай ерекшеліктері жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінен де көрінеді; көмектес септігі тікелей түбірге жалғанбайды: **мен** - мен + *i* + **мен**, **сен** + *i* + **мен** т.б. Бұл жердегі түбір мен көмектес жалғауының арасындағы **-ны, -ні** тұлғасы ілік септік сөздің түбіріне ғана емес, ілік септік тұлғасына жалғанған болу керек деген тұжырым тудырады» (Исаев, 1998:92-93). Бұл тұжырымнан септік жалғауларының қалыптасу үдерісі тарихының көріністері аңғарылады. Грамматиканың заңы бойынша, сөз түрлендіруші қызмет атқаратын қосымшалар сөзге бір рет жалғанады, бірінің үстіне бірі жалғанбайды, бұл олардың сөйлемдегі атқаратын қызметіне байланысты, грамматикалық мағына түрленгенімен, негізгі қатысымдық мағына шешуші роль атқарады. Мысалы: *Бөгенбай батырдың қанталаған дөңгелек көзінен от шашырағандай жалт-жұлт етеді. Әйтсе де баптап-таптап сөйлеген сөзі мен ажар-әлпетінен аса сабырлы-салмақтылық аңғарылады. Ұзақтың әңгімесі аяқталысымен жұрт гүлдесіп кетті. Айтқаныңның бәрі дұрыс. Екеуінің аузынан шыққан сөзді Жүсіп қағып алып, ерсілі-қарсылы аударып тұр (Қ. Жұмаділов).* Мұндағы бірінші сөйлемде шығыс септігі жеке сөйлем мүшесі бола алмайды, ол тұрақты тіркес құрамында тұр, ал екінші сөйлемде адамға тән «салмақтылықтың» нысанын көрсетіп, жанама толықтауыш жасап тұр.

Бұдан қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауынан басқа септіктердің қатысым әрекеті қажетіне орай функционалдық қызметтерінің сараланғаны, ал көмектес септігінің қалыптасу үдерісінде екендігі байқалады деуге болады. Түркі тілдерімен шығу тегі бір бола тұра, қазақ тілі септік жалғаулары қалыптасуындағы бұл ерекшеліктер қазақ тілінің өзіндік табиғатын танытатын фактор саналады. Көмектес септігі көлемдік септіктерге қызметі жаңынан ұқсас болғанымен синтаксистік мағынасы жағынан ерекшеленеді, соған орай ол **құралдық септік** аталады. Сонымен қатар, қазақ тілінің септелу жүйесі: *жай септеу* және *тәуелді септеу* болып бөлініп, оның септелудегі ерекшеліктері айқындалып, емлесі қалыптасып нормаға түскені де белгілі. Септелу жүйесінде қазақ тілінің табиғатына қайшы келер жайт байқалмаған. Мысалы, жіктеу есімдіктерінің септелуі (мен, ме+нің, маған, ме+ні, менде, ме+нен, мен+i+мен), тәуелді септеудегі өзгерістердің (добым, добым+ның, добым+a, добым+ды, добым+нан, добым+мен; добың+a, добы+на, добы+n т.б.) себебі тарихи-семантикалық тұрғыдан түсіндіріліп келеді. Септік жалғауларының тіл иесі үшін үйлесімді, әуезді болуының себебі оның қазақ тілінің табиғатына бойынша емлеге түсірілгені екендігін тіл жанашыры А. Байтұрсынұлының мұраларын қайта-қайта зерделеп қарағанда, көз жеткізуге болатыны айқын. А. Байтұрсынұлының септік жалғауларына қатысты айтқаны да осы қазақ тілінің табиғатына сай емлеге үйлестіру болатын. «Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ» деп, сөзге **барыс** және **жатыс, шығыс** септіктерінің жалғану ерекшелігі туралы төмендегіше тұжырымдайды:

біріншіден, «... .. я болмаса «малдай», «малда» деп жазған соң, «малыдай», «малыда» деп жазсақ болмай ма деген сықылды... Сөздің ұшығы бірде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстың ауанына қарай сөздің ұшығы да өзгереді. Қазақ бұл екі орнын да айырады. Тілдің табиғатынан қарағанда, қазақтың солай істеуі дұрыс: «мал»-«малдай» дегенде «н» жоқ; «малды» - «малындай» дегенде неге «н» қосылады? Әрине, «малы» деген сөздің аяғы дауысты дыбыс болғандықтан қосылып тұр. «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме? Сондай-ақ «бала», «ана», «ата», «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «-лар» бірдей болу керек деген емес. Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тілі азбаған» дей келе, көптік жалғауының **-лар/-дар** нұсқаларының қолданысын салыстырады: «малдар» мен «маллар». «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады, «маллар» дегенде, «тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын», өйткені қос дауыссыз тіл таңдайдың алдына тіреліп, ауыз қуысын бітеп тастайды. «Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей

болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады, қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады» (Байтұрсынұлы, 2007:91-94), - деп, тіл әуезділігі дыбыстың артикуляциясы мен акустикасында екеніне назар аудартады;

екіншіден, қазақ тілінің табиғаты бойынша тәуелді септеудің үшінші жағына барыс және шығыс септіктерінің жалғануы туралы дәлелдерінде А. Байтұрсынұлы: «Табиғатына қарамай, жолға түсіру керек болса: «атасына» демей, «атасыға» деп жазу керек, «атасынан» демей, «атасындан» деп жазу керек. «Атасыға» деп жазған татарларды көрмеген соң біз де «атасынан» деп жазып жүрміз. ... Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады? Атасыға-атасыдан- атасыдай деп жазса, түсінбес пе? Әрине, түсінеді, бірақ солай жазбайды. Олай жазса, татарша болмайды. Қазақ та солай: -ның, -ны, -лар, -лық, -лы орынсыз жерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; жөнге тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған» (Байтұрсынұлы, 2007:91-94), -деп, тәуелі септеудегі барыс септігінің қалай жалғануы керектігін көрсеткен.

1) атасы - атасыға - атасы+**на**

аты - атыға - аты+**на**

қолы - қолыға - қолы+**на**

2) атасы - атасындан - атасы+**нан**

аты - атындан - аты+**нан**

қолы - қолындан - қолы+**нан**

Мұндағы үшінші қатар тіл «табиғаты қалауынша» қазақ тілінің заңдылығы екені анық, сонымен қатар, тіл «табиғаты тартуынша» ол берік байланыс саналатын матасуды құрайды, дыбыс үндестігі жалаң емес, тәуелдік жалғауының үшінші жағы (**-ы/сы**) білдіретін меншік мағынасы да бар, ол заттың үшінші жақтағы субъектіге қатыстылығын танытады. Ал қазіргі күні «қазақша болмайтын», тіл табиғатын түсінетін жандардың құлағына түрпідей тиетін, жас ұрпақтың тілін бүлдіретін, әсіресе, жасанды акцент жасап «сән» қуып жүргендерді мүлдем жат қылатын, қалыптасқан норманы бұзушылық байқалады:

біріншісі - жоғарыда аталған барыс, жатыс, шығыс септіктерінің қолданысы (*Елбасы+ға хат жолдады. Бірнеше отбасы+ға көмек берілді. Асуман ханым бүгін Рашидтің шарапханасы+на ән салады («Гүллі ханым») Отбасы+да ойдың ала-құлалығы шығып қалмай ма?*);

екіншісі - көмектес септігінің қолданысы (Стоматолгтар ассоциациясы+**мен** ұсынылған. Президенттің теле-радио кешені+**мен** әзірленген (Тележарнама);

үшіншісі - шығыс септігінің қолданысы (Ашуынды **мен+нен** алдың («Жүрек жарған», Астана). **Сен+нен** ұят болды («Көңіл күйі»);

төртіншісі - көмектес септігінің қолданысы (Мен+**і+мен** ересің («Жау жүрек мың бала»). Деректер көрініп тұрғандай, бұлардың бәрі де БАҚ құралдарынан алынған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тілдегі *әлем бейнесі* адамның сезім мүшелері қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Тіл - ақиқат болмыстың бейнесі, адамның әлем туралы білімінің қалыптасу және өмір сүру формасы. Әлем бейнесі – адам дүниетанымының басты элементі, шынайы болмыс туралы адамның түсінігі (Жұбаева, 2014:18-19), одан әлемнің ұлттық бейнесі түзіледі. Тіл - сол ұлттық бейне көрінісі. Тіл иесі қоғаммен бірге азды-көпті өзгеріске ұшырайды, көп жағдайда ол «тіл табиғаты қалауынша», белгілі заңдылықтар бойынша жүзеге асады. Ол - *ықшамдау* құбылысы екені белгілі. Осы құбылыстың бір ғана көрінісі -«барады ма? болады ма? келеді ме? т.с.с. Шаштарыңыз *түседі ме?* Олар үйге *келінті ме?*», қазіргі күні жаппай қолданысқа айналып барады деуге болады. Ықшамдау құбылысының да мақсаты - тіл әуезділігі, тілді қисынына келтіріп жұмсау жолы. Жоғарыда аталған сөздер - біреу-екеу болғанымен, актив қабатқа жататын сөздер, ал басқа қолданыстар - жастар күніне неше рет естіп, қолданылып жүргендер. А. Байтұрсынұлы: «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң, тіл танытқыш кітаптардан оқиды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде іә ауызша айтып, іә жазып қолданумен біледі. Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды» демекші қазіргі ұрпақ кімнен үйреніп тіл иесі болар екен?

А. Байтұрсынұлы тәрізді ұлт жанашырының: «Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң оның түбі тілді бұзу, өзгерту болады. Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашып айтарға керек. Емлесін қата десек, тастап бізге келер деген ой - қата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық

қазақта көз жоқ дегендік болады» деп ашындан туған сөзі бүгін қазақ аспанында жаңғырып тұрған тәрізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. (1989), Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер - Алматы: Жазушы, 1989.-320 б.
2. Жұбаевқа О. (2014), Қазақ тілінің когнитивтік грамматикасы.-Алматы: Қазығұрт, 2014.-392 б.
3. Маманов И. (2007), Қазақ тіл білімінің мәселелері,алматы:Арыс, 2007.- 488 б.
4. Исаев С. (1998), Қазақ тіліндегі сөздердің лексика-грамматикалық сипаты.-Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
5. Севортян Э.В. (1955), Фонетика турецкого литературного языка.-М.: Наука, 1955.- 38 с.
6. Байтұрсынұлы А. (2009)// Алаштың тілдік мұрасы.-Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009.- 15-96-бб.

AZƏRBAYCAN DİLİ DİALEKTLƏRİNDƏ VƏ TÜRK DİLİNDƏ İŞLƏNƏN ORTAQ SÖZLƏR

Fidan YUSİFOVA*

Xülasə: Türk dilləri ailəsinin oğuz qrupuna daxil olan dillər leksik, morfoloji, sintaktik quruluşuna görə bir-birinə çox yaxındır. Türkiyə respublika elan olunduqdan sonra dilin leksik tərkibi alınma sözlərdən əsaslı surətdə təmizlənmişdir. Azərbaycan dilinin dialektlərində və türk ədəbi dilində işlədilən leksik vahidlərin böyük əksəriyyəti türk mənşəlidir. Azərbaycan və türk dillərinin lüğət tərkibində ad bildirən ortaq sözlər mühüm yer tutur. Azərbaycan dili dialektlərində və türk ədəbi dilində ortaq işlənən bəzi əlamət və keyfiyyət bildirən sözlər Azərbaycan ədəbi dilində fərqli mənə ifadə edə bilər. Türk dilində özləşmə hərəkəti nəticəsində alınma sözlərin əksəriyyəti yeni sözlərlə əvəz olunub.

Açar Sözlər: Türk dilləri, dialekt, ortaq sözlər, lüğət.

AZERBAIJAN LANGUAGE DIALECTS AND COMMON WORDS IN TURKISH

Abstract: According to lexical, morphological and syntactical points the Turkic languages including to the Oghuz group are very close to each other. The lexical composition of the language was thoroughly cleaned after the declaration of the Republic of Turkey. Most of the lexical units used in the dialects of the Azerbaijani language and in the Turkish literary language are of Turkish origin. Common name in Azerbaijani and Turkish languages words are of considerable importance. Commonly used in Azerbaijani dialects and Turkish literary language some remarks and qualitative words in Azerbaijani literary language can express different meanings.

Keywords: Turkish languages, dialect, common words, vocabulary.

GİRİŞ

Oğuz qrupuna daxil olan türk dillərinin, o cümlədən Azərbaycan dilinin formalaşmasının tarixi qədimdir. Dilin tarixini xalqın tarixindən ayrı təsəvvür etmək mümkün deyildir. Oğuz qrupuna daxil olan dillərin müxtəlif dövrlərdə qıpçaq, karluq dil qruplarının, eləcə də ərəb və fars dillərinin güclü təsirinə məruz qalması, ayrı-ayrı oğuz dillərinə təsir edən müxtəlif dilxarici amillərin olması onların fərdi xüsusiyyətlər kəsb etməsinə gətirib çıxarmışdır. Azərbaycan dili tarixi inkişafında aparıcı oğuz ünsürlərini qorumuş, xüsusi əlamətlər qazanmış, digər oğuz dillərindən (türk, türkmən, qaqauz) fərqlənən müstəqil bir dil kimi inkişaf etmişdir. Ayrı-ayrı türk dillərinin tədqiqi zamanı qohum dillərlə ümumi və fərqli cəhətlərin ortaya çıxarılması tədqiq olunan dilin spesifik xüsusiyyətlərini daha da dərinləndirən öyrənməyə geniş imkan verir. Azərbaycan dilinin dialektlərini türk ədəbi dili ilə qarşılaşdırmanın səbəbi ortaq elementləri aşkar edərək bu iki dilin tarixi əlaqələrini, qarşılıqlı təsir xüsusiyyətlərini ortaya çıxarmaqdır. Türk dilləri ümumtürk kökündən təşəkkül tapıb formalaşsa da, uzun illər boyu fonetik, leksik, qrammatik quruluşlarında müəyyən fərqli xüsusiyyətlər ortaya çıxmışdır (Zeynalov, 2008:154). Ona görə də türk dillərinin hər biri, demək olar ki, fonetik, leksik, qrammatik cəhətdən özünəməxsus ümumiləndirici əlamətlər əsasında qruplaşdırılır. Müasir Azərbaycan ədəbi dilində işlənməyən və ya ədəbi dil üçün arxaikləşmiş bir sıra sözlər Azərbaycan dilinin dialekt leksikasında və türk ədəbi dilində öz işləkliyini saxlayır. Dialekt leksikasının qohum dillərin leksikmaterialları ilə qarşılıqlı əlaqədə öyrənilməsi mühüm elmi nəticələrin əldə edilməsinə gətirib çıxarır. Bir-birinə çox yaxın iki qohum dilin – Azərbaycan və türk dillərinin müstəqil inkişaf tarixində özünü göstərən spesifik xüsusiyyətlərin aşkara çıxarılması mühüm əhəmiyyət kəsb edir. Azərbaycan dilinin dialekt leksikasının türk ədəbi dilinin leksikası ilə müqayisəli şəkildə araşdırılaraq iki yaxın qohum dilin ümumi və fərqli xüsusiyyətlərinin aşkar edilməsi vacib hesab olunur. Bir-birinə yaxın olan, tarixi kökləri ilə bir-birinə bağlı olan bu dillərin müqayisəli şəkildə öyrənilməsi həm tarixi leksikologiya, həm tarixi dialektologiya, ümumiyyətlə, Azərbaycan və türk dilçiliyi üçün əhəmiyyət kəsb edir. Türk dillərinin dialekt leksikasının onun ədəbi və ümumxalq dilinə, həmçinin qonşu türk xalqlarının ədəbi dillərinə və onların dialektlərinə münasibəti türkologiya elminin öyrənilməmiş sahəsinə aiddir. Bu baxımdan Azərbaycan dili dialektləri ilə türk ədəbidilinin qarşılaşdırılması türk dillərinin daha dərinləndirilməsi üçün faydalı ola bilər və bundan elmi mənbə kimi istifadə etmək mümkündür.

Türkiyə türkcəsi XIII əsrdən etibarən Anadoluda və digər Osmanlı torpaqlarında istifadə olunub və bu mərhələ Qərbi türkcə mərhələsi adlanır. Qərbi türkcə mərhələsi aşağıdakı şəkildə qrupla

*Bakı Avrasiya Universiteti, Türk və xarici ölkə filologiyası kafedrasının doktorantı, e-mail: fidu.fidos@mail.ru

1. Qədim Anadolu türkcəsi (XIII əsr – XV əsrin sonu).
2. Osmanlı Türkcəsi (XV əsr – XX əsrin əvvəli).
3. Türkiyə türkcəsi (XX əsrin əvvəlindən bu günə qədər olan mərhələ).

Türk dili 1908-ci ildən sonrakı dövrün adıdır. M. Ergin Türkiyə türkcəsi dövrünü Qərbi türkcənin dil baxımından ən təmiz dövrü adlandırır. Göründüyü kimi, müasir türk ədəbi dili uzun və mürəkkəb inkişaf yolu keçmişdir. Türk dilləri içərisində fonetik, leksik və qrammatik xüsusiyyətlərinə görə bir-birinə daha yaxın olan Azərbaycan və türk dilləri ayrı-ayrı dövlətlərin tərkibində fəaliyyət göstərsələr də, türk dillərinin bir çoxuna xas olan ortaq dil elementləri əsrlər boyu qorunaraq müasir dövrümüzdə qədər gəlib çatmışdır. Türk dilləri tarixən bir-biri ilə qohum olan, bir kökdən əmələ gələn dillər qrupuna aid edilir. Dialektlərini və türk ədəbi dilini tədqiq etdiyimiz zaman hər iki dildə mövcud olan türk mənəvi və alınma sözlərin bəzilərinə müasir türk ədəbi dilində eyni və ya fərqli mənalarda bugün də təsadüf olunur. Azərbaycan dili dialektlərinin təsnifatını M. Şirəliyev tarixi-coğrafi prinsipə əsaslanaraq vermişdir. Həmin təsnifatda dialektlər 4 qrup ətrafında cəmlənir: şərq qrupu, qərb qrupu, şimal qrupu və cənub qrupu. M. Şirəliyev dialektlərin şərq qrupuna Quba, Bakı, Şamaxı dialektlərini, Muğan və Lənkəran şivələrini, qərb qrupuna Qazax, Qarabağ, Gəncə dialektlərini və ayrım şivəsini, şimal qrupuna Şəki dialektini və Zaqatala-Qax şivəsini, cənub qrupuna isə Naxçıvan, Ordubad, Təbriz dialektlərini və İrəvan şivəsini daxil edir (Şirəliyev, 2008: 19). Son illərə qədər Azərbaycan dilinin dialekt bölünməsinə M. Şirəliyevin bölgüsü əsas götürülmüşdür. E. Əzizov elmi şəkildə əsaslandırmışdır ki, M. Şirəliyevin təsnifatı Azərbaycan dilçiliyinin müəyyən bir mərhələsi üçün məqbuldur. Bu bölgü dilin dialekt bölünməsinə dolğun şəkildə əks etdirə bilməməsi baxımından bir sıra qüsurlara malikdir. E. Əzizov Azərbaycan dili şivələrini aşağıdakı kimi qruplaşdırır:

Cənub ləhcəsi. Bu ləhcə Cənubi Azərbaycan, Naxçıvan və Lənkəran regionlarının şivələrini əhatə edir. Cənub ləhcəsində bir neçə şivə qrupu fərqlənir: 1) Təbriz; 2) Ərdəbil; 3) Lənkəran; 4) Urmiyə; 5) Naxçıvan və s. Qərb ləhcəsi (orta ləhcə). Bu ləhcə Azərbaycanın Kür və Araz çayları arasındakı ərazisinin qərb və cənub-qərb hissəsinin Qazax, Gəncə, Qarabağ, Daşkəsən, Gədəbəy, Kəlbəcər, Laçın və Gürcüstanın bəzi rayonlarının (Borçalı: Marneuli, Bolnisi, Dmanisi) şivələrini əhatə edir.

Qərb ləhcəsi bu şivə qrupuna bölünür: 1) Qarabağ; 2) Qazax-Borçalı; 3) ayrım şivəsi (Daşkəsən, Gədəbəy, Kəlbəcər rayonlarında yayılmışdır).

Şimal-şərq ləhcəsi. Bu ləhcə Xəzərin qərb sahilı zonasının cəmləncə hissəsinin (Dərbənd, Quba, Bakı, Şamaxı, Salyan) şivələrini əhatə edir. Şimal-şərq ləhcəsi bu şivə qrupuna ayrılır: 1) Şamaxı-Bakı; 2) Quba; 3) Dərbənd.

Müəllifə görə, Azərbaycan Respublikasının şimal-qərb bölgəsində yerləşən Şəki-Zaqatala regionunun şivələri qarışıq tipli şivələrdir. Dialektlərin lüğət tərkibi dilimizin ən qədim dövrlərinə aid söz və ifadələri mühafizə edib saxlayan zəngin və dəyərli leksik qatlara malikdir. Aparılan tədqiqatlar göstərir ki, Azərbaycan dilinin özünə xas dialektləri vardır. Buna görə də Azərbaycan dilini digər türk dilləri içərisində, Türkiyənin bəzi tədqiqatçıları kimi, ləhcə adlandırmaq doğru olmaz. Yunanca “danışıq, şivə” mənasını verən dialekt termini bölünməzlik xarakterinə malikdir. Bu termindən həm ayrıca eivəni, həm onların qruplarını, həm də bütün ləhcəni ifadə etmək üçün istifadə etmək olar. Amma türk dilçiliyində israrla Azərbaycan və digər türk dilləri ləhcə adlandırılır. Bu vəziyyət əgər ümumtürk dilinin ləhcəsi olaraq dəyərləndirilsə, o zaman türk dilini də Türkiyə ləhcəsi adlandırmaq lazımdır. Bu şəkildə adlandırma heç bir elmi əsaslara dayanmır.

Azərbaycan ədəbi dili ilə türk dili arasında çox da böyük fərq yoxdur. Ancaq müasir Azərbaycan ədəbi dili ilə türk ədəbi dili arasındakı fərqli məqamlar özünü göstərməkdədir. Belə ki, bu gün türk ədəbi dilində ielənən bir çox sözlər Azərbaycan ədəbi dilində ielənmir. Lakin Azərbaycan ədəbi dilində təsadüf olunmayan bu sözlərə Azərbaycan dilinin dialektlərində rast gəlinir. Azərbaycan dilinin dialektoloji lüğətlərində öz əksini tapmış bəzi sözlərə də Azərbaycan ədəbi dilində təsadüf olunur: gəvəzə “çoxdanışan, boşboğaz”, çamır “palçıq, lil, lehmə”, bamiyə “bibərə bənzər bitki adı”, qaysı “ərək”, ağıl “yayda mal-qara saxlamaq üçün ətrafı hasarlanmış üstü açıq yer”, davar “qoyun-keçi; xırdabuynuzlu mal-qara” və s. kimi sözləri buna nümunə göstərə bilərik. Bu tipli sözlər dialektlərdə nisbətən daha geniş dairədə işlənir. Azərbaycan dilinin dialekt leksikasına aid olan sözlərin müəyyən hissəsi daha məhdud dairədə, müəyyən hissəsi isə nisbətən geniş dairədə işlənir. Bu sözlərin bəziləri nisbətən geniş dairədə işləndiyinə, bəziləri isə termin səciyyəli olduğuna görə müəyyən məqamlarda ədəbi dildə də özünü göstərir. Təsadüfi deyil ki, bu leksik vahidlərə Azərbaycan dilinin orfoqrafiya lüğətində də yer verilməmişdir. Dialekt sözlərin bir qismi isə ədəbi dilə daxil olmamış, xalqın danışqmaieət nitqinin malı olaraq qalmışdır. Azərbaycan dilinin dialektlərində və türk ədəbi dilində qarşılaşdığımız leksik vahidlərin böyük əksəriyyəti türk mənəvidir. Türk dilinin leksik tərkibinin əsas hissəsini, təbii ki, xalis türk mənşəli sözlər təşkil edir. Ancaq bu sözlər içərisində ərəb, fars, yunan mənəvi sözlərə də təsadüf olunur (Şabanova, 1985: 91). Tarixi-coğrafi şərait baxımından qeyd etdiyimiz

sözlərin bəzilərinin yunan mənşəli olması diqqətimizi xüsusilə cəlb etdi. Fars mənşəli – riçal “əncirdən bişirilmə mürəbbə”, vərdənə “yoğun oxlov mintənə” geyim, paltar adı”, dilbəstə “vurğun”, dilbaz “dilli-dilavər”; ərəb mənşəli – sahan “dərin mis qab”, əssah “dəqiq, səhih”, nüktəli “eyhamlı”, saqat “eikəst”; yunan mənşəli – anaxtar “açar”, balgöz “daş sındırmaq üçün çəkiç” və s. kimi sözlər bu qəbildəndir.

Prof. Fərhad Zeynalov qədim türk leksikasını üç qrupa ayırır: 1) ad bildirən sözlər; 2) əlamət və keyfiyyət bildirən sözlər; 3) hərəkət bildirən sözlər (Zeynalov, 1981:128). Biz də bu tədqiqatda qeyd olunan bölgünü əsas kimi götürərək Azərbaycan dili dialektlərində və türk ədəbi dilində ortaq iclənən bu sözləri aşağıdakı qruplarda birləşdirdik: 1) Ad bildirən ortaq sözlər; 2) Əlamət və keyfiyyət bildirən ortaq sözlər; 3) Hərəkət bildirən ortaq sözlər.

Qohum olan dillərin müqayisəsi üçün əsas mənbə yazılı abidələrdir. Bununla yanaşı, bildirməliyə ki, konkret olaraq bir dil üzrə təhlil üçün ən doğru mənbələr dialektlərdir. Belə ki, işlək dildən tərklənən sözlər dialektlərdə və şivələrdə qorunub saxlanıla bilər. Bu cəhətdən də Orxon-Yenisey abidələrində mövcud olan leksik vahidlərlə Azərbaycan dilinin dialekt və şivələrindəki vahidləri müqayisəli tədqiq etmək, onlardakı səs fərqlərini, sözlərdəki yaxınlığı, uyğunluğu araşdırmaq lazımdır. Orxon-Yenisey yazılı abidələri türk dillərinin əldə olan ən qədim yazı nümunələri hesab olunur. Azərbaycan və türk dillərinin lüğət tərkibində ad bildirən ortaq sözlər mühüm yer tutur. Bu qrupa qohumluq bildirən ortaq sözlər, adətənənə və mərasim adları ilə bağlı sözlər, insanın bədən üzvlərinin adları, heyvan adları, yemək, içki, qab-qacaq adları, quş adları, heyvandarlıqla bağlı olan sözlər, əmək alətləri və müxtəlif əşyaların adları, pul və ölçü vahidlərini bildirən sözlər, coğrafi şəraitlə əlaqədar olan sözlər, tikili adları, bitki adları, zaman məfhumunu bildirən sözlər, geyim və parça adları, bəzək əşyalarının adları, bağ və bostanla bağlı sözlər, xəstəlik adlarını bildirən sözlər, məicətlə bağlı olan sözlər daxildir. **Çölməg//Çölməx//Çölməy.** Azərbaycan dili şivələrində “xörək bişirilən saxsı qab; dibçək” mənalarını ifadə edir. Türk ədəbi dili üçün çömlək leksik vahidinin “süzülmüş palçıqdan bişirilən əldə edilən saxsı qab, bu cür qabların küpə bənzəyən, fəqət daha kiçik olanları” mənası səciyyəvidir. **Pağça.** Bu leksik vahid Azərbaycan dilinin Axalsxi şivəsində “mayasız xəmərdən bişirilən çörək” mənasında işlənir. Türk ədəbi dilində poğça “içinə pendir, qıyma, kartof qoyularaq pişirilən bir növ çörək” mənasını ifadə edir (Nəsimi adına dilçilik institutu 2007:65). Az.dial. anaxdar “açar”, türkcədə anahtar “açar”; Az.dial. balgöz “daş sındırmaq üçün çəkiç”, türkcədə balyoz “ağır, böyük, uzun saplı çəkiç”; Az.dial. çapa “kətmən”, türkcədə çapa “bağça və tarlada torpağı belləmək üçün istifadə olunan, bir tərəfi düz digər tərəfi çəngəl şəklində olan bağban aləti, kətmən”; Az.dial. dağar “qoyun və ya keçi dərisindən hazırlanmış torba, kisə”, türkcədə dağar “dəri torba, yastı ağızlı torpaq qab, çanaq, küp, böyük saxsı, atə qoymaqda istifadə olunan torpaqdan manqal”; Az.dial. qazma//qəzmə “külüng”, türkcədə kazma “külüng”; Az.dial. mandal “cəftə”, türkcədə mandal “cəftə”; Az.dial. sürmə “cəftə”, türkcədə sürmə “cəftə”; Az.dial. mərtək “odun qırığı”, türkcədə mertek “uzun, çox qalın olmayan, dörd bucaq odun”; Az.dial. masat “bülöv”, türkcədə masat “bülöv”, Az.dial. məs//məst “xromdan tikilmiş yumşaq ayaqqabı”, türkcədə məst “ayaqqabının içinə geyilə bilən yüngül və yumşaq ayaqqabı növü”; Az.dial. mintənə “geyim, paltar adı”, türkcədə mintan “alt köynəyin üstünə geyilən, uzun qollu, düz yaxalı bir növ köynək; qollu jilet”; Az.dial. postdal//postal “çust”, türkcədə postal “çarıq kimi bağlanan bir növ ayaqqabı növü”; Az.dial. setrə “astarsız pencək”, türkcədə setre “keçmişdə rəsmi yerlərdə geyilən düz yaxalı, qabağı düyməli, ətəyi uzun, qərb dəbinə uyğun pencək formasında olan geyim” sözlər vardır. “Apa” sözü Azərbaycan dili dialekt və şivələrində özünəməxsus qədim və tarixi xüsusiyyətlərini mühafizə etmişdir. Belə ki, bir sıra türk dillərində olduğu kimi Azərbaycan dilinin dialekt və şivələrində bu söz fonetik dəyişikliyə uğramışdır: apa < aba, yəni sözün kar samiti cingiltili samitə modifikasiya etmişdir. Bu fakt və xüsusiyyətlər digər türk dillərinə nisbətən oğuz dilərində cingiltiləşmə hadisəsinin güclü olması ilə bağlıdır. Qədim kitabələrdə “apa” sözü şimal-şərq dialekti olan Quba şivəsində “aba” şəklində “ata” mənasında işlənmişdir. “Apa” sözü eyni ilə bu məzmununda müasir türk ədəbi dilində “ebe” / “uşağı böyüdü - saxlayan” / şəklində işlənir: “ebe-nine”. O cümlədən bu sözə müasir türk ədəbi dilində geniş işlənən bir ifadənin tərkibində də rast gəlmək olur. Məzmun etibarilə “uzaq qohum” və ya “yaxın dost” mənasını ifadə edən “ahpabım” sözündə. Quruluş etibarilə “apa” sözündən fərqlənsə də, ifadə etdiyi məzmunu eyniliyini qoruyub saxlamışdır. Bar/var(maq) – feli tarixi baxımdan ən qədim türk feli olub bu günə qədər öz varlığını bir sıra törəmələrdə mühafizə etmişdir. Öksər türk dillərində (başq., qaz., kum., qırğ., tat., türkmən, tuv., noq., uyg., yak.) (11, 233) bu fel özünü – bar – formasında göstərir. Yalnız müasir türk ədəbi dilində və Azərbaycan dili dialekt və şivələrində “var”(maq) şəklində qalmışdır.

Ümumiyyətlə, Azərbaycan dilinin dialekt leksikasının mühüm hissəsini türk mənşəli sözlər təşkil edir və belə leksik vahidlər türk ədəbi dilində bu qəbildən olan sözləri aşkar etməkdə əhəmiyyət kəsb edir. Həmçinin Azərbaycan dili dialektlərində və türk ədəbi dilində ərəb, fars dillərindən alınma əlamət və keyfiyyət bildirən ortaq sözlər də yaxın və ya eyni mənada əckar edilib. Azərbaycan dilinin Hamamlı

şivəsində “nahaq” mənəsində işlənən nafilə sözü türk ədəbi dilində “boş, faydasız, işə yaramayan; boş yerə” yaxın mənalarına təsadüf edilib. Azərbaycan dili dialektlərində və türk ədəbi dilində eyni mənəni (axmaq, sərsəri) ifadə edən ərəb mənşəli avdal, budala sözləri hər iki dildə bu gün öz əsl mənəsində işlənmir. Əlamət və keyfiyyət bildirən türk mənəli ortaqlar sözlər cərgəsindən dənsiz, xırsız sözlərini nümunə göstərə bilərik. Bu sözlər hər iki dildə, yəni türk və Azərbaycan dillərində yaxın mənəli söz kimi qeydə alınıb. Azərbaycan dili dialektlərində və türk ədəbi dilində ortaqlar ielənən bəzi əlamət və keyfiyyət bildirən sözlər Azərbaycan ədəbi dilində fərqli mənə ifadə edə bilər. Məsələn, Azərbaycan dilinin Qazax dialektində təsadüf etdiyimiz alçax sözü “sadə” mənəsində işlənən keyfiyyət bildirən sifətdir. Bu sifət türk ədəbi dilində də eyni mənədə işlənilir. Lakin Azərbaycan ədəbi dilində bu söz fərqli mənələr ifadə edir. Türk ədəbi dilində “canlı, hərəkətli, cəld və bacarıqlı” mənəsini ifadə edən qıvrax sözü isə Azərbaycan ədəbi dilində “sağlam, möhkəm, gümrəh, səhhətə yaxşı; yüngül, kip, bədənə yapışan, hərəkətə mane olmayan (paltar, ayaqqabı və s. haqqında)” fərqli mənələr ifadə edir. Azərbaycan dili dialektlərində düzəltmə əlamət və keyfiyyət bildirən sözlərə də təsadüf edilir. Bu sözlər eyni və ya yaxın mənələrdə türk ədəbi dilində də işlənilir. Məsələn, dayanıqlı “davamlı, tab gətirən, səbirli” sözü dayan fəlinə qədim -ik, -ik isim düzəldən cəkilçisinin əlavəsi ilə düzəlir. Buna alçax, qıvrax və s. ortaqlar sözləri də əlavə edə bilərik. Ümumiyyətlə, türk dillərində isim və sifət düzəldən şəkilçilər çox deyil. Lakin qədim türk dillərində bu şəkilçilərin çoxluq təşkil etdiyi ehtimal olunur.

Türk və Azərbaycan dillərində ortaqlar istifadə olunan fellər də az deyildir. Lakin bəzi fellər tamamilə fərqli mənə daşıyır: Azərbaycan dilində saxlamaq, türk dilində durdurmaq; Azərbaycan dilində durmaq, türk dilində kalkmaq; Azərbaycan dilində danışmaq, türk dilində konu etmək (türk dilində danışmaq sözü “məsləhət almaq” mənəsində işlənilir). Azərbaycan dilində vaxtilə ielənmiş bir sıra fellər artıq arxaikləşərək istifadədən qalmışdır (Şabanova, 1985:92). Azərbaycan dili dialektlərindəki fellərin tədqiqatı nəticəsində, türk ədəbi dilində də ielənən fellərin ümumi mənzərəsini aydınlaşdırmaq mümkündür. Azərbaycan dili dialektləri və türk ədəbi dilində ortaqlar işlənən fellərin eyni və ya yaxın mənələrinə təsadüf olunmuşdur: Az.dial. ağırırmaq “hörmətlə qəbul etmək”, türkcədə ağırırmaq “qonağı hörmətlə qəbul etmək”; Az.dial. arımmağ “təmizlənmək”, türkcədə arınmaq “təmizlənmək, təmizə çıxmaq, saf olmaq, nəfsini tərbiyə etmək”; Az.dial. arıtdamağ “təmizləmək”, türkcədə arıtdmaq “təmizləmək, yumaq, paklamaq, qarışıq olan şeylərdən ayırmaq”; Az.dial. baylamaq “ürəyi keçmək, özündən getmək”, türkcədə bayılmaq “hərəkət qabiliyyətini itirərək özündən getmək, ürəyi keçmək”; Az.dial. çalmaq “oğurlamaq, xəlvəti götürmək”, türkcədə çalmak “özünə aid olmayan şeyi xəlvəti götürmək, oğurlamaq” və s. Azərbaycan dili dialektlərində və türk ədəbi dilində işlənən yaxın mənəli fellər də aşkar olunub: Az.dial. aşırmaq “malı və pulu dağıtmaq, yersiz xərc etmək”, türkcədə aşırmaq “oğurlamaq, qapmaq, qapıb götürmək”; Az.dial. basmaq “hürmək, hürə-hürə hücum etmək”, türkcədə basmaq “basqın etmək (qəflətən hücum etmək)”; Az.dial. boğazdamax “boğazından tutub başını kəsmək”, türkcədə boğazlamak “heyvan kəsmək, qurban kəsmək, bir insanı vəhşicəsinə öldürmək” və s. Türk, xüsusilə Azərbaycan dilində hələ orta əsrlərdən etibarən bu fel həm işləklilik, həm də mənə çalarları və variantları baxımından o biri türk dillərindəki qədər geniş yayılmamışdır. İlk yazılı abidələrdən bəzi dilimizin inkişafı müddətində “var” feli yavaş-yavaş öz mövqeyini itirərək, müasir ədəbi dilimizdə isə müstəqilliyini itirərək semantik cəhətdən boşalma keçirmişdir.

Azərbaycan və türk dilçiliyində işlədilən bəzi terminlər eyni olsa da, onların ifadə etdiyi mənələr müxtəlifdir. Azərbaycan dilçiliyində, eləcə də ümumi türkologiyada dialekt, şivə, ləhcə terminləri altında müəyyən bir xalqın danışdığı konkret bir dilin məhəlli formaları nəzərdə tutulur. Türk (Türkiyə) dilçiliyində isə müxtəlif türk dillərinin müstəqil dil kimi qəbul edilməsi ilə yanaşı, ləhcə və ya şivə hesab olunması halları da özünü göstərir. Türk dilləri bir-birinə nə qədər yaxın olsalar da, bu dilləri ləhcə və ya şivə adlandırmaq doğru deyil. Bəzi dil birliklərinin müstəqil dil olub-olmaması mübahisəli olsa da, müasir türkologiyada müstəqil türk dilinin varlığından söhbət gedir. Həm Azərbaycan dili dialektlərində, həm də türk ədəbi dilində işlənən ortaqlar sözlərin əksəriyyəti türk mənşəli sözlərdir. Lakin yad dil elementlərinə də təsadüf edilir. Belə ki, hər iki dildə ərəb, fars, yunan mənşəli sözlərə də rast gəlinir. Azərbaycan dilinin ərəb, fars dilləri ilə əlaqədə olduğunu bilirik. Bu baxımdan Azərbaycan dilində ərəb, fars mənəli leksik alınmaların mövcudluğu heç bir şübhə doğurmur. Lakin Azərbaycan dili dialektlərində yunan mənşəli sözlərin mövcudluğumaraq doğurur. Araşdırmamız onu göstərir ki, müasir Oğuz ədəbi dilləri Orxon-Yenisey abidələrinin qrammatik xüsusiyyətlərini saxladığı halda, leksik xüsusiyyətlərini nisbətən az mühafizə etmişdir. Leksik xüsusiyyətlər Orta Asiya və Sibir türk dillərində daha çoxdur. Bir faktı da qeyd etməliyik ki, dilin leksik vahidləri xalqın həyatında baş verən iqtisadi-siyasi dəyişikliklərlə daha çox əlaqədə olur. Hər bir dilin leksik tərkibi qrammatik quruluşuna nisbətən substrat (yəni, çarpazlaşma zamanı məğlub olan yerli dilin qələbə çalan gəlmə dildəki izləri) təsirinə daha çox məruz qalır. Ona görə də, oğuz qrupu dillərinin müxtəlif dövrlərdə qıpçak-karluq təsirinə məruz qalması, ərəb və fars dillərinin güclü təsiri, ayrı-ayrı oğuz dillərinin müxtəlif dilxarici amillərə məruz qaldıqları dil əhatəsi onların fərdi xüsusiyyətlər kəsb etməsinə

gətirib çıxarır. Təhlil onu da göstərir ki, Azərbaycan dilinin dialekt və şivə materialları Orxon-Yenisey abidələrinin mövcud olduğu dövrlərin leksik xüsusiyyətlərini canlı şəkildə qoruyub mühafizə etmişdir. Digər tərəfdən, dialekt leksikasının Orxon-Yenisey abidələrinin dil materialları ilə qarşılaşdırılması, ayrı-ayrı leksik vahidlərin qədim xüsusiyyətlərini müəyyənləşdirməyə və semantik inkişafını izləməyə imkan verir.

NƏTİCƏ

Qeyd etdiyimiz bu sözlərin mənşəyinə görə hansı dilə məxsus olduğu etimoloji təhlilin köməyi ilə aşkara çıxarılıb. Azərbaycan dialektlərində və türk ədəbi dilində işlənən ortaqlıq leksik vahidlərin çoxu ümumtürk xarakterlidir. Onları bir-birindən yalnız bir sıra fonetik əlamətlərə görə fərqləndirmək mümkündür. Maraqlıdır ki, Azərbaycan dilinin tarixi, onun qədim dövrləri ilə bağlı olan bu sözlər müasir türk ədəbi dilində də eyni və ya yaxın mənada işlənilir. Dilin qədim qatlarına aid olan bəzi fonetik, qrammatik və leksik xüsusiyyətlər müəyyən dövrlərdə ədəbi dildən çıxır, arxaikləşir, amma belə formalar canlı xalq şivələrində saxlanılır. Tarixən eyni coğrafiyanı paylaşan iki qohum dilin ayrı-ayrılıqda inkişaf yoluna qədəm qoyması bu dillər arasında nəzərə çarpacaq fərqlərin meydana çıxmasına zəmin yaratmışdır.

ƏDƏBİYYAT

- Bakı Nəsimi adına Dilçilik İnstitutu (2007), "Azərbaycan dilinin dialektoloji lüğəti".
Şirəliyev, Məmmədağa (2008), "Azərbaycan dili dialektologiyasının əsasları".
Zeynalov, Fərhad (2008), "Türk dillərinin müqayisəli qrammatikası".
Şabanova, Firəngiz (1985). "Oğuz-səlcuq abidələrində qohumluq terminləri" // Türk dillərinin yazılı abidələrinə aid tədqiqlər.
Zeynalov, Fərhad (1981), "Türkologiyanın əsasları".
Rəcəbov, Əbülfəz; Məmmədov, Yəhya (1993), "Orxon-Yenisey abidələri".
"Türk dillərinin tarixi morfolojiyasına araşdırmalar" (1990).

«АҚИҚАТ СЫЙЫ» ЕСКЕРТКІШІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Ф.ғ.д., проф. С.Қ. ИМАНБЕРДИЕВА*
Ф.ғ.к., доцент Л.Н. ДӘУРЕНБЕКОВА**

Мақалада орта ғасырда жазылған түркі поэтикалық жазба ескерткішінің – А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармасындағы ономастикалық кеңістігін зерттеу негізінде оним-дердің бірнеше разрядтарын: антропонимдер, топонимдер, теонимдер, этнонимкосмонимдер, қолданғаны анықталды. А. Йүгінеки өз шығармасының басты мақсаты – Алланы дәріптеу, яғни дидактикалық шығарма ретінде, теонимдерді көп қолданғаны, сонымен бірге онимдерді шығарма ішінде тірек сөздер ретінде мәтін түзушілік қызметте қолдана отырып, оқырмандарға өз ойын жеткізе білгені айқындалды.

Түйін сөздер: оним, ескерткіш, ономастикалық кеңістік, өзек, теоним.

ONOMASTIC SYSTEM OF MONUMENT "TRUTH OF TRUTH"

Abstract

In the article the monument of the Turkic poetry written in the Middle Ages -A. On the basis of the research onomastic space of the book "The Truth of Truth" of Yuginy it has been established that several categories of onyms: anthroponyms, toponyms, theonyms, ethnonym cosmonyms are used. A. Yuginy's main purpose was to make the reader understand his or her use of the theatricals as a didactic work, as well as the use of inyms in the text as a keyword in the work.

Key words: onim, monument, onomastic space, root, theon.

Тіл білімінің ономастика саласы бойынша зерттеулер саны өсіп келеді, мәселен, антропоним, топоним, этноним, космоним түрлері бұрынырақтан зерттеу нысанына айналып келсе, қазіргі кезде эргоним, прагматоним, ойконим сияқты түрлері де кеңінен зерттелуде. Антропоним ішінде лақап, бүркеншік аттары бойынша да кешенді зерттеулер жүргізілуде.

Қазіргі кезде шығарма ішіндегі, оқиғаның ұйытқысына айналған онимдер де назардан тыс қалмаған, оған дәлел ретінде соңғы кезде жарық көрген мақалалар мен кешенді зерттеулерді келтіруге болады [1-4].

А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармасындағы ономастикалық кеңістік біздің зерттеу нысанымыз ретінде алынған. Ресей ғалымы А.А. Фомин: «Біздің көз алдымызда қалыптасып, әлі жалпы қабылданған және тұрақталған атауға ие болмаған ғылымды айтуға болады. Сөз шығарма ономастикасы туралы немесе оны поэтикалық ономастика, не көркем шығарма ономастикасы, не оним поэтикасы немесе атаутану деп атайды - бұл пәннің атауын тағы да жалғастыруға болады. Негізінен бұл ғылым көркем шығармалардағы жалқы есімдерді зерттейді» [5], – деп жазады. Біз прозалық емес, поэтикалық шығарма ономастикасын зерттейтін болғандықтан поэтоним терминін қолдануды жөн көрдік.

Сонымен, аталған шығарманың ономастикалық кеңістігін зерттеу үшін «ономастикалық кеңістік дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беруіміз керек.

Ономастикалық кеңістік теориялық ономастиканың негізгі ұғымы болып табылады. Оның құрамына басқа разрядтың енгізілуі мен жалқы есім дәрежесін беру тұрғысынан бұл ұғымды зерттеушілер әртүрлі талдайды. Сол себептен де бұл ұғым Н.В. Подольскаяның ономастикалық терминология сөздігіне енген болар.

Бізді қоршаған болмысты зерттеу, атау беру принциптері және ақиқат, бейақиқат деп бөлуі, әртүрлі мәдениеттерді салыстыру, барлық реалийлерді (көне дәуірден бастап) таптастыру зерттеушілерге «ономастикалық кеңістік» ұғымын бөліп қарастыруға мүмкіндік берді.

Паляя топономастикасы туралы еңбегінде В.Н. Топоров палидің (көне үнді) топо-ономастикалық (ономастикалық) кеңістігінің көлемін анықтай отырып, оған географиялық объектінің (табиғи және жасанды), әртүрлі кеңселердің, жеке заттардың (сәнді, қару, музыкалық аспаптардың), уақыт кесінділері (күн, ай, дәуір, мейрам, ғұрып т.б.), мәтін мен оның бөлім, жанр, доктрина атау-

* С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті. imansaule@mail.ru

** Еуразия гуманитарлық институты. daurenbekova.laura@mail.ru

лары; жеке тұлға (адам, Құдай, шайтан, жануар және өсімдік т.б.) атаулары және кәсіп, конфессия, ұлт, қаста, жас т.б. белгілері бойынша жеке тұлғалардың топтық атаулары, титул атаулары мен лақап аттары т.б. жатады деп пайымдаған. Сонымен қатар В.Н. Топоров палидің топономастикалық кеңістігі буддалық әлемге көзқарас құндылықтары жүйесінде орын алған заттардың барлығы да жалқы есімдер қатарына енгізілгенін атап өтеді. Басқа тілдерде жалқы есім бола алмайтын немесе кей жағдайда ғана жалқы есім қызметін атқаратын көптеген заттар мен құбылыстардың атауы палиде жалқы есім қызметін атқаратыны палидің ономастикалық ерекшелігі болып табылады. Кез келген зат атауының жалқы есімге айналуы – будда әлемінің жаратылыстан тыс жоғары тұрған құндылықтармен байланыста болуында, ең алдымен, Будда мен Канон ұғымымен байланысты. В.Н. Топоров еңбегінде бір-біріне, біздің ойымызша, синоним ретінде екі – топономастикалық кеңістік және ономастикалық кеңістік терминдерін қолданған [6].

Басқа халықтар мен территорияның ономастикасына қатысты В.Н. Топоровтың қағидасын дамытып, А.В. Суперанская т.б. жалпылап, «белгілі бір тарихи кезеңде социум қолданатын жалқы есімдер жиынтығы ономастикалық кеңістікті құрайды. Белгілі бір кезеңде тілдік топтың атау таққан объектінің құрамына оның (ономастикалық кеңістіктің) көлемі мен ерекшеліктері байланысты» деген тұжырым жасайды [7].

Е.Ә. Керімбаев ономастикалық кеңістік пен ономастикон терминдерінің арасына теңдік белгісін қою керек деп санайды, соңғысы өз кезегінде жалқы есімнің жиынтығы деп анықталады, яғни белгі бір кезеңдегі этностың, социумның жалқы есімдер жасауы, олар онимге тең келеді [8].

В.И. Супрун ономастикалық кеңістікті күрделі көп аспекті әр компоненті көптеген ерекшеліктерге ие және ішкі құрылысының қатынасынсыз жалқы есімдер жиынтығынан тұратын көп объектіні құрылым деп қарайды [9]. Бұл анықтамада В.И. Супрунның ономастикалық кеңістік құрылымына қатыстыруға болмайтын ономастикалық кеңістіктің ішкі құрылымына қатысты айтқан пікірі маңызды (төменгіні қара.).

Барнаулдың орыс топонимдері материалдары негізінде топонимдік жүйенің онтологиялық және ментальдық болмысын зерттей отырып, Л.М. Дмитриева бір ауылдың ономастикалық кеңістігіне қатысты онимдік кеңістік дегені белгілі бір аймақта объектіні атау үшін тілде және сөйленісте қолданылатын жалқы есім разрядтарының кешені деп тұжырымдайды. Осы себептен бір ауылдың онимдік кеңістігі тұтас бір аймақтың онимдерінің дамуының жалпы қарқынын және нақты бір микрожүйе ішінде атау қызметінің ерекшелігін, сонымен қатар берілген аймақтың әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасу ерекшеліктерін көрсетеді. Сондай-ақ автор «бұл кеңістікке тек қана жалқы есімдер ғана емес, сонымен қатар парадигматикалық және синтагматикалық байланысы, тілдік жүйе иелерінің оларды қабылдауы кіреді» деп тұжырымдайды [10].

А.В. Суперанскаяның қатысуымен жасалған ономастика бойынша ұжымды теориялық еңбекте терминологиялық сөздікке енгізуге болатын ономастикалық кеңістік ұғымына нақты анықтама беріледі: «ономастикалық кеңістік – белгілі бір халықтың аймақтық, гипотетикалық және қияли объектілерді атау үшін тілде қолданылатын жалқы есімдер жиынтығы. Ол нақты кезеңде сол халықтың көзқарасындағы әлем моделімен анықталады, дегенмен онда алдыңғы дәуірлердің элементтері де сақталады. Әр мәдениетке, дәуірге, аймаққа жататын адамдардың ономастикалық кеңістігі әртүрлі. Сонымен қатар әртүрлі зат жалқы есімге ие бола алады. Шынайы болмыс заттар әлемі қияли және гипотетикалық заттар әлемімен толықтырылып, шынайы болмыс ретінде қабылданады» [11].

«Ономастикалық кеңістік – тілде қолданылатын ақиқат және бейақиқат онимдер кіретін жалқы есімдердің барлық жиынтығы. Ономастикалық кеңістік зоналы-шектік принцип бойынша ерекшеленді, олар адамның тұрмыстағы қолданыс қажеттілігіне қарай кеңейе түсуі мүмкін. Ономастикалық кеңістіктің өзі өзектік-перифериялық, семантикалық және құрылымдық қатынасына қарай шектік құрылымнан тұрады» [12].

Біз көріп отырғандай, ономастикалық кеңістік туралы зерттеушілердің пікірлері ұқсас, дегенмен олардың разряд арасына қатынасты енгізу, жалқы есімдердің жүйелілігін, жалқы есімдердің көптүрлілігі мен көп аспектілігін ерекшелейтін разряд пен түрлердің ішіндегі парадигматикалық және синтагматикалық байланысты ономастикалық кеңістікке енгізу туралы пікірлері әрқилы болып келеді.

Бұл қайшылықтарды жою үшін А.В. Суперанская әр разряд ішінде бөлінетін «ономастикалық шек» ұғымын енгізді, яғни ономастикалық кеңістіктің секторы. А.В. Суперанская жалқы есімнің ерекшелігін ескере отырып, «ономастикалық шек – бұл ең алдымен, атаудың нақты сәйкестік аясы» деп пайымдайды. Атау семантикалық шек кешеніне кіретін біртұтас ономастикалық кеңістікке енеді.

Бұл шек атау мен объектінің байланысына қарай: ономастикалық кеңістікті аяларға бөлуге сәйкес антропонимдік, топонимдік т.б. болып бөлінеді» [11].

В.Д. Болотов «жалқы есімді түсіну үшін оның ономастикалық шегін анықтау керек» деп санайды. Ол антропоним үшін сөйленісте жекелеуге қатысатын атаудың энциклопедиялық мағынасымен тығыз байланысқан әлеуметтік шек ұғымын енгізген. Жалқы есімнің энциклопедиялық мағынасы көп қырлы, себебі ол бір уақытта бірнеше әлеуметтік шекте өмір сүреді (отбасының әлеуметтік шегі – күйеу, аға, бала; атау иесінің жұмыс жасайтын нақты кәсібінің әлеуметтік шегі, адамның әртүрлі қызығушылық шегі т.б.) [12].

Шек құрылымына қатысты ой жалғасын В.И. Супруннан да табамыз. Ономастикалық шек төмендегі ерекшеліктерге ие нақты тілде ерекшеленетін құрылым болып табылады:

- өзекті-перифериялы қатынастың болуы;
- семантикалық жалпылық;
- ұқсас семантикалық құрылым (дифференциалды және потенциалды семалардың болуы /болмауы);
- жиілік;
- стилистикалық бояуы;
- сөзжасамдық белсенділігі. Бұл белгілер өзара байланысқан, олардың кейбірі өзектіленуі және бейтараптануы мүмкін [9].

Бұл белгілерге жалқы есімнің маңызды ерекшелігі – жүйелікті қосуға болады. Осыған қарамай кейбір зерттеушілер жалқы есімнің жүйелігін жоққа шығарады, дегенмен ономастика бойынша теориялық еңбектерде басқа лексикалық категориялар жүйелігінен ерекшеленетін антропоним мен топонимге қатысты онимдер жүйелігі тұжырымдалады (жалқы есімнің басқа разрядтары жүйелік тұрғысынан зерттеуді талап етеді).

Сонымен, бұл пікірлерден ономастикалық кеңістік шектерге (антропонимия, топонимия, зоонимия, космонимия т.б.) бөлінетін нақты денотаттарға қатысты жалқы есімнің жиынтығы деген ойды бөліп алу маңызды. Әр зонаның жүйелігі мен құрылымы жағынан ерекшелінетін шектік құрылымы бар. Өзекті-перифериялық, құрылымды-семантикалық т.б. қатынастардан тұратын шек құрылымынан ономастикалық кеңістік шығады. Зерттеушілердің бірауызды пікірлері бойынша, антропонимдер ономастикалық кеңістіктің өзегі болып табылады, антропонимге ұқсас құрылымдар (зоонимдер, теонимдер, мифонимдер) өзек тұсы кеңістігін алады, өзекке топонимдер, космонимдер, астронимдер тартылады, себебі адамның қызмет аясына кірген барлық географиялық және ғарыш объектілерінің жалқы есімі бар. Дегенмен бұл разрядтар әр түрі периферияда орналаса алады. Ономастикалық кеңістіктегі перифериялық орын жалқы есімнің басқа разрядтарына тиесілі (фалероним, эргоним, прагмоним).

Жалпы алғанда, ономастикалық кеңістік әлемге көзқарас, белгілі бір этностың әлем танымын білдіретін әлемнің ономастикалық бейнесінің және әлемнің тілдік бейнесінің кесіндісі болып табылады.

Ежелгі дәуірден жалқы есімдердің тілдегі ерекше орны мен олардың мәніне назар аударылған. Көне дәуір ойшылдары жалпы есімдер мен жалқы есімдерді бөліп қарастырған, атаулардың ақиқаттығы мен қажеттігі, зат пен атаудың тығыз байланысы, атаулардың мағынасы, атаулардың жекелік тұлғалығы т.б. жөнінде ережелер жасалды.

Ономастика саласы қалыптасқаннан бері ғалымдар көбірек көңіл бөліп, жалқы есімдердің түрлерін анықтаған. Соның негізінде «ономастикалық кеңістік» термині қалыптасқан, яғни онимдердің разряд түріне қарай ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайтын онимдер (антропоним, топоним, космоним, зооним) және өзектен тыс шектік онимдер (эргоним, идеоним, библионим т.б.) деп ажыратылған.

Сонымен қатар зерттеу нысаны мен нысанасына байланысты ономастикада бірнеше бағыттар қалыптасқан. Біздің қарастырып отырған бағытымыз – поэтикалық ономастика.

Поэтикалық ономастиканың мақсаты көркем мәтінде поэтонимдердің қолданыс ерекшелігі мен заңдылықтарын, оларды жасау және шығарма жанрына қарай таңдау принциптерін, мәтінді лингвистикалық интерпретация жасауда поэтонимдердің мүмкіндіктерін, поэтонимдердің қызметін (мәтін жасаушы, ерекшелігін көрсетуші, стилистикалық, идеологиялық, экспрессивтік т.б.) анықтау. Поэтикалық ономастика әдебиеттанумен тығыз байланысты, оның ұғымдарын, терминдерін, әдістерін жалқы есімдерді толық және жан-жақты талдау, әдебиеттанудағы ерекшелігін анықтау үшін қолданады. Сонымен қатар көркем шығармалардағы жалқы есімдерді жүйелі түрде зерттеу нақты

автордың ойы мен эстетикалық белгілерін, оның және таңдаған жанрының көзқарасын ашуға мүмкіндік береді [13].

А. Йүгінеки онимдердің бірнеше разрядын қолданған, олар: антропонимдер, топонимдер, теонимдер, этноним, космонимдер, библионим.

Түркі халқы, соның ішінде қазақ халқы үшін құнды болып табылатын бұл еңбектердің онимдерін талдап анықтау автор заманындағы және одан бұрынғы кезеңнің экстралингвистикалық факторларын ашуға мүмкіндік береді. Ә.Нәжіптің анықтауы бойынша, бұл шығармалар X-XIV ғасырларда жазылған. «Ақиқат сыйы» шығармасының басты тақырыбы – «сұлулық», «махаббат», дегенмен бұл шығарманы арнау шығарма деп атаса да болады.

Сонымен қатар Алла тағалаға мадақ айтқанда, пайғамбарларды атымен атап, олардың Тәңірі алдындағы қызметін атау арқылы оның құдіреті мен пәрмені жеткізіледі. Кейіпкерлердің мінезін, бейнесін көрсеткенде жазушылар олардың есімдерінің мағынасын түсіндіруге жүгінеді. Мұның себебі салыстыру арқылы берілген есімдердің мағынасын түсіндіру тиімдірек және жеңіл қабылданады, сонымен бірге автордың көздеген мақсатына жетудегі ең басты құралы болып табылады.

Аталған шығарма ономастика үшін бізге жеткен үлкен дереккөзі екені даусыз. Ал шығармадағы ономастикалық кеңістікті әр қырынан зерттеп, қазіргі кездегі мәнін анықтау – тіл біліміне қосқан үлесіміз болып табылады.

Кесте 1 – Тарихи ескерткіштің ономастикалық кеңістігі

№	Онимдер	«Ақиқат сыйы»	
		саны	%
1.	антропоним	9	34,6
2.	топоним	2	7,6
3.	теоним	12	46,1
4.	этноним	1	3,8
6.	космоним	2	7,6
8.	библионим	1	3,8
Барлығы:		26	100

Бұл кестеде берілген онимдердің уәжі, одан әрі түрлерге бөлінуі келесі тараушаларда сөз етіледі. Негізінен бұл кесте арқылы біз А. Йүгінекидің ономастикалық шек өзегін құрайтын антропоним, топонимдерден басқа, сол өзекке тартылатын, өзектен тыс, шегінде орналасқан онимдерді де қолданғанын аңғарамыз. Осының негізінде сол кездің өзінде діни көзқарастағы дидактикалық мәнде жазылған шығарма болғанына қарамастан, антропоөзектік парадигма тұрғысынан алғанда кісі есімдері басым екенін, адамзатқа қатысты дүниелер, солардың бинарлы «жақсы» - «жаман» деп қабылдауынан туындаған өмірді суреттеу орын алғанын анықтауға мүмкіндік туындайды.

А. Йүгінеки шығармасының басты мақсаты – Алланы дәріптеу, яғни дидактикалық шығарма ретінде, теонимдерді көп қолданған, сонымен бірге онимдерді шығарма ішінде тірек сөздер ретінде мәтін түзушілік қызметте қолдана отырып, оқырмандарға өз ойын жеткізе білген. Мәселен, космонимдердің, кейіпкер есімдері т.б. онимдердің қолданысы арқылы «Ақиқат сыйы» арнау шығарма екендігін аңғартқан.

а) топонимдер:

А. Йүгінеки ескерткіште өзінің шыққан жерін көрсетуде *Йүгінек* топонимін қолданған.

Түркістан өңірінде *Жүйнек//Жөйнек* топонимі кездеседі, жергілікті өзбек диаспорасының тілінде *Иөйнак*. Бұл жер – түркіден шыққан философ, ақын Ахмед Йүгінекидің Отаны. Жергілікті диалектідегі *жүйек* (парсы тілді *жүй* + *ек* қазақ тілі affixсінің бірігуі арқылы жасалған) термині «геометриялық ретпен орналасқан өте ұзын, бірақ терең емес арықтар, суару арналары» мақта, жүгері және бақша өнімдерін суаратын шаруашылықтарда қолданылады. Яғни генетикалық тұрғыдан *Жөйнек//Йүгінеки// Иөйнак* және қазақ тіліндегі *жүйе//жүйек* парсы тіліндегі *джүй* лексемасымен жақын деуге болады [14].

Шайырдың жерінің аты *Йүгінек* деп аталады.

Ескерткіште қолданылған бұл топоним екі қызмет атқарып тұр, яғни негізгі мәтін түзуші және адрестік қызметін атауға болады.

ә) антропонимдер:

«Ақиқат сыйы» шығармасындағы антропонимдерді келесі топтарға таптастыруымызға болады:

а) *халифтердің лақап аты:*

Садық пен Фарух, үшіншісі Зу н-нураин.

а) халифтердің шын аты:

Төртіншісі Әли теңдесі жоқ батыр.

Бұқараға шапағатты, Сәлімнен жұмсақ,

Шариғат жолында Омар сияқты білгір.

Қолы ашықтығы Оспанға тең.

б) би, патша есімі:

Сезімталдығы Айаздың дәл өзінен асады,

Әділеттілігі жөнінен нағыз Наушарбан.

в) ақын (автор) есімі:

Атым шайыр Ахмет, сөзім – өнеге, өсиет

Әдіб Ахмет оның ұлы. Мұның еш шәгі жоқ.

г) ақынның әкесінің аты:

Атасының аты – Махмұд Йүгінеки.

д) шығарма арналған ел билеушінің есімі:

Мәртебелі әмір, ел билеуші және басқарушы Арыслан Қожа тарханның – оған алланың рақымы, нұры жаусын!

Кесте 2 – «Ақиқат сыйы» антропонимдердің статистикасы:

№	антропонимдер	қолдану жиілігі
1.	Зу н-нураин	1
2.	Фарух	1
3.	Садық	1
4.	Әли	1
5.	Сәлім	1
6.	Омар	1
7.	Оспанға	1
8.	Айаздың	1
9.	Наушарбан	1
10.	шайыр Ахмет	1
11.	Әдіб Ахмет	1
12.	Махмұд Йүгінеки	1
13.	Арыслан Қожа тархан	1

б) теонимдер:

А. Йүгінеки ескерткішті Ж. Баласағұн, Қ.А. Ясауи, Хорезми сияқты Аллаға мадақ айту, рұқсат сұраудан бастайды:

Бұл құдіреттің иесі ұлы бір Құдай

Өлгендерді тірілту оған оп-оңай.

Уа, Алла, кешіруші иемсің, кешір!

Қазаны жаратқан да, беретін де Құдай.

Саған реніш, оған қазына берген Құдай.

Алла, Тәңір, Құдай, Жаратушы теонимдерінен басқа исламға дейінгі наным-сеніміне байланысты түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы белгілі бір пір, әулиелерге сиынған, соларды құрмет тұтып, қолдаушы ретінде қабылдаған.

X-XIV ғғ. түркі жазба тарихи ескерткіштердегі және қазіргі қазақ тіліндегі Алла, Тәңірі, Құдай онимдері бір ұғымда қолданылып, ұрпақ, мәдениет жалғастығының айғағы болып табылады. Бұл, әрине, еш күмән туғызбайтын ақиқат болып табылады.

в) космонимдер:

А. Йүгінеки шығармада Симак космонимін қолданған:

Симак жұлдызынан әрігірек қамқорлық етеді.

Бұл жұлдыз туралы бірнеше пікір қалыптасқан: М.Ө. Ысқақов «Халық календары» атты еңбегінде: «Балықтар – латынша *Пишес*, грекше *Иксиус*, еврейше *Дуг*, сирияша *Нуна*, арабша *әт-Хұт* немесе *әл-Самака*, парсыша Махи, орысша Рыбы», – деп келтіреді [18]. Сонда *әл-Самака* – балықтар шоқжұлдызы.

Б. Сағындықұлы т.б. ғалымдар Симак жұлдызын *Арктур* деп атайды [19]. Біздің пікірімізше, оның бірнеше себебі бар: 1) күннен 110 есе жарық, спектрдің инфрақызыл бөлігін ескергенде Арктурдың жарық шашуын 180 күн жарығын құрайды (боллометриялық); 2) ғарыш масштабы бойынша

жерге жақын орналасқан; 3) Арктур қозғалысы, басқа да үлкен жұлдыздарға қарағанда (Центаврды есептегенде) өте үлкен; 4) Арктур арабша *Харис-эль-сема «аспан қорғаушысы»*.

Сонымен бірге Бикештер шоқжұлдызындағы жұлдыз Ас-симақ араб тілінде «өрлеуші, биіктеуші» дегенді білдіреді [18].

Жоғарыда келтірілген пікірлерді ескере отырып, біз А. Йүгінекидің қолданған *Симақ* жұлдызы деп *Арктур* жұлдызын атаған деген пікірге тоқтауды жөн көрдік. Себебі, біріншіден, Арктур оңтүстік аудандарда жол нұсқаушы қызметін атқарады, оны жай көзбен бақылауға болады, екіншіден, Арктур арабша *Харис-эль-сема «аспан қорғаушысы»* деген мағына береді, яғни қамқорлық етеді. Ал А. Йүгінеки ыспаһсалар, бектерді мадақтауда: «Симақ жұлдызынан әрігірек қамқорлық етеді», – дейді.

г) этнонимдер:

А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» тарихи ескерткішінде тек бір этноним кездесті:

Мұның бәрі *араб* тілінен ғибрат.

Ақын шығармасының араб тілі негізінде жазылғанын көрсеткен, яғни ол өз білімін араб тіліндегі материалдар негізінде байытқан, бұл қосымша ақпарат.

ғ) библиономдер:

А. Йүгінеки шығарманың аталуы туралы ақпарат берумен қатар, сол ақпаратты автордың өзі туралы қосымша ақпарат ретінде жеткізген:

Әдіб Ахмет оның ұлы. Мұның еш шәгі жоқ.

Кітабының аты – «*Ақиқат сыйы*».

Бүкіл жаратылғанның патшасы – Алланың көмегімен «*Ақиқат сыйы*» аяқталды.

Басты назар аударар тұсы – автор. Сонымен бірге А. Йүгінеки барлық іс-әрекет, соның ішінде шығарма жазу тек бір Алланың қолдауымен жасалатын іс екенін мойындаған және мұны библиономді қолдану арқылы көрсете білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жаппар К.З. Эстетические функции имен собственных в поэзии О.Сулейменова: автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 26 с.

2 Оразғалиева Г. Тюркоязычные топонимы в прозе А.С.Пушкина: автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 1990. – 19 с.

3 Махпиров В.У. Собственные имена в памятнике XI в. «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского: автореф. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1980. – 25 с.

4 Керімбаев Д.М. Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2004. – 24б.

5 Фомин А.А. Литературная ономастика в России: итоги и перспективы // вопросы языкознания. – М. – 2004. – № 1. – С. 108-120.

6 Топоров В.Н. О палийской топономастике // Топонимика Востока. – М.: Наука, 1969. – С. 31-50.

7 Суперанская А.В., Сталтмане Э. В., Подольская Н. В., Теория и методика ономастических исследований. – М.: Наука, 1986. – С. 197.

8 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – С. 131-132.

9 Супрун В.И. Ономастическое поле русского языка и его художественно-эстетический потенциал. – Волгоград, 2000. – С. 156.

10 Дмитриева Л.М. Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая). – Барнаул, 2002. – С. 156-159.

11 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – С. 276-284.

12 Болотов В.И. К вопросу о значении имен собственных // Восточнославянская ономастика. – М.: Наука, 1972. – С. 333-346.

13 Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – с. 31.

14 Рысбергген Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. – Алматы, 2009. – Б. 29.

15 Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. – Алма-Ата, 1997. – С. 43.

16 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – Б. 54.

17 Ислам. Энциклопедия. – Алматы, 1995. – Б. 34.

18 Исақов М.Ө. Халық календары. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 318 б.

19 Ахмет Йүгінеки. Ақиқат сыйы. – Алматы, 1985. – 135 б.

«ДАСТАРҚАН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ф.ғ.д. профессор м.а. **А.Т.ОНАЛБАЕВА***
Магистр, аға оқытушы **А.А.ЗАДАЕВА****

Түйіндеме

Мақалада қазіргі таңда тіл біліміндегі зерттеулердің көбі негізгі категория ретінде қарастырып отырған концепт ұғымы қарастырылады. Зерттеуде концепт ұғымының табиғаты қарастырылып, дастарқан концептісінің этномәдени ерекшеліктері айқындалады. Қазақ ұғымындағы отбасының береке-бірлігін, құтты, киелі қонақжайлықты, үй иесінің абыройын, ризық-несібесін білдіретін, үнемі барынша мол жайылуы иесінің пейілін көрсетеді деп саналатын қастерлі ұлттық мүлік- дастарқан, концепт ретінде зерттеледі. Дастарқан концептісінің күрделі де терең құрылымы ашылып ғана қоймай, салғастырмалы тіл білімінің тың нәтижелермен толықтырылған. Дастарқан қазақтар ұғымында аттап өтуге болмайтын қасиетті нәрсемен, бірлесіп тамақ ішу, біреулермен бір дастарқанда отыру таныстықты, жақындауды, достық қарым-қатынас орнатуды білдіреді. Дастарқанға шақыру біреулермен өте жақын, жылы қарым-қатынас орнату ниетін білдіреді.

Тірек сөздер: концепт, ұғым, мәдениет, лингвомәдениеттану, қонақжайлылық

NATIONAL CULTURAL FEATURES OF CONCEPT "DASTARHAN"**Abstract**

The article considers the notion of concept that many of today's linguistic studies view as a key category. The study examines the nature of the concept of concept and determines the ethnocultural features of the table conception. As a concept, it is considered as a conservative national treasure, which is considered to reflect the patriotism of the holder of the Kazakh identity, which reflects the well-being of the family, which reflects the unity of the family, the blessed, the hospitable, the prestige of the homeowner, the riches of the homeowner. The complex and deep structure of the lunch concept is not only discovered, but also complemented by the results of comparative linguistics. It is a litany of the Kazakhs' concept of sacredness, eating together, eating with friends, dating, and friendship. The invitation to the table signifies intimacy with someone very close to you.

Keywords: Concepts, intention, Culture, Linguistics, Hospitality.

КІРІСПЕ

Заманауи когнитология мен лингвомәдениеттанудың негізгі терминдерінің бірі концепт болып табылады, осы термин адамның ойлау үрдісінде жұмыс істейтін мағыналар туралы және адам тәжірибесі мен білімінің мазмұнын, оның бүкіл өмірінің мазмұнын және білімнің қандай да бір «кванттары» түрінде өмірді тану үрдістерін көрсететін ұғымдарға жауап бере алады.

Концепт бірқатар зерттеушілердің: Н.Ф. Алефиренко, Н.Д. Арутюнова, А.П. Бабушкин, В.В.Воробьев, В.И. Карасик, В.А. Маслова, Ю.С. Степанов, Ш.К. Жаркынбекова, А. Ислам, Н.Г. Шаймерденова және т.б. еңбектерінде, тіл мен мәдениеттің өзара әрекетіндегі олардың бірлігі ретінде қарастырылады, бірақ осы уақытқа дейін біз екі аралас мазмұндардың: ұғым мен концепт арасындағы мазмұнды айырмашылықтарға қатысты көптеген түсіндірмелерді байқаймыз. Мысалы, Ю.С. Степанов оларды келесідей дифференциациялайды: ... ұғым – ол заттар мен құбылыстардың жалпы және маңызды белгілерін көрсететін заттар мен құбылыстар туралы ой, ал концепт – ол тек абстрактті емес, сонымен қатар нақты-ассоциативтік және эмоционалдық-бағалау белгілері кіретін идея, концепттер тек ойға ғана келіп қоймайды, олар күйзеліске де ұшырайды... концепт – ол мәдениет әлемі мен жеке мағыналар әлемі арасындағы қиылысу нүктесі, ол адам санасындағы ұйысқан мәдениет және адамның өзі мәдениетке сол арқылы кіреді» [1, 41-42].

Д.С. Лихачев, концепт – ол сөзді жеке санада және белгілі бір мәнмәтінде ауыстыру, ол тұлғалық ойлау, мәннің мазмұнды минимумы ретінде объективті мән мен ұғымды түсіндіру, деп санайды [2, 281].

Қазіргі таңда тіл біліміндегі зерттеулердің көбі негізгі категория ретінде концепт ұғымын қарастырады. «Концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, e-mail: a.onalbaeva@mail.ru

** E-mail: zadavaalmagul@mail.ru

тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі» [3, 267 б.].

Ю.С. Степанов мәдениетті түсінудің концептілік тәсілін көрсетеді, оның концептісінің негізгі ережелері келесіні меңзейді:

- мәдениет тұжырымдамамен берілген;
- мәдениетте таза материалдық та, таза рухани да құбылыстар жоқ, өйткені олар үнемі жұптасып жүреді;
- мәдениет концептілері эволюциялық және синхронды семиотикалық қатарлар құрады;
- эволюциялық семиотикалық қатарлар – уақыт бойынша бір-бірін ауыстыратын құбылыстардың дәйекті қатарлары, бұл ретте алдыңғыдан келесіге функциялар сабақтастық қағидасы бойынша беріледі;
- әртүрлі эволюциялық қатарлардан мәдениет концептілердің қатысуымен қалыптасатын синхронды семиотикалық қатарлар бір дәуірге жатады;
- әртүрлі эволюциялық қатарлардағы мәдениет концептілері, менталды изоглосса құра отырып, ортақтығымен, ұқсастығымен бірігуі мүмкін;
- концептілер мен олардың байланыстары жалпы қоғам мен жекелеген топтар үшін таратылуы және маңыздылығы бойынша дифференцияланады;
- мәдениет – ол әртүрлі қатарларда (ең алдымен «эволюциялық семиотикалық қатарларда», сондай-ақ «парадигмаларда», «стильдерде», «изоглоссаларда») көрінетін концептілері мен қатынастар арасындағы олардың жиынтығы [1, 21-38].

А.А. Залевская психоллингвистика тұрғысынан, концептіні адам санасында объективті болатын, ғылыми сипаттау (конструкторлар) өнімі ретінде емес ұғымдар мен мәндерден өзгеше динамикалық сипаттағы перцептивті-когнитивті-аффективті құрылым, деп сипаттайды [4, 39].

А. Соломоник концептіні нақты тұрмыстық ұғым базасында жасалған абстрактті ғылыми ұғым деп анықтайды [5, 246].

В.З. Демьянков, көркем әдебиет пен ғылыми тілде ұғым мен концепті талдай келе, ұғым – ол адамдар не туралы келіскені, адамдар оны мәселелерді талқылау барысында «ортақ тілке келу үшін» құрастырған; ал концептілер өздігінен өмір сүреді, оларды адамдар сенімнің (сенімсіздіктің) қандай да болмасын бір деңгейінде қайта құрылымдайды, деп санайды [6, 45].

В.В. Колесов, ұғым мен концепті келесідей ажыратады: тұжырымдама – ол өзінің мазмұнды формаларында – бейнеде, ұғымда және символда пайда болатын болмыс... Ұғым концептке жақындауды білдіреді, ол концептінің мазмұнды формаларының бірі ретінде оның көрінісі. Концепт – менталды генотип те, гендік жадының атомы да... архетип те, бастапқы бейне де, және тағы да көптеген басқалар, деп тұжырымдайды [7, 19-20].

С.Г. Воркачев, ұғым (intellectus) ақыл-парасатты және рационалдық біліммен (түсінумен) байланысты, концепт (conceptus) –мағыналарды шығармашылықпен көрсете алатын жоғары рухтың, ақылдың туындысы, деп санайды [8, 16].

С.Х. Ляпин: «... концепт – ол – дүниеде нақты жағдайларға байланысты әртүрлі мамандандырылған формо құраушыларға айналатын адам болмысының мағыналық кванттары, болмыстың «гештальттары»... концепттер мәдениет генотипіне кіретін және мәдениеттің феноменологиялық бетін анықтайтын ерекше мәдени гендер мәні, оның фенотипі...» [9].

Біз зерттеуімізде В.И. Красиктің: «ол тәжірибенің адам жадында сақталатын, маңызды танылатын типтелген фрагменттері болып табылатын менталды құрылымдар. Осы бірліктердің типтелуі әртүрлі стереотиптер түріндегі ұғымды бекітеді, олардың танылуы олар туралы ақпаратты басқа адамдарға беруге мүмкіндік береді, олардың маңыздылығы жеке және ұжымдық тәжірибеде болмыстың маңызды (сондықтан эмоционалдық күйзелетін) сипаттамасын бекітеді. Концептінің осы сипаттамалары олардың көркем-перцептивтік, ұғымдық және құндылық жақтарын білдіреді», - дейтін анықтамасын пайдаланамыз [10, 24].

Сонымен концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттың мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым [11, 56 б.].

Дастарқан сөзі иран тілінен шыққан. Этнографиялық термин ретінде 15-томдық «Әдеби қазақ тілінің сөздігінде» ол келесідей түсіндірілген: «Қазақ ұғымындағы отбасының береке-бірлігін, құтты, киелі қонақжайлықты, үй иесінің абыройын, ризық-несібесін білдіретін, үнемі барынша мол жайылуы иесінің пейілін көрсетеді деп саналатын қастерлі ұлттық мүлік» [12, 512-б.].

Дастарқан сөзінің семантикалық құрылымы күрделі, ол «дастарқан» тұжырымдамасының ұғымдық құрамдаушысына кіреді. Осы тұжырымдаманың көркем-ассоциативті құрамдаушысы келесі түрде түсіндіріледі: *дастарқан* қазақтар ұғымында аттап өтуге болмайтын қасиетті нәрсемен салыстырылады (*дастарқаннан аттау фразеологизмін қараңыз*), бірлесіп тамақ ішу, біреулермен бір дастарқанда отыру таныстықты, жақындауды, достық қарым-қатынас орнатуды білдіреді (*дастарқандас болуды қараңыз*). Дастарқанға шақыру біреулермен өте жақын, жылы қарым-қатынас орнату ниетін білдіреді (*дастарқаннан дәм тату*):

Дастарқан сөзінің семантикасында үнемі жағымды баға бар: *дастарқаны мол, берекелі дастарқан, қасиетті дастарқан*. Алайда барлық сөздік анықтамаларда өте маңызды мезет пайдаланылмайды: дастарқан – ол тек белгілі бір мақсаттарда ұйымдастырылған сый, тамақ ішу ғана емес, ол сонымен қатар өте маңызды, асықпай жүргізілетін қатынас, үнемі дастарқан басында қонақтар үшін де, үй иесі үшін де қызықты да мәнді қарым-қатынас болады деп күтіледі. З.К. Сураганова, қонақжайлық институты әртүрлі тарихи этностық мәдениетте кеңінен тараған, деп атап өтеді [13]. Бүгінгі таңда ол мәдени әмбебаптық ретінде танылған. Әлеуметтік организм ретінде қонақжайлылықтың бірқатар міндетті құрамдаушысы бар: қонақты, сондай-ақ оның мүлігін қорғау және тиіспеу (белгілі бір уақытқа, ол біткеннен кейін қонақ ондай басымдықтан айырылады), баспана мен тамақ беру, оны біраз жолға дейін шығарып салу (үй иесінің немесе үй иесі жататын тектің, рудың иелігіндегі жерге), егер қонақты біреулер қуып келе жатса, көлікпен қамтамасыз ету, және соңында салтанатты түрде сыйлық алмасу.

С.Е. Толыбеков оны былай түсіндіреді: «Қонақжайлық институты үнемі әртүрлі оқиғаларға, аштыққа, суық пен аптап ыстыққа ұшырайтын көшпенділердің әскери-дала өмір салты жағдайындағы өте қатты қажеттілігінен туындаған, аш болғанда тамақ берген, суықта жылу берген, ыстықта су берген адамның жақсылығын ешқашан ұмытпау. Көшпенділер қоғамында тамақ берген адамға құрмет, сый мен көмек көрсету өте жоғары адамгершілік деп танылған» [14, с. 96]. С.Е. Толыбековтың ойын түсіндіре отырып, қонақжайлық институты қазақ халқының адамдарға деген қайырымдылық, тілектестік және достық, құрметпен қарау, оған көрсетілген көмегіне, тіпті ол аз болса да, ризашылық білдіру, сонымен қатар белгілі бір қорғаныс сезімінің қалыптасуына ықпал етті деуге болады, өйткені кез келген қазақ қиын жағдайда, әсіресе жолда көмек алуға құқылы.

Қонақжайлық дәстүрінің өзін және оның жекелеген аспектілерін қазақ паремияларынан көруге болады, солардың біреуінің – «Қонғанша қонақ ұялар, қонған соң үй иесі ұялар» (букв. в гостях гость стесняется, после его прихода хозяин стесняется) терең түсінігін біз орыс шенеунігі Владимир фон Герннің жазбаларынан табамыз. Автор, қонақтың ұялатыны ол үй иесін шығынға ұшыратады, оған «тамаққа қолданатын ең жақсы малы (қой немесе жылқы – қонақтың алатын қоғамдық жағдайына байланысты) кетеді және қонақ кетер кезінде өзінің жағдайына сәйкес сыйлық – бағалы шапан немесе тіпті ат алу керек». Үй иесінің қысылуы «келген қонақ оның қонақжайлылығына риза болмай қала ма, риза болмай қалса, жолда болсын, үйіне келгеннен кейін де өзінің туыстары арасында оның сараңдығы мен қонақжайлық дәстүрін сақтамағаны туралы айтып, масқара болып қаламын ба деген қорқыныш» [15, 211-б.].

С.З. Зиманов қонақжайлық дәстүрін патриархалды белгілердің қалдығы ретінде түсіндіріп, XIX ғасырдың өзінде-ақ осы «өз кезінде өндіріс құралдары мен өнімдеріне қоғамдық меншік базасында пайда болып, дамыған ескі дәстүр үлкен кідірістермен сақталған», - деп атап көрсетеді. Ғалым пікірі бойынша, осы дәстүрдің өміршеңдігі, бір жағынан, ол «әркімнің басқаға қарым-қатынасы» бойынша қоғамдық парызы болғандықтан, екінші жағынан, «қоғамның өзі осы дәстүрлі ғұрыпты сақтап қалуға мүдделі болғандықтан», - деп түсіндіріледі [16, 67-б.]. Басқа сөзбен айтқанда, қонақжайлық институты адамдарды бір тұтас қоғамға біріктіруге бағытталған. З.К. Сураганова осы ойды былай түсіндіреді: адам бақыты өткен ұрпақтарға (аруаққа), қазіргі аға ұрпаққа (ақсақалдарға) және болашақ ұрпаққа қасиетті қарым-қатынас дәстүріне байланысты.

Ол «*Аруақ риза болмай, тірі байымайды*» премиясында айқын көрінеді. Осы мақал аруақтар рухына құрбандық шалып, қанағаттандыру керек дегенді білдіреді, өйткені халық түсінігі бойынша, тірі адамдардың игілігі аруақтардың күшті рухына байланысты. Демек, дәстүрлі қазақ қоғамында қонақжайлық Алғашқы ата рухымыз Алашқа құрбандық шалу ретінде болады және реттеуші, рухани, этикалық және практикалық функцияларды атқарады [13, 98-б.].

Адам өмір сүру ортасын ұйымдастыратын барлық мәдениеттерде бастапқы құрылымдаушы рөлін табиғи тіл атқарады, оның көмегі арқылы адам белгісіз және бөтен әлемді, оны аттар әлеміне түрлендіру отырып, меңгереді. «Тіл барлық коммуникативтік үрдістердің өзегі болып табылады, олардың ішінде естілетін сөз басты рөл атқарады. Бірақ тек табиғи тілмен ғана қанағаттанатын бірде

бір қоғам жоқ. Оның өзі тек өзге коммуникация жүйелері аясында ғана толыққанды мәдениет институты ретінде дами алады. Бұл ретте ақпараттың белгілі бір түрлері арнайы ұйымдастырылған коммуникативтік жүйелерді талап етеді».

Түркі қоғамының дәстүрлері ең алдымен ауыз сөзге бағдарланған. Түркі дүниетанымы үшін міне осы сөйлеуші мен тындаушы арасындағы қарым-қатынас, ауызша диалогтік қарым-қатынас құнды болып табылады, ал ол түркі халықтарының сөз басымдығын қалыптастырған. А. Қайдаров: «Сөз басымдығы – көптеген түркі рулары мен ұлыстарының ортақ игілігі, міне көптеген сөздердің ортақ салттық мәндерінің, сөзге байланысты дәстүрлі ырымдар мен ғұрыптардың, сондай-ақ этнографиялық мазмұндарға толы ұқсас және балама сөз формулаларының, штамптар мен тұрақты сөз тіркестерінің болуы осымен түсіндіріледі... Біздің ертедегі ата-бабамыз өзінің ертедегі даму кезеңдерінде табиғат құбылыстары мен оларды қоршаған әлемді бір түсініксіз, құпия және ғажайып нәрсе ретінде қабылдаған, деп санауға болады. Әрине, осындай құбылыстардың бірі адам тілі болды, соның арқасында олар, өзара түсінісу мен табиғи апаттарға қарсы бірлескен күресті ұйымдастыра отырып, өзара тілдесіп қана қойған жоқ, сонымен қатар белгілі бір түрде қоршаған ортаны өзгертуге тырысты. Адамдар адам тілінің құдіретті күшіне, сөздердің ғұрыптық мәніне сеніп, одан кез келген табиғат құбылысы сияқты жақсыны да, жаманды да көрді. Біздің ата-бабаларымыздың санасында сөз көп түрлі және әмбебап, «барлығын жасай және түрлендіруге: тіріні өлтіріп, өліні тірілте алатын, ауруды емдеп, сау адамды ауру қыла алатын, қиындықтан қорғап, бәлеге ұшырата алатын, адамды көтеретін және кемсітетін, қорғай және жоя алатын және т.б. қабілетті» нәрсе ретінде қабылдаған. [14, 74-б.].

Сөз мәдениеті туралы айта отырып, тіл мен сөздің құдіретті функциясына сілтеме жасайды, оның барысында объект пен оның сөздік атағы теңестіріледі. Бірақ құдіретті ой тек сөз басымдығы ретінде ғана емес, сонымен қатар құдіретті әрекеттер ретінде де көрінеді.

Қазақтың сөз дегені тек сөзді, тілді ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынасты да білдіретіні жалпы барлығына мәлім. Біз сөз басымдығы туралы айтқан кезде, оны біз қарым-қатынасқа да, және А.Т. Қайдаров нақты және айқын сипаттаған өзінің барлық ғұрыптық функцияларын атқара алатын ауызша диалогтік қарым-қатынасқа да аударуымыз керек. Өзін дүниенің, табиғаттың бір бөлігі ретінде сезіне отырып, түркілер қарым-қатынасты, қазіргі уақытта біз оны – тұлғааралық өзара әрекет деп түсіндіретін сияқты тар және нақты емес, кеңірек – адамның қоршаған әлеммен, бөтен дүниемен өзара әрекеті деп қабылдаған, оны бірқатар тарихшылар да, этнографтар да биязы атап өткен. «Сөзге деген үлкен назар аударатын түркі мәдениетінің ауызша сипаты диалогты адамның сыртқы ортамен өзара әрекетінің әмбебап механизміне айналдырған. Қоғам өзінің табиғаттан объективті түрде бөлек екенін түсіне бастай сала, интуициялық түрде бұзылып бара жатқан бірлікті - ұқсастықты қалпына келтіруге тырысады, барлық мүмкін тәсілдермен байланысты ұзартуға ұмтылады. Адамдар әлемі мен өзге әлемнің екі жақты өзара қарым-қатынасының қиын да, драмалық үрдісі соңында ақпарат алмасу және оны түсінумен аяқталған» [8].

Түркілердің қатынас басымдығын, сөз басымдығын сипаттай отырып, біз *сөзді* → *мілді* → *қатынасты* жоғары құндылыққа жатқызу түркілердің тіл туралы және ең алдымен сый, жаңалық ретінде жоғары күш әсері нәтижесінде берілетін шешендік туралы ойын білдіретінін ұмытпауымыз керек.

Анық және айқын тіл адамдар қоғамына жататындықтың ең маңызды көрсеткіші болып табылатын, бұл ретте адам қарым-қатынаста қаншалықты сөз шеберлігін таныта білсе, ол соншалықты шешендік өнерін, тапқырлығын көрсетіп, қауымдастықта басқа адамдармен салыстырғанда деңгейі жоғары, құдай берген сыйға ие, құдай берген рақымға ие адам ретінде өте жоғары бағаланған. Ал сөзге шорқақ адам, керісінше, социум алдында беделі жоқ, құндылығы төмен адамдар қатарына жатқызылатын, яғни: *екі сөздің басын қоса алмайды, мақау, сөзге жоқ*, - деген бағаға ие болатын.

Адам қоғамының ерте даму кезеңінде шешендік пен мақаулық өзге әлем өкілінің белгісі ретінде бағаланған. Түркі халықтарында сөз басымдығы сонымен қатар, адам үшін сөз, қарым-қатынас жаңаны танудың ең бағалы мүмкіндігінің бірі ретінде танылғандығымен де негізделеді, ортада пайда болған әрбір қонақ, әрбір жаңа адам – ол жаңа ақпарат, жаңа жерлер, дәстүрлер, оқиғалар, жаңа идеялар көзі, деп қабылданған. Сондықтан жолаушы-қонақ үшін әзірленетін *қонақасыға – дастарқанға* үй иесінің барлық туыстары, көршілері, бір сөзбен айтқанда бүкіл шағын социум жиналады, олар жолаушының сөзін мұқият тыңдап, сұрақтар қойып, қажетті ақпаратты бүкіл құлақтарын салып тыңдап, өзіне керегін алып, кейіннен оны басқаларға айтады, сөйтіп ол суға түскен тастан тарайтын толқын сияқты бүкіл халыққа белгілі болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қарым-қатынас дұрыс болу үшін, үй иесі қонаққа, вербалды түрде де, *вербалды емес түрде* де өзінің бүкіл құрмет-сыйын білдіре отырып, оған барлық қажетті жағдай жасайды, ол өзгелерден басқа, қонаққа арналған *қонақасы–дастарқаннан* көрінеді, ол үшін, қонақтың өзінен бата сұрай отырып, арнайы ең семіз қойды сойып, бауырсақ пісіріп, үйдегі барлық тәтті-дәмдіні тартатын. Бұл ретте, қонақтың тоя тамақ жеп, шөлін қандыруға тырысқан, сондықтан әдетте *дастарқан қонақасы* бай, мол болатын. *Қонақасы* бойынша үй иесінің жомарттығын немесе сараңдығын, мейірімділігін немесе қаттылығын анықтаған, және ол баға кейіннен көптеген ауылдарға тарап кететін.

Сонымен, қонақжайлылыққа бірқатар компоненттер кіреді, олардың ең бастысы адам мен социум өмірінің ең маңызды оқиғаларын: адамның элеуметтендіру кезеңін, маусымдық өзгерістердің басталуын және т.б. белгілеу құралы ретінде көрінетін дастарқан болып табылады. Мақсатты да, мақсатсыз да *дастарқан* негізінде «адам және социум», «ұрпақ», «отбасы бақытының негізі ретіндегі өскелеңдік» сияқты басты мәдени константалар жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Степанов, Юрий (1997), *Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования*, Москва.
2. Лихачев, Дмитрий (1997), *Концептосфера русского языка//Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология*, Москва.
3. Оразалиева, Эльмира (2007), *Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография*. Алматы.
4. Залевская, Александра (1995), *Проблемы психоллингвистики*, Калининград.
5. Соломоник, Аврам (1995), *Семиотика и лингвистика*, Москва.
6. Демьянков, Валерий (2001), *Понятие и концепт в в художественной литературе и научном языке // Вопросы филологии*, Москва.
7. Колесов, Владимир (2004), *Язык и ментальность*, Санкт-Петербург.
8. Воркачев, Сергей (2004), *Счастье как лингвокультурный концепт*. Москва
9. Ляпин, Сергей (1997), *Концептология: к становлению подхода // Концепты. Научные труды Центроконцепта*. Архангельск.
10. Ислам, Айбарша (2004), *Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті*, Алматы.
11. Ысқақов, Ахмеди (2007), *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. /жалпы редакция басқарған*, Алматы.
12. Сураганова З. (2006), *Основы и функции казахского обычая гостеприимства «Қонақасы» // Вестник КазНУ. Серия историческая*. Алматы.
13. Толыбеков С. (1959), *Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX веках*. Алматы
14. Зиманов, Салық (1958), *Общественный строй казахов первой половины первой половины XIX в.* Алматы
15. Кайдаров, Абдуали (1992), *Культ слова у тюркских народов*. Москва.

TARİHÎ TIP METİNLERİ ÇALIŞMALARI ÜZERİNE BİR DENEME

Hacı Veli BİŞKİN**

Özet: Tıp biliminin tarihi insanlığın geçmişi kadar derin ve insanoğlunun her daim üzerinde durduğu kapsamlı bir alan olmuştur. İnsanlar karşılaştıkları hastalıkları tedavi etmek için sürekli bir arayış içerisinde olmuşlardır ki tarihî sürecine baktığımız zaman tıp bütün toplumları ilgilendirdiği için Türkleri de ziyadesiyle ilgilendirmiş ve meşgul etmiştir. Bu ilgi tıp bilimine önem verilmesi sağlarken bu yolda eserler ortaya konmuş ve bu eserler de Türk Dilinin gelişimine katkı sağlamıştır. Uygur Türkçesi, Eski Anadolu Türkçesi ve Osmanlı Türkçesinin ilk dönemlerinde yazılmış tıp metinleri Türkçenin tıp dilinde kullanılması açısından oldukça önemlidir. Tıp alanında ve diğer pozitif bilim dallarında yapılan tercümelemler bir taraftan Türkçenin bilim dili olarak kullanılacağını gösterirken diğer taraftan da zamanla tıp dili, hukuk dili gibi özel dillerin ortaya çıkmasına da ortam hazırlamıştır. Bu çalışmada Türklerde tıp tarihi ve anlayışına kısa bir bakış, tarihî tıp metinlerinin özellikle tıp diline katkıları vebu zamana kadar Türk Dili ve Edebiyatı kürsülerinde yapılmış lisansüstü çalışmaları ve Türkiye Türkologlarının yayınlarının tablolar ışığında bir değerlendirmesi yapılarak çalışmaların maddeler halinde bir değerlendirmesi sonuç bölümünde yapılmıştır. Çalışma bundan sonra tarihî tıp metni çalışmak isteyen bilim adamlarına kaynaklık etmesi açısından önem taşımaktadır.

Anahtar Kelimeler: Tıp Tarihi, Eski Anadolu Türkçesi, Tıp Dili, Eski Anadolu Türkçesi.

AN ESSAY ON HISTORICAL MEDICAL TEXTS

Abstract: The history of medicine has been as deep as the history of mankind, and a comprehensive field of human beings on every occasion. People have been constantly searching for ways to treat the diseases they have faced. When we look at the historical process, since medicine deals with all societies, The Turks were also interested and engaged. While this interest has given importance to medical science, works have been put on this way and these works have contributed to the development of Turkish Language. Medical texts written in the early periods of Ottoman Turkish, Uyghur Turkish, Old Anatolian Turkish are very important in terms of usage of Turkish in medical language. Translations made in the field of medicine and other positive sciences show that the Turkish language can be used as a language of science, and also it has prepared an environment for the emergence of special languages such as medical language and legal language. In this study, a brief look at the history and understanding of medicine in Turks, the contribution of the historical medical texts to the medical language in particular, the graduate studies in the Turkish Language and Literature until this time and a review of the publications of Turkey Turkologists was made with tables and an assessment of the work was done in the conclusion section. The study is important in terms of its origin for scientists who want to study historical medicine.

Keywords: History of Medicine, Old Anatolian Turkish, Medical Language

GİRİŞ

İnsanlık tarihinde “*Astronomi ve Tıp*” bilim dallarının erken tarihlerden itibaren şekillendiği görülmektedir. İnsanlar yaşamlarını sürdürmek için doğada yiyecek ararken doğadaki vahşi hayvanların kendilerine zarar vermesi, onları yaralamalarına çözüm üretmek amacıyla çeşitli tıbbî, cerrahi tedavi yöntem ve metodları bulma arayışına girmiştir. (Kâhya, 2017:1)

Ali Haydar Bayat’ın da ifade ettiği gibi tıp, “*Bilimden ziyade bilimleşmiş bir sanat, teknik bir disiplin, yani fendir. Hekimin amacı hastasına faydalı olmaktır. Başka bir ifadeyle tıp bir bilim, hekimlik ise sanattır.*” (Bayat, 2016; 16)

Hekimi, en geniş anlamıyla “*hakikat dışı her şeyi men eden, cehalete engel olan, kişiyi sapık fikir ve inançlardan alıkoyan bilgi, irfan veya ikisinin adı*” olarak tarif ediyor Prof. Dr. İsmail Yakıt. (Yakıt, 2010:23)

Tıp ve tabib kelimesi de “*işinin ehli olma, bir işte usta, o işin ilmini bilen kimse*” anlamlarda kullanılırken (Yakıt, 2010:23) zaman içerisinde “*nezaket, yumuşaklık, sihir*” anlamlarında da kullanıldığını nazik ve yumuşak olanlara da tabib dendiğini görmekteyiz:

“*Tabib kelimesinin semantik olarak manasına zaman içinde yeni anlamlar da yüklendiğine şahit olmaktayız. Tıp kelimesine nezaket ve yumuşaklık anlamı yüklenirken nazik ve yumuşak olanlara da ‘tabib’ denmeye başlanmıştır. Bu arada kendini tabip gösterenlere de ‘mütetabib (tabib geçinen)’ dendiği de kaynaklarda yer almaktadır. Yine kaynaklarda görülen tıp kelimesinin ‘sihir’ anlamı da hastalığı iyiye, hay-*

*Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi SBE Doktora Öğrencisi, biskin1@hotmail.com

ra yorma işleminden doğan bir anlamdır. Araplar hayra yorarak, tıbbi sihirden kinâye olarak kullanmışlardır.” (Yakit, 2010:24-25)

Tarihî sürecine baktığımız zaman tıp bütün toplumları ilgilendirdiği gibi Türkleri de ziyadesiyle ilgilendirmiş ve bu yolda eserler ortaya konarken bu eserler de Türk Dilinin gelişimine katkı sağlamıştır. Türkler tıp bilimi alanında eserler kaleme alırken sadece insanların sağlıklarını tedavi etmekle kalmamış dillerine terminoloji, terim ve söz varlığı anlamında da sayılamayacak kadar dil hazinesi bırakmışlardır. Bu arada tıbbı kaynaklık eden eczacılık, halk hekimliği, botanik, tıp tarihi gibi bilimlere de katkı sağlamışlardır.

A. TARİHİ TIP METNİ ÇALIŞMALARININ DİL ARAŞTIRMALARI İÇİN ÖNEMİ

Bilindiği gibi Oğuz ağız özelliklerine dayanan ilk yazı dili olarak tarif edilen Eski Anadolu Türkçesinin ilk dönemlerinden üzere telif ve tercüme pek çok tıp metni kaleme alınmıştır. Bu durum tıp metinlerini Eski Anadolu Türkçesi alanında çalışan araştırmacılar için cazip bir çalışma konusu haline getirmiştir. EAT'nin ilk döneminden Türk tıbbının yönünü Batı'ya döndüğü 18. yüzyıla kadar kesintisiz eser verilen bir tıp dili oluşmasına da zemin hazırlayan bu eserler üzerinde pek çok çalışma yapılmış ve yapılmaya da devam edilmektedir. EAT ve onun devamı niteliğinde olan Osmanlı Türkçesi araştırmalarında tıp metinleri oldukça önemli bir malzeme niteliğindedir. Bahse konu metinlerden dil çalışmalarında iki önemli alanda yararlanmak mümkündür. Bu metinler EAT ve Osmanlı Türkçesi gramer çalışmalarında, zamanlarının ölçünlü dil ürünleri olmaları hasebiyle, önemli kaynaklardır. Metinlerden hareketle başta fonetik, morfolojik ve sentaktik hususiyetler olmak üzere kaleme alındıkları dönemlerin pek çok gramer özelliğini görmek mümkündür. Metinlere anlam bilimsel yaklaşımla tıp dili penceresinden bakmak suretiyle farklı çalışmalar da yapılabilir.

Dilciler tarafından özel dillerin “toplumda bireyin içinde bulunduğu yaşa, topluluğa ve özellikle de mesleğe göre şekillendiği” (Üçok, 2004;171) tanımına göre tıp eserleri çerçevesinde oluşan tıp dilinin de özel diller grubunda yer aldığını söyleyebiliriz. Özel diller dillerin bünyesinden doğan, günlük hayatta kullanılan pek çok kelimenin yeni anlamlar kazandığı; bu kelimelerle birlikte alıntı kelimelerin de katılımıyla kendisine has bir terim örgüsüne kavuşup uzmanlık alan dilleridir. Bu dillerden birisi de hiç şüphesiz tıp dilidir. Anadolu Türk tıbbında İlk Türkçe tıp metinlerinin verilmeye başlandığı 14. yy.dan 18. yy.a kadar kesintisiz devam eden bir tıp dili oluşmuştur. Tıp metinleri üzerinde yapılan/yapılacak çalışmalarla bu özel dil bütün yönleriyle ortaya konmuş olacaktır.

Şimdiye kadar yapılan çalışmaların Türkçeye katkılarını “bitki, hayvan, organ, ölçü, hastalık adları, ölçü ve diğer sağlık terimleri” ile “söz dizimi” gibi açılardan değerlendirdiğimizde bitki adlarında ve ilaç yapımında kullanılan ölçü adlarında daha çok Arapça kökenli sözcükler tercih edilirken organ adları ve hayvan adlarında daha ziyade Türkçe kökenli sözcüklerin, hastalık adlarında ise Türkçe, Türkçeye aktarma ve alıntılama tercihinin başvurulurken söz dizimi açısından ise bu metinlerde tercüme olanları dışında genellikle bir aykırılığın görülmediğini söyleyebiliriz. Yine bu metinleri dili itibarıyla diğer tıp türleriyle mukayese ettiğimizde ise tıp metinlerinde alıntı sözcük sayısının fazla olmasına rağmen sade bir dille yazıldığını söylemek mümkündür. (Doğan,2010; 362-366)

Netice itibarıyla bu metinler hem kaleme alındıkları dönemlerin standart diline ait gramer özellikleriyle hem de tıp diliyle ilgili çalışmalarda kullanılan/kullanılması gereken son derece mühim metinlerdir. Bu metinlerin Antik Çağ tıbbından başlayarak insanlığın binlerce yıllık tecrübelerini içerdikleri ve bu yönleriyle pek çok farklı alanın ilgilendiği eserler oldukları; diğer alanlardaki çalışmaların daha sağlıklı olabilmesi için metinlerin Türkçeye dilciler tarafından kazandırılması gereği de meselenin bir başka önemli boyutudur.

B. TÜRKLERDE TIP TARİHİ VE ANLAYIŞINA BAKIŞ

Türklerde tıp tarihi ve anlayışına baktığımızda Türk Tıbbının “İslâm Öncesi Orta Asya Türk Tıbbı, İslâmî Dönem (Selçuklu, Beylikler ve Osmanlı) Türk Tıbbı ve Batıya Yöneliş (Modernleşme) Dönemi Türk Tıbbı (Bayat, 2016: 236)” şeklinde üç ana aşamadan müteşekkil olduğunu görmekteyiz.

I. İSLÂM ÖNCESİ ORTA ASYA TÜRK TIBBI

Güney Sibirya, Doğu ve Batı Türkistan'ı içine alan Tanrı Dağları'nın güneyinde ve Cungurya bozkırlarının karşısında yer alan Orta Asya diye isimlendirdiğimiz coğrafyada Türkler göçebe olarak yaşamışlar, toprağa ve tabiata olan bağlarından dolayı da zaman içerisinde yaşadıkları sağlık sorunlarını bilimsel tıp yöntemleriyle çözmeyip genellikle halk hekimliği yöntemini kullanarak sıhhat ve sağlık bulmaya çalışmışlardır. Eski Türklerin vakti saatinde uyguladıkları halk hekimliği tedavi yöntemlerini “Misk otu ile dağlama yapmak, Bir taşın ısıtılıp hastanın üzerine konması, Toprak üzerinde ateş yakılıp torağı iyi ısıtıp ardından hastayı sıcak toprak üzerine bırakmak, Ağrılı yerlerdeki kan damarlarını çizerek kan akıtmak, Gök, yer, dağ ve ırmak ruhlarından meded ummak, şeklinde sıralayabiliriz.” (Türkler 3, 2002:429)

Ali Haydar Bayat'ın “İslam Öncesi Orta Asya Türk Dünyasında Tababet” adlı yazısından da öğreniyoruz ki tedaviler “Kam (şaman) ve baksı denilen Şamanizm'in büyüsel tedavi yöntemlerini uygulayan

büyücü hekimlerin yürüttüğü tıbbî anlayış ve Otacı, emci ve Atasagun denilen droglarla ve diğer maddi tedavi yöntemleri kullanılarak yapılan, dönemin maddi tıbbî anlayışını temsil eden hekimlik, (Türkler 3, 2002:450) olmak üzere iki yolla yapılmaktadır.

II. İSLÂMÎ DÖNEM (SELÇUKLU, BEYLİKLER VE OSMANLI) TÜRK TIBBI

II.1. Büyük Selçuklular Dönemi Türk Tıbbı

1040 yılında Gaznelilerle yapılan Dandanakan Savaşı'ndan sonra "Orta Asya, Hindistan, İran, Irak, Suriye ve Anadolu'ya" egemen olan Büyük Selçuklu Devleti ilim ve medeniyette, özelde ise 'tıp' alanında önemli hizmetlerde bulunmuş ve Sultan Sancar, Sultan Mes'ud ve Sultan Mahmud gibi Selçuklu hükümdarları hakimiyet kurdukları topraklarda darüşşifalar, bakımevleri ve hamamlar yaptırırken yanlarında bazı tıpçılara büyük değer vererek sağlık hizmetlerinde bulunmuşlardır:

"İbn Tilmiz, Sultan Sancar; Bağdatlı Ebu'l-Berekât, Sultan Mes'ud; İbn Cezele, Sultan Melikşah; Endülüslü Hekim Abdullah İbn el-Muzaffer el-Bahalî, Melikşah'ın oğlu Mahmud'un hekimliğini yaparken yine Selçuklu melikleri ve hükümdarları zamanında Nişabur, Bağdat, Şam, Kahire, Fustat, Akka, Ebher, Zencan, Gence, Arrn, Berdesir, Musul, Erbil, Şiraz ve Kirman gibi merkezlerde de darüşşifalar, bakımevleri ve hamamlar yaptırmışlardır." (Bayat, 2016:260-261)

II.2. Türkiye Selçukluları Dönemi Türk Tıbbı

1071 yılında Alparslan'ın Malazgirt Zaferi'nden sonra Anadolu kısa bir süre içerisinde Türk vatani olmuş ve Avrupa dahi Anadolu'ya Türkiye demeye başlamıştır. XIII. yüzyıldan sonra başlayan ilk yüz elli yıllık dönemde Anadolu'da felsefe, astronomi gibi alanlarda eserler vücuda gelirken bu eserler içerisinde tıp metinleri özel ve önemli bir yer tutmaktadır. Bu dönemde Ahiliğin de kurucusu olarak bildiğimiz "*İlm el-Teşrih*" adlı eserin de sahibi Ahi Evran dönemin aynı zamanda önemli tabiplerindendir. (Bayat, 2016:263; Tez, 2010:81)

Anadolu Selçukluları döneminde bilimsel tıbbî önem verilirken 'idrar tutamama ve çıbanlarda şeyhlerin telkinlerine başvurmak, çıbanların üzerine dua metinleri yazmak veya dua okumak, sıtma hastalığında üzerine ezan, izin ve besin yazılı sarımsak ve badem yedirmek veya dinî metin yazılı kağıdı suya atıp içmek, köpek tüyüyle tütsülemek, göz hastalıklarında şeyhin tükürdüğü parmaklarını hastanın gözüne sürmek veya dua okumak' gibi halk hekimliği uygulamaların da tedavi amaçlı uygulandığını görmekteyiz. (Bayat, 2016:264)

Bu dönemde medreselerde tıp derslerinin verilip verilmediğine dair elimizde bilgiler olmayıp hekimlerin darüşşifalarda hem tedavi yapmak hem de usta çırak ilişkisi yoluyla yetiştiklerini öğreniyoruz. Bu dönemin tarihi kitapları, münşeat mecmuaları, edebî eserler ve yazma metinlerinden hekimlerin görev yaptıkları yerleri, nereleri dolaştıklarını ve meşhur hekimlere 'melikü'l-hükemâ, sultanu'l-ettıbbâ, Eflâtû'd-dehr, Mesihû'z-zaman fahrû'l millet din' gibi unvanların verildiğini görüyoruz. Bu dönemde yaşamış ve görev yapmış önemli tabip ve cerrahlara baktığımız zaman da "*Hekim Bereket, Ekmeleddin Müeyyed el-Nahçivânî, Ebû Bekr bin el-Zekî el-Mutatabbib el-Konevî, Gazanfer Tebrizî, Hubeyş bin İbrahim et-Tiflisî, Necmüddün-i Nahçivânî, Abdullah Sivasî, Ali Sivasî, Tacüddin Bulgarî, Muhezzibiddin bin Hubel, Feridüddin Muhammed Câcermî, İzzettin ibn Safiyüddin, Rakkalı Rıdvân bin Ali, Resû'laynî Tahiyüddin Ebû Bekir, Erzincanlı Alâüddin*" gibi isimlerle karşılaşmaktayız. (Bayat, 2016:272-277)

II.3. Beylikler Dönemi Türk Tıbbı

Türkmen beylikleri XIV. yüzyılın ikinci yarısı ile XV. yüzyılın ikinci yarısında etkili olmuşlar ve yaşadıkları yerlerde sosyal ve dinî eserler başta olmak üzere birçok eserle donatarak Türk mührünü buralara verme şerefine nail olmuşlardır.

Şüphesiz bu dönemin dikkate değer en önemli özelliği Türkçenin devlet ve yazılı edebiyat dili olarak kullanılması çabasıdır. Beylikleri idare eden beylerin Arapça ve Farsça bilmemeleri eser yazarları Türkçe yazmaya teşvikleri Türkçenin öneminin artmasındaki en önemli etkidir. Yazılan bu eserler arasında *Tuhfe-i Mübariz* başta olmak üzere "*Tercüme-i Müfredat-ı İbnü'l Baytar (İbnü Baytar); Tabiatname, Müntehab-ı Şifâ, Teshîl (Hacı Paşa); Edviye-yi Müfreda (İshak b. Mahmud); Kamilü's- Sınâ-a Tercümesi (Ali b. Abbas); İlyasiyye, Sultaniyye (Şirvânî); Tervihu'l- Ervah, Şifâ-i Müntehab (Şair Ahmedî); Kitabü'l- Müntehabfî't- Tib (Abdülvehhâb b. Yusuf ibn Ahmed el Mardânî); Tercüme-i Kânünçe (Çağmîni); Miftahu'n-Nûr ve Hazâinü's- Sürûr (Mü'min bin Mukbil); Bahnâme (Ali b. İshak); Bahnâme Tercümesi (Musa b. Mes'ud); Bahnâme Tercümesi (Salâhaddin); Yâdigâr-ı ibn Şerfi (İbn Şerif); eş-Şifâ fî Ahâdisi'l-Mustafa (Tifaşî); Kitab-ı İlm-i Tib (Mehmed b. Mahmûd-ı Şirvânî); Mürşid (Mahmûd b. Mahmûd-ı Şirvânî); Mecmûatü'l-Mücerrebât (Necmüddin Mahmûd b. İlyâs eş- Şirazi)*" gibi hekimleri ve eserlerini sayabiliriz. (Bayat, 2016:279-289)

II.4.Osmanlı Dönemi Türk Tıbbı

Osmanlıya kadar Kahire, Bağdat, Tebriz, Şam, Semerkant, Buhara gibi merkezleri bilim ve sanatın merkezi olarak görürken XV. yüzyıldan itibaren İstanbul önemli bir kültür, bilim ve sanat merkezi olarak karşımıza çıkmaktadır. Bu dönemde Türkçenin egemenlik alanı beylikler Dönemine göre biraz daha içe donerek saray ve divanda varlık bulmuştur. Prof. Dr. Ali Haydar Bayat Tıp Tarihi adlı eserinde Osmanlı Dönemi tıbbını üç döneme ayırmaktadır.

İslam Tıbbının Devamı Olan Klasik Dönemde tıp eğitiminde mantık ve klasik tıp kitapları okutulurken hekim olmanın bir yolu da üstat hekimlerin evlerinde özel dersler olarak tıbbî yönden bilgilenmek, daha sonra hocanın verdiği icazetle hastanelerde pratik yapmak şeklinde olmuştur.

Bu dönemin hekimleri ve eserleri olarak ise“ *SabucuoğluŞerafeddin (Akrabâdîn, Cerrahiyetü'l-Hâniye, Mücerrebnâme), İbrahim b. Abdullah (Alâim-i Cerrâhîn), Ahî Çelebi (Risâle-i Hasâtü'l-Kilye, el-Fevâidü's-Sultaniyyefi'l-Kavâidü't-Tıbbiyye, Risale-i fi't-Tıb, Mesnevî-i fi't-Tıb), Nidâi (Menâfi'ün-nâs,el-Dürrü'l-Manzûm'Manzûme-i fi't-Tıb', Rebî'u's- Selâme), Şirvanlı Şemsettin İtakî (Teşrih-i Ebdân, Tercüman-ı Kibâle-i Netîcetü't-Tıb), Zeynelâbidin b. Halil (Şifâü'l-Fu'âdli—Hazreti SultânMurâd), İsâ (Devâu'l- Emrâz), Sâlih b. Nasrullah (Gâyetu'l-Beyân fi Tedbîr-i Bedeni'l- İnsan, Gâyetu'l-İtkân fi Tedbîr-i Bedeni'l- İnsan, Tıbb-ı Cedîdî'l-Kimyâ, Gâyefi't-Tıb), Hayâtîzâde Mustafa Feyzî (Resâilü'l- Müîfiye fi Emrâzi'l- Müşkile), Nüh (Tercüme-i AkrabâdinMeliku), Şaban Şifâi (Tedbîrü'l-Mevlîd), Kâtibzâdemehmed Refî' (İllet-i Sadriye, Evcâu'l- Mefâsıl, İllet-i mesâne, Padzehr-i Anber, Zafu'l- Bâh, Mevâni'ü'l-Cebel), gevrekzâde Hafız Hasan (Durretü'l-Mensûriyye fi Tercümeti'l- Mansûriyye, Netîcetü'l-Fikriyye fi Tedbîr-i Velâdeti'l- Bikriyye, Mürşidü'l-Libâ fi TercümetiSpagorya, Zündetü'l- Kühhâliyye fi Teşrihi'l-Basariyye, Mecennetü't-Tâ'ünve'l- Vebâ, Risâletü'l- Mûsikiyye Mine'd-Devâi'r- Rûhâniyye, Risâlet-i Nikris, Aslû'l- Usûl Tercümeti Faslû'l-Füsû'l, Düstûru'l- Amel fi Tedbîri's- Sihhave'l-İlel, Risâle-i Tıbbiyye, Risâle-i fi Marazi'l-İskorbüt)” görmekteyiz. (Bayat,2016:296-312)*

Batı Tıbbını Tanıma ve Tercüme Döneminde ise hekimlerin Avrupa'yla temas haline geçtiğini, bir yabancı dili iyi derecede öğrendiğini ve Batıdaki tıp anlayışını temsil eden eserleri tercüme ettiklerini veya eserleri yorumlayarak yeni eserler kaleme aldıklarını görüyoruz. Bu dönem yazar ve eserlerine de baktığımız zaman; “*Ömer Şifâi (Minhacü'ş- Şifâi fi Tıbbi'l- Kimyâ, Mürşidü'l-Muhtar fi İlmi'l-Esrâr, Cevherü'l- Ferîd fi Tıbbi'l-cedîd, ravzatü'n-Necât), Ali Münşî (Bidaâtü'l-Mühîtedî, Tercüme-i Akrabâdîn, Cerrahnâme, Kurâdatü'l-Kimyâ, Risâle-i Pâdzehir, Risâle-i Fevâid-i Narcîl-i Bahrî, Tuhfe-i Aliyye, Tercüme-i Zekerîyyâ-i Râzî), Abbas Vesîm (Düstûrü'l-Vesîm fi Tıbbi'l-Cedîdve'l-Kadîm, Vesîletü'l-Metâlib fi İlmü't-Terâkib), Subhizâde Abdülaziz (Kıta'at-ı Nekâve fi TercümetiKelîmât-i Boerhâve), ŞânîzâdeMehmedAtâullah (Mir'âtü'l-Ebdân fi TeşrihiAzâü'l-İnsan, Usûlü't-Tabî'a, Miyârü'l-Etubbâ, Kânûnü'l-Cerrâhîn, Mîzânü'l-Edviye)” gibi isimleri ve eserlerini görmekteyiz.(Bayat,2016:319-324)*

III. BATIYA YÖNELİŞ (MODERNLEŞME) DÖNEMİ TÜRK TIBBI


Bu dönemde Tıbhâne-i Âmiri adıyla ordunun hekim ve cerrah ihtiyacını karşılamak amacıyla bir okul kurulduğunu ancak modernlik anlamında istenen düzeyde eğitim verilemediğini görüyoruz. Bunun üzerine daha sonraki yıllarda Fransızcaya hakim hocaların ithal edildiği, Fransızcanın eğitim dili olarak kullanıldığı yine bu amaçlar çerçevesinde kurulan Mekteb-i Tıbbiyye-i Adliye-i Şâhâne'nin ilk mezunlarını 1843'te verdiği görülmektedir. Ancak daha sonra Cemiyet-i Tıbbiyye-i Osmaniyye adıyla kurulan dernek sayesinde tıp eğitiminin Türkçe yapılması yönünde çabalar sarf edilmiş olup nitekim Türkçe tıp eğitimi veren Mekteb-i Tıbbiyye-i Mülkiyye kurulmuştur. Bu dönemde “*Mustafa Behçet (Risâle-i Telkîh-i Bakârî, Vezâif-i Â'zâ, Tertîb-i Eczâ, Makâle-i fi Emrâzi'l-Frengiye, Kuşur-ı Leberîyye, Kolera Risâlesi, HezârEsrâr) ve Abdülhak Molla (Rûznâme)”* başta gelen hekimler olarak karşımıza çıkar. (Bayat,2016:324-330)

C. TARİHİ TIP METİNLERİ ÜZERİNE YAPILMIŞ ÇALIŞMALARIN DEĞERLENDİRİLMESİ

Çalışmamızın bir diğer aşaması olan tarihî tıp metinleri üzerine yapılmış olan lisansüstü çalışmalar ve bu alanda yayınlanmış makale ve kitapların değerlendirmesine veriler ışığında bakarsak;


C.1. Lisansüstü Çalışmalara Bakış

YÖK'ün internet sayfasındaki mevcut verilere göre, 129 Devlet Üniversitesi, 72 Vakıf Üniversitesi ve 5 tane de Vakıf MYO bulunmaktadır. Yine bu üniversitelerin bünyelerinde de aktif durumda enstitüler akademik çalışmalarda hizmet vermektedir.



Tablo 1. Üniversitelerde Yaptırılan Tezler

Tarihî Tıp Metinlerini konu edinen çalışmalara baktığımız zaman çalışmalardan 73 adet yüksek lisans, 27 adetinin de doktora olmak üzere toplamda 100 adet olduğu görülmektedir. Bu tezlerinde tamamının Devlet Üniversitelerinde yapıldığı görülmektedir.




Tablo 2. Yıllara Göre Yapılan Tezler

Tarihî Tıp Metinlerini konu alan lisansüstü tezlerin yıllara göre dağılımına baktığımızda 1981 yılından başlayarak 2017 yılına kadar bir dağılımın olduğunu görüyoruz. Ancak bu alandaki çalışmaların ana yığılma yılları olarak 2008-2017 arasını görüyoruz. Bu yıllar arasında toplamda yüz adet olan lisans üstü çalışmanın altmış üç adetinin bu yıllarda yapıldığı tespit edilmiştir.

NU.	TEZ ÇALIŞTIRAN ÜNİVERSİTELER	YAPTIRILAN ÇALIŞMA SAYISI	NU.	ÜNİVERSİTELER	YAPTIRILAN ÇALIŞMA SAYISI
1	Adıyaman Üniversitesi	1	15	İnönü Üniversitesi	4
2	Ankara Üniversitesi	2	16	İstanbul Üniversitesi	5
3	Bingöl Üniversitesi	1	17	Kırıkkale Üniversitesi	4
4	Bolu Üniversitesi	7	18	Kocaeli Üniversitesi	1
5	Cumhuriyet Üniversitesi	9	19	Marmara Üniversitesi	21
6	Çanakkale Üniversitesi	3	20	Mersin Üniversitesi	1
7	Çukurova Üniversitesi	1	21	Muğla Üniversitesi	1
8	Doğu Akdeniz Üniversitesi	1	22	Niğde Üniversitesi	1
9	Dumlupınar Üniversitesi	1	23	Pamukkale Üniversitesi	4
10	Erciyes Üniversitesi	3	24	Sakarya Üniversitesi	6
11	Eskişehir Osmangazi Üniversitesi	1	25	Selçuklu Üniversitesi	7
12	Fırat Üniversitesi	6	26	Süleyman Demirel Üniversitesi	2
13	Gazi Üniversitesi	3	27	Uşak Üniversitesi	1
14	Hacettepe Üniversitesi	3		TOPLAM	100

Tablo 3. Tezlerin Üniversitelere Göre Dağılımı

Tarihî Tıp Metinleri konusunda çalışma yaptıran üniversitelere baktığımız zaman 21 adet çalışmayla en fazla çalışmanın Marmara Üniversitesinin, 9 çalışmayla Cumhuriyet Üniversitesinin, 7'şer çalışmayla Bolu ve Selçuk Üniversitelerinin yaptığı görülmektedir.



Tablo 4.Yüzyıllara Göre Dağılım

Çalışma yapılan tezlerin yüzyıllara göre dağılımlarına bakıldığında çalışmaların daha çok Eski Anadolu Türkçesi dediğimiz dönem eserlerinde (14,15,15. yy) yoğunlaştığını görmekteyiz. Bu dönem eserleri çalışma yapılan eserler içerisinde 3/2'lik orandan fazladır. Bunda da o dönem Türkçesinin dilinin daha sade ve saf olmasının önemli etken olduğu düşünülebilir. Ancak yine de 17. yüzyıldan sonraki dönemde oluşturulan eserlerinde incelenmesi Türkçe Tıp dilinin daha netleşmesi açısından önemlidir diye düşünmekteyiz.

NU.	TEZ YAPTIRAN DANIŞMANLAR	ÇALIŞTIRDIĞI TEZ SAYISI	NN U.	TEZ YAPTIRAN DANIŞMANLAR	ÇALIŞTIRDIĞI TEZ SAYISI
1	Ahmet BURAN	2	26	Mesut ŞEN	15
2	Ahmet BÜYÜKAKKAŞ	1	27	Muhammet YELTEN	1
3	Ahmet TOPALOĞLU	1	28	Muhittin ELİAÇIK	3
4	Ahmet BİCAN ERCİLASUN	1	29	Muna YÜCEOL ÖZEZEN	1
5	Ali AKAR	1	30	Mustafa ARGUNŞAH	1
6	Ayşe Nur SIR	1	31	Mustafa CANPOLAT	3
7	Bilal AKTAN	1	32	Mustafa ÖZKAN	1
8	Bilal YÜCE	1	33	Nesrin AKINCI ÇÖTOK	1
9	Binnur ERDAĞI DOĞRUER	2	34	Nihat ÖZTOPRAK	1
10	Burhan PAÇACIOĞLU	2	35	Orhan YAVUZ	1
11	Ceyhun Vedat UYGUR	3	36	Osman Fikri SERTKAYA	1
12	Cemal AKSU	1	37	Osman Nedim Tuna	1
13	Çetin PEKAÇAR	1	38	Osman ÖZER	2
14	Emin EMİNOĞLU	3	39	Osman YILDIZ	1
15	Fatih KİRİŞÇİOĞLU	1	40	Paki KÜÇÜKER	6
16	Ferruh AĞCA	1	41	Serdar YAVUZ	1
17	Gülşen Seyhan ALIŞIK	1	42	Şaban DOĞAN	6
18	Gürer GÜLSEVİN	2	43	Şerif Ali Bozkaplan	1
19	H. Ömer KARPUZ	1	44	Tuncer Gülensoy	1
20	Hakan Behçet SAZYEK	1	45	Uluhan ÖZALAN	1
21	Halil İbrahim USTA	2	46	Ümit TOKATLI	2
22	Hatice EMİNOĞLU	2	47	Vedat KARTALCIK	1
23	Hürriyet GÖKDAĞI	1	48	Yakup KARASOY	6
24	İbrahim DELİCİ	1	49	Zafer ÖNLER	4
25	Mehmet AKALIN	3			

Tablo 5.Tez Yaptıran Danışmanlar ve Tez Sayısı


Tarihî Tıp Metinleri çalıştıran danışmanlara baktığımız zaman Mesut Şen'i 15 tez ile ilk sırada görürken onu PakiKüçükler, Şaban Doğan ve Yakup Karasoy 6'şar tezle takip etmektedir.

C.2. Makale ve Yayınlanan Kitaplara Bakış

NU.	YAZAR ADI	YAYIN SAYISI	NU.	YAZAR ADI	YAYIN SAYISI
1	Ahmet Tuna DOĞAN	3	11	Sibel MURAD	5
2	Şaban DOĞAN	8	12	Zafer ÖNLER	13
3	Muhittin ELİAÇIK	3	13	Sadettin ÖZCELİK	4
4	Meryem Sarman ARSLAN	2	14	Burhan PAÇACIOĞLU	2
5	Binnur ERDOĞAN	4	15	Hatice ŞAHİN	8
6	Emel KAYA GÖZLÜ(2'si ortak)	9	16	Feyza TOKAT(2'si ortak)	11
7	Gürkan GÜMÜŞADAM	6	17	İlhan UÇAR	6
8	Mehmet GÜRLEK	6	18	Serdar YAVUZ	2
9	Meriç GÜVEN	8	19	Muhammed YELTEN	3
10	Paki KÜÇÜKER(2'si ortak)	5	20	Mustafa CANPOLAT	2


Tablo 6. Yayınlanan Makale ve Kitap Sayısı ile Yazarları

Tarihî Tıp Metinleri ile ilgili olarak bu alanda özellikle en çok makale yazan ve kitap yayımlayanlar arasında 13 yayımla Zafer Önlere birinci sırada gelirken –ki şunu da rahatlıkla söyleyebiliriz ki Türk Dili ve Edebiyatı kürsülerinde bu alanda ilk çalışma yapan sonrasında bu alan hocaları yönlendiren Zafer Önlere gözükmektedir.- ardından Feyza Tokat(11), Emel Kaya Gözlü(9), Meriç Güven, Hatice Şahin ve Şaban Doğan(8'er) takip etmektedir. Bu tabloda birer çalışması olanlara toplama dahil edilmemiştir.



Tablo 7. Makale ve Kitap Çalışmalarının Yapıldığı Yıllar ve Çalışma Sayısı

Bu alandaki yazılan makaleler ve kitapların yayınlanma yıllarına bakıldığında tıpkı tez çalıştırılan yıllarda olduğu gibi 2007-2017 yılları arasında yoğunluk olduğu gözlenmektedir.



Tablo 8. Yayınlanan Makale ve Kitap Sayısı

Tarihî Tıp Metinleri ile ilgili olarak yayınlanan makale sayısının (94) kitap sayısının (31) oldukça fazla olduğu dikkat çekmektedir.

SONUÇ VE DEĞERLENDİRMELER

Yapılan çalışmada da görüldüğü üzere farklı tıp metinleri üzerinde şimdilik yüz tane yüksek lisans ve doktora çalışması yapılırken yüz yirmi beş tane de makale ve kitap çalışması yapılmıştır. Dokuzuncu yüzyıldan yirmi yüzyıla kadar yazılmış tıp metinlerini diğer alanlarda yazılmış metinlerde karşılaştırdığımız zaman bu alanda tıp dili grameri, terminolojisi ve terimi açısından artık belli bir seviyeye geldiği düşünülmektedir.

Yine bu çalışmayı kendi özelinde değerlendirdiğimizde gelecekte bu alanda çalışma yapmak isteyenlere katkı sağlayacağını düşündüğümüz birtakım verilere de ulaşmaktayız:

a. Bu alandaki ilk doktora çalışmasını Zafer ÖNLER'in 1981 yılında “*Celalüddin Hızır (Hacı Paşa) Müntahab-I Şifa - İnceleme-Metin-Dizinler*”, adlı çalışmasıyla Prof. Dr. Mustafa Canpolat nezaretinde yaptığını,

b. Bu alandaki ilk yüksek lisans çalışmasının Mehmet Emin AĞAR tarafından 1986 yılında, “*Baytaratü'l-Vazih: İnceleme - Metin – İndeks*”,adlı çalışmayla Prof. Dr. Mehmet Akalın tarafından yaptırıldığını,

c. Bu alandaki ilk makale çalışmasının 1973 yılında Mustafa Canpolat tarafından “XIV. Yüzyılda Yazılmış Değerli Bir Tıp Eseri Edviye-i Müfrede” adlı çalışmayla yapıldığını,

d. En fazla çalışma yaptıran üniversite olarak yirmi bir çalışmayla Marmara Üniversitesi'nde yaptırıldığını(Tablo 3),

e. Çalışılan metinlerin yüzyıllara göre bir değerlendirilmesi yapıldığını da çalışmaların daha çok Eski Anadolu Türkçesi dönemi olarak adlandırdığımız on dört, on beş ve on altıncı yüzyıllarda olduğu (Tablo 4)

f. Tezlerin yaptırıldığı yıllara baktığımızda özellikle 2008 yılından 2017 yılına kadar olan yıllarda yoğunluk arz ettiğini en fazla çalışmanın ise 2016 yılında yapıldığını(Tablo 2) ,

g. Yüksek Lisans tez oranının %73 doktora tez oranının ise %27 olduğu(Tablo 1),

h. Tez yaptıranlarda ise Prof. Dr. Mesut Şen'in on beş tez ile ilk başta olduğunu(Tablo 5),

i. En fazla makaleyi ise on üç ile Prof. Dr. Zafer Önler'in yazdığını(Tablo 6),

j. Yayımlanan makale ve kitapların yıllara göre dağılımına bakıldığında 2007 yılında itibaren arttığını zirveye 2009 yılında ulaştığını(Tablo 7),

k. Yayımlanan makale sayısının %94, kitap sayısının ise %31 olduğu(Tablo 8) görmekteyiz.

KAYNAKÇA

Bayat, Ali Haydar (2016), *Tıp Tarihi*, Zeytinburnu Belediyesi Yayınları, 365 s, İstanbul.

Doğan, Şaban (2009), *Eski Oğuz Türkçesinde Tıp Dilinin Oluşumu ve Özellikleri*, TurkishStudies, Volume 5/1, Erzincan, s. 313-373.

Güzel, Hasan Celal vd. (2002), *Türkler*, C. 3, Yeni Türkiye Yayınları, Ankara, s. 449-460.

Kâhya, Esin (2017), Mustafa Behçet Efendi ve Türkçe ilk Fizyoloji Kitabı, Atatürk Kültür Merkezi Yayını, Ankara.

Üçok, Necip(2004), Genel Dil Bilim, Multilingual Yayınları, İstanbul.

Yakıt, İsmail (2015), *Tıp Etiği ve Felsefesi Üzerine*, Ötüken Yayınları, 229 s., İstanbul.

ИҒРАБТЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АРАБ ТІЛІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

PhD Қ.Т.САДЫБАЕВ*
магистр Ж.Ж.САРИЕВА**

Түйіндеме

Иғраб (الإعراب) - араб тіліндегі сөйлемнің тірегі. Иғраб арқылы сөйлемнің тұрлаулы мүшелері сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінен, изафеттік тіркес анықталушы мүше мен анықтауыштан құралған тіркестен, лепті сөйлем сұраулы сөйлемнен, жалпы бір-бірінен мағына жағынан ажыратылады.

Иғраб (الإعراب) болмаса мағына да анық болмайды, сондықтан ол сөздегі сыртқы түр мен құрылысының кемелдігі болып саналады.

Түйін сөздер: иғраб, мағына, сөз құрылысы, сөйлем, түсіну

(الإعراب) Igrab SIGNIFICANCE AND ITS PLACE IN ARABIC LANGUAGE

Abstract

(الإعراب) Igrab is the basis of the sentence in Arabic. Durable members of the sentence clause are separated from each other by the imprinted members of the sentence, an expression that is a sufficiently correlated member and an integer consisting of a determinant member and an attribute. If the meaning of (الإعراب) Igrab does not exist, then the meaning is not clear, and it is the perfection of the appearance and construction.

Keywords: (الإعراب) Igrab, meaning, word building, sentence, understanding

КІРІСПЕ

Мақала аясында араб тіліндегі иғрабтың негіздері мен жүйесі жайындағы ғалымдардың ой-пікірлері мен анықтама-ережелер жинақталынып, сараптау мақсаты тұтылды.

الإعراب 1) *бір нәрсеге* عن пікір білдіру, пікір айту, пікір; 2) *грам.* жалғауларын қосып толық оқу, жазу; 3) грамматикалық талдау; 4) *грам.* септеуліктердің өзгеруі (*есім сөзге қатысты*) немесе жалғаулықтардың өзгеруі (*етістікке қатысты*); флексия (*түбірдің өзгеруімен сөздің жаңа түрінің жасалуы*); *نقط ال* септеулік флексияларды көрсететін нүктелер; 5) синтаксис (Арабша-қазақша сөздік, 2016:466)

الإعراب 1) выражение, высказывание (чего *عن*); 2) *грам.* чтение, написание с полными окончаниями; 3) грамматический разбор; 4) *грам.* изменение по флексиям (*об имени*) или изменение по окончаниям (*о глаголе*); флексия, точки, обозначающие падежные флексии; 5) синтаксис (Баранов Х.К, 1977: 506)

الإعراب الذي في النحو ، إنما هو الإبانة عن المعاني بالألفاظ . (ابن منظور ، 2005 : 82/10)
الإعراب هو تغيير أواخر الكلم لاختلاف العوامل الداخلة عليها لفظاً أو تقديراً (أيمن أمين ، 2011 : 58)
الإعراب هو تغيير يلحق أواخر الكلمات من رفع و نصب و جر و جزم على ما هو مبين في قواعد النحو . (مجمع اللغة العربية ، 2011 : 612)

Иғраб (الإعراب) дегеніміз кейбір адамдардың ойлағанындай ешқандай мағынасы да, сыры да жоқ, жай ғана қалыптар мен қатып қалған формалар сияқты сөздердің соңындағы дамма (الضمة), фатха (الفتحة), кәсра (الكسرة) харақаттарының алмасуы немесе араб тіліндегі сөздердің соңғы әріптерінің харақаттары оның сөйлемдегі орнына қарай, оларға әсер еткен факторларға, себептерге байланысты өзгерулері (612 : 2011 , مجمع اللغة العربية). Бұл - жалпы сыртқы сипатына және өзгеру түріне байланысты берілген анықтама.

Ибн Жиннидің (Әбу Әл Фатх Осман ибн Жинни, 392 хижра жылы/ 1002 милади қайтыс болған) пікірінше, иғрабтың (الإعراب) мағынасы сөйлеушінің өз ойын сөздермен жеткізуі, яғни мағыналарды сөздермен айқындап көрсету. Егер мынадай сөйлем келгенде: *أكرم سعيداً أباه شكر سعيداً أبوه* бұл сөйлемдердің біріншісі рафғ (الرفع) түрінде, екіншісі нәсб (النصب) түрінде келгені көрінеді. Осы кезде сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін бір-бірінен ажырататын және тұрлаусыз мүшелерін бір-бірінен ажырататын айырмашылықтары байқалады. Егерде бұл айырмашылықтар болмаса, сөйлемнің жалпы мағынасы да түсініксіз, ашықталмаған болар еді.

* Нұр- Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, PhD, kursad74@mail.ru

** Нұр- Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, магистр, inra78@mail.ru

Яғни Ибн Жиннинің көз-қарасымен, иғраб (الإعراب) – сөздердің мағыналарын айқындаушы, баяндаушы және ашықтаушы. Егерде араб тілінде ол болмаса, мағынаны түсініксіз болар еді. Ибн Жинни иғраб (الإعراب) сөзінің жалпы тілдік мағынасы мен нақты термин ретіндегі мағынасын бір-бірімен байланыстырады. Иғраб (الإعراب) сөзі - (أَعْرَبَ) етістігінің масдары. (أعرب عن الشيء : أوضح عنه) бір мағынаны айқындау, ұғындыру, бір нәрсе туралы түсінік беру. (فلان معرب عما في نفسه) біреу өзіндегіні ашықтайды, не баяндайды, не түсіндіреді

(أبو الفتح عثمان بن جني، 1958: 35/1).

Бұл иғраб (الإعراب) сөзіне берілген толық анықтама тек Ибн Жиннидің берген анықтамасы емес, шын мәнінде бұл - араб тіліндегі ғалымдардың иғраб (الإعراب) сөзінің мағынамен толық байланысын көрсететін түйіндемесі. Ибн Жиннимен замандас болған болған ғалым Ибн Фәрис (Әбу Әл Хасан ибн Фәрис 395 ижра жылы/1009 милади жылы қайтыс болған) айтып өткен анықтамасын растап, (الصاحبي) кітабының арабтар қандай нәрселермен ерекшеленеді деген бөлімінде сөздің мағыналарын ажырататын ол иғраб деп атап өткен.

(أبو الحسن أحمد بن فارس، 1997: 144)

Иғраб сөйлемнің тірегі болған хабар айқындалады. Ол болмаса, сөйлемнің тұрлаулы мүшелері сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінен, изафеттік тіркес анықталушы мүше мен анықтауыштан құралған тіркестен, лепті сөйлем сұраулы сөйлемнен, анықтауыш нақтылаушы, күшейтпелі мағынадан, жалпы бір-бірінен ажыратыла алмас еді.

Содан кейін иғраб (الإعراب) сөзінің мағынасын түсіндіре келе, ол мағыналарды бір-бірінен ерекшелейді, сөйлеушілердің сөйлеу барысындағы мақсаттарына нақты тоқталатындығын атап көрсетті. Оны мысалы; егер сөйлеуші сөздерді нақты қаракаттарын қолданбайбылай десе: ما أحسن زيد، онда естуші оның мағынасын түсінбей қалуы мүмкін. Ал егер ол барлық қаракаттарымен айтатын болса, онда сөйлеушінің жеткізгісі келген мағынасы естушіге түсінікті болады. Мысалы: ما أحسن زيدًا немесе ما أحسن زيدٍ немесе ما أحسن زيدٍ.

бұл сөйлем Зәйдтің бір істі жақсы істемегендігін білдіреді.

бұл сөйлемде Зәйдтің қандай нәрсесі жақсы екендігі сұралып тұр.

бұл сөйлем Зәйдтің қандай жақсы екендігіне таңдану баяндалады.

Мұндай мысалдар араб тілі мен әдебиеті кітаптарында көптеп кездеседі. Оған мысал ретінде:

- Бір күні мүминдердің әмірі Әли ибн Әби Талибке бір кісі келіп, оған айтады: «قتل الناس عثمان».

Сонда мүминдердің әмірі: «Истеуші мен істелгенді айқында. Алла сенің жағыңды сындырсын,»- деген екен.

- Әбу Әл Әсуәд Әд Дуәли пен қызының хикаясы иғрабтың қатесі мағынаны өзгертетіндігіне дәлел болады. Бір күні қызы оған: «يا أبت ما أحسن السماء» сұраулы сөйлем ретінде айтады, бірақ қызының қалағаны аспанның әдемілігіне таңғалу еді. Сонда әкесі оның айтқанын түзеп: «ما أحسن السماء !» осылай деп айтасың деді.

- Ибн Қутәйбә риуаят еткен әңгімеде хауаридждерден болған бір кісі өз басшыларын, басшыларының есімі Шәбиб ибн Йәзид Әл Хариджи, мақтап қасида жазады. Ол қасидасында:

منا سويد و البطين و قتعب و منا أمير المؤمنين شبيب

Осы қасиданы естігенде Абдулмалик ибн Мәруәнның адамдары оны ұстап, халифаның алдына жеткізеді. Абдулмалик ибн Мәруән одан бұл өлеңді өзіне оқуын талап етеді. Сонда сол кісі: «Мен бұлай айтпаған едім. Мен бұлай айттым «منا أمير المؤمنين شبيب»- дейді. Сол кезде Абдулмалик ибн Маруан оны босатып жібереді.

«أمير المؤمنين» деген сөзді дамамен айтқан кезде сөйлемнің мағынасы: хауаридждердің көз-қарасымен олардың басшылары Шәбиб мүминдердің імірі болып саналады. Бұл дегеніміз Абдулмалик ибн Маруанның әмірлігін мойындамауды, оған бойсұнбаулықты, оны қолдамайтындықтарын көрсетеді.

«أمير المؤمنين» деген сөзді фатхамен айтқан кезде сөйлемнің мағынасы: «أمير» деген сөз қаратпа сөз болады да, оның қаратпа сөз екендігін білдіретін «يا» қосымшасы түсіп қалған болады, яғни «». Бұл «Уа мүминдердің әміршісі, біздің арамыздағы басшымыз – Шәбиб» деген мағынаны білдіреді. Осы арқылы бұл кісі бір үкімнен құтылады.

Осы мысалдар бір жай қараканың сөйлемдегі мағынаның қаншалықты өзгеруіне қатты әсерін көрсетеді және де оның құндылығы мен маңыздылығын баяндайды.

Али Ән Нәжди иғраб пен мағынаның байланысы туралы айтқан зерттеулерінде : 1957 (علي النجدي، 1957: 27-4):

- Бір риуаят етілген әңгімеде Әл Кисәи мен Әбу Юсуф Әл Қәди кездесіп, Әр Рашидтың алдына келеді. Сол жерде Әбу Юсуф النحو(грамматиканы) іліміне тіл тигізіп, мазаққа келтіре бастады. Мұны

естіген Әл Кисәи оған грамматиканың маңызын, артықшылығын, мәнін және оның алатын орнын көрсету мақсатында: «Бір кісі екінші бір кісіге: «أنا قاتلٌ غلامك» (Мен сенің қызметшіңді өлтірушімін) - десе, ал екіншісі: «أنا قاتلٌ غلامك» (Мен сенің қызметшіңді өлтіруші едім) - десе, әрқайсысына қандай үкімдер шығаратын едің?» - деп сұрайды. Сонда Әбу Юсуф: «Екеуіне де үкім шығарар едім,» - дейді. Оның сөзін естіген Әр Рашид: «Қателестің,» - деді. Ол араб тіліне байланысты ілімдерді оқыған болатын. Әбу Юсуф: «Ол қалай?» - дейді. Сонда: «أنا قاتلٌ غلامك» изафеттік тіркеспен, яғни قاتلٌ сөзін тануинсыз дамма түрінде, غلامك сөзін кәсрамен келтірген сөйлемді айтқан кісіге ғана жаза қолданылады. Өйткені ол қызметшіні өлтіруші болады. Бұл сөйлем істің өткен шақта болғандығын білдіреді,» - дейді.

Ал قاتلٌ сөзін тануинмен және غلامك сөзін фатхамен келтірген сөйлемді айтқан кісіге ғана жаза қолданылмайды. Өйткені ол қызметшіні өлтіруші болмайды. Бұл сөйлемде сөйлеуші іс-әрекеттің әлі болмағандығын, яғни келер шақтағы болмаған іс-әрекетті хабарлайды,» - дейді. Бұл сөйлемде сөйлеуші өліммен қорқытып сескендіреді. Демек қылмыс орындалмаған болып табылады.

- Құран Кәрімде: «و من يتوكل على الله فهو حسبه ، إن الله بالغ أمره ، قد جعل الله لكل شيء قدرا»

(سورة الطلاق: 3)

Бұл аятта «بالغ» сөзі даммамен және «أمره» сөзі кәсрамен оқылды. Сондықтан изафеттік сөз тіркесі болған кезде Алла Тағаланың талап еткен нәрселері және қалаған нәрселері болады деген мағына береді.

Сосын «بالغ» сөзі даммамен және тануинмен және «أمره» сөзі фатхамен оқылды. Бұл жерде изафеттік тіркес болмайды, және де мағынасы Алла Тағаланың әмірі орындалады, оны қайтаратын қайтарушы да, кедергі жасаутын кедергі де жоқ деген мағынаны білдіреді.

Сосын «بالغا» сөзін фатхамен оқылды. Бұл сөйлем Алла Тағаланың істерінің бірі ол – орындалу, өйткені ол әр нәрсеген белгілі мерзім, мөлшер белгіледі дегенді білдіреді.

Келтірген мысалдардан харакаттың ең бірінші сөзге әсерін, яғни сөздің айтылуын өзгертуі, сонымен қатар мағынасына да тікелей әсер ететіндігін көрсетеді.

Иғраб мәселесі мен оның маңыздылығын бұрынғы өткен ғалымдар да, қазіргі заманғы араб тілінің ғалымдары зерттеулері мен ізденістерінде қарастырды. Осы мәселені зерттеген ғалымдар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ иғрабты семит тілдерінен сақтап алынған араб тілінің ерекшеліктерінен деп есептейді. Бұл топтың ғалымдары иғрабты сананың мақсаты, тек онымен ғана мағынасы тиянақталатын тілдің мәселесі екендігін растайды. Егер иғраб жоғалса, мағына да анық болмайтынын тұжырымдайды. Екінші топ болса, иғраб дегеніміз сөздегі сыртқы түр мен құрылысының кемелдігі деп есептейді.

Араб тілінің бұрынғы замандағы ғалымдары иғрабты семит тілдерінен өзгешеленген араб тілінің ерекшеліктерінен деп есептейді. Және иғраб пен мағына арасындағы байланыстың бар екендігіне келіседі. Тек бір ғалым ғана осы ойға өз ойын қосты. Ол Қутруб (Әбу Әли ибн Мустасир (206 хижра/821 милади жылында қайтыс болды)) еді. Ол: «Сөз мағынасымен өйткені біз олардың тілдерінде иғрабы жағынан бірдей, мағынасы жағынан әртүрлі сөздерді және иғрабы жағынан әртүрлі, мағынасы жағынан ұқсас сөздерді көреміз,» - деді.

Сөздердің бірінші түріне, яғни иғрабы жағынан бірдей, мағынасы жағынан әртүрлі сөздерге мысал: إن زيدًا أخوه ، لعل زيدًا أخوه ، كأن زيدًا أخوه .

Сөздердің екінші түріне, яғни иғрабы жағынан әртүрлі, мағынасы жағынан ұқсас сөздерге мысал: ما زيدًا قائمًا ، ما زيد قائم .

Осы сөзін нақтылап айқындау үшін ол: «Егер иғраб шын мәнінде сөйлемге мағыналарын айқындау үшін, ажырату үшін қолданылған болса, онда әрбір иғрабтың мағынасы болар еді де, ол нақты болып қалар еді. Арабтар сөйлемдерінде иғрабты қолданды, өйткені олар есім сөзге тоқтағанда сукунмен тоқтайды, егерде жалғастырып оқығанда сукунмен болса, тоқтағанда да, жалғастырғанда да сукунмен болады. Бір сөзбен екінші сөзді қосқанда баяулайды, сол себепті хараканы жалғастырған кезде қолданады. Біз көргеніміздей, ол сөздер харакалы әріптен кейін сукунды әріп келуімен немесе екі харакалы әріптен кейін сукунды әріп келуімен құрылады. Сөз ішінде екі сукунды әріп келмейді. Тіпті төрт харакалы әріп те келмейді,» - деді. Егер Қутрубтың мазһабына сүйенетін болсақ, онда фағилді жәр түрінде де, рафғ түрінде де, насб түрінде де келтіруге болады деп айтуымыз керек. Иғрабы жағынан бірдей, мағынасы жағынан әртүрлі сөздерді және иғрабы жағынан әртүрлі, мағынасы жағынан ұқсас сөздерге иғрабтың келуі етістіктерден кейін келгенде болады. Етістіктен кейін екі сөз келсе, оның біреуі фағил (فاعل), ал екіншісі мафғул биһи (مفعول به). Ол екеуінің мағыналары әртүрлі, сондықтан ол екеуінің арасында айырмашылық бар. Сосын басқа сөздерді де осындай жолмен жасайды. Шылаулар етістіктермен байланысты болады.

Осы мәселеде қазіргі заманғы ғалымдардың ойларына келетін болсақ, олар да екіге бөлінеді. Бірінші топ: олар тіл білімі мен грамматика ғалымдарының көпшілігін қамтиды. Олар иғрабтың маңыздылығы мен араб тілінің сақталуына үлес қосып, оның ерекшеліктерін айқындаушылар болып табылады. Екінші топ: шығыстанушылар мен араб ғалымдарының шағын ғана тобын құрайды. Олардың ойынша иғрабты көрсететін қаракаттың ешқандай мағынасы жоқ. Бұл ойды жақтаушылардан Ибраһим Мустафа және Ибраһим Әнис. Ибраһим Әнис иғрабты қисса ретінде санады (198 :1975 إبراهيم أنيس). Дегенмен бұл топтың ойы қарсы дәлелдер әкелінді. Семит тілдеріндегі иғраб әсерін және алатын орнын зерттей келе, ассириялық және арамей тілдерінде иғраб жоқ екендігін, иврит тілінде иғраб белгілі бір сөздерге ғана шектелген деген қорытынды жасады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Иғраб (الإعراب) дегеніміз кейбір ғалымдардың пікіріндегідей ешқандай мағынасы да, сыры да жоқ, жай ғана қалыптар мен қатып қалған формалар сияқты сөздердің соңындағы дамма (الضمة), фатха (الفتحة), кәсра (الكسرة) қаракаттарының алмасуы немесе араб тіліндегі сөздердің соңғы әріптерінің қаракаттары оның сөйлемдегі орнына қарай, оларға әсер еткен факторларға, себептерге байланысты өзгерулері ғана емес. Иғраб (الإعراب) - сөздің жалпы сыртқы сипатына және өзгеру түріне байланысты берілген анықтама болып табылады.

Араб тілі нақтылығымен ерекшеленеді. Әр қаракат бір мағынаны береді, сол себепті иғраб мұқияттылықты талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Арабша-қазақша сөздік (2016), Нұр-Мұбарак баспасы, Алматы
Баранов Х.К (1977), Арабско-русский словарь. Москва

- إبراهيم أنيس (1975) ، من أسرار اللغة . الأنجلو ، القاهرة
ابن منظور (2005) ، لسان العرب . دار صادر ، بيروت
أبو الحسن أحمد بن فارس (1997) ، الصحابي في فقه اللغة العربية و مسائلها و سنن العرب في كلامها . علق عليه أحمد حسن ، دار الكتب العلمية ، بيروت
أبو الفتح عثمان بن جني (1958) ، الخصائص . تحقيق محمد علي النجار ، دار الهدى ، بيروت
أيمن أمين (2011) ، الكافي في شرح الأجرمية . دار التوفيقية للتراث ، القاهرة
علي النجدي (1957) ، من قضايا اللغة و النحو . نهضة مصر
مجمع اللغة العربية (2011) ، المعجم الوسيط . مكتبة الشروق الدولية ، القاهرة

ЖОО ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІп.ф.д., проф. **Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА*****Түйіндеме**

Мақала ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі жайында. Қазіргі білім беру жүйесіндегі қоғам талаптарына сай болып жатқан өзгерістер маманның әлемдік бәсекеге қабілетті болып, белсенді азаматтық ұстанымының болуын талап етеді. Осы тұрғыдан жоғары білікті маман ЖОО оқытушысына қойылатын талаптар жоғары.

Еңбек нарығын қанағаттандыруға бағытталған мемлекеттік стандарттардағы пәндер циклы бойынша таңдау компоненттерінің мазмұнын анықтауда болашақ маманның келешек кәсіби қызметі үшін маңыздылығы ескеріледі. Осымен байланысты ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі жоғары мектепте білім беру мазмұнына байланысты қоғам дамуы заңдылықтарына сәйкес өмірмен тығыз байланыста болуымен, оқыту үдерісінің педагогикалық ынтымақтастыққа құрылып, ізгілік сипат алуымен, білімнің жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуымен сипатталады.

Тірек сөздер: ЖОО оқытушысы, кәсіби құзыреттілік, жоғары мектеп, жоғары білім беру мазмұны.

PROFESSIONAL COMPETITION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTION**Abstract**

The article is about the professional competence of the university teacher. Changes that are in line with the demands of the society in today's educational system require the expert to have a world-class competitive and active civil position. From this point of view the highly qualified specialist is in high demand for the teacher of the university.

The cycle of disciplines chosen by the state standards aimed at the satisfaction of the labor market, takes into account the importance of the future professional for future professional activity in determining the content of the selection components. In this regard, the professional competence of a university teacher is characterized by a close connection with life in accordance with the laws of the social development associated with the content of education at the higher school, and the learning process is characterized by pedagogical cooperation and humane character, directed towards the comprehensive development of education.

Keywords: Teacher of higher education, professional competence, higher education, content of higher education.

КІРІСПЕ

Қазақстандағы білім беру жүйесінің түбегейлі жаңартылуының басты мақсаты - білім беру жүйесін жана әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімдеу.

«ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» жоғары білім беру жүйесін дамыту міндеттері төмендегідей айқындалған: білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу; өмір бойы білім алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру; жоғары білімнің еуропалық аймағына бірігуді қамтамасыз ету; білімнің, ғылымның және өндірістің бірігуін қамтамасыз ету; зияткерлік меншік пен технологиялардың өнімдерін коммерцияландыру үшін жағдай жасау; бейіндік мектептер үшін мұғалімдерді мақсатты даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс негізінде білім беру магистрлерінің бағдарламасы жетілдіру; модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу [1].

Жоғары мектептегі білім беру жүйесінің әлемдік деңгейіне жету мақсатында Қазақстан Еуропалық білім кеңістігіне енді, Болон Декларациясына қосылды, әлемдік деңгейдегі беделді жоғары оқу орны – «Назарбаев Университетін» құрды, жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігіне басымдық берілді: таңдау бойынша компонент бакалавриатта 40 %-дан 50 %-ға, магистратурада 50 %-дан 60 %-ға және докторантурада 70 %-дан 80 %-ға дейін ұлғайтылды, бәсекеге қабілетті

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, zharkyn123@mail.ru

мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде білім, ғылым мен өндірісті ықпалдастыру үрдісі жүргізілуде.

Бағдарламада қазіргі хал-ахуалын талдай келе, бірқатар кемшіліктер көрсетіледі: жоғары білім жүйесін қамтитын маңызды жасырын фактор жемқорлықтың болуы; жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық ресурстары жеткілікті қарқынмен жанартылмауы; кітапхана қорын жаңартудың бекітілген нормаларының сақталмауы.

Жалпы алғанда, ЖОО-ның басты міндеті - жаһандық бәсекеге қабілетті маман даярлау. Осы тұрғысынан Президент Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп көрсетті [2].

«Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп ойын қорытады.

Қазақстанның білім берудегі басты мақсаты - көшбасы мемлекеттердің қатарындағы елдердің білім беру жүйесіне кірігу. «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам», «ҚР Білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» жоғары білім беру жүйесінің мақсаты адами капиталды дамыту және ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру, ЖОО-ларды жоспарлы түрде автономды басқару жүйесіне көшіру мәселелері қарастыралған.

Мемлекеттік стандартта көрсетілген жалпы білім пәндері, базалық білім пәндері, кәсіптендіру білім пәндері циклдары бойынша таңдау компоненттерінің еңбек нарығында сәйкестендіріліп құрылуы, жұмыс берушінің талаптарын қанағаттандыратындай болуы жоғары білім беру жүйесінің білім беру мазмұнының үздіксіз жаңартып отыруды талап етеді.

Таңдау пәндерінің мазмұны болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі заман талаптарына сай қалыптастыру үшін, үш басты цикл құрамынан да орын алады. Бұл мәселелер еңбек нарығын қанағаттандыруға бағытталған.

Бәсеке үдерісінде адам ресурсын сапалы дамытудың маңызы өте зор, сондықтан нарықтық экономикаға бейімделген бәсекеге қаблеті, жаңа заманда жаңаша ойлайтын, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны дайындау шарт. Жоғары мектепте білім беру мазмұнының негіздері қоғам дамуы заңдылықтарына сәйкес өмірмен тығыз байланыста болуымен, оқыту үдерісінің педагогикалық ынтымақтастыққа құрылып, ізгілік сипат алуымен, білімнің жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуымен сипатталады, яғни білім мазмұны қоғам мұқтаждығын өтеп, қоғам дамуымен біте қайнасуы қажет.

Күрделі міндеттерді шешуде болашақ маман даярлығындағы жоғары оқу орны (бұдан әрі – ЖОО) оқытушысының рөлін анықтау - аса маңызды мәселе. Білікті маман даярлау – жоғары мектептің біртұтас құрамдас бөлігі, оның негізгі субъектісі – ЖОО оқытушысы.

Қазіргі кезеңде жаһандануға байланысты ЖОО-да оқытудың кредиттік жүйесі негізінде білім беру кеңістігінің бірегейлену үдерісі үздіксіз жүруде. Осымен байланысты ЖОО оқытушыларына әлеуметтік-кәсіби топтардың бірі ретінде қоғамдық екі маңызды міндет жүктелген: қоғам мен өркениет мұрасын сақтап, қорғау және дамыту, тұлғаның белгілі бір қалыптасу кезеңіндегі әлеуметтенуіне үлес қосуы.

ЖОО оқытушысына қойылатын талап – өте ауқымды. Осымен байланыстыда оның атқаратын қызметі де көпқырлы. Атап айтқанда, оқытушылық, ғылыми-зерттеушілік, кәсіби, басқару, коммерциялық, әкімшілік-шаруашылық т.б. ЖОО оқытушысының ерекше сипаты - оқытушылық пен ғылыми-зерттеу қызметті қатар алып жүруі. Ресей ғалымы З.Ф.Есареваның зерттеулері бойынша, ЖОО оқытушысының ғылыми-зерттеу жұмысынан гөрі оқытушылық қызметінің жетекші рөлі басым [3].

ЖОО оқытушысы үшін ең маңыздысы – өз ісіне қалтқысыз қызмет қағидасын жүзеге асыруы, өз ісіне берілгендігі. Осы қасиеті арқылы оқытушының студент алдында абырой-беделі артады.

Оқытушы беделі студенттің табысты оқып, жетістіктерге жетіп, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпалы зор. ЖОО оқытушысы кәсіби және жалпы мәдениетінің жоғары болуымен қатар, шыдамды, әдепті әділ, еңбекқор, табанды, ұстамды, байсалды, елгезек болуы тиіс. Бойында осындай қасиеттері бар оқытушы ғана жеке тұлға тәрбиелеп, оған жан-жақты білім бере алады. Оқытушы мен студент арасындағы сенімділік, ынтымақтастық студенттің шығармашылық ойлауы мен тұрақты оқу-танымдық уәжінің, кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сонымен, білікті ЖОО оқытушысы - болашақ маман даярлау үдерісінде білім мазмұнын кәсіби бағдар беруге сәйкестендіріп, оқытудың жаңа формалары мен оқытудың жаңа технологиялары негізінде студенттердің білім алуға ынта-ықыласын оятып, білікті маман болуға, білімді саналы да берік игеруге мүмкіндік жасайтын тұлға.

ЖОО-да маман даярлау ісіне қойылатын жаңаша талаптар, негізінен, халықаралық талаптарға сәйкес әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес болашақ мұғалімнің қоғамдағы әлеуметтік белсенділігін арттыру, маманның жалпы педагогикалық, әдіскерлік даярлығын қалыптастыру, өз бетінше білім алуға тәрбиелеу, педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттырып отыру іскерлігін қалыптастыру. Оқыту үдерісін оқу іс-әрекеті деп танысақ, ол - оқытушының ұйымдастырушы, нұсқаушы, бағыттаушы, жанашыр ретіндегі басқару әрекеті мен студенттің білімді ұғуы, түсінуі, ой қорытындысын жасауы, тұжырымы және жүзеге асыра білу іскерлігі, дағдысы, яғни белсенді, саналы тұтастықтағы, оқу әрекеті. Болашақ маманның кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыру үшін өзі таңдаған мамандығына сәйкес арнайы ғылыми пәндерден терең, жан-жақты білімі болу қажет, білім беру саласындағы негізгі құжаттарды, Мемлекеттік білім беру стандарты, оқу жоспары, бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құрал, ғылыми әдебиеттерді, озық тәжірибелерді меңгеруі қажет, сондай-ақ білім берудің халықаралық стандартқа бағытталған кеңістігінде көптілді тұлға болуға талпынуы қажет. ЖОО-да білім мазмұнын құрайтын негізгі буындардың бірі – арнайы пәндер топтамасы. Арнайы пәндердің кәсіби бағытта оқытылуы, оның болашақ маманның жалпы даярлығын қалыптастырудағы рөлі мен мүмкіндіктерін ашу – жоғары мектеп дидактикасының негізгі мәселелерінің, қағида, талаптарының бірі.

ЖОО оқытушысы моделі концептуалдық, мазмұндық-технологиялық және тексеру-бағалау негіздерінен көрініс табады.

Концептуалдық бөлік маман қалыптасуының әдіснамалық негіздері - құзыреттілік, демократиялық, тұлғалық-бағдарлық, ізгілік тұжырымдарына негізделеді. Мазмұндық бөлігі оқыту қағидадтары мен технологиялары, оқыту формалары (дәріс, семинар, зертханалық, өздік, ғылыми зерттеу практикалық, жобалар, үйірме, стартап, ғылыми семинар, конференция, олимпиадалар т.б.) мен оқытудың жаңа әдістерінен (ми шабулы, проблемдік, пікірталас, ойын іскерлік, тренинг, ақпараттық-коммуникациялық құралдар т.б.), тексеру-бағалау бөлігі өзін-өзі немесе өзара бағалау, рефлексиядан, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамытудан тұрады. ЖОО-да педагогикалық үрдісі екі жақты әрекет негізінде болады, «педагогикалық іс-әрекет екі тұлғаның – оқытушы мен студенттің белсенділігін қажет етеді. Осыған байланысты педагогикалық іс-әрекет қарым-қатынас заңдары бойынша құрылады. Әрі студент кәсіби дайындау жүйесінде бір емес, бірнеше оқытушымен ақпарат алмасады, өзара әрекет пен өзара қатынас жасайды. Сонымен қатар, педагогикалық бірлескен іс-әрекетті оқытушылар арасындағы қарым-қатынас та сипаттайды. Себебі жоғары мектепте де болашақ маманды мақсатқа сай дамыту, оқыту, тәрбиелеу міндеттері педагогтардың өзара келісті әрекеттесуіне тәуелді болады» [4, 140-141].

ЖОО-да білім беру жүйесіндегі маңызды субъектінің бірі – оқытушы еңбегінің табысты болуы оның студентпен жан-жақты қарым-қатынас орнату шеберлігіне байланысты болады: «Кәсіби білім беру жүйесіндегі барлық оңды өзгерістер оқытушының психологиялық ерекшеліктерге, ойлау тәсілге, шығармашылық белсенділігіне, өзіне және басқаларға деген игі қатысына, тұлғалық, педагогикалық құндылықтарына байланысты» [4, 142].

Белгілі ғалым А.Ерментаева өз еңбегінде В.Ломоносов атындағы ММУ-де өткізілген психологиялық тәжірибеде оқытушылардың мына түрлерін анықтағанын ерекше атап көрсетеді:

- 1) «мәңгі студент» - студенттерді түсінетін, оларды жеке тұлға ретінде құрмет тұтатын, пікірталасты қолдайтын оқытушылар;
- 2) «бұрынғы теңіші» - әскери тәртіп орнатып, «құлдықты» бағалайтын, өз айтқандарын бұлжытпай орындалуын талап ететін, жаза қолданатын оқытушылар;
- 3) «енжар» - студенттердің тұлғалық ерекшеліктеріне мән бермейтін өз қызметін енжар орындаумен шектелетін;

4) «стандарт оқытушы» - өз пәнін білетін, қызметін талапқа сай орындайтын, тұйық мінезді оқытушы [4,143].

Осыларды ішінен қазіргі кезең талаптарына сәйкес оқытушы типі ретінде «мәңгі студентті» атар едік, себебі оқытушының студенттермен қарым-қатынастағы ашықтығы, белсенділігі, пікір-таласқа түсе алу қабілеті, өзекті мәселерді шеше алу қабілетінің болуы болашақ маманның қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптасуына, оның кәсіби қызметіне сүйіспеншілігін арттыруға, оқу мотивацияларының тұрақтануына ықпал ететінін сөзсіз.

Сонымен қатар А.Ерментаева еңбегінде идеал оқытушы тұлғалық қасиеттерінен төмендегідей көрсетеді:

- ❖ студентті түсіне алады;
- ❖ өз пәнін терең біледі;
- ❖ әділ;
- ❖ студентті құрметте алады;
- ❖ студентпен қарым-қатынаста белсенділік танытады;
- ❖ білімі жан-жақты;
- ❖ ғылыми зерттеу жұмыстарында құзыреттілік танытады;
- ❖ тәуелсіз пікір, қылық таныта алады;
- ❖ психологиялық мәдениетті игерген [4, 156].

Игенбаева Р.Т. «Жоғары мектеп педагогикасы» атты еңбегінде ЖОО-да студент екі түрлі күрделі бейімделуден өтетінін көрсетеді: 1) ЖОО-да оқу үдерісіне адаптация; 2) әлеуметтік-психологиялық адаптация: «біріншісі студенттің оқу процесін ұйымдастырудың сипатын, мазмұнын оның талаптарын меңгеруге бағытталса, екінші түрі академиялық оқу тобындағы басқа топтар мен курстардағы жолдастарымен қарым-қатынас қалыптастыруға бағытталған». Сондықтан студенттің алғашқы кезеңде өз бетінше жұмыстарды орындай алмауы, лекция жазу, конспект даярлау, ғылыми терминдерді игеру, көлемді ақпаратты меңгеру, талдау жұмыстарын меңгер алмауы секілді көптеген қиындықтары кездеседі. ЖОО оқытушысының жауапты міндеті - осы мәселелерді шешуге көмектесуі [5, 169].

Автордың зерттеулер бойынша пайымдауында адамдар арасындағы мейірімділік, ізгілік негізінде қамтитын қарым-қатынас оқытудың тиімділігін 15-18 пайызға, ал керісінше, педагогтің нашар көңіл-күйі, оқу материалының ішпыстырар қызықты емес болуы оқытуды 10 пайыздан 37 пайызға дейін төмендететін айтады [5, 118].

ЖОО оқытушысының бойындағы маңызды белгі – педагогикалық мәдениет, яғни педагогикалық этика, әдеп, адамгершілік, іскерлік қарым-қатынас – оқытушы тұлғасының маңызды құрамдас бөліктері.

[5, 119]

Жалпы, педагогикалық еңбектерде оқытушының басқару стильдеріне авторитарлық стиль (оқытушының үстемдігі, студенттің белсенділігінің төмендігі, бір жақты, субъективті пікірдің басымдығы, оқудың жағымсыз мотивациясының жоғарылығы), анархиялық стиль «оқытушының немқұрайлығы, студенттің бақылаудан тыс қалуы т.б.), демократиялық стильдерді (шығармашылық, бір-біріне сенімділік, жеке тұлғаға бағдарланған т.б.) атайды. Осы тұрғыдан ЖОО оқытушысының демократиялық стильді ұстанғаны мақұлданады. Әрине, бұл қасиет жас оқытушыларда үйреніп, бірте-бірте қалыптасатын қасиет.

Сондай-ақ ғалым ЖОО оқытушысының бойындағы маңызды қабілеттерді көрсетеді: экспрессивті қабілет (ойын дәл, анық, әсерлі жеткізе білуі, дидактикалық қабілет (оқу үдерісін дұрыс құра білу), авторитарлық қабілеті (студенттер арасында беделге ие болуы) ғылыми-педагогикалық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындай алуы, перцептивті қабілет (әрбір білім алушының жеке-тұлғалық қасиетін түсініп, қабылдай алуы, дұрыс бағыт-бағдар беруі), коммуникативтік қабілет (оңтайлы қарым-қатынаста болуы, құрметпен қарап, әдепті сөйлеуі), тұлғалық қабілет (педагогикалық әдебінен көрініс табады), ұйымдастырушылық қабілет (оқу-тәрбие үрдісіне байланысты әрекеттерді анық, айқын өткізе алу, мажорлық қабілет (көтеріңкі көңіл- күй, оптимизм, әзілдей білу т.б.), психомоторлы қабілеті (қозғалыс, қимыл дағдылар), зейінін шоғырландыра алу қабілеті (зейінін аударта білу тетіктерін білуі), гностикалық қабілет (ұжымның хал-ахуалына талдау жасай білу, анықтау, конструктивті қабілет (жоспарлау, болжау, анықтаудың тиімді әдістерін білу) [5,123-126].

Сонымен, ЖОО оқытушының педагогикалық әрекетінің мазмұны білім алушыны оқытуға, тәрбиелеу, дамытумен сипатталды. ЖОО оқытушысының педагогикалық әрекетінің ерекшелігі – екі жақтылығы, яғни оның студентпен қарым-қатынас орнатуы.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа үрдісі – ғылыми білімді жеткізуші ғана емес, ғылым ақпаратта қабылдауға бейімделуге үйрету, оның тиімді әдіс-тәсілдерін игерту. Осы тұрғыдан студентпен тең дәрежедегі субъект-субъектілік қарым-қатынас түрі оның шығармашылық қабілетін ашуға көмектеседі, ал оқытушының әрекеті студенттің шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталады. Дәріс оқуда, кеңес беруде, өздік жұмыстарын орындауда студенттің өмірлік құндылықтарын қалыптастыруға, оның мәдениеті мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету қажет. Сондықтан оқытушы тәрбие аспектісін де өзінің басты міндеті ретінде қарастыруы тиіс.

Оқытушының кәсіби құзыреттілігіне өз пәнін, ғылым саласын жетік білуі, әдістемелік мәдениеті ретінде оқыту әдістерін, оқытуды тиімді ұйымдастыру жолдары мен бағалау, оқу бағдарламаларын құрастыру, оқу құралдарын таңдау, ғылым жұмыстарына жетекшілік ету, ғылыми әрекетінің мәдениеті ретінде логикалық ойлау, ғылыми жұмыстарды талдау, зерттеп-зерделеу әдістерін білуі, ғылыми зерттеу нәтижелерін мақала монография, патент т.б. ғылыми жобалар түрінде көрсете білуі, ақпараттық мәдениеті ретінде ақпаратты таңдау, өңдеу, жинақтау ақпараттық-технологияларды білу, білімді бақылаудың автоматтандырылған түрлерін автоматты бақылау, бағалау әдістерін білуі қабілеттері жатады. Тәрбие жұмыстарын жүргізу мәдениеті ретінде тәрбиелеу әдістерін, оның мақсаттары мен міндеттерін білу, топтағы көшбасы, белсенділерді танып, олардың тәрбие жұмысына ұйымдастыра білу, өзінің бойындағы жақсы қасиеттеріме ықпал ете білуі, сөз бен іс арасындағы байланысты орнарту жатса, сөйлеу мәдениеті ретінде лингвистикалық дағды, іскерліктерінің болуы, әртүрлі пікірталастарға қатысу және тиімді ұйымдастыру, сауаттылығы, мәнерлеп сөйлеу, жақсы дикцияның болуы, және саяси мәдениеті ретінде: әлемде, еліндегі саяси ахуалды білу, талдай білуі, өзіндік белсенгі ұстанымының болуы, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіну секілді қасиеттерді игеру қажеттігі шарт [6, 15-20].

Қорыта айтқанда, ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі студенттің келешекте қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне сай әрекет ете алатын білікті маман болып қалыптасуында маңызы рөл атқарады. Осы тұрғыдан, оқытушының кәсіби біліктілігі - жоғары білім беру жүйесінде өз саласында табысты болуының алғышарттары негізінде қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру //«Егеменді Қазақстан» газеті, - Алматы, 2017. - №10 (78). 1-б.
3. Есарева З.Ф. Особенности деятельности преподавателя высшей школы. М., «Знание», 2006.
4. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы. Оқулық. А., Дәуір, 2012. - 492 б.
5. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. - А., - 169 б.
6. Преподаватель вуза: технологии и организация деятельности: Учеб.пособие /Под ред. д-ра экон. наук, проф. С.Д. Резника. - М., ИНФРА, 2010. - 389 с.

SUNQUR TÜRKLƏRİ: FOLKLOR VƏ DİL

Prof. Dr. İsmayıl KAZIMOV*

Xülasə: Məqalədə ilk dəfə geniş olaraq İranda yaşayan sunqurların tarixi, mədəniyyəti, adətləri, folkloru və bəzi dil xüsusiyyətləri araşdırılır. Məlumdur ki, sunqurlar\sonqorlar “Qur” tayfasının qalıqlarıdır. Onlar şimal ərazidə, sonra isə Cənubi Azərbaycanın Kermanşax vilayətində məskunlaşmışdılar. Sunqur şəhərində 40 min nəfərdən çox bu dildə danışır. Dil digər dillərin (fars, kürd və s.) təsirinin altında idi və sözlərin çoxu assimilyasiya olmuşdur.

Açar Sözlər: *Sunqurlar, Kermanşah vilayəti, sunqur dialekti, fars dili, kürd dili*

SUNQUR TURKS

Abstract: In article was researching in wide plan for the first time the history, culture, traditions, folklore and in some language features of Sunqur Turks living in Iran. It is known that the sunqurs/sonqors are remain of “qur” tribes. They were settled in the northern territory and later in the southern territory of Azerbaijan in Kermanshah province. More than 40 thousand people speaks in this language in Sunqur city. The language was affected by other languages (Persian, Kurdish, etc.) and were assimilated the most of the words.

Keywords: *Sunqurs, Kermanshah province, Sunqur dialect, Persian, Kurdish language.*

GİRİŞ

Sunqurlar türk dünyasının ulu boylarından (qur tayfaları) biri olub özünəməxsus xüsusiyyətləri ilə hazırda İran ərazisində bir struktur daxilində təşəkkül tapan, keçmişin bir parçasıdır. Onların tarixi təşəkkülündə aborigen və gəlmə türklərin böyük rolu olmuşdur. Onlar tarixi Gırmanşah əyalətinin Sunqur şəhərində yaşayırlar.

İran türkcələrin bol olduğu, bol işləndiyi ölkələrdəndir. Azərbaycan dili İranın Tehran, Kərac, Savə, Qəzvin, Şiraz, İraq, Qum, Xorasan, Həmədan, Ərdəbil, Qərbi Azərbaycan (Urmiya), Şərqi Azərbaycan (Təbriz), Zəncan və s. diyarlarında danışılır. Böyük klinikalarda Azərbaycan dili mənşəcə fars olan həkimlərin də əsas danışığı vasitəsidir.

İrandakı türk dilləri haqqında İranda, Türkiyədə, Azərbaycanda və digər ölkələrdə tədqiqatlar aparılır. İrandakı türk dilləri haqqında tədqiqatlar ilk dəfə 1960-cı illərin sonunda başlamışdır. Gerhard Doerfer və tələbələri 1968-1973-cü illər arasında İranın türklər yaşayan bölgələrinə gəlmiş, əsasən xalaç və xorasan dilləri üzərində ciddi tədqiqatlar aparmışlar. Bu dialektlərə ərəb, fars, kürd və s. dillərin ekstralingvistik təsiri də göstərilmişdir. Tədqiqat aparan araşdırıcılardan Semih Tezcan, V.Hesche, S. Fazsy, M.F.Bozkurt, S. Tulu və başqalarının zəhmətini qiymətləndirmək lazımdır. G.Dorfer və tələbələri Xalaççayı hövzəsinin spesifik dilini kəşf edərək türkoloji aləmdə tanındılar (Dorfer, 1992: 264-266; 11)

İranda türk dilinin bir sıra dialektləri mövcuddur. Maraqlıdır, nüfuz etibarını ilə kiçik türk topluluqlarının (xalaçların, türkmənlərin, xorasanların, qaşqayların və sunqurların) dilləri İranda daha çox araşdırma obyektinə çevrildiyi halda, ən böyük türk topluluğu olaraq tanınan Azərbaycan türklərinin dili yetərinə tədqiq edilməmişdir. Bəllidir ki, İranda bu dilin araşdırılmasına imkan verilməmişdir.

Dialekt araşdırmaları, dil və xalqın tarixinə, mədəniyyətinə, etnomədəni mühitinə dair önəmli faktlar verə bilər. Məsələn, Xalaç türkcəsinin kəşfi, əski Anadolu türkcəsindəki dil əlamətlərini daha çox qoruyub saxlayan Xorasan türkcəsinə aid aparılmış tədqiqatlar türk dili və dialektlərini yenidən təsnif etmək məcburiyyətini ortaya atmışdır. Elbrus Əzizovun tədqiqatları bu cəhətdən önəmlidir (Əzizov, 1999: 34)

Tarixi xarakterli etnik yerləşim əraziləri və nüfuz sayımları ilə seçilən türklərdən biri də *sunqurlardır*. Sunqur türkcəsi 40 min sunqurlunun ana dilidir. Sunqur türkləri İranın Gırmanşah vilayətinin Sunqur bölgəsində yaşayan Azərbaycan türkləridir. Ana yurddan ayrı düşmüş bir bölüyüdür. Sunqurların yaşadığı ərazi əsasən dəniz səviyyəsindən 1700 km. yüksəklikdə yerləşir. Bu ərazi qədim Azərbaycan əyaləti olsa da, hazırda İranın Gürdüstan əyalətinə verilib. Şəhər əhalisinin əksəriyyəti sunqur dilində danışır. Sunqurlular farslarla, kürdlərlə qaynayıb qarışmışlar. Bir-birinə qız verib, qız almışlar. Danışığı dili əsasən türkcədir. Onların 40 mindən çox cəmiyyətləri (əhalisi) vardır. Sunqur şəhəri İran-İraq müharibəsindən əvvəl türklərin şəhəri olub. Savaştan sonra burada kürdlər də məskunlaşmışlar. 1991-ci ilin statistikasına görə əhalinin sayı 37.772, sonradan ataraq 44.559 nəfərə çatmışlar. Sunqur şəhəri İranın 181-ci şəhəridir. Onlar Bəxtiyari

* AMEA-nın Nəsimi adına Dilçilik İnstitutunun Müasir Azərbaycan dili şöbəsinin müdiri, cahid@ismayilglu.com

bölgəsinin quzey hissəsində yaşayırlar. Fərqli təbiəti, iqlim şəratiti vardır. Sunqur şəhəri ətraf Zaqras dağları ilə əhatə olunub.

Sunqurluların özünəməxsus adət-ənənələri vardır. Sunqurlularda belə bir adət-ənənə var. Təzə doğulan körpənin qulağına əzan oxunur, adı da elə oradaca verilir. Tayfa böyükləri bu mərasimdə hədiyyələr gətirirlər.

Ailə qurmaq mərasimi: qız bəyənmək, kəbin kəsmək, məsləhət aşısı, dəvətnamə, otaq gecəsi, xına yaxdı, ayaqaçdı, bayramlıq və s.

Yas mərasimi: yasdən çıxarmaq, qara bayram, mal-davar kəsmək, şərbət içmək, sarı şilə yeməyi, həlim paylanması, imamlara sevgi, ehsan və s.

Qara sunqurlar da var, onlar Ağ sunqurlardan fərqlənirlər. Sunqur\Sunqar-şahin, laçın. Tarixən bu tayfalar qoçaq, zirək, döyüşkən olmuşlar. Onların ad-sanı göylərə ucalmışdır.

Ağsunqurların Marağa hakimliyi barədə də tarixi məlumatlar mövcuddur. 1117-ci ildə əl-Əhmədili İsmaili təriqətinin radikal qollarından biri olan nizarit agentləri tərəfindən Bağdadda öldürüldü. Onun keçmiş qulu, türk mənşəli Ağsunqur əl-Əhmədili yaranmış bu əlverişli şəraitdən istifadə edərək Marağada hakimiyyətini ələ keçirib Ağsunqurilər sülaləsinin əsasını qoydu. O, Marağadan başqa, Rəvənduz qalasını da ələ keçirdi. İraq Səlcuq sultanı II Mahmudun sarayında böyük nüfuz malik olan Ağsunqur onun oğlanları Davudun və Məsudun atabəyi olmuşdur. 1131-ci ildə xəlifə əl Müstərcid yeni sultan Məsudun adına xütbə oxunması üçün əmr verdi. Tezliklə Sultan Məsud öz atabəyi Ağsunqur əl-Əhmədili və çoxlu türk əmri ilə birlikdə Aərbaycana gəldi. 1133-cü ildə Ağsunqur Həmədanda nizaritlər tərəfindən öldürüldü...1221-ci ilin əvvəllərində Marağa yenidən Ağsunqurilərin əlinə keçdi. 1227-ci ildə Süləfə xatunla evlənən Xarəzmşah öz əmrini Marağaya hakim təyin etdi və beləliklə, Ağsunqurilər sülaləsinə son qoyuldu (Bax: Tarix.info)

Dağlıq Sunqurlar haqqında da mənbələrdə müəyyən məlumatlara rast gəlinir.

Sunqur şivəsi ilk dəfə Vindir For tərəfindən öyrənilmiş İran türklərinin ləhcələrindən biridir. Girmanşahın şimal –şərq hissəsində və onun Fərhadxan qalasında bu dildə danışılar Bu bölgənin camaatı kürd və farsdırlar, amma türkdilidirlər.

«Varlıq» jurnalında Ərak (İraq) və Sunqur-Qurvə ləhcələri barədə bəzi dağınıq yazılara təsadüf etmək olur.

Girmanşahın qədim Azərbaycan ərazisi olub-olmaması barədə fikirlər dolaşır. Böyük Rəsullunun «Cənubi Azərbaycanda türk ləhcələri» məqaləsi 1997-ci ildə (22.06) «Ədəbiyyat» qəzetində çap edilmişdir. O, məlumat verir ki, bu ərazidə türk və kürdlərin kəndləri tamamilən türkləşmişdir. Fars dili danışıda öz nüfuzunu sanki itirmək üzrədir (Rəsullu, 1995)

Bu günkü İran kürdüstanına məxsus toponimik adlar və hətta şəhər nüfuzu (bicar, qürvə, sunqur) türkdür və fars rejimi neçə-neçə şəhəri Azərbaycandan qoparıb kürd əyaləti idarəçiliyinə verib.

Dr.Cavad Heyət «Türklərin tarixi və mədəniyyətinə bir baxış». II, (Bakı, 1998) kitabında (Heyət, 2011: 352) Sunqur türkcəsi barədə də bəzi bilgiler vermişdir.

M.Musaoğlu yazır ki, «Sonkor dili və ya türkcəsi danışmaq dili səviyyəsində ana dili kimi işlənir, cəmi 35 min adam tərəfindən İranın Sonkor şəhərində və Fərhad Xan yaşayış yerində danışılır. Sözügedən dil və ya ədəbi dil səviyyəsinə malik olmadığından ümumtürk dilinin və ya oğuzcanın bir dialekti kimi qiymətləndirilə bilər» (Musayev, 2012:39)

Sunqurların dili G.Dörferə, Tələt Təkinə və Məhmət Ölməzə görə əcdad dil türkcədən (prototürk) gələn bir dialektidir (Языки мира: Тюркские языки, 1997: 71, 168). Sunqur dilinin Azərbaycan dili ilə iç-içə olması və onun oğuz qrupu türk dillərinin arasında mövcudluğu sosiolingvistik baxımdan şərtləndirilir. Deyildiyi kimi, bu dil-dialekt ədəbi dil səviyyəsinə yüksələ bilmir. Bu əcdad dilin xüsusiyyətləri müəyyən kriteriyada bilavasitə qorunduğundan ümumtürk dilinin, oğuzcanın bir şivəsi-dialekti kimi dəyərləndirilə bilər.

Sunqurların dili də türk və kürd millətləri arasında ünsiyyət vasitəsi olaraq istifadə olunur. İranın digər türk dialektlərinin daşıyıcıları da bu dili başa düşür və bir-biri ilə danışılar.

Z.Bünyadov öz əsərində qeyd edir ki, XII əsrdə Arranın hakimi Qara Sunqur, Marağa (Cənubi Azərbaycan) hakimi isə Ağ Sunqur idi (Бунятов, 1978: 23). Mənbələrin birində 1139-cu ildə Gəncədə baş vermiş zəlzələ zamanı ölənlər arasında Arranın hakimi Qara Sunqurun ailəsinin də olduğu qeyd edilir (Гольцман, 1949: 35)

Sunqurların damğaları (onqonu) Ağ sunqurlardır; ağ sunqur quşu totemidir.

Sunqurun ikinci komponenti ümumhün etnik adı olan «qur»la (məşhur hun tayfaları: onoqur, saraqur, uyğur, utiqur, kurtiqur və s.) əlaqədardır (*Kazımov İ. Axisqa türkləri: Dil, tarix və folklor. Bakı, «Elm və təhsil», 2012, s.169*)

Nəsillərin yaddaşı sunqurluların etnik mədəniyyəti ilə də köklənir. Folklor onların həyat eşqi, dünya-görüşü, mənəviyyəti və canlı tarixidir. Ümumtürk mədəniyyətinin bir qolu olan şifahi xalq örnəklərində sunqurluların əyilməz ruhu, bitib-tükənməyən daxili enerjisi cəmləşmişdir.

İrana bir neçə dəfə səfərim zamanı, ümumiyyətlə, burada ölüb getməkdə olan türkcələrin taleyi ilə, xüsusən də sunqur türkləri ilə maraqlandığımı bildirdik. Hörmətli Hüseyn Məhəmməd oğlu Xoşbati onların yaşadığı ərazi ilə, məşğuliyyətləri ilə, tarixi ilə və bugünkü durumu ilə məni məlumatlandırdı. Hüseyn müəllim onların şifahi xalq örnəklərindən ibarət xeyli səs yazılarını, xalq mahnılarını, deyimlərini və s. toplayaraq bizə hədiyyə verdi. Bu örnəklər əsasən bayatı formasındadır. Sunqur türkcəsində olan mətnlərin bəziləri ilə hörmətli oxucularımızı tanış etmək istəyirəm.

Folklor mətni

Damnən damə damimiz
Yaxindi iyvanimiz
Sən ördə dur mən bürdə
Kür olsi düşmənimiz

Kükdə qarələn bulid
Rəngi saralən bulid
Yarı yarıldədən ayırdı
İndi aralən bulid

Damnən damə gəlmişəm
Gül dərməğa gəlmişəm
Bir cüt maralim itirmişəm
Əxtərmağa gəlmişəm

Ala gözli ceyranə
Axtarməğə gəlmişəm

Qızıl gül əbrim əbrim
Kəsili tabu tükənib
Yarım gəzən yerlərdərdədir
Qazılsın mənim qəbrim .

Gök at kişnədi gəldə
Buxa dişlədi gəldə
Qurban ulum qardaşə
Tüyüm başadi gəldi.

Gecələr yuxum gəlməz
Gündüz işimdən oldim.

Sunqurlu şairin şeirindən bəzi parçalar.

Qəzəl «Qərib toprax» adlanır, müəllifi Əli Məhəmməd Qurani İmranidir.

Bəhari tən bölən dünya
Açılmaz gül xəzanindən
Bu dünya bostanından
Mürvətsiz fələk çərxi
Vəfa afləatünə satmə
Ələ çatmsa
Bu dünyanın tikanından

Nə hasil gördü
Həsərət qaldı canından
tir ayrılmaz kəmanından

Keçər öz aşınayından

Bu dünyanın tikanından
 Nə hasil gördü
 Müsafir kərvanlərdə
 Qubadu- Cəm (şid)bu torpaxda
 Biləx fərman rəva imişlər
 Qardaş
 Hekayətlər deyər dünya
 Keçən günlərdə İmrani
 Görmədi heç kəs
 Bu dünya bustaninən
 Vəfa
 Əla çatmaz
 Bu dünyanın
 Ki həsrət
 Qanad
 Əcəl tip ayrılmaz kərvanindən
 Fələk
 Mühacir quş xəzanindən
 Pir ayrılmaz kamanından
 Bir sunqurlu şair də vətəninə bir uzun şeir yazıb. Şeir «Sunqurum» adlanır:
 Vətənim, sunqurum, sənin torpağın mənim məzarım
 Ey torpağımım sürmə
 Düzlərə
 Gülən üzülərə
 Sunqur, danış ürəkləri şad eylə
 Yıxılmış ürəkləri şad eylə
 Sunqur, aç qucağın
 Sunqur, ürək dərdi mənə
 Başda keçən günlərə
 Əyran içən günlərə
 Su içən günlərə
 Mərdanəlüx günlərə
 Çayda gələn qız açılan bəxtinə
 Damədə durar toya baxər
 Aqşəm başa baxmaqləri
 Yarı gecə xəmir çatan
 Çörək yapən gecələr
 Söz eşidən qulaxlər
 Dər bilən uşaqlər
 Həsrətəm
 Naməz vaxti
 Nənə otaq
Yekə nənə qapı-bəcəni sulardi.
 Biganəlik var idi.
 Qardaş qardaşa baxmazdi.
 Ay tutu alan gecələr və s.

Sunqurluların sevgi aləmi folklor örnəklərində belə tərənnüm olunur:
 Seni çok seviyorum
 Unutma sevgili beni
 Nereden aşık oldum sana
 Gecemde sensin gündüzümde
 Umrumda değılsin diyemiyorum
 Rüzgar esiyor uzaktan (Sunqurlara aid şeir)

Məsəl var deyərlər: «*Səncər durarsa, Sunqur durar*». Bu məsəl İran türklərinin nitqində tez-tez işlənir. Bunun əvəzində onlar *Səncər tursa Sonqur turqay kimidir* ifadəsindən də istifadə edirlər. Şərti cavabı şərti qabaqlayaraq «Sonqur turğay Səncər tursa demək də olar». «Keçmişdə şərt mənasının ifadəsi üçün «Səncər qalxmış olsa idi, Sunqur qaxmış idi» mənasında «Səncər turmuşmısa, Sonqur turmuşdı»-cümləsi də işləkdir. (Kazımov, 2011)

Sunqur sözü tarixi bir söz olduğu üçün onun tərkibi də fonetik cəhətdən mənbələrdə dəyişmiş formada təqdim olunur. T.Əhmədov (Əhmədov, 1991: 224) kitabında məlumat verir ki, Azərbaycan toponimiyasında qədim s-ş dialekt elementlərini qoruyan bir çox toponimik adlara rast gəlinir. Belə ki, istər qədim qırcaq –türk abidələrində və istərsə də müasir qırcaq qrupu türk dillərində s əvəzinə, əsasən ş səsinin işlənməsi (Ширалиев, 1965: 5-17) göstərir ki, toponimiyamızda əks olunan ş ünsürü məhz erkən orta əsrlərdə Azərbaycan ümumxalq danışq dilinin formalaşmasında əsas rol oynamış qırcaq tipli savir-xəzər dil ittifaqlarının elementlərindəndir. Qədim Azərbaycan dilinin bu arxaik dialekt ünsürünə Qəbələ rayonundakı *Şonqar dağı* və *Şonqar bulağı* toponimlərinin (Гукасян, 1981: 76-84), respublika ərazisindəki Şalbuз dağı oroniminin, Qaradağ rayonuna daxil olan Şonqar kənd adının, Quba və Şabran rayonları ərazisindən axan Şabrançay hironiminin və həmin rayonların həmsərhəd zonasında mövcud olan qədim Şabran qalası xarabalığı adının əvvəllərində rast gəlinir. Bu cəhətdən Qobustandakı Süngürdağ və Şonqardağ oronimləri diqqəti daha çox cəlb edir. Belə ki, həmin oronimlərin əsas komponentləri yerində işlənmiş süngür və şonqor sözləri əsasında formalaşan hər iki coğrafi adın eyni regionda, kiçik bir ərazidə mövcudluğu vaxtilə burada iki qohum dialektin fəaliyyət göstərdiyini əyani şəkildə sübut edir. Həm qədim türk abidələrində, həm də müasir türk dilləri və dialektlərinin bir çoxunda s-ş uyğunluğuna rast gəlinməsi də bu fikri əsaslandırmağa imkan verir: şonqar «şahin» abidələrdə songur (Древнетюркский словарь, 1969: 508), sunqur (Древнетюркский словарь, 1969: 514), sunğar (Древнетюркский словарь, 1969: 525), qırğız dilində: sunkar; türk dilində: şunkar *(Türkiyeden bir gün ucar Oğuz Şahın sunguru... (Nur, 1972: 349); özbək dində: şunkor/surkur/sunqlar; uyğur, altay dillərində: şunkar; qazax dilində: sunkar və s. (Гапаев, 1981:12)

Cəbrayıl rayonunda Diri dağının ətəyində yerləşən qədim və xarabalıqları qalmış qəbiristanlıq yerli əhalinin dediyinə görə şunqurların olmuşdur. Bu ərazinin tarixi (Mazannənə piri, ətraf qədim çinarlar, Aşıq Qurbanın, Pərinin qəbirləri və s.) öyrənilərsə, şunqurların da həmin ərazilərdəki izləri aydınlaşar.

Əslən Sungurlu olan bir türklə-müəllimlə klinikada tanış oldum. İlk dəfə eşitdiyim üçün sunqur türkləri barədə ondan məlumat almaq istədim: «Ağa, İranın Girmanşah şəhərindən 70 km. quzeyə doğru Sungur adlanan bir şəhər var. Bu şəhərin əhalisi Sungur türkcəsində danışırlar. Sungur türkləri monqollar dönməndə bu bölgəyə gələrək məskunlaşmışlar. Danışığımızda xeyli sayda monqol kəlmələri də qalıb. Məsələn, monqollar «*solqoy*» deyir, biz isə «*solaqay*» (Cəbrayıl keçid şivəsində «solaxay» (sol əlililə işləyən adam), onlar «buxa» deyir, biz isə «buğa», onlar «xonin» deyir, biz isə «koy», «qoyun» deyirik, monqollar «toqoruu» deyir, biz isə «turna» (durna) deyirik. Bu dil yoxolma təhlükəsi qarşısındadır. Yörədə yaşayan fars və kürdlər tərəfindən sıxışdırılır. Sungur türkləri deyərlər: *Ceyranlar qatar gələr, Dincəlib yatar gələr. Yataxtan su içmeye, Dözer gün batar gələr. Qaradağın alçası Döşenibdi xalçası, Bir gözəl qız semişem, Qızıl gülin qonçası*».

Bu fikrə əlavə olaraq göstərə bilərik ki, türk və monqol dillərinin müqayisəsi ilə məşğul olan alimlər müəyyən qədər söz kökünün hər iki dil qrupunda uyğun olduğunu üzə çıxarmışdır. Qazax alimi T.Nomınxanov 3 nitq hissəsi üzrə araşdırma apararaq, 938 isim, 145 sifət və 477 feil kökünün eyni olduğunu müəyyən etmişdir. (Номинханов, 1966:10)

Ə.Abdullayev də araşdırmalar nəticəsində Azərbaycan dilində işlənən «mal güdən, mal saxlayan, malotaran, tarlaçı, kəndli, atçı, qoyunçu, çoban, sağıcı, suçu, su daşıyan, maldar, dəyirman, elçi, çiçəklik» və s. sözlərin bəzi dəyişmələrlə (mal xariulaq, malçı, tarlaçın, aduuçin, xonçin, saalçin, ueçin, malçin, teeremq, elçin, tsitsieqlek və s.) monqol dilində də işləndiyini müqaisə yolu ilə müəyyənləşdirmişdir (Abdullayev, 1992:282); (Kazımov, 2010:330)

İranda türk dialektləri bir-birindən əsas etibarlı ilə fonetik variantlara görə fərqlənir. Azərbaycan, sungur (sonkur), xorasan, qaşqay, xalaç türkcələri bu və ya digər dil cəhətinə, səviyyələrinə görə bir-birindən seçilir. Amma bunların arasında xalaçların dili ən çox fərqlilik kəsb edir. Hətta qaşqay və sungur türkcələri Azərbaycan türkcəsinin şivələri kimi qeyd və təsbit olunur.

Sözün düzü, İran azərbaycanlıların dialektləri, şivələri haqqında yazılan tədqiqatlardan xəbərsizik. Türkiyədə bu mövzuya maraq güclü olmuş, bir sıra tədqiqatlar aparılmışdır. Təqdir olunasıdır ki, 2012-ci ildə Türkiyənin Hacitəpə Universitetində IV Uluslararası Türkiyat araşdırmaları Sempoziyumu «Dilləri və kultürləri yoxolma təhlükəsinə məruz türk topluluqları» adlı tədbir keçirilmiş, YUNESKO xətti ilə müəyyən olunmuşdur ki, dünyada 6700 dilin yarısı yox olmaq üzrədir. Onların içərisində qaşqay və sunqur türkcəsi,

xorasan və xalaç türkcələri də vardır. Odur ki, bu türkcələrin mətnlərini toplamaq, onların leksik-qrammatik incəliklərini öyrənmək yaxşı olardı.

Müşahidələrim göstərdi ki, bu dilin fonetik, leksik, qrammatik və s. xüsusiyyətlərini dərindən öyrənmək üçün Azərbaycanda mərkəz olan Dilçilik İnstitutunda xüsusi bir qrup yaradılmalıdır. Bu qrup İranın kəndlərində, əyalətlərində, şəhərlərində müxtəlif təbəqədən olan insanlarla görüşməli və onların söhbətləri əsasında ayrı-ayrı dialektlərin tipik və xarakterik xüsusiyyətlərini öyrənməlidirlər.

İran toponimləri haqqında az yazılıb. Bu toponimlərin türk və fars layı tədqiq olunmalıdır.

Çatışmayan tədqiqatlara yol açılmalıdır. Quzey və Güney azərbaycanlılarının dil və dialektləri müqayisə olunmalıdır. Minilliklər boyu dilin dərin qatlarında özünə yer etmiş ümumi və fərqli cəhətlər müəyyənləşdirilməlidir. Mətnlər müxtəlif dialektlərdən toplanmalı və müqayisə edilməlidir. İranın Muğanı ilə bizim Muğanın şivələri qarşılaşdırılmalıdır.

Tarixi faktlar sübut edir ki, Azərbaycan coğrafiyasında bir çox tarixi adlarımız da əlimizdən alınmışdır. Bunların içərisində Sunqur, Qürvə, Bicar və s. Bunlar Azərbaycana qaytarılmalıdır.

Axısqalıların quzey ərazisində Azqur kəndi var. Bunun az (qədim türk tayfası, Orxon abidələrində adı keçən və Azərbaycan adındakı *az*) və **qur** (**quz****oqur****uqur** türk etnonimləri) hissələrindən ibarət olması göz qabağındadır (akademik Tofiq Hacıyev).

Dünyanın bir sıra yerlərində sunqurların adı qorunub saxlanmışdır. «Son ilərədək Ermənistan ərazisində *Sonqurlu* oykonimi (Artik rayonu) qalmaqda idi. Hal-hazırda bu yaşayış məntəqəsinin adı dəyişdirilmiş, Ayreyants adlanır. Kəndin yaşlı sakinləri Sonqurlunun qədim adını izah edə bilməmişlər. Lakin tarixdə bu adda şəxs məlumdur. Toponimlər yaranmasında sunqur tayfasının da böyük rolu olmuşdur. Sitarə Mirmahmudova «Ermənistan ərazisində Azərbaycan mənşəli oykonimlər və onların erməniləşdirilməsi siyasəti» (TEAS PRESS Nəşriyyat evi, 2015, s.77-78) adlı kitabında yazır: «Ermənistan SSR ərazisində türk tayfaları ilə əlaqədar bir çox toponimlər də vardır: Qafan, Kəmərli, Sonqurlu, Samurlu və s.

Ehtimal ki, Sunqur sözü toponimiyada öz əksini tapmış ya tayfa, ya da şəxs adıdır. Görünür, bu tayfanın müəyyən hissəsi bir vaxtlar Ermənistan ərazisinə köçmüşdür (Mirmahmudova, 2015:81).

Sunqur «Kitabi-Dədə Qorqud»da Toğan quş kimi təsvir olunur. Toğan quş-sunqur-KDQ-də adı çəkilən quşdur. «Duxa Qoca Dəli Domrul boyu»nda Əzrayıl göyərçin donuna girib uçduqda Dəli Domrul öz ov quşu toğanıyla onu ovlamağa yollanır. «Qanlı qoca oğlu Qanturalı boyu»nda Qanturalı özünü toğan quşa bənzədir. Boydan bəlli olur ki, Selcan xatun izinsiz olaraq Qanturalıyla döyüşə gəlmiş yağıyla vuruşur. Bu isə Oğuzda adəti pozma deməkdir. Odur ki, Qanturalı Selcana deyir:

«Dəstursızca yağıya girmək

Bizim eldə eyib olur.

Mərə, yüri!

Toğan quş oluban uçayınmı?

Saqalınla boğazından tutayınmı?

Gafillüca başın mən kəsəyinmi» (D-196 -5)

Göründüyü tək, hər iki halda toğana ov quşu olaraq tanınılır: Boylarda dönə-dönə ov quşu şahindən söz açılrsa da («...yumruğumda talbinan şahin bənim quşumu alur gördüm» (D-42 -13), «Sıçrayıb şahin kibi kafirin boğazın ələ aldı» (D-252 -3), «Gördilər, bir süri qaz oturar. Qazan şahini saldı» (D- 272 -5) və s. həm də toğan eyni xidməti yerinə yetirən quş tək təqdim edilir.

Toğana quşunun başqa bir adı da Sunqurdur. Sunqur Kayı boyunun quşudur. Kayılar tarixdə tanınan tayfalardandır.

KDQ-də bir kərə ağ sunqurun adı çəkilir. Burada Qazan xan öz kökünün həmin quşla bağlılığını belə bildirir:

«Ağ sunqur quşu erkəgində bir köküm var,

Ala ördək, qara qazun uçurmaya». (D-280 12)

Qaynaqlardan öyrənirik ki, «toğan» bütövlükdə ov quşlarına verilmiş ümumi addır. Deməli, KDQ-dəki «toğan quş» da ümumi ad olub yəqin ki, daha çox şahinə aiddir (Bəhlul Abdulla)

İslam Sadiq yazır ki, Qazan xan özünü tanıdarkən maraqlı poetik kodlardan istifadə etmişdir ki, bunların kökləri məhz həmin qədim təsəvvürlərlə bağlıdır:

Ağ qayanın qaplanının erkəyində bir köküm var.

Ağ sazın aslanında bir köküm var.

Ağ sunqur quşu erkəyində bir köküm var (Kitabi-Dədə Qorqud, 1978: 147) Bu kodlar vasitəsilə Qazan xanın kökünü-əcdadını tapmaq mümkündür (Sadiq, 2012: 52)

Hələ 50-ci illərdə V.S.Sokolova yazırdı ki, sunqurların danışıdığı dil qarışıqdır. Burada digər İran dillərinin (fars, türk, xorasan, kürd və s.) güclü təsiri olmuşdur. Bu təsir imkanları genişliyi ilə öyrənilməlidir» (Sokolova V.S. Oçerki po fonetike iranskix əzıkov, ç. 1, M., L., 1953, s.78).

Əsas dil xüsusiyyətləri türk və fars dillərində işlənən sözlərin interferensiya formalarıdır. Bu formalar Sunqur dialektinə özünəməxsusluq gətirir.

Sunqur türkcəsində 7 sait səs vardır. Yəni Azərbaycan türkcəsi ilə müqayisədə qısa *i* və *ö* yoxdur, əlavə olaraq u saiti, o saiti u saitinə çevrilir: *ö- ü* saitinə çevrilir, *ö-ü*, *e-i-* yə çevirilib. Məs.: *qul* (qol), *göz* (güz), *gör* (gür), *gül* (göl), *güy* (göy); *ir* (ər), *iv* (ev) və s.

i saiti e saiti əvəz etmişdir: *bez* (*biz*), *sez* (*siz*); a-e əvəzlənməsi özünü göstərir: *beyrax* (bayrax), *qeynamax* (qaynamaq), *eyran* (ayran) və s.

A-saiti ə kimi tələffüz olunur: *qərqa*, *qərə*, *örtə* (*orta*) və s.

Ö- ü əvəzlənməsi: *qüdə* (*gödək*), *ürdək* (*ördək*) və s.

Danışıqda səs uzanmaları: *biiz*, *siiz*.

Samitlər: k samiti sözlərin sonunda xüsusilə incə saitdən sonra *ğ- x* kimi tələffüz olunur: *çörəh*, *gərçəğ*, *inəh*, *çux*, *çomağ*, *elex* (ələk) və s.

Sifətin müqayisə dərəcəsi: *rax*, *tər*. Sarıtər, ağrax; feillər: xəbər forması *mənəm*, *sənsə*, *uri* (*odur*) *bi-zax*, *ulardilə* (*onlardırlar*), *gəlmək* feili indiki zamanda; *gəlirəm*, *gəlləm* (gələrəm), *gəlisə* (gəlersən), *gəlisə* (gəlirsən), *gəlüri* (gəlürax, gəlarax, gəlürsüz, gələsüz, gəlurlar, gəllə, keçmiş zamanda: *gəllim*, *gəllu* (gəldin), *gəlli* (gəldi), *gəllux*, *gəlluz*, *gəllərə*, keçmiş nəqli zaman: *gəlmisən*, *gəlmişux*, *gəlmi*, *gəlmişax*, *gəlmişuz*, *gəlmişlə*; keçmiş davamedici zaman: *gəlürdüm*, *gəlurdi*, *gəlurdi*, *gəludux*, *gəluduz*, *gəllurə*; isim və əvəzlik formaları. Mənsubiyyət kateqoriyası şəkilçisi (kişi evi (kişinin evi), əlin bərmağı (əlimin barmağı), Mənsubiyyət şəkilçili söz: *men gəli*, *men gəldə*, *siz gəlün*, *gəlmüşüm*, *gəlmüşüx*, *gəlmüşdux*; yiyəlik şəkilçisi (əlim tut (əlimi tut), ikinci şəxsə aluvi tut, amma başqa hallarda samitərlən sonra *i-* və saitlərdən sonra *ni-* olur. Tamamlıq, lokativ tamamlıq həmişə *ə-dir*: *əlüvə*, *burdə* (burda), *əlinə* (əлиндə), *ödə*, *övdən* yerinə), bu kitabı evdə gəttim. Instrumental (vəsilə şəkilçisi)- *la*, *-ilə* (iynə şəkilçisindən istifadə qələminə (qələmiynə), passiv şəkilçisi *-im*, *əlim*, *-u* *-əlu* (əli), *i-əli*, *imiz- əlimiz*, *üz-ələz*, *ləri* (əlləri), şəxs əvəzlilikləri: *mə*, *sə*, *u* (*o*), *biz*, *siz*, *lar*; yiyəlik əvəzlilikləri: *səntün*, *sənu*, *unu*, *bizim*, *sizün*, *ulari* (onları)

Xəbər forması: *sənsə*, *uri* (*odur*), *bizax* (*bizik*), *sissiz*, *ulardilə* (*onlardırlar*), *gəlmək* feili indiki zamanı, *gəlirəm*, *gəlləm*, *gəlürsə* (gəlersən), *Ö* *gəlisə*, *gəluri*, *gəli* (gələr), *gəlurix*, *gələrax*, *gəlürsüz*, *gələsüz*, *gəlurlər*, *gələllə*, *Əmr* forması. *Gəlüm*, *gəlginən*, *gəə*, *gəsi*, *gələ*, *gəla*, *gəllux*, *gəlu*, *gəssə*, *gələcək* *z* şəkilçi *yox*, *gəsi*, *gəla*, *gəlu*, *gəzsilə*, *gələcək* zaman şəkilçiləri yoxdur, köməkçi feldən istifadə oluneur: *isimiyusan* *gələsən* (istəyirəm *gələm*), *isyu* *gələ* (istəyir *gələ*), *istüyürux* *gələsüz*, *isuyurlar* *gələlər*, *lazım* forması: *gəlməlu*, *gəlməlusə*, *gəlməlu*, *gəlməlusiz*, *şərt* şəkilçisi: *sa*, *-sə* (*so*); *gəlurdux*.

Sual ədatı, *-mi* yoxdur. Keçmiş zaman: *gəlmişdux*, *gəlmişduz*.

xanə-şəkilçili: *doktorxanə*, *karxanə*, *çayxanə*, *mərixanə*, *buzxanə*, *məmanxanə*, *dərmanxanə* və s.

ban\van şəkilçili: *baqvan* (*bağban*), *bərxvan* (*sürü gözləyən*), *qazvan* (*qaz saxlayan*), *aşvan* (*dəyirmançı*) və s.

Yiyəlik halda söz: *qıza* (*n*)-*qızın*, *mara* (*n*), *dara* (*n*), *küna* (*n*) və s.

Çıxışlıq halda söz belə işlənir: *evdəm* (evdən), *çöldəm* (çöldən) və s.

İctimai sözlər farsca ya ərəbcədir: *dada*, *aba*, *baci*, *qardəş*, *oğal* (*oğul*), *uşax*, *üz*, *üzgə*, *baş*, *güz*, *bırın*, *ağız*, *bil* (*bel*), *əmçək*, *ürəy*, *qarın*, *qul* (*qol*), *duz* (*diz bağarux* (*bağırmaq*), *işək* (*eşşək*), *balux* (*balıq*), *inni* (*indi*), *üs* (*üst*), *iv* *ev*, *yəxçi* (*yaxşı*), *günüz* (*gündüz*), *əşaği yaxçı* (*5,6,7,8 səs*)

Azərbaycan dili ilə müqayisədə bir sıra fars sözlərində səsartımı hadisəsi müşahidə olunur: *beyhuş* (*bihuş*), *beyçarə* (*biçarə*), *bədbəxt* (*bədbəxt*).

Fars mənşəli sözlərdə səs fərqləşmələri: *qölzar* (*gölzar*), *davət* (*dəvət*), *dendar* (*dindar*), *döşmən* (*düşmən*) və s.

nq qovuşuq səsin söz sonunda işlənməsi çox müşahidə olunur: *töfəng* (*tüfəng*), *zəng* (*zəng*), *cəng* (*cəng*), *savaş*, *müharibə*) *palanq* (*pələng*), *fişəng* (*fişəng*, *patron*) və s.

Bu dialekt Xorasan türkcəsinə yaxındır. Fonetik cəhətdən sözlərin tələffüz və yazılışında incələşmə müşahidə olunur. Məs.: *ərix* (arıq), *qərqa* (qarğa), *qərə* (qara), *xəlq* (xalq), *qiz* (qız) və s. Bəzən əksinə sait qalınlaşması özünü göstərir: *dada* (*dədə*), *gəla* (*gələk*).

Bəzən ətraf dillərin təsiri nəticəsində *o* şəkilçisi müraciət halını formalaşdırmışdır: *lavo!* (*oğul!*), *həvalo!* (*yoldaş!*), *bavo!* (*ata!*) və s.

Şəxs adları ilə müraciət: *Əliyö*, *Biviye*, *Əvdləli*, *Fatmə*, *Nurməməd*, *Şəms*, *Yaxşimurad*, *Ni-yazmamad*.

Peşələrin adları: *nalbənd*, *aşvan* (*dəyirmançı*), *nədəvan* (*çoban*), *şovan* (*çoban*), *xərat* (*xarrat*), *nəşar* (*dəmirçi*), *topçı* (*topçu*) və s.

Türk sözləri: *aram-aram*, *tez-tez*, *dəstə-dəstə* və s.

Farslarla qaynayıb qarışma nəticəsində sunqurların danışığında xeyli sayda kürd sözləri işlənir: *dər* (*qarı*), *mizan* (*payız-payız*), *novət* (*növbə*), *həd* (*sərhəd*), *piadə* (*piyada*), *pak* (*yaxşı*), *xani* (*ev*), *lnq* (*ayaq*), *dərənq* (*gec*), *şəve*, *şəv* (*gecə*), *joreda* (*yuxarı*), *xzanti* (*uşaqlıq*), *behodə* (*bihudə-havayı*), *zu* (*tez*), *sva* (*səhər*), *döh* (*ö*) (*aşxam*), *töro* (*üzüm*).

Mücərrəd isim yaradan şəkilçilər: *i*, *ti*: *batri* (*qəhrəmanlıq*), *dinşi* (*sakitlik*), *koçəri*/*köçər* (*köçəri*), *brati* (*qardaşlıq*) və s.

Söz birləşmələri: *kəvçye çaye* (*çay qaşığı*), *kəvçyene xarane* (*yemək qaşığı*).

NƏTİCƏ

Sunqurlara həsr edilmiş bu məqalə ilkin təəssürlərin nəticəsində yazılmışdır. Burada dəqiqləşdir-məyə, genişləndirməyə ehtiyacı olan məsələlər hələ çoxdur. Qurlardan sunqurlara gedən tarixi inkişaf prosesi günümüzə izlənəcək, maraq doğuran faktlar üzə çıxarılacaqdır.

ƏDƏBİYYAT

Gerhard, Doerfer (1992), İrandaki Türk Dilləri Üzerine Göttingende Yapılan Araştırmalar Üzerine. Türk Dili, Sayı 489, Eylül Ankara

Gerhard, Doerfer (1969), İrandaki Türk Dilləri. TDAY-Belleten, Ankara

Əzizov E. (1999), Azərbaycan dilinin tarixi dialektologiyası. Bakı, Bakı Universiteti nəşriyyatı

Kitabi-Dədə Qorqud (1978), Bakı, «Gənclik»

Sadıq, İslam (2012), Şumer və türk folklorunda günəş kultu.-Türkologiya, № 2

Rəsullu, Böyük (22.06.1997), Cənubi Azərbaycanda türk ləhcələri. «Ədəbiyyat» qəzeti

Rəsullu, Böyük (1995), Güney Azərbaycanda türk ləhcələri (ümumi baxış)

Heyet, Cevad (2002), Sungur Türkleri\\Türkler. Ankara, s. 675-678;

Cavad, Heyət (2011), Türk dilləri və ləhcələrinin tarixi. I kitab, Bakı

Musayev M. (2012), Türkoloji dilçilik. Bakı: Mütərcim

Языки мира: Тюркские языки (1997), Изд-во Дом «Кыргызыстан», Бишкек

Текин Юлмез (2003), Түрк диллери. Эриш. Ыылдыз. Дил ве Едебийат 2, Истанбул

Бунятов З. (1978), Государство Атабеков Азербайджана. Баку

Голтьман, М. (1949), Иорический очерк города Гянджи. Ч.1, Баку

Mirmahmudova, Sitarə (2015), Ermənistan ərazisində Azərbaycan mənşəli oykonimlər və onların erməniləşdirilməsi siyasəti. (Rus dilindən tərcümə). Bakı: TEAS PRESS Nəşriyyat evi

Kazımov, Q. (2001), -sa,-sə şəkilçisi, onun praforma və derifatlarının, qrammatik və üslubi xüsusiyyətlərinin tədqiqi.- Dil, tarix və poeziya. Bakı

Əhmədov, T (1991), Azərbaycan toponimiksının əsasları. Bakı, Bakı Universiteti nəşriyyatı

Ширалиев, М. (1965), Кыпжакские элементы в азербайджанском языке (на материале диалектов и говоров).- Исследования по грамматике тюркских языков. Ташкент: Наука

Гукасян, В. (1981), Об одной древнетюркской письменности.- СТ, № 5

Древнетюркский словарь (1969), Л., Наука

Dr. Riza Nur (1972), Türk tarihi (Birinci cild). İstanbul: Kutluğ yayınları

Гараев, Т. (1981), Историко-лингвистический анализ древнетюркского лексического пласта в азербайджанских говорах Грузинской ССР. Автореф. канд.филол.наук., Баку, 1981

Номинханов, Т. (1966), Исследования по тюркским и монгольским языкам. Алма-Ата,

Abdullayev, Ə. (1992), Azərbaycan dili məsələləri. Bakı, Bakı Univesiteti nəşriyyatı

Kazımov, İ. (2010), Müasir türk dillərinin müqayisəli leksikası. II cild, Bakı, «Təknur» nəşriyyatı

Соколова, В. (1953), Очерки по фонетике иранских языков, ч. 1, М., Л.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР

ф.ғ.к., проф. м.а. **Ж.К.ОТАРБЕКОВА***
магистр, аға оқытушы **Б.Н.НУРЖАНОВА****

Түйіндеме

Қазақ тіл білімінде ақын-жазушы тіліне тән жаңа қолданыс, сөз жасау мүмкіндіктері мәселесі әлі назардан тыс қалып келеді. Абай тілі тілдік тұлға, окказионалдықы сипаты, жеке қолданыстық ерекшеліктері тұрғысынан жан-жақты қарастырылды. Дегенмен, ақын шығармаларының бүкіл сөз байлығын қамтитын «Абай тілі сөздігі» бойынша сөз мағыналарының түсіндірмелері мен қолданыстарына жасалған талдаулар бірқатар зерттеушілердің назарынан тыс қалып қойған тұстары бар екенін көрсетіп отыр.

«Абай тілі сөздігі» негізінде ақын Абай тіліне тән жеке қолданыстық ерекшеліктерді анықтау, функционалды-стильдік сипатын зерттеуді мақсат ете отырып, авторлық сөзжасам және сөзқолданыс, окказионализм мәселелерінің ара жігін ашуды, Абай шығармаларындағы авторлық сөздерді анықтап, бірқатар сөздердің сөздік мақалаларына талдау жасауды міндет етіп алдық.

Зерттеу нәтижесінде ақын тілінде бірді-екілі ғана қолданыстық сипатта болған сөздердің контекстік мағыналарына талдау жасалды; олардың «Абай тілі сөздігінде» сөздіктің реестрлік қатарын құрауы мен басқа сөздіктерде сөздік мақала түрінде берілу-берілмеуі, олардың қолданыстық семантикасы анықталды; түсіндірме сөздікке ақын тіліндегі жеке қолданыстардың, тіпті көптеген мысалдардың еңбегені байқалды. «Абай тілі сөздігіне» сүйене отырып, статистикалық мәліметтер негізінде лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеу қажеттігі дәйектелді.

***Тірек сөздер:** жеке қолданыс, авторлық сөздер, окказионализмдер, сөздік мақала, лексикография.*

AUTHOR'S WORD USAGE IN THE LANGUAGE OF ABAY'S WORKS

Abstract

The problem of the ability to use new words and phrases in Kazakh linguistics is still unclear. Abai's language was studied extensively from the point of view of the linguistic identity, the occasional character, the personality peculiarities. However, the analysis of the interpretation and interpretation of the meaning of the words "Abay language dictionary", which covers all vocabulary works of the poet, shows that there are some points left by the researchers.

For this reason, on the basis of Abai's dictionary, Abay works to identify the specific features of Abai's language, to study the functional-styled nature of the dictionary, to define the author's words and phrases, the problems of the occasionalism, to identify the words in Abai's works and to analyze the dictionary articles of a number of words. So we got it.

As a result of the research, the contextual meaning of the words in the poet's language was utilized in the same manner; their compilation of the dictionary in the dictionary "Abay language" and the presence of dictionary dictionaries in other dictionaries, their semantics were defined; There was a lack of personal use in the poetic language and even many examples of explanatory dictionary. Based on the "Abai language dictionary", it is argued that it is necessary to study the linguistic point of view on the basis of statistical data.

***Key words:** personal terms, author's words, occasionalism, literary article, lexicography.*

КІРІСПЕ

Авторлық сөзқолданыс мәселесі қазақ тілінде арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Тіл білімінде бұл мәселе окказионализм тұрғысынан, автор тілінің ерекшелігі тұрғысынан ғана зерттелген деуге болады. Оған А.Бейсенбайдың «Ә.Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдықы қолданыстар», Л.Еспекованың «Қадыр Мырзалі поэзиясындағы окказионализмдер» тақырыбындағы зерттеулер секілді еңбектер дәлел. Ал Абай тіліне байланысты Рабиға Сыздықтың «Абайдың сөз өрнегі» атты зерттеуі бар.

* Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, e-mail: zhimi_ok@mail.ru

** E-mail: nur.botakoz@mail.ru

Көркем шығармаларда окказионализмдер автордың өз ойын бейнелі түрде жеткізуіне қажетті құрал деуге болады. Көркем шығармаларда окказионализмдер қандай да бір идеялық, эстетикалық мақсаттардан туындауы мүмкін. Сондықтан окказионализмдерді шығарма авторының сондай мақсаттарынан туындаған жеке авторлық сөздері мен сөз қолданыстары дегеніміз жөн.

Жеке авторлық сөз немесе сөзқолданыс болу үшін автор тілде бар сөздерді қолданады, бірақ ол сөздер қалыпты қолданысынан ауытқып қолданылады, семантикалық өзгеріске түседі немесе мүлде жаңа мәнде жұмсалады. Тіпті кейбір сөз зергерлері мүлде қабыспайтын сөздерді тіркестіріп, жаңаша сипат беруі де мүмкін. Ондай сөздер контексте жаңа мағынаға ие болып, жаңа, тың сөз түрінде көрінеді. Мұндай қолданыстар жеке автордың көркем шығармасында көрініс тауып, жазушы немесе ақынның өзіндік жазу стилін танытады.

Бұларды жеке қолданыс деуіміздің себебі, олар тілдегі бар сөздер секілді дайын бірліктер емес. Контекстік сипаты басым, мәтінде өзінің бастапқы мән-мағынасынан ауытқыған сөздер. Олардың бастапқы мағынасы мүлдем өшіп, жойылып кетпейді, тек стильдік, семантикалық өзгеріске түседі.

В.В.Лопатин «Рождение слова» атты зерттеуінде оған мынадай анықтама берген: «Сам термин показывает, что подобные слова созданы однажды, по случаю. Они созданы и живут лишь в определенном контексте и вне этого контекста не воспроизводятся» деп түсіндіреді (Лопатин, 1973: 256).

Жеке авторлық қолданыстар тіл білімінде И.С.Улуханов, А.Лыков, В.Лопатин, Е.Земская, Л.Киселева, Г.Мұратова, Л.Еспекова, А.Бейсенбай, т.б еңбектерінде окказионализмдер ретінде біршама қарастырылған. Бұл еңбектерде жекелеген ақындар мен жазушылардың шығармаларына тән сөз қолдану ерекшеліктері стильдік тұрғыда қарастырылған деуге болады. сонымен қатар бұл мәселе жаңа сөздер неологизмдер тұрғысынан да зерттелген. Мәселен, Қ.Қадырқұлов неологизм ұғымымен қатар жаңа сөз қолданыстар деген термин ұсынып, сөзқолданыстарын контекстен тыс өмір сүрмеуі мүмкін дейді (Қадырқұлов, 1995:236).

Зерттеуші С.Жиренов тосын қолданыстарды лингвокогнитивтік деңгейде қарастыру мәселесін көтеріп, «окказионалды бірліктер дүниені тілтанымдық әрекеттер арқылы қабылдаудың бір тәсілі» деп түсіндіреді. Ол: «Окказионалды бірліктердің когнитивтік семантикасы арқылы дүниенің ұлттық бейнесін көруге болады. Концептінің көрінісі болып саналатын дүние бейнесі – адам санасының абсолютті ақиқаты десек, адам оның қалыптасуын өмірде алдына қойған мақсатына сай орнықтырады. Адам шынайы әдіс-тәсілдері арқылы өзіне қарапайым әрі айқын дүние бейнесін тілтанымдық тетіктер арқылы қалыптастыруға ұмтылады. Демек, адамзат баласы ақиқат дүниені өз танымындағы дәрежеге, яғни өз санасындағы ойсуретке ауыстыруға тырысады. Аталған танымдық әрекеттер арқылы тілдік тұлға объективтік емес дүние бейнесін жасауға ұмтылады. Осындай дүние бейнесін жасауға адамның танымдық жүйесі қатынасады», - дейді (Жиренов, 2011:15-236).

Қазақтың бас ақыны атанған Абай Құнанбаев еңбектерінен осындай ақын дүниетанымы мен сөз зергерлігін, ассоциативтік ойлау әрекетінің мықтылығын байқаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұлы Абай тілі туралы зерттеулер қанша көп болса да, ақынның мол тілдік қазынасын сарқа зерттеп болғанымыз жоқ. Абайтанушы тілші ғалым Р.Сыздық айтқандай, әдебиетшілер мен тілшілердің бірлескен зерттеулері, ақын тілінің тек көркемдік жағы ғана емес, сөзқолданыстық сипаты әлі де зерттеуді қажет етеді. Ғалым ұсынған лингвостилистикалық тұрғыда зерттеу қажеттігі күн тәртібінен түскен жоқ.

«Абай тілі сөздігі» – ұлы ақын шығармаларының тілін танып-білу саласындағы аса қажетті, қомақты жұмыстардың бірі. Ол Абайдың тілін, әсіресе, лексикасын зерттеймін немесе білемін деушілерге өте қолайлы, реттелген материал, белгілі бір сөздің немесе сөз тіркесінің қай мағынада қанша рет қолданылғанын, бір мағынада кейбір сөздерді Абай қалайша қатар жұмсағанын, оның ішінде қайсысын жиі, қайсысын сирек қолданғанын көре алады. Мысалы, Абайда тіршілік, тірлік, өмір, мағишат деген төрт сөз бір ұғымды білдіреді, бірақ, бұлардың қолданылу жиілігі, поэтик жүгі бірдей емес: тіршілік 6 рет, тірлік 11, өмір 113, мағишат 1 рет қолданылған.

Абай шығармаларының тілі әр қырынан зерттеліп, талданып келеді. Дегенмен, ақын қаламына ғана тән өзіндік ерекшеліктер ақын өлеңдерін оқыған сайын ашылып, таныла берері даусыз. Себебі, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиеді. Бірақ ол ауырлық *Абайдың айта алмағанынан емес, оқушының түсіне аларлық дәрежеге жете алмағанынан болады* екен.

Ақын халық тіліндегі қалыптасқан сөздер мен сөз тіркестерін, тұрақты тіркестерді қолданумен қатар олардың кейбіріне мақсатына қарай не қосымша мағына үстеп, не өзгеше рең үстеп,

шығармашылық тұрғыда қолданған. Сондықтан да Абай өлеңдерінде халық тіліндегі үйреншікті сөздер өзгеше реңк алып, басқаша сипатта қолданылған. Ақын сөз қолданудың ескі өрнегін сақтаумен қатар, оны жетілдіріп, жана, тың сөз өрнегін тудырып отырған. Осы жаңалықтар ақынның өзіне тән стиль тудырды. Абай өз шығармаларына ана тілін негіз етіп, сол тілдің нормаларына сүйеніп, тиісті образдар жасап, тіліміздің лексикалық қабатын байытты.

Тез сөзі жылдам, шапшаң деген мағынасымен қатар зат атауын білдіреді. Ол киіз үй сүйегін: уық, кереге жасайтын ағаштарды морлағаннан кейін түзейтін, иетін құрал. Осыдан барып, тезге салу деген (түзеу, жөнге салу) тұрақты тіркес қалыптасқан. Ал Абай қолданысында:

Түспей кетер деймісің,

Тәңірінің құрған **тезіне** (I.39)

Мұндағы **тәңірдің құрған тезі** деген тәңір бәрін сарапқа салып, әділдік орнатады деген мәнде жұмсалған.

Тұл сөзінің мағынасы: бекер, бос, түк емес. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» тұлдың ауыспалы мағынасы *отасқан ері өлген не ажырасып кеткен, баласы жоқ әйел*, ауыспалы мағынасы *бас иесіз, еркексіз* (ҚТТС, 9.269). Бұл мағына қазақ мәдениетінді «атты тұлдау» тіркесінде сақталған.

Біреу білмес, сен білсең,

Білгеніңнің бәрі **тұл** (42)

Қайратсыз ашу *тұл*,

Тұрлаусыз ғашық *тұл*,

Шәкіртсіз ғалым *тұл* (I,194).

Өлең жолдарында **тұл** сөзі негізгі, бастапқы бос, бекер деген мәнде қолданылғанымен, семантикалық тұрғыдан аталған осы сөздің бастапқы мағынасының экспрессивтік бояуын арттырып, айрықша семантика үстеліп тұр.

Бек сөзінің сындық мағынасының бірі мықты, берік болса, екіншісі өте, тым, аса, тіпті. (ҚТТС, I.108). Абай өлеңдерінде он жеті рет қолданылған:

Ағайын *бек* көп,

Айтамын ептеп,

Сөзімді ұғар елім жоқ (I.93).

Сенсіз де менің күнім,

Бек бітті халім,

Тағдырдан келген зұлым (I.97)

Телміріп тұрмайсың,

Бихабар жүргенсіп,

Бек қатты сынайсың (I.137)

Осындағы *бек* сөзінің орнына *minmi*, *өте* секілді синонимдерін қойсақ, дәл осындай реңк бермеген болар еді.

Бәс. Түсіндірме сөздікте бәс сөзіне зат есім ретінде *төмен, кейін, нашар* мәнін береді деп анықталған (I.104).

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас

Салынсаң, *салдуарлық* қадір қоймас,

Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,

Төбетке өлекшіннің бәрі бір *бәс* (I.36)

Ал «Абай тілі сөздігінде»: *бір бәс, бірдей, бір есеп* деп түсіндірілген. Мысалдарға назар аударсақ, Абай оны осы мағынада пайдаланған:

Жақсылық, жамандықпен оған бір *бәс*,

Дін ісін, құдай ісін айыра алмас (I.161).

Немесе:

Ол күндер өткен күнмен бәрі бір *бәс*,

Келер, кетер, артына түк қалдырмас (I. 211).

Құда. Абай тілінде бұл ағайындық, туыстық мәнімен қатар «құдай» сөзінің қысқарған түрінде қолданылған. Қазақта «Құдасын құдайындай сыйлаған» деген сөздің төркіні осыған саятын секілді.

Бір *құданың* хақы үшін мен тілеймін,

Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер (I.265).

Бұл сөз прозалық шығармаларда, ауызекі қолданыста *құдай ақы* түрінде қалыптасқан, ақын осы мәнде жұмсаған.

Асықсаң да шырағым,

Саған деген *құданың*,
 Жазылған қандай жарлығы,
 Есіткен жоқ құлағың (123)
 Немесе:
 Әйелмісің, жылама,
 Тәуекел қыл *құдаға*,
 Өлең айт, үйге қайт (II.90).

Қарасөзде:

Құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп ойлайды.(II.209).

Ақын тілінде алла, тәңрі, жаратушы мәнінде *құдай* сөзі де қатар қолданылады. Мысалы, жақсылық, жамандықты жаратқан *құдай*, бірақ қылдырған құдай емес (II. 185).

Бұл жөнінде абайтанушы ғалым Р.Сыздық былай деген: Абай өлеңдерінде *замана – заман, қаса – қас, құдай – құда – хұда – құдая* варианттарын жарыстыра қолданған. Бұл сөздер ұйқас және өлең өлшемі қажеттерін өтеу үшін бірде бір буыны артық, бірде бір буыны кем келе береді. (Сыздық, 1970:876).

Біздіңше, бұл өлең өлшеміне бола қысқарған сөз емес. Себебі, қара сөзде де *құда* түрінде қолданылған. Сонымен қатар қазақта «Құданың құдыреті» деген тұрақты тіркес бар. Ол көбінесе ауызекі тілде, сөйленісте қолданылады. Демек, *құда* сөзі құдай сөзінің орнына бұрыннан қолданылып келген. Ақын соны өз тілінде шеберлікпен, әдейі қолданған болса керек.

Антұрған сөзін Абай өте көп қолданған. Бірақ «Абай тілі сөздігінде» бұл сөз ант ұру (құдай ату, ант ату, оңбаған) түрінде ғана берілген. Мысалы:

Пайда, мақтан өзінен,
 Артыла ма *ант ұрып* (I.108).
 Қылып жүрген өнері,
 Қарекеті әрекет.
 Өзі оңбаған, *ант ұрған*,
 Кімге ойлайды берекет? (I.60).

Абай шығармаларының II томында:

Антұрған ел көзіне тік қараймын,
 Сонымды сен сөгеді-ау деп ойлаймын (II.51).
Антұрғандық қылығын алла ісі деп,
 Нандырар қандай сопы, қандай молда? (II. 45).
 Онысы рас, басында тәуір болған,
 Сүйтсе де кімді бұзбас бақ *антұрған* (II. 71).

Мұнда ақын *оңбаған, құдай атқан* мәнінде жұмсап отыр. Дегенмен, бұл сөздерді антұрғанның орнына қолдана алмас еді, себебі семантикасы бірдей емес.

Ақын ант сөзінен *жақтас* деген мағынада «*анттас*» деген сөз жасаған:

Анттасын алқайды,
 Сен тентек демеске.
 Кім артын шайқайды,
 Амал жоқ жемеске (I. 158).

Мұндағы **алқайды** сөзі де көпшілік қолдана бермейтін сөз. Оның мәні қолдау, жақтау. Мысалы Абайда:

Қарғағанын жер қылмақ,
 Алқағанын зор қылмақ (I.91).

Тентірек сөзіне АТС-та тентіреушілік, сандалу деген түсініктеме берген.

Сенісерге жан таба алмай,
 Сенделеді ит жүрек,
 Тірілікте бір қала алмай,
 Бұл не деген *тентірек* (145)

Ақын тентіреу сөзін ықшамдап, заттық мәнде қолданған.

Тірілік. Тірлік. Тіршілік. Ақын мәндес үш сөзді де қолданған, бірақ олардың семантикасы бір бірінен бөлек. АТС дегі түсіндірмелері төмендегідей:

Тірлік - өмір, тіршілік, саулық. *Тірлікте* өзіне өзің қылмаған істі өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? (II. 167).

Тіршілік – өмір, күнделікті әрекет, тірлік. Кім жүрер *тіршілікте* көңіл бермей (I.178).

Тірілік – тіршілік, өмір сүрушілік. Ағайын мен туғанды, тірілікте мақтаған (І.185).

Осылардың ішінде тірілік сөзінің семантикасы басқаларынан өзгеше –тірі жүргендік, көзі тірісінде деген мәнде алынған. Бұл қолданыс қарасөзде де кездеседі: Артымнан құран оқысын десең, *тірілікте* өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Мұнда тірі сын есімнен зат есім жасап қолданған.

Саудыр сөзі ақын шығармасында **саудырсыз** түрінде бір рет қолданылған. Мағынасы - әлем-жәлемсіз, алпыншақ-салпыншақсыз, әшекейсіз деп берілген (АТС,559).

Самородный сары алтын,
Саудасыз берсең, алмайды.

Саудыраған жезіне
Саудырсыз сары қамқаны (І.39).

Бұл сөз *саудыраған*, *салдыраған* деген сөзден шыққан болуы керек. *Саудыр етті* сөзі сылдыр етті, салдырлады дегенмен барабар. Ал *саудыраған* деген сөзді ақын *құнсыз*, *бағасыз* деген мәнде жұмсаған.

Еркейтін сөзі ақын тілінде еркелету мәнінде қолданылған:

Бауырларын *еркейтін*,

Не сұраса қақпаған.

Білдіруші ең үндемей,
Істі қылған жақпаған (І.185).

Сонымен қатар *еркелету* сөзі де толық қалпында алынған:

Еркелетіп ат қойып,

Жапарқұл мырза атанған (ІІ. 143).

Еркейту сөзі ақынның жеке қолданысы деуге болады. Бұндай сөз түсіндірме сөздіктерде кездеспейді.

Осы секілді **тездік** сөзі де ақын еңбектерінде бір рет қана қолданылған, жылдамдық, шапшаңдық мәнін берген (АТС, 597).

Не көрдің, есіттің, әрнешік білдің, соны *тездікпенен* ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шыға-ды, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп, қарамаққа тез қозғап жібереді (ІІ.217).

Бұндай қолданыс жалпыхалықтық тілде кездеспейді, сондықтан да болар, түсіндірме сөздікте берілмеген.

Бұл жөнінде Рабиға Сыздық былай деген: «Сірә да, -лық жұрнағы арқылы жаңа сөз жасауда сын есім түбірінің бірін актив пайдалану Абай қаламына тән нәрсе. Өзгелерде, әсіресе жалпыхалықтық тілде *жақсылық*, *жамандық*, *үлкендік*, *кішілік*, *жомарттық*, *сараңдық* тәрізді ертедегі қалыптасқан сөздер болмаса, сын есім түбірлерінен -лық арқылы туынды сөз жасау дәл Абайдағыдай дәрежеде емес... бұлардың көбі Абайдың өзі жасаған неологизмдер, әсіресе, тоқтаулылық, байлаулылық, арлылық, намыстылық тәрізді туындылар Абайдан өзге қаламгерлерден табылмайды (Сыздық,1970: 127б).

Тегіндік сөзін Р.Сыздық аударма үстінде туған неологизм деп бағалайды:

Айтшы, аға, нағып жеңілдік,

Мәскеуде емес *тегіндік* (ІІ.70). Бұл М.Лермонтовтан аударғанда «не даром» сөзінің аудармасы (Сыздық, 1970:126 б).

ҚОРЫТЫНДЫ

Шағын ғана талдауларымыздың нәтижесінде бірнеше тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, «Абай тілі сөздігі» негізінде ақын тілінде бірді-екілі ғана қолданыстық сипатта болған сөздерді теріп алып, олардың контекстік мағыналарын, басқа ақын-жазушыларда бар жоғын, түсіндірме сөздікте болса, оның беретін мағынасын салыстырып қарастыру қажет.

Екіншіден, тілімізде бар сөздіктерде сол сөздер (ақын тіліне тән деп есептейтін) сөздік мақала қатарын құрайтын-құрамайтынын анықтау қажет. Талдаулар барысында кейбір жеке қолданыстардың (мысалы, мұндайлық) түсіндірме сөздіктерде беріліп, кейбірінің мүлде берілмегенін байқадық, соның себебін анықтау қажет. Абай шығармаларының тілі қазақ әдеби тілінің негізін қалады дейтін болсақ, түсіндірме сөздікке ақын тіліндегі жеке қолданыстардың, тіпті көптеген мысалдардың енбеуін қалай түсіндіреміз деген сауал туындайды.

Үшіншіден, жеке қолданыс, тосын сөздер, окказионал сөздер деген терминдердің аражігін ажыратып, жүйелеу қажеттігі туындап отыр. Біздіңше, ақын немесе жазушы тіліндегі жеке қолданыс пен окказионализмдер бір емес.

Қорыта келгенде, ақын шығармаларының тілін «Абай тілі сөздігіне» сүйене отырып, статистикалық мәліметтер негізінде лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Лопатин В.В. (1973), «Рождение слова». Неологизмы и окказиональное образование. – Москва.

2.Қадырқұлов (1995). Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар. Ф.ғ.к.дисс. –Алматы.

3.Жиренов Саян (2011). Окказионализмдердің тілтанымдық сипаты. Қазақ тілі мен әдебиеті. 4.10/2011. 15-23 бб.

5.Сыздық Рабиға (1970). Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы (монография). «Ғылым» баспасы. Алматы.

Шартты қысқартулар:

I .- Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен поэмалар. –Алматы, Жазушы, 1986.

II . - Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы, Жазушы, 1986.

ҚТТС - Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық.

АТС – Абай тілі сөздігі. –Алматы, 1968.

«ҚЫЗ» СӨЗІНІҢ ҚАТЫСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Ф.ғ.к., аға оқытушы С.С.АЙТЖАНОВА*
Оқытушы Б.З.ЗАКЕНОВА**

Түйіндеме

Мақалада ұлттық тіліміз бен рухани құндылықтарымыздың қомақты бөлігін қамтитын қызға қатысты тілдік бірліктер сараланады. Бір-бірімен тығыз байланыстағы этнолингвистика, когнитивті лингвистика және лингвомәдениет саласындағы соңғы жетістіктер нәтижесінде бірқатар қызға қатысты тілдік бірліктердің этнос табиғаты мен рухани мәдениетімізді танытатын тұстары, олардың тіліміздің сөздік қорын байытудағы үлесі айқындалады.

Қазақ халқының тілдік санасындағы «Қыз» концептісін айқындайтын өрістер айқындалып, оның компоненттік құрылымы мен ақпараттық мазмұнына талдау жасалады. Қазақ халқындағы қыз қолөнеріне қатысты фразеологизмдердің шығу төркіні, олардың ұлттық, танымдық ерекшеліктері, лингвомәдени сипаты, олардың ұлт дүниетанымындағы орны, ұлттық көзқарастардың таңбалану жолдары мен ерекшелігі талданған. Қазақ қыз қолөнеріне қатысты тілдік деректер мен фразеологизмдерді жинақтап, жүйелеу және қазақ қыз қолөнеріндегі фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне тоқталу, эстетикалық таныммен байланысты дүниенің образды тілдік бейнесін жасаудағы әр түрлі ұлт өкілдерінің қыз қолөнеріне қатысты мәдени-танымдық тілдік бірліктерін салыстыра отырып зерттеген.

Тірек сөздер: фразеологизм, рухани құндылық, лингвомәдениеттаным, концепт, ұлттық код, тіл тұтынушысы, т.б.

FRAZEOLJISMS WITH PARTICIPATION OF "GIRL" WORD

Abstract

The article analyzes the linguistic units of the girl, which includes a significant portion of our national language and spiritual values. As a result of recent achievements in ethnolinguistics, cognitive linguistics and linguistic culture, which is closely related to one another, the linguistic unity of a number of linguistic units reflects the ethnos nature and spiritual culture, and their contribution to enriching the vocabulary of our language

In the linguistic sense of the Kazakh people, the fields that define the concept of "Girl" are defined and analyzed in its component structure and information content. The origin of phraseology in the Kazakh folk crafts, their national, cognitive peculiarities, linguocultural character, their place in the world outlook, the ways and peculiarities of marking national views. Studying, systematizing and classifying Kazakh linguistic data and phraseology, and focusing on the national-cultural peculiarities of Kazakh women's craft, have been studied by comparing cultural and cognitive language units with respect to girls' crafts of different nationalities in creating a language image of the world associated with aesthetic cognition.

Keywords: phraseology, spiritual values, linguistic culturology, concept, national code, language consumers, etc.

КІРІСПЕ

Мемлекет тәуелсіздігімен қоса сана тәуелсіздігіне қол жеткеннен кейін қазақ ғылымының да көкжиегі кеңейгені рас. Әсіресе ұлт руханиятына байланысты тіл, әдебиет, тарих, мәдениеттану, философия т.т. салаларда зерттеудің жаңа парадигмалары бой көтеруі – заңды құбылыс. Әсіресе тіл ғылымының бұл санаттағы рөлі ерекше. Бұл жөнінде В. Гумбольдт былай дейді: «Ұлттың өзіне тән, іштей дамиды рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл» [1, 349 б.]. Тілде әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Ғалым Ж.Манкеева: «тіл – мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысатын үлкен күш. Ол мәдениеттің жалпы сипатын анықтайды, негізгі ақпаратты жинақтайды, сақтайды және жеткізеді» деген ой айтады [2, 154 б.].

* Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, aitzhanova60@mail.ru

** Алматы халықаралық мектебі. bahytzhan72@mail.ru

Ұлттық код пен рухани жаңғыруға бет бұрған бүгінгі күнде танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәні бар көптеген құндылықтарды, соның ішінде фразеологизмдер, этнографизмдерге байланысты аса маңызды құндылықтарды жинап-теріп, анықтап, қайта бағалау қажеттігі туындап отыр. Өйткені негізгі нысанымыз болып отырған – **қыз** әлемдегі барлық халықтар үшін де өзіндік орны бар, нәзіктік пен әдеміліктің, жасампаздық пен даналықтың символы. Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан ғайыр қонысты мекен еткен көшпенді қазақ елі үшін, әр заманда қазақ қызы – ұлтының ары мен ардағы, мұңы мен зары, үміті мен аманатының символы болып қалыптасқан. Ұлт болып ұйысуда, жұрт болып жұмылуда, халық болып қайрат танытуда, қазақ қызының атқарар рөлі мен алар орны әрқашан тым ерек болған. Себебі қазақ қызы, ер етігімен қан кешкен, ат ауыздықпен су ішкен жаугершілік заманда қара шаңырақтың отын өшірмеді, елдің басына қара бұлт үйірілгенде, ер-азаматтармен қатар атқа қонды, дүние отқа оранып, оқ ауада зулаған тұста тылда еңбек етіп, белі қайысып, саусақтары майысып, аз елдің қамы үшін еңбек етті. Қазақ қызы әрдайым еңбекқорлығы мен өнерлілігінің арқасында бүгінгі жайдары, жомарт ұрпағына бағасын салмақтауға бір ғасыр ғұмыр жетпейтін құны бар әлем байлығымен өлшенбейтін, мәдениет пен өнер үлгісін қалдырды.

Ұлттық код пен рухани жаңғыруға бет бұрған бүгінгі күнде танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәні бар көптеген құндылықтарды, соның ішінде этнографизмдерге байланысты аса маңызды құндылықтарды жинап-теріп, анықтап, қайта бағалау қажеттігі туындап отыр. Өйткені негізгі нысанымыз – қыз әлемдегі барлық халықтар үшін де өзіндік орны бар, нәзіктік пен әдеміліктің, жасампаздық пен даналықтың символы.. Түркі жұртындағы қызға қатысты атаулар мен ұғымдардың кумулятивті мағынасын, уәждемелік сипатын, қолданысын, сөздікте орналасу тәртіптерін, өзге мәдениеттен қабылдаған салт-дәстүрлерді айқындау – бүгінгі түркі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Қыз сөзінің этимологиясына тоқталсақ, бұл сөз түркі тілдерінің көбінде кездеседі. Оның негізгі білдіретін мағынасы–**«қыз баласы, бойжеткен қыз»**. Кейбір түркі тілдерінде қыз сөзінің қосымша мағынасы бар, туваша **қыз**–ұрғашы, шор тілінде қысқак– жиен қыз, қайын сіңлі. Якутша **қыыс** – немере қыз. Біздің ойымызша **қыз** көне түркі сөзі, оның негізгі түбірдегі **қыз** етістігі болуы мүмкін. Бұл етістік алдымен «жану, жарқырау» ұғымдарын білдірсе, кейін «қызыл, от, жылы» деген қосымша мағынаға ие болды. Қыз сөзі алғашқы кезде «жайнаған, жалтыраған, оттың жарқылы» деген ұғымды білдірсе керек.

Ал, түркологиялық зерттеулерге қарағанда **қыз** сөзі – қызу, бойын от жалын шарпу, басу (“быть горячим, пламенеть”) мағынасында болса, екінші мағынасы: **қыз** – от, жалын, ыстық (“жара, огонь; жаркий”) деген мәнді білдіреді. Қызға берілген осы атаудың өзінен-ақ көп нәрсені ұғуға болады.

«Қыз» сөзінің этимологиясы жайында «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты тарихи еңбекте: «қыз» (гиасы) – «ханша» дегеннің орнына қолданылатын сөз. Ежелден хан, патша, тегін-тектілердің қыздары «қыз» деп аталып, қара халықтың қыздары «қырқын» делінген – деген түсінік беріледі.

Тіл білімінде қазақ ұлтының таным парасатын, жарық дүниені танудағы көркемдік көкжиегін, ой-қиялын жаңа ғасыр табалдырығында тұрған жас буын, келер ұрпақ алдында ұлттық мәдени ерекшеліктерін сақтау мақсаты тұр. Сонымен қатар, фразеологиялық тіркестердің қалыптасуына ұлт менталитетінің рөлі мен ұлттық мәдени ерекшеліктер үлкен қызмет атқарады [3, 5].

Фразеология – дүниенің тілдік бейнесінің көрінісі болып табылады. Олар субъектіге қатысты, яғни, дүниені суреттеп қана қоймай, оны түсіндіруге, бағалауға, талдауға мән береді. Фразеологизмдердің атауыштық бірліктерден айырым белгісі осында [4, 25-28].

Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Атап айтқанда қазақ қызын *«Аспандағы жұлдызым, жағадағы құндызым», «Қызғалдағым», «Аққуым»* деп түрлі гүл мен сұлу жан-жануарларға теңеген. Қазақ қызына байланысты оның қайраттылығына, сұлулығына, нәзіктігіне байланысты қазақ халқында ақын-жазушылардың талай әсерлі өлең жолдары бар.

Соның бірі қыздың сұлулығын суреттейтін Мұрат Мөңкеұлының «Қыз» өлеңі:

Бұраңдап ақ моншақтай керілген қыз

Оздырдың салтанатты еліңнен қыз,

Сәулесі ақ жүзіңнен жерге түссе,

Реңкің сары алтындай көрінген қыз. [5,62]

дейтін жолдар қазақ тілінде қазақ қызын суреттейтін фразеологизмдердің мән-мағынасын керемет ашады. Мұндағы: *ақ моншақтай, ақ жүз, сары алтындай* деп берілген бейнелі сөздер қызға қатысты фразеологизмдердегі символдық мәнге ие өзек семаларға айналған.

Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Қазақ халқы тән сұлулығы мен жан сұлулығын қатар ұстаған. Мысалы, қыздарының жан сұлулығын арттыру үшін, оларға ең алдымен үлкенді сыйлап, кішіні аялаудан бастап бауырмалдық, әдептілік, білімділік тәрбиесін мұқият жүргізе отырып «қыз, ана, әже» деген қасиетті атқа лайық болуға үйретеді. Ал, тән сұлулығы тәрбиесінде қыздарының жүріс-тұрыс, қимыл-қылықтарына баса назар аударып, дөрекі іс-қимылдардан қатты шектеген. Сымбатты болып өсуі үшін әсем жүруге, әдемі сөйлеуге дағдыландырған.

Бұл тәрбие қыздардың мінез-құлық, жүріс-тұрыс, қимыл-қылығын түзеп, әсемдікке, мәдениеттілікке, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Мінезді, моральды, мұратты, әдепті, ибалы, кеңпейіл, кешірімді болуға жетелейді. Әр жақтан ақаусыз жетіліп, есейгенде тал шыбықтай бұралған бұраң бел, аршын төс, ақылына көркі сай сымбатты да сұлу болып есейеді. Міне дана халқымыздың асқан байқампаздығының арқасында қазақ халқы өз тілінде қызға тән бар қасиеттерді жинастырып, сөздік қорында фразеологизмдерді өзге адамға ақыл, кеңес, мін, кемсіту, мадақтау, қалжыңдау, қағыту секілді т.б түрлі мақсатта қолданған. Мысалға:

Кесте 1. «Қыз» тілдік бірлігіне байланысты қалыптасқан фразеологизмдер

Фразеологизмдер	Мән-мағынасы	Мысалдар
<i>Қызда қырық есекке жүк болатын айла бар</i>	Қыз айлалы, қу қылығы, назы көп деген мағынада	Әлде... қызда қырық есекке жүк болатын айла бар дейтін еді, айлалап жүр ме екен? (Ғ.Мүсірепов)
<i>Жетім қыздың тойындай</i>	Елеусіз, берекесіз деген мағынада айтылады.	Сенің тойың жетім қыздың тойындай болмауына кепіл боламын. (А.Токмағамбетов)
Аскеров, М.Б - 2018. Латинский алфавит как очередной шаг в сближении тюркских народов и активное средство интеграции их в мировую культуру. Сборник материалов международной научно-практической конференции «Переход казахского алфавита на латинскую графику: развитие государственного языка в контексте глобализации», проводимой в рамках реализации программной статьи Президента РК «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» (5-6 июня 2018). Атырау, 2018, с. 90-93.

История турецкой письменности. <http://www.languages-study.com/turkce-alphabet.html>

Комиссаров, В.Н. Современное переводоведение. <http://library.durov.com/Komissarov>

Новый вариант казахского алфавита на латинице. <https://informburo.kz/stati/>

Назарбаев, Нурсултан. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания <http://www.akorda.kz/ru>. Официальный сайт президента Республики Казахстан.

Туркменский язык. https://ru.wikipedia.org/wiki/Туркменский_язык

Узбекская письменность. https://ru.wikipedia.org/wiki/Узбекская_письменность

НЕЙРОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАУДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК МАҢЫЗЫ

ф.ғ.к., проф.м.а. А.Ғ. СЕМБАЕВА*
Магистр, оқытушы А.ДЖАММБЕТОВА**

Түйіндеме

Мақалада тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі нейролингвистика ғылымының қалыптасуы және нейролингвистикалық бағдарлаудың коммуникативтік маңызы қарастырылған. Нейролингвистикалық бағдарлау психотехникалық әдістер жүйесі ретінде адам психикасына тиімді әсер етуге бағытталған іс-әрекет екендігі көрсетілген. Тілдерді меңгеру саласындағы зерттеулер қазірдің өзінде кез-келген тілдік ортада туылған балалардың дамудың ұқсас және болжамды сатыларынан өтуі дәлелденді. Бала кезімізден бастап біз ана тілімізді ғана емес, өз заманымыздың, өз отбасымыздың барша қоршаған ортаның да тілін меңгереміз. Қарым-қатынастағы тіл мәселесі - танымдық үдерістер мен табиғи құбылыстар түрінде айқындалады. Ол адамның өзгелермен қарым-қатынасқа түсуіне, тіл табысуына, табысқа жетуіне ықпал ететін, бірнеше ғылымдардың тоғысында қарастыруды қажет ететін айрықша сала болып табылады.

Кілт сөздер: тілдік қатынас, нейролингвистика, нейролингвистикалық бағдарлау, коммуникация, тілдік модель, нейрон.

COMMUNICATIVE IMPORTANCE OF NEUROLOGICAL DEVELOPMENT**Abstract**

One of the new areas in linguistics is the formation of neurocognition science and the communicative meaning of neurolinguistic orientation. Neurolinguistic orientation is defined as a system of psychotechnological methods that acts as an effective tool for influencing human psychiatry. Studies in the field of language studies have already proven that children born in any linguistic environment have similar and predictable developmental stages. From childhood, we learn not only our native language but also the language of our own time and of our family. The language problem in communication is defined as the cognitive processes and natural phenomena. It is a special area that needs to be considered at the very heart of several sciences, which contributes to a person's ability to communicate, communicate and succeed with others.

Key words: language communication, neurolinguistics, neurolinguistic orientation, communication, language model, neuron.

КІРІСПЕ

Қарым-қатынас психологиясындағы тіл мәселесін зерттеу - қазіргі кездегі нейролингвистика ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі. Бұл ретте нейролингвистикалық бағдарлау маңызды рөл атқарады.

Алғаш рет австриялық ғалым Ф.И.Галль 18 ғасырда ми бірыңғай функционалды мүше емес екендігін айтқан. Оның айтуынша, адамның түрлі әрекеттерін мидың әртүрлі бөлшектері атқарады. өзінің ашқан жаңалығын дамытып, адам бас сүйегінің формасы, ондағы әртүрлі ойыстар, ісіктер арқылы индивид мінезінің ерекшеліктерін айтуға болады деген болжамын айтқан. Бұл «Френология» деп аталады. Бір уақытта френологиямен Европада көп шұғылдана бастады. Френологтар адамның бас сүйегін ұстап тұрып болашағын айтқан. Ресейде де Галльдың жолан жалғастырушылар көп болды. Бірақ, кейін адамның бас сүйегінде ешқандай ойыстардың, ісіктердің болмайтыны дәлелденді. Френология өтірік/жалған теория болып шықты. Галль ілімінің жалғыз дұрыс болжамы – психикалық үдерістің тежелуі. Тек Галль тілдік қызмет мидың маңдай бөлігінде орналасқанын айтты. Адамның нейролингвистикалық әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Адамның бұл әрекетін танытатын негізгі белгі – оның тілі. Себебі тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал.

* Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, assotion@mail.ru

** aliya-2691@mail.ru

Тілдерді меңгеру саласындағы зерттеулер қазірдің өзінде кез-келген тілдік ортада туылған балалардың дамудың ұқсас және болжамды сатыларынан өтуін дәлелдеді (мысалға, сөйлеу алмау, ми қызметінің дұрыс жұмыс жасамауы сияқты). Кейбір нейролингвистикалық зерттеулер тілдерді меңгеру кезеңдері мен балалардағы мидың дамуының белгілі кезеңдері арасындағы байланыстарды іздеуге бағытталған, сонымен қатар басқа зерттеушілер ана тілін меңгерген кезде ересек адамның миында болған физикалық өзгерістерді (нейропластичтілік деп аталады) зерттейді. Нейролингвистикалық зерттеулер, нейролингвистикалық бағадарлаудың маңызы өте зор. Ол әсіресе тілдесу психологиясымен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде жалпы психология мәселелерінің көптеген шешімі осы тілдестік қатынастарды зерттеуге байланысты болып отыр. Себебі психологиялық бейненің бір формадан екіншісіне өтуі (мыс: түйсіктің сезімге, сезімнің ойға, ойдың сөзге т.с.с.), адам психикасындағы ашық сана аймағы мен астар сана байланысы, адам көңіл шарпуларының ерекшеліктері, жеке адам заңдылықтары ж.т.б. осы тілдестік қатынастың негізінде жасалады.

Тілдесу деген не? Тілдесу – біргелікті іс-әрекет қажеттігінен туындаған адамдар арасындағы байланыстардың даму көзі. Тіл қатынасы негізінен әңгімелесушілердің өзара ақпарат алмасуынан қалыптасады. Бұл ақпарат алмасу тіл қатынасының коммуникативтік сипатын құрайды. Тілдесудің екінші тарапы- сөйлеушілердің өзара ықпалы, яғни сөйлесу барысындағы сөз алмасу ғана емес, сонымен қатар бір бірінің әрекетін, қылығын танып, оны өзгеріске келтіруі, жауап беруі. Үшінші, ақырғы тарапы – тіл қатынасы сөйлесу арқылы адамдардың бірін бірі қабылдап, өздерінің психологиялық бейнесін түзуі [1,102]

Сонымен, біртұтас тілдесу процесінде үш бағытты байқаймыз: коммуникативтік (ақпарат алмасу), интерактивті (өзара ықпалды әрекетке келу) және перцептивті (адамның бірін бірі қабылдап, түсінісуі). Осы үш бір біріне байланысты тілдесудің қырлары бірлікті қызмет орындауымен сол қызметке араласқан адамдардың өзара қатынасын ұйымдастырудың әдістерін құрайды.

Тілдесу мен іс-әрекет өзара тығыз байланысты екені сөзсіз. Бірақ, әңгімеге арқау болып отырған тілдесу қызметі іс-әрекеттің бір бөлігі ме, не бұл екеуі өз алдына дербестігі бар, теңдей құбылыс па? - деген сұрақ туындайды. Бірлікті іс-әрекет барысында адам қажетсінуден міндетті түрде басқа адамдармен қауым түзеді, сөйлеседі, пікір алысады, яғни байланысқа келіп, өзара түсінісумен ақпарат алысып, беріседі. Бұл жағдайда тілдесу қызметі іс-әрекеттің бір бөлігі сипатында қарастырылады, бірақ адам мұнымен шектеліп қалмайды. Тілдесе отырып адам басқаларға өзінің ерекшеліктерін, даралық қасиеттерін танытады (қазақтың «аузын ашса, көмекейі көрінеді» деген қанатты сөзі осыдан). Өндірілген зат (құрылған үй, отырғызылған ағаш, жазылған кітап, орындалған ән) – бұл, бір жағынан, іс-әрекет нысаны, ал екінші жағынан – адамның өзін-өзі қоғамдық тұлға ретінде көрсетуінің қажетті құралы, себебі өнім басқалардың мүддесіне бағышталған. Осы зат арқылы адамдар арасындағы қатынас тіке емес, жанама сипат алады да, өндіруші мен пайдаланушыға теңдей ортақ тіл байланысын туындатады.

Сонымен, іс-әрекет – тілдік қатынастың бір бөлігі, ал сезім – іс-әрекеттің құрам бөлігі, ал екеуі қосылып барша жағдайларда тұтас бірлікті құрайды.

Тілдесу әрекетінің сипаты, аймағы мен әдістері оған қатынасқан адамдардың әлеуметтік қызметтерімен, қоғамдық қатынаста тұтқан орнымен, қандай да қауымға мүшелігімен анықталады да өндіріс, өнім алмасу және оны пайдалануға байланысты жағдайларға, сондай-ақ қоғамда орныққан заңдар, ережелер, талаптарға сай әлеуметтік мекемелер тарапынан реттеліп барады.

Шынында да, қай тарапынан болмасын тілдесу процесіне қатыспайтын адамға тән психикалық құбылыстарды атау өте қиын. Іс-әрекетпен біртұтас байланысқан осы тілдесу арқылы адам бүкіл қоға жаратқан тәжірибені игереді. Жеке адам дамуы тұрғысынан тілдесу барысында бірінше-бірі қайшы екі диалектикалық бағыт өзара байланысқа келеді: бір жағынан, жеке адам қоғам өміріне араласады, адамзат топтаған тәжірибені игереді, ал екінші жағынан – адамның даралығы айқындалады.

1970 жылдардың басында нейролингвистикалық бағдарлау жобасы (НЛБ) пайда болды. НЛБ Калифорниядағы Санта-Круз университетінде лингвистика профессорының ассистенті Джон Гриндер мен сол университеттің психология мамандығының студенті Ричард Бэндлердің бірлескен еңбектерінен бастау алады. Ричард Бэндлер сонымен бірге психотерапиямен айналысқан ғалым. Олардың НЛБ туралы еңбектерін жазуына Фринц Перлз, отбасылық терапевт Вирджиния Сатир және әлемге әйгілі гипнотерапевт Милтон Эриксон сынды атақты ғалымдардың еңбектері ықпал етті.

Бэндлер және Гриндер теориядан гөрі таза практикаға, яғни тәжірибелік жұмыстармен айналысып, нейролингвистикалық терапияның модельдерін құрды десе де болады. Бэндлер және Гриндер осы паттерндерді ашып, іріктеп, тиімді коммуникацияда, тұлғалық өзгеруде, жылдамдатып оқытуда және өмірден ләззат алуда қолдануға болатын мықты модель құрды.

Осы алғашқы модельдерден бастап, НЛБ екі бағыт бойынша дамыды. Біріншіден, адам іс-әрекетінің кез-келген аймағындағы шеберлік паттерндерін табу процесі ретінде. Екіншіден, атақты адамдар тәжірибеден өткізген ойлау мен коммуникацияның тиімді тәсілі ретінде. Бұл паттерндер мен тәсілдер өз бетінше қолданылуы мүмкін, бірақ сонымен бірге моделдеу процесінде кері байланыс ретінде де қолданылады.

1977 жылы Бэндлер және Гриндер Америкада бірнеше табысты семинарлар өткізді. 1976 жылы Бэндлер және Гриндер өз жобаларын «нейролингвистикалық бағдарлау» деген атау берді. Ол үш қарапайым идеяға негізделеді. «Нейро» бөлігі неврологиялық процестерден бастау алатын көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу және түйсінуден тұратын фундаменталды идеяны бейнелейді.

Біз дүниені өзіміздің бес сезіну мүшелері арқылы қабылдаймыз, ақпараттардың «мәнділігін» алып, онымен басшылық жасаймыз. Біздің жүйке жүйеміз тек қана көрінбейтін ойлау процестерінен ғана емес, сонымен бірге идеялар мен оқиғаларға деген көрінетін физиологиялық реакциялардан тұрады. Бірі екіншісінің қарапайым физикалық деңгейдегі бейнесі болып табылады. Тән мен ақыл адам мәнділігін көрсететін бірлікті құрайды. «Лингвистикалық» бөлігі біздің тілді өз ойларымыз бен іс-әрекеттерімізді тәртіпке келтіру үшін және басқа адамдармен коммуникацияға түсу үшін қажет екенін көрсетеді.

«Бағдарлау» - өз идеяларымыз бен әрекеттерімізде нәтижеге жетуге қажет ұйымдастыру тәсілдерін көрсетеді [2, 24]

«Нейро» - ми және ақылды көрсетсе, осыған қатысты біз өз ойлауымызды қалай ұйымдастырамыз «Лингвистикалық»-ол тілге қатысты, яғни біз оны қалай пайдаланамыз, ол біздің өзімізге қалай әсер етеді. «Бағдарлау» -мақсатқа бағытталған әрекеттердің іске асуын біз өз жүріс- тұрысымыздағы элементтерді қалай қалыптастыруға байланысты анықталады.

НЛП –кеңес беру когнитивтік-бихевиоралды модель. Қандай клиентпен жұмыс бастамас бұрын оның негізгі тапсырмалары анықталады: Оны былайша жіктеуге болады?

Жағдай және шартты рефлексстер

Жүріс-тұрысты басқару

Сенсорлық процестер

Аудиалды, кинестезиялық, ольфакторлық деген ұғымды білдіреді.

Бұл тұлғалық – бағыттылық тәсілдің моделі. Ол клиенттің сенсорлық – когнитивтік ерекше өзгешеліктерін, ішкі және сыртқы қажеттіліктері жағдайда қалай ойлайды немесе қобалжытынын анықтауға бағытталады.

Мысалы, тұлғаның мынандай бағалауы арқылы түсіндіріп көрейік. Ерлі-зайыпты жұптар (екеуі де зейнеткер) күйеуі зейнетке шыққаннан бастап бір- бірімен келісе алмай, ылғи сөзге келіп қалып отырады. Кеңес беруші жұмыс барысында бұлардың үйіндегі келіспеушілікке көне, барылдақ кір жуатын машина себеп болған. 6-ай бұрын зейнетке шыққан күйеуіне кіржуатын машинаның үздіксіз гүрілі оның нерв жүйесіне әсер етіп, өте тітіркендіріп отырады. Оған бұл дыбыс екінші дүние жүзілік соғыстағы дүмпүлерді елестетеді. Осы келіспеушілікті шешуге жаңа үлгідегі кір жуатын машинаны алу себеп болды. Бірақ әйелі оны мүлдем басқаша қабылдады. Оған «сенімді көне машина» қатты ұнайтын, дыбысы тыныштандырады, ерлі-зайыпты өмірдің асқақтаған немесе құлдыраған сәттерін бір ерекше ритмдік негізде ұзақ уақыт естіген әуен ретінде өзіне қабылдаған.

НЛП-да негізінен төрт қағидатқа сүйенеді, бұл барлық қайталап отырамыз. Бірінші (ең маңызды) принцип адамдар арасында өзара қатынас бар, бұл дегеніміз өзара түсінушілік және өзара сенім принципі. Мұны раппорт деп атайды [1, 24]

НЛП-дің бұл принципіне мақсатты таңдау негізінде нәтижені анықтау жатады. Мұнда бүтіндей ойлау технологиясы жатыр. Үшінші принцип – сенсорлық әсерге жоғарғы зейін қою қажеттілігі. Бұл дегеніміз, сіздің сезім мүшелеріңізді саналы түрде қолдануыңыз: қазір сізге не болып жатқанын көруіңіз, естуіңіз, сезінуіңіз. Тек осы қадам арқылы сіз өзіңіздің мақсатыңызға жылжығаныңызды сезесіз (когнитивтік нейролингвистика) Төртінші принцип және соңғы қадам мінездің икемділігі. Сізде мінездің стратегиялық таңдауы көп болған сайын, жетістікке жету мүмкіндіктеріңізде көбейеді. Сондықтан, оны біз бірнеше неврологиялық деңгейге бөліп қарастырылады.

Ғалымдар адамдар арасындағы қарым-қатынасты әртүрлі деңгейде қарастырады

Бірінші деңгей - қоршаған орта бұл- адамдармен қарым-қатынас жасайтын уақыт пен орын.

Екінші деңгей – жүріс-тұрыс (сіз не істейсіз) бұл-біздің нақты саналы әрекетіміз. НЛП-да жүріс-тұрыс ой мен әрекеттің бірге қосылуы. Үшінші деңгей - қабілеттілік, дағды, біздің әрқайсымызда дағдылар жиынтығы бар, қалай жүреміз, қалай сөйлейміз. Оларды спорттық дағдылар, математикалық дағдылар, музыкалық аспаптарды ойнау дағдылары т.б.

Үшінші деңгей – сенім мен құндылық. Бұл дегеніміз біз неге сенеміз және нені құнды деп ойлаймыз. Сенім мен құндылық біздің өміріміздегі маңызды қадамдарды анықтауға бағыттай отырып мотивтер анықталады.

Төртінші деңгей –индивидуалдылық, мұнда сіз өзіңізді өзгертуге, дамытуға, тұрақты болуға қадамдар жасай аласыз.

Бесінші деңгей – рухани деңгей, мұнда сіз өзіңізді сыртқы ортада және ішкі жағдайыңызды мағыналы байланыстыру қадамыңыз, оны былай көрсетуге болады. Осы деңгейдің нәтижесінде сіз өзіңіздің алға қойған мақсатыңды орындауға қол жеткізесіз бірақ осы іс-әрекет қалай орындалғанын кейде «бізден тыс» өтеді.

НЛП-да және қазіргі психологияның фундаменталдық зерттеулерге саналы және сана астарлы құбылысты қарастыруда бізді қоршаған дүниені, өзіңізді сезу-ол саналы әрекет, ал оны сезінбеу бейсаналық. Барлығы соған байланысты сияқты біздің санамыз шешім қабылдайды, ойлайды, талдайды, бағытымызды анықтайды. Бірақ психологиялық классикалық зерттеулерге сүйенетін болсақ, біз санамыз бестен- онға дейінгі бірліктегі хабарларды бір уақытта бірден қабылдай алады екенбіз, яғни жан- жағындағыларды естиді, көреді, аузындағы дәмді сезеді, қолының кітап ұстап тұрғанын, демалыс, тамыр соғысын т.б. Бірақ сіз саналы сенсорлы әрекеттің мүмкіндігі шектеулі екені сөзсіз.

Ал сана астары өте маңызды рөл атқарады. Ол санаға қарағанда әлдеқайда күрделі. Мысалы бұлшық еттің қозғалысы, өмірдегі болып жатқан барлық оқыған, білген құбылыстардың барлығын санастарлы деңгейде жүреді. Мысалы, Джозев өте көп мөлшерде темекі тартатын, ол өзінің күш жігерін салып оны саналы түрде тастағысы келді. Оның денсаулыққа өте зиянды екенін оқыды, ақшаны бекерге шашу деп ойлады, бірақ ол қоя алмады. Кейін оған болашақ өзінің жары болатын қыз кездесті, ол темекі шекпейді, бірақ оған темекі шегуді таста деп мәжбүрлеген жоқ. Ешқандай қиындықсыз темекіні тастап кетеді. Ол санаастарлы қызметтің көмегі.

НЛП лингвистикаға да тән, осы екі ғылымға да ортақ дүние ол- қарым-қатынастың вербалды жағы, сөздің құрылысы және сөйлеушілердің жеке қасиетті т.б. [3,153].

Тіл - адамға берілген баға жетпес сый. «Тілмен айта алмағаныңды, саусағыңмен шұқып көрсете алмайсыз» - дейді халық. Сондықтан НЛБ және психотерапия мұны «тілдесу өнері» деп атайды. Белгілі ғалым С.В. Ковалев НЛБ тілдің маңызы туралы: «Біздің тіліміздің басты мәні, оның ерекше жеңілдігінде, тіл арқылы біз барлығын: «шектелген ойларымызды, ішкі лирикалық сезімдерімізді, ашуымызды, құмарлығымызды білдіреміз»- деп жазады.

Тіл өзінің көп мағыналығымен ерекшеленеді. Мысалы, пантомима тілі. Мим арқанды тартып жатқанын, немесе жардың шетінде тұрғанын бейнелесе біз бірден түсінеміз. Бірақ оның бір пластикалық қимылын неге ұқсайтыны белгісіз. Егер ол өзінен біреуді қуса, артқа шегінетін еді, бетін қолымен жапса бұл қорқыныш болып саналады. Бірақ ол басқа нәрсе істейді. Біз толығымен түсінікті тілге аударып бере алмаймыз, бәрібір түсінеміз, сезінеміз. Біз тілді ақпарат тарату үшін қолданған кезде ол сөзге айналады. Сол себепті тіл мен сөз бір-бірімен тығыз байланысты, бұл екеуі тұтас бір нәрсенің екі аспектісі:

Сөздің негізгі сипаты оның мағынасында, семантикалық мазмұнда екені баршаға белгілі. Баяндалып жатқан сөзді тыңдағанымызда біздің назарымыз оның мәндік мазмұнына аударылады. Адам тілінің әрбір дара сөзі қандай да бір затты өрнектейді, оны атаумен біздің санамызда нақты бір заттың не құбылыстың бейнесі пайда болады. Осынысымен де адам тілі жануарлардың қысқа мерзімді, қылықтық күйін білдіретін аффектік тілінен ажырайды. Жануарлар тілі ешқашанда нақты бір затты белгілі дыбыстық өрнекпен таңбаламайды, таныта алмайды. Сөздің бұл қызметі – сигнификативтік қызмет деп аталады. Сөздің белгілеу қызметі нақты ұлт өкілі түсінікті сөздерден құралған тілдің қызметі. Осы қызмет нәтижесінде адам әртүрлі заттардың бейнесін жанама түрде санада тұрғыза алады, заттардың өзі жоқ болған кезде де олармен іс-әрекеттік қатынасқа түсе алады. Осыдан адам танымы еселеніп байиды, яғни адам өзіндік сана қорында заттың тікелей бейнесін сақтап, таниды, оған қоса сол заттың таңбалық баламасы-мен де байланысқа келеді.

Сөздің және бір күрделірек қызметі бар. Ол арқылы заттарды таңдап, олардың мәнді қасиеттерін ажыратып, заттарды белгілі категорияларға топтастыру мүмкіншілігіне ие боламыз.

Осыдан сөз дерексіздендіру (абстракциялау) мен нақтылау құралына айналып, қоршаған дүние заттарына байланысты тереңде жатқан байланыс-тар мен қатынастарды бейнелеуге қолданылады. Сөздің бұл екінші қызметі сөз мағынасы терминімен белгіленеді. Сөзді игеру арқылы нақты заттар араласатын адам-заттың көпғасырлық тарихында қалыптасқан байланыстар мен қатынастарды танымыз, зерттеп, үйренеміз. Сөйлесудің және бір қызметі- коммуникативтік-өрнектеу құралдары мен ықпал жасау құралдарының бірлігінен орындала-ды. Өрнекке, яғни дыбыстардың бірігіп, сөз және сөйлем формасына келуінен әлі сөйлеу баян шықпайды. Сөйлеу-заттық негізі бар мағына болғанда ғана іске асады. Әркандай сөздің (сөйлеу) белгілі зат жөнінде баяны болып, екінші біреуге бағытталса ғана, өзінің коммуникативтік қызметіне сай болады. Сөйлеудің мағыналық маз-мұнының өзiгi-өрнектеген заты. Бірақ, нақты белсенді сөйлесу барысында сөз өзінің белгілегенінен тыс көп хабарды жеткізе алады, себебі сөз ағымы сезімдік әрекет-термен толығыады: ым, ишара т.б. [4,67]

Адам тіліндегі көңіл-күй эмоция көрінісі үлкен маңызға ие. Сөзді тек ақыл-ой көрінісі деп тану оның өрісін өте тарылтып жібереді. Сөзде, әсіресе оның ауыз-ша түрінде көңіл-күй танытатын көптеген сөйлеу бірлік-тері қосылады іркініс, ырғақ, әуен жазба түрінде – ты-ныс белгілері, сөз орыны ж.т.б. сөйлеу барысында біз тек білген ақпаратымызды ғана хабарлаудан тынбастан, әңгі-ме арқауына болған, әңгіме тыңдаушыға болған өз көңіл толғаныс, қатынастарымызды білдіреміз. Сөз неғұрлым өрнекті, әсерлі болған сайын, одан сөйлеушінің келбеті, болмысы дәл әрі нақты көрінеді.

Сөз бір нәрсе жайында баяндаумен бірге ықпал жасау құралы да болып қызмет етеді. Адам тілінің ық-палдық қызметі- өте мәнді құбылыстардан. Ол тікелей әрекет-қылықты өзгертпегенімен, қалайда тыңдаушының ой-санасына, сезіміне қандай да өзгеріс ендіреді. Сөйлеу-әлеуметтік міндетті орындау, тіл қатынасының құралы бола тұрып, саналы ықпал қызметін орындайды.

Сөйлеу процесінің негізгі тірегі – түсіну, түсінісу. Сөз сөйлем қоғамнан тыс болуы мүмкін емес, сөйлеу тілдесуге арналған және тілдесуде пайда болатын-әлеуметтік өнім.

Сөйлеу саналы әрекетке айналуы үшін әңгіме арқылы шешілетін мәселе және оның мақсаты анық болуы қажет. Сонымен бірге, әңгіме барысындағы міндеттің шешімі сол әңгіме жүріп жатқан жағдайда да байланысты. Бұл жағдай әңгіме өзегі болған зат пен іңгіме бағышталған тыңдаушы қауымының сипатымен бірлікте қарастыра отырып, адам не айту керек, қалай айту керек екендігін барластырады, осыдан өз сөзін алдына қойған міндетін шешуге жарайтын саналы әрекетке айналдырады.

Сөз – ең маңызды тілдік бірлік (әсер ету, хабарлау, ойды жарыққа шығару). Ол коммуникативтік қызмет атқарады Біз сөздерді әр түрлі жағдайда түрліше қолданамыз: дауыстап айту, іштей сөйлеу, жазбаша қарым-қатынас, ым-ишаралар арқылы хабарлау [5.110]. Кей кезде тіл адамның шынайы бейнесін жасырады деп есептеледі. Сөйте тұра тіл сөйлеушінің еркінен тыс ойын көрсетіп беруі де ықтимал. Бала кезімізден бастап біз ана тілімізді ғана емес, өз заманымыздың, өз отбасымыздың барша қоршаған ортаның да тілін меңгереміз. Қарым-қатынастағы тіл мәселесі - танымдық үдерістер мен табиғи құбылыстар түрінде айқындалады. Мысалы, қарым-қатынас жасау, ақпарат қабылдаудың әр түрлі деңгейлерінде психологиялық кері байланыс, коммуникативтік кедергілер, коммуникативтік- эмоционалдық әсер т.б.

Қорыта айтқанда, нейролингвистикалық бағдарлау - бұл психотехникалық әдістер жүйесі ретінде адам психикасына тиімді әсер етуге бағытталған іс-әрекет. Ол адамның өзгелермен қарым-қатынасқа түсуіне, тіл табысуына, табысқа жетуіне ықпал ететін, бірнеше ғылымдардың тоғысында (психология, философия, логика, физиология т.б.) қарастыруды қажет ететін айрықша сала болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Бодалев А.А. Личность и общение. М., 1983. -272 с.
- 2.Ковалев С.В. Оснoлвы нейролингвистического программирования. М. : Флинта, 1999.
- 3.Михеева С.М. Психологическая совместимость и характер взаимодействия членoв группы.- В сб.: Вопросы психологии познания людьми друг друга я общения. Краснодар, 1978.кн.2, с. 135-143
- 4.Хомский Н. Язык и мышление. М. 1972 (12-121 беттер)
- 5.Самойленко Е.С. Основные направления экспериментального исследования речи в ситуации общения. // Психологический журнал №4,1985 с. 153-158.

ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ЕТІСТІК ЖАСАУШЫ ЖҰРНАҚТАРДЫҢ ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ ВАРИАНТТАРЫ

Ф.ғ.к., қауымд.проф.м.а. **Ғ.Б. ШОЙБЕКОВА***

Ф.ғ.к., проф.ма. **Г.Қ. АБДИРАСИЛОВА****

Магистрант **Ш.Д. ДҮЙСЕНОВА*****

Түйіндеме

Мақалада орта ғасыр ескерткіштеріндегі етістік жасаушы жұрнақтардың жуан және жіңішке варианттары жайында сөз болады. Мұнда Қожа Ахмет Йасауи еңбектері, Алтын Орда мен мәмлүктік Египетте жазылған мұралары, М.Қашқари “Диуани хикмет” еңбегі, Сәйф Сараидің “Гүлістан” және “Хұсрау мен Шырын” шығармаларындағы етістік жасаушы жұрнақтардың жуан және жіңішке варианттарын мысалдар арқылы көрсітіледі. Мәселен, Йасауи хикметтерінде сын есімге *-a*, жұрнағы жалғану арқылы туынды етістіктер жасалған: сын есімге *-a* жұрнағы жалғану арқылы жасалған етістіктер, сын есімге *-ы, -і* етістік тудырушы жұрнақтар жалғанған етістіктер, сын есімге *-іл* жұрнағы жалғанған туынды етістіктер, *-ла, -ле* жұрнағының сын есімнен етістік тудыруы арқылы жуан және жіңішке варианттары мысалдармен берілді. Зерттеу барысында зат есімдер мен сын есімдерден туынды етістік жасаушы жұрнақтар өте кездеседі. Дегенмен, олардың беретін мағыналарында айырмашылықтар байқалмайды.

Тірек сөздер: *Орта ғасыр ескерткіштері, етістік жасаушы жұрнақтар, жуан және жіңішке варианттар, жазба ескерткіштер.*

THE THICK AND THIN VERSIONS OF THE VERB DERIVATIVES IN MEDIEVAL MONUMENTS

Abstract: In the article thick and thin versions of verbal derivatives in medieval monuments are considered. Here are examples of the works of Khoja Ahmet Yasawi, the heritage of the Golden Horde and the Egyptian heritage, the works of M. Khashkar, "Sophia Hikmet", as well as the thick and thin versions of verbs produced by the genres of Suif Saray "Gulistan" and "Khushrau and Shyrin." For example, Yassawi xikmetterinde connects to the adjective suffix *-A*, derived verbs: adjectives abuse the made compound, created by the suffix, verbs, adjective cent of students associated with the verb suffix causes verbs, verbs, adjectives related to the suffix *-il -la*, with exaggerated and subtle suffix variants, the suffix suffix. In the course of the study, nouns and adjectives are derived from the derivatives of nouns. However, there are no differences in their meanings.

Key words: *Medieval monuments, verb derivatives, thick and thin versions, monuments.*

КІРІСПЕ

Йасауи шығармаларының тілі туралы ғалымдар пікірі әрқилы болғанымен, бүгінгі күнде де толық зерттелді дей алмағанымызбен, қай тілде жазылды деген мәселе толыққанды басы ашық мәселе болып отыр. Әр түркі жұртының өкілдері өздерінің тілдік элементтеріне жақындатып, өз туындысы деп тану да кездесіп жатады. Дегенмен, Қожа Ахмет Йасауидің қазақ жерінде туып, шығармаларын осы жерде туындатып, осы жерде сүйегінің жатқаны да баршаға аян. Осы кезең туындыларының тілі туралы пікірлер де сан қилы. Тілші-ғалымдардың X-XII ғасыр жазба ескерткіштерін қараханид әдеби тілінің дәстүріндегі *j* тобындағы оғыз-қыпшақ тілінде (кей деректер бойынша шағатай тілі) жазылған туындылар деп қарайтын пікірлері де бар.

Түркітанушы ғалым Н.А.Баскаковтың айтуынша, X-XII ғасырларда кеңінен қолданыста болған тілдер тобына енетін тілде жазылған болуы мүмкін. [1, 304 б.]. Ал Қараханид дәуірінде басым қолданылған тілдерге тәжік, Орта Азияда иран тілдерінің элементтері көп қолданылған.

Орта ғасыр шығармаларын зерттеген түркітанушы ғалым Ә.Нәжіп Қожа Ахмет Йасауи еңбектерін зерттеп, хикмет тілінің қай тілге көбірек жақындайтыны жөнінде мынадай пікір келтіреді: “Известно, что в низовьях реки Сырдарья начала XI в. жили огузские племена. Когда они продвинулись вглубь Средней Азии, их место заняли кыпчаки” [2, 55 б.].

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru

** e-mail: ab.gulmira@mail.ru

*** 1 курс магистранты

Ә.Нәжіп XI-XV ғғ. аралығындағы жазылған мұраларды терең зерттей келе, бұл кезеңде бір емес, бірнеше әдеби тілдердің болғанын анықтады. Ғалымның көзқарасы бойынша, қарахандықтар династиясы дәуіріндегі қарлұқ-ұйғыр әдеби тілімен қатар, XI ғасырда Сырдарияның төменгі ағысында тұратын халықтар қыпшақ-оғыз әдеби тілінде сөйлеген. Ал қыпшақ тілдер тобындағы бірден-бір тіл қазақ тілі екенін, сонымен бірге Қожа Ахмет Йасауидің қазақ жерінің азаматы, түлегі екенін ескерсек, хикмет тілінің де қазақ тіліне қатысы бар екендігі анық. Ендеше Ә.Нәжіптің түпкі ойы оғыз-қыпшақ, оның ішінде қазақ тіліне жақындығы бар деген ойдың ұшқыны байқалады. Ғалымның бұл пікірінің жаны бар. Орта ғасыр ескерткіштерін жүйелі, толық зерттеген ғалым ретінде пікірінің дұрыстығына көз жеткізуге болады. Алтын Орда мен мәмлүктік Египетте жазылған мұраларды да түбегейлі зерттеп, сол саладан докторлық диссертациясын қорғаған ғалымның “Диуани хикмет” еңбегі қыпшақ тілінің негізінде жазылған. Аздап онда оғыз тілінің де әсері болған. Ал шығыс элементтеріне келетін болсақ, кітаби тілдің әсерімен енуі мүмкін деген пікірін бізге дейінгі ғалымдар қолдаған болатын. Біз де осы пікірге тоқтағанды жөн санап отырмыз.

-a(-e) – етістік жасайтын байырғы тұлғалардың бірі. **-a** жалғану ыңғайына қарай **-ла** мен параллель қолданылады. Кейде мұндай параллелизм **-a** және **-да** тұлғалы етістіктердің бір ғана мағыналық мәнерде қолданылуынан байқалады. Бұл құбылыс **-a** мен **-ла** генезистік жағынан дербес аффикстер емес, бір аффикстің екі түрлі варианты деп қарауға мүмкіндік береді.

Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеуші ғалым Ғ.Айдаров туынды етістіктердің жасалуы негізгі түбір етістіктерге қосымшалар жалғану арқылы жасалатынын айта келіп, өзге ғалымдар секілді есім негізді және етістік негізді болып екіге бөлінетіндігін айтады. Есім сөздерге **-a, -e, -ла, -ле, -лан, -лен, -лат, -лет, -д, -ад, -ед, -ай, -ей, -к, -к, -ық, -ік, -шур, -шүр** сияқты жұрнақтар жалғану арқылы жасалатындығын көрсетеді [3].

М.Қашқари туынды етістіктер жасауға негіз болатын бірден-бір етістік – бұйрық етістік деп таныған. М.Қашқари қосымшалар жалғанған етістіктердің сыртқы тұлғалық өзгерісіне, мағынасына, сонымен бірге қызметіне, мәтін ішіндегі сөйлемдік қызметтеріне назар аударады. Түркі тіліндегі етістіктердің ерекшеліктері туралы толық мәлімет беріледі. Мысалы, етістіктерді екі әріпті: ал, іл – бұйрық етістіктері. Үш әріпті; төрт әріпті; бес әріпті бұйрық етістіктерді, мысалы, *берклә нәңні – нәрсені бекіт. Берклә* етістігін айтылуды төрт әріпті сияқты дейді. Себебі *берік* түбіріндегі *i* қысаң дауыстысы түсіп қалып, сондықтан төрт әріпті сияқты дейді.

Йасауи хикметтерінде *беркіту* етістігі екі жерде кездеседі.

Худайа рахм етіб йолұңа салғыл, Гунаһім беркітіб дәрдімні көргіл (10б, 1-2). Рахман тәңрім әйләбән кіргіз йолғә, Рахматындын муждә беркін 'асы құлғә (44а, 1-2). Беркіту етістігі өзге ғылыми әдебиеттерде, түркітанушылар *бек* сын есімінен туындатады. Біздің ойымызша, *беркіту* етістігі *берік* сөзінен туындап тұр. *Берік* сөзіне **-i** дауысты дыбыстан жасалатын қосымша жалғанғанда түбір құрамындағы *i* қысаң дауысты дыбыс ығысып, түсіп қалады.

Ескерткіштер тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтарды зерттеген Ә.Керімов Сәйф Сараидің “Түлістан” және “Хұсрау мен Шырын” шығармаларындағы етістік жасаушы **-ы, -и, -у, -ү** жұрнақтарының бар екенін *уды, (ұйықта), бәрки (бекі), қуры (құрғау)* деген мысалдар арқылы дәлелдейді. Осындай дәлелдер орта ғасыр ескерткіштерінің бірі Қожа Ахмет Йасауидің хикметтерінен де кездеседі. *Арыб, сауытмаса, қақылур, беркін, бақыласан* деген етістіктер – осының айғағы. Жоғарыда көрсетілген ескерткіштерде де **-ы** жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктердің саны аз екенін байқауға болады. Бүкіл туындының өн бойында бес туынды етістік кездесті. Махмуд Қашқари сөздігінде *берік, беркіну* сөздерінің мағынасы *мықты, жабық, бекем* деген мағыналарды береді екен, Махмуд Қашқари: “Бұл сөздің негізі бәк” деп көрсетіп, **p**-ның артық екенін айтқан болатын [4, 53 б.]. Осы *беркін* сөзі біздің тілімізде *бекін, мықты* болу деген мағынаны білдіреді – *Рахматындын муждә беркін 'асы құлғә (44а, 2)*. Қазақ тілінде *беркіну* сөзі қолданылмайды. Бірақ жергілікті тіл ерекшеліктерінде *беркіну* сөзін Махамбет шығармаларынан кездестіреміз. *Беркініп садақ асынбай, ерлердің ісі бітер ме?!* деген жолдардағы *беркіну* сөзі ХҮІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасыр басында қолданылғандығы белгілі. Жергілікті тіл ерекшеліктері де белгілі деңгейде тілдік өзгерістерді шешуге көмектеседі.

Р.Сыздық *бәркітіб* деген етістіктің хикметтер тілінде кездесетіндігін айтып, **-ит** жұрнағы арқылы жасалған етістік деп таниды [5, 142 б.].

Бұл сөздер “Хұсрау мен Шырын” туындысында *Нечә ким талбысам бәркир бу бағым – Талпынған сайын бекір бұл бауым (ХІІІ, 95 б.)* деген тұлғада қолданылса, М. Қашқаридың еңбегінде *Ол таварын бәркләди – ол малын бекітті (ІІІ, 448 б.)* тұлғаларында қолданылған. М.Томанов: “Байырғы етістіктер құрамынан кездесетін аффикстердің бірі **-ы, -і**. Алайда **-ы, -і** арқылы жасалған

етістіктердің саны қазіргі қазақ тілінде аса көп емес, бірақ олар сөздік қордың байырғы түріне жатады. *Бекі, тыншы, ренжі, (реніш есімінен), мүңкі (мүңк ескі түркі тілінде иіс) т.б.* [7, 261 б.]. Сонымен қатар қазіргі түркі тілдерінің материалдарын салыстырғанда **-а** және **-ы** аффикстері бірін-бірі алмастырып қолдану фактілері кездеседі: қазақша *сүйре*, түркіменше *сүрү, боса, позы* т.б. Тіпті қазақ тілінің өзінде *жана* (қасынан өту) және *жаны* (мысалы, оқ жанай өтті, оқ жанып өтті) секілді грамматикалық варианттар да кездеседі. Мұндай дерек Йасауи хикметтерінде де кездеседі.

Мысалы: *Мәнің төрт дәфтарым 'аләмға сығмас, Оқұб біткән кіші 'аләмға қарымас (10а, 8-9).* Біздің ойымызша, *қарымас* және *қарамас* деген сөздерге **а** және **ы** дыбыс алмасуы бар. Б.А.Серебренников пен Н.З.Гаджиеваның да еңбектерінде **-ы, -и** жұрнағы арқылы жасалған әзірбайжан тіліндегі *барки – мықты болу* сөздерін мысалға келтіруге болады. [6, 236 б.]. (236 б.).

Йасауи хикметтерінде сын есімге **-а**, жұрнағы жалғану арқылы туынды етістіктер жасалған

Сын есімге -а жұрнағы жалғану арқылы жасалған етістіктер:

Жаның қинаб заққум чайнаб 'ашиқ болғыл, Башың ойнаб ол жан сізләб садиқ болғыл (56б, 4-5). *Сахарлары жаным қинаб қан йыгламай, Алла дебан қанлар йүтүб зар енрәнмәй (60б, 8-9).* *Бәндә болсаң мәнмәнлікні зинһар ташла, Сахарлар жаның қинаб ынмай ішлә Йолдын азған бәндәләрни йолға башла, Бір ләхзада дилләріні сафа қылдым (101а, 12-13).*

Сын есімге -ы, -і етістік тудырушы жұрнақтар жалғанған етістіктер.

Рийазатта һарыб ачыб азыб қалсам, Дустлар, хожам мәні бәндәм дегәймукин (13б, 4-5). *Йолда өлүб көңліні сауытмаса биһрақ (29б, 11).* (күн суыды). *Күйдүргучі йақдүргучы һич тұрарың йоқ, От дек тұташыб бақыласан кәун-у мәкәндә (28а, 10-11).*

Сын есімге -іл жұрнағы жалғанған туынды етістіктер:

Он йашымда ол йол таптым тірілмәдім (44б, 12).

Йасауи хикметтерінде *тірі-л-мәдім, и-іл, өргүләйін* секілді **-іл** қосымшасы жалғанған етістіктер кездеседі. **-іл, -л** қосымшалары таза динамикалық қозғалысты білдіретін сөз тудырушы аффикстер қатарына жатады. Мысалы, *тірілу* етістігі, *йілу, өркүләйін* етістіктері көз алдымызға қимылды елестетеді. Қимылдың, динамикалық қозғалыстың елестеуін аңда, байқа, түсіну, білу қиялдау секілді етістіктермен салыстырып көруге болады. Бұл тілдік бірліктер де іс-әрекеттің мәнін білдіретін етістіктер болғанмен, олардың семантикалық ерекшеліктері өзгеше.

-ла,-ле жұрнағының сын есімнен етістік тудыруы:

Рухұм болғай аңа дәйим мәдәдкәр, Йүрәгін қан етіб йокласа һәр бар. (10а, 6-7). *Пирсіз хизмәт сәңә үшбу тамашалар керәк, Сән әгәр диуана сән тағдын өзүң ташла сән-а (98а, 8-9).* *Хошламайдур 'алимлар бізні айтған түркині, Ма'насыға барсалар йергә қойар бөркіні (32а, 4).* *Рахат ташлаб жан михнәтін хошләгәнләр, Мәүлім оны 'азизләб көкдә орын берді-йа (39б, 8).* *Оғлыны көб йоклады, Көзі йашиға толды-йа (105б, 8).* *Дустлар мәні йоклағай.*

Барлығы сын есімдерге **-ла, -лә** жұрнағы жалғану арқылы 7 етістік туындаған. Қожа Ахмет Йасауи шығармаларына жиілік талдау жасау барысында 4 сын есімге **-ла, -лә** жұрнағы жалғану арқылы етістік туындағаны анықталды. Біріншіден, жұрнақтар түбір сын есімдерге жалғанған. Екіншіден, түбір сын есім болғандықтан сапалық сын есімдерге жалпы түбір сын есім болғандықтан сапалық сын есімдерге жалғанған. Негізінен, аффикстің бұл тұлғасы **-ла, -ле** күйінде сапалық сын есімдерге жалғанатындығын, қалған морф тұлғалары қатыстық сын есімдерге жалғанатындығын қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктерді зерттеген ғалым А.Хасенова айтқан болатын. Ғалымның ойы өз түпнұсқасында былай беріледі: “**-ла, -ле** аффиксі сын есім тобына жататын сөздердің бәріне бірдей қосыла бермейді және бұл аффикс арқылы сын есімдерден жасалған туынды түбір етістіктердің бәрінің мағынасы бірдей болмайды. Сапалық сын есімдерге бұл аффикс негізінде **-ла, -ле** күйінде, ал кейбіреулеріне, қатыстық сындарға **...-дан, -ден** түрінде қосылады” [8, 53 б.]. Сын есім тұлғасына жалғануда ғана емес, барлық сөздерге жалғануына байланысты **-ла, -ле** ... жұрнақтары жалғануы жағынан, сөз тудыру қабілетінің жоғарылығына байланысты өнімді жұрнақтар қатарынан орын алады. Э.В.Севортян өзінің “Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке” атты еңбегінде әзірбайжан тіліндегі аталған жұрнақтың грамматикалық, сөзжасамдық ерекшеліктеріне толық тоқталып, көптеген талдаулар жасайды. Өзбек ғалымы А.Г.Гулямовтың, чуваш ғалымы О.И.Левитскаяның, якут ғалымы Л.Н.Харитоновтың, А.Хасенованың, сөзжасамдық тұрғыда жұрнақтардың парадигмалық сипатын берген А.Салқынбайдың еңбектерінде өте көп талданып, мағыналары көрсетіледі. Мысалы, сын есімдерге жалғанғанда туынды етістіктердің мағыналары былайша топтап беруге болады:

1) Субъектінің бір сападан екінші сапаға ауысу, өту процесін көрсетеді;

2) Бір сападан өздері жасалып тұрған сапаға ауыстыру процесін білдіріп, актив субъектінің іс-әрекеті болады [8, 53 б.].

3) Қазақ грамматикасында сын есім негізді **-ла, -ле** жұрнақтары жалғану арқылы жасалған туынды етістіктер заттың:

4) түсін,

5) көлемін,

6) дәмін,

7) сапасын білдіретін мағыналарды өз бойына жинақтайтыны айтылады [9, 381 б.].

Йасауи хикметтеріндегі **-ла, -лә** жұрнақтары жалғану арқылы жасалған туынды етістіктердің мағыналары мынаған келіп тіреледі:

Йоқласа етістігі белгілі бір бар нәрсенің, нысанның бұрын болғандығын, қазір ол нысанның орны бос екені, сындық тұрғыдан, адамның көзқарасы тұрғысынан білдіретін мағынада қолданылып тұр. Ал *тамашалау* етістігі семантикалық мазмұны жағынан көзбен көріп, көңілге тую, түйсіну арқылы сезіну етістігінің мағынасын беріп тұр. *Хошламайдур* және *хошләгәнләр* деген туынды етістіктердің мағынасы, біздің ойымызша, қазақ тіліндегі қостау мағыналы сөзбен тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да сәйкес келіп тұр. Адамның көңіл-хошы ұнатқан нәрсесін ғана қостайтындығын ойласақ, онда бұл етістіктің түбірінің мағынасы кеңейе түседі. Демек, мұнда адамның белгілі нәрсені ақыл, ой елегінен өткізіп, ақылға салып істейтіндігі аңғарылады. Тілімізде бұл етістік тудырушы жұрнақтардың беретін мағыналарын ғалымдар көптеп көрсеткенмен, біздің жұмысымызда бұл мағыналар шектеулі. Себебі сын есімге жалғанып тұрған етістік тудырушы жұрнақ арқылы туындаған қимыл атауы, яғни етістік саны Йасауи хикметтерінде де аз да, соған сәйкес шектеулі. Сонымен қорытындылай келе, сын есімдерге **-ла, -лә** жұрнағы жалғану арқылы мынадай мағыналар хикметтер тіліндегі етістіктерде кездеседі:

1) белгілі бір бар нәрсенің, нысанның бұрын болғандығын, қазір ол нысанның орны бос екенін, сындық тұрғыдан, адамның көзқарасы тұрғысынан білдіретін мағына;

2) семантикалық мазмұны жағынан көзбен көріп, көңілге тую, сезіну арқылы берілетін мағына

3) адамның белгілі нәрсені ақыл, ой елегінен өткізіп, ақылға салып істейтіндігі мағыналары бар сын есім негізді туынды етістіктер де кездесті.

Сын есімдерге аталған етістік тудырушы жұрнақтар жалғанғанда дыбыс үндестігі сақтала қоймаған. Негізінен, үндестік заңы біздің қазақ тілінде жақсы сақталғанмен, түркі тілдерінің өзге топтарында үндестік қатаң түрде сақтала қоймайды. Сондай үндестік заңы сақталмайтын тілдер қатарына Йасауи хикметтерінің тілі де жатады.

Осы пікірді қостай отырып, егер қазақ тілінің үндестік заңына сүйенетін болса, *йоқ+та, хош+та* болып үндестік заңына бағынуы керек еді. Демек, Йасауи хикметтерінің тілінде өзге тілдік белгілер байқалады. Ал *тамаша+ла* сөзінде үндестік заңы сақталып тұр. Оған қоса бұл тілдік бірлікте **-ла** тұлғасы толық қолданылып тұр деуге болады.

Сын есімге **-ай** жұрнағы жалғанған етістіктер:

Тынмай 'ашиқ дейур дәйим худаға йалбарыб, Йүрүр аның ишиқыда күндүзләрі сарғайыб (68а, 8-9). *Қызыл йүзні за'фаран дек сарғайтмайын, Йетмәсә 'ашиқ мурадыгә жан тартмайын* (86а, 7).

А.Ысқақовтың қазіргі қазақ тілінің морфологиясында есім сөздерге жалғану арқылы жасалатындығы айтылған: **“-ай (-ей, -й)”** жұрнағы арқылы жасалған *етей, күшей, мұңай, көрік-ей, құтай, отай, тарай, кеңей, қарай, қартай, молай, көбей, зорай...* тәрізді етістіктермен қатар, оның көне екендігіне айғақ боларлық ұл (ы) *ғай* (ұлғай), *үлк-ей* (үлкей), *сар* (ы) *ғай* (*сарғай*), *ұзын, ұз-ақ* (*ұзар*), *ұзай* сияқты байырғыланып кеткен етістіктер де бар [14, 234 б.].

Ал **-ай** жұрнағы “Гүлістан” мен “Хұсрау мен Шырын” ескерткіштерінде ғалым Ә.Керімов *ұлғай* деген бір ғана сөздің құрамында кездескенін айтады. Мысалы, “Гүлістан” ескерткішінде *Улғайдың мәним кәтимдә – ұлғайдың менің қасымда* дегенде және “Хұсрау мен Шырын” туындысында *Бираз улғайса тохиунлуқ унутқай – біраз ұлғайса, асаулықты ұмытқай* (XIII, 219 б.) деген мысалдарда ғана берілетіндігін ғалым айтып өтеді. Ғалымдардың пікірінше, **-ай** жұрнағының көне түркі тілдеріндегі көріністері өзгеше тұлғада кездесетіндігін айтады. Егер А.Есенқұловтың етістік тудырушы жұрнақтарының ішінде **-ад, -ед**: *башад, буңад, йегед, қутад, қулад, көнед* деген сөздерді мысалға келтіреді де, осы мысалдар **д-й** сәйкестіктері арқылы *құтай* деген мысалдарды береді. Бұл тілдік деректер **-ай, -ад** жұрнақтарының мәндес, мағыналас екендігін байқаймыз. Ғалымдардың үндес пікірін Ә.Керімов те жалғастырған: ғалым **-ай** жұрнағының көне түркі тілдерінде **-ад, ат, -аз** тұлғаларында кездесетіндігін, **д-з-й** дыбыс сәйкестіктері арқылы *ұлғам/ұлғаз* тұлғасында қатар қолданылғанын М.Қашқаридың еңбектерінен көруге болады. Біздің тарапымыздан түркі-

танушылардың пікірлерін мынадай мысалдармен толықтыруға болады: құтадғу, т.б. сонымен қатар - *ай* жұрнағының *-ар*, *-ғар*, *-ал* жұрнақтарымен де мәндес екендігін Ә.Керімов айтып өтеді. Мысалы, өзге түркі тілдерінде *сарғар* (тува), *сара* (гагауз), *сарал* (чуваш, түрікмен), *сарғай* (қазақ) тұлғаларында келіп, қосымшалардың дыбыстық өзгерістер арқылы келетінін байқауға болады. Қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуші М.Томанов есім түбірден етістік жасайтын ежелгі аффикстердің бірі – *-қар*, *-гер* жұрнағының Алтын Орда дәуіріне дейінгі жазба ескерткіштерде *баиғар*, *ішкер* тұлғаларында кездеседі. М.Қашқаридың сөздігіндегі *суғар*, *отғар*, *түзгер* етістіктері де етістік тудырушы жұрнақтардың даму эволюциясының күрделі екендігін көрсетеді. Біздің тілімізде *суар* = *суғар*, *теңер* = *теңгер*, *оңар* = *оңғар* т.б. секілді мысалдар қосымшалардың генетикалық байланысын байқатады. Осындай тілдік деректер етістік тудырушы *-ар* аффиксі мен *-ғар* аффикстерінің ертеде бір тұлға екенін дәлелдейді. *-Қар*, *-ғар*, *-гер* және *-ар*, *-ер* аффикстерінің түркі тілдерінде кездесетін *сарар*, *сарғар*, *сарғай* деген мысалдан өзге *тазар* *тазғар* деген тілдік бірліктер арқылы да анықтауға болады. М.Томановтың пікірінше: “*-ғар* аффиксінің әр түрлі фонетикалық өзгерістерге түсуінің нәтижесінде сөз құрамындағы аффикс бірде *-ар*, бірде *-ай*, бірде *-ғыз* сипатын алған да, бір ғана морфологиялық сипаттағы сөздер әр түрлі болып қалыптасқан”. Бұл жерде тілімізде көп кездесетін дивергенция, дәлірек айтсақ, фонетикалық дивергенция құбылысын байқауға болады. Ә.Керімов Гүлістан ескерткішінде *қарар*, чуваш тілінде *хурал*, қазақ тілінде *қарай* деген тілдік бірліктер орта ғасыр ескерткіштеріндегі қосымшалардың тұлғаларының тұрақтанбағанын көрсетеді. Мысалы, түркімен тіліндегі *ұлал* етістігі қазақ тіліндегі *ұлғай* етістігінің тұлғалық өзгеріске түскен формасы. *-ай-ар-ал* тұлғаларының дамуындағы *-ал* қосымша тұлғасының этимологиясын ашуға ұмтылған ғалым Ә.Керімов: “М.Қашқаридың сөздігінде кутатты // құталды – құтты болды (1 том, 138, 345 беттер). М.Қашқаридың этимологиясы бойынша, құталды етістігі құт алды – бақыт тапты тіркесінен қысқарған (2 том, 138 б.). Егер осы этимология дұрыс болса, онда құтай сөзінің түбірі – *құ*, *-ал* бөлшегі әуелде *ал* (*бері*) деген жеке сөз”. Әрине, қаншалықты шындыққа жанасымды екені белгісіз, дегенмен, тілімізді зерттеуде осындай пікірлер бар.

Негізінен, *-ғар*, *-ар*, *ай*, *-ал*, *-ғай* жұрнақтарының беретін мағыналары бірдей болғандықтан олардың қайсысынан қайсысы туындап тұрғанын анықтау қиын. Тілімізде *ғ* дыбысының тұрақсыздығы, түсіп қалуы *қ*, *к*, *г* дыбыстарының тұрақсыздығы қатар жүзеге асады. Ертеден бізге жеткен жазба ескерткіштер тілінде осы дауыссыз дыбыстардың сөз ортасындағы қолдану қазіргі түркі тілдерінде ала-құлалық байқалады. Мысалы, түркі тілдерінің оғыз, қарлұқ тобындағы тілдерінде, кейбір қыпшақ тобындағы тілдерде *ғ*, *г* дыбысының тұрақсыздығы байқалады. Мысалы, қазақ тілінде *құлақ* болса, көне түркі тілінде *құлғақ* тұлғасында кездеседі. *Емгек*, *құлғақ* т.б. сөздер кездеседі.

Түркітанушы ғалым Б.Сағындықұлының пікірінше, *шыңғыр*, *сыңғыр*, *даңғыр* т.б. сөздердегі *ғ*, *қ* дыбыстарының ерекшелігін түсіндіруге болады деп есептейді: “Көне =уқ // =уғ, жаңа =у жұрнағына аяқталған сөздер ертеректе конверсия тәсілі арқылы зат есімге яки сын есімге айналып кеткен. *Азуқ*, *йазуқ*, *шыжық* – көне заманда етістіктен есімге айналған сөздер. Бұларға ур= көмекші етістігі қосылғанда “азуқ ур”, “йазуқ ур”, “шыжық ур” типіндегі тіркестер жасалған. Уақыт өте келе “аз+ғыр=, жаз+ғыр=, шыж+ғыр=” формасында қайта қалыптасқан. Мысалдардан түбірдегі *ғ* дауыссызының қосымшаға ығысқандығы анық байқалады. *Тапсыр* = (бір істі біреуге міндеттеу, жүктеу, арту) етістігінің туынды түбірі – *табыс*. Оған =ыр жұрнағы қосылғанда морфологиялық құрамы өзгереді: тап+сыр=. ыр=(=ір) жұрнағының алдындағы барлық дауыссыздар осы сияқты пайда болған [10, 122 б.].

Сын есімге *-ар*, *-ер* жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды етістіктер:

Сачу саққал хуб ақарды көңұл қара, Рузи махшар рахм етмәсә хәлім таба (93б, 6).

Мысалы, Қожа Ахмет Йасауидің мына бір хикметінде *ақ* сын есіміне *-ар* жұрнағы жалғанып, етістік туындап отыр. Бұл жұрнақ алдында басқа позицияда болған жағдайды өзгерту мүмкіндігіне ие болып отыр. Негізінен, көп жағдайда сын есімдерге жалғанып, етістіктің туындауын қамтамасыз етеді. *Жасар*, *ағар*, *көгер*, *қысқар* дегендегі *-ар* жұрнақтарын Н.К.Дмитриев түр-түстер мағынасын беретін сын есімдерге жалғанатындығын айтқан болатын. [8, 178 б.]. Негізінен, шектеулі ғана сөздерде қолданылады, жалғанады. “Характерно, что принимая этот аффикс, основы прилагательных часто претерпевают фонетические изменения или разлагаются на составные части”, мысалы, *қызыл-қызар*, *ақ-ағар*, *сары-сарығар* = *сар* (*ы*) *ғ-ай* т.б. жасыл – *жасар*, *қара-р* = *қарай* т.б. Демек, *ар*, *-ай*, *-й* жұрнақтарының түп-төркіні бір. Тағы да Н.К.Дмитриевке жүгінсек, *-ай*, *-әй* қосымшаларын “Архаичный аффикс, который сохранился при немногих корнях. Образует глаголы среднего значения от прилагательных”.

Екі қосымша да сын есімдерге жалғанады, екіншіден, беретін мағыналарында бір позициядан екінші позицияға ауыстыру мағынасы бар. Мысалы, жоғарыдағы хикметте шаш пен сақалдың жас кезде қара болғаны, кейін жасы келе ағарғаны, яғни қара позициядан ақ позицияға көшкенін байқап отырмыз. *Қарт-ар = қарт-ай, тар-ыл = тарай, көп-әр = көбей* секілді мысалдар сөзіміздің дәлелі бола алады.

М.Қашқаридың *-ар, -ғар* аффикстерін талдауда “қызар етістігін қызыл ерді тіркесінің құрамындағы сөздердің бір-бірінен кірігуінің нәтижесінде жасалса керек”. Ғалым М.Томановтың пікірінше, М.Қашқари *-ар* және *-ғар* аффикстерін бөлек берген, сол себепті мұндағы назар аударатын жайт екеуі екі аффикс болуы мүмкін деген тұжырымы бар. Сөзбе-сөз келтірсек, “Қашқари заманында түркі тілдерінде *-ғар* және *-ар* аффикстері бір тұлғаның тарихи варианттары емес деп қарауға мүмкіндік береді. М.Қашқари көрсететін кейбір сөздердің дыбыстардың ауысу заңдылығының негізінде қазақ тілінде өзгергені соншалық, олардың алдыңғы сипатын айқындау қиын. Мысалы, Қашқари *-ар* аффиксті мына сөздерде көрсетеді: *көлер* – судың көп болып жиналуы, қазіргі қазақ тілінде бұл сөз *көлей* түрінде айтылады (р>з>й) да, бір нәрсенің шамадан тыс ұлғаюын, жайылуын білдіреді”. Жоғарыдағы *тарыл - тарай, қызылар - қызар, қартар - қартай, көпәр - көбей* секілді мысалдар тілімізде осындай тілдік бірліктердің бар екенін көрсетеді, дәлелдейді. Дегенмен, *-ғар, -гер, -ар, -ер, ыр, -ір, -р* қосымшаларының генетикалық жағынан байланысы бар екені сөзсіз. Оны тіліміздегі тілдік деректер дәлелдей алады. Дей тұрғанмен, М. Томановтың мына бір пікірінің де жаны бар: “Қазақ тіліндегі *-ар (-ер, -ыр, -ір)* аффиксі барлық жағдайда да *-ғар(-ғыр)* аффиксінің тарихи варианты деп қарауға келе бермейді. *-ғар* қосымшасының қазақ тіліндегі тарихи варианты бірде *-ар (-ер, -ыр)* болса, бірде *-а (-е, -ы, -і)* болуы да мүмкін. Екінші жағынан, кейбір сөздер *-ар* аффиксінің әбден қалыптасқан, осы күйге түскен кезеңінде жасалуы мүмкін”.

Зат есімдер мен сын есімдерден туынды етістік жасаушы жұрнақтар қайталанып та келе береді. Мысалы, *-а, -ә* жұрнақтары, *-ла, -лә* жұрнақтары қайталанып келгенмен, олардың жалғанған түбірлері екі түрлі сөздер тобына жатады. Дегенмен, олардың беретін мағыналарында айырмашылықтар байқалмайды. *-ы, -і, -іл, -ай, -ар* жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің де беретін мағыналарында сол затқа, заттың сынына айналу мағыналары бар екенін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. Москва: Наука, 1979. 273 с.
2. Наджип А.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв.. М., 1989, 550 б.
3. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, Мектеп. 1986, 180 б.
4. Керімов Ә. Түркі әдебиеті ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр). Алматы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. 110 б.
5. Сыздықова Р. Ясауи хикметтерінің тілі. Алматы. Сөздік-Словарь, – 2004, 552 б.
6. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Москва. Наука, 1986 302 с. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. 784 б.
7. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1988, 264 б.
8. Хасенова А. Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер. Алматы. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1959 б. 175 б.
9. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. 784 б.
10. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы. Санат, 1994. 168 б.

KARAMANLI NIZAMI'NİN DİVANINDA HARFLERİN ELE ALINIŞI

Nebahat ERDEM*

Özet:

Мультимәдениеттің жеке элементтерін бүгінгі Қазақстанның этносаясатынан да байқауға болады. Бірінші кезекте еліміздің этносаясатындағы заңгерлік аспектілерді атап өткен жөн, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы ұлттық ерекшеліктерге қарамастан барлық этникалық топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Алайда, ұлтаралық қатынастардың реттестіру жолдары мультимәдениет талаптарына көп жағдайда сәйкес келмей жатады. Мультимәдениет моделі - бұл қоғам ішіндегі қандай да этностың мәдени өзгешеліктерін жоғары қоймайтын, барлық этностар тең дәрежеде екенін түсіндіргісі келетін модель. Бұл модельді дамытуда барлық іс-шаралар игі болады, себебі бұл модель бейбітшіліктің және тұрақтылықтың негізі болып саналады.

Қазақстанда мультимәдениеттің белгісі бұл ұлттардың қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында бүгінде этносаралық ықпалдастықтың басты тұтқасы деп заңды түрде танылып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы. Ол қазақтардың көне жерінде тұратын барлық этностар өкілдерінің бойындағы өзара түсіністік пен төзімділікке, отаншылдық пен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілікке негізделген. Дей тұрғанмен, әрбір ұлттың өзінің тарихи орналасқан аумағында тілдік үстемдікке ұмтылысын ұлттық тілді сақтап, дамыту және сол арқылы ұлттық егемендікті нығайту шарасы екендігін уақыт көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Glazer N. (1997), *We Are All Multiculturalists Now*. Harvard Univ.
2. Малахов, Владимир (2001), «Скромное Обаяние Расизма» и Другие Статьи. Москва.
3. Ерохин, Олег (2007), *Политический национализм*. Москва.
4. Bhabha Homi K. (2007), *The location of Culture*. London: Routledge.

Ф.ғ.к. проф. М.Қ.ЕСІМБОЛОВА*

Түйіндеме

Мақалада тарихи лексиканың этнолингвистикалық негіздері ашып көрсетіледі. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен әдет-ғұрып, наным сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін, әсіресе, жазу-сызу болмаған халықтарда осыншама мол дүниені тіл мен ауыз әдебиетінен басқа жадында сақтайтын тәсіл жоқ.

Этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі этнографизмдер, кеңірек айтсақ этнографиялық лексика. Бұл лексиканың құрамында өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың көбі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес.

Қазақ халқының өткендегі мәдениетіне үнілсек, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнердің жете дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. Айталық киіз басу, киіз үйге қажетті бау-басқұр, алаша, киім, аяққап тоқу, сырмақ сыру, тері илеу, өрім өру, тас қашау, асыл тастардан сәндік бұйымдар жасау (зергерлік өнері), қара темірден тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасау (ұсталық кәсіп) т.б. қолөнерінің тамаша туындылары болып табылады. Бұлардың бірсыпырасы қазіргі гүлденген дәуірімізде де осы маңызын жойған жоқ. Қазақстан территориясында табиғат өзгешелігіне байланысты кәсіп шаруашылығының салалары да әр жерде әр түрлі. Осыған орай бұндай сөздердің таралуы да, қолданылуы да республика территориясы үшін біркелкі емес. Бұл топтағы сөздердің қай-қайсысы болмасын әдеби тілдің баюына қажетті сөздер.

Тірек сөздер: тарихи лексика, этнолингвистика, тарихи сөздер, диалектілер, қолөнер, этнография.

ETHNOLINGUISTIC BASIS OF TEACHING PROFESSIONAL LEXICS

Abstrakt

Ethnographism, namely ethnographic lexis is the main object of investigation of ethhnolinguistics. There are many words and phrases which describe the history of former life. Even though majority of these words are used in everyday life, many of such words might not be understandable for the today's generation. Some of these words are rarely used or were forgotten They had lost their original meaning.

If we look through at the history of Kazakh culture we can see that there were many developed branches of handicraft which met the needs of everyday life .

For example felt yurt, carpet, clothing, knitting ayakkap, weaving of syrmaк, leather, stone chisels, precious stones and decorative products (jewelry, art), in collusion with metal housing, economic instruments (carpentry business), etc. are the great works of applied art.

Even today many of them have not lost their importance. Kazakhstan has different branches of business in different parts due to the diversity of its nature. Therefore such words were not used and spread uniformly in the territory of the republic. Any of these words in this group are necessary for the enrichment of literary language.

Keywords: professional lexis, ethnolinguistics, historical words, dialects, crafts, ethnography.

КІРІСПЕ

Талай ғасырлар бойында жинақталып, өрбіп, өсіп келген сөздік құрамның арнасы да, аумағы да ұшан теңіз. Сөздік құрам тілдегі мыңдаған, сан алуан сөздерді қамтып, бірнеше салалардан, лексикалық қат-қабаттардан құралған. Сөздік құрамға негізгі сөздік қордағы байырғы сөздермен бірге туынды сөздердің, жаңадан пайда болған сөздердің басым көпшілігі, сондай-ақ арнаулы терминдер, белгілі бір кәсіпке, шаруашылықтың түріне байланысты сөздер (профессионалдық лексика) енеді. Бұдан басқа қазақ лексикасында басқа тілдерден енген көптеген сөздер (араб, парсы, иран, монғол, орыс тілінен), тарихи қат-қабаттар да бар.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, mia_ku9@mail.ru

Сөз байлығы – лексика қарастыратын негізгі және күрделі единица. Тілдің сөз байлығына тұрақты тіркестер де жатады. Бұлар замандар бойы біртіндеп туып қалыптасқан, ұзақ дамудың жемісі. Тілдің қаншалықты дамып жетілгендігі, сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, мәнімен де (көп мағыналылығымен) өлшенеді. Сөздік құрам неғұрлым бай болса, тілде сонша дамыған болады. Бүгінгі қазақ тілі сөз байлығы жағынан дамыған тілдердің қатарына жатады.

Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика немесе сөздік құрам деп атайды. Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық жүйедегі алатын орнын, шығу төркінін, қолдану қабілетін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, түрлі стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылымды бір сөзбен лексикология дейді. Лексикология сөздерді тілдің, қазіргі тілдердің даму тұрғысынан да, сонымен бірге өткен тарихымен тығыз байланыстыра отырып та зерттейді.

Қазақ сөздері сан жағынан көп, сан-салалы болғанымен, бұлардың жасалуы мен шығу тегі, мағыналары мен қолданылуы, даму қарқыны белгілі белгілі бір заңдылықтарға бағынады.

Қазақ тілі лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің осы заманғы даму қалпын, сөздердің экспрессивті-стилистикалық мәнін, қолдану аясын тексереді.

Тарихта лексикология – жалпы тіл білімінің сүбелі де күрделі салаларының бірі. Оның зерттеу объектісі - лексика және оның пайда болу жолдары мен даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, тарихи лексикология тіл тарихына сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың, ұлттың) бастан кешірген қоғамдық формациялар мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми–теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді.

Тарихи лексикологияның зерттеу объектісі дегенде екі түрлі жағдайды ескергеніміз жөн. Біріншіден, ол алдына қойған мақсатына және тіл фактілерін талдау тәсілдеріне байланысты іштей сараланып, тікелей өзіне қатысты проблемаларды әр қырынан қарастыратын *этимология*, *семасиология*, *диалектология*, *ономасиология*, *этнолингвистика* сияқты тарауларды қамтиды. Екіншіден, оның тіл білімінің осы салаларында қол жеткен табыстары мен талдау әдістерін пайдалана отырып, этностың шығу тарихы (этногенезін), этнос тілінің пайда болуын, халық тілінің базистік структурасын, туыс, туыстас және басқа тілдермен қарым-қатынасты әр түрлі экстралингвистикалық факторлардың тіл дамуына тигізген әсерін т.б. тіл фактілері мен оның заңдылықтары негізінде қарастырып, тұжырым айтуға мүмкіндігі мол. Сондықтан да тарихи лексикологияның өзіндік объектілері мен қатыстық объектілері арасында тығыз байланыс, мүдделестік бар.

Тіл менен сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) қатыстығын, яғни бір-біріне әсер етіп отыратын лингвистикалық және этносқа қатысты факторларды өзара байланыстыра зерттеуші саланы тіл білімінде этнолингвистика деп атайды. Оның да өзіне тән зерттеу объектісі бар. Этнос және оның тілін біртұтас өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата-мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар.

Тілдердің дәл осындай, өткен өмірдің тәжірибесі мен өнегесін сөзбен өріп, жадына сақтау қасиеті болмаса, ешбір халықта дәстүр жалғастығы мен мұрагерлік болмаған болар еді.

Құбылыстар мен заттардың бәрі де белгілі бір сөздермен аталады. Атаусыз сөз жоқ. Сөз болмаған жерде атау да жоқ. Сондықтан, сөз тарихы тіл тарихымен, тіл тарихы халық тарихымен, халық тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Адам баласы өзінің жаратылысынан белгілі қоғамда өмір сүріп келеді.

Өмір сүруге қажетті заттарды өндіруді де олар бірлесіп атқарған. Осындай бірлесіп атқарған еңбектің өзі адамзатты ойлай білуге, сөйлеуге мәжбүр еткен. Тіл адам баласының қол жеткен табыстарын сөздер арқылы көрсетеді. Әрбір тілдің сөздік құрамындағы сөздер халықтың басынан өткен ұзақ сонар тарихын, оның саяси-әлеуметтік өмірін, тұрмыс-салтын, күнкөріс-тіршілігін, мәдени-рухани өмірін, бүкіл экономикасын айнытпай айқын бейнемен бере алады. Сөз байлығында біздің барлық білген біліміміз, ойымыз, идеямыз, ұғымымыз сақталған. Қазақ халқының да көне заманнан бері қарай өзімен қоса жасасып келе жатқан бай сөздің құрамы бар. Бұлар халқымыздың басынан кешкен бүкіл өмірінің, шаруашылығы мен кәсібінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының нақ айнасы. Сөз байлығы ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бірден-бірге жоғалмай сақталып келеді. Белгілі бір тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сол халықтың басынан өткізген бүкіл өмір тіршілігін, жалпы өткен тарихын айнытпай дәл бейнелейтін таусылмас бай қазына, өшпес тарихи мұра екендігі даусыз. Қазақ халқының басынан кешкен көне тарихын, ақыл-ойын, тілек-мүддесін,

барлық кәсібі мен шаруашылығын, күллі мәдениетін, керек десеніз, оның өзіне тән сезімі мен эмоциясын да білгіңіз келсе, осы тілдің бай лексикасын түбегейлі зерттеу арқылы көз жеткізуге болады.

Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шың мәніндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады.

Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарактың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен әдет-ғұрып, наным сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін, әсіресе, жазу-сызу болмаған халықтарда осыншама мол дүниені тіл мен ауыз әдебиетінен басқа жадында сақтайтын тәсіл жоқ. Сондықтан да тіл факторы ретінде кездеспейтін заттар мен құбылыстарды, ұғымдар мен түсініктерді этнос өмірінде болмаған, ал болған ретте ол бүгінде халық жадынан шығып, із-түссіз жоғалған, ұмыт болған деп қарауға болады. Этнос пен оның тілі бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние екендігін біз осыдан көреміз.

Этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі этнографизмдер, кеңірек айтсақ этнографиялық лексика. Бұл лексиканың құрамында өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың көбі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі

ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. Бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу этнолингвистиканың үлесіне тисе, тілдік табиғаты мен даму заңдылықтарын этнолингвистика деректеріне сүйене отырып тарихи лексикология анықтайды.

Этнолингвистика жалпы тіл байлығын толық қамти отырып, қызығушыны этностың болмысына байланысты тілінде қалыптасып, оның қат-қабат қойнауларында сақталып келе жатқан көненің көзіндей сыры мол дүниеге тереңірек үңілуге бағдарлайды. «Тіл – тұла бойы тұнып тұрған тарих» деген сөздің мәнін сонда ғана түсінеміз.

Этнолингвистика тілімізде этнографиялық лексиканың ұшаң-теңіз байлығын қалай болса солай, кез-келген фактіге байланысты емес, белгілі бір жүйе бойынша мағыналық-тақырыптық топтарға бөліп, өзара жіктеп, саралап барып зерттеу керек. Олай болса әр қилы ұғымға байланысты өмірдің әр түрлі саласы қамтылып, әр қырынан көрінетін сөз бен сөз тіркесінің тілдегі орны мен қолданыс аясы, мағына-мәні толық ашылмаған болар еді. Сондықтан да этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макросистемалар мен микросистемаларға бөліп алып, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастырып, өзара байланысты сала-салаға бөліп қарастырады.

Бүкіл болмысты «Табиғат», «Адам», «Қоғам» деген үлкен үш салаға бөліп қарасақ, ғылымда идеографиялық классификация бойынша анықталатын микросистемалық ұғымдардың бәрі осы үш саланың аясына толық сияды. Кәсіпшілік кәсіптік өнердің («Зергерлік», «Кілемшілік», «Егіншілік», «Мақташылық», «Балықшылық» т.б.) барлық түрін қамтуы тиіс.

Қазақ халқының өткендегі мәдениетіне үңілсек, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнердің жете дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. Айталық *киіз басу*, *киіз үйге қажетті бау-басқұр*, *алаша*, *киім*, *аяққап тоқу*, *сырмақ сыру*, *тері илеу*, *өрім өру*, *тас қашау*, *асыл тастардан сәндік бұйымдар жасау* (зергерлік өнері), *қара темірден тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасау* (ұсталық кәсіп) т.б. қолөнерінің тамаша туындылары болып табылады. Бұлардың бірсыпырасы қазіргі гүлденген дәуірімізде де осы маңызын жойған жоқ.

Көне дәуір ескерткіштерінен түркі тектес ру-тайпалар тіліндегі киім-кешек, көрпе-төсекке байланысты сөздердің едәуірі белгілі.

Барқыт «жібек», торқу «жібек», себ «жасау», ісі «тігінші», кендір «кенеп» т.б. Бұл халық тұрмысындағы жүн, мақта, кенеп, жібек сияқты материалдарды халық біркелкі пайдалана алмады. Жібектен, кенептен тоқылған мата мен тері тек өз қолдарынан келген өнермен қажетті бұйымдарын табиғи түрде дайындап пайдаланған. Тарихи оқиғалар кешенінде тұрмыстық үй-шаруашылығына бірен-саран болмаса, көзге түсерлік әсер ете қоймаған. Өйткені, көшіп-қонуға жеңіл киім-кешек пен көрпе-төсектер болмаса, оларды көбейтіп, жүгін ауырлатуды, «аттың жалы, түйенің комында» жүрген халықтың жағдайы көтере бермеді. Киім-кешек, үй тұрмысына қажетті бұйымдары қолдан тоқылған, иленген, басылған жүн мен теріден даярланды. Олардың жасқа қарай түрлері, жиһаздың өрнек түстері өз ерекшеліктерімен дамып, халық шеберлерінің қолымен безендіріледі. Ою-өрнектердің аттары да көбейді. Кілем тоқу, өрнектеп алаша тоқу (терме алаша), құрақ құрау, кесте

тігу, қыз жасауын түрлендіру тәрізді қолөнер кәсіптері кең таралды. Халық қашанда алға иек артып, жақсыға ұмтылып, өткеннің өтімді дәстүрлерін сақтай келіп, өмірдің эстетикалық жағына ерекше мән беріп, әдемілікке құлшынып, қолынан келгенінше оны дамытуға, барынша қамтуға әрекет етіп отырады. Сәнді киініп, дәмді тамақтану ғана емес, үйімен де көрікті болуды аңсады. Сондықтан үй бұйымдарын жасандыруға, безендіруге аса көңіл бөлді.

Кәсіби мамандыққа байланысты сөздер – жасанды сөздер емес, белгілі кәсіптің ұзақ уақыт бойы даму нәтижесінде пайда болған сөздер. Олар халықтың тілі негізінде дамып, толығып отырады. Кәсіби сөздерді қолданушы – жергілікті халық. Сол себепті олардың халықтық сипаты, қоғамдық мәні бар кәсіби сөздер ұлттық әдеби тіл лексикасының дамып, жетілуіне, толығып отыруына үлес қосады. Мәселен, тек ауылшаруашылығы саласында қазіргі кезде әдеби тілге еніп, бүкіл халықтық сипат алып кеткен кәсіби сөздер аз емес. Мысалы, дақыл, диқан, жүйек, мұрап, атыз т.б. бір кезде шағын ортада ғана белгілі кәсіптік сөздер болатын.

Қазақ тілінің өз сөздерінен термин жасауда кәсіби сөздердің зор мәні бар. Кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастыруда негізгі арналардың бірі болып табылады. Мұның өзі кәсіби сөздер мен терминдер сипатындағы жақындыққа байланысты. Термин ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздер де белгілі бір ұғымның нақты, дәл мағынасын анықтайды. Ұлттық тілде олардың мағынасын дәл беретін баламалары жоқ. Мысалы, *жылым, танап, бағбан, дақыл* сөздерін басқаша атауға, басқа сөзбен ауыстыруға болмайды. Бұған қарап екеуінің арасында айырма жоқ деп қарамау керек. Ұлттық тілдегі кәсіби сөздердің бәрі бірдей ғылыми термин болып қалыптаса бермейді. Олардың ішінен тек баспасөз арқылы әдеби сөзге еніп, ғылыми ұғымдарды білдіру талабын сай келетіндері ғана термин бола алады. Терминдер ғылыми негізінде, ал кәсіби сөздер халықтық негізде әр түрлі кәсіптің дамуымен байланысты қалыптасады.

Қазақ тілінің өз сөздерінен термин жасауда кәсіби сөздердің зор мәні бар. Кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастырудың негізгі арналардың бірі болып табылады. Термин ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздерде де белгілі бір ұғымның нақты, дәл мағынасын анықтайды.

Ұлттық тілде олардың мағынасын дәл беретін баламалары жоқ. Мысалы, жылым, манап, бағбан сөздерін басқаша атауға, басқа сөздерге ауыстыруға болмайды. Бұған қарай екеуінің арасында айырма жоқ деп қарамау керек.

Кәсіби (профессионалдык) сөздер жергілікті жерде әр алуан кәсіптің, өндірістің туып, дамуымен қалыптасады, соларға байланысты заттардың, өндіріс, еңбек құралдарының, еңбек өнімінің, процесінің атауларын білдіреді. Мұндай сөздер белгілі кәсіппен шұғылданған адамдардың арасында қолданылады да, көбінесе, солардың өздеріне ғана түсінікті болады. Мәселен, Арал, Каспий балықшылары тіліндегі *шола* (балықтың азаюы), *ұйық* (балықтың бір жерге шоғырлануы), *әттік* (қармақтың тілі), *тартым* (ау тартатын жер), *қоқан* (үлкен балықты тізіп байлайтын арқан) т. б. Бұл сөздерді балықпен кәсіп етпейтін басқа жердің адамдары білмейді де, түсінбейді. Диқаншылыққа байланысты оңтүстік аудандарындағы *бәдірен* (қияр), *әбінауат* (үлкен сары қауын) сөздерін әркім біле бермейді. Әрине, белгілі кәсіп, шаруашылықпен байланысты сөздердің бәрін де халыққа түсініксіз деп қарамау керек.

Кәсіби (профессионалдык) лексика көркем шығармада да жиі кездеседі. Мысалы:

-Кәне, жігіттер, -Атаман сөзін қолымен көлегейлеп, жан-жағына ұзақ қарап алды, -бір шамаға келген шығармыз, дегенмен, байқап қаралық. Екі-үш жерден үкі ойып жіберіндерші.

-Уа, сүймен әкеліндер. *Сүзгіні* де ала түс.

- *Богар* да керек шығар?

-Керек. *Прогон* да ала кет.

Бұл аталған балықшы құралдарының көпшілігі маған да таныс болатын. *Үкі* дегеніміз - мұзды ойып ау салатын жер. *Сүймен* дегеніміз - басы жұмыр ағашқа сапталған, екінші басы үшкір, ұзындығы құлашқа жуық, қырлы темір. Ол мұз, не тоң ою үшін қолданылады. *Богар* дегеніміз - сырыққа сапталған бір бұтақты, бір қармақты темір.

Лингвистикалық терминдер жайында жарық көрген еңбектерде «кәсіби лексика» деп белгілі бір мамандық, кәсіп көлемінде қолданылатын сөздер танылып жүр.

Қазақ тіл мамандары соңғы жылдары кәсіби лексиканы жиып, зерттеуге баса назар аудара бастады.

Қазақ тілінің лексикасы жайлы жазған еңбектерінде (Кеңесбаев, Мұсабаев, 1975: 133). арнаулы лексика мен профессионалдык лексиканың айырмашылығын айта келе, бұларды профессионалдык және ғылыми терминологиялық лексика деп бөліп қарауды ұсынады. Профессиналдык лексикаға белгілі бір адамдар тобының қызметіне байланысты немесе бүтіндей бір ауданның шаруашылық

саласындағы ерекшеліктерді білдіретін жалпы лексиканы бір бөліміндегі сөздерді жатқызады. Ондай кәсіби лексикаларға етікшілікпен, аңшылықпен, балық шаруашылығымен, ағаш жұмысына байланысты яғни белгілі кәсіппен шұғылданып жүрген адамдарға тән лексика екенін көрсетеді.

Кейбір кәсіби сөздер бірнеше аудан, облыстардағы тұрғындар тілінде қолданылып, белгілі бір аймақта ғана айтылып, өзінің таралу шегі, изоглосы болады. Міне, осы іспеттес кәсіби лексиканы да терминдерден ажырата білуіміз керек. Мұндай лексикалық топтарды біреулер кәсіби лексикаға жатқыза, енді біреулер термин сөздер деп таниды. Ал Б. М. Юнусалиев мұндай лексика топтарын «диалектілік терминологиялық лексика» деп атайды да, оған туыстық атауларына байланысты сөздерді, құрылысқа, техникалық дақылдарға, бау-бақшаға байланысты терминдерді жатқызады (Юнусалиев, 1976: 229-230). Қазақ тіл мамандары кәсіби лексикаға шаруашылық, кәсіп ерекшелігімен байланысты ерекшеленетін мақта, балық шаруашылықтары, көкөніс, бау-бақша, кілем тоқу өнерімен байланысты пайда болған сөздерді жатқызады.

Егерде терминдер белгілі бір ғылым, техника саласындағы маман адамдарға ғана түсінікті болып, сол говорда сөйлейтін адамдардың бәріне бірдей түсініксіз болып келсе, кәсіби лексика, керісінше шаруашылық, кәсіп түрімен ерекшеленіп тұратын сол өңірдегі тұрғындар үшін таныс сөздер болып табылады. Олар белгілі кәсіппен шұғылданып жүрген адамдармен қатар, сондағы басқа тұрғындар үшін онша жат сөз болып табылмайды. Термин сөздер болсын немесе белгілі бір өңірде ғана қолданылатын кәсіби сөздер болсын, бұлардың қай қайсысы да барлық халыққа бірдей түсінікті бола бермейді.

Кәсіби сөздер белгілі бір аймақтың тұрғындары ғана айналысатын кәсіпке ғана байланысты сөздер болғандықтан, белгілі территориялық аймақпен шектелуі жағынан диалектизмге ұқсас болып келеді. Мұндағы бір ерекшелік диалектизм бір жерді мекендеген елдердің белгілі территориясындағы тұрғындарына үлкендерге, балаларға дейін түсінікті болса, профессионалдық лексика бір семьяның өзінде де бәріне бірдей түсінікті болмауы, олардың бәрі бірдей қолданатын сөз болмауы мүмкін.

Кәсіпке байланысты сөздердің белгілі аймақта ғана айтылатыны ескеріліп, қайсібір тұрғындар тілі жайлы мақала, монографиялық еңбектер жазылғанда, кәсіби лексика да жиналып, сол жайында диалектологтар еңбегінде айтылып та келеді. Бұның бәрі бұл лексикалық топтардың бір-біріне ұқсас жағдайларының молдығынан, әрі олардың ара жігін нақ басып бөліп айтпағандан туған жағдайлар еді. Тілімізде қолданылып жүрген кәсіби лексиканың барлығы бірдей көпшілікке танымал бола бермейді. Олардың бірқатары бұрын бір немесе бірнеше говорларда жұмсалып келді. Олардың ішінде жалпыхалықтық сипат алғандары бар. Бұндай кәсіби сөздер-шағын аумақты ғана қамтитын, таралу шегі онша көп емес, кейбір говорлар өкілдеріне ғана таныс, басқа өңірлерге тамырын кең жайып орнықтаған сөздер. Оған мысал ретінде *жүгері/борми/көмбеқонақ* сияқты бір атаудың бірнеше варианттарын келтіруге болады.

Кәсіби сөздер әдеби тілді байыту не шұбарлау, олардың әдеби тілге қажетті-қажетсіздігі негізге алынып, соңғы кезде жарық көрген еңбектерде прогрессивті, регрессивті деп екіге бөлініп, қарастырылып жүр (Сарыбаев, 1976: 167).

Прогрессивті диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер әдеби тілді байыта түсетін қажетті, керекті сөздер болғанымен, қолданылу жағынан жалпыхалықтық сипат ала алмай жүрген бірақ өтуге тиісті сөздер. Бұл атаудың әдеби тілімізге кіріп орнығатын толық мүмкіндігі бар. Өйткені, прогрессивті диалектілік кәсіби сөздердің әдеби тілде ешқандай баламасы жоқ.

Қазақстан территориясында табиғат өзгешелігіне байланысты кәсіп шаруашылығының салалары да әр жерде әр түрлі. Осыған орай бұндай сөздердің таралуы да, қолданылуы да республика территориясы үшін біркелкі емес. Мақта шаруашылығы дамыған жерде *қоза* (мақта өсімдігі), *терімші* (мақта теруші) сияқты сөздер айтылады. Суармалы шаруашылығы дамыған Қазақстанның оңтүстік аудандарында арық-атыз түрлеріне байланысты атауларды мольрақ кездестіреміз. Арық – атыздың ғана *әнер*, *оман арық*, *жан*, *бау арық*, *жан арық*, *қол арық*, *желке арық*, *қолиық* тәрізді отыздан астам түрлерінің бар екені белгілі (О.Нақысбеков, 1965: 50).

Қазақстанның оңтүстік өңірінде бақша, күріш, мақта толып жатқан кәсіп дамығандықтан, әдеби тілімізді байытатын сөздер молынан кездеседі. Жүгері атауларымен байланысты қолданылып жүрген *сота* (*собық*), *саршая* (*күтімсіз қалған жүгері*), *сидамдау* (*жүгеріні шөптеу*).

Арал теңіздері мен Балхаш көлі маңында балық шаруашылығы дамығандықтан, ондағы тұрғындардың тілінде осы кәсіпке байланысты қолданылатын көптеген кәсіби сөздер бар. Жоғарыда аталған жерлерде *айнағөз*, *шоқыр*, *қаяз*, *құты балық*, *көкжан*, *аққайран* тәрізді балық атаулары, *балберкі*, *жұтпа*, *морда*, *шөктірма*, *абақ* сияқты балық шаруашылығы құрал-жабдығы мен оның бөліктеріне байланысты сөздерді көптеп кездестіруге болады. Сондай-ақ аңшылыққа байланысты,

бүркіт салумен байланысты жергілікті жерде көптеген сөздер қолданылады. Мысалы, *шырға* (бүркітті үйрету үшін қоян не түлкі терісінен жасалған алдамшы), *балақбау/аяқбау* (қайыстан жасалған бау), *ырғақ* (жана ұстаған бүркітті шаршату үшін қондыруға арналған бос керілген арқан) .

Бұл топқа жалпыхалықтық қолданылуынан орын ала алмай жүрген, қолданылуы жағынан кең аймақты қамтымайтын, белгілі бір өңірде ғана қолданылып, бірақ әдеби тілді байытуға аса қажетті сөздермен қатар әдеби тілде баламасы бар, сол себепті әдеби тілге кіре алмай жүрген сөздер жатады. Мұндай лексикалық топқа өзіндік ерекшелігі бар халық шаруашылығының жүзім, бау бақша, мақта балық шаруашылықтары мен ирригацияға байланысты атаулары жатады. Мұндағы атаулардың барлығы шағын аумақта қолданылып жүргендіктен, жалпыхалықтық сипат алып, көпшіліктің игілігіне айналу үшін едәуір уақытты, мерзімді керек етеді. Мысалы, қауын сорттарына байланысты *ақнабат*, (жұмсақ, тәтті қауын түрі), *гүрбүк* (шағын көлемді, қабығы қалың ала қауын), *болболды* (ерте, тез пісетін қауын), *мәлек* (кішкене қауын), *жәмбілше* (кішірек келген сары қауын) тәрізді атауларды жалпыхалықтық сипат алған әдеби тілге енген сөздер деп айта алмаймыз. Міне, сондықтан академик І. Кеңесбаев кәсіби сөздер туралы жазған еңбегінде олардың «диалектілік және жалпы халықтық» (Кеңесбаев, 1963: 28).

Әрине, жүзім, балық шаруашылық салаларына байланысты қолданылып жүрген сөздердің бәрі бірдей кәсіби лексика болып саналмайды. Олардың ішінде едәуір бөліктері терминалогияға енеді. Мысалы, бау бақшаға жататын *алмұрт*, *бәдірең*, *ләблеме*, *анар* сөздерін жүзім сорттарын білдіретін *арканд*, *алиготе*, *кулженика*, *байтур*, *конград* сияқты атаулармен қатар қоюға болмайды. Мұндағы алғашқы атаулар бау-бақша, жеміс ағаштары молырақ өсірілетін жердегі тұрғындар арасына түсінікті болып, сол өңірге кеңірек таралып, молырақ айтылады. Ал, соңғы сөздер шағын, аз ғана мамандар түсінетін, говор өкілдерінің бәрі бірдей біле бермейтін сөздер. Сондай-ақ қызылша, мақта жинайтын машиналардың бөлшектерін барлық адам бірдей біле бермейді. Сондықтан мұндай сөздер белгілі мамандықтарға қатысты болғандықтан арнаулы терминдер қатарына жатқызылып, белгілі бір аумаққа, говорға кеңірек тараған кәсіби атаулардан бөлек қарастырылады.

Кәсіби сөздердің белгілі бір өңірде айдалып, басқа жерде кездеспейтіндігі лексиканың бұл тобын кейбір зерттеушілердің диалектілік құбылыс деп тануына себеп болды.

Кәсіби сөздер әдеби тілді байыту не шұбарлау, олардың әдеби тілге қажетті- қажетсіздігін негізге алып, соңғы кезде жарық көрген еңбектерде қарастырылып жүр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, Қазақстанның жері қандай кең, бай болса, мұндағы кәсіп пен шаруашылықтың түрі де соншалықты мол. Халқымыздың ежелден ата кәсібі болған мал мен егінді атамағанның өзінде республиканың әр өңірінде балық, мақта, қызылша, темекі, бау бақша кәсібімен айналысады. Бұдан басқа да егіншілік, тігіншілік, қолөнерлік, омарташылық сияқты көптеген ұсақ кәсіптер де бар. Осы тәрізді кәсіптерге байланысты толып жатқан сөздерді жиып, сөздіктерге енгізіп, әдеби тілімізді байытуға атсалысып, жұртшылық кәдесіне асыру жолында тіл мамандарының біраз еңбек істеуін керек етеді.

Қазақ тіл мамандары соңғы жылдары кәсіби лексиканы жиып теріп, зерттеуге баса назар аудара бастады. Кәсіби лексика арнайы зерттеу объектісі болып, ғылыми еңбектер, диссертациялар жазылып, олардың кейбіреуі жеке кітап та болып шықты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы. 1975, 133-134б.

Юнусалиев Б.М. Қырғыз диалектологиясы. Фрунзе. 1976 229-230б [6,46б]

Сарыбаев Ш. Казахская региональная лексикография. Алма-Ата 1976, с. 167. [9,50б].

Нақысбеков О. Жергілікті халық тіліндегі арық атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер. Қазақ диалектологиясы 1-шығуы. Алматы, 1965 [10,50б]

Кеңесбаев С.К. К вопросу изучения профессиональной лексики // Вопросы казахского и уйгурского языкознания. Алма-Ата, 1963. С. 28.

М.ҚАШҚАРИ СӨЗДІГІНДЕГІ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ
(зерттелуі, тәржімалануы, басылымдары)

ф.ғ.к., проф. М.Ә.ЖҮНІСОВА*

Түйіндеме

XI ғасырдағы түркілерінің өмірі туралы: түрлі қызмет адамдарының титулдары мен аттары, тағам, сусындардың аттары туралы, үй жануарлары мен жабайы жануарлары және құстар, қалалар туралы, аурулар мен дәрілердің аттары, металдар және минералдар, әскери және әкімшілік терминологиясы туралы, түрлі тарихи және мифтік қаһармандарының есімдері туралы, балалардың ойындары және тағы басқалары туралы көп жағдайда бірден-бір деректеме болып табылатыны ғылымда бұрыннан зерттелген болатын. Махмуд Қашқари түсіндірме сөздікке ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен, өзі өмір сүрген орта ғасырдағы поэзиялық шығармалардан аса құнды материалдар – түрлі өлең-жырлар, ертегі-аңыздар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер тағы басқа көркем сөз үлгілерін енгізген. Сондықтан сөздік – *қазақ ауыз әдебиетінің орта ғасырлық үлгілерінің жинағы* деп ойлаймыз.

Тірек сөздер: *ауыз әдебиеті, ауыз әдебиет үлгілері, фольклортану, фольклор, деректеме, сөздік, ортағасырлық үлгі.*

**EXAMPLES OF ORAL FOLK LITERATURE IN THE DICTIONARY OF M.KASHKARI
(research, translation, publication)**

Abstract

The life turks in XI art: the life of material cultures and the associated laws, the people of different names, the name of the product, the animal husbandry, and the living animals and poultry, historical and mythical heroic games and many other things that are being erased from a single requisite in the nucleus in a perennial time. Mahmud Kashgari presented an explanatory dictionary with valuable materials from ancient oral literature, poetic writings that lived in the Middle Ages – various poems, fairy tales, sayings and other artistic examples. Therefore, the dictionary is a collection of medieval samples of Kazakh oral literature.

Key words: *literary literature, folklore, folklore, source, vocabulary, medieval painting.*

КІРІСПЕ

Әлемдік мәдениетке түркі халықтарының XI ғасырдағы тілін, әдебиетін, өнерін, тарихын таныстырып қана қоймай, қаншалықты парасаттылығының белгісіндей болған жауһар дүниені, осынау сөздіктің қазақ әдебиеттануы ғылымының өзекті мәселесіне айналғанына бір ғасырға жуық уақыт өтті. Осы асыл мұраның ғылыми-зерттеу нысаны болғанын зерттеп, ғылыми монография ұсындық, Қазақстандағы Қашқаритану ғылымының көшбасшысы, алғаш рет зерттеу еңбек жазып, елімізге таныстырып қана қоймай, оның түрікше аудармасына ғылыми сын айтқан – Алаштың зиялысы, қайраткер ғалым Халел Досмұхамедұлы («Шолпан» журналына жазған мақаласы) болатын.

Қазақ халқының атақты ғалымы Едіге Тұрсыновтың халқымызға ұсынған: «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976); «Қазақ бақсы-балгерлері» (1997); «Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау» (1999); «Древнетюркский фольклор: истоки и становление» (2001); «Атамекен. Казахи. История. Этнография. Культура» (2002) деп аталатын тамаша еңбектері, яғни ғалымның *ғылыми мифологияға* қосқан рухани құндылығы жоғары, сапалы еңбектері талай жастарға үлгі-өнеге болары анық. Сондықтан да бүгіндері «М.Қашқари сөздігіндегі ауыз әдебиеті үлгілері» деген тақырыпты алғанда, айтар негізгі ойымыз, осы жазба ескерткіштің дер кезінде ғылыми еңбектердің нысаны болып қарастырылып жүргенімен, ендігі жерде әдебиеттанудың жаңа бағыттары бойынша адамға қандай құндылық сыйлайтыны жөнінде ғылыми еңбектер жазылуға тиіс екенін, сонымен қатар неге қол жеткіздік, енді нені қарастыру қажет дегендей ой тастағымыз келген болатын.

М.Қашқари сөздігін *орта ғасыр әдебиетінің үлгісі* ретінде қарастырған әдебиеттанушы ғалымдар: Ә.Құрышжанұлының осы еңбектің басылымдары мен аудармалары және түпнұсқасы жөніндегі ойлары 1958 жылғы мақаласында жарияланды. Ә.Дербісәлиев «Қазақ даласының жұлдыздары» деген еңбекті жазды. Н.Келімбетов «Ислам дәуірі әдебиеті», Б.Кенжебаевтың «Ұлы мұрасы», Х.Сүйіншәлиевтің «Алтын бастауы» мен «Өшпес мұрасы», Ә.Қоңыратбаевтың «Көне мәдениет жазбалары» еңбегі, А.Қыраубаеваның «Қарахан әдебиеті», үш томдығын аударған А.Егеубаев

* Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, zhmaira_71@mail.ru

«Әдеби жәдігерлердің» 3,4-томына енгізді, мақал-мәтелдерді А.Ибатов, А.Какимжанов қарастырса, сыншы ғалым Д.Ысқақұлының «Түркі әлемінің рухани жұлдыздары», С.Дәуіт «Айтысты алғаш хатқа түсірген ғалым» деп қарастырды. «Қазақтың қара өлеңдері» деп зерттеген Т.Ә.Ахметов, А.Хасан «Орта Азиядағы Түркі-Ислам әдебиетінің алғашқы туындылары мен олардың ықпалын», Берікболова П. «Алып Ер Тоңға жоқтауы туралы жазба дерек көздерінің маңыздылығын» жазды, т.б. ғалымдар лингвистикалық, философиялық, географиялық жағынан қарастырып келеді.

Махмуд Қашқари өз еңбегінің «Кіріспе» бөлімінде былай деп жазған еді: «Есімдерді - әуелі етістіктерді есімдерден кейін келтіріп, топ-топқа бөліп, өз орындарына қойып, өз кезегімен көрсетіп бердім. Түсінуге оңай болсын деп еңбекке арабша атауларды қолдандым. Кітапты жазар алдында Халил ибни Ахмадтың «Китаб ул' айн» деген еңбегінде ұстанған тәртібін тұтындым... Мен қолдануда жүрген сөздерді ғана бердім, қолданудан шығып қалған сөздерді бермедім. Мен ұстанған тәртіп туралау» [1, 9].

Кейбір мәліметтерге қарағанда, «Китаб ул' айн» («Айн кітабы») – Абу Абдур-Рахман ал-Халил бин Ахмад бин Айр-Тамим ал-Азди ал-Фарагиди ал-Ахмади ал Басри (717-791) жазған араб тілінің сөздігі [2, 28].

Автор-талантты ақын, дарынды ғалым, араб метрикасының негізін салған әдебиетші. Тіл өнері мен өлең құрылысы жайында бірнеше кітап жазған. Аталып отырған еңбегі арқылы ол өзінің үлкен лексиколог, ғұлама ғалым екендігін танытқан (кітаптың бұлай аталу себебі-ондағы сөздік «айн» әрпінен басталған). Басыра грамматикалық мектебінің көрнекті өкілі, араб тілін жүйелі түрде зерттеудің негізін салушы Сибайвейхидің ұстазы. «Китаб ул' айн» орта ғасырда жазылған лексикографиялық еңбектердің құрылысына үлкен әсер еткен.

М.Қашқари өз еңбегін араб тілінде осы автордың ізімен жазып, араб филологтарының терминдерін қолданған, осы сөздіктің құрылысын үлгі етіп алған. Бірақ бұл екі автордың сөз түзу әдістерінде өзара азды-көпті айырмашылықтар да бар. Ибн Ахмад көне сөздерді де енгізсе, М.Қашқари тек ауызекі айтылып жүрген сөздер мен халық өлеңдеріндегі сөздерді алған. Ол сөздердің сол кездегі түркі тайпаларына түсінікті болуы жағына баса назар аударған. «Әрине, тіл байлығын толығырақ көрсету үшін ибн Ахмад әдісі дұрыс болар еді, бірақ мен оқушы қауымның күнделікті пайдасына жарау үшін осы жол пайдалы деп ойладым», - дейді М. Қашқари. «Китаб ул' айн» - араб филологиясы мен түркітану тарихында өзіндік орны бар еңбек [1, 10].

Профессор Анас Халидов: «М.Қашқари өз еңбегін жазу үстінде Исхак әл-Фарабидің «Диуан әл-адаб» деген кітабын басшылыққа алған, оны өзіне үлгі тұтқан» - деп көрсетеді, бірақ М.Қашқари өз кітабында бұл авторды ибн Ахмад сияқты атап көрсетпейді [1, 18].

Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» (Түркі тілдерінің сөздігі) атты еңбегінің ауыз әдебиеті ғылымына қосқан үлесі өте зор.

Махмуд Қашқаридың ғылыми еңбегі «Түркі сөздерінің жинағы» 1074 жылы жазылған. «Түркі тілдерінің сөздігі» – қазіргі түркі халықтардың асыл мұрасы болып табылады. М.Қашқари – өз заманындағы түркі тілдерінің тұңғыш ғылыми грамматикасын жасаған ғалым.

Махмуд Қашқари ұзақ жылдар бойы зерттеген мәселесі – түркі тектес түрлі ру-тайпалардың тіл ерекшеліктері, әдет-ғұрып, салт-санасы, ауыз әдебиет үлгілері, өткендегі тарихы т.б. болды. Осындай ғылыми мақсатпен ол бір жағы Жетісу, екінші жағы Римге дейін ұлан ғайыр жерді мекен еткен көптеген түркі текті рулар мен тайпалар жерін аралап, олардың тұрмыс-салты, тілі, ауыз және жазба әдебиетінің тілі бойынша мол материал жинайды. Махмуд Қашқари түсіндірме сөздікке ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен, өзі өмір сүрген орта ғасырдағы поэзиялық шығармалардан аса құнды материалдар – түрлі өлең-жырлар, ертегі-аңыздар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер т.б. көркем сөз үлгілерін енгізген. Әдеби шығармалар мен халықтық фольклордан алынған үзінділерді Махмуд Қашқари осы сөздіктегі әрбір сөздің мән-мағынасын оқырманына тереңірек түсіндіру үшін мысалдармен түсіндіріп отырады.

Махмуд Қашқари алғашқы қауым адамдарының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, еңбегін, сана-сезімін бейнелейтін ауыз әдебиетінің ғажайып үлгілері орта ғасырдағы дидактикалық сарында жазылған жазба әдебиет үлгілерін біз ұлы ғалымның осы кітабынан табамыз. Сөздікте орта ғасырдағы түркі ру тайпаларының бәріне бірдей ортақ алты мыңнан астам төл сөз бен жеке тайпаларға қатысты диалект сөздер бар. Бұл лексикалық жинаққа еңген сөздер, мақалдар, өлең жолдары т.б. түркі тілдерінің сол кездегі сөз тудыру, сөйлем құру жүйелерін, әдеби тіл мен көріктеу құралдарының өмірге келу жолдарын анықтай түсуге мүмкіндік береді.

«Түркі тілдерінің сөздігі» – тіл білімінің ең басты салалары бойынша теориялық тұрғыдан құнды түйіндер жасаған ғылыми еңбек, сондықтан бұл сөздік шын мәнінде энциклопедиялық туынды

деуге болады. Мұнда тек тіл мен әдебиетке ғана емес, сондай-ақ сол кездегі ру тайпалар мен халықтардың қоғамдық-экономикалық жағдайына, көне тарихы мен әдет-ғұрпына, салт-санасы мен наным-сеніміне тағы басқа қатысты дерегі бар аса бағалы еңбек.

М.Қашқари еңбегінің зор ерекшелігі энциклопедиялық мән-мағынасында және белгілі тілші ғалым А.Н. Кононовтың зергер сөзімен түйіндесек: «Мұнда XI ғасырдағы түріктердің өмірі туралы: олардың материалдық мәдениетінің бұйымдары туралы, тұрмыс жағдайлары туралы... этнонимдері мен топонимдері, ру-тайпалары туралы, туыстық және жекжаттық принциптері. түрлі қызмет адамдарының титулдары мен аттары, тағам, сусындардың аттары туралы, үй жануарлары мен жабайы жануарлары және құстар, мал шаруашылығы терминдері туралы, халықтық календарь, айлардың және аптадағы күндердің аттары туралы, географиялық және терминология мен номенклатура, калалар туралы, аурулар мен дәрілердің аттары, анатомиялық терминология туралы, металдар және минералдар, әскери және әкімшілік терминологиясы туралы, түрлі тарихи және мифтік қаһармандарының есімдері туралы, діни терминология, балалардың ойындары және тағы басқалары туралы көп жағдайда бірден-бір деректеме болып табылады» - дейді [3, 46].

Махмуд Қашқари сөздігінің әдеби мәні зор. Бұл кітапты белгілі бір дәрежеде «Көне түркі тілінің сөздігі» деуге болады. Себебі еңбекте сан ғасырлар бұрын өмірге келген халықтық мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, көркем тенеулердің, фразеологиялық тіркестердің, т.б. ғажайып үлгілері бар. Махмуд Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігінде» лингвистика саласына қатысты қанатты сөздер, көркем тенеулер, сөз тіркестері енгізілген. Бұл жөнінде Махмуд Қашқари: «Мен бұл кітапты арнайы әліппе тәртібі бойынша парасатты ғибрат сөздер деп аталатын әдеби үзінділермен көркемдедім» деп жазады. Әдеби шығармалардан алынған үзінділердің тілі мен жазу стиліне қарап қай дәуірдің әдеби туындылары екенін шамалап айтуға болады. Жинақтағы бірқатар өлеңдер автор өмір сүрген орта ғасырда туындаған қанатты сөздердің, көркем тенеулердің, фразеологиялық тіркестердің үлгілері екенін дәлелдей түседі. Бұл қанатты сөздердің, көркем тенеулердің, фразеологиялық тіркестердің үлгілері оқырманын сөз сырының терең мән-мағынасын түсінуге үндейді.

Үш кітапқа жинақталған сегіз бөлімнен тұратын «Түркі тілдерінің сөздігі» мазмұнына қарай қамтылған материалдарды академик А.Н. Кононов алты салаға бөліп қараған:

1. Белгілі бір тайпаға қатыстылығы көрсетілген сөздер қоры (лексикасы);
2. Түркі тайпаларының мекен-қоныстары жайындағы мәліметтер;
3. Түркі тілдерін топтастыру;
4. Түркілік тарихи фонетика мен грамматика туралы ереже, қағидалар;
5. Түркілердің тарихы, географиясы, этнографиясы, поэзиясы мен фольклоры жайындағы мәліметтер;
6. Сөздікте түркілердің ең көне картасы жасалып, берілген [3, 41].

Махмуд Қашқари еңбегінің энциклопедиялық сөздік екені жайында тілші-ғалым А.Н.Кононов: «Мұнда XI ғасырдағы түріктердің өмірі туралы, этнонимдері мен топонимдері, түрлі қызмет адамдарының титулдары мен аттары, тағам-сусын аттары, астрономиялық терминдер, халықтық календарь, айлардың және аптадағы күндердің аттары туралы, түрлі тарихи және мифтік қаһармандардың есімдері туралы, діни терминология, туралы көп жағдайда бірден-бір деректемелер болып табылады» - деп ой айтады.

Сөздіктің мазмұнын қазақ әдебиеттанушылары: Ерлік жырлары; Ғашықтық жырлары; Табиғат жырлары; Тұрмыс- салт жырлары; Аңшылық, еңбек туралы өлең-жырлар – деп бөліп берген.

М.Қашқари түркі тілдеріне алғаш рет классификация жасаушы ғалым. Ол - түркі тілдерін салыстыра зерттеудің көш басында тұрған тұңғыш тілші ғалым. М.Қашқари таза тіл деп өзге тілдің ықпалынан аман тілді атайды. Соған сай ол түркі тілдерін таза, өзге тілмен араласпаған және шұбарланған деп екіге бөледі.

Ал дыбыстық, морфологиялық белгілеріне қарай түркі тілдерін тағы да екі топқа жіктейді.

1. Шығыс тілдері: шігіл, тұхси, яғма, хақан-түрік;
2. Батыс тілдері: иемек, қыпшақ, оғыз, печенек, бұлғар, сувар.

Сөздікте араб, ұйғыр алфавиттері туралы қысқаша мәлімет берілген. Күллі түркі тілдерінде қолданылатын әріптердің санын он сегіз деп, оларды сөздігінде келтіреді.

Бұлардан бөлек және жеті әріп барын жазады. Жинақтағы сөздер әріп сандарына қарай жіктеліп берілген. Түркі тілдерінде жеті әріптен тұратын сөз жоқ екендігін ескертеді.

М. Қашқари – ХІ ғасырда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, белгілі саяхатшы. Ол «Диуани лұғат-ит түрк» атты еңбек жазып, өз заманындағы түркі тілдерінің тұңғыш ғылыми грамматикасын жасады.

Болашақ ғалым Баласағұн шаһарында туылған, кейін Қашқарға көшіп келген. Оның «Қашғари» атануының себебі осында. Ол өсе келе Самарқан, Бұхара, Бағдад шаһарларында оқиды. Араб философиясы және араб-парсы тілдеріндегі шығыстың классикалық поэзиясымен көбірек айналысады. М. Қашқаридың ерекше зейін қойып, ұзақ жылдар бойы зерттеген мәселесі-түркі тектес түрлі ру тайпалардың тіл ерекшеліктері, әдет-ғұрып, салт-санасы, ауыз әдебиет үлгілері, өткендегі тарихы т. б. болды. Осы жинаған, зерттеген материалдарының нәтижесінде ғалым тіл білімі мен әдебиетке қатысты көлемді де күрделі екі ғылыми еңбек жазды. Бірі – «Жавохирун-нахв фи луғотинт турк» («Түркі тілдерінің синтаксисі, қағидалары») деп аталады, бірақ бұл еңбегі бізге жетпеген. Екінші еңбегі – «Диуани лұғат-ит түрк» («Түркі сөздерінің жинағы»). Бұл еңбек 1074 жылы жазылған.

«Диуани лұғат-ит түрктін» – қазіргі түркі халықтарының бәріне ортақ мұра. Сөздікте орта ғасырдағы түркі ру-тайпаларының бәріне ортақ алты мыңнан астам төл сөз бен жеке тайпаларға қатысты диалект сөздер бар. Мұнда тіл білімінің ең басты салалары бойынша теориялық тұрғыдан құнды түйіндер жасалады. Сондай-ақ сөздікте тіл мен әдебиетке ғана емес, сол кездегі ру- тайпалар мен халықтардың қоғамдық-экономикалық жағдайына, көне тарихы мен әдет – ғұрпына, салт-санасы мен наным-сеніміне т.б. қатысты аса бағалы деректер берілген. Еңбектің осындай ерекшеліктерін ескеріп белгілі кеңес түркологі А. Н. Кононов сөздікті *энциклопедиялық туынды* деп бағалайды [4, 45-46].

«Диуани лұғат-ит түрк» – тіл білімінің ең басты салалары бойынша теориялық тұрғыдан құнды түйіндер жасаған ғылыми еңбек. *Көне түркі әдебиет ескерткіштерінің тілін үйренуге* бұл зерттеу көп көмек көрсетіп келеді. Мәселен, осы «Диуани лұғат-ит түрк» табылғаннан кейін ғана «Құтты білік» дастанын оқу, аудару және транскрипция жасау кезінде бұрын жіберілген қателіктер түзетілді.

«Диуани лұғат-ит түрктін» көшірме қолжазбасы ХХ ғасырдың бас кезінде табылды. Түпнұсқа сақталмаған. Қолжазбаның көшірілген бір нұсқасы Стамбулдың Фатих кітапханасында сақтаулы. 1915-1917 ж. Стамбул қаласындағы Ахмет Рифат баспасынан үш томдық кітап түрінде жарық көреді.

Шығыстанушы неміс ғалымы Броккельмен бұл шығарманы неміс тіліне аударып, 1928ж Лейпциг қаласында бастырып шығады.

Түрік филологы Басым Аталай оны осман түріктерінің тіліне тәржіма жасап, 1939-1941 ж. Анкарада үш томдық кітап етіп шығарды. Тілші ғалым С. Муталлибов сөздікті өзбек тіліне аударып, 1960-1968 ж. Ташкенттен үш кітап етіп шығарды [1, 47].

Көрнекті кеңес лингвист ғалымдары Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, А.К. Боровков, С. Муталлибов, В. Решетов т.б. осы сөздікке қатысты көптеген құнды зерттеулер жүргізді. Сөздіктегі өлең-жырлар мен мақал-мәтелдерді ақын Фариза Оңғарсынова қазақ тіліне аударды.

Сөздікке екі жүзден астам өлең, үш жүзге тарта мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, көркем теңеулер енген.

Мұндағы әдебиет үлгілері дидактикалық сарында берілген. Ондай өлең-жырлар оқушысын оқу-білімге, өнерге, әдептілікке үндейді. Адамгершілік, мораль, этика мәселелерін сөз етеді.

Сөздікте табиғат туралы, аңшылық жайындағы, еңбек тақырыбына арналған өлең-жырлар және қыс пен жаздың айтысы беріледі.

Алғашқы қауымда тіршілік еткен адамның ерекше назар аударған нәрсесі – табиғат құбылыстары болды. Қар, мұз еріді, тау суы аға бастады. Көгілдір бұлт көтерілді, ол суда жүзген қайықтай аспанда жүзіп бара жатты.

«Диуани лұғат-ит түрктегі» ауыз әдебиетінің үлгілері табиғат көріністерін бейнелейтін пейзаж лирикасы мен жыл маусымының ауысуына арналған өлең-жырлар болып келеді. Табиғат лирикасы да, жыл маусымын суреттейтін өлеңдер де, ежелгі заман адамдарының өзін қоршаған, өзі тіршілік ететін ортадағы табиғат құбылыстары жөніндегі түсінігін, сол жөніндегі наным-сенімін аңғартады.

«Диуани лұғат-ит түрктегі» ауыз әдебиетінің ғажайып үлгілері ішінде аңшылық, еңбек тақырыбына арналған өлең-жырлар көп. Мұндай өлеңдерде тайпа мүшелерінің бірігіп аң аулауға шыққаны, егін салғаны, мал баққаны жырланады. Әрбір қадамы қатерге толы ежелгі дәуір адамдары жүрек жұтқан ерлікті, батырлықты ерекше қастерлеп, жырға қосқан. Жан түршігерлік үрейлі аңдармен арпалыста немесе түрлі тайпалар арасындағы соғыста ерекше ерлігімен, қыруар күш-қуатымен, әскери айла-тәсілімен көзге түскен батырларды көкке көтере мадақтайтын өлең жолдары «Диуани лұғат-ит түркте» жиі ұшырайды.

М.Қашқари (ХІ ғ) – ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, саяхатшы. «Диуани лұғат ат-түрік» – түркі тілінде араб жазуымен жазылған түсіндірме сөздік.

Қазіргі түркі тілді халықтардың барлығына ортақ мұра. «Диуани лұғат ат-түрік» – тек сөздік қана емес, сонымен бірге орта ғасырдағы түркілердің қоғамдық, рухани, ғылыми, мәдени, әдеби,

саяси өміріне, көне тарихы мен әдет-ғұрпына, салт-санасы мен наным-сеніміне, т.б. қатысты бағалы деректері мол жинақ.

«Түркі сөздерінің жинағының» зерттелуі, тәржімалануы, басылымдары: «Сөздікті» зерттеуші түркі, Еуропа, орыс ғалымдары: А. Рифат, Бесім Аталай, К. Броккельман, Т.А. Боровков, А.Н. Кононов, В.А. Гордлевский, т.б.

М.Қашқари «Сөздігінің» қазақ тіл білімінің тұрғысынан зерттелуі: Н.Т.Сауранбаев, С.Аманжолов, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Ә.Ибатов, Ә.Құрышжанов.

«Сөздікте» мысал ретінде келтірілген көркемсөз үлгілері: *бәйіттер, газалдар, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, гибират сөздер, сажыдар (ақ өлең), насыр (проза), т.б.*

«Сөздікте» аңшылық жайындағы өлеңдер. Алғашқы қауым адамдарының тіршілік көзі аңшылық бейнлейтін көркемсөз үлгілері, еңбек, егін салу, мал бағу тақырыбына арналған өлең-жырлар.

«Сөздікте» батырларды көтере мадақтайтын өлең жолдары. Алып Ер Тұңғаны (Афрасиф) мадақтау. «Сөздіктегі» тұрмыс-салт жырлары. Қадым заманда өмір сүрген адамдардың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, кәсібін, готемдік түсініктерін танытатын өлең-жырлар.

М.Қашқари жинаған бәдік, бақсы өлеңдері, бата-тілек, бесік жыры, той бастар, жар-жар, жоқтау, естірту, т.б. жыр үлгілері. «Диуани лұғат ат-түріктегі» мақал-мәтелдер, гибрат сөздер, афоризмдер. Қазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында қолданылатын мақал-мәтелдер, қанатты сөздер де баршылық.

XI-XII ғасырларда Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңірлерінде Қарахан мемлекеті құрылып, орталығы: Баласағұн мен Қашқар қалалары болды. Ғылым мен әдебиеттің дамуы мен қала мәдениеті кте жоғары еді. М.Қашқари – тұңғыш түркі филологы, «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігін жазды.

Бұл кітаптың қазақ әдебиетіне, тіліне, тарихына, этнографиясына қатысты қайнарлардың бірі екендігі белгілі.

6800 түрік сөзіне араб тілінде түсінік бергендігі.

Жазба ескерткіштің зерттелуі: Стамбұлдан басылып шығуы (1915-1917). Неміс, түрік, өзбек, ұйғыр, қазіргі қазақ тіліндегі айдармалары.

«Сөздіктегі» ауыз әдебиеті үлгілері: Жырлар, мақал- мәтелдер, оның бүгінгі қолданыстағы қазақ мақалдарымен бірдейлігі. «Қонақ келсе, құт келер», «Екі бура үйкенісер, ортасында сона жаншылар», «Құрғақ қасық ауызға, құр сөз құлаққа жақпас», «Көсеуі ұзын болса, қолы күймес» т.б. көптеген мақалдардың бүгінге дейін айтылатындығы бұл сөздік материалының ауызекі сөйлеу тілінен жинақталғандығының белгісі.

«Жаз бен қыстың айтысы» өлеңі.

«Қазақ даласының мекен-жайлары туралы деректер»:

Окс (өгіз), Еділ Өзендері, Баласағұн, Испиджаб, Тараз, Сығанақ, Қарнақ т.б. жер-су атауларын келтіруі, түркі таупалары туралы көптеген деректер келтірілген.

Жиі кездесетін есімдер: *Құстегін, Алыптегін, Құлтегін, Атыш, Сәбит*, т.б. түркілердің жыл қайыруы, тағамдары.

Алып-Ер Тұңға – түркі көсемі туралы жоқтау жыры. М.Қашқаридің әлемге Фирдоуси «Шаһнамасы» арқылы мәшһүр болған Афрасияптың (Махмұт Қашқарида: Алып-Ер Тұңға) тарихи тұлға екенін анықтап бергендігі. Тұрған жері, жақындары туралы деректер: қызы – Қаз, ұлы – Барсхан. Алып-Ер Тұңғаның өлімнан қашуы туралы аңызбен басталады. Оның Қорқыт аңыздарымен ұқсастығы бар. Қашқари мысал ретінде алған халықтың орта ғасырдағы насихат – дидактикалық өлеңдері де бар.

Болашақта жастар М.Қашқари еңбегінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы көрсеткіштерін жасап, ғылыми нысан етсе, рухани жаңғырудың үлкен нәтижесі болар еді [4, 18].

13) сөздерді айтылуы бойынша жазу ұстанымы, мысалы: раз- (рас-) – роз- (рос-) приставкаларының жазылуы: разыскать – розыск, расписать – роспись.

14) Қазіргі заманғы әдістерде орфографиялық жаттығулар жүйесі жадтың бір немесе басқа түріне негізделеді. Жадтың 4 түрі бар...

15) ... мәтін көру деңгейінің қабылдауына негізделген. Мәтін тақтаға жазылған, студенттер зерттеу барысында заң бойынша сөздерді танып, орфограмманы талдайды. Мәтін жабылады. Тыңдалып жазылғаннан кейін олар мәтінді өздері тексереді.

16) ... студенттерді алдын-ала үйренуді талап етеді. Бұған дейін орфографиялық қиындық туғызатын тыныс белгілерді, түсініксіз ережелерге арналған сөздерді жазу. Содан кейін мәтін жабылып, студенттердің ойында қалғаны жазылады. Жазудан кейін мәтін ашылып, балалар өздерінің жазбаларын тақтаға жазылғанмен салыстырады. Бұл диктациялау түрі жады мен жазуды дамытады.

17) Мүмкіндігі ... болса, онда қателер мәтінді жазу ескерту болып табылады. Мұғалім мәтіндегі сөйлемдерді оқиды. Студенттер сөйлемді қайталап, нақты сөздерді қалай жазу керектігін түсіндіреді. Студенттер мәтінді есту арқылы қабылдайды, емледе қиын сөздерді айқындайды және оларды қалай жазу керектігін шешеді. Диктанттың бұл түрі ережені зерттеудің бастапқы кезеңінде қолдануға кеңес беріледі.

18) Күрделі сөздерді түсіндіруді орындау кезінде кейін беріледі.

Жазу. Оқушылар тақырыпқа жеткілікті түрде таныс болған кезде және практикада ережелерді өз бетінше қолдануы мүмкін.

19) нәтижесінде оқушылар бір грамматикалық форманы басқа формамен ауыстыруға және мәтінге қандай да бір грамматикалық категорияны (зат е., сын е.) қоюға жаттығады.

20) Мәтіндер ... толығырақ, бірақ қарапайым және оңай логикалық дайын бөлшектерге бөлінеді. Мәтін толығымен оқылмайды. Мұғалім екі бөлікке бөледі, содан кейін оқушылар есте сақтай отырып жазады. Мұғалім оларға үйренген орфограммалардан мәтіндік сөздерді сақтауды жөн көреді. ... диктация бақылаудың алдында, зерттелген материал жеткілікті түрде түсінікті болған кезде жүзеге асырылады. мұғалім 3 тұратын, Диктант бір бөлігін оқиды кейін - 4 сөйлем, ол өтуін қайта айту балаларды ұсынады. Диктанттың бұл түрі тек сауатты жазу дағдыларын жақсартуға ғана емес, сөйлеудің дамуына да ықпал етеді.

Ең күрделі, бірақ қызықты шығармашылық міндеттердің бірі - кез-келген орфограммаға қатысты өлең жазу.

Тікелей және ыңғайлы тағы бір әдіс - 5 минуттық эссе. Мысалға, «Сабақ - оқытудың негізгі түрі» немесе «Дәстүрлі емес сабақ» тақырыбын оқып болғаннан кейін білім алушыларға «Қазіргі замануи сабақ: оны қалай көреміз?» тақырыбын ұсынамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда аталған шығармашылық әдістемелер мен әдістер ойын-сауық пен эмоционалдылықты біріктіреді, студенттердің танымдық белсенділігін ынталандырады және оның

өнімділігі. Білім алушылар оқытуға оң көзқарас қалыптастырады, белсенді өмірлік жағдай қалыптасады, бұл оқу үрдісінің тиімділігін арттырады.

Осылайша, орыс тілін оқыту әдістемелік жинағында, болашақ мамандарды оқытуда шығармашылық көзқарас олардың кәсіби біліктілігін және олардың әлеуметтену деңгейін арттыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тихомиров О.К. Общая психология. Словарь / под ред. А.В. Петровского // Психологический лексикон. Энциклопедический словарь: В 6 т. / ред.-сост. Л.А. Карпенко; под общ. ред. А.В. Петровского. – М.: ПЕР СЭ, 2005. – 251 с. [Электронный ресурс] // URL: <http://nashaucheba.ru/v13718/?cc=1&page=11> (дата обращения: 06.09.18).

2. Залесова Н.В., Башлыкова А.В. Творческие задания как средство развития познавательного интереса учащихся. [Электронный ресурс] // <http://shgpi.edu.ru/files/nauka/vestnik/2014/2014-2-29.pdf> (дата обращения: 06.09.18).

3. Полат Е.С. Как рождается проект. – М., 2005. – 233 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТАР ТҮРЛЕНІМІНІҢ ЗЕРТТЕЛІМІ

ф.ғ.к., проф.м.а. **Г.К.ҚАЙДАРОВА***
магистрант **Ұ.НОҒАЕВА****

Түйіндеме

Бұл мақалада қазақ тіліндегі дыбыстар түрленімінің зерттелуі қарастырылады. Қазақ тілінің дыбыс түрленімі күрделі фонетикалық құбылыс болып табылады. Қазақ тіліндегі дыбыс түрленімінің әрқайсысының өзіне тән ұғымдары мен атаулары болады. Мақалада дыбыстар түрленімін қарастыру үшін, алдымен қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтап алу керектігі жайында сөз етіледі. Мақаланың аса бір құнды тұсы деп дауыссыздарға қатысты ғалымдардың айтқан пікірін алуға болады. Түркі тілдеріндегі сингармонизмнің артикуляциясын талдай келіп, оның негізгі артикуляциялық көрінісі ретінде В.В.Радлов өзіндік белгілерді зерттеу нысаны етіп алады. Қазақ тілінің дыбыс түрленіміне келгенде зерттеушілердің тек жуан-жіңішкелікке мән беріп отырғанын байқауға болады. Дауыссыз дыбыстардың кездесіміне лайық фонетикалық белгілері анықталып, олардың өзара айырым, ортақ жүйесі салыстырмалы түрде көрсетіледі.

Тірек сөздер: дыбыс, дауыссыз, дауысты, түрленім, артикуляция, сингармонизм, фонетика, жуан, жіңішке, фонология.

STUDY OF THE SOUNDS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract

This article discusses the study of the sounds in the Kazakh language. Sound reproduction of the Kazakh language is a complex phonetic phenomenon. Each of the audio editions in the Kazakh language has its own concepts and names. In the article, it is necessary to define the composition of the Kazakh language sounds to consider the sounds variation. One of the most valuable articles in the article can be the opinion of scientists who are not conscientious objectors. Analyzing the arithmetic of synchronism in Turkic languages, V.V.Radlov as the main articulation of its articulation is a form of self-study. When it comes to the sound of the Kazakh language, it is clear that the researchers are only focusing on the subtleness. Phonetic signs that are appropriate for the sounds of the noisy sounds are identified and their relative, shared system is relative.

Key words: sound, voice, voice, conversion, articulation, synarmonism, phonetics, thick, thin, phonology.

КІРІСПЕ

Н.И. Ильминский «үндесім (үндестік) заңы» деген атпен оған арнайы тоқталған және үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды: «Закон созвучия по которому и известном слове, сколько бы оно длинно ни были, все гласные и согласные должны быть либо толстые, либо тонкие, - закон общий всем языкам тюркского семейства, существует и в киргизском наречий» (Ильминский, 1860:14). Бұл жерде сингармонизмнің түркі тілдерін топтаудың белгісі ретінде қабылданғанын көреміз. Үндесім құбылысын тілдік белгі ретінде алған ғалым қазақ тілін осы белгісіне сүйеніп түркі тілдерінің қатарына жатқызып отыр.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтай келіп, дауыстыларды екі топқа жұптап берген, өйткені олардың айтылымы жоғарыда көрсетілген үндесім заңына сәйкес екіге жіктелетінін көрсетуге тырысқан: «Гласные – а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. Согласные - п, б, м, у[w], т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, қ, ғ, к, г, ң. Гласные расположены нами по-парно. Первую в каждой паре назовем толстою, вторую (и ә) тонкою. Толстые, в отношении степени толстоты, сходны с русскими, тонкие же все равномерно чужды остроты русских гласных, напр. *те* киргизское - русскому *тэ*» (Ильминский, 1860:6). Автор қолданған «жуан жіңішке» атауларының да сол кезде қалыптаса бастағанын көреміз. Ең бастысы орыс тілінің ықпалымен «твердый/мягкий» атауларының тікелей аудармасын іздемей, «толыстый/тонкий» атауларын алғанын байқаймыз. Бұл атаулар қазақ тілінде орнығып, тұрақты және үйреншікті зерттеу құралына айналып отыр.

Ғалым еңбегінің аса бір құнды тұсы деп оның дауыссыздарға қатысты айтқан пікірін алуға болады. Н.И.Ильминский қазақ тілінде дауыссыздардың да жуан-жіңішке болып айтылатынын аңғарған: «Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие. Гортанные различаются в этом отношении так резко, что нельзя

* Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, gulyaim.64@mail.ru

** Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті

было бы не дать им особого начертания; прочие же согласные все и каждая могут быть толстою и тонкою смотря по гласной, напр. ат, ет. И так как это определяется *системою звуков* (ерекшелеген – біз), то мы и не отличили этой двоякости согласных никаким значком» (Ильминский, 1860: 8). Бұл жерде ғалым пікірінің екі жағын атауға болады. Бірінші, дауыссыздардың жуан/жіңішкелігін дауысты дыбыстарға танып отыр. Өйткені ол кезде сингармонизм құбылысын «гармония гласных» деп ұғынған. Сондықтан дауыстылардың ықпалын зерттеушілер басым деп бағалаған. Екіншіден, дауыссыздардың жуан/жіңішке белгісін тілдің ішкі жүйесінен тауып отыр. Бұл сол кездегі фонетикалық теория деңгейі үшін өте жоғары нәтиже деп қарау керек. Шындығында да, қазіргі зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ, онда дауыссыздардың жуан/жіңішкелік белгілері қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсететін бірліктер болып табылады.

Белгілі ғалым В.В.Радлов өзінің неміс тілінде жарық көрген атақты еңбегінде сингармонизмнің фонетикалық сипатын «произносятся при одинаковом положении губ и языка» (Радлов, 1882: 2) деп берген болса, оның тілдегі қызметін «...причина возникновения гармонии гласных лежит в морфологии и теснейшим образом связана с внутренней формой урало-алтайских языков» (Радлов, 1882: 50-51) деп түсіндіреді. Ғалымның фонетикалық қорытындысы түркі тілдеріндегі сөз тіл мен еріннің тұрақты бір қалпымен айтылады дегенді көрсетсе, ал сингармонизмді морфологиямен байланыстыруын оның құрылымдық қызмет атқаратынын көрсеткені деп түсінеміз.

Ал В.В.Радлов қалдырған оның негізгі мұрасына келетін болсақ, ол туралы оның атақты «Опыты...» сөздігін қайта бастырып шығарушылар былай деп бағалаған еді: «Опыт словаря тюркских наречий» - итог полувековой работы выдающегося ученого, основателя отечественной школы тюркологии академика Василия Васильевича Радлова (1837-1918) – пользуется всеобщим признанием как единственное в своем роде богатейшее собрание лексики и фразеологии многочисленных живых и древних тюркских языков... материал по многим тюркским языкам и диалектам подчас можно найти только в этом словаре». Сол ғасырдағы үндесім құбылысынан жан-жақты мәлімет беретін мол мысалды осы сөздіктен таптық. Жоғарыда айтылғандай, сингармонизмнің бұзылмаған үлгісін сол күйінде қағазға түсірген зерттеушілердің ең беделдісі В.В.Радлов болғанын көреміз. Сондықтан да ғалым мұрасын өзіміздің зерттеу нысанымыз ретінде мольна пайдаланғанымызды айта кетуіміз керек. Оның атақты «Сөздігінен» қазақ тіліне қатысты аса бай материал табылып отыр. Ол табылған материалдың құндылығы сол кездегі қазақ сөзінің айтылым үлгісі таза ауызекі сөйлеу тілінен алынғандығында деп есептейміз.

Академик В.В.Радловтың теориялық тұжырымдарын проф. К.Ш.Хұсайыновтың еңбегіне сүйеніп талдадық, өйткені В.В.Радлов еңбегінің түпнұсқасын қолға түсіру аса қиын екені зерттеушілерге мәлім. Проф.К.Хұсайынов өзінің алдына қойған мақсаты туралы былай дейді: «Цель данной работы - рассмотреть теоретические положения В.В.Радлова, которые имеют непосредственное отношение к истории изучения казахского языка, а также для выявления особенностей развития казахской лексики в советскую эпоху, сопоставить лексические материалы по казахскому языку, собранные В.В.Радловым в начале второй половины прошлого столетия, с фактами современного казахского языка» (Хұсайынов, 1981: 4). Біз үшін, бір жағынан, В.В.Радлов еңбегіндегі лексикалық материалдың айтылым үлгісінің маңызы зор болса, екінші жағынан түркі тілдерінің дыбыс құрамын талдаған зерттеу нәтижелері маңызды болып табылады. Ендеше ғалым еңбегінің лексикалық және теориялық талдауларының нәтижелеріне бірдей назар аударуға тырыстық.

В.В.Радлов түркі тілдеріндегі сингармонизмнің артикуляциясын талдай келіп, оның негізгі артикуляциялық көрінісі ретінде өзіндік белгілерді ұсынады, олар: ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін; ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни тістен көмейге дейін; ауыз қуысының жартылай қалпы, яғни еріннен тіл алдына дейін; ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін. Ол туралы «В.В.Радлов, разделяя классическую для тюркских языков восьмерку гласных на две группы – лабиализованные и нелабиализованные, последние, на наш взгляд, вполне обоснованно назвал зубными гласными, так как по его описаниям при воспроизведении нелабиальных гласных именно зубы выступают в качестве передней границы рото-плоточного резонатора» (Хұсайынов, 1981: 73) деп жазады проф. К.Хұсайынов.

Проф. М.Жүсіпұлы «Тілдің дыбыс қорын сингармонизм фонологиясының бағытында зерттеу үшін, біріншіден, ізденушінің алдында тұрған мәселелерге функционалдық (динамикалық) көзқарасты қалыптастыру керек; екіншіден, қазақша сөйлеу процесінде дыбысталу дағдысының және қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм заңына нық бейімделгенін анықтау керек еді. Ал, бұлардың ұйтқысы – сингармонизм заңы екендігі, сондықтан ол сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдылары мен артикуляциялық базаларды салыстырып зерттегенде айқын байқалады» (Жүсіпұлы, 1995: 7) деп, болашақ зерт-

теушілердің алдына күрделі мәселе қояды. Егер сингармонизм мәселесін толық шешу керек болса, онда оны жеке бөліп қарамай, басқа тілдердегі өзі тектес тілдік бірліктермен жарыстыра қарастыру керек екенін ұсынады. Сонымен қатар сингармонизмді оның тілдік қызметі тұрғысынан байыптағанда ғана оның табиғатын дұрыс түсінетін боламыз. Басқаша айтқанда «Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің просодиялық таңбасы, сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру.

Қазақ тіліндегі үйлесім түрленім дәстүрлі фонетикада арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, бірлі-жарым талданған сәттерін кездестіруге болады. Бірақ ол талдаулардың негізгі мақсаты үйлесім белгілердің құрамы мен жүйесін анықтау емес, сол үйлесім дыбыстар «фонема ма, фонема емес пе?» деген сұрақтың жауабын іздеу болып қалады. Мысалы, қ-к, з-з дауыссыз дыбыстарының сыңарларының фонологиялық мәртебесі «фонема деңгейінде ме», әлде, керісінше, «вариант деңгейінде ме» деген сұрақтың жауабында бір пікір жоқ. Бір топ ғалымдар артикуляциялық ерекшеліктерін ескеріп, фонема деп қарайды: «...қ, к, з, з дауыссыздарын әзірше қалыптасқан түсінік-түйсік тұрғысынан танып баяндау керек болады», енді бір топ ғалымдар тілдегі фонологиялық қызметін ескеріп, варианттар деп қарайды. Соңғы пікірге орыс және қырғыз фонетистері де қосылады.

Екінші топтағы еңбектер қазақ тілінің төл дыбыстарын бөліп қарастырады да, кірме әріптер мен кірме дыбыстарды шығарып тастайды. Соның бір көрнекі үлгісі ретінде соңғы шыққан «Қазақ грамматикасын» алуға болады (Қазақ грамматикасы, 2002). Және бұл бағыттағы еңбектерде төл «әліпби» дыбыстардың түрленім варианттарына арнайы көңіл бөлінеді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы сан жағынан «әліпби» дыбыстардың құрамынан артық болып шығады. Өйткені бір дыбыстың бірнеше әуез түрленімі қамтылады, сөйтіп дыбыс санының мөлшері дәстүрлі зерттеулер нәтижесінен артық болып шығады. Мысалы, А.Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарының құрамын 5 дауысты және 17 дауыссыз деп алып, олардың жуан-жіңішке үндесім варианттарын есепке алып, қазақ тілінде 43 дыбыс бар деп қорытындылайды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы айтқан 43 дыбыс пен қазіргі 42 әріпті сан жақындығына қарап өзара шатастырмау керек. Бұлар бір-біріне жақындамайтын, басқа-басқа мәселелер. Бұл қазақ тілінің жуан-жіңішке үндесім әуезін есепке алғандағы сан құрамы.

Егер Ә.Жүнісбек ұсынған жолмен қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтайтын болсақ, онда қазақ тіліндегі негізгі дауыстылар 3 (ашық дауысты, қысаң дауысты және құранды дауысты) дыбыс, ал дауыссыздар 17 дыбыс, барлығы 20 дыбыс болып шығады. Енді ғалым қазақ тіліндегі төрт үндесім әуезді есепке алады, сонда 9 дауысты дыбыс, 66 дауыссыз дыбыс, барлығы 75 дыбыс болып шығады (Садуақас, 1999). Сонда қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың құрам саны шығады. Ал, егер, қазақ тіліндегі дыбыстардың үйлесім, шеп т.б. түрленім ретін саралап шығатын болсақ, онда дыбыс варианттары тағы да көбейіп кете береді.

Қазақ тілінің дәстүрлі фонетикасында дыбыс үйлесімі арнайы зерттеу нысаны болмағандықтан, дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасы дыбыстардың негізгі белгілерін анықтаумен аяқталып отырды. Мысалы, дауыстылар үшін олардың жасалу орны, жақ қатысы мен ерін қатысы жеткілікті болса, дауыссыздар үшін олардың жасалу орны, жасалу тәсілі мен дауыс қатысы жеткілікті болды. Алайда, бұл белгілер дыбыстарды жалпылама сипаттауға жеткенімен, олардың түрленім варианттарын сипаттауға жеткіліксіз еді. Сондықтан да қазіргі қазақ фонетикасында, жалпы лингвистикадағыдай, негізгі және үстеме артикуляциялық белгілер құрамы ендірілді. Оның қазіргі үлгісін «Қазақ фонетикасының» сингармонизмге арналған бөлімінен көруге болады. Сонан соң дәстүрлі фонетикадағы басы ажыратылмай келген, сондықтан дыбыс анықтамасында араласып жүрген жасалым, айтылым және естілім атаулар жіктеліп берілетін болды. Мысалы, артикуляциялық «тіл арты» атауы мен естілім «жуан» атауы бір дыбыстың анықтамасында қатар кездесе береді. Кейде артикуляциялық атаудың орнына естілім атау қолданыла береді. Дыбыс сипаттамасының жүйеге түскен түрі артикуляциялық анықтама (тек артикуляциялық атаулар пайдаланылады), акустикалық анықтама (тек акустикалық атаулар пайдаланылады), естілім анықтама (тек естілім атаулар пайдаланылады) болып шығады.

Бұған ерекше тоқталып жатқан себебіміз бар. Әрі қарайғы дыбыс талдауын Ә.Жүнісбек ұсынған жаңа үрдісті басшылыққа алып, сол ретпен жүргіземіз. Соның нәтижесінде дыбыс варианттарының анықтамасы күрделеніп кетеді. Өйткені дыбыстың негізгі артикуляциялық белгілерінің құрамына үстеме артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық белгілер жалғасады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі дыбыстарының түрленімі өте күрделі құбылыс болып табылады. Оның үстіне дыбыс түрленіміне арналған зерттеулер өте аз, бірлі-жарым ғана.

Өзірге белгілі зерттелімдер дауыссыздардың жасалым жіктеліміне қарай сараланған. Ал дауыссыздардың үйлесім түрленімінің дауыс желбезегінің (дауыс шымылдығының немесе дауыс жарғағының) қатысына қарай жіктелімі енді қолға алынып отыр. Дәстүрлі фонетикада дауыс желбезегінің қатысын «дауыс қатысы» деп те атайды. Бірақ «дауыс қатысы» деген атау акустикалық фонетиканың термині болып табылады, ал біз бірінші кезекте зерттеу нысанын артикуляциялық фонетика тұрғысынан талдап отырмыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1860. -123 с.
2. Радлов В.В. Фонетика северных тюркских языков. - Лейпциг, 1882 (неміс тілінде). - 212 с.
3. Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. -Алма-Ата: Наука, 1981. -171 стр.
4. Джусупов М. Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: ФАН, 1995. - с.
5. Қазақ грамматикасы.- Астана: Ел орда, 2002. - 783 б.
6. Сәдуақас Н. Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері. Филолог.ғылым.канд...дисс.авторефераты.–Алматы, 1999. -28 б.

İNGİLİS DİLİNDƏ TÜRK MƏNŞƏLİ SÖZLƏRİN MƏNİMSƏNİLMƏSİ PROSESİ

Dos. Dr. **Sevda RZAYEVA**³**Xülasə**

Məqalə ingilis dilinin lüğət tərkibindəki türk mənşəli alınma sözlərə həsr edilmişdir. Məlumdur ki, ingilis dili dünya dilləri içərisində zəngin lüğət ehtiyatı olan dillərdən biridir. Alınma sözlərin tarixi göstərir ki, ingilis xalqının həmişə digər xarici ölkələrlə mədəni, siyasi və iqtisadi əlaqələri olmuşdur. Bu da dilin lüğət tərkibinin zənginləşməsinə səbəb olmuşdur. Alınma sözlər dilin lüğət tərkibinə həm yazılı, həm də şifahi formada keçmişdir. Məqalə Qədim Hun, skandinav, fransız, rus dillərindən, həmçinin Osmanlı türkçəsi vasitəsilə türk alınma sözlərinin tarixin müxtəlif zamanlarında ingilis dilinə daxil olmasından bəhs edir. Qeyd etmək lazımdır ki, ingilis dilinə keçən türk alınma sözlərin əksəriyyəti əsasən həyat və məişət xüsusiyyətlərə aiddir və bu sözlər ingilis dili ilə zəif assimilyasiya olunub və türk xalqlarına məxsus olan anlayışları ifadə edir. Nəticə çıxartmaq olar ki, müxtəlif mədəniyyətlərin əlaqələrin nəticəsində ingilis dilinə keçən türk alınmalar nəinki onu sözü gedən mədəniyyətə aid olmayan yeni anlayışlarla zənginləşdirir, həm də morfoloji və fonetik dəyişiklərə məruz olub öz əvvəlki görünüşünü itiriblər və ingilis dilin lüğətinin ayrılmaz hissəsi olublar.

Açar Sözlər: *Türk mənşəli, alınma sözlər, assimilyasiya, ingilis dili, türk xalqları.*

ADAPTATION PROCESS OF TURKIC ORIGIN WORDS IN ENGLISH**Abstract**

The article is devoted to the words of the Turkic origin in the English vocabulary. It is known that English is one of the languages in the world that is rich in vocabulary. The history of borrowings shows that the English people have always had cultural, political and economic relations with foreign countries. This has led to the enrichment of the vocabulary of the language. Loan words have been penetrated into the language both the written and verbal forms. The article stated about Turkic origin loan words in English languages borrowed from ancient Hun, Scandinavian, French, Russian and Ottoman Turkish at different times of history. It should be noted that the majority of Turkic loan words in English are primarily related to life and household characteristics and these words are weakened by the English language and express the notions belonging to the Turkic peoples. In conclusion it is possible to state that the Turkic loan words in the process of interculturalism not only enriched the language with new concepts, but also were exposed to morphological and phonetic changes, lost their previous appearance and became an integral part of the English language vocabulary.

Keywords: *Turkish origin, loan words, assimilation, English, Turkic peoples.*

GİRİŞ

İngilis dilinin türk dilləri ilə müqayisəli öyrənilməsi müxtəlif dil ailələrində leksik-terminoloji universalialarının da müəyyənləşdirilməsi, həmçinin də tutuşdurulan dillərin özündə mövcud olan bir sıra mühüm, aktual məsələlərin həlli üçün böyük imkanlar yaradır. “Bu və ya digər problemin kontrastiv, konfrantiv tədqiqi hər bir dilin spesifik cəhətlərinin, eləcə də müxtəlif sistemli dillərin tipoloji xüsusiyyətlərinin sinxron təsvirinə yardım edir.” (Ярцева, 1981:104)

Dillərin qarşılıqlı əlaqəsi, sözlərin təbii prosesidir. Alınma leksika mütərəqqi prosesdir, bu proses bir dilin lüğət tərkibini başqa dilin sözləri hesabına zənginləşdirir.

Dilin dinamik xarakteri haqqında fikir linqvistik doqmalardan biridir. Ənənəvi hesab olunur ki, dilin leksik layı sosial fətorlərə məruz qalır və dəyişiklərə artıq dərəcədə həssasdır (Журавлев, 1982; s.9; Шеулин, 2007; s.92). Bəşəriyyətin inkişafı – onun tərkibində olan bütün mədəniyyətlərin inkişafıdır və müvafiq olaraq bütün dillərin. Mədəniyyətlər həm digər mədəniyyətlərdən asılı olmadan, həm onlarla qarşılıqlı əlaqədə olaraq müəyyən tarixi inkişafa məruz qalırlar. Əlaqələr bütün sahələrdə baş verir – siyasətdə, iqtisadiyyatda, incəsənətdə, gündəlik həyatda –həyat tərzində, dünya görüşündə, və təbiidir ki, dildə əhəmiyyətli dəyişiklərə gətirib çıxarır. Xalqlararası əlaqələr dillərarası əlaqələrsiz mümkün deyil. Mədəniyyətlər qarşılıqlı olaraq bir birindən hadisələr və anlayışlar alırlar, nəticədə dillərdə alınma sözlər əmələ gəlir. Alınma sözlər dillərin söz tərkibinin genişlənməsinə kömək edən inkişafın əsas faktorlarından biridir.

³Bakı Avrasiya Universiteti, “Tərcümə” kafedrasının müdiri sevda.rzayeva.1977@mail.ru

Dilə düşərkən alınma söz fonetik və qrammatik adaptasiyanı yaşayır. Çox vaxt alınma sözlərin tam assimilyasiyası baş verir, bu halda leksik vahidlər düşükləri dilin sisteminə qovuşurlar, fonetik, qrammatik qaydala tabe olurlar və orada o dərəcədə mənimsənirlər ki, dilin daşıyıcıları sözlərin mənşəyinə görə xarici dilə aid olmasını hiss etmirlər. Lakin digər hallarda onlar başqa xalqların adətlərini, məişətini, xasiyyətlərini təsvir etməkdə, müəyyən mətn koloriti yaratmaq üçün istifadə olunan, eləcədə leksik sisteminin periferiyasında “yad” ekzotizmlər kimi qalırlar (Мухин, 2007: 140). Dilçilərin məlumatına görə, ingilis dilində 400 yaxın türk mənşəli söz var (Биккин, 1998: 7). Yaddan çıxartmaq olmaz ki, istənilən tarixi əlaqə, istər bilavasitə, istərsə də vasitəli, dildə öz əksini tapır, və nəticədə - bunlar alınma sözlərdir. Bildiyimiz kimi, alınma prosesinin səbəbləri ekstralingvistik faktorlardır, hansılara ki, obyektin və ya dil-reseptorun bazasında hadisənin olmaması ilə şərtləndirilmiş həmin hadisənin adlandırması ehtiyacı və ekstralingvistik, daha dəqiq desək, sosial-psixoloji faktorları, həmçinin qloballaşma prosesi aiddir. Türk mənşəli söz və ifadənin ingilis dilində yaranma səbəbi ekstralingvistik faktorlar olmuşdur. (Власичева, 2010: 143)

Məlumdur ki, ingilis dili dünya dilləri içərisində zəngin lüğət ehtiyatı olan dillərdən biridir. Xalqın iqtisadi – siyasi və mədəni həyatında baş verən dəyişiklər, yeni istehsal üsulları, yeni texniki tərəqqi, elmi nailiyyətlər, kənd təsərrüfatındakı əsaslı dönüş, ictimai quruluşun dəyişməsi, elm, mədəniyyət, ticarət, ədəbiyyatın inkişafı, dövlətin yaranması və s. bu kimi hadisələr ingilis dilinin lüğət tərkibinə təsir edərək, onun daha da zənginləşməsinə səbəb olmuşdur. (Власичева, 2010: 83)

Xalqın həyatının inkişafında baş verən dəyişikliklər öz əksini, ilk növbədə dilin lüğət tərkibində tapır. Qeyd etmək lazımdır ki, dilin lüğət tərkibinin inkişaf prosesi xalqın tarixi inkişafı ilə vəhdət təşkil edir. Xalqın tarixini izləmədən lüğət tərkibindəki inkişaf meyillərini aşkar etmək mümkün. Bu dil nəsilən-nəsilə keçərək öz daxili inkişaf qanunlarına əsasən dəyişmiş və təkmilləşmişdir. Müasir ingilis dili öz inkişafı prosesində uzun və mürəkkəb bir yol keçmişdir. Bir çox dillərdən sözləri qəbul edərək, özünükləşdirmişdir. Latın, yunan, fransız, italyan, rus, ispan, ərəb, fars və tədqiqatımızın əsas obyektini olan türk dillərinin adlarını çəkmək lazımdır. Lakin türk dilinin yeri xüsusiədir. Tarixə nəzər salıb, görə bilərik ki, Avrasiya kontinentinin müxtəlif yerlərində, müxtəlif vaxtda türk xalqları müxtəlif dövlətlər yaratmışdılar, o cümlədən, Hunn imperiyası, Türk kəhanat, Qızıl Ordu, Teymur imperiyası kimi güclü olanları. Türk xalqların dilləri müxtəlif dillərdə çoxlu izlər qoymuşdurlar. Bu sözlərin 55 % etnoqrafik realiyalar təşkil edir, 26% ictimai-siyasi leksikaya aiddir, 19% təbii realiyalardır. *Badian, beech, irbis, jougara, mammoth, sable, taiga, turkey* kimi sözlər ən məşhur təbii realiyalardandır. Həmin qrupa mineralların 18 adı aiddir, məsələn, dashkesanite, turanite və s.

İngilis dili etimoloji lüğətlərinin məlumatına görə, təxminən 30 söz material və parçaların adlarına: *karakul, shagreen, chekmak, geyim* adlarına: *burka, kaftan, dolman, yashmak, caraco* və s. aiddir. Ən çox mənimsənilmiş ictimai-siyasi realiyalar: *bashi-bazouk, begum, effendi, chiaus, cossack, ganch, horde, janissary, khan, lackey, mameluke, pasha, saber, uhlan*. Etnoqrafik realiyaların arasında həmçinin ingilis leksikanın ayrılmaz hissəsi olan sözlər də var: *caviar, coach, kiosk, kumiss, macrame, shabrack, shagreen, vampire* və s. Bizə məlum olduğu kimi, mənbə olan dil və alınma sözləri qəbul edən dilin arasında olan ara mərhələlərin mövcudluğuna görə alınma elementlər bilavasitə - yəni bir dildən digər dilə vasitəsiz keçən, və vasitəli – o hallarda ki, mənbə və reseptor arasında alınmanın əlavə mərhələləri olur.

1. HUNN DİLİ VASİTƏSİLƏ ALINMA SÖZLƏR

Türk sözləri ingilis dili tərəfindən həm bilavasitə, həm də vasitəli əlaqələrdə alınır. Bilavasitəli əlaqələrdə türk mənşəli sözlər ingilislərin əjdadların (angl və saksların) dilinə IV əsrin axırında keçməyə başladılar, həmin vaxtı onlar hunn-türklər tərəfindən fəth olunmuşdular. II-IV əsrlərdə hunnlar, alanlar və germanlar Qafqazkənarı, Qara dənizkənarı, Krım ərazilərində qarışıq yanaşı yaşayırdılar. Aparıcı rol hunnlarda idi. Məhz hunnlar I əsrin əvvəlində güclü dövlət ittifaq yaratmışdılar. Qərb hunnların dövlətinin çiçəklənmə və güclənmə pik nöqtəsinə IV əsrdə, Attila dövründə çatmışdır (şərq hunnlar da var idi) 376-cı ildə bütün mərkəzi Avropa hunnların tabeliyində olmuşdur və ancaq 449-cu ildə hunnların başçısı Atillanın ölümündən bir qədər öncə angllar, sakslar və yutların ilk dəstələri Britaniya adalarına köçməyə başlamışdılar. Bu köç prosesi 150 ilə yaxın çəkmişdir. Beləliklə, türklərin german tayfalarının üzərində üstünlük şəraitində qədim ingilis dilə türk leksikasının bilavasitə təsiri azı 73 il davam etmişdir. Həm mədəni, həm hərbi sahədə german tayfalarının üzərində o vaxtın türklərin üstünlüyünü nəzərə alsaq qədim ingilis dilinə çoxlu türk sözləri, xüsusilə hərbi, atçılıq terminologiyası, həmçinin dövlətçilik strukturu ilə bağlı anlayışları bildiren sözlər daxil olmalı idi. Bəzi tədqiqatçılar hun dövrünə aid olan türk sözlərə *beech, body, girl, beer, book, king* kimi sözləri aid edirlər. Maraqlıdır ki, Tapa – “baltalamaq” kökündən yaranmış söz, həmçinin ərəb, fars və rus, həm də şərq türk dilləri tərəfindən alınmışdır və bu günə qədər orada qorunub

saxlanılıb. Qərb türk, məsələn, türk və tatar dillərində isə o həməən mənada balta sözü ilə sıxışdırılmışdır, məsələn, tatar dilində yalnız tapanç formasında – “tərəvəzlər üçün doğranma” - saxlanılmışdır.

2.SKANDİNAV DİLİ VASİTƏSİLƏ ALINMA SÖZLƏR

İngilis dilinə türk sözlərin keçməsinin daha bir yolu – İngiltərə üzərində skandinavların hökmlüyünün dövrüdür (IX-XII əsrlər). Vikinqlər – dəniz köçəriləri, döyüşçüləri və tacirləri – öz ekspansiyasına 800 ildən başlanmış, hələ V əsrdən hunn qılınclarına xüsusilə qiymət verirdilər.VIII əsrdən vikinqlərin İngiltərəyə hücumları başlayır. IX əsrin ortasında onlar ölkənin yarısını işğal etmişdilər və bu ərazi XI əsrin 40-ci illərə qədər Danelaw adı altında mövcud idi. İngiltərənin üzərində hökmlük dövründə isə IX-XII əsrlərdə vikinqlərin dili ingilis dilinə böyük təsir göstərmişdir.

Bu dövrdə ingilis dili skandinav dillərin güclü təsirini yaşadı. Vikinqlər uzun müddət bolqarlarla, peçeneqlər, qırçaqlarla ünsiyyətdə idilər və çox guman ki, hansısa türk sözləri və anlayışları alırdılar: *ha(k)(gh)gan, hunn, gun, alp, oalaf, berserk* və s.. Sonra bu sözlərin bəziləri ingilis dilinə keçdi. (Биккинин, 1998: 8)

XI – XIII əsrlərdə ingilislərlə türklərin bilavasitəli əlaqələr başlayır, həməən vaxt ingilis feodallar öz döyüşçüləri ilə xaç yürüşlərdə iştirak edirlər. Haradaki əsas rəqiblər Qərbdə sarasinlər (“saracen”- sinonim qırçaq) adlanan türklər idi. Avropalılar bu tayfa adını bütün müsəlmanlara, o cümlədən, Suriya, Fələstin və Misir ərəblərə yaydılar, bunun nəticəsində etimoloji lüğətlərin çoxu bu adı ərəb mənşəli sözlərə aid edirlər, görünür bu məsələ mübaisəli olaraq qalır. Sarasinlərdən keçən sözlər *sabot, chabouk, chibouk, saber* və s.

3.FRANSIZ DİLİ VASİTƏSİLƏ ALINMA SÖZLƏR

O halda ki, türk mənşəli sözlər ingilis dilə bir neçə dildən keçirdi, çox vaxtı axırıncısı fransız dili idi. Fransızların türklərlə bilavasitəli əlaqələr xaç yürüşlərin dövrlərdə qeyd olunmuşdur (XI - XIII vv.). XI-XIII əsrlərdə türk mənşəli söz və ifadəri ingilis dilinə İngiltərənin ixtidarı danışdığı köhnə fransız dilindən keçirdi (Биккинин, 1998: 7). İngilislərin türklərlə bilavasitə əlaqələri ingilis feodallarla döyüşçüləri də iştirak etdiyi xaç yürüşlər zamanı başlamışdır. 1096-cı ildən 1270-ci ilə qədər üçün Fələstinə 8 xaç yürüşü həyata keçirilmişdir. Xaçpərəstlərin bu qarət, işğalçı yürüşlərin avropa mədəniyyəti üçün müsbət nəticəsi var idi. Qərbdə yeməkdən əvvəl əl yumağa, masa arxasında bıçaq-qaşıqdan istifadə etməyə, isti hamamlarda çimməyə başlamışlar, alt və üst paltarları dəyişməyi öyrənmişdilər. Avropalılar düyü, qarabaşa, limon, ərik, qarpız yetişdirməyə, yeməyə şəkər qamışdan istifadə etməyə başlamışdılar. Avropada ipək parçaları, güzgüləri istehsal etməyi, dəmiri daha yaxşı işləməyi öyrənmişdilər. Türk mənşəli söz və ifadəriin daxil olmasının 2-ci dalğası Osman imperiyası (XIV - XVI vv.) ilə bağlıdır, nə vaxt ki, fransızların çoxu, ispanlar və italyanlar kimi türk sultanın xidmətində idilər. Osman imperiyasının gücü və zənginliyinə olan heyran Avropada türkpərəstlik törədir, bu da, şübhəsiz, avropa dillərin çoxunun, o cümlədən, ingilis dilinin leksik tərkibinə təsir etməyə bilməzdi. *Caviar (1560), turban (1561), odalisque (1681) badian, caique, sabot, turquose, bergamon, bugger, cassock, cham, cosaque, gilet* və s. kimi sözləri misal kimi gətirmək olar.

XV-XVI əsrlərin dini qovulmaya və feodal istismarına məruz qalan avropalılar üçün Türkiyə dini dözümlülük, ədalət və xalqın maddi durumu ölkəsi idi. Türkiyəyə maraq o dərəcədə yüksək idi ki, artıq XVI əsrdə Avropada Türkiyə haqqında 900-dən çox elmi əsərlər ortaya çıxmışdır. Təbii ki, bu şəraitdə fransız və digər avropa ölkələrində xeyli türk mənşəli söz və ifadəri daxil olmuşdur. 1579-cu ildən Türkiyə və İngiltərə arasında dostluq münasibəti yaranmışdır. Türkiyəyə çoxlu ingilis tacirləri üz tutdular. Orada ingilis ticarət koloniyaları yaranmışdır və ingilis kilsələri tikilmişdirlər.

Türk mənşəli söz və ifadəri ingilis dilinə təkcə ingilis dilindən gəlmirdi. XVI – XIX əsrlərdə orta Asiyaya gündəlikləri türk mənşəli sözlərlə dolu olan (taiga (1888), from Rus. taiga, of Mongolian origin; Cossack- (1598) from Rus. kozak, from Turk. quazzaq "adventurer, guerilla, nomad." və s.) səyyahlar (Antoni Cenkinson, Tomas Atkinson), diplomatlar, tacirlər baş çəkmişdirlər. XIX əsrə qədər ingilis dilinə daxil olan türk sözlərin çoxu istifadədən çıxıb (Биккинин, 1998: 8).

Polyak dili vasitəsilə ingilis dilinə *hetman, horde, uhlan, kielbasa* kimi sözləri keçmişdir. Macar dilindən, alman və fransız dillərin vasitəsilə *coach, haiduk, kivasz, vampire* kimi türk sözləri daxil olmuşdur. İngilis dilində ən çox istifadə olan türk mənşəli söz *coach* –dur - əsas mənada “böyük açıq araba”. Etimoloji lüğətlərdən çoxu *coach* sözün ilk mənbəsi kimi Macarıstanda olan Kocs kəndin adını göstərirlər, harada, guya, ilk açıq araba yaranmışdır. “Kuç” türk mənşəli kökdən – “köçmək, keçmək” – müxtəlif dillərdə çoxlu düzəltmə sözlər yaranmışdır, o cümlədən “köçmək, köçəri, köç” rus sözləri.

4.ƏRƏB VƏ FARS DİLİ VASİTƏSİLƏ ALINMA SÖZLƏR

Türk sözlərinin çoxu ingilis dilinə ərəb, fars və hind dilləridən keçmişdir. Misirdə və Suriyada ilk türklər türkmənlərin oğuz tayfaları olmuşdur, hansıların bir hissəsi ərəb xilafətlər zamanı məskunlaşmışdılar. X əsrdən başlayarkən təcridən dil mühitini dəyişərək Misirə müxtəlif yollarla çoxlu qırçaqlar gəlir. Aybek mamlük sultanın hakimiyyətə gəlməsi nəticəsində 1250-ci ildə Misirin dövlət dili qırçaq dili olmuşdur.

1517-ci ildə Mamlük dövlətin türk-osmanlar tərəfindən işğala qədər Misirdə ədəbiyyat Qızıl Ordu dövründəki tatar dilinə yaxın olan qıpçaq-oğuz dilində çiçəklənirdi. Qıpçaqlar Misirdə ərəb ədəbiyyatına, ərəb dilinin leksika və qrammatikasına güclü təsir yaratmışdılar. Fars dili, xüsusilə leksika hissəsi, həmçinin türk dillərin güclü təsirini hiss etmişdir. X-XVI əsrlərdə mövcud olan İran, Orta Asiya və Hindistan türk-fars dövlətlərin ərəzilərində özünəməxsus dil şəraiti yaranmışdır, nə vaxt ki, elm və din dili ərəb dili, ədəbiyyat və kargüzarlıq dili - fars dili idi, şaxlar və sultanlar yanında və orduda isə əsasən türk dili istifadə olunurdu. Bir neçə əsrlər ərzində İran və Hindistanda yaşayan türklərin çoxu fars və hindlərlə assimilyasiya olunmuşdur. Bununla yanaşı, təbii olaraq, fars və hind dillərinə çoxlu türk sözləri düşmüşdür. Azərbaycanlılar və türkmənlər istisna olmaqla İran, Afqanistan, Pakistan və Hindistanda öz doğma dilini yalnız bir neçə ayrı yaşayan tayfalar qoruyub saxlamışdılar, məsələn, xalacı. Ərəb dili vasitəsilə ingilis dilinə *coffee, pilaf, sherbet, kourbesh, kismet* və s., fars dilindən *agha, ordu, divan, hatun, pistachio, binbashı* və s. sözləri keçmişdir.

XVI əsrin Deli sultanatlığın Badraddin İbrahim tərəfindən yaradılmış türk dilin lüğəti Şimal Hindistanda danışılan bu dilin qıpçaq xarakterini aydın göstərir. Buna görə rus knyazların xidmətində tatarların dili olan qıpçaq dilini bilən məşhur səyyah Afanasiy Nikitin müsəlman adətlərinə riayət edərək sərbəst olaraq əvvəlcə İranda yaşamışdır, sonra isə Hindistana köçmüşdür, hardaki o özünü Xoca Yusuf Xorasani adlandırmışdır. Ona yerli dilləri xüsusi olaraq öyrənmək lazım deyildi, çünki XV əsrin ikinci yarısında, Afanasiy Nikitin İranda və Hindistanda olan zaman hər yerdə türk dilini başa düşürdülər.

İngilis dilinə türk sözlərin daxil olmağın yolların biri arasında türk mənşəli sözləri olan hind sözlərin alınması olmuşdur. XVI əsrdə Hindistanda ilk ingilis faktoriyalarən əsası qoyulmuşdur, lakin ingilis dilinə daxil olan hind sözlərin əksəriyyəti XIX əsrə düşür, nə vaxt ki, Hindistan Britaniya imperiyasının koloniyası olmuşdur.

Müxtəlif hind dilləridən ingilis dilinə 900 yaxın söz düşmüşdü, onlardan 40 öz növbəsində türk mənşəli sözlərdi, məsələn: *beebee, begum, cotwal, kajawah, khanum, soorme, topchee, bahadur, boyar, urdu* və s.

Rus dili vasitəsilə ingilis dilinə 60-dan çox türkizm daxil olmuşdur: *astrakhan, ataman, hurrah, kefir, koumiss, mammoth, irbis, shashlik, bagatyr, borunduk, bashlık, sevruga, burka, shashlık, boyar, bjarlıgvə s.*

5.XÜSUSİ İSİMLƏRDƏ VƏ İDİOMLARD A RAST GƏLİNƏN TÜRKİZMLƏR

İngilis yazıçıları şərq mövzusunda olan öz əsərlərində aktiv şəkildə türk sözləridən istifadə edirdilər. Xüsusilə çox türk mənşəli sözlərdən Kristofer Marlo, V. Şekspir, L.Bayron, V.Skott istifadə edirdilər.

The Scourge of God (Allahın cəzası) adlanan Atilla, Gengis Khan, Baber, Tamerlane kimi zəhmli işğalçıların türk xüsusi adları ümumi adlara çevrildi.

İnadkar, tərs oğlanı ingilislər *young Tartar* – “tatarçonok” adlandırma bilərlər. “Daha güclü rəqiblə qarşılaşmaq” ingiliscə *to catch a Tartar* səslənir, yəni “tatara rast gəlmək”. *To turn Turk* ifadəsi isə qəzəblənmək, əsəbləşmək mənasını daşıyır. İngilis frazeoloji birləşmə *the Father of the Faith*- inamin atası, “türk sultanı” mənası ilə - mədəniyyətlərin qarşılıqlı tamasın maraqlı misalıdır. Frazeoloji vahid tarixi İngiltərə və Türkiyə arasında ilk dövlət əlaqələr yaranma dövründə mövcud olan faktda əsaslanıb: türk sultanı istər siyasi, istərsə də dini hakimiyyətə malik idi, bir simada dünyəvi və ruhani hakimiyyəti birləşdirirdi. Bədii ədəbiyyətin bəzi əsərlərin təhlili həmçinin bizə nəticə çıxartmağa imkan verdi ki, türk alınma sözlər aşağıdakı hallarda istifadə olunur: 1) Şərq və Asiya ölkələrin koloritin spesifik xüsusiyyətlərini ötürən və qeyd edən müəyyən mühiti yaratmaq üçün; 2) tarixi vəziyyətin və tarixi realiyaların yaradıb və təsvir etmək üçün. İ.V.Arnoldun fikrinə görə, ingilislərin colonial fəaliyyəti ilə əlaqədar alınmış sözlərin əksəriyyəti istifadə olunur o halda ki, söhbət həmən ölkədən gedir ki, hardan ki bu sözlər alınıb, bu sahədən kənar onlar istifadə olunmur və xarici kimi hiss olunur. Qeyd etmək lazımdır ki, ingilis dilində ədəbiyyatda və danışq dildə yaxşı assimilyasiya olunmuş stilistik neytral türk mənşəli söz və ifadəri mövcuddur. Frazeoloji birləşmələrin tərkibində türk mənşəli sözlərin istifadəsi onların assimilyasiyanın yüksək dərəcəsinə təsdiq edir. Türk mənşəli söz və ifadəriin leksik layı kifayət qədər yüksək tezlikliyi ilə xarakterizə olunur, bununla əlaqədar fikir sürmək olar ki, ingilis dilin inkişafın indiki dövründə bəzi türk mənşəli söz və ifadəri adaptasiya olunub və kifayət qədər tez-tez nitqdə istifadə olunur, onunla belə həmən dilin daşıyıcısının dünya təsvirini genişləndirir.

İngilis dilinə XIX əsrə qədər daxil olmuş türk mənşəli söz və ifadəriin çoxu artıq istifadədən çıxıb. Qalanları əsasən flora, fauna, məişət, adətlər, ictimai-siyasi həyatın və türk regionun inzibati-ərazi quruluşun təsvirində istifadə olunur. Lakin ümumişlək leksikaya aid olan türk alınma sözlər var. Bəzi türk alınma sözlər, məsələn, *bosh, caviare, coach, horde, jackal, kiosk*, onların etimonlarına məxsus olmayan yeni mənalar inkişaf edir.

Qeyd etmək olar ki, ingilis dilinə keçən türk alınma sözlərin əksəriyyəti əsasən həyat və məişət xüsusiyyətlərə aiddir. Ümumi 5000 alınma söz və söz birləşmələrdən türk alınma sözləri 54 % təşkil edir. Bu sözlər ingilis dili ilə zəif assimilyasiya olunub və türk xalqlarına məxsus olan anlayışları ifadə edir.

NƏTİCƏ

Bundan irəli gələrək, belə nəticə çıxartmaq olar ki, müxtəlif mədəniyyətlərin əlaqələrin nəticəsində ingilis dilinə keçən türk alınmalar nəinki onu sözü gedən mədəniyyətə aid olmayan yeni anlayışlarla zənginləşdirir, həm də morfoloji və fonetik dəyişiklərə məruz olub öz əvvəlki görünüşünü itiriblər və ingilis dilin vokabulyarın ayrılmaz hissəsi olublar. Lakin qeyd etmək lazımdır ki, XIX əsrə qədər ingilis dilinə keçən türk mənşəli söz və ifadərin çoxu artıq istifadə olunmur. Qalanları təbiyyətin, məişətin, adətlərin, ənənələrin, ictimai-siyasi həyatın və Türkiyənin inzibati-ərazi quruluşunun təsvirində istifadə olunur. Dil tamaları əsrlər boyu dəstəklənirdi, buna görə leksikanın qarşılıqlı təmasında əks olunmaya bilməzdi. Bilavasitə dildən alınmış sözlərin əsas xüsusiyyətləri bir çox hallarda öz ilkin mənasını saxlanılmasındadır.

Beləliklə, ingilis dilinə türk sözlərinin daxil olması və istifadəsi haqqında danışırkən aşağıdakı nəticələrə gəlmək olar:

İngilis dilinin lüğət tərkibinə türk söz və ifadələrin daxil olması, sözlərin yeni məna "cildinə girməsi" və s. dil hadisələri bu xalqın tarixi izlərini lüğət tərkibində inikas etdirmiş və demək olar ki, möhkəmləndirmişdir. Türk söz və ifadələri ingilis dilinin orijinallığına, müstəqilliyinə əngəl törətməmiş, əksinə onun inkişafına və zənginləşməsinə səbəb olmuşdur. Bu söz və ifadələr artıq ingilis dilinin inkişafında böyük rol oynamışdır.

Birincisi, assimilyasiyanın kifayət qədər yüksək dərəcəsinə baxmayaraq türk formant və elementlərinin istiadəsi istiqamətləndirilmiş məqsədyönlü xarakter daşıyır və onlar çox güman ki ekzotik leksikaya aid oluna bilər.

İkincisi, ingilis dilində türk mənşəli söz və ifadərin sonrakı dövrlərdə öyrənilməsi doğma və xarici dildə mədəni və dil təsvirlərini daha da zənginləşdirməyə imkan verir.

Üçüncüsü, alınma leksika vasitəsi ilə ingilis xalqı türk xalqını yaxından tanıya bilmişdir.

Dördüncüsü, türk söz və ifadələrinin ingilis dilində yaxud əksinə intensivliyi bu xalqlar arasında tarixi-mədəni əlaqələrinin və dövlətlərarası münasibətlərinin, elmi-texniki tərəqqi və informasiya mübadiləsinin daha da genişlənməsini əyani şəkildə nümayiş etdirir.

ƏDƏBİYYAT

- Биккинин, И. Тюркизмы в английском языке// Татарская газета.1998.25 декабря (№ 13), с.7-8
 Власичева В. (2010), Тюркизмы в современном английском языке. Вестник Волгоградского Государственного Университета. Сер.2, Языкознание. № 2(12)
 Ильиш Б. (1968), История английского языка. М.: Наука,316 с.
 Журавлев, В. (1982), Внешние и внутренние факторы языковой эволюции/ М: Наука, 327 с.
 Мухин, С. (2007), Соотношение понятий ассимиляции и натурализации заимствований/ С.В.Мухин // Вестник МГЛУ: теория и практика лексикологических исследований. Сер. «Лингвистика» Вып.532- С.140-148
 РасторгуеваТ. (1972),ЖдановаИ.Ф. History of the English language. М.: Высшая школа, 175 с.
 Смирницкий А. (1965), История английского языка. М.: МГУ, 285 с.
 Щеулин, В. (2007), Русский язык в историческом, социолингвистическом и этнографическом аспектах. В 2ч. Ч.1 /В.В.Щеулин – Липецк: Изд-во ЛГПУЮ, 507 с.
 УилсонМ. (1982), The Modern Russian Dictionary for English speakers. М.: Русский язык,715 с.
 Ярцева В. (1981), Контрастивная грамматика. Изд-во «Наука», М.6, 104 с.
 URL:http://tatarica.narod.ru/world/language/tat_eng/htm

ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Т.ғ.к., доцент **А.Т.ТОХМЕТОВ***
Оқытушы **М.А.КЕБЕКБАЕВ****

Түйіндеме

Бүгінгі таңда заман талабына сай білікті маман дайындау еліміздегі маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Еліміздегі оқу-ағарту мен ғылым саласындағы түбегейлі өзгерістер жоғарғы оқу орындарының алдына жаңа талаптарды алға тартты. Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман дайындаудағы талаптар маман адамның кәсіби біліктілігін қалыптастыратын компоненттік әдіс мәселесін алдыңғы қатарға шығарып отыр.

Университетте шет тілін оқыту үдерісінде лингвоелтанымдық компонентті енгізудегі басты мақсат ең алдымен сөйлеушінің және тілді қолданушыларға есептелген түпнұсқа мәтіндерді дұрыс қабылдауы арқылы коммуникативтік біліктілікті қамтамасыз ету болып табылады. Қытай тілі әлемдегі ең көп оқытылатын тілдердің бірі деп табылады. Автор мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастырудың әртүрлі дидактикалық құралдарын қарастырып, дәстүрлі, сондай-ақ қытай тілін оқытудың жоғары технологиялық инновациялы құралдарын зерттейді, бұл құралдардың үйлесімі өз кезегінде қытай тілі сабақтары бойынша мәдениаралық құзыреттілікті қалыптастыруда оң нәтиже көрсетеді.

Рухани мәдениеттің қамтитын көлемі кең, ол қытай халқының идеялық мәдениеті мен жүйелік мәдениетін қамтиды. Идеялық мәдениет, жүйелік мәдениет деп отырғанымыз қытайлардың ұзақ уақыттық тарихи даму барысында біртіндеп қалыптасқан ерекше ойдың құрылымы, ойлау формасы мен құндылық көзқарастары. Сонымен бірге қытайлардың дүниеге көзқарасы әсерінен тарихта қалыптасқан әртүрлі саяси, экономика, заң, оқу-ағарту құрылымы сияқты өзіндік мәдениеті қалыптасқан.

Тірек сөздер: Қазақстан, қытай тілі, студент, мәдениет, әдістеме.

THE IMPORTANCE OF USING KAZAKHSTAN MATERIALS IN TEACHING CHINESE LANGUAGE

Abstract

Today, training qualified professionals according to modern requirements has become one of the most important issues of our country. Radical changes in the field of education and science of our country demanded new requirements from higher educational institutions. The requirements for training competitive specialist in the labor market lead to the issue of the component method, which forms the professional competence of a person.

The main goal of implementing the language and country awareness component in the process of teaching a foreign language at the university is to ensure communicative competence through correct perceiving the original texts provided to speakers and language users. Chinese language is one of the most common languages which are taught in the world. The author explores various didactic tools for developing intercultural competence, studied both traditional and innovative high-technology tools which are used in teaching Chinese language, these combination of tools show the positive result in forming intercultural competence at Chinese language lessons.

The volume of spiritual culture is wide, embracing the culture and systemic culture of the Chinese people. An ideal culture, systematic culture is the structure of a certain thought, the way of thinking and the value of ideas that are gradually formed during a long Chinese history. At the same time, in the history the Chinese world view has formed the political, economic, legal, educational culture.

Key words: Kazakhstan, chinese, student, culture, methodology.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, tokhmetov@mail.ru

** marat7709@mail.ru

КІРІСПЕ

Бүгінгі қоғамның кез-келген ғылым саласынан өз кезеңінің сұраныстарын қанағаттандыратын еңбектерді талап етуі заңды. Мәдениеттің тілдегі қырларын зерттеу, оның табиғаты мен қолданыс заңдылықтарын тереңірек тануға жол ашады. Қазіргі уақытта халық мәдениетінің тілдегі көрінісін зерттеу лингвистикада маңызды мәселе болып табылады. Лингвистикалық зерттеулердің көбісі кейінгі он жылдықта адамдық әрекеттің бір түрі ретінде тілдік қарым-қатынасқа өте қатты көңіл бөліп отыр, өйткені шетел тілінде қарым-қатынас жасау барысында қалыптасқан лингвомәдени дағдылары болашақ маман тұлғасын қалыптастырудың қажетті алғы шарттарының бірі болып табылады.

Шетел тілін меңгерту үрдісінде мотивациялық сипат беру қажеттілігі, шетел тілін мәдениетін меңгеру үдерісінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетін жетілдіру мүмкіндігі, бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Бүгінгі таңда елімізде шетел тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі - мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, шетел тілін сол тілде сөйлеуші ұлттық тілдік және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сай, дұрыс қолдана алатын, білімді де мәдениетті мамандар даярлау болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін «тіл-ұлт-мәдениет» үштігін өзара тығыз байланыста қарастырудың, шетел тілі мұғалімінің мәдениет аралық қатысым құзыретін қалыптастыру өте маңызды болып табылады. Өйткені шетел тілін оқытудың бұл аспектісі тілді этностың мәдениетімен тығыз байланысты қарастыруды, соның негізінде студенттердің тілін үйреніп отырған халықтың салт-дәстүрі, наным сенімдері, тарихы жайындағы білімдерін қалыптастыруды талап етеді. Ал мұндай шынайы өмірге негізделген білім студентті көп мәдениетті орта жағдайында, әрекет ете алуға, жағдайға сай шешім қабылдауға, шетел тілін тек тілдік нормаларға ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші ұлт дәрежесінде қолдануға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ пен қытай халқының арасындағы мәдени және тарихи байланыстар бірнеше мың жылдық уақытты қамтитын күрделі процесс. Осындай экономикалық және мәдени байланыстардың арта түсуі Қазақстан азаматтары үшін қытай тілін үйренуге деген сұраныстарын арттыра түсті. Мұның басты себебі екі ел арасындағы байланыста ғана емес, әлемдік деңгейде де Қытай ықпалының арта түсуі. Қазіргі кезде әлем нарығын жаулап алған қытай тауарлары мен өнімдерін тұтынбайтын мемлекеттер кемде-кем. Соның арқасында әлемдік экономикадан ойып орын алып отырған әлеуетін қосыңыз. Сонымен қатар халық санының көптігі де өз әсерін тигізіп отыр. Осы себептерді ескере келгенде қытай тілінің маңызды орынға шығып келе жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Демек, қытай тілін үйрену заман талабы десек артық айтқандық емес.

Қытай тілі қанша қиын деп саналса да, сол қиындықтарына қарамастан бұл тілді үйренушілер саны күннен күнге артпаса кеміп отырған жоқ. Қазақстан мен Қытай арасындағы түрлі бағыттағы қарым-қатынастар қытай тілді меңгерген кәсіби мамандардың болуын қажет етеді. Осымен байланысты, Қазақстанның білім кеңістігінде екі шет тілі маманының аясында қытай тіліне деген сұраныста арта түсті.

Қытай тілін оқыту кезінде жаңа шешімдерді меңгеру мен іздену қажеттігі ХХІ ғасырда - компьютерлік технологиялар ғасырында – әсіресе өзекті және маңызды болып тұр. Қытай тілін негізгі тіл ретінде оқыту бүкіл білім саласындағы терең өзгерістер жағдайында жүзеге асуда: тілді оқытудың мақсаты, студенттердің қажеттілігі, оқу жағдайлары өзгерді. Қазіргі уақытта қытай тілін оқыту мақсаты мен міндеттері қоғам қажеттіліктерінен туындап отыр. Студенттердің басты мақсаты - кәсіби білім алу, әлемдегі ең күрделі тілдердің бірін меңгеру. Қазақстанның Бостон үрдісіне енуі мұғалімдердің алдына жаңа міндеттер қояды, солардың бірі қатал бәсекеге төтеп беруге және қазақстандық білім саласының жоғары деңгейін сақтап қалуға мүмкіндік беретін оқу үрдісіне жаңа технологияларды тезірек енгізу, оқытуда жаңа ыңғайлар мен әдістер ойлап табу болып табылады.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы» Жолдауында белгіленген еліміздің әлеуметтік саяси дамуының басты аспектілері: қалыптасқан мемлекетіміздің жаңа саяси бағыты бірлік пен патриотизм сезімін одан әрі нығайтып, еліміздің келешек экономикалық және мәдени жаңаруының мықты алға жылжытушысы бола білді. Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «білім мен кәсіби дағдылар заманауи білім жүйесінің, кадрлар даярлау мен қайта даярлаудың басты бағыттары» екенін атап көрсетті. Республикамызда жеткілікті дәрежедегі күшті өндірістік базаның, қаржы-банктік жүйенің тиімді құрылымының болуы, елімізде ашық инвестициялық климаттың болуы, сондай-ақ, Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы

өзара бірігіп қимыл жасау мен сенім деңгейі бойынша Кеңес сияқты аймақтық құрылымдар құру туралы бастамалары алыс және жақын шет елдердің республикамызға қызығушылығын туғызуда.

Қазіргі кезде Қытай әлемдік саясатта өзінің жетекшілік ролін көрсетіп келе жатқан, экономикалық артып отырған ел. Қытай басшысы Си Цзинпинь өзінің әлемдік көшбасшылыққа бастайтын стратегиялық «Бір жол, бір белдеу» атты үлкен жоспарын жариялағанын білеміз. Оны іске асырудың жолдарының бастысы «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту» жобасы. Жібек жолы бойындағы елдерге қытай тілі мен мәдениетін тарату жоспарымен қатар, қытай тарапынан сол елдердің тілі мен мәдениетін терең зерттеуі де жолға қойылмақ. Оған мысал ретінде Қытайдың ірі орталықтарында қазақ мәдени орталықтары ашылып, қазақ тілін үйрену қарқын ала бастады.

Қазір республикамыздың жастары өздерінің болашақтағы жұмысын және болашақ өмірін қытай тілін білумен байланыстырады. Бұл жерде әр түрлі факторларды – экономикалық, әлеуметтік, мәдени - айтуға болады.

Соңғы жылдар мәліметтері қытай тілін оқытын студенттер санының көбеюі туралы хабардар етеді, ал бұл ерекше назар аудару мен зерттеуді қажет ететін объективті құбылыс. Әсіресе, ауылдан келген студенттердің қытай тіліне қызығушылығын ерекше атап өту керек, олар қызығушылық танытып қана қоймай, «қытай тілі көпірі», шешендік өнер, каллиграфия сияқты әр түрлі конкурстарда әжептәуір жегістіктерге де жетіп жүр. Студенттердің тілге қызығушылық формалары сан қилы. «Дөңгелек үстелдер» мен семинарлар, «Жастар және қытай тілі» пікірталасы, «Қытай тілін білесің бе?» викторинасы, қытай тілі бойынша олимпиадалар, әдеби музыкалық кештер «Қытай» ғылыми студенттік үйірмесінің ұйымдастыруымен тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Жарысу, жеңіске деген құлшыныс тыңғылықты оқуға ынталандыра түседі.

Осының бәрі жоғары оқу орындарында қытай тілін оқыту әдістемелік толықтыруды қатты талап етеді, жергілікті қазақстандық түсініктерді ескерумен оқу құралдары мен көмекші құралдар жасауды қажет етеді.

Қазақстан қоғамы жағдайында қазақ және орыс тілдерінен біраз айырмасына қарамастан, қытай тілінің болашағы зор. Сондықтан оқу үдерісінде әр түрлі деңгейдегі тілдік жүйелердің айырмашылығын ескерген тиімді. Жоғары оқу орындарында студенттерге кәсіби тіл үйрету әлеуметтік мотивацияға және қытай тілінің ерекшеліктерін ескеруге бағытталған мәтіндерді дұрыс таңдап ала отырып, оқу үдерісін әбден ыңғайлап, әзірлеуді талап етеді.

Қазір көптеген дәстүрлі схемалар өз маңыздылығын жоюда. Әлем өзгерді, білім үдерісі үлгісі де күннен күнге өзгеруде. Таным үдерісінде мұғалім мен студент тең құқылы серіктестер болып табылады. Және мұнда шетелдік алдыңғы қатарлы технологияларға ғана арқа сүйеуге болмайды, өйткені біздің студенттеріміздің менталитеті басқаша, олар басқа құндылықтарға бағытталған. Қазіргі уақытта мұғалімдер оқытудың жобалық әдістерін, интерактивті технологияларды, оқу материалының схемалық және таңбалық үлгілерінің негізінде оқытуды белсендендіру тәсілдерін белсенді түрде қолданып жүргендері әбден орынды.

Кез келген шет тілін оқыту мақсаты құралы оқытудың мақсаты қойылған коммуникативтік міндеттер шегінде лексика-грамматикалық және синтаксистік тәсілдер жиынтығын меңгерту болып табылады. Шет тілін меңгерудің негізі оқу құралдарын, тәсілдерін, модельдерін қарастыратын методикалық жүйе болып табылады. Бұл жүйеде оқу құралы басты орындардың біріне ие.

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік экономикалық өзгерістер үдерісі методикалық ғылымды да қамтиды. Осы жағдайда шет тілін оқытудың жаңа ыңғайлары пайда болды, оның ішінде шет тілі ретінде қытай тілі де, бұл ыңғайлар оқытудың жаңа концепциялары мен технологияларын енгізуді, оқу құралдары мен көмекші құралдар жасауды білдіреді.

Мұғалімдер қытай тілінің әр түрлі аспектілері бойынша оқу құралдарын даярлаудан үлкен тәжірибе жинақтады. Олар әр түрлі халықаралық, республикалық және жоғары оқу орындары арасындағы методикалық семинарлар мен конференцияларда өз тәжірибелерімен белсенді түрде бөлісіп келеді.

Дегенмен, инновациялық технологияларды пайдаланумен студенттер мен магистранттарды қытай тіліне үйретудің ғылыми тереңдігі әлде де болса жеткіліксіздігі байқалады. Бұл мәселені зерттеу университетің алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастығын нығайту жағынан да маңызды.

Оқу құралдарын жасау ісі оқу құралдары теориясы, бұрыннан бар оқу құралдары мәселелерін қарастыратын арнайы әдебиеттерді, сондай - ақ, сабақ беру методикасының негізгі мәселелері бойынша ғылыми - методикалық әдебиеттерді зерттеуден басталды. Әдебиеттерді зерттеу барысында педа-

гогикалық және әдістемелік тәжірибе жинақталып, қорытындыланды, оқу құралдары авторларының өз ұстанымдары нығайып, кеңейді.

Оқу құралдарын жасай отырып, авторлар жеткілікті көлемде педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді зерттеді, студенттердің коммуникативтік қажеттіліктерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізді, тұрақты түрде семинарлар мен консультацияларға қатысып жүрді.

Жинақталған тәжірибе аясында оқу құралдары авторлары негізгі мақсат - қарым қатынастың басты салаларында (ғылыми, қоғамдық - саяси және әлеуметтік - мәдени) әр түрлі тілдік әрекеттер бойынша: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазуда біліктілік қалыптастыру екенін бөліп көрсеткен.

Қазіргі уақытта елімізде геосаяси және экономикалық түсініктер өзгерді, қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерісі орын алуда. Бұл жағдайда қытай тілі бойынша қазіргі оқу құралдары мемлекеттің саяси және әлеуметтік - экономикалық түсініктерін білдіруге жұмсалуды тиіс. Сондықтан жаңа оқу құралдарына еліміздің өткені мен қазіргісіне қатысты елтану сипатындағы маңызды материалдар енгізілді.

Оқу құралдары авторлары Қазақстанның көрнекті қайраткерлері, ұлттық мейрамдар мен дәстүрлер, тарихи көрнекі орындар және т.б. сияқты тақырыптар кіретін нақты қазақстандық материал әзірлеу қажет деп санайды.

Ұсынылған тақырып осы материалды әр қырынан көрсететін әр түрлі жанрдағы бірнеше мәтінмен берілген. Түпнұсқадағы авторлық мәтіндер келесі әдістемелік талаптарға сәйкес келеді: олар ақпараттық танымдық және студенттерге түсінікті; қарым қатынас жасау қажеттілігін туғызады; эстетикалық маңыздылыққа ие және адамгершілік бағыттағы болып келеді.

Грамматикалық материалды таңдап алуда да оқу құралдары авторлары дәл солай студенттердің қажеттіліктерін басшылыққа алды. Оқу құралдарының әр бөлімі студенттерге маңызды коммуникативтік міндеттер мен осы міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін қажетті лексикалық және грамматикалық материалдарды қамтитын сабақтар циклінен тұрады.

Лексиканы үйрету үдерісінде студенттерде тұрақты компенсаторлы стратегиялар қалыптасады, көбінесе, лексикалық құралдардың салыстырмалы-жүйелі талдау әдістері арқылы меңгерілетін лингвожүйелейтін түрі. Лексиканы үйретуге ұсынылып отырған әдістеме барынша тиімді деп есептеледі.

Қытай тілін үйрету кезінде студенттің ана тілінде жүзеге асатын ойлау-процесіне ғана сүйенуге болмайды, сондай-ақ, үш тілді талдау негізінде пайда болатын салыстыру процесіне де сүйену қажет. Бұл қазақ, орыс және қытай тілдеріне негізделген әдістемелік аспаптарды құру қажеттілігін меңзейді.

Ақпараттық технологияның жоғары деңгейде жаһандануы заманында білім көлемі көшкін тәрізді өсіп, өзгеріп және ескіріп жатыр. Адамның бейнесіне деген көзқарас та өзгереді. Таңбалы сипаттамаларда жиі құзыреттілік, бәсекеге қабілеттілік, мобильді, әрқашан өзін-өзі жетілдіруге дайын деген қасиеттерді көруге болады. Шығыс тілдері оқытушысы мамандығына да қатысы бар. Оқытушының кәсіби, психологиялық дайындығының деңгейінен көп жағдайда сабақтың сапасын көру ешкімге де құпия емес. Сондықтан да бүгінгі күні шығыс тілдері бойынша профессорлық-оқытушылар құрамының кәсібилігі өте маңызды мәселе болып есептеледі.

Қытай тілі оқытушыларын дайындау мәселелеріне нақты, ғылыми амал қажет. Ең алдымен оқытудың мақсаты мен міндетін қайта ойластырып, бағдарламалар, оқулықтар мен оқу құралдарының әдістемесін әзірлеу қажет. Нарықтық экономика шартына байланысты заманауи маман ой-өрісі кең, таңдаулы мамандықтар бойынша кәсіби дайындығы бар, жан-жақты білімді ғана емес, сонымен бірге өз ісінің менеджері бола білу керек. Әлемдегі білім көлемі әрқашан өсіп, дамып отырады, мұндай жағдайда тек есте сақтау амалдары тиімсіз болмақ, сондықтан да біз білімнің көзін табуы үйренуіміз қажет.

Қазіргі уақытта мақсат қоюға, педагогикалық жағдаяттарды талдауға қабілетті, өз қызметінің нәтижесін қадағалап, бағалай алатын, студенттердің сыни ойлауын дамытатын қытай тілі оқытушыларын дайындайтын жаңа формация негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Қытай тілін үйрететін оқытушы сауатты дұрыс сөйлей білуі керек, оқу материалын дұрыс таңдай білу керек: мәтіндер, көрнекі құралдар және т.б. Сонымен қатар, ол бойына сөйлеу,ым, ишара мәнері, сырт келбеті, студенттің жағдайын түсіне алатын, онымен қарым-қатынас орната алатын және тағы да басқа әр түрлі жағымды біліктер мен дағдыларды жинауы тиіс.

Қытай тілін оқытудың әлеуметтік-мәдени бағытының нәтижесі ретінде мәдениет диалогы оқыту мазмұнының мәдени танымдық аспектісінің нығаюына бағдарланады, мұнда студенттерді меңгеріп отырған шет тілі елінің мәдениетіне баули отырып, өз елінің мәдениетін тереңірек білуге және студенттердің бойында шет тілі арқылы көрсете білу біліктіліктерін дамыту.

Студенттерге қытай тілін үйрету барысында ең негізгісі мотивация (ынталандыру) керек, яғни әлеуметтік-мәдени алғышарттары мен ықпалдары. Қазақстанда қытай тілі келешегі бар тіл болып саналады, себебі республикамызда соңғы он жылда қытай тіліне деген қызығушылық өте жоғары. Оның үстіне туындап отырған қызығушылық тек ауызекі сөйлесу емес, кәсіби түрдегі қарым-қатынас орнатуға арналған сөйлесу. Сондықтан да жоспардың бірінші орнына әзірлеу міндеттері мен қолданыстағы бар тілдік, мәдени бағдарламаларды жетілдіру жұмыстары шығып отыр. Бұл студенттердің тез әрі тиімді білім алуы үшін жасалатын шара болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан мен Қытай арасында барлық салаға қатысты байланыстар екпінді түрде дамып жатыр. Осы байланыстардың әрі қарай жүзеге асып, дамуы үшін, екі ұлттың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін еркін меңгерген адамдар сұранысқа ие. Шет тілін үйрену барысында (оның ішінде қытай тілін де шет тілі ретінде) студенттің ана тілі әрқашан салыстырар аясы, үлгісі болып табылады. Шет тілін үйренгенде ана тіл бір жағынан көмекші болса, екінші жағынан студенттерге негізгі ерекшелігін көрсететін уақыты болмақ.

Мұның бәрі қазақ (орыс) мәдениетін терең меңгерумен тығыз байланыста жүзеге асуы тиіс, себебі, қытай тілін үйрену кезінде лингвомәдениеттану үлкен рөл атқарады.

Заманауи қазақстандық қауымдастықта қытай тілінің болашағы зор екендігіне күмән келтіруге болмайды. Себебі, мұнда қазақстандық-қытайлық ынтымақтастық әр түрлі салада объективті факторлармен қамтамасыздандырылған. Сондықтан да, біздің көзқарасымыз бойынша, студенттерді оқыту үдерісі кезінде заманауи қазақстандық реалийлерді есепке ала отырып, әр түрлі деңгейдегі екі тілдік жүйенің айырмашылығын көрсету керек.

Студенттерді кәсіби сөйлеуге үйрету жете зерттелген қадам мен әлеуметтік ынталандыруға бағытталған дұрыс таңдалған мәтіндермен оқу үрдісінің әзірлемесін талап етеді. Болашақ білгір маманға қытай тілін үйрету барысында, тілдік және лингвомәдени құзыреттіліктер қалыптасады. Бұлар шет тілі еліне қызығушылық тудыратын білім өзегін құрайды. Алайда, кәсіби деңгейде сөйлесу студенттерді болашақ қызметі мен басқа мәдениеті бар елмен байланыстырады.

Оқулық, оқу құралы, сөздік құрастырудың көп жылдық тәжірибесі осы күні қытай тілін үйренуге бағытталған, ғылыми негізделген, жаңа шарттарды қабылдап, бар теориялық білімді қолдануға, үлкен тәжірибелік өтілін зерделеуге мәжбүрлейді, қытай тілін үйренуді жеңілдетеді.

Жергілікті ұлттық, көбінесе қазақстандық материалды пайдалану қытай тілін үйрету кезінде кең таралып, оқытудың тәжірибелік мақсатын іске асырады.

Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту, заманауи оқыту технологияларының дамуын есепке ала отырып, аудио- және видео техникаларды, компьютерлік бағдарламаларды, қашықтан оқытуды (әрі қарай сол бағыт бойынша зерттеу жұмысын жүргізе алатын) кеңінен енгізу қажет. Ақпараттық технологияларды қолдану оқу үрдісін байыта түседі әрі кез-келген оқыту деңгейіндегі әр түрлі шарттарды белсендіреді.

Берілген оқу құралдарының мазмұны білім меңгеруді қамтамасыз ететін, білік пен дағдыны қалыптастыратын, білім беру бағдарламасын анықтайтын оқу материалдарының жүйесін құрайды.

Шет тілін оқыту әдістемесінің заманауи міндеттерінің бірі объективті және тәуелсіз түрде бақылау жүйесі болып табылады. Өзінің негізгі қызметінен басқа тілдік материалдың қиындығын тексеретін құрал – тестілеу әдісі. Тестілеу арқылы оқу үрдісінің жетістігі мен кемшілігін болжауға болады. Негізгі міндет – қытай тілін оқыту тиімділігін арттыру, ол тестілеудің әдістемелік, психологиялық және лингвистикалық принциптері бар оқытушылармен кеңінен таныстық жүргізгенде жүзеге асады. Әсіресе, қытай тілін оқыту кезінде жүзеге асырылады, себебі, Қытайда оқу нәтижесін анықтау үшін қолданылатын бақылау жұмыстарына үлкен мән беріледі.

Студенттердің білімін тек тестілеу қорытындысы бойынша ғана бағалау, толығымен студент деңгейін көрсетпейді, өз бетінше стандартты емес тапсырмаларды шешу қабілеті мен біліктілігін айқындамайды. Шынайы білім, білік, дағды жинау, өздігінен жұмыс істеу – заманауи оқытуда негізгі рөл атқарады. Бұл жоспарда студенттің білімі мен дағдысын тексеру жүйесін қайта қарау керек. Мұндағы мәселе жаттанды грамматикалық құрылымды, тұжырымдамаларды, сөздерді, сөз тіркестерін, таңбаларды тексеруге арналған тест тапсырмалары. Логикалық ойлауды қажет ететін, студенттердің қабілетін анықтайтын тест тапсырмалар жоқтың қасы. Алайда тест тапсырмалары барлық курсты қамтуы мүмкін емес. Тестілеу барысында студенттердің әр түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алу біліктілігін көрсетпейді. Алайда, барлық пән бойынша тестілеу арқылы білімдерін тексеру мүмкін емес, себебі, негізгі шығыс тілі бойынша емтиханда студенттің сөйлеуін, тілінің тазалығын, сұрақтарға жауап беретіндігін анықтап, тексеру қажет. Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында нәтижеге жұмыс жасау, оны бақылауға көңіл бөлінуі тиіс. Осы мәселелердің оң

шешімдері, біздің көзқарасымыз бойынша, қытай тілін үйрету деңгейін жоғарылатуды сапалы түрде жоғарылатуды болмақ.

Қытай тілін үйренуші өзінің меншікті мәдениетінің өкілі, ұстанушысы болып қала береді, алайда оның аялық білімдері тілі оқытылатын елдің мәдениетіне тән элементтерді алған сайын байи түседі. Сөйтіп ол, тұлға ретінде белгілі бір дәрежеде әлемдік мәдениетті ұстанушы болады да, өзінің бастапқы, нақ мәдениетін жақсырақ түсініп, дұрыс бағалай бастайды.

Қытай тіліне оқыту үдерісі кезінде студенттерді әдет-ғұрып өркениетін қабылдай білуге, қытай халқының эстетикалық сезімі мен қызығушылығын арттыратын конфуций ілімін де тани отырып мәдени алмасымға түсуге дайындау керек. Осылайша олар мәдениет айырмашылығынан туындайтын психологиялық әсерден алшақ болуына және қазіргі Қытай елінің адамдарының тұрмысымен тереңірек танысып, қытай мәдениетін жете меңгеруге мүмкіндік алады. Қытай тілі мен мәдениетті біртұтастықта оқыту арқылы мәдени шектеуден пайда болатын шетелдік мәдениетті қабылдай алмау туындауы да мүмкін, жалпы мәдениетаралық оқыту мәдени мәтіннен адамдардың ойлау ерекшеліктерін түсіне білуді жеңілдетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Студенттердің оқуға деген көзқарастарың, бұған дейін қалыптасқан принциптерін, психологиясын өзгертуге көбірек көңіл бөлуіміз керек. Студенттердің өз бетінше жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасап дұрыс бағыт-бағдар беріп, студенттің өзіне деген сенімін арттыруға күш салғанымыз дұрыс. Студенттердің өздік жұмысына әр түрлі салаға қатысты қосымша мәтіндер көптеп берілуі тиіс. Қытай тілін үйрету барысында әлемдік тіл үйрету саласында соңғы кезде шығып жатқан әдіс-тәсілдермен уақтылы таныс болып, инновациялық технологияларды барынша кеңінен қолдануға күш салу керек.

Осыған байланысты шетел тілін, соның ішінде қытай тілін, оқып-үйреніп жатқан студенттердің, оқушылардың оқуға деген ықыласын, ынтымақ, құлшынысын арттыру үшін түрлі деңгейдегі тілдік олимпиадалар, шешендік өнер сайыстарын және шығарма жазу, әндерді орындау сияқты жарыстар ұйымдастыру мәселесіне көп көңіл бөлу қажет.

Қытай тілін оқытуда лингвоелтану компоненті басты нәрсе ретінде қарастырылды, мұнда шет тілінің құралдары мен білім беру меңгеріп отырған шет тілі елінің мәдениеті, тарихы, болмыс туралы түсініктері мен дәстүрлері туралы білімді, студенттерді мәдениет туралы диалогқа енгізу, жалпы адамзаттық мәдениет дамуында ұлттық мәдениет жетістіктерімен таныстыру, басқа халық мәдениетінің айнасынан өз ана тілінің орнын сезіне білуі қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гулия, Алиханқызы (2010), Қытай тілін оқытудағы негіздік білімдерді игерудің әдістері. Оқу құралы. Алматы.
2. Фарид, Оразақын (2010), Қазіргі қытай тілі мөлшер сөздері. Оқу құралы. Алматы.
3. Асылбек, Тоқметов (2010), Еркін, Нәсіпқазы (2010), Қытай тілі. Оқу құралы. Алматы.
4. Қытай тілі пәні бойынша 2-4 курс студенттеріне арналған рейтингтік (жазу, оқу тыңдау және сөйлеу) бақылау жұмыстарының жинағы. (2012), Алматы..
5. Еркін, Нәсіпқазы (2010), Қытай тіліндегі идиомалар. Олардың құрылымы және олардың қазақ тіліне аудару жөнінде, Алматы.
6. Фарид, Оразақын Қытай Халық Республикасындағы педагогикалық білім берудегі ұлттық тәрбие, Қазақстан мектебі. №3, 2011.

М.ӘУЕЗОВ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІН «ТІЛДІК ТҰЛҒА» ТЕОРИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ СИПАТТАУ

М.Қ.ҚАНАБЕКОВА*

Түйіндеме

Мақалада М.Әуезов көркемдік әлемін, яғни шығармашылық мұрасын «тілдік тұлға» теориясы негізінде талдаудың өзектілігі ашып көрсетіледі. «Тілдік тұлға» теориясына қатысты зерттеушілердің теориялық ой-тұжырымдары мен ғылыми көзқарастары сараланып, өзектілік дәрежесі мен ғылыми маңыздылығы сипатталады. Мұндай пайымдаулардың қазақ тіл біліміндегі тілдік тұлға теориясына қатысты ғылыми ұғым-түсініктерді толықтырып, белгілі дәрежеде антропологиялық тіл білімінің дамуына қосқан үлес-салмағы жайында зерделенеді. Суреткер-жазушы Мұхтар Әуезов тұлғасын танудың тілдік негіздері айқындалып, ғылыми деректермен тұжырымдалады. Нақты айтқанда, жазушы «көркемдік әлемін» бейнелейтін сөз қолданыстары «тілдік тұлға» теориясы негізінде талдауға алынып, соның негізінде жеке тұлғаның дискурстық әлеуетін танытатын тілдік бейнесі уәждеделді. М.Әуезовтің тұлғалық болмысын толық танудың, яғни Әуезовтануға дәйек болатын ғылыми-танымдық негіздің бірі – тілдік тұлға теориясы, оның рухани шығармашылық әлеуетін сипаттайтын тілдік құралдар жүйесі: этнографиялық тіл деректері мен ұлттық-мәдени атаулар, мақал-мәтелдер, окказионалды сөз қолданыстары екендігі айқындалып, мысалдармен дәйектеледі.

Тірек сөздер: *тілдік тұлға, антропоөзектік бағыт, дискурс, дүниетанымдық құндылық, тілдік бейне, прагматика, тіл тұтынушысы, т.б.*

DESCRIPTION OF AUEZOV'S ART WORLD BASED ON THE THEORY OF LINGUISTIC PERSONALITY

Abstract

The article focuses on the description of Auezov's artistic world and analysis of his works on the basis of the theory of "linguistic personality". Theoretical concepts and scientific views of researchers associated with the theory of "linguistic personality" are characterized by their relevance and scientific significance. It is said that such interpretations contribute to the expansion of scientific concepts related to the theory of linguistic personality in the Kazakh language, to some extent contribute to anthropological linguistic knowledge. Fundamentals of the language recognition of the personality of the writer Mukhtar Auezov are described and presented on the basis of some data. The use of the word "artistic world" by the writer is analyzed on the basis of the theory of "linguistic personality", on the basis of which the linguistic picture of the discursive potential of the individual is revealed. One of Auezov's scientific and information knowledge bases of researches about Auezov is a linguistic system that describes the theory of a linguistic personality, its spiritual creativity, ethnographic language data and national and cultural names, proverbs and sayings, phrases, etc.

Key words: *linguistic personality, anthropocentric orientation, discourse, worldview value, pragmatics, language image, speaker, etc.*

КІРІСПЕ

Түркі әлемінің қазіргі мәдени-рухани кеңістігінде қоғамдық сананың жаңғырып, елдігіміз бен болмысымызды, мәдениетімізді тануға деген құлшыныс ұлт тарихында орны бар тұлғалардың шығармашылық мұрасын дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесі негізінде зерттеп-зерделеумен тікелей сабақтастықта артып келеді. Әсіресе сөз әлеуетін (құдіретін) танудың ерекше деңгейі – жеке тұлғаның шығармашылық әлемі, яғни жазушының «тіл әлемін» түсіну мен түйсінуді, қабылдауды айқындау маңызды болмақ. Демек, жазушы танымы арқылы оның көркемдік әлемін бейнелейтін сөз-қолданыстарды «тілдік тұлға» теориясы негізінде талдап-таразылау – қазіргі тіл білімінде антропоөзектік парадигма аясындағы өзекті мәселелердің бірі.

«Тілдік тұлға» теориясының қалыптасуы жалпы «тұлға» ұғымының жаңа мазмұнмен толығуына мүмкіндік жасап, тілді зерттеудің құрылымдық-функционалдық аспектісі аясынан шығып, жеке тұлғаның ой-санасы, дүниетанымдық көзқарасы, рухани-мәдени болмысы, шығармашылық қызметі нысанаға алынатын антропологиялық тіл білімінің қалыптасуына негіз болды. Жалпы тілді, оны тұтынушы тұлғамен байланыста зерттеу идеясы әлемдік тіл білімінде сөйлеу мен тілдің, жеке

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, menya.56@mail.ru

адам мен ұжым тілінің арақатынасы, тілдің әлеуметтік сипаты тәрізді мәселелерді талдаған В.Гумбольдт, А.А.Потебня, И.А. Бодуэн де Куртене, Ф. де Соссюр еңбектерінде танылып орныға түскен. Сол кезеңдердегі тарихи алғышарттардың негізінде пайда болған «тілдік тұлға» категориясы – антропоэзектік бағыттағы іргелі ұғымдардың біріне айналды. Антропоэзектік парадигма бағдарынан қарағанда шығармашылық әрекеттің зерттеу нысаны «тіл тұтынушысына» ауысады, яғни тілде көрініс беретін адам тұлғасы, адамның сөз саптамасындағы тілдік бейнесі талдауға түседі.

Жалпы тілтану ғылымында «тілдік тұлға» ұғымының лингвистикалық категория ретінде қалыптасуы мен жүйелі қарастырылуына Ю.Н. Караулов еңбектерінің ықпалы зор, ондағы теориялық пайымдаулары мен ғылыми тұжырымдарының мән-маңыздылығы айрықша екендігі даусыз. Зерттеушінің: «Тілдің шекарасынан аспай, ауқымынан алыстамай тұрып, тілді жасаушы мен тұтынушыға, яғни нақты тілдік тұлға – адамға назар аудармай тұрып, тіл құдіретін түсіну мүмкін емес... адамның әуелі тілін түсініп алмай немесе адамды тілінен танымай тұрып, өзін жете тани алмайсың» – деген ой-тұжырымы тілдік тұлға теориясының ғылыми негізін танудың бағдары болғаны даусыз. Дәлірек айтқанда, тілдік тұлғаны толық танудың негізі оның деңгейлік құрылымдарда сипатталуымен тікелей байланысты екендігі Ю.Н. Караулов зерттеулерінде айқындалып қалыптасқан: 1) белгілі бір мағыналарды, тілдік амал-тәсілдерді сипаттауды (тілдің лексикалық, грамматикалық, көріктеуіш құралдарын суреттеу) жүзеге асыратын *вербалды-семантикалық деңгей*; 2) тұлғаның құндылықтар дүниесін бейнелейтін (фрейм, фразеологизмдер, қанатты сөздер, метафоралар, т.б.) тұлға-бірліктерді, дискурсындағы «ғаламның тілдік бейнесін», концептілер жүйесін анықтайтын *когнитивтік деңгей*; 3) тұлғаның мақсатын, қызығушылықтарын, аргументация, бағалау және т.б. тәсілдерін зерттейтін *прагматикалық деңгей* (Ю.Н. Караулов, 2004: 42). Ю.Н. Караулов ұсынған «тілдік тұлғаны» айқындаудың деңгейлік құрылымдары қазіргі ғылыми ізденістерде одан әрі нақтыланып, жаңаша пайымдаулармен толықтырыла түсуде. Демек, жазушының сөз қолданысындағы тілдік бірліктердің лингвокогнитивтік, лингвомәдени, прагматикалық деңгейлерде сипатталуына, яғни жеке тұлғаның өзіндік тілдік әлемін (тезаурус) анықтауға зор мүмкіндік туады.

Қазіргі таңда жазушының жеке тұлғалық болмысы, тіл жүйесін өзінше пайдалану дәрежесі стилистикалық тұрғыдан ғана зерделеніп қоймай, «тілдік тұлға» теориясы аясында қарастырылып, бұл бағытта бірқатар зерттеулер жүргізіліп келеді. Бұл мәселенің кезінде қазақ тіл білімінде ақын-жазушылардың тілін арнайы талдаған Р.Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі», Е.Жанпейісовтің «М.Әуезовтің «Абай жолы эпопеясының тілі» тәрізді еңбектерінде негізі қаланған болса, қазіргі таңда ғылыми үрдістің жалғасы ретінде тілді зерттеу оны «тұтынушымен» тығыз байланыста қарастыратын антропоэзектік бағыт Ж.Манкеева, Б.Нұрдәулетова, Г.Мұратова, Ш.Елемесова, Ш.Ниятова, Ф.Қожахметова, Г.Имашева, Ж.Ермекова және т.б. ғалымдар зерттеулері арқылы өзіндік сала ретіне дамып келеді.

Айталық, белгілі ғалым Ж.Манкеева тілдік тұлғаның қалыптасу үрдісі адамның жалпы интеллектуалдық деңгейінен, парасат биігінен бастау алатынын айта келіп, сөз иесінің тұлғалық болмысын сипаттайтын ерекшеліктерді ашып көрсетеді, ол ерекшеліктердің негізін «тұлғаның ұлттық болмыс-бітімі, ұлттық-рухани құндылығы, ұлтжанды сезімі, қоғамдық ой биігі» тәрізді рухани қажеттіліктер құрайтынын тілдік деректер арқылы дәйектейді (Ж.А.Манкеева, 2013: 46). Абай, Х.Досмұхамедұлы, М.Жұмабаев, тағы басқа ұлы тұлғалардың шығармашылығы арқылы антропоэзектік парадигмадағы «тілдік тұлға» теориясы туралы түсінікті кеңейте отырып, оның танымдық дискурсын, концептуалды өрісін айқындайтын тілдік бірліктер жайында жан-жақты талдау жасайды. Бұл мәселедегі ғалымның ой-тұжырымдары тілдік ұжымның когнитивтік санасындағы ұлттық ғаламдық кеңістікке қатысты білімдер жүйесін айқындауға мүмкіндік береді.

Демек, тілді зерттеу оны тұтынушымен тығыз байланыста зерттейтін антропоэзектік (адам-танымдық) бағыт өріс алуда. Бұл жерде сөз иесінің тұлғалық болмысына (тілдік санасына) ерекше мән беріледі. Бұндай зерттеулерге арқау болатын – тіл арқылы ұлттың болмысы мен мәдениетін дәйектейтін ел тарихындағы тұлғалардың ісі мен сөзі, рухани шығармашылық мұрасы. Осымен байланысты сол рухани қазынаны «тудырушы» тілдік тұлғаның көзқарасы мен танымын, көркемдік әлемін жан-жақты танудың тамырын оның тілінен іздеу керек екенін бұл бағыттағы ізденістер дәлелдеп отыр.

Зерттеушілер жалпы тілдік тұлғаның қалыптасу үрдісі адамның жалпы интеллектуалдық деңгейінен, парасат биігінен бастау алып, оның тұлғалық мінезінің құрылымын, саяси, қоғамдық, психологиялық және т.б. ерекшеліктері түзеді. Бәрінің негізін тұлғаның ұлттық болмыс-бітімін, ұлттық-рухани құндылығын, ұлтжанды сезімін, қоғамдық ой биігін сипаттайтын рухани қажеттілік

құрайды деп санайды. Демек, М.Әуезов сынды ұлт перзенттерінің ұлттық тұлға болып қалыптасуы кездейсоқтық жайт емес. Қазақ тілінің өміршең рухани құндылығы «халқы үшін қызмет етуден басқа бақыт жоқ» деп түсінген Мұхтар Әуезов сынды тұлғалардың барлық қасиетін жан-жақты аша алады. Атап айтқанда, қаламгердің *ғалымдық, суреткерлік, ағартушылық, публицистік (көсемсөзшілік)* тұлғасының толық бейнесі адамтанымдық бағыттағы «тілдік тұлға» теориясы негізінде айқындалып жүзеге асырылады.

Олай болса, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің тілдік әлемін (тезаурусын) сипаттауды қазіргі тілтаным ғылымындағы «тілдік тұлға» теориясымен бірлікте алып қарастыру аса маңызды деп түсінеміз. М. Әуезов тұлғасы – көркем шығармаларының ой тереңдігімен, айрықша тілдік-поэтикалық қуатымен, әдеби тілді байытудағы орнымен ерекшеленетін айрықша феномендік құбылыс.

Кез келген тілдік тұлға, ең алдымен, әдеби тілді дамытушы. Осы тұрғыдан ұлы суреткер жазушы Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлғасының танымдық-шығармашылық нәтижесі ретіндегі нақты прагматикасы – «Абай жолы» эпопеясының тілі. Бұл көркем туындының поэтикалық тіл өрнегі, көркемдік-эстетикалық «қүдіреті» хақында академик Р.Сыздық: «Абай жолы» эпопеясының тілі» – шын мәнінде «ой мен сезімге бірдей әсер етерлік» айшықты да әсем тіл екендігі зерттеуші түгіл, қарапайым жай оқырманға да жақсы сезіледі. Әсіресе төлтума тіліндегі «Абай жолының» ғажайып тартымдылығы, сүйсіндірер қасиеті – тілінің поэтикалық феноменінде» деп зор бағасын берген-ді (Р.Сыздық, 2005: 9).

Абай шығармашылығы, зерттеушілердің тануынша, халықтың ауызша және жазба ескерткіштерінде сақталған көне қазақ мәдениетінен, шығыс мәдениетінің ұлы шығармаларынан – тәжіктің, азербайжанның, өзбектің поэзиясынан, орыстың классикалық туындыларынан, сол арқылы Европа мәдениетінен нәр алған. М. Әуезов көрсеткен осы «үш ұлы қайнар бұлақтың» ізін оның өз шығармаларында да, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясынан анық аңғаруға болады. Жазушы «сөздік жағынан менің романдарымның Абай өмір сүрген тарихи дәуірге сәйкес ерекшеліктері мол. Оның үстіне мен Абайдың өз шығармаларының сөздік қорынан да мейлінше пайдаландым» дегенді сірә кемеңгер ақынмен өз арасындағы сол рухани сабақтастықтан шығарып айтса керек. Абай шығармаларында да, эпопеяда да халқымыздың ХІХ ғасырдың 2-жартысындағы өмірі суреттеледі. Абай да, М.Әуезов те сол кезеңдегі көне қазақ мәдениетін, яғни халық тілі байлығын, әсіресе, ондағы байырғы құбылыстарды, шешендік нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, билер айтысындағы түрлі көне және дәстүрлі сөз қолданыстарды, афоризмдік орамдарды, аңшылыққа, халқымыздың тақпақ пен тапқыр жауаптарында қалыптасқан ежелгі тілдік дәстүрді, ас беруге, қыз ұзатып келін түсіруге, өліктің артын күтуге, той-томалақ түрлеріне, әр алуан этнографиялық зат атаулары мен рухани мәдениетке байланысты лексикалық бірліктердің қай-қайсысын да қажетінше кеңінен пайдаланды.

Әрине, М.Әуезовтің тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейін, мақсатын анықтайтын негізгі өзек – ұлтты сүю, оған насихат айту. Сонымен, жазушының тілдік тұлғасының табиғатын ашып, ғалымдық қабілетін, тілдік шеберлігін танытатын оның мұрасының ұлттық мазмұны мен көркем де түсінікті тілінің арқауы – көріктеу құралдары, архаикалық этнолексика, риторикалық сұраулар, мақал-мәтелдер және айқын мақсат. Ал бұл ұлы мақсаттардың іске асуының негізгі тетігін М.Әуезовтің шығармашылығынан табылатын асыл мұрасы, оны танытатын ұлт мәдениетінің ерекше қасиетін хабарлаушы танымдық ақпаратты, сонымен байланысты ХХ ғасыр басында пайда болған ағартушылық және ұлттық сананы оятушы өзіндік тілдік әлемі десек, соның негізінде оны дәлелдейтін – жазушы тілдік тұлғасы.

Ғылымда айқындалғандай, тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік деңгейінде аялық білім мен авторлық ерекшеліктер, шығармашылық даралығы талдауға түсетіні белгілі. Жазушы тілдік тұлғасын дәйектейтін, оның дискурстық әлеуетін өзектейтін көркем сөз үлгілері, ұлттық мәдени құндылықтардан ақпарат беретін тілдік тұлға-бірліктер баршылық. Мәселен, автор дүниетанымына сай *үкі тағу, үкілі кәмшат, астау, бұғалық, бесік, шымылдық, торуылға шыққан қасқыр, ақ күндікті бәйбіше, ақ желекті келіншек* тәрізді этникалық ерекшелігі бар тіл деректері шебер кестеленген. Қазақ халқының ұлттық салт-санасы мен дүниетанымдық болмысын шынайы бейнелеуде мұндай этнографиялық сипаттағы тіл бірліктері стильдік-прагматикалық мақсатта тиімді қолданылған.

М.Әуезов дискурсын өзектейтін көріктеуіш сөздерді, бейнелі сөз оралымдарын жұмсауда жазушының өзіндік тілдік әлемін сипаттауға болады. Бір-бірімен тіркесе қоймайтын, мағыналық жағынан үйлесе қоймайтын сөздердің өздері Әуезов қаламына іліккенде, айрықша эстетикалық мәнге ие болып, кейіпкерлердің жан дүниесін ашуға айрықша қызмет етеді. Көп реттерде мұндай сөз қолданыстары жазушының окказионалдық үлгілері болып та көрінеді (*өмір аязы; сұрғылт топ, жұқа*

толқындай бұғақ; тоны жібімейтін әке; мөлдір үн, ыстық ермек; жұтаң қыста күн райын баққан бақташыдай; шыныланған қар, т.б.). Мысалы: *Енді, міне, өмір аязының алдыңғы болып, Жампейіс арқылы, қойшылар арқылы келіп жатқан сұм салқын сол зой деп ұққан-ды. Өңшең тон, шекпен киген сұрғылт топтың пішіні де қазіргі күздің сұрғылт, жабырқау аспаны сияқты күңгірт. Жұмсақ жұмыр иегінің астында жұқа гана бір болып нәзік бұғақ білінеді. Мөлдір нәзік үнмен ақырын күлді («Абай жолы», 1-том, 1979: 187). Бұл – Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлға ретіндегі шығармашылығы мен шеберлігінің жемісі.*

М.Әуезов тілдік әлемінің бір көрінісі: дағдылы нормадан тыс қосымшалар жалғап немесе тосын тіркес жасау мәнері «Абай жолында» жиі кездеседі (*төртті-бесті, бойға биік, кісілікті кісі; өскелеңдеп қалу, тартыныңқы еді; іс жеңілдейсің; бата оқырышылар; ырзалау, қашаңдау жол, малқор, қонағуар, тоқтамды ана; сөйлей бара жатыр; бейбітсу; қызғын жай, шығыса бастау*, т.б.): Жұмабай – кісілікті кісі. Биыл денесі *өскелеңдеп* қалған баласы мінезі жағынан да ересек тартқан сияқты. Бөжейлер алған кезде тасты біреу алып, біреу алмай, *тартыныңқы еді*. Қатты кеткен күйменің шұбыра бұралған шаңы ішінен шылдыраған қоңырау көпке шейін *ойнай, сөйлей барады* («Абай жолы», 2-том, 1979: 239).

М.Әуезовтің өзіндік танымдық әлемінде оның тілдік тұлғасын айғақтайтын көркем сөз үлгілерінің шешендік сипаты назар аударады. Тіл кестесінің шеберлігі мен даралық болмысы сол, біріншіден, қазақтың әдеби тілінің, көркем сөз үлгісінің барлық қадір-қасиетін, түр-сипатын өз туындыларында молынан қамтып көрсете білсе, екінші жағынан, жазушының өзі солардың жаңа соны үлгісін жасады. Демек, М.Әуезов шығармалары тіліндегі ең басты ерекшелік, өзіндік қасиет, ол – шешендік сөйлеу үлгісі. Бұл, әсіресе, «Абай жолы» романынан айқын көрінеді. Тіліміздегі көп кездесе бермейтін, кездесе де ұмытыла бастаған сөздерді қайта жандандырып, қолданысқа енгізді, тыңнан тіркестер жасады. Оның тіліндегі жеке бір лексемаларға, сөз тіркестеріне зер салсақ, олардан үлкен бір терең мағыналы ой түюге болады. Мысалы: *құйықтыру, озғындау, бақас, мезгіл жүдеулігі, қысас сын, шыншыл мысқыл, үнді дауыс, күйкі жүдеу күй, баяу мінез, сөздің жесір қалуы, нәрсіз көретін кісісі және т.б.* Бұл тіркестердегі тұнып тұрған поэтикалық сөз өрнегі Әуезовтің көркемдік әлемін бейнелейді.

Сондай-ақ жазушы тілдік тұлғасын сипаттайтын көріктеу құралдары да, метафоралық қолданыстар да М.Әуезов шығармашылық жүйесінің өзіндік танымы негізінде қалыптасып, тілдік әлемін анықтайды. Мәселен, метафоралар ерекше бейнелілігімен қатар танымдық қызмет те атқарады. Олар дерексіз ұғымдарды анықтап түсіндіреді. Сол арқылы жазушының немесе кейіпкердің ойын дәл жеткізуге көмектеседі. Мысалы: *ұйқының ауылы, сезім ұшқыны, көңіл толқыны, сөздің салмағы* сияқты метафоралар М.Әуезов шығармаларында кейіпкер тілінде қолданылып, кейіпкердің болмысын, оның шешендігі мен тапқырлығын ашып көрсетеді: *Бүгінгі шырғалаң – шалшық су, кешесің де өтесің. Ертеңгі дүрбелең – айналып өткізбес ми батпақ болып шықпасын* («Абай жолы», 1-том, 1979: 64). Демек, метафора кейіпкер бейнесін, оның мінез-құлқының сан қилы қырларын бейнелі әрі әсерлі етіп суреттеуде қолданылған.

Автордың тілдік тұлғасын сипаттайтын ерекше сөз қолданыстары – мақал-мәтелдер. М.Әуезов дискурсындағы мақал-мәтелдердің көбі халықтың дүниетанымын, өмірлік тәжірибесін, әр түрлі философиялық танымдық ұғым-түсініктерді қамтиды. Қазақ халқының ертеден қалыптасқан дүниетанымында «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп, ар, ұят, иман қасиеттерін жаннан артық бағалап, «өлімнен ұяттың күшті екендігін» қоғамда, тәрбиеде басты қағида етіп ұстанған. - *Дүниенің бәрі де жан садағасы. Мал да, жер де аманышылық, тыныштықта, ер азаматтың аманышылығында жақсы шығар. Олардың басына күн туған соң дүниенің, қазынаның, мал-мүліктің не керегі бар десетін* («Абай жолы», 2-том, 1979: 227). Сондай-ақ, «оқу – инемен құдық қазғандай» деген халық мәтелін жазушы өз шығармасында эллипсис құбылысы арқылы түрлендіріп, инемен құдық қазу жауыздықпен күресуден оңайырақ деген түсінік-танымды айқын жеткізеді: *Қазақ «инемен құдық қазу қиын» деген нақыл айтады зой, мен айтсам сол «инемен құдық қазу» кей көкіректен қаскөйлікті қуудан оңайырақ па деймін! Осы айтқан түйіндерім менің куәлігімнің тағы бір арқауы да тірекері! - дейді* («Абай жолы», 2-том, 1979: 239). Ең бастысы, жазушы прагматиконындағы мақал-мәтелдер – рухани құндылық, тілдік қазына ретінде айшықты тілмен көркемделіп дәйектелуінде.

М.Әуезов көркемдік әлемінде ар-ұят, адамзат бақыты жайлы толғану, ұят, намыс атты лексемалар концептілер деңгейінде көрініп, суреткер тілдік тұлғасын айшықтай түседі. Ал адалдық, адамгершілікке қарама-қарсы ұғымдағы арамдық та мақал-мәтелдерде айрықша көркемдік мәні бар сөзқолданысы ретінде жұмсалған:

- Әсіресе, аса білгір адам дейді. Білімді болғанда қазақ баласы шерігіне келмейді, шаңына ілеспейді, деп айтады. Осында «Абай білімді», «Абай білгір!»-деп құлағымды сасытушы еді. Енді бақсам, мына төренің қасында Абайдың аңқау елге арамза молла боп қалса керек!-дейді;

- «Өлімді жерде молда семіреді»-деп, биыл осы молдалар мен халфе, хазіреттер де жалақтап кеткен екен!

- Сайда саны, құмда ізі жоқ әлдекімдерге сонша әлек болған несі осы Абайдың? «Бояушы, бояушы» деп, сақалын бояп барады-ау осы!-деп, тістене түсіп, қатты ызаланып отыр («Абай жолы», 2-том, 1979: 184).

Келтірілген үзінділердегі мақал-мәтелдер – адам бойындағы жағымсыз мінез, әрекеттерден аулақ болуды мақсат еткен ұлттық тәрбиеден, тағылымнан туған тіркестер. Адамзат баласы әрқашан адалдықты, адамгершілікті ту етіп, оған қарама-қарсы арамдық, екіжүзділік, жауыздық, озбырлық дегеннен жирене отырып, кейінгі ұрпақты осындай мақал-мәтелдер арқылы адами ізгілікке тәрбиелеуге ұмтылған.

Мұхтар Әуезовтің ана тілін барынша жетік меңгергені және ана тілін байытуға орасан зор үлес қосқанының бір дәлелі – қаламгердің эстетикалық талғамынан туындаған тәмсіл (қанатты) сөздері. Айталық, «... адамның қай мінезі қасиетті болса, сол. «Бөрінің артынан ақылды болған соң ереді дейсің ғой», «Құрсаулы жсаудан қорықпаған жүрегім қайыңға барғанда жеңгелерден қорықты», «Жамандықтан жұққыш нәрсе бар ма? Оны тапқан ақылды болғаннан таппайды. Және тапқанмен, қарқ болмайды. Шын тапқан деп жақсылық тапқанды айт та», «Тірісінде алғыс алмасаң енді тым құрыса, өлі аруағынан қарғыс алма», «Іісі аңқыған бәйшешегің де, күзі келсе, қуарады. Әл-қуатың кеткенде, алма бет те суалады», «Піспеген адамның қолындағы билік жас баланың қолындағы ұстара пышақ сияқты: не өзі арандайды, не өзгені арандатады», «Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында бала қарызы – әдеп пен сый екені рас», «Өзгеге салар емес болса да, менің шешем – сөзін тастар кісім емес», «... ой да көп, уайым да көп, ойлай берсең; ойда жоқ, уайымдау да жоқ, ойнай берсең» тәрізді мысалдарды бұдан әрі жалғастыра беруге болар еді (Мұхтар Әуезов туралы естеліктер, 2004:267). Мұхтар Әуезовтің бар ғұмыры ғасырлар қойнауынан жеткен қара сөз бен өлең сөздің құпия қатпарларын зерттеп, танып, оның туған халқына ғана ерекше сұлу да сырлы, құнарлы тілдің «тұқымын сеуіп», жемісін сан ұрпаққа мәдени мұра етіп қалдырумен өтті. Сөзді сүюі өмірдің өзін сүюмен бірдей еді. Шынымен де, сөз – таңбалық белгі ғана емес, тіршілік символы, ғаламды танудың тілдік негізі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ұлы суреткер-жазушы М.Әуезовтің тұлғалық болмысын толық танудың, яғни Әуезовтануға дәйек болатын ғылыми-танымдық негіздің бірі – тілдік тұлға теориясы, оның шығармашылық әлемі мен дискурстық әлеуетін сипаттайтын тілдік құралдар жүйесі: этнографиялық тіл деректері мен ұлттық-мәдени атаулар, шешендік сөз үлгілері мен мақал-мәтелдер, окказионалдық фразеологизмдер мен риторикалық сұраулар, т.б. деп анықтауға болады. Мұхтар Әуезов – өзіндік «тілдік әлемі» бар шығармашылық тұлға, ұлт тілі мен тарихын, рухани мәдениетін терең меңгерген тілдік мәдени күзирет иесі. Демек, суреткердің «әдебиет – тілмен әдебиет» деуі арқылы ұлтты сүю мен тілді сүюдің ғажап үлгісін көрсеткен, ұлттық тілдік тұлға деңгейінде танылған Мұхтар Әуезов сынды ұлт перзентінің рухани мұрасын, көркемдік әлемін антропоэзектік бағытта «тілдік тұлға» теориясы негізінде талдап-таразылаудың мәні мен өзектілік сипаты орасан зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Караулов Ю.Н. *Русский язык и языковая личность*. – М.: Едиториал УРСС, 2004.

Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005.

Манкеева Ж.А. *Х. Досмұхамедұлының тұлғасын танудың тілдік негізі* // Тілтаным, 2013, № 1, 43-48 б.

Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: Білім, 2004. –267 б.

Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1979. – 320 б.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫН ЖҮЙЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

магистр-оқытушысы **Қ.Ш. БАЛАБЕКОВА***

Түйіндеме

Құрмалас сөйлемдер - біртұтас тілдік жүйе. Синтаксистің бұл саласы жайында оқулықтар, монографиялар жазылып, диссертациялар қорғалғанымен, құрмаластық категориясының мәселелері толық және жан-жақты шешілді деп айта алмаймыз. Себебі, функционалдық бағыт алдыңғы орынға шыққан қазіргі кезеңде негізгі теориялық мәселелерге жаңаша тұрғыдан қайта қарау қажеттілігі көрініп отыр. Ғылымдағы қалыптасқан көзқарастарды жаңаша пікірлермен салыстыра сабақтастыра отырып, құрмалас сөйлемнің құрылымдық, функционалдық, коммуникативтік ерекшеліктерін жаңаша бағамдаған ғылыми көзқарастардың ерекшеліктерін саралай көрсету мақаланың өзектілігін айқындамақ.

Мақалада құрмалас сөйлем категориясының қазақ тіл білімінде зерттелуінің басты бағыттарын (құрылымдық, функционалдық) айқындай отырып, құрмалас сөйлем синтаксисінің қалыптасуы мен дамуының теориялық және тәжірибелік мәселелерінің қазіргі жайына талдаулар жүргізу, негізгі мәселелер бойынша тұжырымдар жасау және коммуникативтік бағыттағы жаңашылдықтарды айқындау. Мақалада құрмалас сөйлем категориясының қазақ тіл білімінде зерттелуінің негізгі кезеңдері айқындалып, бұрын-соңды жарияланған ғылыми еңбектердегі негізгі тұжырымдарға ғылыми идеялардың дамуы тұрғысынан талдаулар жасалады;

- құрылымдық тіл білімі мен коммуникативтік, функционалдық тіл білімі талаптары арасындағы сәйкестікті сақтай отырып, құрмалас сөйлемнің теориясы мен тәжірибесіне қатысты жаңаша көзқарастар айқындалады.

Түйін сөздер: коммуникативтік, функционалдық, құрмалас сөйлем, синтаксис, құрылымдық категория, компонент, форма, тәсіл.

STUDY OF THE SYNTAX OF A COMPLEX SENTENCE IN KAZAKH LINGUISTICS

Abstract

In the last article of the article, the linguistic nature of the compound language in the Kazakh language is largely reflected in the development of communicative-functional orientation of the structural linguistics, in the context of new scientific paradigms by the beginning of the new century.

The phrase in the Kazakh language has been discussed since the 1990s, so far it is being considered, news of the functional orientation, new approaches. The main peculiarity of these works is that the Kazakh people depend on the free thinking of the Kazakh people for their sovereignty, the ability to express their views, and the ability to see the scientific ideas in full. Now, based on the diversity of these research trends, it separately summarizes and divides the main two areas:

A number of peculiarities of functional, communicative study of the conditional sentence category differs from the definition of new forms of communication of constitutive components.

Keywords: communicative, functional, coherent clause, syntax, structural category, component, form, approach.

КІРІСПЕ

Қазақ тілі құрмалас сөйлемдерінің зерттелу тарихы бізге дейін де кейбір еңбектерде арнайы сөз етілген. Мұны кеңестік кезеңде Қ.Есенов, Т.Қордабаев сынды ғалымдар қарастырып, құрмалас сөйлем зерттелуінің кезеңдеріне талдау жасаған.

Аталмыш еңбектерде мәселенің ғылыми-теориялық жағына тереңдеп бармай, жалпы шолу түрінде айтылады.

Біз, ең алдымен, сол ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, мәселеге бүгінгі күннің деңгейінен, синтаксис ғылымының қазақ тіл білімінде және орыс, батыс тіл білімінде қазіргі қарастырылуы тұрғысынан ой қорыттық.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, katira670323.k@mail.ru

Қ.Есенов өзінің 1969 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер» атты еңбегінде құрмалас сөйлемнің біраз мәселелерін қамтып, зерттелу тарихына тоқталған. Ғалым кеңес өкіметі тұсындағы құрмалас сөйлемнің зерттелу барысын сөз ете отырып, оны үш кезеңге бөліп қарастырды:

1.1930-1940 жылдардың арасы;

2.1940-1950 жылдардың арасы;

3. 1950 жылдардан осы кезеңге дейінгі дәуір (автордың «осы кезеңі» шамамен, 60-жылдардың орта шені). (Қ.Есенов 1969: 191 б)

Алайда, Т.Қордабаев Қ.Есеновтің бұлайша бөлуін тарихи дәлсіздік деп қарайды. Ғалымның өз сөзімен дәлелдесек: «Автор (Қ.Есенов) қазақ тілі синтаксисінің кеңес дәуірінде зерттелу тарихын Қ.Жұбановтың 1936 жылы жарық көрген бағдарламасынан бастауды жөн көріпті. Ақиқатына келсек, синтаксиске қатысты терминдер де, сөйлем мүшелерінің, сөйлемдердің күні бүгінге дейін қолданылып жүрген классификациялық жіктелуінің негізгі түрлері де 20 -жылдардағы оқулықтардан басталады. С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев тәрізді ғалымдардың 50 -жылдарға дейін қолданған сабақтас сөйлем компоненттерін сөйлем мүшелерінің атымен атаулары да осы 20-жылдардағы оқулықтардан басталған, - деп сын айтады. (Қордабаев 1991:252 б)

Біздіңше, Қ.Есеновтің бұлайша кезеңдерге бөліп қарастыруына түрлі жағдайлар әсер еткен. Біріншіден, ең басты себебі - ол кезде әлі қазақ тіл ғылымының негізін салушы, Т.Қордабаев айтып отырғандай, негізгі тіл терминдерін жасап кеткен, «ұлт көсемі» аталған А.Байтұрсынұлының аты саяси жаладан ақталмаған болатын. Қордабаевтың өзі де оны ашып айтпай, тек меңзеп қана отыр. Екіншіден, қазақ тілінің бағдарламасы мен оқулықтары алғаш рет 1930 жылдардың басынан жарық көрген. Осы жағдайларды ескере келіп, автор өз еңбегінде құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелу барысын осылайша бөлуді жөн көрген секілді.

Дегенмен, сол алғашқы кезеңнің өзінде қазақ тіл білімі ғылымының теориялық негіздері сапалы ғылыми ізденістер негізінде қалыптаса бастағанын қазіргі зерттеулер көрсетіп отыр. Сондықтан қазақ тілі синтаксисінің де теориялық берік негіздері сол алғашқы дәуірдегі қазақ тіл білімі классиктерінің еңбектерінде жатыр деп білеміз.

Ғалым Т.Қордабаев құрмалас сөйлем туралы қазақ тілінде айтыла бастаған алғашқы пікірлерді А.Байтұрсынов жазған «Тіл құрал» атты оқулықтан және оқу бағдарламаларынан кездестіруге болатындығын айтады. Ол: «Қазірде қолданылып жүрген басқа да көптеген лингвистикалық терминдер сияқты «құрмалас» сөзі сол оқулықтардан (20-жылдардағы) басталып еді. Терминнің мағынасы өзі атау болған категорияның мазмұнына сай келеді. Өйткені құрмалас деген атаумен аталатын сөйлем - екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралатын күрделі категория. Кейбір ғалымдар (Қ.Жұбанов) құрмалас сөйлем деген атауды «күрделі сөйлем» дегенмен ауыстыруды да ұсынды, бірақ бұл термин сіңісе алмады» - дейді (Қордабаев,1995: 176).

Ғалым қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесіне қатысты зерттеулердің отызыншы жылдардың аяқ кезінен бастап молырақ көріне бастағанын айтады. Бұл арада құрмалас сөйлемнің беделді зерттеушілеріне А.Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев, С.Аманжоловтарды жатқызады.

Осы ізбен құрмалас сөйлем теориясын кейінгі кезеңде зерттеп жүрген Т.Ермекова Қ.Есенов атап өткен үш кезеңге төртінші кезеңді қосты. Себебі, төртінші кезең алдыңғы озық идеялы аға буын өкілдерінің ізін жалғастырушы жас ғалымдар легін қалыптастыстырды деп көрсетті. Ғалым олардың қатарында Р.Әмір, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаев, Б.Шалабай, Ж.Жақыпов, Б.Сағындықұлы т.б. ғалымдарды жатқызады (Ермекова, 2007: 257)

Осы кезеңнің үлесіне тиетін А.Алтаева, Ә. Елшібаева, Г. Бекмағанбетова т.т. еңбектері де құрмалас сөйлемді әртүрлі аспектіде зерттеуге арналған.

Біз де зерттеу жұмысымызда, жоғарыда айтып өткеніміздей, негізгі төрт кезеңді ұсындық. Алғашқы екі кезеңді «қазақ тіл білімінің классиктер дәуірі» деп атадық. Бұл кезеңде құрмалас сөйлемнің зерттелуі, негізінен, оқулықтар мен бағдарламалардың төңірегінде практикалық тұрғыдан қалыптасты деп айтылып жүргенімен, шын мәнінде, қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлем теориясы мен тәжірибесінің алуан бағытта қарастырылып, негізі қаланған кезең – осы. Кейінгі зерттеулердің бәрі дерлік күні бүгінге дейін осы алғашқы бастауларға соқпай өте алмайды. Бұл еңбектердегі ғылыми-теориялық тұжырымдар уақыт талабына орай қайта қаралып жатса да, олардың берік негізі, зерттеу жүйесінің ғылыми және практикалық тұрғыдан тереңдігі, тілдік деректерді жан-жақты қарастыруы, пікірлер әралуандығы олардың ғылыми әлеуетінің мықтылығын көрсетіп келеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кейінгі жылдары (1950 -1980) құрмалас сөйлем теориясына қатысты мәселелер де ғылыми тұрғыдан жан-жақтылыққа ұмтылып, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардан басқа, монографиялар, ғылыми диссертациялар түрінде де зерттеле бастады. Бірқатар еңбектерде құрмалас сөйлемнің методикалық мәселелері зерттелді. Мақалалар жарияланып, ғылыми айтыстың төңірегінде дискуссияға айналды. Бұлар өзінің жемісін беріп, көптеген ғылыми мәселелердің шешімін табуға, жаңа бағыттарды белгілеуге ықпал етіп отырды.

Дегенмен, осы кезеңнің 70-80 жылдарында қазақ тілі синтаксис саласының кеңінен зерттелуінде біршама баяулықты байқауға болады. Қазақ тіл білімінің өзге салаларына қарағанда, осы кезеңде синтаксис саласында көрінген ғалымдар да санаулы ғана. Әрине, бұл олқылық, кейінгі үшінші кезеңдегі ғылыми ізденістер арқылы толысты.

17. SALISTIRMALI PISIQTAWIŞ (KIYASLAMA ZARF TÜMLECİ / KIYASLAMA TÜMLECİ)

Bir ögenin başka bir ögeyle karşılaştırıldığını gösteren ögeye *kıyaslama zarf tümleci* denir. Kıyaslama tümleçleri, kıyaslama bildiren edatlar ve zarf-fiiller vasıtasıyla yapılmaktadır (Daşdemir, 2014: 132). Cümlede ihtiyaca göre bu tümleç bulunur. Kazak Türkçesinde kıyaslama tümleci *-dan / -den / -tan / -ten / -nan / -nenayrılma hâli eki + göri edatı* vasıtasıyla yapılır. Örneğin;

Biraq men onıñ osı äsem sulıwlıǵınan göri, tiyise ketiwden tayınbaytın erke qılıǵın ańsap kelgen edim ǵoy. “Ancak ben onun bu görkemli güzelliğindense, (bana) sataşmaktan çekinmeyen şımarık hâlini özlemiştim.” (Muratbekov, 2004: 14)

Bularǵa qayta oralmas xannan göri, qır astındaǵı qırǵızdar äldeqayda jaqın edi. “Bunlara tekrar dönmeyecek bir hana kıyasla, yakındaki Kırgızlar daha yakındı.” (Jumadilov, 2010: 10)

SONUÇ

Cümlelerin ana unsurları olan özne ve yüklem haricinde cümlede yüklem anlamını çeşitli yönlerden pekiştiren, tamamlayan, tümleyen yardımcı unsurlara *tümleç* denilmektedir. Esasında bütün Türk lehçelerinde tümleçlerin iki farklı türü vardır: isim soylu tümleçler, zarf soylu tümleçler. Klasik Türk dilbilgisinde isim soylu tümleçler, genelde *düz tümleçler (nesne)* ve *dolaylı tümleçler (yer tamlayıcısı)* olarak iki alt gruba ayrılarak işlenmekte; zarf soylu tümleçler ise zarf tümleci genel başlığı altında ele alınmaktadır. Ancak Türkiye’de son yıllarda yapılan yapısal-işlevsel söz dizimi çalışmalarında *tümleçler*, bildirdiği anlamlar dikkate alınarak belirlenmekte ve otuza yakın tümleç türünden bahsedilmektedir. Bu bakış açısını biz Kazak Türkçesine uyarlayarak Kazak gramer kitaplarında *pısıqtawış* başlığı altında sunulan ve Türkiye Türkçesi klasik dilbilgisinde zarf tümlecine karşılık gelen “tümleç” türünün alt gruplarını tespit etmeye çalıştık. Yaptığımız cümle tahlillerinde Kazak Türkçesindeki zarf tümleci’nin (pısıqtawış) on yedi farklı çeşidini tespit etmiş olduk. Bu sayının ileride detaylı dil incelemeleri neticesinde artacağı muhakkaktır. Amacımız, bundan sonraki Türk lehçeleri üzerine yapılacak söz dizimi çalışmalarında sadece şekli değil anlamı/işlevi de dikkate alınmanın önemine vurgu yapmaktır.

KAYNAKÇA

Amantay, Diydar (2010). *Qarqaralı Basında – Roman, ‘Povest’, Äñgimeler, Esseler, Öleñder*. Almatı. 6–16.

Arǵınov, Xasen. (1974). *Qazaq Tili Metodıkası (Sintaksis, Punktuatsiya)*. Alma-Ata: Mektep Baspası.

Arpabekov, Seytjapar (2004). *Qazaq Tili: Anıqtamalıq*. Almatı: Däwir Baspası.

Äwezov, Muxtar (2002). *Qorǵansızdıñ Küni – Äñgimeler, Povester*. Almatı: “Atamura” Baspası. 6–

15. Aymawıtoı, Jüsipbek (2003). *Aqbilek – Povest', Roman*. Almatı: Atamura Baspası. 6–15.
 Baytursınoı, Axmet (2003). *Ādebiyet Tanıtqış – Zertew men Öleñder*. Almatı: Atamura Baspası. 15–24.
24. Bekturov, Ş. Kāribayulı. (2006). *Qazaq Tili (Leksika-Fonetika-Morfologiya-Sintaksis)*. Almatı: Atamura Bas.
 Bilgegil, M. Kaya (1984). *Türkçe Dilbilgisi*. İstanbul: Dergah Yayınları.
 Daşdemir, Muharrem (2014). *Oklama Yöntemiyle Türkçenin Yapısal İşlevsel Söz Dizimi*. Erzurum: Eser Ofset.
 Delice, H. İbrahim (2007). *Türkçe Sözdizimi*. İstanbul: Kitabevi Yayınları.
 Demir, Celāl (2003). “Türkçe Öğretiminde Zarf Tümlerleri”. *TÜBAR*. XIII/2003. 407-423.
 Hengirmen, Mehmet (2006). *Türkçe Dilbilgisi*. Ankara: Engin Yayınları.
 İmer, Kāmile, KOCAMAN, Ahmet, ÖZSOY, A. Sumru (2011). *Dilbilim Sözlüğü*. İstanbul: Boğaziçi Üniv. Yay.
 İsayev, Seyilbek Muqamedjarulı (2013). *Qazaq Tili*. Almatı: Öner Baspası.
 İysabay, Qalmuqan (2008). *Jumbağ Üy – Povester*. Almatı: Atamura Baspası. 5–14.
 Jeksenbay, Turdaqın (2007). *Bürkit – Povest' jäne Āngimeler*. Almatı: Atamura Baspası. 7–16.
 Jumadilov, Qabdeş (2010). *Tozaq Otı-Xıkayattar, Āngimeler, Sır-Suxbat, Oy-Tolğamdar*. Almatı: Qazığurt Bas.
 Karaağaç, Günay (2011). *Türkçenin Söz Dizimi*. İstanbul: Kesit Yayınları.
 Karahan, Leyla (2006). *Türkçede Söz Dizimi*. Ankara: Akçağ Yayınları.
 Korkmaz, Zeynep (2007b). *Gramer Terimleri Sözlüğü*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.
 Mağawiyn, Muxtar (2007). *Qıpşaq Aruwı – Xıkayattar*. Almatı: Atamura Baspası. 5–14.
 Muratbekov, Sayın (2004). *Eskek Jel – Āngimeler*. Almatı: Raritet Baspası. 13–22.
 Müsirepov, Ğabit (2003). *Ulpan – Roman*. Almatı: Atamura Baspası. 5–15.
 Orazbayeva, Fawziya Şamşiyevna, vd. (2005). *Qazirgi Qazaq Tili - Oquw Quralı*. Almatı: Print-S Baspası.
 Saxıbekqızı, Rayxan İmaxanbet (2013). *Axmet Baytursınoı Şığarmaları*. T. 3. Almatı: El-Şejire Baspası.
 Şimşek, Rasim (1987). *Örneklerle Türkçe Sözdizimi*. Trabzon: Kuzey Matbaacılık.
 Üstüner, Ahat (1998). “Cümlelerin Öğeleri Konusundaki Karışıklıklar”. *Türk Dili Dergisi*, 553, 18-30.
 Vardar, Berke (2007). *Açıklamalı Dilbilim Terimleri Sözlüğü*. İstanbul: Multilingual Yayınları.

«ҚАЗАҚ» АТАУЫНА ҚАТЫСТЫ САНДЫҚ МЕТАФОРЛАРPhD докторант **Д.Ж. РЫСКҰЛБЕК*****Түйіндеме**

Қазіргі жаһандану заманында халқымыздың ұлттық санасын, сапалық белгілерін айқындай түсу қажеттілігі артып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында да ұлтты тану, халықтың өзін-өзі тануға деген құлшынысы туралы баса айтылған. Мақалада қазақ тіліндегі сандық ұғымда қолданылатын сөздердің мағыналық қабаттары когнитивтік, жұмсалымдық сипатта анықталады.

Тірек сөздер: нумератив, бірлік, өлшем, метафора, сандар, фразеологизм

DIGITAL METAPHOR IN THE NAME OF KAZAKH**Abstract**

In modern globalization the necessity of definition of national consciousness and quality of our people is increasing. He also talked about the nation's recognition of the nation's self-knowledge in the program "The Orientation for the Future: the Spiritual Renaissance" by President N. Nazarbayev. The meaningful layers of the words used in the Kazakh language are determined by cognitive, operational characteristics.

Key words: numerative, units, number, phraseology, turkology

КІРІСПЕ

Метафора арқылы дүние бейнесін, дүниенің тілдік бейнесін, болмыстың мазмұнын тануға болады. Бұл мәселен өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап зерттеу нысанына айналғандығын лингвистикалық еңбектерден көруге болады.

Тілдегі метафоралардың концептуалдық өзегінен, кез келген тілдік қолданыстағы метафоралар когнитивтік қызмет атқаратындығын байқауға болады. Мәселен, метафора табиғатына тән бейнелілік, көркемдік, бағалағыштық, образдылық қасиеттерінің тілдегі орын алуына адам ойы мен танымдық тетіктерінің қатысатындығын, метафоралардың прагматикалық сипатынан көрінеді.

Метафоралардың туындауына адам ойындағы өзара салыстырулар мен ұқсатулар, санадағы суреттеулер негіз болады. Осы жағынан келгенде метафора ғылыми ойдың (концептуалды) формасы болап келеді. Метафораның концептуалдық болмысына ұлттық дүниетаным тұрғысынан келу арқылы, метафора тудырудағы әр ұлттың ойлау дәрежесі мен ұлттық сана сезімі мен дүниені қабылдаудағы ұлттық ерекшеліктері сол ұлт тіліндегі метафораның өзіндік болмысы мен тілдік сипатын көрсетеді.

Қазіргі лингвистикада қаламгердің өзіндік қолтаңбасын танытатын, авторлық түйсінуден хабар беретін жеке қолданыстағы метафораларды зерттеуге ерекше ден қойылуда. Сөз мағынасының ауысуы арқылы пайда болған бірліктер автордың тілдік танымын аңғартып, сөз шеберлігін көрсетеді. Авторлық метафораларды ғалым Б.Хасанұлы «өзіндік метафорлар» деп атап, «мұндай меншікті метафораларды қаламгердің лабораториясына стилистикалық экспертиз жасамай-ақ, оңай табуға болады» деп көрсетеді (Хасанұлы, 1966, 22). Авторлық метафоралар сөз мағынасының кеңеюін, сөздің образдылығын танытып ғана қоймай, сонымен қатар автордың дүниетанымдық, бағалағыштық көзқарасын да дәлелдейді. Жалпы «сөз мағынасының ауысуы да, ең алдымен, адамның көрген, білген, түйген ой қорытындыларының, тәжірибе нәтижелерінің, жадыда орныққан құндылықтарының айқын көрсеткіші болып табылады (Оразалиева 2006, 224). Демек, метафораны дүниетануға қатысатын бірлік ретінде санайтын болсақ, адамның дүниені танудағы мүмкіндігі шексіз. Адам ойының жүйріктігінен пайда болған метафоралы лексикалық бірліктер әлемнің концептуалды бейнесін қалыптастыруға негіз болатындығын ескерсек, сол арқылы тілдегі пайда болған бейнелі жаңа жасалымдарды да байқауға болады. Мысалы, тіліміздегі сандық ұғымдағы метафоралық қолданыстар сан есімдердің бұрын байқалмаған жаңа семантикалық қабатын аша түседі. Қазақ тіл білімінде сандарды әр түрлі қырынан зерттеу үрдісі қалыптасқан. Мәселен сандарды мағынасы мен тарихы, көркемдік ерекшелігі, этнолингвистикалық сипаты тұрғысынан талдап келеді. Сандарды тек грамматикалық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар басқа да, атап айтқанда, дүниетанымдық сипатта зерттеу керектігін уақыт көрсетіп отыр.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ryskulbek.didar@mail.ru

Жалпы тілімізде сан есімдер – сандық ұғымды білдіретін, есімдер тобына жататын сөз табы. Қазақ тіл білімінде сан есім туралы алғашқы анықтама А. Байтұрсынұлының «Тіл құралы» атты еңбегінде берілген (Байтұрсынов 1992). Аталған еңбекте сандардың атауы, оларға қойылатын сұрақтар туралы мәселе қозғалады. Кейін Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, М. Балақаевтың зерттеулерінде сан есімдердің жасалу жолдары, мағыналық топтарына кеңінен талдау жасалады. Ал қазақ тіліндегі сан есімдерді басқа түркі тілдерімен салыстыра зерттеуде Ә.Хасенов «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер» (Хасенов 1957) тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын айтуға болады. Сондай-ақ ғалым Н. Оралбаева сан есімге сөзжасамдық тұрғыдан талдау жасай білсе, Т.Сайрамбаев сөз тіркесін құрай алатын сан есімдерді анықтап көрсетеді. Аталған еңбектердің барлығы дерлік сан есімдерді этимологиясы, грамматикалық құрылысы мен құрылымы, этнолингвистикалық аспектілері тұрғысынан қарастырады.

Қазақ халқы тілге бай. Әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән берген халық. Қазақ үшін әр сөздің ғана емес, әр санның өзіндік қасиеті, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Расында, қазақ бір санынан бастап, әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген, орнына, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік ие болатынын мақсаты мен мағынасы болатынын сезе, түйсіне білген. Тіпті сандық метафоралардың өзін сәйкестендіріп, орнымен қолданған. Мысалы «Қазақ» ұғымына қатысты сандық ұғымда қолданылып жүрген авторлық метафоралар тілдік бірліктің жаңа тіркесі мен сан категориясының басқаша қырын көрсетуі сандық ұғымдардың семантикалық жағынан дамығандығын дәлелдейді. Бұл топқа мағынасы жағынан сан есімге жақын болғанымен, табиғаты басқа сөздерді де жатқызуға болады. Мәселен «*Әр қазақ – менің жалғызым*» (Адай 2001, 12) дегендегі жалғызым біреу мағынасында жүргенімен, бұл авторлық жұмсалымда бөлінбеу, алауыздықтан аулақ болу мазмұнында берілген. Қазақ – «*мың өліп, мың тірілген халық*» (Ж.Молдағалиев). Басынан небір зұлматты өткерген бабаларымыз қиындыққа мойымай, ертеңіне үмітпен қараған. Көптік ұғымды білдіретін «мың» сөзін ақын халқының бастан кешкен тағдырымен сабақтастырып, қайсар ұлттың бейнесін жасаған. Осы сияқты, саны аз болса да, білектің күші, найзаның ұшымен ұлан-ғайыр жерге ие болған және сол жерді ұрпағына аманат қылып қалдырған қазақ халқын «*жарты*» әлемді жайлап жатқан халық» екенін (Қ.Шаңғытбаев) дәлелдеуде ұтымды қолданған «жарты» сөзі бүтіннің бөлшегі ретінде тұрақты тіркеске айналған жарты әлем тіркесімен шебер жеткізілген.

Авторлық метафоралардың авторы белгілі болады. Мысалы Қ.Назарбаев жақынын жанынан артық көретін туысшыл қазақ халқын «*ерен тамырлы, сан тармақты ел*» деп, «сан» сөзі арқылы көптік ұғымды көрсетіп, «өзіндік метафора» жасаған.

Кейбір метафоралардың кімдікі екендігін іздегенде түп атасы жалғыз емес, жалпыға ортақ халықтікі болып танылады. Қандай реніш болмасын ағайынның басына іс түскенде ұмытатын «Қазақ – *бір өлде, бір тіріде табысатын халық*» (Ел аузынан). Ауызбіршілікті ту еткен бабаларымыздың «*бүтіннің бөліп жейтін, жартысын жарып жейтін*» (Ел аузынан), «*алты қырдың ар жағындағы аттанды*» *жеті қараңғы түнде естисе де басы біріге қалатын*» (Ел аузынан) бауырмалдық қасиетін метафоралану арқылы жасалған жаңа сандық ұғымдармен жеткізген. Ұлттық мәдениетке сай қазақ халқының ерекшелігін танытатын осындай қолданыстардың танымдық сипатын ашу әбден қажет-ақ.

Тіліміздегі сан есімдердің бәрі тек көптік ұғымда, сандық сипатта қолданыла бермейтіндігін ескерсек, олардың мағыналық ерекшелігі қолданылу аясына қарай анықталатындығы, әсіресе авторлық сөз қолданыстардан анық аңғаруға болады. Мысалы, «*бір адамның құнын бір ауыз сөзбен шеше алатын*» (Ел аузынан) халқымыздың осы бір тіл дәлдігін, сөз қадірін жоғары бағалаған асыл қасиетін бір сан есімі арқылы көрсетіп отыр. Мұндағы *бір* сөзі *аз* ұғымын білдіріп тұр. Тағы жүгі нарда, қазаны теңде ғұмыр кешкен қазақ халқын «*бір атадан отау-отау – әулет болып, әулет-әулет – ру болып, ру-ру – жүз болып, екі шылбыр, бір тізгінін* Ұлы ханға ұстатқан көшпелі Тәуелсіз елді» суреттеудегі (Міштайұлы, т.б. 1996, 16) сандық ұғымын жоғалтқан сан есімдерден жасалған авторлық метафораларды ақиқат өмірдің үзгі ретінде қараудың мәні ерекше.

Дәл осы сияқты ақын Ф.Оңғарсынованың «*Бір қазақ – біреу, екі қазақ – жарты, үш қазақ – нөл*» (Ф.Оңғарсынова) дегендегі біреу, жарты, нөл сан есімдері ұлттың өзіне тән қасиеттерін ашуда қолданылса, «*біреуді мақтаса, алты қабат аспанның ар жағына асырып жіберетін, біреуді даттаса, жеті қабат жердің астына батырып жіберетін әдетінің бар екенін*» (Ө.Қайдар), өкпелесе көңілі «*көңілі бір атым насыбайдан қалатын халық*» (*Халық мақалы*) екендігін астарлы бейнелеп, сандық метафоралармен шебер жеткізген.

Тілдік жүйенің құрылымына тереңдеудің, ұлттық тілдің табиғатын танудың басты жолы – тілдік танбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы – оларды тілдік емес мәнділіктермен, яғни

ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ. Қазіргі рухани жаңғыру кезеңінде рухани мәні бар көптеген құбылыстарды, соның ішінде ұлттық таным мен мәдениетке қатысты құндылықтарды қайта жаңғыртып, бағалаудың қажеттілігі зор. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік бірліктер ұлттың танымы, тәжірибесі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы, наным-сенімі, бір сөзбен айтқанда, материалдық, рухани мәдени келбетін көрсететін білімдерді жинақтаушы қызмет атқарады. Авторлық метафоралардың мән-мағынасын, қолданылу ерекшелігін, қызметін зерттеу – олардың тек ойға бейнелілік, көркемдік беретін сипатын, яғни, ақын, жазушының ой-танымын көрсету ғана емес, ұлттың танымын, рухани байлығын жеткізу болмақ.

Көркем сөз шеберлерінің шығармалары тіліндегі метафораның қолданылу ерекшелігін зерттеу арқылы метафоралар заман, қоғам, орта өзгерісі, дамуына байланысты түрленіп көркемдігі артқандығын, күрделеніп дамығандығын көруге болады. Және де қай ақын, жазушыны алсақ та, оның метафоралары жеке өзіндік дүниетанымы, көзқарасы, сезімін танытумен қатар, бүкіл бір ұлттың таным, ойлау ерекшелігі, бояу-бедерін көрсетіп, ұлттық таным аясында болатындығын байқатады. Бірте-бірте кейбір индивидуалды-авторлы метафоралар жиі, жаппай қолданысқа түсіп, дәстүрлі метафораларға айналады, кейбірі фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің жасалуына негіз болады. Жалпы авторлық сөзқолданыстағы жеке метафоралар арқылы дүниеге келген атаулар тіл қолданушының концептуалды жүйесімен тығыз байланысты, өйткені қоршаған әлем туралы қалыптасқан белгілі бір түсініктер негізінде ассоциациялы бейнелі ойлауда өзге ұғымдар немесе атаулар дүниеге келеді. «Қазақ» атауына қатысты дүниеге келген сандық-авторлық метафоралар жаңа жасалымдар қатарын толықтыра түсуі – тілдегі табиғи заңдылық. Мұндай метафоралардың концептуалды өзегі әртүрлі құрылымдарын тұрады. Ол құрылымдардың бірі көркемдік-бейнелеушілік сипат десек, жоғарыда келтірілген мысалдар сандық ұғымның көркемдік, бағалағыштық, сезімдік, эмоционалды-экспрессивтік қасиеттің ашып тұр. Басқаша айтқанда, адам баласы көркем жеткізулер, жаңаша қолданыстар арқылы дүниенің бейнесін қалыптастырады және алынған ақпараттарды жүйелі, бейнелі түрде қабылдап, ақыл-ойы арқылы өз өңдеуінен өткізеді. Бұл өңдеулер ауыстырулар мен өзара салыстырудан, ұқсату мен теңдестіруден туындайды. Сандық мағыналы сөздердің метафоралық қолданысы сөз мағынасының дамуына себепші болып, олардың қолданыс аясын өсіре түседі және адамның әлемді тануымен, бай тәжірибенің толығы түсуімен астасып жататыны белгілі болды. Сондықтан да, сөздің мағыналық шеңберінің өсуі – адамның танымдық қабілеті арқылы қалыптасқан білімінің өлшемі. Метафора арқылы дүние бейнесін, дүниенің тілдік бейнесін, болмыстың мазмұнын тануға болады. Метафораның мұндай қасиетін қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағытты негіз етіп зерттеп жүрген зерттеушілердің еңбектерінен байқауға болады. Тілдегі метафоралардың концептуалдық өзегінен кез келген тілдік қолданыстағы метафоралардың когнитивтік қызмет атқаратындығын аңғаруға болады. Мәселен, метафора табиғатына тән бейнелілік, көркемдік, бағалағыштық, образдылық қасиеттерінің тілдегі орын алуына адам ойы мен танымдық тетіктерінің қатысатындығын, метафоралардың прагматикалық сипатынан көрінеді. Метафоралардың туындауына адам ойындағы өзара салыстырулар мен ұқсатулар, санадағы суреттеулер негіз болады. Осы жағынан келгенде метафора ғылыми ойдың (концептуалды) формасы болап келеді. Метафораның концептуалдық болмысына ұлттық дүниетаным тұрғысынан келу арқылы, метафора тудырудағы әр ұлттың ойлау дәрежесі мен ұлттық сана сезімі мен дүниені қабылдаудағы ұлттық ерекшеліктері сол ұлт тіліндегі метафораның өзіндік болмысы мен тілдік сипатын көрсетеді.

Қорыта келе, метафора – бір объектінің екінші объект арқылы көрінуі, соның негізінде білімнің тілдік пішіннің көмегімен ұсынылуы деп берілген, яғни жекеленген байланыссыз объектілерге емес, күрделі ментальды кеңістіктерге қатысы бар құбылыс деп танылатындықтан, «қазақ» атауына қатысты ұлттық танымының образды қабылдауын сипаттайтын сандық метафораларды зерттеу – әбден қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хасанұлы Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы. - Алматы, 1966.
2. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 2006.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992.
4. Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. - Алматы, 1957.
5. Адай С. Әр қазақ – менің жалғызым. – Алматы, 2001.
6. Міштайұлы Т., Құдайбергелі Н., Ақайұлы А. Қасиетті Қазығұрт – арылған адамзаттың бесігі немесе Ақиқатқа апарар жол. – Алматы, 1996.

АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІ

Оқытушы **Б.А. САДЫРБАЕВА** *Аға оқытушы **М.З. БЕРКУТБАЕВА** *

Түйіндеме

Антропонимдер – сөйлесу кезінде арақашықтықты өзгерте алатын ең маңызды құралдар. Яғни олар ресми, қызмет бабындағы әңгімеден бейтарап, одан кейін достық, жақын және т.б. әңгімеге ауысуға көмектеседі. Дәл осы антропонимдер түрлі стратегияны қамтамасыз ететін тілдік бірліктер ретінде жүреді: кемсіту, асқақтату, дөрекі, бөтендеу және т.б. Антропонимдер адамды өзі сияқтылардың қатарынан бөліп көрсетуге қызмет етеді. Әр тілдің адамды идентификациялайтын өз тілдік құралдары бар. Антропонимдер – халық тарихы мен мәдениетінің бір бөлігі. Біздің ойымызша, бұл тұжырым есім құрылуының бастапқы сатыларына ішінара орынды болып табылады. Бірақ тіпті антропонимдер жүйесі құрылуының бастапқы сатыларында атаушының есімдерді реттеуге ықыласы болады. Ежелгі ағылшын кезеңінде есім қоюда, мысалы, есім иесінің белігі бір текке, отбасыға қатыстылығын көрсету мақсатында есім негіздерін аллитерациялау және түрлендіру үрдістерінде осы байқалады. Бұл жағдайда есімдерді жүйелендірудің негізгі себебі этностың әлеуметтік-мәдени фоны және ұлттық-психологиялық ерекшеліктері болып табылады.

Тірек сөздер: антропоним, есімдер, қоғам, жүйе, мәдениет, құрал, тілдік бірлік, әстүрлі, арақашықтық.

PRAGMATIC ASPECT OF ANTHROPONYMS

Abstract

Anthroponyms are the most important tools that can change the distance during a conversation. That is, they are neutral in formal, informal conversation, then friendly, close and so on. helping to get to the conversation. These anthroponyms are the language units that provide different strategies: discrimination, bullying, harassment, alienation, and so on. Anthroponyms serve to distinguish a person from the ranks of others. Each language has its own language tools that identify people. Anthroponyms are a part of the history and culture of the people. In our opinion, this conclusion is partly appropriate to the initial stages of the name formation. But even in the early stages of the anthroponyms system, there is a desire to name the names. In the ancient English era, for example, the name of the nominee appears in the process of allegation and transformation of the names of the nouns in order to demonstrate their involvement in the family. In this case, the main reason for the nomenclature is the socio-cultural background and national-psychological features of the ethnoses.

Key words: anthroponyms, names, society, system, culture, instrument, language unit, traditional, distance.

Қазақ тіл білімінде социолінгвистика ғылымы тілді зерттеудің бір саласы ретінде кейінгі кезде қалыптасқаны белгілі, бірақ бұл бағыттың қазақ тілінде негізі бар екеніне Ахмет Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың еңбектерінде назар аударылды. Бүгінгі таңда социолінгвистика – (қазақша-әлеуметтік лингвистика) – тіл білімі, әлеуметтану (социология), әлеуметтік психология және этнография ғылымдарының қиылысқан жерінде дамитын, тілдің әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық қызметін, әлеуметтік фактордың тілге әсер ету тетігін және қоғам өміріндегі тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі коммуникативтік қызметін зерттейтін тіл ғылымының бір саласы ретінде қалыптасты. Осы тұрғыдан А.Байтұрсынұлының осыдан 85 жыл бұрын тілге берген анықтамасы социолінгвистикалық сипатты деп бағалауға болады: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - деді (1998: 509).

Себебі қоғамдағы тілдің мәні мен қызметін күнделікті өмірден өзінің ерекше тілдік тұлғалық зердесімен байқаған, сезе білген Ахмет Байтұрсынұлының тілдің әлеуметтік қызметін айрықша қабылдауы, түйсінуді – заңды құбылыс. Ал, социолінгвистика болса, тіл мен қоғамның өзара байланысын динамикада, қызмет барысында зерттейді.

* ҚазМемҚызПУ, bahitzhamal79@mail.ru

** ҚазМемҚызПУ, mako_7705@mail.ru

Осымен байланысты кез келген тілдің лексикалық қорының мәнді бір қабатын жалқы есімдер құрайды. Оларсыз адамзат қоғамының қарым-қатынас қызметі іске аса алмайды.

Орта есімнің пайда болуы да қоғамның сұранысымен байланысты. Ататектерден айырмашылығы, орта есімдер балаларды христиан есімдерімен шоқындыру үшін Рим католик шіркеуінің ұйғарымымен пайда болды*. Ежелгі ағылшын кезеңінде, біріншіден индивидтерді тану үшін заңды қажеттілік болмаған, екіншіден барлық жерде таралған христиандық өсиеттерде ататек те, орта есім де қызмет атқармаған. Алайда бұл сол кездегі адамдарда туыстық қатынасты білдіру амалы болмады деп айтуға болмайды. Осы қатынасты білдіру амалы ешқандай антропонимиялық формула атрибуттарының қатысуынсыз сол жеке есімдердің өзі болғаны маңызды дерек болып табылады. Бұл туыстық қатынастарды көрсету үшін қолданылатын таза білдік амалдар болып табылған.

Белгілі бір ұрпаққа тәнділігін білдіретін алғашқы және типті амал ол *аллитерациялар мен ассонанстар* болды. Бұл дәстүр тек ежелгі ағылшын антропонимикасына ғана емес, сонымен қатар германдық антропонимикаға да сипатты болған. Ережеге сай, есімнің бастапқы дыбыстары аллитерацияланған.

Орта ағылшын кезеңінде есімдер номенклатурасы ағылшын қоғамының қоғамдық және мәдени өмірінің дамуында екі ірі оқиғаларды өз құрамында көрсетеді. Бірінші кезекте – нормандарды басып алуы және оның ағылшын тілі антропонимиконы мен есім қою дәстүріне әсері. Екіншіден, норман басып алушылары енгізген, құрлықтық дәстүрлермен қуаттанған британ аралы тұрғындарының мәдениетіне христиан өсиеттерінің терең енуі.

Аталған оқиғалардың салдарынан орта ағылшын кезеңіндегі ежелгі ағылшын кезеңінің антропонимиконы көбіне германдық шығу тегінен болған норман-француз есімдерімен, сонымен қатар көп бөлігін әулие санатына қосылған католик есімдерінен тұратын христиан есімдерімен толтырылды. Бұл этапта шетелдік болмашы әсер француз, испан, грек және латын антропонимдерінен болды. Нормандардың басып алуына дейін кеңінен тараған ежелгі ағылшын есімдері орта ағылшын кезеңінде де қолданылуын жалғастырды, бірақ олардың саны бұлжымай азайды.

Келесі дереккөздерден табылған 206 антропонимиялық бірліктің сараптамасы негізінде: *The Peterborough Chronicle*, *A Worcester Fragment 'The Disuse of English'*, *Proclamation of Henry III*, *The Song of Lewis*, *Political Poetry*, *The Chronicle of Robert of Gloucester*, *Layamon 'Brut'(1205)*, летописи Англии Кепгрейва, *An Anthology of Chancery English*, сонымен қатар Б. Скотт пен К.О'Брайен құраған XIII, XV, XVI ғасырдағы есімдердің тізімінен бізге орта ағылшын антропонимиконының ядросын құрайтын келесі топтарды анықтауға мүмкіндік туды:

-інжілдік есімдер және заңдастырылған католик әулиелерінің есімдері. Бұл есімдердің ең үлкен тобы (талданған антропонимдердің жалпы санының шамамен 28,42%-ы);

-ер адамдарда да, әйелдерде де қолданылып келе жатқан ежелгі ағылшын есімдері 20,58 % құрайды;

-германдық шығу тегінен норман-француз есімдері және латын тегінен шыққан француз есімдері (шамамен 14,21%);

-герман жеке есімдері, 11,27% құрайды.

Орта ағылшын кезеңіне, ағылшын есімдері дамуының хронологиялық аясын біздің амалымызға сай қарастыру бойынша, Реформация (1534 жыл) кезеңі де жатады, өйткені XVII ғасырдың басына дейін ағылшын есімдері XIV-XV ғасырдағы типті антропонимдер пайдаланылды. Бұған дәлел, барлық жерде католик есімдерінен бас тарту тек XVII ғасырдың соңында ғана болуында.

Есімдердің жаңа қабаты ену үшін ұрпақтардың ауысуы және өмірге көзқарас ауысуына байланысты жүз жылдан астам уақыт қажет болды.

Біздің зерттеуімізде 1600-1921 жылдар болып мерзімделген жаңа ағылшын антропонимиясын зерттеудің материалы ретінде кіріс кітаптардың мәліметі алынды: *Addingham St. Peter Parish Register (1612–1812 жж.)*, *Dethick Baptism (1774–1820 жж.)*, *Rushworth Register (1619–1820 жж.)*, *Ikley Bishop Transcripts (1811–1846 жж.)*, *Keighly Miscellaneous (XVII –XX басы ғғ)*, *The Parish Registers of St. Andrew's Kildwick-in-Craven (1594–1918 жж.)*, *The Register Book from Roghner (1590–1700 жж.)*. Осы кезең бойынша ақпарат метрлік кітаптарда жүйелі әрі толық жазылған, өйткені шоқындыру, үйлену және өлім туралы тіркеу барлық жерде тәжірибеге тек 1620 жылдан бастап енгізілген. Қарапайым метрлік кітаптарда тек азаматтық жағдайлардың актітері емес, сонымен қатар тіркелушінің әлеуметтік статусы мен мамандығы белгіленген. Келушілердің басым бөлігін ірі және шағын сауда буржуазиясы (мақта өнеркәсіпшілері, мал өнеркәсіпшілері, азық түлікпен қамтамасыз етушілер, бақалшы, қалпақ шеберлері, дербес жұмысшылар (темірші, қайықшы, тас қалаушы), бірлі-жарым жағдайларда – жері аз дворяндар құраған. Осылайша, біз талдаған есімдер тұрғындардың негізгі бөлігіне, нақты – орта класк тән есім қою дәстүрін бейнелейді.

Жаңа ағылшын кезеңінде антропонимдердің басым тобы інжілдік жеке есімдер (32,79%), католик әулиелерінің есімдері (15,05%), норман-француз есімдер (7,52%), классикалық латын және грек есімдері (10,21%) және ағылшын есімдері (8,06%) болып табылады. Жаңа ағылшын антропонимиясында есім қою дәстүрін зерттеу осы аталған кезеңде әлеуметтік-мәдени және тарихи маңызы бар үш оқиға есім қоюға басым ықпал жасағанын көрсетеді.

Екі маңызды оқиға Реформаторлық әрекет және 1534 жылда королдің шіркеуді басқа туралы заңын қабылдау нәтижесінде римдік католик шіркеуінен ағылшын шіркеуінің бөлінуі болып табылады (Supremacy Act). Бұл оқиға хронологиялық жағынан алдыңғы кезеңмен байланысты болуына қарамай, оның ағылшын тілі антропонимиконына салдары толық түрде XVI ғасырдың соңы - XVII ғасырдың бірінші жартысына қарай сезіле бастаған. Католик әулиелерінің есімдері інжілдік есімдермен, әсіресе Ежелгі Ғақлиядағы есімдермен ығыстырылады, олар жаңа ағылшын кезеңінде басым қолданылып жатқан антропонимдерді құрайды (32,79%). XVII ғасырдың соңынан бастап XIX ғасырдың басына дейін мынадай есімдер қарқынды қолданыла бастайды: Isaiah, Iscael, Emanuel, Aaron, Abraham, Adam, Isaak, Israel, Livinah, Jonathan, Jeremiah, Samuel; Hannah, Sarah, Rebeccah, Ruth, Susannah, Rachael.

Бұдан басқа, шіркеу реформалық әрекетінің соңғы қанаты – пуритандар, олардың белсенділігінің шыңы Елизавета I (1558-1603 жж.) мен Эдуард VI (1547-1553 жж.) басқарған кезеңнен 1660 ж. Реставрация кезеңіне дейін сай келеді. Бұл кезең *пуритандық есімдер* деп аталатын антропонимдердің жаңа қабатын құрады. Жеке есімдер ретінде пуритандық мәдениеттің мұратын бейнелейтін дерексіз зат есімдер қолданыла бастады: “mercy”, “faith”, “hope”, “grace”, “charity”, “prudence”, “sage”, “virtue”. Пуритандық есімдердің семантикалық құрылымын талдау олар «христиандық ізгі» ретінде анықталуы мүмкін семантикалық аймақты құрағанын көрсетеді: Mercy, Grace, Charity, Hope, Prudence, Patience, Clemency. Осындай есімдердің пайда болуының мүмкін себебі інжілдік ежелгі еврей есімдерінің ағылшын тіліне кальктануы болуы мүмкін: Grace – Hannah, Lily – Susannah. Кальктану нәтижесі ретінде ежелгі еврейлік «фразалық есімдерге» ұқсас құралған From above, Praise God, Sorry-for-Sin сынды ерекше есімдерді атауға болады. Мысал, Isaiah есімі ағылшын тілінде «God of helper», Jeremiah – «Jah is high» мағынаны білдіреді. Алайда, өзінің әдеттен тыс болуына байланысты пуритандық есімдер негізгі антропонимиялық қорда сақталмады және XVIII ғасырда қолданыстан шықты.

XIX ғасырдың ортасынан бастап, антропонимикон дамуының жаңа этапы байқалады. Бұрынғыдай, інжілдік есімдер әйгілі және ағылшын-саксондық заңды әулиелердің есіміне қайту көрініс береді. XIX ғасырда ағылшын-саксондық есімдерге қайта оралуды шақырған әлеуметтік-мәдени оқиға трактариандықтардың (tractarians) діни-саяси қозғалыс болды. Бұл қозғалыс 1833 жыл Оксфордта туындады, соның нәтижесінде Оксфордтық қозғалыс атымен әйгілі. Бұл бағыт қатысушыларының (Dr Keble, H. Froude, I. Williams және басқалар) негізгі мақсаты ұзақ уақыт бейқамдықтан кейін протестанттық англикандық шіркеудің христиандық рухын жандандыру болды (В.А. Никанов, 1974: 56). Өмірге көзқарастың өзгеруіне байланысты экстралингвисттік сипаттағы көптеген оқиғалардағы секілді трактариандықтардың философиясы есім қою дәстүрінде де үн қосты. Albert, Edmund, Edwin, Egbert, Garwood, Edith, Aldhelm, Alferd, Cuthbert секілді ежелгі ағылшын есімдері қайтадан қолданысқа енді.

Жеке есімдерді қоғамдық-мәдени белгі ретінде зерттеудегі жоғарыда айтылған жалпы үрдістер ағылшын тілінің жеке зерттеулерінде мыналарға тиесілі нақты көрініске ие болды:

а) антропонимиялық бірліктердің қызмет етуі;

б) антропонимикон дамуының және осы үрдістке әсер ететін әлеуметтік факторлардың эволюциясы;

в) атау үрдісінің психологиялық негіздерін зерттеу.

Кез келген лингвистикалық белгілерді, әсіресе жеке есімдерді зерттеу қоғам және мәдениеттегі *қызмет етуінен* оңашаланған түрде зерттелмеуі тиіс. Жеке есімдер құрылуында экстралингвистикалық доминанталарды жоққа шығару жеке есім мағыналары туралы мәселенің тек 0, я жарым-жартылай ашылауына әкеледі. Р.Хадсон лингвистиканы әлеуметтік лингвистикамен салыстыра отырып, “linguistics differs from sociolinguistics in taking account only of the structure of language, to the exclusion of the social contexts in which it is learned or used...” әділ бағалайды. Белгілі бір лингвистикалық таңбасы бар әлеуметтік мәнмәтіндерді жоққа шығару ол бейнелейтін басым ақпаратты жоғалтуға әкеледі.

1929 жылда қызметтік лингвистиканы құрылымдық лингвистиканың бөлек тармағына бөлу, сонымен қатар XX ғасырдың екінші жартысында когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психоллингвистиканың пайда болуы антропонимдерді зерттеудің жаңа амалдарын айқындай түсті.

Жалпы ономастика және жеке антропонимика жұмыстарында әлеуметтік мәнімендердің, қызметтік шарттарының, атаудың психологиялық негіздерінің ролі жиі байқалады.

Функциялық лингвистика аясында жеке есімдердің қызмет етуі лингвистикалық және экстралингвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Жеке есім, атаулар жіктелуі жүйесінің мүшесі ретінде, негізгісі ретінде номинативті немесе атаулы қызметті атқарады. Бұл қызмет екі аспектімен жүзеге асырылады: ұжымнан индивидтерді бөліп алатын дистинктивті (жекешелендіруші) және нақты жеке есімдер иеленушілерін белгілі бір классқа топтайтын интеграциялық (жіктеуші). Осы қызметті дерлік барлық ғалым-антропонимисттер бөледі. Алайда осы қызметке қосымша және талдаулар бар.

В.Бланар қосалқы қызметтер тобына бөлінетін идентификациялық функцияға ерекше назарын аударады. Олардың арасында: адамның қоғамда ресмиленуі, тегін көрсету, есім иесінің әлеуметтік жағдайын көрсету, сипаттау (лақап аттарға көбірек тән) (Мусаев, 1984: 205).

А.В.Суперанская антропонимдердің келесі қызметтерін ажыратады: коммуникативтік, аппелятивтік, экспрессиялық, дейктикалық. А.В.Суперанская жоғарыда аталған қызметтер жалпы есімдерде де бөлінетінін әділ атап айтты. Жеке есімдерге жинақтаушы (кумуляциялық) қызмет басым жағдайда сипатты болып табылады, ол елтану ақпараты мен әлеуметтік-семантиканы сақтайды. Антропонимдердің қызметтік сипатын тілде және сөйлеуде жалпылай отырып, А.В.Суперанская жеке есімдер өзіндік грамматикалық және өзіндік лексикалық қызмет атқармайтынын атап өтеді. Антропонимдердің негізгі қызметі адамды қоғамда ресмилендіру болып табылады.

Жалпы ағылшын тілі және жекелей антропонимикон құрылуының бірнеше тарихи дәуірлерін қамтитын жеке есімдер болып табылатындықтан, аңыз-поэзиялық дәстүрге тән жеке есімдердің тағы бір қызметін атап айту қажет. Бұл – есімнің креативтік қызметі, «күру және атау үрдісіне сүйенуші; ...есім индивидке белсенді әсер көрсетеді, оның жеке басын құрайды, оның тағдырын айқындайды, яғни субъектіге қатынас бойынша бірінші болып табылады». Ежелгі мәдениетке есім және атау адам болмысына ену болып табылған. Есім адамның тағдырын анықтайды деп болжанған. Т.В.Топорова «әлемнің көне үлгісі есім иесінің табиғатын және есімнің үлестігін бағамдайды» деп атап айтқан (Подольская, 1998: 347). Атауға осындай ығай таныту көптеген ежелгі нанымдарға сипатты болып табылады: ведтік, ежелгі ирандық, ежелгі грек, ескі славяндық, ежелгі скандинавиялық. Осы қызметтің маңызды және ерекше белгісі есім адам бейнесінің роліне ене отырып, өзінің әсерінде индивид өміріне белсенді бастамасы болып табылады.

Антропонимикон *дамуының эволюциясын* зерттеумен байланысты мәселе апаттылық және оның құрылуы жүйелілігінің мәселесін, сонымен қатар әсер етудің ішкі және сыртқы факторлары мәселесін қозғайды. А.В.Суперанская атап айтқандай, «кез келген халықтың ономастиканы стихиялы қабатталады, бұл үрдісті ешкім басқармайды» (Джанузаков, 1976: 24).

Біздің ойымызша, бұл тұжырым есім құрылуының бастапқы сатыларына ішінара орынды болып табылады. Бірақ тіпті антропонимдер жүйесі құрылуының бастапқы сатыларында атаушының есімдерді реттеуге ықыласы болады. Ежелгі ағылшын кезеңінде есім қоюда, мысалы, есім иесінің белігі бір текке, отбасыға қатыстылығын көрсету мақсатында есім негіздерін аллитерациялау және түрлендіру үрдістерінде осы байқалады. Бұл жағдайда есімдерді жүйелендірудің негізгі себебі этностың әлеуметтік-мәдени фоны және ұлттық-психологиялық ерекшеліктері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998- 509 бет.

Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі - Алматы. "Сөздік-Словарь", 2005.

Никанов В.А. Имя и общество. М: Наука, 1974- 56б.

Мусаев К.М. Лексикология тюрских языков. М: Наука. 1984-205 б.

Подольская Н.В. Антропонимика // Языкознание: Большой энциклопедический словарь. М., 1998, -С. 347.

Джанузаков Т.Дж. Основные проблемы ономастики казахского языка: Автореф.дисс.доктора филол.наук. Алма-Ата. 1976-24 б.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ШЕТ ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Докторант Г.Д. ДАНИЯРОВА*

Түйіндеме

Мақалада жаңартылған білім беру бағдарлама негізінде болашақ мамандарды даярлауда мұғалімнің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері зерттеледі. Қазіргі заманғы мұғалімдерге қойылатын талаптарға тоқтала кетіп, мұғалім моделін кеңінен қарастырылған. Жаратылыстану пәні мұғалімдерінің өз пәндерін шет тілінде оқытуда коммуникативтік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісіндегі білімді меңгеру мен іскерлікті және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру үдерісінен тыс жүзеге асырылмайтындығы жайында дәлелдемелер келтіріліп, ол оқыту мен оқу үдерісінде орындалатындығы айқындалады.

Тірек сөздер: кәсіби құзыреттілік, коммуникация, оқыту үрдісі, мұғалім мамандығы, модельдеу.

FORMATION OF PROFESSIONAL COMMUNICATIVE COMPETENCE OF TEACHERS IN TEACHING NATURAL SCIENCES IN A FOREIGN LANGUAGE**Abstract**

The article explores the methods of forming the professional communicative competence of the teacher in the preparation of future specialists on the basis of the updated educational program. Regarding the requirements for contemporary teachers, the teacher model is widely covered. It is established that teachers of natural sciences do not realize the formation of communicative professional competence in teaching their disciplines in the foreign language, and does not realize the knowledge and skills and personal qualities of the educational process, which will be carried out in the teaching and learning process.

Key words: professional competence, communication, educational process, teacher's profession, modeling.

Жоғары білім берудің сапасы – жоғары оқу орнының қызметтерінің барлық қырларын қамтумен қатар, оның негізгі сипаттарын анықтайтын көпқырлы ұғым. Осы ретте оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етуде әлемдік білім беру жүйелерінің озық үлгілерін қолданысқа ендірудің атқарар қызметі зор, себебі ол оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігін жетілдіретін фактор болып табылады.

Болашақ мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың өзектілігі соңғы он жыл көлемінде білім беру саласының терең сапалы өзгерістерге ұшырауы себебінен анықталады. Себебі, мұғалім мамандығы коммуникативтік мамандықтар қатарына жатады. Ал оны табысты іске асыру көп жағдайда тұлғааралық коммуникация сипаты мен сапасына тәуелді болып келеді. Бұл айтылғандарды кәсіби қызметтері төмендегідей өзіндік ерекшеліктерге ие олар: болашақ химия мұғалімдерінің өз пәндерін ағылшын тілінде оқытуда коммуникативтік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде: мұғалім қызметі білімгерлермен білім беру үдерісінде ақпарат алмасу мақсатында өзара әрекеттесуге арналғандығы; мұғалім қызметі ұдайы білімгермен, әріптестермен, білімгердің ата-аналарымен байланыс жағдайында іске асырылатындығы; кәсіби коммуникация жасау сендіру, иландыру, білімгерлердің мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық, және мінезқұлықтық сапаларына әсер етуді талап ететіндігі ескерілуі тиіс.

«Педагогикада «қалыптастыру» ұғымы педагогикалық өзара байланыстағы «оқыту – білім беру – тәрбиелеу – шығармашылық іс-әрекет – даму – қалыптасу» категорияларының негізінде ашып көрсетіледі. «Қалыптасу» – адамды қоршаған экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, психологиялық және т.б. барлық факторлардың түгелдей ықпал-әсер етуімен әлеуметтік тіршілік иесі ретінде өсіп, жетілу үдерісі. Қалыптасу адамның тұлға ретінде кемелденуі, байыпты парасат деңгейіне жетуі болып табылады (Конаржевский, 1980: 490).

Сонымен «қалыптастыру» ұғымы сыртқы факторлар арқылы ішкі сапалық қасиеттерді орнықтыруда көрініс табатындығымен сипатталады. Ал «қалыптасу» болса, негізінен ішкі факторлар арқылы жүзеге асырылады және іс-әрекет нәтижесімен анықталады. Педагогикалық үдеріске, оның

* 2-курс докторанты, daniyarovagd18@mail.ru

ішінде педагог пен білім алушыға қатысты қалыптастыру мен қалыптасу ұғымдары мен оның аясындағы іс-әрекеттердің өзара байланысы мен ықпалының бар екендігін көруге болады.

Болашақ жаратылыстану пәні мұғалімдерінің өз пәндерін шет тілінде оқытуда коммуникативтік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісіндегі білімді меңгеру мен іскерлікті және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру үдерісінен тыс жүзеге асырылмайды және оқыту мен оқу үдерісінде орындалады.

Жоғарыдағы баяндаулардан қалыптастыру меңгертумен, қалыптасу меңгеру іс-әрекеттерімен байланыстығын көреміз. Меңгеру дегеніміз – жинақталған әлеуметтік тәжірибенің тұлғаның жеке басының игілігіне айналуы және сол арқылы тұлғаның жеке басының қасиетіне айналуы (Лернер, 1978: 48), білімді өзіндік ету дегеніміз – түсіну, есте сақтау және қолдана білу (Яковлев, 1999: 67), яғни, бұрынырақ түсінгенді және есте сақтағанды практикада пайдалану мүмкіндігі.

Болашақ химия, информатика, биология пәні мұғалімдерінің өз пәндерін ағылшын тіліндегі оқытуда коммуникативтік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – бұл болашақ химия, информатика, биология мұғалімдеріне қойылатын коммуникативтік талаптарды анықтау, олардың болашақ кәсіби іс-әрекеттерін болжау мен дамытудың мүмкіндігі ғана емес, жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандарды отандық жоғары білім беру жүйесін реформалаудың жаңа шарттарында, жаңа инновациялық технологияларды ендіру жағдайында кәсіби даярлауды ықпалды жоспарлаудың негізгі элементі. Жасақталған модель оқу-тәрбие үдерісін жоспарлаудың және жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу үдерістерінің нәтижелілігін жоғарылатудың, бітірушілерді жұмыспен қамтамасыз етудің әдіснамалық негізі болуы тиіс.

Психологиялық сөздікте «Модель» - оқу әрекетін модельдеу деген ұғымды білдіреді. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: *Біріншісі* – оқу үдерісіндегі білімді меңгеру болса, *екіншісі* – оқудағы іс-әрекет элементінен тұрады. Сонда, бірінші аспектіде модель мен модельдеуді психологиялық бағыт білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде – модельдеудің формасын, әдісін қолданылатын әрекетінің ерекшелігін білімгерлердің икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді (Леонтьев, 1985: 208).

А.М.Новиков модельді сипаттай келе, оны негізгі нысан туралы жаңаша ақпарат беретін, танымдық мақсатқа таңдалған немесе қайта жасақталған қосымша нысан ретінде қарастырады. (Новиков, 2002: 247)

В.А.Штофтың айтуынша, модель – зерттеу нысанын бейнелеп, шығаратын және сол нысанның орнын басып, жаңа ақпарат бере білетін, ойда бейнеленіп немесе материалды түрде іске асатын жүйесі болып табылады (Штофф, 1966: 302).

М. Вартофскийдің «модель келешек іс-әрекетке бағдарланған прототип. Модель мақсатты іске асыру және оларды іске асыратын құрал-жабдықтар болып табылады» деп тұжырымдайды (Вартофский, 1988: 507).

Қазіргі заман ғылымында модель ұғымын материалдық немесе тұжырымдамалық жүйе ретінде түсіндіреді: - біріншіден, қандайда бір формада түп нұсқаның маңызды қасиеттері мен қарым-қатынасын бейнелеп, көрсетеді; - екіншіден, нақты берілген мағынада оның орнын басады; - үшіншіден, түп нұсқа туралы жаңа ақпарат ұсынады.

Барлық материалдық немесе заттық модельдерде түп нұсқаның орнын басу сәйкес құрылымның мінез-құлқы мен қызмет ұқсастығы есебінен жүзеге асырылады.

«Модель» ұғымы қазіргі ғылым мен практикада кең қолданысқа ие, ол көп жағдайда өзінің гносеологиялық мәнімен байланыссыз, үлгілерді құрастыру негізінде нысанды зерттеу мен тану әдісінің категориясы ретінде қолданылады.

Модельдеу таным әдісі ретінде таным үрдісінің жүйелілігімен, құрастырылған үлгінің біртұтастығымен, абстрактылы-логикалы процедураны қолдану мүмкіндігімен, үлгіленетін нысан материалының прогностикалығымен, танымдық және қалыптастырушылық функцияларды бірге орындай алу қабілетімен сипатталады.

Дидактикалық мақсаттарда вербальды қарым-қатынасты үлгілеу сирек кездеседі, ол қарым-қатынастың үрдісін алдын-ала біліп алудың күрделілігіне байланысты. Сондықтан да «қарым-қатынас» ұғымының қазіргі интерпретациясында тұлғааралық және қоғамдық қарым-қатынас жүйесін әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қарау басым, өйткені, адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының орны жоғарыда аталған қатар бойынша көрінеді. Қарым-қатынасты адам коммуникацияның барлық жүйесін жүзеге асыру ретінде анықтаудың дұрыстығы адам қоғамының қарым-қатынассыз өмір сүре алмайтынымен де негізделеді, ол:

- Тұлғаларды байланыстыру әдісі;
- Әрбір тұлғаны қоғамдық қатынастар үрдісінде дамыту құралы;
- Жеке тұлғаның тұлғааралық қатынастар мен қарым-қатынас үрдісінде адамдармен байланысы мен өмір сүру ортасы ретінде;

- Адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасы жүйесіне қарағанда әлеуметтік қатынастардың басымдылығында екінші әлеуметтік категория ретінде сипатталады, өйткені, вербалды қарым-қатынас адамдардың қоғамдық қарым-қатынасы жүйесінде туындайды.

Ал, маманды кәсіби даярлау жалпы түрде болашақ маманның кәсіби іс-әрекетіне қажетті меңгерілетін білім көлемі мен оның құрылымының, маман ретіндегі кәсіби қасиеттер мен дағдылардың жалпы түрде сұлбелік өрнектелуі деп түсінуге болады.

Жоғарыда айтылған о»-пікірлерді тұжырымдай келе, маман үлгісі құрылымы мен мазмұнын үш бөлікке бөлуге болады: зерттелетін маман іс-әрекеті өтетін әлеуметтік-кәсіби фон, мамандардың іс-әрекеттерінің негізгі аспектілері, мамандардың іс-әрекеттерінің психологиялық-педагогикалық сипаттары. Мықты маман моделін құру келесі мақсаттарға табысты қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағыттылған:

Маманның кәсіби әлеуметтік іс-әрекеті мазмұны мен оны орындаудағы білім, іскерлік, дағдылар мен тұлғалық сапалардың сипатын талдау;

Білім беру мазмұнын жобалау үшін негізделген бағдарлар мен критерийлерді анықтау, қажетті білім, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру мен болашақ маманның тұлғалық сапасын дамытуды қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда практикалық іске асырылуы;

- Кәсіби даярлау сапасы мен ЖОО бітірушісінің тұлғалық дамуы деңгейлерінің барынша осы модель талаптарымен сәйкестігін қамтамасыз ету;

- ЖОО имиджі мен оның бітірушілеріне берілетін дипломның беделін қалыптастыру, оны бітірушілердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамсыздандыру.

Модельдеу әдісін дидактикада келесі міндеттерді шешу мақсатында тиімді пайдаланылады: білім беру материалының құрылымын оңтайландыру; оқу процесін жоспарлауды жетілдіру; танымдық әрекет пен оқу-тәрбие процесін басқару; диагностика, болжам жасау, оқытуды жобалау.

Сонымен, модельдеу теориялық зерттеудің әдісі, дәстүрлі проблемаларды дәстүрлі емес тәсілмен шешуге шоғырланған жұмыстың ерекше тәсілі.

Дидактикада оқу материалының құрылымын оңтайландыру, оқу үрдісін жоспарлауды жақсарту, танымдық әрекеттерді басқару, оқу тәрбие үрдісін басқару, болжам жасау, оқытуды жобалау сияқты міндеттерді шешуде қолданылады. Модельдеу кезеңдері: 1- модельдердің негізгі нысандарын байланыстыратын заңдарды қалыптастыру; 2- құрылған модельдердің есептерін зерттеу; 3- тәжірибе белгілерін қабылданған болжамдық модельді қанағаттандыруды тексеру; 4- меңгерілетін құбылыстар, жаңалау мен модельді жетілдіру туралы мәліметтердің жинақталуына байланысты модельдің сараптамасы.

Ендеше, қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында теория мен практиканы оқытуда модельдеу әдістері оқу үдерісінің жүйесін тиімді құруда, оның құрылымымен функционалдық байланыстарын объективті бағалауда, оқыту процесінің критерийлік көрсеткіштерін және нәтижелілігін анықтауда, оқыту теориясының эмпирикалық мазмұнын дәлелдеу әдістері мен құралдарын айқындауда, қазіргі ғылыми теорияларға сәйкес оқыту теориясының тілін қалыптастыруда негізгі фактор ретінде қолданылып келеді.

Біз зерттеу барысында болашақ химия, информатика пәндерін шет тілінде оқытуда мұғалімдердің коммуникативтік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделін құрамыз. Модель болашақ химия, физика, информатика, биология мұғалімдерінің кәсіби білімді меңгеру ерекшеліктерін ескерумен қатар, олардың кәсіби және тұлғалық өсуіне жағдай жасайды. Кәсіби оқытуды тұлғааралық коммуникация мәнмәтінінде құру болашақ жаратылыстану бағыты бойынша білім беретін мұғалімдердің коммуникативтік кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Конаржевский Ю.А. (1980) Педагогический анализ учебно-воспитательного процесса как фактор повышения эффективности управления обще образовательной школы: дис. ... док. пед. наук: 13.00.08. - Челябинск., – 490 с.
2. Лернер И.Я. (1978) Качества знаний учащихся. Какими они должны быть? – М.: Знание., - 48 с.
3. Яковлев М.Н., Сохор А.М. (1999) Методика и техника урока в школе: М.: – 67с
4. Леонтьев А.А., (1985) В помощь начинающему учителю. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Просвещение, -208 с. Большой психологический словарь (2003)/ сост. и общ.ред. Б. Мещеряков, В. Зинченко. – СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, – 672 с.
5. Новиков А.М. (2002) Методология образования. - М., -247с.
6. Штофф В. А. (1966) Моделирование и философия. - М.; Л.: Наука, - 302 с.
7. Вартофский М. (1988) Модели. Репрезентация и научное понимание / общ. Ред. И.Б. Новика и В.Н. Садковского. - М.: Прогресс, - 507 с.

СУ НЫСАНЫ АТАУЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ІЗДЕРІ

Докторант А.Қ.ДАУТҚҰЛОВА*

Түйіндеме

Адамдардың алғашқы қоныстары су көздері маңында пайда болғанын қазіргі кездегі тарихи-археологиялық деректерден білеміз. Адамзат тарихындағы алғашқы географиялық атаулар да сумен байланысты болған. Түрлі тарихи кезеңдерде тайпалар мен халықтар белгілі бір территорияда бір-бірі алмастырып, өзгеріп отырса да, олар тарихтан ізсіз жоғалып кетпейді. Қазіргі өзен, су аттарында әртүрлі ру, тайпа аттарының да кездесуі тарихпен тығыз байланысты. Қазақстан территориясындағы өзен-көлдердің атауларында араб, иран, моңғол, орыс тілдерінен енген сөздер мен қазақтың байырғы ру, тайпаларының аттары және адам есімдері жиі кездеседі. Көпшілік атаулар өзен-көлдердің өзіндік ерекшеліктеріне, яғни түр-түсіне, суының дәміне, көлемі мен тереңдігіне, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне, сан мөлшеріне, халықтың наным-сеніміне, діни және мифтік көзқарастарына, географиялық орнына, т.б. көптеген белгілеріне байланысты аталады.

Тірек сөздер: *топонимика, гидроним, жер-су аттары, лингвокогнитивтік сипат, таным, отбасы құндылықтары, адамзат тарихы, алғашқы географиялық атаулар.*

SEARCH FOR NATIONAL WORLDWIDE NAMES

Abstract

From historical and archaeological sources, we know now that the first human settlements were formed near the water sources. The first geographical names in human history were also related to water. In different historical periods, tribes and peoples change over and over in a certain area, but they do not disappear from history. The history of the river, water horses and tribal names are closely linked to history. The names of rivers and lakes on the territory of Kazakhstan are frequently mentioned in the Arabic, Iranian, Mongolian and Russian languages, as well as the names of the ancient Kazakh tribes, tribes and names of people. Many names refer to the peculiarities of river lakes, such as color, taste, size and depth of water, flora and fauna, quantity, population belief, religious and mythic views, geographical location, etc. many are called symptoms.

Key words: *onomastic science, water sources, hydronyms, toponyms.*

КІРІСПЕ

Ұлан-ғайыр, кең-байтақ жеріміздегі мыңдаған жер-су аттары – халық тілінің байлығы. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалған мәдениетіміз бен тарихымыздың, тіліміз бен дініміздің жәдігері. Ұлы Даламыздағы жер-су аттарының шығу, пайда болуын ғалымдар бір ғана дәуірмен байланыстыруға болмайтынын айтады. Бұған археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесінде жер астынан табылған түрлі жәдігерлік бұйымдар мен ойма жазулар дәлел. Сондықтан, тіліміздегі жер-су аттары халқымыздың ұлы мұраттарынан белес беретін тарихи, рухани, мәдени туынды деп бағалауымыз керек.

Қазақстанның жер-су атауларын жинақтау оларды реттеу, тарихи атауларды қалпына келтіру, аймақтық атаулар сөздіктерін шығару сияқты топонимиканың теориялық және қолданбалы мәселелері – қазақ тіл білімінің өте күрделі мәселелерінің бірі. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері аталған мәселелердің өзектілігі арта түсті. Елбасы Н.Назарбаев жер-су аттарының тарихилығы мен көнелігіне ерекше мән беріп, оны зерттеудің бүгінгі мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін де зор маңызы бар екендігін: «Әрбір азамат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» деп атап көрсетті. Осы тұрғыдан Қазақстан территориясының жер-су атауларын зерттеу қазақ тіл білімін тың деректермен толықтырса, екінші жағынан ұлттық таным мен тілдік құбылыс арасындағы байланыс, тілдің тек коммуникативтік қана емес, мұрагерлік, танымдық, танытушылық қызметі мен ұлттық сананың дамуындағы жер-су атауларының рөлі секілді мәселелерді шешуге бағытталады. Соңғы 30-50 жыл көлемінде қазақ тіл білімінде топонимикалық, соның ішінде гидронимиялық (грек тіліндегі гидро – су, оним – атау, ат, яғни су атаулары) зерттеулер кең өріс алды. Демек, гидронимия – өзендер мен көлдер, көлшіктер, қайнарлар мен бастау, бұлақ, құдықтардың жиынтық атымен қоса олардың

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, sat.tom@mail.ru

қызметін, маңызын, шығу тегін, олардың құрылысы мен тарау шеңберін, дамуы мен өзгеруін зерттейтін ғылым саласы. Топонимика мен гидронимия мыңдаған жылдар жемісі. Олар халқымыздың бай тілінің негізінде жасалынып, халықтың тарихымен байланыста дамыды. Қазақстан географтарының мағлұматы бойынша, республика территориясында 85 000 өзен, 48 262 көл бары белгілі болып отыр. (Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1-т. 13-15-б).

Қазіргі таңда топонимика, соның ішінде осы күні жан-жақты зерттеліп келген гидронимдер туралы ғылыми тұжырымдар мен мәліметтер өте көп. Белгілі ғалым, профессор Т.Жанұзақовтың жер-су аттарына байланысты шыққан еңбектері қазақ тіл білімінің дамуына зор үлес қосып, халықтық этимологияның қыр-сырын ашты. Қазақ тілі жер-су атауларын, кей ретте түсініксіз, көпшілікке беймәлім көне атаулардың шығу тәркінін зерттеп-зерделеген профессор Т.Жанұзақов: «Ономастиканың бір бөлігі саналатын жер-су аттары (топонимдер) – ғасырлар жәдігері, тіліміз бен тарихымыздың құнды қазына байлығы, мәдени мұрамыздың бір бұлағы» деген. Топонимияның қалыптасу негіздері мен алғы шарттары, өзіндік ерекшеліктері В.Никонов, Э.Мурзаев, А.Суперанская, О.Молчанова еңбектерінде зерттелген. Топонимдердің лингвистикалық тұрғыда толыққанды зерттелуі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қолға алынды. Оған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мұрындық болып, еліміздегі жер-су аттары жүйелі түрде сөздіктерде түзілді. Оған Қазақстанның әр аймағына арнап шығарылған жер-су атаулары сөздіктері дәлел бола алады. Аталған ғылыми орда топонимдерді тек қолданбалылық тұрғыда қарастырмай, оларды жаңа ғылыми парадигма негізінде зерттеп, жаңа қырын ашты. Қазақ ономастары А.Әбдірахманов, Ә. Қайдар, Т.Жанұзақов, Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқашпаев, Ә.Нұрмағамбетов, О.Сұлтаньяев, В.Попова, Е.Керімбаев, К.Нұрмұхамедов сынды ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қамтылған. Қазақстанның Орталық, Батыс, Шығыс, Оңтүстік аймақтарының жер-су атаулары ономастикалық тұрғыдан зерттелуде. Атап өтсек, Көкшетау – О.Сұлтаньяев, Қостанай – Б.Бектасова, Қарағанды – А.Жартыбаев, Қызылорда – К.Сембиев, Павлодар – В. Попова, Шығыс Қазақстан – Г.Мәдиева, Оңтүстік Қазақстан – Қ.Рысбергенова, Б.Тілеубердиев, Атырау – М.Қожанов, Қ.Ө.Жүсіп, Өр Алтай өлкесі – Б.Бияров, т.б.

Жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінде 9-шы орынды алатын, табиғаты сан қилы өлкеміздің жер-суына ерте замандардан бері сан алуан атаулар қойылған. Қазіргідей ортақ келісім немесе көлденең көк аттының айта салғаны атау бола бермеген. Кең даланың табиғат ерекшеліктерін, әр төбенің, әр жыраның өзіндік сипатын жіті тани білген халқымыз көшпелі өмірлерінде жер жағдайын анықтайтын белгі ретінде атауды да соған лайық дәл тауып қоя білді. Осындай жер-су аттарының өзінен-ақ көп жағдайда ол маңның жер бедерінен, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінен (Шортанды, Шабакты, Бурабай, Құсмұрын, Марқакөл, Шағалалы теңізі) климат ерекшелігінен (Жылыкөл, Жылыбұлақ, Қатпасбұлақ, Мұздықөл) табиғат байлықтарынан мол мәлімет алуға болады. Қайсыбір атаулардың белгілі бір оқиғаға негізделі қойылуы да жиі кездесіп отырады. Мысалы, Шалсүрінген, Кемпірөлген, Түйекеткен (Жүнісов «Өзен-көл атаулары», 128), Қаракеткен, Қалмаққырған, Қызөлгенкөл, Райымбек батыр бұлағы, Байдалы көлі т.б.

Осындай тарихи аңызға айналған гидронимдерді адам түйсігінің, танымының жемісі деп білеміз. Мысалы, **Қаракеткен** (Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы) деп аталу себебі көне көз қариялардың айтуы бойынша «Қалияр шүнейіті» деген жерде ірі қара сиырдың суға кетуімен байланыстырады. Сол кездерден бастап «Қаракеткен бекеті» деп аталған. Бұл атау сумен тікелей байланысты. Ақсу-Жабағылы қорығындағы көлдің **Қызөлгенкөл** (Қыз батқан көл) деп аталу себебі, қазақ жерін басып алған жау әскерлерінің қолбасшысына халқын құтқару жолында өз өмірін қиған батыл қызды еске алу мақсатында Қызөлгенкөл деп аталып кеткен. Жаугершілік заманда батырлар мен алыптар соғыста мерт болып, өз қорғаушыларынан айрылған халықтың қорасынан малын алып, салық салған жау әскерлері ру арасындағы сұлу қыздарын еріксіз әйелдікке алған. Сол кезде елін аман сақтап қалу үшін өз еркімен жау жасағының қолбасшысына күйеуге шығып, мерт болған әдемі қыздың тағдыры туралы аңызды жергілікті халық әлі күнге дейін ұмытпаған (Қазақ жерінің жүз томы, III-том 27-31 б)

Райымбек батыр бұлағы да тарихи оқиғаға негізделген. Райымбек бастаған қазақ қолы қалмақтармен болған кезекті шайқаста Бұғыты тауы мен Торайғыр таулары арасындағы Көкпекті жазығынан өтіп, Торайғыр тауының етегіне қостарын тігеді. Қаншама күнгі ұрыстан қажыған әскер су іздеп, әлекке түседі. Шөл қысқан сарбаздар бір тамшы суды аңсайды. Сонда Райымбек батыр Аллаға сыйынып, іштей тілеу тілейді. Қолындағы найзасын жерге сіңіре қадап, суырып қалғанда атқылап, бұлақ суы шығады. Сол бұлақ Алматы облысының Қарақастек ауылында күні бүгінге дейін бар. Халық оны қасиетті бұлақ деп санайды да, құрметтеп «Райымбек бұлағы» деп атайды. Бұл аңыз екі түрлі айтылады. Батырдың жасағы бірде тау етегіндегі жартас арасында қалған болса, енді бірде

Жоңғар шапқыншылығы тұсында дұшпандарды қуып келе жатып құмға шығып кетіпті дейді. Тау болсын, құм болсын оқиға қазақ даласында жеңіске жеткен Райымбек батырдың ерлігін суреттейді. Осы шайқаста он сегіз рет жекпе-жекке шыққан Райымбек батыр жоңғар батырларын қырып салады (Қазақ жерінің жүз аңызы, IV-том, 45 б).

Гидронимдік атаулардан адам мен табиғат арасындағы байланысты, жаратылыстың жасампаз құдіретін, ұлттық дүниетанымның өзіндік ерекшеліктерін танып-білуге болады. Гидронимдерде эвфемизм мен діни нанымға байланысты атаулар да кездеседі. Эвфемизм – гректің «жақсы айтамын» деген сөзі. Сөздерді сыпайылап қолданып, сол жерге құрмет көрсетуден туып, табиғат сырына табынудан шыққан атаулар. Тіліміздегі біршама гидронимдер адамның табиғатқа деген эстетикалық көзқарасын, оны қадірлеп, қастерлеуінен және ескі дін сенім, нанымнан, табиғат сырын жете түсінбеушіліктен, әр нәрсені қасиет тұтудан, табынудан туған. Мысалы, Қарағанды облысындағы шағын көлге халық Ұлықөл деп ат қойған. Қостанай облысында Ұлықанкөл, Павлодар, Ақмола облысында Данабұлақ, Атасу деген өзендер, Қостанай облысында Әулікөл, Шайтанкөл бар. Әлем халықтарының көбінде тауға табынумен қатар, өзен, көлдерге, су көздеріне табыну да болған. Су мен табиғи су нысаналарына табыну қазақ киелі лексикасында киелі гидронимдердің пайда болып, көп мөлшерде қолданылуына ықпал етті, мысалы, Әулиебастау, Көз әулие, Әулие көл, Әулие сор, Әулие су, Балықшы әулие, Әулие құдық және т.б. көптеген атауларды келтіруге болады. Киелі гидронимдердің бұл лексика-семантикалық тобында тек "әулие" киелі таңбалаушы термині бар гидронимдер ғана емес, басқа да лексикалық негізі бар атаулар кездеседі. Көптеген фольклорлық гидронимдердің семантикасында мифологиялық, киелі уәж бар, имплицитті түрде ол нақты және о дүниенің аражігін бөлетін шекараны көрсетеді.

Әулікөл халық аңызында бір күн ішінде сарқылып жоқ болып, сол түні қайта толып, пайда болады екен. Халық бұл көлді «әулие» деп атауы тегін емес. Әдетте мұндай көлдердің емдік қасиеті болады. «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарыққа шыққан «Бабалар сөзі» жүз томдығының «Халық қазынасы» деген бөлімінде осыған қатысты **Шайтанкөл** туралы аңыздың төрт түрлі нұсқасы берілген. Бұл көл алғашқы кезде "Әулие көл" атанған. Баяғыда бұл көлді әулие мекендеген, суына беті-қолын жуған деп жұрт киелі су санапты. Жұма сайын қожа-молдалар бастаған байлар келген екен. Жағасында құдайға арнап мал сойып, құран оқысады. Шаншар ішінде Торсықбай дейтін қу болған. Бірде сол әлгіндей топтың үстінен шығады, құрбанға шалынған малдың мол етінен қарбыта асап, сары қымыздан сылқыта жұтармын деп жұтынады. Бірақ жуандар жырттық шапанды кедейді табаққа жолатпайды. Бұған қорланған қу ішінен "тұра тұрыңдар, бәлем!" деп кете барады. Бір күні әлгілер көлдің басына тағы жиналады. Шартық қарын шүй желкелер мол табақты алдарына енді ала бергенде жақын жерден үрейлі үн шығады. Артынша тастардың бірінен сақалы сала құлаш, шашы жалбыраған бір мақұлық селтиіп шыға келеді. Үрейі ұшқан қожа-молдалар күбірлеп дұға оқиды, бірақ әлгі пәле тайсалмайды, дауысын құбылтып, құтырынып жақындай береді. Сол кезде қатты үрейі ұшқан бір бай орнынан ұшып тұрып, көзі алақтап: – Ойбай, шайтан! – деп төмен қарай зыта жөнеледі. Қорқып отырған жұрт орындарынан қопарыла тұрып, тым-тырақай қашады. Оларды шайтан боп үркітіп жүрген Торсықбай ешкі терісінен жасаған кепті шешіп тастап, "пісімда" деп, жайрап қалған асты қолға алады. Содан бері Әулікөл осылай Шайтанкөл болып аталып кетіпті делінген («Бабалар сөзі» жүз томдығы)

Ертедегі адамдар бұлақтардың пайда болуын Пайғамбардың атымен байланыстырады. Сол бұлаққа «Пайғамбарлар тоқтапты, су ішіпті, сусын немесе ем керек болғандықтан, жер астынан шипалы су шығарыпты» деген аңыздар кездеседі. Мысалы, Қазығұрт аймағындағы Көктебе бұлағы қасиетті, емдік шипасы бар су көзі болып саналады. Көктөбе бұлағы төңірегінде Ана бұлақ, Ата бұлақ, Бала бұлақ, Қыз бұлақ сынды бұлақтардың орналасуында да мифологиялық астармен қоса отбасы құндылықтарын көруге болады.

Халық санасындағы киелі жерлердің бірі Әшімұлы Шайдарбек қажының «Өткен әзиз әулиелер» жинағындағы Балықшы әулие туралы мәлімет. Бұл әулиенің мүрдесі Теріскейден Түркістанға асатын Суындық деген жерде. Басында үлкен бұлағы бар. Бұлағында шүпірлеген балық. Суы тастай, шипалық қасиеті мәлім. Бұлақ басы ну тоғай-орман тал. Балығына ешкім тиіспейді, жем тастап ырым қылады. Ұстаған кісі жаманшылыққа кезігетін көрінеді. Қасиеті: жолаушыға ақ жол оңғарады. Тазалықтың, адалдықтың, ырыс-ынтымақтың дәнекері, батагөй рух. Тұсынан өткен жолаушы көлігінен түсіп, дұға қылмай, не түнемей кетпейді. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов 1959-1961 жылдары Оңтүстік өлкесіне үш рет сапар шегіп, Созақтағы Балықшы ата басында түнепті. Жазушы бұл сапары туралы деректі «Өскен өркен» романына енген «Оңтүстік сапарынан» жолжазбасында қалдырған (Әшімұлы Ш. «Өткен әзиз әулиелер»). Осындай киелілік көзі аталатын өзен көлдер қазақ

халқының мифке сену, табиғаттан тыс киеге табыну сияқты көзқарастарынан туындаған гидронимдер.

Сол сияқты, өте көне замандардан бастап адам баласы бір жерге орналасқанда, өз айналасындағы қоршаған ортаға ел аузындағы айшықты, ұтымды, ұғымды сөздерден ат қоя бастаған. Олар белгілеген әрбір атау белгілі бір мағынаға ие болады. Қазақ халқы өзен, көл, бұлақ, құдықтың өзіндік ерекшеліктеріне: орналасқан жері, жер бедері, айналасындағы өсімдік пен жануарлар әлеміне, мысалы, Бәйтерек – Қостанай облысындағы, Қына, Қарағайшық, Қамыстыкөл – Ақмола облысындағы, Таранкөл – Солтүстік Қазақстан облысындағы көлдер. Өсімдік атаулары әсіресе өзен ататрында жиі кездеседі: Жиделі, Теректі – Ақмола облысы, Қарағансай, Талды – Қарағанды облысы, Қияқты, Шілік, Қаратал, Қоғалыөзек, Көктал – Жезқазған облысы, Доланалы, Қапал – Талдықорған облысындағы өзендер. Шолақтерек – Шығыс Қазақстан облысы, Жарқайың, Қайыңдыкөл – Қостанай облысында, өзеннің ағыс жылдамдығы, ағысы, тереңдігі, көлдер: пішіні, ащы тұщылығы, мысалы, Ащыкөл, Ащықұдық, Ащылы өзені – Ақмола облысы, Ащытасты, Ащыбұлақ – Торғай облысы, Тұз – Павлодар облысы, Тұзқан – Оңтүстік Қазақстан облысы, Тұздықөл – Ақмола облысында жиі кездеседі, бұлақ көзінің қозғалысы, қасиетіне, құдық атауларын оның тереңдігі т.б. белгілеріне қарап атаған. Сөзге шешен қазақ халқы гидронимдердің мінезіне, сол жердегі қазба байлықтарына, тіпті түр-түсіне дейін мән берген. Табиғаттағы түр мен түстің барлығы әрқашан да бір заттың, құбылыстың түрін, түсін, өң-реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектелмейді, сонымен қатар түр-түс атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, не одан бүгінде алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды білдіреді. Солардың бірі – түстердің символикалық және танымдық қасиеті. Символика о баста көне гректің символ сөзінен шыққан, бүгінде әр түрлі идеяны, түсінікті, ұғымды, ойды, танымды, сезімді, іс-әрекетті білдіретін шартты белгілердің жиынтығы деген мағынаны білдіреді. Түр-түстердің де қоғамдық өмірде, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпында, салты мен санасында, белгілі этностың, тіпті жеке адамдардың түсінігінде де осындай символикалық мәні барлығы байқалады. Түр-түске байланысты наным-сенімдер барлық халықтарда да кездеседі. Сондықтан Қазақстан гидронимдері құрамында кездесетін сын есімдердің беретін ортақ қасиеттерімен қатар қосымша мағынасы да өзіндік ерекшеліктерге ие. Түр-түске байланысты әр дәрежедегі, әр алуан, әр үлгідегі атаулардың пайда болуына о баста себеп болған не деген сұраққа жоғарыда айтқандай, ең алдымен, жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге олардың көзқарасын, оларды сезінуі мен қабылдауы деп жауап берген болар едік. Гидронимдер құрамындағы түске байланысты айтылатын сын есімдердің семантикалық табиғаты да ерекше. Түсті білдіретін сөздер арқылы жасалған атаулар негізінен ақ, қара, қызыл, көк, сары, қоңыр, ала сөздерінің қатысы арқылы жасалған. Мысалы, Алакөл, Алабота, Қызылкөл, Қызыой, Қызылқайнар, Қызылсор, Сарыкөл, Сарықопа, Сарыала, Сарысу, Сарыбұлақ, Қызылсай, Ақсу, Ақжар, Ақмая, Қарасу, Қарасай, Қараөзек, Көксу, Бозшакөл, Бозкөл, Шұбаркөл т.б..

Ақ компонентті гидронимдер еліміздің кез келген жерінде жиі кездеседі. Мысалы, Ақсу, Ақбұлақ, Ақсай, Ақжайық (өзен Атырау қаласы), Ақкөл, Ақсуат, Ақжар, Аққайнар, Ақойкөл (СҚО, М.Жұмабаев ауд.), Ақсор (көл Павлодар обл.), Ақсай (өзен СҚО, Уәлиханов ауд.), Ақтүбек (көл Павлодар обл.), Ақжарық (өзен Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) . Әдетте, халқымыз өзінің ең қасиетті дүниесін аққа теңеген. Өлгенде де аққа орап шығарып салуының жөні бар. Тіпті үстіне кірген жауына да ақ беру осы түстің ерекше символикалық мәнге ие екендігін көрсетеді. Ақкөлдердің суы мөлдір, тұнық, жағалауындағы құмы ақшыл болып келеді. Күнделікті өмірде, шаруашылықта пайдалы, ауласа балығы бар, шомылса суы мөлдір, таза көлдерді халық Ақкөл деп атайды. Гидронимдер құрамындағы түр-түс атауларының түстен басқа да мағына беретіні А.Н.Кононов, Э.М.Мурзаев, қазақ ғалымдарынан Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Ғ.К.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, Ә.Нұрмағамбатов т.б. еңбектерінде кездестіреміз.

Профессор Т.Жанұзақ *Ақсу* атауы «судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне байланысты» деп дәл тауып айтқан» деген тұжырымды Ә.Қайдар да өзінің этнолингвистикалық сөздігінде көрсетті. Сондағы ақ сөзі оның түсіндегі айырмашылықтан басқа, ағысына да қатысты айтылатыны ғылыми дәлелдесе, І.Жансүгіров өлеңінде:

Ағынды менің Ақсуым,
Арқырап әлі ағасың.
Ақиланған ашумен,

Ақтарып асқар сабасын, – деп Ақсудың өр мінезін суреттеген. Шын мәнінде арқырап аққан Ақсу өзенінің түсі – ақ. Ақ деген түс халық дүниетанымында пәктік, адалдықтың белгісі. Сондықтан гидронимдердің атауынан астар іздеп, танымдық тұрғыда зерделеген дұрыс. Қазақ тіліндегі «ақ»

және «қара» түр-түс атауларының этнолингвистикалық сипатын зерттеген Ұ.Серікбаеваның еңбегінде егжей-тегжей айтылған. Қара компоненті тіркеске гидронимдер әр түрлі мағына береді. Мысалы, Қарақамыс, Қарасор, Қарақайың, Қаракөл, Қаракенгір, Қаратал, Қарасу, Қаратұз, т.б. мұндағы «қара» халық танымында көне, ескі, ну орман, жер асты суы. *Қараертіс* гидронимі құрамындағы қара сөзін ғалымдар «жер асты суларынан нәр алатын өзен» ұғымынан шығарады (Қойшыбаев,147). Біздіңше, бұл атаудағы қара сөзінің мәні дөп басып айтылмаған. Өйткені, біріншіден, Қараертіс қара жерден бастау алатын өзен емес, ол басын тұздан, тау мұздықтарынан алады. Екіншіден, халық арасында «Қараертіспен» қатар, «Акертіс» тіркесі де қолданылады. Ал тіліміздегі ақтың бай, төре, үлкен мағынасы, қараның – қарапайым, жұпыны мәні бар екені белгілі. Ендеше, Қараертістің құрамындағы қара – жұпыны, кіші ұғымында қолданылған сияқты. Қара сөзінің ақ сөзіне қарағанда қолданылу жағынан басымдығы тек қазақ тіліне тән құбылыс емес. Бұл процесс барлық түркі тілдерінде анық көрініс тауып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда келтірілген мысалдарды негізге ала отырып, географиялық атаудың пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес екендігін байқаймыз. Гидронимдер – адамзат түйсігінің (ойының), танымының жемісі. Жатқан жартасқа ат қоятын қазақты М.Әуезов «Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» деген. Кез келген топонимнің сыр-сипаты мен жасалу заңдылықтары болатыны белгілі. Топонимдер арқылы халықтардың өткен өмірі, қоныс аударулары, басқа халықтармен қарым-қатынасы жайлы тарихи деректер таба отырып, сонымен қатар топонимдердегі жан-жануарлар, өсімдік аттарынан сол аймаққа қатысты көптеген құнды мәліметтер білуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Қазақстан-2030, 2003.
2. Жанұзақ,2005, Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық).-Алматы:Арыс,2005.-256 б.
3. Жүнісов Д., 1991, Өзен-көл атаулары.-Алматы:Қазақстан 128 б.
4. Кононов А.Н., О семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии // Известия отд.общественных наук АН Тадж.ССР, 1954 №5, 83-85.
5. Койчубаев Е., Краткий толковый словарь топонимов Казахстана, Алматы 1974.
6. Серікбаева Ұ., Қазақ тіліндегі «ақ» және «қара» түр түс атауларының этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғыл.канд. атағын алу үшін диссерт.- Алматы 2003,131.
7. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1-т. 13-15-б
8. Қазақ жерінің жүз аңызы- Алматы: «Сораба» қоғамдық қоры. 2014. III-том 27-31, IV-том 45 б. Әшімұлы Шайдарбек қажы, «Өткен әзиз әулиелер» жинағы, Қызылорда «Полиграф баспа үйі»

ШАРШЫ ТОПТА СӨЙЛЕУДІҢ ТІЛДІК НОРМАЛАРЫ

2 курс PhD докторант **К.З.ЕЛШІБАЕВА*****Түйіндеме**

Мақалада тіл білімі саласының тарихын бүгінгі күнгі зерттеулермен байланыстыра отырып, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, оны дұрыс жолға қою мәселесін атап көрсетеді. Шаршы топта сөйлеудің кез келген түрі нақты бір тілдік тұлғаны қалыптастырады. Шаршы топта сөйлеудің аудиторияға іс-әрекет арқылы ықпал ету белгілі бір қоғамның мәдениетін тасымалдаушы әрі сол мәдениеттің тілдік ресурстарын қолданушы тілдік тұлғаға тікелей байланысты. Көпшілік алдында шешен сөйлей білу шеберлігінің болуы – екіншілік тілдік тұлғаның тілдік құзыреттілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Риторикалық дәстүрде басты мәселе – шешеннің аудиторияның қызығушылығы мен сұраныстарын назарда ұстауы мен этикалық ұстанымы болып табылады.

Отандық және шетелдік зерттеушілердің байқауынша коммуникацияның тиімді әрі әсерлі болуы адресат пен адресанттың арасындағы бірлестік, яғни тыңдаушылар өз ойларын ашық айта алуы, шешеннің ойларымен келісуі немесе келіспеуі, еркін түрде сұхбат жүргізе алуымен байланысты. Аудиториямен жақсы қарым-қатынас үшін шешен міндетті түрде тыңдаушылардың қызығушылықтары мен хабарламаға деген назарын үнемі бақылауда ұстау керек.

Сонымен қатар, мақалада шешендік өнердің нақты тіл тазалығы мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы дегенге назар аударылады және соңғы жылдары тіл ғылымы саласында өзекті болып отырған мәселе-тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті мен оның нормаларына ғылыми тұрғыдан талдау жасалады.

Тірек сөздер: риторика, адресат, тіл, шаршы топ, коммуникация.

LINGUISTIC STANDARDS OF SPEECH IN A CIRCLE GROUP**Abstract**

The article points out the problem of improving the culture of speech, its correct formulation in conjunction with today's studies of the history of the field of linguistics. Any kind of language speech in a subgroup (discourse) forms a certain linguistic personality. The influence of speech in the subgroup on the audience (discourse) is directly related to the person who carries out the culture of a particular society and uses the language resources of this culture. Knowledge of spoken skills in society is one of the key indicators of the language competence of the second language person. In the rhetorical tradition, the main problem is the ethical position and keeping in mind the speaker (speaker) interests and the needs of the audience.

According to observations of native and foreign researchers, the existence of effective communication is the relationship between the addressee and the receiver, that is, the listeners can openly express their opinions, agree or disagree with the speaker's opinion, arbitrarily conduct an interview. To develop good relations with the audience, the speaker should monitor the interest and attention of the audience to (the message).

In addition, the article focuses on the specific linguistic purity of oratorical art and the highest level of speech culture, and also analyzes from the scientific point of view language culture, speech culture and its norms, which in recent years has become an urgent problem.

Key words: rhetoric, addressee, language, subgroup (discourse), communication.

КІРІСПЕ

Тіл – адам қоғамының туындыларының ішіндегі асылдардың асылы, қымбаттың қымбаты, адамды адам еткен ұлы күштердің бірі. Ол қоғам тарихының барлық дәуірінде де оның күресі мен дамуының құралы, рухани өмірінің, бүкіл мәдениетінің тұтқасы болып келеді. Қоғамдық ой-сана, дүниетаным тіл арқылы ғана қалыптасып, жарыққа шығады, басқаларға беріледі.

Тіл – адам баласын қазіргі прогреске жеткізген ұлы да бірегей туынды. Осы себептерден де сөйлеу мәдениетіне жетілу, тілді дұрыс та, тиімді және шебер де тартымды пайдалана білу талабы көне замандардың өзінде-ақ басталған.

Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам, алдымен, тіл мәдениетін, жазу, сөйлеу шеберлігін дұрыс жолға қою, оны үздіксіз жетілдіре беру талабынан басталып отырған.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kelshibaeva@mail.ru

Байырғы замандардан пайда болған алғашқы грамматикалық топшылауларды «өнертабысы», «грамматикалық өнер» деп атау, грамматиканы сөйлеу, жазу өнерін үйрететін ілім деп анықтау, тілді шебер қолдануға, шешендікке үйрететін «риторика», «стилистика» деп аталатын ғылымдардың пайда болуы айтылғандарды дәлелдесе керек.

Тіл тазалығына, сөйлеу шеберлігіне қазақ халқы ерекше мән берген. Ғылым-білім дегендерден алыс жүрген замандардың өзінде де тіл өнерін – өнердің өнері, «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағалаған. Асылы, жақсы сөзді жанына азық ете білген, атқан оққа тоқталмаса да жүйелі сөзге бас иген, орнын тапқан екі ауыз сөзді ер құнымен теңестірген бір халық болса, ол қазақ халқы болар. Тіл ұстартқан халқымыз тіл өнерін мәпелеп отырып, сол қадірлісінің қадірін түсіретін, оған жауапсыз қарайтын, сөз мәнісін білмейтін көз жұмбайлыққа да жирене қарап, солардың атына да ащы, өткір сын айтқан. Мәселен: *Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық; аузына келгенді сөйлеу - ақымақтың ісі, алдына келгенін жеу – айуанның ісі, өсекшінің тілі қышып тұрады; іріген ауыздан - шіріген сөз шығады; Жақсы сөйлесе - аузынан гүл төгіледі, Жаман сөйлесе аузынан жын төгіледі* - деген мақалдар осындайларға айтылса керек. Сондықтан да «бауыздамай қан шығаратын», «мірдің оғындай өткір» ащы мысқылдарды тіл бұзушыларға, сөз жүйесін білмейтін бәтуәсіз адамдарға айта білген.

Халқымыздың бағзы заманнан келе жатқан осындай жақсы дәстүрі бұл күндері қайтадан жалғасын тауып (егеменді ел болғаннан кейін), ғылыми негізде дамытылып келеді.

Жаңадан «тіл мәдениеті», «сөйлеу мәдениеті» деген күрделі ұғым-түсініктер пайда болды, кейін оның арнасы кеңейіп, өзіндік бір мақсаты бар жеке ғылымға айналды. «Сөз мәдениеті» дегеніміз мағыналық өрісі кең дүние. Тіл жеке сөздерден тұрса да, оның әрбір сөзінде тура, ауыспалы, қосымша мағынасы болады (омоним, синоним, метафора). Мысалы: Ақындар «сөз» деп, поэзияны ұғынса, ұлы Абай «... сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деп, «сөз» деген ұғымды жаңа сападағы поэзияға байланысты қолданады. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп, жүректен шығатын әрбір ойды бейнелі де көркем, қысқа да нұсқа бір негізі – поэзияда екендігін нақты мысалдармен айқындап береді. «Сөз» деп – жеке адамның ой-пікірін де, сонымен қатар идеясын да айтады [1, 70-71].

Қазіргі таңда бізде тікелей шаршы топ алдында, не радио, теледидар арқылы сөйлеу – күнделікті өмір қажеттілігі. Күн сайын, сағат сайын, ертелі-кеш баяндамалар жасалып, хабар, мақала, өлең, әнгімелер оқылып, тыңдаушыларға кеңес беріліп алуан сала тәжірибелері айтылып жатады. Сөзсіз, олардың көбі мазмұнды, өткір, тілі орамды болып жатса, құба-құп. Мазмұнды сөзді адамның ақыл-ойын билейтіндей әуенмен, жарқын да айқын ырғақпен әрі тиісті ынта-жігермен оқып оқып не айтып жатса, нұр үстіне нұр. Олай оқылған хабарды, мәселен, радиохабарды құлағыңды тосып, елеңдеп, ұйып тыңдайтының даусыз.

Шаршы топта шешен сөйлей білу – тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғары сатысы. Аудиторияның жүрегі мен ақыл-ойын баурап алу, оның не нәрсеге болса да иландыратын қасиет шешен сөйлей білетін адамның ғана қолынан келеді. Сонымен қатар нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу.

Сөз бен тіл арқылы жасалған өнер ішінде шешендік тапқырлық сөздердің орны ерекше десек, соған лайық сөз өнерін жетік игерген адамдар сирек дарын иесі ретінде жоғары бағаланып, қай заманда да, қай қоғамда да үлкен сый құрметке ие болып отырған. Өйткені, нағыз ділмар: «Өзінің сөзімен қылмыскерді және алдамшы айыпкерлерді азаматтарға жек көрсетіп, жазалап құлатады, ол өзінің дарын күшімен кінәсізді соттан және жаладан арашалай алады, ол жасқаншақ адамды және жалпы халықты ерлікке жігерлендіреді, оны адасудан алып шығады, жексұрындарға қарап кекті тұтандыра алады, парасатты ерлерге қарсы күншілдікті өшіреді, ақырында ол бірауыз сөзімен, жағдай талап еткенде, адамның қандай болмасын құмарлық сезімін қоздырады баса да алады», - деген римдік Цицерон сөзін қайталап айту парыз [2].

Шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда тіл тазалығына ерекше назар аударған жөн. Таза сөйлеу – ой айқындығының белгісі. Бұған дәлел халық даналығындағы «адам аласынан сөз аласы жаман, от шаласынан өз шаласы жаман» деп айтылатын мақал.

Әрбір мәдениетті, білімді адамның ана тілін жақсы білуі – парыз. Ана тілін жақсы білген кісі сол тілде ойлап, сол тілде таза сөйлейді.


Таза сөйлеу дегеніміз – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеу. Бұл арадағы «бөгде сөз» дегеннің түсінігі өте шартты. Өйткені өзге тілден сөз қабылдамаған «таза тіл» болмайды. Егер өзге тілдерден ауысқан сөздер сол тілге сіңіп, сол халықтың тіл байлығына айналса, олар «бөгде сөздер» болып есептелмейді. Көптеген шетел халықтары

тілдерінің сөздері бұл күнде қазақ тілінің «қанына сіңіп» әбден жымдасып кетсе, оларды қолданып қазақша сөйлеушілерді кінәламауға тиіспіз. Абайдың «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы. Ол ақынның білімсіз бишарасы» үзіндегі «бөтен сөзді» халық қабылдамаған, тілдік дәстүрде жоқ, әдеби тілге енбеген сөздер деп ұғыну жөн.

Шешендіктанудың тарихында белді шешендердің орны ерекше. Олардың сөздерінің тілдік материалдары негізінде шешендік өнердің даму, қалыптасу үдерісін айқындауға болады. Шешендік өнердің тарихы қоғамдық ой-сананың даму тарихымен тікелей байланысты. Демек, жанды организм іспеттес болғандықтан қоғамда болып жатқан өзгерістерге түсіп, жаңадан пайда болып, жатуына орай, тілде де сөйлеудің әр түрлі стильдерінде көрініс беретін жаңа құбылыстар пайда болды [3, 64].

Төмендегі сызбада қазақ тілінің негізгі функционалды стильдері келтірілген. Бұлардың барлығына да қатаң түрде белгілі бір қарым-қатынас саласында ғана қолданылатын өзіндік ерекшеліктері, арнайы тілдік құралдардың жиынтығы тән.

1-сызба. Сөйлеу тілінің стильдері.



Стильдерді зерттеумен алғашқы кезекте жазбаша сөйлеу өнерімен байланысты стилистика ғылымы айналысады. Дегенмен де шешен іс-әрекетінде ауызша сөйлеудің жанды сөз формасы пайдаланылады.

Ауызша сөйлеу ерте пайда болған, сол себептен де жазбаша қарағанда үйреншікті әрі қолайлы. Психолог-ғалымдардың дәлелдеуінше, адамдардың басым көпшілігі оқып-жазғаннан гөрі, тыңдауды және ауызша сөйлеуді жөн көреді. Дыбысталу – тілдің өмір сүруінің нағыз табиғи формасы.

Ауызша сөйлеу кеңістіктегі уақытша кедергісіз жанды қарым-қатынас. Оған дәл бағыт, жүзеге асыру кендігі диалогтық сұрақ-жауап үлгісінде емін-еркін сөйлеу тән. Ол әрдайым нақты пікірлесушіні қажет етеді. Ол бірден-бір әсер ету мүмкіндігін туғызады.

Жазбаша сөйлеуге қарағанда ауызша сөз сөйлеу шешенге импровизация жасауға, өз сөзін нақтылауға, тыңдаушыларды олардың реакциясын, қызығушылығын ескере отырып, үздіксіз байланыс ұстанып әрі оны дамытып отыруға мүмкіндік береді.

Ауызша сөйлеуге әр түрлі функционалды стильдердің тоғысуы, өзара бірігуі, кірігуі тән. Шаршы топ алдында сөйлеу негізі әдеби-кітаби лексикадан құралады. Сөйленер сөздің көптеген түрлері (саяси сөз, лекция, баяндама) ғылыми және ресми-іскерлік стильдерге ыңғайлас келеді. Дегенмен де шешендіктің кез келген жанрындағы сөйленген сөздің ұтымды үзгі, әрі сәттісі публицистикалық, көркем әдеби және аузекі әңгіме стильдері элементтерінің белсенді де молынан қолданылуынан көрінеді. Бұларсыз шешен сөзінің эмоционалды әрі сенімді шығуы мүмкін емес. Қысқасы, қазіргі ауызша шешен сөйлеу тіліндегі құрылымдық формалар (пікіралмасу, лекция, кеңес, пресс конференция, баяндама, әңгіме сәтіндегі сөйленген сөздер) көбінесе алуан қалыптағы кезектесулер мен алмасулардан, аузекі сөйлеу тілі мен кітаби тілдің элементтерінің өзара иық тірестіре бірігуі мен кірігуінен құралады.

Бұл сияқты стильдердің алуандығы шешенге өз ойын діл білдіруге кең мүмкіндіктер туғызады. Сондай-ақ бұл шектеулік сезімді басшылыққа алуды, аузекі сөйлеуді шала сауаттылық пен вульгаризмнен шекараны анық көре білуді міндеттейді.

Патшаның тағынан, шешеннің бағын жоғары бағалап, сөз өнердің бүкіл өнердің бастауы деп таныған халқының даналығына көз жеткізу қажет. Сөз мәдениеті, біріншіден, сөзді дұрыс қолдану

(сөз дұрыстығы), екіншіден, сөзді бедерлі жұмсау(сөз шеберлігі) деген екі сатыдан тұрады. Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұстану дегенді білдірсе, сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты ғана көздемейді, сонымен қатар толып жатқан тілдік әділ амал-тәілдердің ішінен мағына, стилдік жағынан аса діл, бедерлі ұтымды түрін талғау дегенге сияды. Бұл жерге сөзге дұрыс не бұрыс деген үзілді-кесілді баға берілмейді. Сөз «дәлірек», «айқынырақ», «әлдеқайда лайықты», «орындырақ» деп бағаланады. Сөз мәдениеті адамның жалпы мәдениет-тілігінің, ойлау мәдениетінің жоғары болуын көздейді. Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту, оны талғампаздықпен жұмсау, үздіксіз үйреніп отыру, тілдік амал-тәсілдерді қарым-қатынас мақсатына сай қолдана білу – жалпы мәдениетке, оның ішінде, сөз мәдениетіне қойылатын аса қажетті шарттар. Осы шарттарға толық жауап беретін сөз шешендікке ұласады.

Сөйлеу тілінде функционалдық тармақтар болмайды. Сөз мәдениеті төмендеу адам кез келген коммуникативтік ситуацияда, ресми, бейресми қатынаста бір ғана сөйлеу тілінің нормасымен сөйлей береді, қарым-қатынас ситуациясының парқын ажырата бермейді.

Шешендік өнер сөз мәдениетіне тікелей қатысты жанр. Тіпті шешендік өнерді сөз мәдениетінің ең жоғарғы көрсеткіші деп тануға болады. Тіл білімінде «сөз мәдениеті» дегенде «тіл мәдениеті» деп атау орын алған. Бұл мәселе жөнінде тілшілердің арасында орныққан тұжырым әлі қалыптаса қойған жоқ. Дегенмен де «тіл мәдениеті» дегенге қарағанда «сөз мәдениеті» деп атасақ, мәдениеттің неге қатыстылығын және «тіл мәдениеті» негізінен «сөз мәдениеті», «сөзді орынды қолдану» деген ұғым-түсінікті білдіреді. Ал, «сөз мәдениеті» дегеннің ғылыми анықтамасына келетін болсақ, бұл мәселені қазақ тіл білімінде арнайы зерттеген ғалымдардың ғылыми пікірлерін басшылыққа алуға болады. М.Балақаевтың тұжырымы бойынша, «Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [4, 17] десе, Н.Уәли өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде, «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық» [5, 24], – деп анықтама береді. Ал тілші-ғалым Р. Сыздық: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыс-тау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дегенді айтады [7, 24-25].

Сөйлеу мәдениетіне ие болғысы келген әрбір шешен сөз ұсқынын қашырап орынсыз тіркестерден аулақ болғаны жөн.

Сөздердің өзара тіркесуі – олардың грамматикалық басты қасиеттерінің бірі. Сөз тіркесін стилистикалық тұрғыдан қарастырғанда, сөздер теңін тауып дұрыс тіркескен бе, жоқ па деген сұрақтарға жауап іздеуге тиіспіз.

Тіл мүкістігі сөзді, морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолданбаудан да, сөздердің синтаксистік тобын дұрыс құрай алмаудан байқалып жатады. Баспасөзде қолданған сөздер, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер қанша бедерлі, аударма дәлме-дәл болғанымен, жұртқа онша түсінікті болмаса, ондай «шеберліктің» құны жоқ.

Сөйлеу мәдениетінің тағы бір аспектісі – шаршы топ алдында сөйленер сөздің тіліне, шешен сөзіне қойылар белгілі бір талаптардың орындауында.

Сөздің дұрыстығы, қысқалығы, дәлдігі, логикалығы, сөз байлығы, эмоционалдылығы сөйлеудің негізгі коммуникативті сапалық белгілер шаршы топ алдында сөйленер сөздің ұғынықтылығын және жандылығын қамтамасыз етеді (2 сызба).

Сөз дұрыстығы грамматикалық тілдік норманы сөз қолданыс пен дыбыстау заңдылықтарын сақтауды, олардан орынсыз ауытқымауды қажет етеді (3 сызба). Сөз сөйлеу бірлігі, оның өзара үйлесімділігі тек қана сөз дұрыстығы арқылы қамтамасыз етіледі, онсыз өзге коммуникативті сапалық белгілер «іске қосылмайды»

Сөздің грамматикалық дұрыстығы туралы М.В.Ломоносов: «Грамматикасыз оратория – солғын, поэзия тілі – мүкіс, философия үстірт, тарих – ұнамсыз, юриспруденция – күмәнді», - деп жазады.

Тіл нормасынан ауытқу тек сөзді, сөз мағынасын түсінуді қиындатып, қана қоймайды, сондай-ақ ол шешенге деген сенімге селкеу түсіреді, тыңдаушыларды сөйленіп тұрған сөз мазмұнынан ауытқыта, сөз әсерлігіне, жандылығына жағымсыз әсер етеді. Демек шешен грамматикалық құрылыстың стильдік қызметі туралы білуі тиіс.

Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда тілдік жүйе – тілдік норма параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан проф. Р.Сыздық тілдік жүйе – тілдік норма – узус үшендерін бірлікте ала отырып, “узус” деген ұғымды тілдік жүйеден ауытқып кеткен, бірақ дағдыға айналған құбылыс” деп таниды [6, 11]. Мысалы, мынадай сөздерде тілдік “жүйе” мен “узус” сәйкеспейді: *-тұса – тұсаула емес, ертте – ерле емес, тізерле – тізеле емес, келтір– келдір емес, қозда – қозыла емес, сөйле – сөзде емес*. Тілдік жүйе мен норма сәйкес болса, *ерле, тізеле, қозыла* болар еді [5, 46]. Бұл жерде жүйеге сәйкес болмаса да, тілдік узус норма деп танылады.

Шешен сөйлеудегі ойлар мәселенің бірі – грамматикалық тәсілдерді қалай пайдаланғанда ойымыздың дұрыс шығатындығы. Бұл мәселе – стилистика ғылымының да үлесі.


Лексикалық норманы бұзу (сөз қолданыстағы қателік, диалекті және жаргон сөздерді орынсыз қолдану, тұрақты сөз тіркестерін бұзу және т.б.) шешеннің сөз сөйлеудегі мақсатына жетуіне кедергі келтіреді.

Сөз қолданудағы стильдік қателердің бір түрі – қайталауларға жол беру. Әдетте ысылған шешен сөзді қайта-қайта айтып, жұртты ығыр қылмайды, бір сөзді бір сөйлемде мүмкіндігінше екі рет айтпауға тырысады. Шешен үйреншікті сөздерді қайталай бермеуді өзі қадағалап отыру керек. Шаршы топ алдында сөз сөйлеуде мұндай стильдік қателерден аулақ болу үшін шешен қазақ тілінің синоним (мәндес) сөздерін кең түрде пайдаланады. Сонымен қатар, сөз сөйлеудің маңызды сапалық белгісі – оның қысқалығы, яғни аз сөзбен көп мағына білдіру.

Жоғарыда аталған ғалымдардың тіл мәдениетіне қатысты анықтамаларына көз жүгірте отырып, лингвистикалық нормаларды сақтаған сөзді дұрыс айту мен дұрыс жазуды берік ұстанған, сол арқылы көңілдегі көрікті ойдың айқын, әсерлі жетуі мен екі ұдайы ойдың болмауы шешендікке тән көрсеткіштер екендігін анық байқауға болады.

Шешендік сөз тыңдаушылардың санасына да, сезіміне де әсер етуді көздейді. Эмоциональдылық – шаршы топ алдында сөйленер сөздің рациональды мазмұнын қабылдауға және меңгеруге көмектесетін аса табиғи да, сонымен бірге өте қажетті де сапалық белгі. Ғалымдардың анықтауынша, сөздің эмоциональдылығы ойлау, назар аударту механизмдеріне жағымды әсер етеді. Кейде бұл коммуникативтік сапаны «сөз бейнелігі» немесе «мәнерлігі» деп те атайды.

2-сызба. Шаршы топ алдында сөз сөйлеу тіліне қойылатын талаптар



3-сызба. Тілдік норма.

Тіл – «дайын ойды» жеткізу құралы Ғы ғана емес. Сонымен бірге ол ойдың пайда болу, қалыптасу құралы. Көрнекті орыс психологы Л.С. Выготский, ой сөз түрінде айтылып қана қоймады, сондай-ақ сөз түрінде іске асады десе, XIX ғ. бірінші жартысында дүниеден өткен немістің аса ірі тілші ғалымы Вильгельм Гумбольдт тілді «ойды құраушы орган» – деп, оның дүниетанымдық функциясы мен ақпараттық қызметі туралы айтады [8, 33]. **Шешен бейнесі жеке тұлғалық ерекшеліктермен шектелмейді. Ол ел-жұрттың өмір-салтынан, замана талабы секілді көптеген факторлардың, ықпалдардың нәтижесінде қалыптасатыны айқын. Әр заманда шешендердің өз келбет-кейпі, бейнесі жасалғаны да - шындық.**

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ашимбетова Р.Д. Журналистің тіл мәдениеті.-Павлодар: ПМУ.2010.-96 б.
2. Цицерон.Три трактата об ораторском искусстве.М.,1972.-321стр.
3. Қыдырашев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.-А, 2000. 270 б.
4. Балақаев М.Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері.-А.,1965.186б.
5. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті.А.,-1984. 205 б.
6. Сыздық Р.Тіл мәдениеті және оның проблемалары.-Астана:Елорда,2001.230б
7. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы).-А.«Ел-шежіре», 2014.292 б.
8. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языку о знанию.-М, 1984.-с 307-323.

«ШАҢЫРАҚ» КОНЦЕПТІСІНІҢ СИМВОЛДЫҚ СЕМАНТИКАСЫМагистрант **З.Ж.ЖОРАБЕК*****Түйіндеме**

Мақалада «Шаңырақ» концептісінің символдық семантикасын жан-жақты ашу жайында сөз болады. Шаңыраққа байланысты халық арасында елдің тарихы мен салт-дәстүріне, ойлау жүйесіне, материалдық және рухани мәдениетіне байланысты сақталған мол ақпарат жиналған. Алғашында заттық-бейнелік концептіге негіз болған қазіргі кезде «отбасы» «қара шаңырақ», «босаға», «табалдырық», «ел», «мемлекет» т.б. концептілерді біріктеретін ұлттық-мәдени тұжырымдамаға айналу эволюциясы дәйектеледі. Аталған тұжырымдамаға негіз болатын концептілер айқындалып, жүйеленді. Қазақ халқының танымындағы «Шаңырақ» концептісіне қатысты қазақ халқының көзқарасын, сезімін, психологиясын, сан иірімді ерекшеліктерін тануға, қазақ мәдениетіндегі орнын айқындауға мүмкіндік беретін тілдік бірліктер, лексико- фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер, халық ұғымында қалыптасқан ұғым -түсініктер, қазіргі көркем мәтіндердегі, прецеденттік мәтіндердегі, мифология мен сакральды жүйедегі, топонимдердегі, т.б. «Шаңырақ» концептісін дәлелдейтін деректер зерделенді.

***Тірек сөздер:** «Шаңырақ» концептісі, символдық семантикасы, рухани мәдениет, тілдік бірліктер, лексико-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер, қазіргі көркем мәтіндер, прецеденттік мәтіндер, мифология, сакральды жүйе, топонимдер.*

SYMBOLIC SEMANTICS OF THE CONCEPT «SHANYRAK»**Abstract**

The article gives a comprehensive introduction to the symbolic semantics of the concept "Shanyrak". Thanks to Shanyrak, the population has accumulated extensive information about the history, traditions, mentality, material and spiritual culture of the country. Originally, the "family" was based on the concept of materialism, such as "black shanyrak," "barefoot," "threshold," "country," "state," the evolution of convergence of national and cultural concepts. Concepts based on this concept were identified and systematized. Kazakh people tanımındaғы konceptisine "marries" the attitude of the Kazakh people, the feeling, psychology, recognizes many features of the shaft, which allows to determine the location of the culture units of the Kazakh language, leksiko- phraseology, people concept concept -tүsinikter case in modern literary texts, texts, mythology and sacral system , place names, etc. The data confirming the concept of "Shanyrak" were studied.

***Key words:** Shanyrak's concept, symbolic semantics, spiritual culture, linguistic units, lexico-phraseological, paremological units, modern art texts, precedent texts, mythology, sacral system, toponymy.*

КІРІСПЕ

Көшпенділер өркениетнің, оның ішінде қазақ халқының әлемдік дамуға қосқан сүбелі үлесінің бірі боп саналатын – киіз үйдің бөлшегі шаңырақ атауының халқымыздың тілдік санасындағы бейнелеу дәрежесі, тілдік санада концепт форматына түскен бұл құрылымның лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық-мәдени концепті дәрежесіне көтерілуін зерделеу аталған жайтты тілдік деректер арқылы дейектеу болып саналады.

«Шаңырақ» концептісі ерекше лингвомәдениеттік тілдік көрінісі бар, әрбір ұлтқа тән өзіндік мәдени ерекшеліктері байқалатын түркі тілдеріндегі, қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының санасында берік орын алған жоғары құндылық категориясын құрайтын концептілердің бірі. Концепт құрайтын жалпыұлттық құндылықтарды түсіндіре алатын ұғымдар екі бағытта зерттеледі: когнитивтік және рухани-мәдениеттанушылық. Концептіні түсінудің лингвокогнитивтік және лингвомәдени бағыттары

*ҚазМемҚызПУ, zubaika.96@mail.ru

бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, бірін - бірі толықтырады, бір құбылыстың екі жағын: сөздің мағыналарын бірге қарастырады.

Лингвокогнитивтік концепт – санадағы ақиқат дүниенің құндылықтарын көрсетуші құрал санадан мәдениетке бағытталады, ал лингвомәдениеттік концепт – ақиқат дүние бейнеленген кез келген санадағы тіл мен мәдениеттің өзара әрекетінің көрінісі мәдениеттен санаға бағытталады.

«Концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз. Мысалы, қазақ халқы үшін *киіз үй, шаңырақ, қамшы, ту, дала, кеш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар* т.б сөздер лингвомодени бірлік ретінде ұлттық - мәдени концепт деп таныла алады. Ал В.А.Маслова орыс халқы үшін *баспалдақ, қоңырау* лингвомодени бірлік ретінде мәдени концепт деп танылатындығы айтады. «Балалық шақ» концептісі *қара борбай кез, шыбықты ат қып мінген кез, балық аулаған кез* деген ситуациялармен беріледі. Соның ішіндегі «қара борбай кез» лингвомодени бірлік ретінде ұлттық-мәдени таным тұрғысынан концептілік құрылымның бір компонентін құрап тұр.

Адамды жан-жануардан ажыратып тұратын көп қажеттіліктердің бірі – символдық қажеттілік. Адам өмір сүріп отырған орта тарихқа, рәсімдерге бай. Символдар адам санасының жемісі болып табылады. Адам суретті, образды символдың негізінде дүниенің символын жасайды.

Көне грек тілінде символ «жеке куәлік» деген мағынаны білдірген. Оның символы ретінде шыны ыдыстың сынығы қолданылған. Үйге келген қонақты шығарып саларда көне гректер достық мақсатта сынған ыдыстың бір бөлігін қонаққа беріп, екінші бөлігін өзіне қалдырып отырған. Бірнеше уақыттан кейін қайтып келген қонақты сол шынының сынығы арқылы танып отырған.

Символдарға деген қызығушылық тек лингвистикада ғана емес, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифопоэтика, фольклористика, мәдениеттану т.б. ғылымдарында да жоғары. Символдар жайлы А.Потебня былай дейді: «Халықтың көзқарасына сәйкес тіл ғана символдарды бір жүйеге келтіре алады» [1].

С.С.Аверинцев «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» символ сөзіне мынадай анықтама берген: «Өнерде символ – көркем образдар мен таңбаларды салыстыру нәтижесінде пайда болған эстетикалық категория» [2].

Көшпенділердің тұрғын үйін дамыту барысында түбегейлі кезең тік қабырғалардың жиналатын әрі буындарға бөлінетін қаңқасын ойлап табу болды. Бұл сындарлы шешімді киіз үйдің дәстүрлі түрін жасап шығару барысындағы басты шешім еп тануға болады. Тұрғын жайдың құрылымының өзгеруі зерттеушілердің айтуынша, Алтай, Тарбағатай, Тяньшань аймақтарында пайда болса керек.

Түркі киіз үйінің моңғол киіз үйінен елеулі айырмашылығы бар. Егер түркі киіз үйінде шынайы күмбездік тоғыспа жасау міндетті шешімін тапса, (ал шатыр уықтарының иілмелігі мен ішкі кеңестікті кеңдігі осыдан келіп шығады), керісінше, моңғол киіз үйі жалған, яғни кермесіз күмбез түзеді. Моңғол киіз үйінің шаңырақ уықтары тік болады да, олардың бір ұшы өз кезегінде орталық ішкі бағаналарға бекітілетін, жарық пен түтін шығаруға арналған шеңберге тіреледі. Сол себепті моңғол киіз үйлерінің тік қабырғалары аласа(бір жарым метр шамасында), тоғыспалы өңіс және соған сәйкес биіктігі шамалы. Мұның бәрі ішкі тіреулердің ұзындығы мен салмағын көбейтпеу үшін жасалады. Батысқа қарай жылжу барысында моңғолдардың өз киіз үйінен бас тартып, түркі киіз үйінің қабылдауға мәжбүр болғаны кездейсоқ емес. Өзінің ежелгі бейнесін моғол киіз үйі негізінен Моңғолияда сақталған.

Киіз үй жасаушы шеберлерінің бірнеше буын еңбегінің нәтижесінде киіз үйді жергілікті жағдайларға бейімделген, көші – қонға ыңғайлы етіп жасады. Қазақтардың, қырғыздардың, қарақалпақтардың, түркімендердің, ноғайлардың, башқұрттардың, алтайлықтардың мәдени мұра үлгілерін бейнелейтін, түркі тұрпатындағы киіз үйлердің толып жатқан нұсқалары жасалды.

Қазақтың киіз үйі қазақ халқының өзімен бірге өмірге келіп, өмір бойы бірге жасасып келеді. Қазақ халқы үшін қандай да бір зат жасауға материал жарамды болуы үшін ол физикалық талаптармен қоса, символикалық талаптарға да сай келуі керек болған. Материал адамдардың сыртқы тіршілікке берген өмір, қуаныш, тазалық, бақыт тағы басқа да жағымды ұғымдарға сәйкес келсе ғана оны зат жасауға қолданған. Ертедегі қазақтардың затты жасау әдісі Құдайдың Әлемді жасау жобасының үлгілерінен туған, белгілі бір зат жасарда өзінің «Қолбасшысы», дем беруші Құдайын ұмытпаған. Нақтырақ айтсақ, қазақ халқы табиғатпен етене жақын болғандықтан, табиғат жасаушы (беруші, өндіруші) бастама ретінде қабылданады. Адам өз тіршілігі үшін (егіннің түсімі, мал басының өсуі) табиғатқа тәуелді болды.

Қазақтың осындай байлығы мен сән-салтанатының куәсі болған киіз үйлер тәркілеу, соғыс, аштық, колхоздастыру сияқты жауыздық әрекет салдарынан құрып кетті. Сөйтіп, XX ғасырда қазақ мәдениетінің баға жетпес мұрасы – киіз үйдің құны мен маңызы төмендеді. Оның орнына кеңестік тәсілмен қалай болса солай жасалған, бір-екі жылдан артық тігуге келмейтін, қара құрым жабылған сапасыз бірденелер көптеп шығарылды да, ол киіз үй атты қасиетті, құтты орынның құнын түсірді.

Киіз үйдің түрлері мен құрылысы: Киіз үйдің қазақы және қалмақы деп аталатын екі түрі бар. Қазақы үйлер дөңгелек, толық күмбезді болады ды, қалмақы түрінің төбесі шошақтау келеді. Қазақы үйлер бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы, қара үй (үш қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқан (18 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп аталатын түрлері бар. Сол сияқты көшіп-қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық жұмыс ретінде бейімделген үй түрлері болады. Олар қос, абылайша, күрке, кепе, итарқа, жаппа, жолым үй, ас үй, қалқа деп аталады. Жаңа үй болған жас шаңырақты «отау» дейді.

Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді: Төр. Үй ішіндегі ең құрметті орын, мұнда жүк жиналады, қонақтар отырады. Бұл – киіз үйдің жоғарғы әрі сыйлы орны. Жас келіндер төрге шықпайды. Сол жақ (кіргенде оң жақ) – үй иесінің отыратын және жататын орны. Босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқтар тұрады. Оны шимен жауып қояды. Оң жақта (кіргенде сол жақ) – балалар орналасады. Босаға жаққа қарай ер-тұрмандар, киімдер ілінеді. От орны қасиетті орын болып саналады. Мұнда от жағылады, қазан асылады. Киіз үй негізгі 3 бөліктен құралады: Үйдің сүйектері (ағаштан тұратын бөліктері). Киіздері (ши де осыған кіреді) Бау-шулары (баулары мен басқұр, арқандары) Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағдайына үйлесімдігі сондай, оны үлкейтіп, кішірейтіп, тіпті бір-біріне қосып, екі-үш бөлмелі етіп тігуге де болады. Туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, жауында су өтпейді. Кейде қыстан киіз үймен шығатын қазақтар туырлықты екі қабат етіп жабады. Үй іргесін шөппен бітеп, айналасын қамыспен шалылап, қоралайды. Көбінесе қопалы, қамысты жерді паналайтындықтан, жел де көп болмайды. Міне, осындай үйде ел даңқын асырып, намысты қолдан бермеген данышпандарымыз бен батырларымыз туып-өскендігін мақтанышпен айтуға болады. Әрісі Керей, Әз Жәнібек, Тәуке хан, хан Абылай, Кенесары, ұлы Абай; ғұламалар Ахмет Байтұрсынов, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезовтердің кіндігі осы киіз үй ішінде кесілген.

Шаңырақ – киіз үйдің қасиеті, киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағың биік болсын» деген тілек бар. Киіз үй шаңырағы тоғын, күлдіреуіш, кепілдік деген бөліктерден тұрады. Тоғынды, яғни шеңберді, қайыңнан оюлап, өрнектеп жасайды, жиілеп қаламдық ояды. Күлдіреуіш шаңырақ күмбезді жасайды. Кепілдік күлдіреуіштің орнынан қозғалып кетпеуі үшін қызмет етеді. Үйші үй сүйегін толық жасап болғаннан кейін, оны қызыл түсті жосамен немесе қызыл, көк бояулармен бояйды. Егер үй қайыңнан жасалса, оны өсімдік майымен майлайды. Ол ағашқа піл сүйегі түстес оң береді, әрі оған су сіңбейді. Салтанатты ордалардың шаңырағын, уығын, кереге басын, маңдайшасын оюлайды, өрнектейді. Ауқаттылар күміспен, сүйекпен, мүйізбен әшекейлейді. Үй сүйегі әзір болған соң, оның киіздері жасалады. Киіздері кереге бойына туырлық, шаңыраққа дейін үзік, шаңырақты жабатыны түндік және киіз есік деп аталады. Олар қойдың ақ күзем жүнінен басылады. Ертеректе қазақта қой көп, сондықтан киіз үйге қажетті материал жеткілікті болған. Оның әзірлеу, дайындау, пішу жолдары ұзақ бір ғылыми этнографиялық шығармаға лайық. Киіздер құр, баулар, арқылы тұтылады. Олар туырлық-бау, түндікбау, үзікбау, желбау деп аталады. Туырлық пен үзіктердің өзара айқасатын жерін жабық дейді. Туырлық пен үзікбаулары кестелі, оюлы жалпақ құрдан жасалып, үйге көрік беріп тұрады. Киіз сыртынан жел көтермес үшін екі белдеу арқан тартылады. Үйге қолданылатын арқан түрлері де көп. Шаңырақта желбау деп аталатын ою-өрнекті, 4 шашақты бау болады. Ол желді күні шаңырақты бастыруға, көшкенде байлауға аса қажет. Жай күндері үйге әсемдік, көрік беріп тұрады. Үй киіздерін әзірлеп болғаннан кейін, оны ақ бормен немесе күйген сүйекпен борлайды. Бұл әдемі ақ түс береді, әрі киіздердің берік болуына, су, ыстық, суық ауа өтпеуіне едәуір әсер етеді. Киіз үйдің бір бөлшегі – кәдімгі ши. Оны жүнмен орап, кілем, текемет түсіндей оюлармен безендіріп тоқиды. Оны «шым ши» дейді, ораусыз шиды «ақ ши» дейді. Ши кереге мен туырлықтың екі ортасына келеді. Оның әсемдікке әрі жылылыққа әсері мол. Сондай-ақ ши тұрғанда сырттан құрт-құмырсқа, кесіртке, жылан, тағы басқа жәндіктер кіре алмайды.

Киіз үйдің негізгі жиһаздары кілемдер мен түс киіздер, сандық, жер қомшалар. Жоғарыда айтып кеткендей қазақтар жасаған заттарына үлкен мағына беріп отырған. Мысалы, осы кілемдер мен түс киіздердегі өрнектерге бір сәт көз салсақ осының өзі бізге қазақтың өткен өмірі туралы біраз әңгіме айтып береді. Қазақтың ою - өрнектеріне қарай отырып, осы мәдени мұраның ертедегі сақ, үйсін, ғұн тағы басқа көшпенді тайпалардың мәдениетімен байланыстыруға болады.

Шаңырақ қазақ халқының күнделікті тіршілігінде, мәдени өмірінде ерекше орынға ие болуымен қатар, ол ұлттық санамызда сан түрлі қырынан танылып, тілімізде де өзіндік көрініс тауып келеді. Негізінен, тілдік ұжым шаңырақты ең алдымен киіз үйдің құрылымдық бөлігі ретінде қабылдап, одан соң ақиқат дүниені, қоршаған ортаны тану арқылы оған жақын мағыналармен байланыстырып танымдық, тілдік тұрғыда бейнелейді. Шаңырақ – киіз үй уықтарының басын біріктіріп, ұстап тұратын ағаш шеңбер. Шаңырақты, көбінесе, жергілікті жерде өсетін қайың, қаратал, жиде, үйеңкі, тораңғы ағаштарының иіні бар тұтас немесе 2-3 бөлек кесіндісінен құрастырып жасайды. Этнографиялық деректердің көрсетуінше, шаңырақтың диаметрі үйдің үлкен - кішілігіне қарай әртүрлі болады. Ел ішінде ең жиі кездесетін шаңырақ диаметрі 1-1.8 метрдей болып келеді. Кейде диаметрі екі метрге жететіндері де болады. Шеңбер ағашының (тоғынның) ұзындығы шаңырақ диаметрінен үш есе артық, яғни шамамен көбінесе 3-5 метр болады. Шаңырақтың берік әрі әдемі болуын қатты ескеретін жақсы шеберлер оны тұтас, түзу қайыңнан иіп жасауға тырысқан. Сондықтан қазақ елінің қайсібір аудандарында құрама шаңырақ сирек жасалған. Шаңырақ жасауға арналған ағаштардың табиғи иіні шебердің ойлаған шеңбер пішіні мен көлеміне сай келмейді, тек жобалау жұмысын жеңілдетеді.

Мәдени - тілдік ұғымда шаңыраққа байланысты лексика-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен прецедентті мәтіндер көп кездеседі. Сондықтан «шаңырақ» ұғымы дәстүрлі дүниетаным, наным-сенім, салт-дәстүрге қатысты этномәдени ақпараттардың кешенді жүйесін қамтиды. Осындай ерекшелігіне орай қазақтың байырғы тұрмыс салтында киіз үйдің басқа бөліктеріне қарағанда шаңырақ ерекше ұғым-түсініктерді қамтып, символдық мәнге ие болған.

Қазақ тілінде шаңыраққа қатысты бір қатар тұрақты тіркестер бар: «Шаңырағың биік болсын!», «Шаңырақ көтерді», «Шаңырағы ортасына түсті», «Құлаған шаңырағын қайта көтерді» және т.б. Бұл қазақтарда жанұя ұғымының шаңырақ ұғымымен тығыз байланысты екендігін дәлелдейді. Тіпті синоним сөз ретінде қолданыла беретінін көріп отырмыз. Шаңырақтың киіз үйдің негізгі элементі ретіндегі сакралдық маңызын түсінген адам қазақтар үшін жанұяның қаншалықты құнды, киелі орта екендігін біледі.

Шаңырақ – көк әлемінің символы. Қазақ арасында сақталған мифтік ұғым бойынша, ғалам жазық кеңістікте төрт тарапқа, тік кеңістікте төрт тарапқа, тік кеңістікте үш әлемге (төменгі әлем-жер асты, ортаңғы әлем-жер беті, жоғарғы әлем-шексіз аспан) бөлінген. Әдетте, көк әлемі дегенде ең алдымен көк аспан мен Күн ойға оралады, яғни шаңырақ әрі көк күмбезінің әрі күннің символы болып табылады. Көк күмбезі мен күннің кішірейтілген мәдени нысандағы бейнесі-шаңырақ (оның шеңбер және күмбез пішіні) мәңгілік өмірді, жалғастықты, мейірім-шапағатты танытады. Адамның денеден бөлініп шыққан жаны да мәңгілікке шаңырақ арқылы ұшып кетеді. Кейбір байырғы сәулет-құрылыс кешендерінің күмбезіндегі шеңбер бейнесіндегі ойық пен арба доңғалағын бекітіп қою ғұрпын осындай семиотикалық табиғатымен ұштастыруға болады.

Шаңырақтың символдық семантикасын сөз еткен зерттеуші Г.Сағидолла былай деп тұжырымдайды: «Көшпелілер дүниетанымында киіз үй – ғаламның кіші бейнесі (микрокосмос)». Шаңырақ – жер-жаһанның үстінен төңкеріле төнген көк әлемнің кішірейтілген көшірмесі. Шаңырақтың шеңберіне доғаша иілдіріп әкеліп қосылған күлдіреуіш - ғарыш пен адам бірлігін бейнелейтін шеңбердегі айқасқан түзулер. Шаңырақ және оның көздеріне қаламдала енген уықтар – жер-жаһанды жарықтандырып тұрған Күннен таралған сәулелер. Шаңырақ пен уықтар бірігіп келіп ғарыштық кеңістіктің символдары болмақ...

Шеңбер құпия сыр бүккен белгісіздіктің, шетсіз-шексіз кеңістіктің, мәңгілік өлшеусіз уақыттың көшпелілер санасында қалыптасқан таңба – белгісі десек, ұрпақ жалғастығын, ру тектің өміршеңдігін я болмаса тоқтауын, тоқырауын, жоғалуын, жойылуын бедерлейтін символдық мағына қазақ түсінігінде шеңбер формалы шаңырақ ие. Үш - үштен айқастырылып қосылған түзу сызықтың (күлдіреуіш) бір шеңбер бойына (шаңырақ шеңбері) тоғыстырылуы – жеті атаның бір шаңырақ астынан өрбіп-өнген ұрпағының бірлігін, яғни рулы елдің тектік бірлігін көрсетеді».

Шаңырақ - мемлекеттің, жанұяның бастапқы символы. Шаңырақ – күн дөңгелегі. Ол айналып жүрген күннің, ал оның уықтары сәулеге ұқсас динамикалық суреті, шаңырақ күн қозғалысын көрсететін дала сағаты. Шаңырақ - отбасының, одан да асыра алғанда бүкіл адамзат ұясының нышаны. "Шаңырақ" ұғымының әлеуметтік мәні зор. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы - дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған.

Сондықтан да лингвистика ғылымындағы антропоэкеттік парадигмаға сәйкес, тілді тек лингвистика ғылымының аясында емес, тарихи, мәдени, әлеуметтік, қоғамдық, психологиялық т.т.

аспектілермен байланыста зерттеу қолға алына бастады. Соған сәйкес, тілдік бірліктер мен әдеби мұраны тек филология ғылымының емес, мәдениеттану, елтану, әлеуметтану т.б. ғылымдар тоғысында зерттеудің өзектілігі арта түсті. Осыған орай, ұлт санасының тереңде жатқан менталдық құрылымдары мен ұлтқа, адамзатқа тән адами құндылықтар жүйесінде өзіндік орны бар тұжырымдамаларды айқындау – кезек күттірмейтін мәселе. Осындай тұжырымдамалардың бірі ретінде «Шаңырақ» ұғымы көшпелі халықтар, соның ішінде қазақ халқы үшін де, қазақстандықтар үшін де айырықша символдық мәнге ие.

Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы - халықтың әл-ауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам. Ал шаңырақ бейнесі бар логотипі бірліктің мазмұны. Ол қазақтың ұғымындағы бірлік пен қауымдастық белгісін бейнелейтін әлем аллюзиясының бірігуі мен үндесу идеясын көрсетеді. Бұнда шаңырақтың стилизацияланған суретін пайдаланған.

Шаңырақ:

- біріншіден, киіз үйдің басты бөлігі, киіз үй мен көк әлемінің арасын қосып тұратын қасиетті ұғым;

- екіншіден, «ата-баба - әке-шеше – бала...» бірлестігі мен ұрпақтар сабақтастығын, отбасылық сыйластық пен дәстүр мен қадір-қасиетті айқындаушы киелі мәдени ұғым.

- үшіншіден, отбасы - әулет –ру, ел- мемлекет ұғымдарын сыйғыза алатын үлкен коннотаттық мәнге ие әлеуметтік ұғым;

- төртіншіден, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеологиялық құрал болуға ең әлеуеті зор ұжымдық сипаттағы, қоғамдық ұғым (қазақ – «шаңырақ», уық – «этностар», кереге – «ынтымақ»).

Қорыта айтқанда, шаңырақ – көшпенділік өмір салты туғызған кәрі тарих жәдігері, рухани мәдениет үлгісі, ата-бабалардың асыл аманаты ғана емес, болашаққа бағдар болып, ұлт болып ұйысудың, бірлік пен берекенің, ұлт пен мемлекеттің баға жетпес құндылығы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Потебня А. Символ и миф в народной культуре. –М., 2000.
2. Талпақ танау, Ғ.Мүсірепов, Жазушы баспасы, 1980. 264 бет
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның автореф. – Алматы, 2007\
4. Оразов М. *Қазақ тілінің семантикасы* - Алматы : Рауан, 1991. - 216 б
5. Ислам Айбарша. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004. – 251 б.
6. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: Автореф. дисс. ... филол.ғ.д. – Алматы, 2004. – 50б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
8. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966.- 208б.
9. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 бет. 272 б.
10. Ермеков Н. Назар-Есентүгел шежіресі. Ақтөбе, 2012

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНЕН СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Магистрант Г.Т.ҚАРСЫБЕК*

Түйіндеме

Қазіргі таңда оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты пәнді жетік меңгерудің де көптеген жаңаша әдіс-тәсілдері қалыптасып жатыр. Осыны жаңаша білім беруді тірек ете отырып мақаламызда жаңартылған білім беру аясында бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі мен ағылшын тілдерінен сөздік қорын дамыту жолдары жайлы сөз етіледі.

Тілдің негізгі сөздік қоры – тілдің сөздік құрамының ең тұрақты бөлігі. Сөздік қор тілдегі сөздерді ғасырлар бойы сақтай отырып, тілдегі жаңа туынды сөздер мен жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болады. Сөздердің негізгі сөздік қорда кең қолданылуы мен ұзақ сақталуы олардың сөз жасау қабілетін дамыта түседі. Сөздік қордың тіл бірлігін сақтап, көне дәуір әдеби ескерткіштерін ұғынуға, тануға мүмкіндік тудырады.

Біздің ана тіліміз, қасиетті қазақ тілі өзінің мемлекеттік мәртебесін абыроймен атқарып, міндет жүгін қиналмай көтере алатын аса бай, оралымды да сұлу тіл. Бүкіл оқыту барысында оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру – ең маңызды жұмыстардың бірі. Бұл әрине бастауыш сыныптан бастап оқушылармен үзбей жүргізілетін жұмыстар нәтижесінде ғана іске асады.

Тірек сөздер: жаңартылған білім беру бағдарламасы, білім, сөздік қор, бастауыш, мектеп, болашақ.

THE WAYS OF DEVELOPMENT OF THE ELEMENTARY SCHOOL STUDENTS IN THE KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES IN THE FORM OF RENEWED EDUCATION

Abstract

Currently, the teaching paradigm has changed. The content of education has been renewed and new perspectives have emerged. In this regard, many new ways of learning the subject are being developed. In this regard, the article focuses on how to improve the vocabulary of primary school pupils in the Kazakh and English languages.

The primary vocabulary of the language is the most stable part of the vocabulary of the language. The vocabulary keeps telling stories over the centuries, creating new derivative words and new meanings in the language. Wide-use and long-term preservation of words in the main vocabulary fund will improve their vocabulary. The dictionary helps to preserve the linguistic unity of the fund and to recognize and recognize the literary monuments of ancient epoch. Our mother tongue, the sacred Kazakh language, is a very rich, versatile and beautiful language that can hold its state status with dignity and withstand a burden. Developing the language of the pupil and increasing vocabulary throughout the entire process is one of the most important work. This, of course, is only possible as a result of continuous work with elementary school students.

Keywords: updated educational program, education, vocabulary, elementary school, future.

КІРІСПЕ

Мемлекет болашағының кепілі – жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», – деген. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

* Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, temirlanovnaa@bk.ru

Қазіргі таңда мемлекетімізде еніп отырған білім беру үдерісіне жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Бұл бағдарлама тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру арқылы баланың жалпы дамуына бағытталған, кіші мектеп оқушыларының білім мазмұнын анықтайды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау. Сонымен қатар оқушылардың танымдық әрекеті, ақыл-ойы, белгісі, білімі мен дағдылары оқу үдерісінде қалыптасады. Олардың шығармашылық қабілеті де ойлау мен тәжірибелік әрекеттері арқылы дамиды. Бұл қажеттілік «дамыта оқыту» (Пиаже,1932, ойлаудың әртүрлі деңгейі, типтері (Выготский,1956), (Леонтьев,1969), (Рубинштейн,1940)] және қызметі (Гальперин,1966) арқылы өтеледі. Баланың сөйлеу тілін дамыту үшін оқытуды ең алдымен қарым – қатынасқа құрып, сөйлеу әрекеті дағдысын қалыптастырып, сөйлеу икемділігін жетілдіру қажет. Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, мұғалімдердің оқушыларды қарым-қатынас жасауға қажетсінуін тудыру керек, бұл үшін сөйлеу ахуалының (ситуация) ұйымдастырылуын қажет деп біледі. Г. Рожкова белгіленген жоспар бойынша, сөйлеу әрекетін жүзеге асыру үшін қажетті жағдайдың бірлігін (тілдік және тілдік емес) жасау қажет деген пікір айтады (Рожкова, 1965). Ал А.А.Леонтьевтің пайымдауынша, сөйлеу жағдайын тудыру деген – оқушыларды сөйлеуге мәжбүр ететін арнайы әрекеттер жасату (Леонтьев, 1969).

Тіл – материалдық бірліктер жүйесі. Ол адамдардың өзара қарым-қатынасы үшін қызмет етеді. Ал сөйлеу – тіл бірліктерінің тізбегі болып, тіл заңдылығына сәйкес, тілдік материалдар арқылы ойдың, сезім мен тілектің, көңіл-күйдің нақты мазмұнына орай көрініс беретін қатысым әрекеті. Демек, тіл дамыту деген ұғымның өзі ана тілінің сөздік қорымен бірге тілдің нормалары мен грамматикалық жүйесін игерумен байланысты.

Мектеп оқушыларының сөздік қоры байыса, онда олардың білім дәрежесінің сапасы артады. Сөздік қорды молынан игеру, оны біліктілікпен дұрыс пайдалану оқушының шығармашылық қабілетін танытады, баланың танымын, тұлға ретінде дұрыс қалыптасуын, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіреді. Балалардың сөздік қорын байыта оқытуда өзіндік ұстанымдары мен өзіндік нәтижелі әдіс-тәсілдері болады. Осындай нәтижелі әдістер қатарына: талдау, әңгімелесу, түсіндіру, салыстыра түсіндіру әдістерін айта аламыз.

Сонымен қатар, балалардың сөздік қорын мәтінді оқыту әдісі арқылы байыту маңызды. Айтылған әдіс бойынша оқушылардың оқу шапшаңдығын арттырудың да маңызы өте зор. Мәтінді оқыту әдісіне кіріспестен бұрын балалардың сөздік қорының минимумын анықтап алған жөн. Егер 1-сынып оқушылары буындап оқуды меңгерсе, шапшаң оқудың алғашқы сатысы қаланды деуге болады. Мысалы, оқушылар 1-сыныпты бітіргенде 35 сөз оқуы тиіс. Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартына (2013) сәйкес 2-сыныпта жыл аяғында 55-60 сөз оқуы, 3-сыныпта жыл аяғында минутына 75-80 сөз, 4-сынып оқушылары минутына 95-100 сөз оқуы қажет. Барлық сынып оқушыларының мұндай дәрежеге жетуі үшін шапшаң оқуға дағдыландыру қажет. Шапшаң оқуға дағдыланғанда ғана оқушы төмендегідей жетістіктерге жете алады:

- мәнерлеп оқуды меңгереді. Сөйлем түрлеріне және мәтін мазмұнына қарай оқу мәнерін сақтай отырып оқуды біледі.

- оқығанда көз алдына елестете отырып оқу қабілеті артады. Әртүрлі сезімдерге беріледі. **Қиялдау** қабілеті дамиды.

- тақырып соңындағы тапсырмалармен емін-еркін жұмыс істейді.

- үй тапсырмасын оқып дайындалғанда уақыт үнемдейді.

Тез оқитындардың көру көкжиегі кең. Шапшаң оқып, көру көкжиегін кеңейтудің құпиясын меңгерту бастауыш сыныпта-ақ басталады. Оның әдістері төмендегідей:

Бірінші: артикуляциямен, яғни дауыстап оқу. Бұл әдіс 1,2,3- сыныпта үнемі пайдаланылады.

Екінші: артикуляциясыз, яғни үнсіз көзбен оқу. Бұл әдісті 4-сыныпта пайдаланған тиімді. Дауыстап оқуға төселген оқушылар 4-сыныпқа көшкенде үнсіз оқуды меңгеріп кетеді.

Үшінші: алгоритм бойынша оқу. Алгоритм дегеніміз – тақырыпты жүйелі, рет-ретімен орындау әрекеті (машығы):

- а) кітаптың немесе мәтіннің тақырыбына назар аудару;
- ә) авторын есте сақтау;
- б) оны өмірде пайдалану мүмкіндігіне назар аудару.

Бұл әдіс 1-сыныптан бастап-ақ жүзеге асса, өз нәтижесін береді. Оқушы өзінің оқып отырған немесе жаттаған өлеңінің тақырыбын білуі тиіс және авторына назар аударуды әдетке айналдырған жөн. Өзі оқыған мәтіннің мазмұнын ұғып, өзінің өміріне қажетті сабақ алуға дағдыландыру керек.

Қазіргі жаһандану заманындағы нәтижелі әдістердің қатарына оқытудың бір түрі ретінде қазақ тілін ағылшын тілімен салыстыра оқытуды қосуға болады. Ағылшын тіліндегі сөздік қорды дамытуда қандай аспектілерге басым көңіл аударылатыны жайлы айта кетсек, ең алдымен кіші сыныптарға арналған «Ағылшын тілі» пәні бойынша білім беру тренингінің қағидаты олардың дүниетанымын қалыптастыруымен байланысты. Олар: Отанға деген сүйіспеншілік, өз елінің мәдениетіне және оқылатын тілге қызығушылық тудыру. Әрине, ағылшын тілін үйрену барысында сөздік жұмысы арнайы сабақ болып өтілмейді. Ол біздің әрбір сабағымыздан орын алады. Сондай-ақ, сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана шектелмейді. Оқушының сөздік қорын қалыптастыруға байланысты мынадай мақсаттар қойылады:

1. Әр сабақта белгілі мөлшерде оқушыға жана сөз үйретіп отыру, яғни оқушының сөздік қорын дамыту.
2. Оқушыны сөзді тыңдауға жаттықтыру.
3. Оқушы меңгерген сөздерімен сөз тіркесін, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құрай алатын болуға тиісті. Бұл сөйлеуге, сөйлесуге үйрету үшін қажет.
4. Ағылшынша сөздерді дұрыс айта білуге дағдыландыру керек.
5. Оқушыларға қысқа өлең, тақпақ, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жаттап үйрету керек. Оның ағылшын тіліндегі дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктеріне тілдерін жаттықтыруда үлкен пайдасы бар. Мысалы:

1. Many hands make light wok.
Көп түкірсе, көл болады.
2. Too many cooks spoil the broth.
Қойшы көп болса, қой арам өледі.
3. Make hay while the sun shines.
Қыстың қамын жаз ойла.

Сонымен қатар ағылшын тілінен оқушылардың сөздік қорын байытудың кезекті бір түріне тоқталсақ, оған күнделікті қарапайым қарым-қатынас деңгейін жатқызуымызға болады. Сонымен қатар мектепте немесе мектептен тыс кездерде оқу-сөйлеу жағдайларына көңіл аудару. Мәселен, мектепте баланың сөздік қорын дамытуға түрлі қызықты ойындар арқылы қол жеткізуге болады. Бұл ең қолжетімді әдістердің бірі. Ал мектептен тыс уақыттарда бала өзінің үйренген сөздерін күнделікті қарым-қатынас тіліне қолданатын болса, сол кезде де баланың сөздік қорының даму процесі жылдам ілгерілейді.

Ағылшын тілін бастауыш мектепте оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқу материалын барынша азайтуға және оқу үдерісін жоспарлауға: коммуникативтік оқыту принципін, материалды жағдайлық-тақырыптық принципін, функционалдылық қағидаты, дифференциация принципін, күрделілік принципін қағидаттарын басшылыққа алу керек. Жалпылай айтқанда, оқушылардың сөздік қорын байытудың бастапқы кезеңінде дифференциациялау принципін студенттердің сөзінде бір тақырып бойынша жаңа сөздерді функционалдық және семантикалық түрде ұсыну, микротақырыптар бойынша көрнекі құралдарға сүйену, жаңа сөздерді белсенді ету (кейбір тақырыптық салада белсенді формалар); сөйлеудің грамматикалық құрылымын байыту кезеңі: қарапайым сөздердің ең белсенді түрлерін пайдалану әдістерімен, компоненттерді (қосалқы мүшелерді) нақтылау арқылы сөйлемнің негізін тарату, екі қарапайым сөйлемді кешенді түрде біріктіру әдісімен сипатталады.

Бастауыш мектепте ағылшын тілін үйретуде де әр сынып үшін белгілі бір минимум жүзеге асырылады: тақырыптық және ситуациялық минимумдар, сөйлеу минимумдары, лексикалық және грамматикалық минимумдар, диалогтық және монолог минимумдары (әр сынып үшін тақырыптық минимум мазмұны сабақтастық принципін ескере отырып жасалады). Мысалы, «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-ші сыныпта - 1 сағаттан, оқу жылында 33 сағат;
- 2) 2-ші сыныпта - 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 3-ші сыныпта - 1 сағаттан, оқу жылында - 34 сағат;
- 4) 4-ші сыныпта - 1 сағаттан, оқу жылында тек 34 сағат.

Бастауыш сыныпта қазақ тілі мен ағылшын тілі мазмұнында ұқсастықтар бар. Мысалы, 3-сыныпқа арналған курстың мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды:

- 1) «Менің жұмыс күнім» (5 сағат): «Аптаның күндері», «Уақыт»;
- 2) «Демалыс» (4 сағат): «Демалыс күні», «Демалыс»;
- 3) «Мектеп» (4 сағат): «Менің мектебім», «Мектеп этикеті»;
- 4) «Мектеп пәндері» 3 сағат: «Менің сүйікті мектеп пәнім», «Мектеп кестесі»;
- 5) «Менің айналамдағы әлем» (5 сағат): «Қалада», «Ауылда», «Көрікті жерлер»;
- 6) «Көлік, көлік түрлері» (5 сағат);
- 7) «Төрт мезгіл» (4 сағат): «Ауа райы», «Менің сүйікті мезімім»;
- 8) «Сауда орталығында» (4 сағат): «Дүкендер түрлері», «Шопинг».

Ағылшын тілін оқыту процесінде келесі пәндермен интеграциялық байланыс жүзеге асырылады.

1) «Қазақ тілі»: Кез келген тілді меңгеру үшін негіз бірдей функционалдық үлгілер болып табылады. Ана тілінде (қазақ немесе орыс тілдерінде) тілдік тәжірибеге сүйену тілдік білім негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді;

2) «Әдеби оқу», «Әлемді тану»: Ағылшын тілін және әдебиетін оқыту арқылы бала әлемді тану мүмкіндігіне ие болып, ой-өрісі кеңейеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, оқушының сөздік қоры екі түрлі жағдайда байып, толысып, жетіліп отырады: бірі – сөзді актив қолдану, яғни оқушының күнделікті өмірде қолданатын сөздері, екіншісі – сөзді пассив қолдану, яғни бүкіл білетін сөздерін қолдану. Яғни үйретілген сөз оқушының сөздік қорына еніп, актив сөзге айналуы тиіс.

Сөздік қорын байыта оқыту лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық ғылымға негізделіп, сөздерді сұрыптап, ұсыну арқылы оқытудың тиімді тәсілдерін пайдаланып жүргізгенде нәтижелі болады. Оқушылардың сөздік қорын байыту жұмысы үш бағытта ұйымдастырылады:

- 1) игерілуге тиісті материал көлемін анықтау, лексикалық минимум беру;
- 2) сөздерді сөйлеу әрекетіне пайдалана білу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- 3) қарым-қатынаста, өз тәжірибесінде қолдана білуге баулу.

Жалпы алғанда, көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлем құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты: бірнеше тіл меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарда қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және ғаламдық деңгейде ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Жаңартылған білім беру бағдарламаның мәні де осы. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ал бастауыш мектеп болса оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше, құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын және жауапты жұмыс. Біздің мақсатымыз – баланы оқыта отырып жан-жақты тәрбиелеу.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп отыру болашақ біздердің парызымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Пиаже Ж. (1932). Речь и мышление ребенка. –М.: ОГИЗ, С.86.
2. Выготский Л.С.(1956). Мышление и речь. Избр. психологические исследования. –М.: Изд.АПН РСФСР, С.73-74.
3. Леонтьев А.А. (1969). Язык, речь и речевая деятельность. –М.: Просвещ.
4. Рубинштейн С.Л.(1940). Основы общей психологии. –М.: Учпедгиз, -347.
5. Гальперин П.Я. (1966). Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий.// Исследования мышления в советской психологии. –М.-122б.
6. Рожкова Г.И. (1965). К лингвистическим основам методики преподавания русского языка иностранцам. –С.-109б.
7. Шетел тілі: Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2013. – 20 б.

NATIONAL-CULTURAL PECULIARITY OF STEREOTYPE-CONCEPT

PhD student A.S. MURZINOVA*

Түйіндеме

Мақалада лингвомәдениеттану ғылымында өзекті мәселеге айналған стереотип-концепт қарастырылады. Қазіргі тіл білімінде «стереотип-концепт» ұғымын зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалады. Стереотиптердің тілдік жүйеде өзіндік мәні бар екені анықталады. Олардың ұлттық-мәдени құндылықтарды таныта алатындығы және ұлттық діл, ұлттық мінезбен байланысы туралы сөз болады. Сондай-ақ, мәдениетаралық қатысымды дұрыс жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні туралы деректер келтіріледі.

«Қонақ» концептісі – барлық халыққа ортақ әмбебап құрылым болса да, оны әр мәдениет өкілі өзінше қабылдап, өзінше түсінеді. Мұндай түсініктер әр халықтың паремиялогиялық қорында сақталады. Осыған сәйкес, қазақ, орыс, ағылшын халықтарының мақал-мәтелдеріне, фразеологиялық тіркестеріне, лексемаларына талдау жүргізіледі. Қазақ, орыс, ағылшын халықтарының тілдік санасында жүйеленген стереотиптер айқындалады. Үш халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері көрсетіледі.

Тірек сөздер: лингвомәдениеттану, дүниенің концептуалдық бейнесі, ұлттық-мәдени стереотип, ұлттық-мәдени семантикалық код, коннотация.

Abstract

The article considers the stereotype concept, which is a topical issue in the linguistic-cultural science. In modern linguistics there is a review of works of domestic and foreign scientists studying the notion "stereotype-concept". It is determined that stereotypes have a meaning in the language system. They will be able to demonstrate national-cultural values and connect with national mentality and national character. It also provides information on how to properly implement intercultural engagement.

Although the concept of "Guest" is a universal structure, it is understood by the representation of each culture personally. Such concepts are preserved in the paradigmatic fund of each population. Accordingly, the analysis of the proverbs, phrases, phrasal expressions, lexemes of the Kazakh, Russian and English people are made. Stereotypes arranged in the language consciousness of Kazakh, Russian and English people are defined. The national and cultural features of the three peoples are reflected.

Key words: linguoculturology, conceptual world image, national-cultural stereotype, national-cultural semantic code, connotation.

INTRODUCTION

In our time, special consideration of stereotypes-concepts and national-cultural concepts in the science of linguoculturology is becoming one of the most important problems. These changes pose challenges to identify world views and identity in the national language of the ethnic group in front of domestic and foreign linguists, researchers.

The concept of stereotype, first appeared in the school of sociology began to be studied in the language science in the late twentieth century. The basis for such fundamental research was the assumption of the American scientist H. Patnam that "stereotyped concepts are directly related to the meaning of linguistic units (word, phrase)". In this regard, the name of verbal stereotypes, or rather linguistic stereotypes was formed in the area of linguistics. According to O.V. Belova, who introduced this name: "Language stereotypes – a meaning which is a formal-semantic structure, that forms a culturally linguistic face of the true world" [1,35]. According to this view, the scientist can determine that the stereotype has a symbolic and content layer, where the symbolic layer is formed from phraseology, language cliches and figurative word combinations, and the content layer is formed from the root / basic connotational meanings.

The scientist V.N.Telia, confirming O.V.Belova's opinion, includes one-tiered names, phraseological units, precedent texts (monologue, dialogue) to stereotypes [2, 559], Polish scientist E. Bartminsky says: "Stereotype is the main significance of ethno-linguistics, it is a personal understanding and evaluation of a certain thing in accordance with collective consciousness" [3,189]. Linguist-researcher considers that stereotypes have their inherent structure, the values about their stable signs are grouped in their basic environment, and only after that they are grounded in consciousness and data (images) about a true world are accumulated. He also reveals the infinity of stereotypes, their constant replenishment with each expansion of

* Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, msai2013@mail.ru

human knowledge, their perception on the basis of collective intelligence in the subjective consciousness, the image with the cultural and linguistic knowledge, and the forthcoming.

In the studies of Yu. E. Prokhorova, the stereotype is considered as a value based on the subject, and two of its characteristics are revealed (descriptive and evaluative). The scientist explains the meaning of the stereotype as a result of recognizing the truth through socially-cognitive patterns that were formed long ago [4,72]. According to N.V.Ufimseva stereotype is emerging as a key to the knowledge of the culture [5,253]. According to E.D.Suleimenova the stereotype is defined as syllables and word combinations in sentences that are used in ready-made form in conversational situations [6,180]. In the researches of K.N.Smagulova they are images, formed as a result of repeated habitual actions in the daily life of people [7,112].

Taking into account the findings of the above-mentioned domestic and foreign linguistic researchers, we can draw the following conclusions:

- language stereotypes are a combination of the designated and depicted values about a certain thing, phenomenon, situation and environment in the collective consciousness;
- source of ethno-linguistic knowledge, showing the culture of a particular ethnic group;
- the linguistic appearance of stereotypes consists of a language seal, a stamp, a cliché, a syllable in sentences, a linguistic phenomenon, a phrase, an invariable comparison, metaphor, metonymy, synecdoch, phraseological units;
- stereotypes – an integral part of the world language image;
- stereotypes are formed in the national and cultural life of the ethnos, pass through the minds of many generations over the centuries;
- stereotypes are learned through the national and cultural values of the ethnos.

Stereotype-concept has a national feature. It is formed in a group of standard stereotypes which were processed in the national consciousness. Stereotype-concept is shown through language lexeme, phrases, pronunciation. Domestic and Russian scientists say about this the next: «the internal structure of the stereotype-concept can be called as a source of cultural cognitive data. Because it reflects the «traces» that culture leaves – myths, archetypes, customs and traditions, historical events and elements of material culture [8,153], «quanta of experienced knowledge» [9, 29], «National-cultural stereotypes are based on repetitive things and situations that happen in people's daily life, and national-cultural values (proverbs and sayings, legends and stories, poems and croons, faith and religion, cultural designations)» [10, 705].

Stereotype-concept is divided into general national and separate national. Despite the fact that its general national type is common to all nations, we can identify its national and cultural characteristics in determining the mentality of each nation. In this connection, one can understand the national and cultural peculiarity when comparing the stereotype-concept of "hospitality", which is common for the Kazakh, Russian and English peoples. Because, hospitality is as a reflection of the nation's soul. it reflects stereotypes, showing national existence, inherent to every nation.

The word «hospitality» in Kazakh, Russian and English languages are as following: «meeting guests with respect and homage by the owner of the house» [11, 205], «*greet with open arms and food*» [12, 386], «hospitality – friendly and generous reception and entertainment of guests» [13, 300]. Hospitality is considered to be a spiritual dimension values showing generosity and humanity, respect for each other and unanimity. In this connection, we can see national and cultural stereotype of our wise nation, who respects its quests as God, from the following linguocultural units in Kazakh: «Do not ask about the reason for the arrival of a guest without giving him water», «without a good covered dastarkhan there will be no successful business», «if a guest comes to the door, run out and meet him, do not be late», «To those who gave food, we want forty greetings», «the one who respects the guests, shows him honorable place», «Do not take the gold from the guest, take thanks», «house with guests smells as heat, the house without guests smells as emptiness», «If a guest comes, meat should be boiled, if there is no meat, then the owner should be ashamed», «If you are generous, then you will not be poor» [14, 78] and others. «*Giving water*», «*greet with open arms*», «*greeting*», «*house with guests smells as heat*», «*house without guests smells as emptiness*», «*a good covered dastarkhan*», «*giving food*», «*showing honorable place*», «*blessing*», kaza is constantly on fire, and others in mentioned above sayings are stereotypes of cultural content that were described and founded in a nation's memory from ancient times. In traditional culture of our nation hospitality is always at the first place. We can say that breadth of the Great Steppe and long distances between villages influenced directly to the formation of Kazakhs as a hospitable nation. The reasons for this lie in historical and geographical factors.

The main principle of the Kazakh people was to show a friendly attitude to the person who came, despite of his language, faith, nation and giving him food. We can see it from such conversational stereotype as «*Do not ask about the reason for the arrival of a guest without giving him water*».

One of the kind traditions that show the hospitality of Kazakh nation is – «*showing quest honorable place*». *Honorable place* – a national-cultural stereotype showing the most respected seat in a house. It has a deep philosophical significance. In Kazakh cognition honorable place is a home's heart. It is a place connecting the upper and lower worlds, north and south, east and west. Placing guests who come to such a sacred place is considered to be a sign of respect.

We can also refer the concept of «*dastarkhan*» to a number of lexemes, saturated with national colors, together with the value of an honorable place. Dastarkhan in the collective consciousness of our people is characterized as a national cultural stereotype, a symbol of prosperity and grace, harmony and mutual respect.

From Russian paremias as: «*With bread and salt*», «*Bread-salt is not forgotten*», «*Angry, scold, but converge for bread and salt*», «*make yourself at home*», «*How many years, how many winters we have not seen each other*», «*Welcome, we ask mercy*», «*an honorable guest is given a place of honor*», «*Guest on the guest – joy for the owner*», «*Be glad the guest who had come*», «*If there is a guest in the house, then there is a God in it*», «*Guest is pleased – the owner is happy*» and others, you can see the world outlook associated with the hospitality of the Russian people. For example, «*Hospitality in giving bread and salt*» – one of the national-cultural stereotypes, showing hospitality of Russian nation. It is formed from compound of the words «*bread*» and «*salt*». We can say that cultural semantic space of this word has traditional belief together with religious performance. According to religious performance bread is estimated as «*Bread – God's gift*», «*Bread – head to everything*». In the Russian consciousness «*bread*» and «*salt*» is considered a sacred food. There is a belief that it can confront to insidious forces. Thus «*bread and salt*» served as a hospitality and amulet. Even today, any ritual takes place with the participation of these two things. We can find a mythical concept associated with the national consciousness of the Russian people by deciphering the semantic code of phraseostereotypes "*how many years, how many winters*" appeared in connection with the joyful meeting of the guest. This concept was born from the division of the seasons into light and dark gloom. For example, light and heat denoted the time of spring, and dark gloom and cold are the time of winter. In this regard, spring and summer were a single time, a bright part of the year, and autumn and winter reunited and formed the dark part of the year. The word «*year*» in this saying means «*summer*». How many years means semantics of «*renewal, recovery*» of season, and «*how many winters*» reflects the moment of year's passing [15]. So, Russian people correlated a person, whom they hadn't seen for a long time, to light spring, and the time, when they couldn't see him as a quest, was like dark bloom.

«*The Red Corner*» is a nationally religious stereotype of the Russian people's belief that denotes a holy, noble place. This is a decoration of the Russian house. This phrase gives the meaning of "beautiful, solemn, festive, senior, honorable, God's. In every red corner of the Russian house there are religious books and the image of God. All traditional rituals are held in this place. Even quests are proposed to sit here. Conversation stereotype like «*an honorable guest is given a place of honor*» was based on such kind of performance.

There are such phrases, which are used in English, as «*break bread with somebody*», «*to keep open house*», «*keep open doors*», «*sit above the salt*», «*to play host*» [16] instead of proverbs and sayings showing the meaning of hospitality. In the content of these units, we can find the concept of «*sharing the last piece of bread*», «*creating all the conditions for a guest*» with the arrival of the guest. The English call the hospitable host «*lighted candle*», that is, they compare him with a luminous lamp. Also, we can designate a national-cultural stereotype of English nation called «*five o'clock tea*» which is connected with hospitality. It began with the Victorian era and now it is an integral part of Foggy Albion.

«*Five o'clock tea*» is a great opportunity to meet relatives or friends in English family, have a conversation, drink tea all together. These gatherings are held with a special preparation.

For the English people, the upper part of the table, located closer to the owner of the house, is considered to be an honorable place. We can find it through decoding semantic code of the phrase like «*sit above the salt*». This phrase gives information about ancient tradition of the English nation. According to ancient time's tradition, respectable guests are placed closer to the upper part of the table, and simple quests and slaves are placed on the lower part of the table.

Therefore, a stereotype-concept of «*hospitality*» has interrelations with Kazakh, Russian, and English traditions, it is a high stage of mutual respect and compliance, generosity and humanity extant till nowadays,.

Hospitality is closer connected with lexeme «guest». That's why, there is a definition in the explanatory dictionary of Kazakh language: «*Guest – a respectable visitor coming to your home*». There are five types of guests according to Kazakh people's view. They are: «*God's guest*», «*special guest*», «*neighbor guest*», «*wandering guest*», «*greedy guest*». Kazakh people thought that those guests who had come suddenly without invitation, were God's guests. This name was given due to cult's religious belief. Such conversation stereotypes in Kazakh as: «*One of fourty quests brings success and happiness*», «*Give tasty meal to desired guest*», «*If a desired guest comes, sheep will give birth to twins*» are connected with this name. For example, «*Qudur*» (*bringing success and happiness*) is a mythical character. He is a patron saint supporting travelers. He is a saint in the similitude of a human, who roams everywhere through nations, a person, bringing happiness to people. The deep meaning lies on it: «*One of those, who come might be Qudur. That's why we should show him all respect*». And «*Qut*» (*wealth*) in the second conversation stereotype is a sacred notion. There is a value of «*God, giving wealth*» in its cultural content. For this reason Kazakh people compare guest in their house to honor and fortune. And they thought that God blesses them with salt, or wealth and blessing will come with God.

A guest who was invited to different events (weddings, birthdays, holidays) – «*special guest*», a quest who looked for his further relatives and comes to see them – «*wandering guest*», a quest who was invited to neighbors' table – «*neighbor guest*», a quest who searches for meal and the place, where other people came – «*greedy guest*». According to these descriptions of quests, there are following conversation stereotypes: «*Guest should be grateful not for meal, but for owner's attitude*», «*Quest is shy before he comes, owner is shy when quest comes*», «*Guest sits a little, but criticize a lot*», «*A good guest brings wealth, a bad guest brings trouble*», «*A stranger looks at your food, a friend looks at your situation*», «*The guests of two houses become hungry while hoping for something*», «*Go to the place where you are invited, don't go to the place where you are not invited*», «*A polite guest eats your meal, an impolite guest eats your brain*» [14,85]. As you can see from these examples, the word «*guest*» in the world's image of Kazakh language is used in two different connotation contents.

The word «*guest*» in Russian was penetrated from Latin «*hostis*» (a stranger). In the dictionary of Ozhegov the following description is given to the word *guest*: «*a person who specially came to inquire about the affairs of the house owner, share the secrets at the same table, to spend time together*» [12,380]. There are three types of guests according to Russian people's view. They are: «*honorable guest*», «*special guest*», «*uninvited guest*». In connection with this conversation stereotypes are used in two different meanings. «*It is necessary to please the invited guest*», «*a guest respected by house owner – a good guest*», «*a guest who has come suddenly when you don't expect – a worshipful guest*», «*An uninvited quest is lightweight, and invited quest is heavy*», «*There is no spoon for uninvited quest*», «*An uninvited quest is worse than Tatar*», «*When quests are in the yard, the gates are on constipation*», «*A person who gives drinks and meals is good, but those, who remember it are also good*» (Dal, 1957). Some of the conversation stereotypes seems to be used in bad meaning due to historical situations. There is a following definition to the word *quest* in the English explanatory dictionary: «*someone in another man's home because they have been invited*» [13, 350]. Thus, a person who was invited specially is a guest.

English people divides guests into «*important guest*», «*pleasant guest*», «*and dear guest*». The first and the second types of quests are based on business, relatives' and friendship relations. And the last one is connected with a celebration of New Year. This guest is the most honorable by English nation. He is compared with May's flowers: «*as welcome as flowers in May*».

CONCLUSIONS

So, making a conclusion, we could determine that stereotypes, which build the the world's national language image, have their own peculiarities. For example, the meanings of «*hospitality*», «*guest*» in Kazakh nation's language consciousness is defined as deep value with cultural contents. In Russian nation's language consciousness it is described as traditional symbolic notion. And in English nation's language consciousness it is based on friendly relationship.

Thus, we can say that the national-cultural value has its own peculiarities in content's layer of stereotypes described in three nations' language consciousness.

REFERENCES:

1. Belova O.V. (2006), *Ethnic stereotypes according to the language and folk culture of the Slavs*, Moscow.
2. Telia V.N. (1996), *Russian phraseology: semantic, pragmatic and linguocultural aspects*, Moscow.

3. Bartminsky E. (2005), *The language image of the world: essays on ethnolinguistics*, Moscow.
4. Prokhorov Yu.E. (2006), *National socio-cultural stereotypes of verbal communication and their role in teaching the Russian language to foreigners*, Moscow.
5. Ufimtseva N.V. *Stereotypes of national culture in intercultural communication*. – Moscow.
6. Suleimenova E.D. (2011), *Language processes and politics: a monograph*, Almaty.
7. Smagulova K.N. (1998), *National-cultural aspects of semantic phraseological units*, Almaty.
8. Karasik V.I. (2009), *Symbolic concepts // Changing Russia and the Slavic world. New in conceptual research: sb.st./ responsible ed. M.Vimenova. Sevastopol: Ribast, - p. 23-30.*
9. Pimenova M.V. (2002), *Methodology of conceptual research // Vestn. Kemer. state. university. Ser. Philology. Issue. 4 (12). Kemerovo, - p. 100-105.*
10. Murzinova A., Tymbolova A., Yelshibaeva K. and other authors. (2018), *The National and Cultural Peculiarities of Stereotyped Precedent Names (A Case Study of the Kazakh, Russian, and English Languages) // XLinguae, Volume 11, Issue 2, – p.703-717.*
11. *Explanatory dictionary of the Kazakh language*. (1976), Almaty.
12. Ozhegov S.I., Shvedova N.Yu. (2003), *Explanatory dictionary of the Russian language*, Moscow.
13. *Oxford Dictionary of English*. (2010), England.
14. *The Golden Book of Kazakh Proverbs and Sayings*. (2010), Almaty.
15. Mokienko V.M. (2005), *Riddles of Russian phraseology*, St. Petersburg.
16. Litvinov P.P. (2005), *3500 English phraseological units and stable word combinations*, Moscow.
17. *Traditional food as an expression of ethnic self-awareness*. (2001), Moscow.
18. Oschepkova V.V., Bulkin A.P. (2004), *Great Britain: country, people, traditions*, Moscow.

ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Магистрант **Ф.А. ӨМІРБАЙ***

Түйіндеме

Мақалада қазақ-ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерінің мазмұнындағы ұқсастықтары мен ұлттық сипаты жайында сөз болады. Сондай-ақ, екі тілдегі мақал-мәтелдердің зерттелуі, олардың лексика-семантикалық құрылымдық ерекшеліктері де қарастырылады. Шет тілін үйретуде және аударма жұмысында аса бір қиындық туғызатын тілдік бірлік - мақал-мәтелдер. Оның себебін тілдің фразеологиялық, паремиологиялық жүйесіндегі тұрақты тіркестердің ұлттық сипатының, ұлттық нақышының ерекшелігімен түсіндіруге болады. Тілдік бірліктердің тұтас мағынасын жете түсінбей, тіркес құрамындағы сынарлар мәнін негізге ала отырып аудару әртүрлі келеңсіз жағдайларға, «сәтсіздіктерге» ұшыратуы әбден мүмкін. Сондықтан мақал-мәтелдердің тіларалық семантикасын салыстыра зерттей отырып, ондағы жалпы адамзаттық, жалпыхалықтық мәнділіктер мен заңдылықтарды және этностық ерекшеліктерді, сондай-ақ ұлт, тіл, мәдениет және өркениеттің өзара сабақтастығын айқындау да аса өзекті мәселелер қатарына жатады. Сондай-ақ, екі тілдегі адам өмірі барысындағы әр түрлі тақырыптардың ұқсастығы мен ұлттық сипаты ашуға талпыныс жасалды.

***Тірек сөздер:** қазақ тілі, ағылшын тілі, мақал-мәтелдер, ұлттық сипат, этностық ерекшеліктер, тіларалық семантикасы, фразеология, паремиологиялық жүйе, ұлттық нақыш, мәдениет және өркениет.*

THE SIMILARITIES AND NATIONAL CHARACTERISTICS OF THE KAZAKH-ENGLISH PROVERBS

Abstract

The article looks at the similarities and national peculiarities of proverbs and utterances in Kazakh-English. In addition, the study of proverbs and utterances in two languages, their lexico-semantic structural features. A linguistic unit that creates many difficulties in teaching English and translating is proverbs and sayings. The reason for this is explained by the national character of the phrase, the nationality of regular expression in the phraseological, paremiological system of language. Understanding the whole meaning of linguistic units, translating the essence of phrases in terms of the content of a phrase can cause a lot of misfortunes, "failures". Therefore, this is one of the most pressing problems in comparing the inter-lingual semantics of proverbs and utterances, revealing common human and universal values, laws and ethnic features, as well as the interrelationship of nations, languages, cultures and civilizations. In addition, attempts have been made to discover the similarity and national character of various topics in human languages in two languages.

***Key words:** Kazakh language, English, proverbs and sayings, national character, ethnicity, interpersonal semantics, phraseology, paremiological system, national traditions, culture and civilization.*

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының егеменді ел, халықаралық қатынастар субъектісі болуына және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты, Республиканың, мемлекеттің тілі ретінде оның халықаралық қатынастар деңгейіндегі коммуникацияда қолданылу ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды. Өзара қарым-қатынастың нығаюы, тіларалық байланыстардың, ағылшын-қазақ қостілділігінің жандануы, дамуы, осыған орай, классикалық, көркем әдеби шығармалардың, саяси ақпараттардың, халықаралық зор мәнділікке ие құжаттардың аралық тілі ықпалынсыз тікелей қазақ тіліне аударылуы таяу болашақта өрістей түседі.

Мақал-мәтелдердің тіл білімінде, оның ішінде, қазақ және ағылшын тілдерінде әр тұрғыдан азды-көпті зерттеліп келгені мәлім. Зерттеу нысанына қатысты еңбектерге тоқталар болсақ, мақал-мәтелдердің тілдік табиғаты, олардың басқа тұрақты тіркестермен ұқсастықтары немесе ерекшеліктері А.Байтұрсынов, І.Кенесбаев, Р.Сәрсенбаев, Б.Адамбаев, Ө.Донбаева, Д.Бегалықызының, Ғ.Мұсабаев, М.Рабдуллин т.б жұмыстарында қарастырылған.

* ҚазМемҚызПУ, 2 курс магистранты fariz_-96-96@mail.ru

Жалпы және орыс тіл білімінде В.В.Виноградов, Н.Н.Амосова, М.Т.Тагиев, Н.М.Шанский, Г.Л.Пермяков, Л.А.Булаховский сынды ғалымдар соны бағыт, ұстанымдарымен, құнды пайымдауларымен, нақты теориялық түйін-тұжырымдарымен, белгілі.

Ағылшын тіліндегі ұлттық болмыс және таныммен тығыз байланысты тұрақты тіркестерді мақал-мәтелдерді жан-жақты, түбегейлі зерттеген ғалымдар – Н.Барли, А.Дундэс, А.Қоикман, М.Куузи, Г.Мильнер, А.Тэйлер, Линда және Роджер Флавэлдер.

Халықтық ұғым-түсініктер мен рухани, мәдени құндылықтардан мол мағлұмат беретін қазақ және ағылшын тілдеріндегі аталмыш бейнелі тізбектер халықаралық, экономикалық, саларалық байланыстар кең өріс алған осы кезеңге дейін салғастырыла зерттелмей келді.

«Ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес, қазақ және ағылшын мақал-мәтелдері тек тілдік емес, этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру бірлік астарындағы ұлттық болмысты тану жағынан да өзекті мәселе қатарына жатады. Сондай-ақ, этнолингвистика мен лингвомәдениеттану малаларының жалпы тіл білімінде дербес пән болып қалыптасқан тұсында мақал-мәтелдерді тілдің «таза» ішкі жүйесі тұрғысынан қарағаннан гөрі, олардың тіл мен мәдениеті алшақ жатқан басқа халықтардың тілдік бірліктерімен салыстыра зерттеу арқылы олардың семантикалық құрылымындағы ерекшеліктері мен ұлттық сипатты айқындау аса маңызды.

Мақал-мәтелдер - сөздік құрамның халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұтымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі. Демек, халық өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Аталмыш тілдік бірліктер арқылы жас ұрпақты елін-жерін сүйуге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға үндеп, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақтық тәрізді қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелей білген.

Мақал-мәтелдердің қазақ және ағылшын тілдеріндегі зерттеулеріне тоқталмас бұрын отандық және әлемдік тіл мамандары арасында пікірталас туғызған, олардың қай салаға қатыстылығы жөнінде айтылған тұжырымдарды атай кеткен жөн. Мысалы, фразеология саласының қалыптасуына, дамуына өзіндік үлес қосқан В.В.Виноградов, Н.М.Шанский, В.Н.Телия, М.Чернышева, М.М.Копыленко, А.В.Кунин, И.В.Арнольд, І.Кеңесбаев, Ә.Т.Қайдар, Б.Манасбаев т.б. сынды ғалымдар мақал-мәтелдерді фразеология саласының еншісіне тиесілі деген ғылыми негіздемелер ұсынады.

Ағылшын тілінің фразеологиясына қатысты кешенді зерттеулерімен, дәйекті тұжырым, пайымдауларымен танымал А.В.Кунин де жоғарыда айтылған ғалымдардың көзқарасын ұстанады, алайда, аталмыш тұрақты тұлғалардың құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін негізге ала отырып, оларды «коммуникативтік фразеологиялық бірліктер» деп атап, жеке қарауды ұсынады. Сондай-ақ, автор құрамындағы сыңарлары тура мағыналы болып келетін мақалдар тобын яғни, «all is well, that ends well» (сөзбе-сөз ауд.: сәтті аяқталған істің бәрі жақсы), «Appearances are deceptive» (сөзбе-сөз ауд.: ештен кеш жақсы) тәрізді оралымдарды фразеологиядан тыс, «фразеологиялық емес тұрақты құрылымдар» аясында қарастырды.

Тамыры тереңде жатқан тілдік орамдардың этнолингвистикалық астарын ашуда тарих, этнография, психология, елтану т.б. салаларына жинақталған мағлұматтар лингвистикалық деректермен ұштастыра қолданылды.

Адамға қатысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық уәжі екі тілде де осы тақырып аясына жататын тіркестердің саны жағынан әлдеқайда көптігі байқалды. Мұның сыры-адамның қоғамдағы шешуші күш екендігінде жатса керек. Ағылшын тілінде халық арасында жиі қолданылатын «Good manners makes a man» (Адамды адам ететін оның әдептілігі) тұлғасы ықшам, алайда мәні зор тілдік орам, орта ғасырда орын алған қағида, дәстүрлерге, заман талабына байланысты қалыптасқан.

Әсіресе, XIV ғасырда Англияда мәдениеттіліктің негізгі шарттарына, өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аударылып, мүлтіксіз орындалуы талар етілді. Әдептілік, ізеттілік ережелерін қамтитын арнайы жинақтар шығарыла бастады. Уақыт өте келе осы ұстанымдардың бірқатары жалпыхалықтық мақал-мәтелге айналып, кеңінен қолданыс тапты. Мысалы, If you sit by a worthier man than theyself art ones Suffer him first to touch the meat (Егер өзіңнен салауаттырақ адаммен дастархандас болсаң, одан үлгі ал, яғни соған қарап ас іш), т.б.

Ағылшын және қазақ тілдерінде наным-сенімге байланысты мақал-мәтелдер де кездеседі. Мысалы, ағылшын тіліндегі «God helps those who help themselves» (өзі көмектескендерге құдай да көмектеседі) тіркесінің шығу төркінін біздің жыл санауымызға дейінгі 570 жылы жазылған «Геракл және күәмеші» атты Эзоптың аңыз әңгімесімен байланыстырамыз. Мифтік әңгіменің жалпы мазмұнына келер болсақ, күймесі батпаққа батып тұрып қалған күймеші оны шығаруға талпыныс

жасамастан, көмекке құдіретті де күшті Гераклді шақырады. Адамның бұл қылығына қатты ашуланған Геракл: «күйменің дооңғалағының артына иығыңды тіреп итер де, өгізінді алға айда» дейді және алдағы уақытша еш әрекет қылмастан өзін шақыруға қатаң тыйым салады. Осы ой түйіні XVIII ғ. дейінгі әдебиеттерде әр түрлі жолдармен берілген. Қазіргі уақыттатұрақты қолданысқа ие «God helps those who help themselves» мақалы алғаш рет 1736 жылы Б.Франклиннің «Poor Richard's Almanack» атты еңбегінде қолданылды.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі наным-сенімге, оның ішінде, жаратқан ие, алла тағалаға қатысты мақал-мәтелдерді салғастыра зерттей отырып, олардың семантикалық жағынан өзара сәйкес келетіндігі анықталды.

Мақал-мәтелдер арқылы берілетін ойдың өзара өзектесіп, астасып келу себебін әртектес тілдер өкілдерінің өмір сабағының, ғасырлар бойға тіршілікте көзі жетіп, көкейіне түйген тәжірибе жиынтығының ұқсастығымен ұштастырамыз.

Қай халық болмасын, адамзат үшін үйдің алатын орны ерекше. Зерттеу барысында осы тақырып аясына жататын мақал-мәтелдердің екі тілде де көптен кездесетіндігі байқалды. Мысалы, ағылшындар «My house is my castle» (Өз үйім-өлең төсегім) десе, қазақ халқы «Өз үйім – өлең төсегім» деп, оған бейнелі түрде ерекше сипат береді. Тарихи деректерге сүйенсек, ежелгі ағылшын баспаналары қорғаныс үшін аса мықты болмаған және Англияда қорғандардың салына бастауы 1066 жылғы нормандар басшылығымен байланысты. Жергілікті халық қаһарынан қауіптенген нормандар «түнгі ұйқы кезінде бауыздап кетпеуі үшін мықты баспана керек» деген ұйғарымға келіп, батпақтан үй салып, ағаштан мұнаралар тұрғыза бастаған.

Бұларды балшықтан жасалған биік қабырғалармен қоршап немесе айналдыра ор қазатын. Демек, өзге халықтарға тән тарихи қалыптың, дәстүрдің жергілікті халықтарға сыналап енуі, үйдің ассоциативті қорғанға балануы «My house is my castle» тәрізді тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болды деп ойлаймыз. Гендерлік қатынастарға байланысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық уәжі Алам өмірінде отбасының алатын орны ерекше, себебі ол шағын мемлекет іспетті. Осы шағын мемлекетте әйелге артылар жүк те, жауапкершілікте айтарлықтай.

Қазақтың құтты босағасында ер адам – отағасы, үйдің қожайыны, алайда, үй ішінің бүкіл тауқыметі, тұрмыс – тіршілігі, бала тәрбиесі, әдеп пен әдет, рухани қарым – қатынас т.б. барлығы әйел адамның құзыретінде.

Ағылшын тілінің және қазақ тілінің паремологиялық қорындағы әйелдердің жеке басына қатысты мақал-мәтелдерден әйелдердің қоғамдағы, отбасындағы мәдени-әлеуметтік орынын айқын аңғаруға болады.

Уақыт өлшеміне байланысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық уәжі Times a money – Уақыт – ақша. There is a time for everything – Әр нәрсенің өз уақыты бар.

Тілге байланысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық уәжі Good words cost nothing and are worth much – Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесең пышақ қынынан шығады.

Қонаққа қатысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық уәжі A constant guest is never welcome – Бір күнгі қонақ – құт, екі күнгі қонақ-жұт.

Ақша, қаражатқа байланысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық уәжі Take care of pence and the pounds will take care of themselves – Береке бір тиыннан.

Өнер-білімге қатысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық уәжі Knowledge is power – Білім-күш.

Өмір мен өлімге қатысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық уәжі Speak well of the dead – Өлгендер жайлы жақсы айт (Өлі разы болмай, жарлы байымас). Табиғатқа, жан-жануарларға байланысты мақал-мәтелдерінің этно-лингвистикалық уәжі Red sky at night, Sheperd is delight: Red sky in the morning Sheperd is warning – Түңгі қызыл аспан – шопанның қуанышы, таңғы қызыл аспан – шопанның уайымы.

Мақал-мәтелдер – халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл өнегесі, даналығы мол көрініс тапқан, ой дәлдігімен, ықшамдылығымен ерешеленетін тілдік бірліктер болып табылады; мақал көп жағдайда үлгі, өнеге, өсиет айтуға құрылады. Ал мәтел, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты орамды сөйлемше түрінде келіп, көңілдегі ойды емеурін арқылы жеткізеді;

- Ағылшын тіл білімінде мақал мен мәтелдің ара жігі нақты ажыратылмай, біртұтас тұрақты тіркес ретінде қарастрылады;

- Мақал-мәтел өзге тұрақты сөз орамдарына қарағанда, тұлға жағынан ықшам, мазмұны жағынан тұтас, әмбебап болады;

- Мақал-мәтелдердің тұлғасының тұрақтылығы мен тілде бұрыннан «дайын» материал ретінде қолданылатын сипаттары оларды фразеологизмдер қатарына қосып, осы салада зерттеуге толық мүмкіндік береді;

- Бірқатар қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалады, абсолютті эквивалент, яғни тепе-тең балама түрлері де кездеседі;

- Ағылшын мақалдары көбіне бір сөйлемнен ғана тұрса, қазақ мақалдарының басым көпшілігі екі не бірнеше тармақты болып келеді.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі айтылар ойдың басқа бір жағдай не құбылыспен салыстырыла жеткізуін тілдік ерекшеліктер санатына жатқызуға болады;

- Кейбір қазақ мақал-мәтелдерінің түп дерегі қазақ қоғамында қалыптасқан билер институтымен, яғни Майқы, Төле, Әйтеке есімдерімен, Абай, Ыбырай, Жамбыл т.б шығармаларындағы мазмұнды сөз үлгілерімен, қоғам қайраткерлерінің қанатты сөздерімен тығыз байланысты;

- Ағылшын мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы қасиетті кітап інжілден, В.Шекспир сынды ағылшын классикалық әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармаларынан бастау алады;

- Қазақ және ағылшын паремнологизмдерінің қайнар көзіне байланысты негізгі айырма мынада: қазақ мақал-мәтелдерінің басым көпшілігі ауызша сөз үлгілері негізінде қалыптасқан, ағылшын мақал-мәтелдерінің көбі қасиетті кітаптан тараған ұлағатты сөздер болып табылады, ауызша таралған мақал-мәтелдер жетекші емес;

- Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің құрамында елді-мекендердің, атаулары мен кісі есімдері жиі кездеседі;

- Туыс емес тілдердегі бірқатар мақал-мәтелдердің өзара мағыналас болып келуі қазақ және ағылшын халықтарының өмір тәжірибесінің, көзі жетіп, көкейіне түйген ой-тұжырымдарының ұқсастығымен байланысты;

- Тіл-тілдегі мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ағылшын-қазақ мақалдарының салыстырмалы сараптамасы // Мир языка. Н.М. Құрманбаевтың 75 жылдық мерейтойы құрметіне ұйымдастырылған «Мышление-Язык-Лингводидактика» атты ғылыми конференция материалдары. Алматы, 171-174бб.

2. Ағылшын-қазақ мақалдарының этнолингвистикалық ерекшеліктері// Мир языка. «Аударманың көкейкесті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 2001. 208-210бб.

3. Қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты// Мир языка. Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы мен Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 60 жылдығына арналған «Лингвистиканың көкейкесті мәселелері мен шет тілдерін оқытудың әдістемелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2001. 187-190бб.

4. Кісі есімдері мен мекен атаулары қатысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты// «Тіл әлемі.» М.М.Копыленконы еске алу құрметіне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2003. 215-218бб.

5. Гендерлік қатынасқа байланысты мақал-мәтелдердегі этнолингвистикалық мотивтер// Тіл тағлымы. Алматы, 2003. 215-218бб.

6. Табиғат құбылыстарына байланысты ағылшын және қазақ мақал-мәтелдері// Поиск – ізденіс. Серия гуманитарная. Алматы, 2003. 189-191бб.

7. Қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты // Вестник КазНУ им. Аль Фараби. Серия филологическая. Алматы, 2003. 207-210бб.

http://talimger.org/load/elektron/zhinak/a_ylshyn_zh_ne_aza_ma_al_m_telderini_ehtnolingvistikal_y_s_ipaty/34-1-0-18400

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚАТЫСЫМДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

PhD докторант **Б.А. САБДЕНОВА***

Түйіндеме

Мақалада қазақ тілі сабағында қатысымдық технологияны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру мәселесіне байланысты сөз болады. Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде қарым-қатынасты жүзеге асыруы. Осы мәселені іске асыру барысында жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді жаңаша әдіс - тәсілдермен, технологиялармен оқыту жолдары қарастырылуда. Қоғам дамуындағы өзгерістер жеке ғылым саласы ретіндегі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың туындауына әсер етсе, өз кезегінде сол өзгерістер оның оқыту жүйесін де жаңартуды қажет етеді. Осымен байланысты тілді адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың құралы ретінде қарастыру етек алды. Адам мен оның тілін әлеуметтік аспектіде өзара байланыстырып, адамның әлеуметтік рөлі, тілі, мамандығы және қандай әлеуметтік топқа жататындығы, идиологиялық тәуелділігі т.б. арқылы тілдік тұлғаны анықтауға басымдылық берілді. Тілді оқытуда оның тілдік қарым-қатынаста қолданылу дәрежесі мен сипатына, әлеуметтік-психологиялық мәніне көңіл бөлінді. Әдіскер-ғалымдар ана тілінің тек қатысымдық қызметін ғана айқындап қоймай, оның баланы жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы мәніне баса назар аудара бастады. Өйткені тіл арқылы адамдар өмірден өз орнын табады, әркім өзіне қажетті игілікті іске асырады.

Тірек сөздер: мұғалім, бастауыш сынып, қазақ тілі, дамыту, қатысымдық оқыту технологиясы

TO DEVELOP THE STUDENTS' INTERESTING USING ACTIVE LEARNING TECHNOLOGY IN KAZAKH LANGUAGE

Abstract

The article will focus on increasing students' interest in the use of communication technologies in the lesson of the Kazakh language. One of the urgent problems of the day is the interaction of representatives of other nationalities in the state language. In the process of implementing this problem, general education schools are considering ways of teaching the state language using new methods and technologies. Changes in the development of society affect the emergence of new trends in linguistic education as a separate field of science, in turn, these changes need to be modernized. In this regard, language was seen as a means of social communication between people. Interpretation of a person and his language in the social aspect, the social role of man, language, profession and social group, ideological dependence, etc. through the identification of a linguistic person. During the teaching of the language, attention was paid to the degree and nature of the language, the social and psychological significance of the language. Methodologists focused not only on the interactive activities of their native language, but also on the importance of the child as an individual. Through the language people find their place in life, and everyone will do what is right.

Key words: teacher, primary school, Kazakh language, development, technology of joint education

КІРІСПЕ

Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру- ұстаздың басты парызы.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында: қазіргі білім берудегі басты мәселе-білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді де жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау екенін атап айтады[1].

Болашақтың бүгіннен де нұрлы, шуақты болуына тікелей ықпал етіп, адамзатты алға апаратын күш білімде ғана,- деген ұранмен оқу үрдісін ұйымдастыру қажет.

Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы

* ҚазМемҚызПУ, Алматы қаласы, boken_888@mail.ru

жоғары елге айналуымыз керек», - деген еді [2]. Демек, ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында білім беру саласына «заманауи технологияларын енгізу үшін оқу орындарының педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау тұрақты түрде іске асырылатын болады» деп атап көрсетілген. Сондықтан бүгінгі таңда педагогтардың алдында білім беруде түйінді құзыреттілікті меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Екінші жағынан, еліміздің халықаралық экономикалық қауымдастыққа енуі білім беру саласындағы өзгерістерге байланысты жаңа жағдайда жұмыс істеуге қабілетті педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған [3].

Әдістемелік ізденіс - жаңалыққа жол ашу. Ендеше сабақтың қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Инновациялық және интербелсенді әдістемелерді сабақ барысында пайдалану сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізеді.

Қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Жаңа технологиялардың мақсаты мен тиімділігі:

- шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға қалыптастыру;
- демократиялық білім беру;
- білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру;
- білім сапасын көтеру;
- өзін бағалай білу және өзгелердің ой-пікірімен санасуға, құрметтеуге басқаны баулу;
- әр оқушы өз мүмкіндігінше дамиды;
- жауапкершілігі, қызығушылығы артады;
- пікір айтуға, жаңаша ойлауға жағдай туғызады;

«Мен шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын», - деп ұлы ғалым А.Эйнштейн айтқандай, интербелсенді оқыту іскерлік пен ынтымақтастықты, оқушылардың мүдделері мен қызығушылығын, өзара сыйласымдылығын, бірлескен іс-әрекеттерге негізделеді. Сондықтан интербелсенді әдістердің мақсаты мен шарттарын үнемі қадағалау міндетті:

1. Жағымды психологиялық орта орнату;
2. Білімді игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру;
3. Білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыттау;
4. Білім игеру процесін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану.

I. Жағымды психологиялық климат құру – әр сабақтың және жалпылама алғанда бүкіл білім игеру процесінің басты мақсаты, яғни:

- үйрену процесіне қатынасушылардың әрқайсымен өзара сыйластық пен сенімге негізделген жеке қарым-қатынас орнатуға мүдделі болу;
- қарым-қатынаста қысымнан бас тартып, «жұмсақ» әдістерді қолдану;
- әрбір оқушы мен бүкіл топ жұмысына көмек пен жәрдем жасау, қол ұшын беруге дайындық, әрбір пікірді тыңдай білу, оны сыйлау және онымен санасу;
- жағымды (позитивті) және конструктивтік көзқарас ұстану, ешкімді де, ешнәрсені де (өзгенің пікірі мен көзқарасы) сөкпеу, даттамау;
- жұмысқа әртүрлі тәсілдер мен құралдарды қолдану арқылы үнемі жаңалықтар енгізіп отыру;
- шығармашылыққа негізделу, шығармашылық тұрғыдан қатысушылардың ашылуына мүмкіндік беру;

Жағымды психологиялық орта орнату – жақсылық пен ізгілік нышаны.

Қатысым әдісі арқылы оқыту дегеніміз – өзінде теориялық және білімдік оқу мазмұны іске асатын, оқушыларда өмірлік қатысым дағдылары мен білімді қалыптастыратын, шығармашылық амал - тәсілдерді қамтитын, мәнерлі де жатық сөйлеуге баулитын оқу.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытуда меңгерілетін құзіреттіліктің бірі – қатысымдық технология.

Қатысымдық технология - бастауыш мектеп оқушыларының қазақ тілінде тілдік қатынас жасауы, ұғынысуы, түсінісуі, күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарда тілдесім әрекеті арқылы өз ойын жеткізуі жатқызылады.

Қатысымдық технология – өз пікірін дәлелдейтін, тілдік қарым-қатынаста айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым және тілдесім үдерістерін жүзеге асыратын, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаның бойында қалыптасатын қабілет. Бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік тудыратын танымдық, уәжділік және әлеуметтік – ақпараттық құзыреттіліктер.

Оқушының ойлау қабілетін, дүниетанымын, ой-өрісін, сөздік қорын, қатысымдық әрекетін дамытуға арналған тапсырмалар танымдық құзіреттілікті дамытады.

Оқушылардың уәжділік құзыреттілігін қалыптастыруда ойын сабақтарының маңызы өте жоғары. Себебі, ойын барысында бастауыш мектеп оқушылары өздерін еркін сезініп, жеңуге, сол арқылы пәнді игеруге уәждері артады.

Оқыту үдерісінде ойынның түрлерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін дамытуға уәж болып, сабақ үлгерімін жоғарылатады.

Ақпарат алмасу барысында оқушылар өз ортасында, әлеуметтік жағдайда одан әрі іскерліктерін шыңдауға, білімін тереңдетуге, өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады.

Оқушылардың қатысымдық қабілетін дамыту мақсатында берілген тақырыптар бойынша сыныптан тыс жоба жұмысын жүргізу арқылы олардың біліктілігін арттыруға болады.

Қатысымдық технология - қазіргі таңдағы тиімді қолданып жүрген технологияның бірі. Бұл технологияның негізгі нысаны – сөйлеу, қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс кезінде қабылдау, түйсік түрлерінің барлығы іске асады. Қатысымдық әдістің мәні шынайы жағдаят құра білуде. Түрлі сұхбаттар құру арқылы студент тілдік білімін практикада қолдана алу мүмкіндігіне ие болады. Ең бастысы – жаттығулардың сан алуандығы: рөлдік ойындар, сұхбаттар, жағдаяттық тапсырмаларды орындау арқылы студент жан-жақты қырынан көрінеді.

Мұнда оқыту тек грамматикалық немесе лингвистикалық ережелерге ғана емес, қатысымдық құзіреттің барлық компоненттеріне бағытталады (лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, стратегиялық, оқу, кәсіптік). Сөйлеу материалдарын ұйымдастыру оның түріне емес, қызметіне бағытталады. Тілді өңделмеген күйінде алып, мәнмәтін арқылы мағынасын түсіну басшылыққа алынады. Аутентикалық материалдар оқушының кәсіптік құзіретін қалыптастыруда маңызды орын алады [3].

Осы кезеңге дейін орыс аудиториясына қазақ тілін оқытудың түрлі амал-тәсілдерін қолданылып келді, әлі де қолдана береміз. Десек те бірде бір оқытушы не әдіскер-лингвист «нақты бір әдісті ғана қолданамын» деп айта алмайды.

Себебі мұғалімнің негізгі мақсаты – әдістің түр-түрін саралау емес, алдында отырған оқушыны қалай да сөйлетіп, тілді меңгертіп шығару болып табылады. Ол қандай әдіспен өтсе де, бастысы – нәтижесі сенімін ақтаса болғаны. Соған орай алдына келген оқушының тілді үйренудегі мақсаты, талап-тілегі, ынта-жігері, қарым-қабілеті, тілге бейімділігі де ескеріледі.

Тілді меңгерту – өте күрделі, әрі қиын іс. Оны оқыту барысында талай кедергілерге жолығып, жетістіктерге қол жеткіздік. Қиындықтарды атап айтқанда, алдымен талай жылдар бойы қазақ тілінің құрылымдық жүйесі оқытылды.

Алайда бұл әдіс-тәсіл жеткілікті нәтиже бермеді. Себебі, тіл білімі салалары жеке-жеке жүйесіз оқытылып, тілдік тұлғаның сұранысы қанағаттандырылмады. Тілдік тұлға үйренген материалдарын қатысымда қалай қолдану керектігіне машықтанбады. Осыған байланысты тілді қатысымдық тұрғыдан үйрету талабы туындады. Яғни, тіл үйренушіге грамматикалық құрылымдарды түгел жаттамай-ақ өзіне қажетті сөйлеу үлгілерін, дайын клишелерді қолдану тиімдірек болды. Өзінің айналасы, ортасы туралы қажетті түсінікті жеткізе алса болды. Алайда, адамдармен қарым-қатынас барысында қандай жағдай болатынын ешкім дөп басып айта алмайды. Дайын құрылымдардан тыс сөйлемдер, сұрақ-жауаптар, грамматикаға қажеттілік туындап жатады. Міне, осы тұста тіл үйренушінің тығырыққа тіреліп қалатын тұстары болды. «Грамматиканы оқытпай-ақ тілді үйренудің» мұндай әдіс-тәсілдері грамматикалық құрылымдарды қажет етті. Енді грамматиканы (тілдік ережені) құрылымдық жүйемен оқытпай, функционалдық тұрғыдан (жұмсалымдық, қолданымдық) оқыту мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», - дегені әр мұғалімнің жадында болуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жж.арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана,2010 жыл
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» - Қазақстан халқына Жолдауы -Егемен Қазақстан, 2012 жыл 17 қаңтар
3. Оразбаев Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Пед. ғыл. докт. дис. – Алматы, 1996 ж.
4. Қасбаева Г. С. Мемлекеттік тілді коммуникативтік бағытта оқыту жолдары «Қазақ тілі. Қазақстан мектебінде» 2008, №5.
5. Абдуллина Г.Интерактивті оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты-Ұлт тағылымы, 2009,№2,17б.
6. Әлімов А.Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.Оқу құралы.- Алматы,2009, 328б.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

PhD доктор **Б. МАТАЙ***

Түйіндеме

Мақалада қазақ және қытай тілдеріндегі түр-түс атауларының ұлттық-мәдени сипаты мен ерекшеліктері жайында салыстырмалы тұрғыда сөз болады. Қазақ және қытай тілдерінде түр-түс атауларының екі халықтың, ұлттың өмір сүру жағдайына, жалпы рухани мінез-құлқының ерекшеліктеріне байланысты қызмет атқарады. Сондықтан мақалада екі тілдегі түр-түс атауларының, мысалы қызыл, көк, ақ, қара т.б. салыстыра отырып қызметін айқындайды. Оны көркем әдебиет мәтіндерінен мысалдар арқылы олардың семантикасын, қызметін, мәнін дәлелдейді. Сондай-ақ, соңғы жылдары әлем тілдерінде түр-түс атауларын беретін лексикалық тілдік бірліктер құрамы мен саны жағынан күрт өзгеріске ұшырады. Бұған ағылшын тіліндегі лексикалық модельдердің әсері болып отыр. Ағылшын тілінде, әсіресе, жарнама терминдерін беру кезінде сипаттама түр-түс атаулары жиі қолданылады: олар мәдениетаралық қарым-қатынас бойынша орыс тіліне де өтіп, колоростика терминдерінің қатарын толықтыруда. Яғни түр-түс атауларының әлем тілдерінде халықтың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты қызмет атқаратыны белгілі.

***Тірек сөздер:** қазақ тілі, қытай тілі, түр-түс атаулары, ұлттық-мәдени сипаты, мәдениетаралық қарым-қатынас.*

THOUSANDS OF TITLES IN KAZAKH AND CHINA NATIONAL CULTURE AND SPECIALISTS

Abstract

In the article about the national-cultural character and peculiarities of the color words of means in the Kazakh and Chinese languages. the color words of means of species differ depending on the living conditions of the two national, nations, and the general spiritual behavior. in the article, such as red, blue, white, black, and so on. compares the activity with comparisons. It illustrates its semantics, activities, essence through examples of fiction texts. Also, the lexical language units, which have given color words in the world languages in recent years, have undergone drastic changes. This is the effect of lexical models in English. In English, especially in terms of advertising terms, descriptive color words are often used: they also translate into intercultural communication in the Russian language and add a number of terms of color. It is known that the color words work in different languages in the world, depending on the peculiarities of the population.

***Key words:** Kazakh language, Chinese language, color names, national-cultural character, intercultural communication.*

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ тілінің антропологиялық бағыты бойынша түр-түске ерекше көңіл бөлініп, тың зерттеулер жасалынып жатыр. Қоршаған ортадағы шындықты көп жағдайда түр-түс арқылы қабылдау және де түр-түс атаулары әр халықтың мәдени коды болып табылады.

Түс атауларының аудармада берілуіне алғаш назар аударған ғалым А. Алдашева түс атаулары лингвомәдени ерекшеліктерді айқын көрсететін топ деп санайды. «Екі тілді номинациялау әлеуетін қатар қойғанда, - деп жазады А. Алдашева, - түс атауларын білдіретін тілдік единицалардың нақпанақ баламалары қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамынан оңай табылады. Антропологиялық белгілерді көрсетуде көк көз, қоңыр көз, қара көз номинациялары қолданылады; қазақ тілінің құрылымы үшін алайда ашық көз, жасыл көз, сұр көз деген синтагмалық қатарларды түзу тән емес. ... Мысалы, көк сөзі заттың түр-түсін білдіру жағынан ұлттық ойлау стереотипіне тән белгілері бар лексема. Түркі тілдерінің бірқатарында, оның ішінде қазақ тілінде де айнала қоршаған ортадағы саналуан объектінің түсі, бояу көк сөзі арқылы беріледі: көк аспан, көк мұнар, көкжиек, көгал, көк тұман, көк шөп, көк шай, көкөніс, көк алма, көк базар, жер көгерді, көк шықты. Бірақ бұларды аударуда фондық ақпаратқа көңіл бөлуге тура келеді» (А.Алдашева, 1998:145).

* ҚХР, Хубей университетінің PhD докторы, Алматы, Қазақстан E-mail: bulbul_1971@mail.ru

Тарихтан белгілі Көк түрік, Ақ Орда, Көк Орда, өзіміздің мәдениетімізбен байланысты жас отауға арнап тігілген ақ отау, бала алғаш жүргенде аяғына ала жіп байлау, жас балаға көз тимесін деп тұмар немесе қызыл матаның қиындысын тағып қою - бәрі-бәрі түр-түспен байланысты болып келеді. Тұрмысқа жаңа шыққан қыз бала ата-анасына өз жағдайын орамал жіптің түр-түсімен кестелеп, жеткізіп отырған. «Егер орамал қызыл жіппен кестеленсе, оның әке-шешесі бұл хабарға өте қатты қуанып, барған жеріне риза болған. Өйткені қызыл жіп қуанышты, шат көңілді, бейбіт өмірді білдіреді де, ал сары жіп — керісінше, уайым-қайғының белгісі болғандықтан, қыздың әке-шешесін сағынып жүргендігін білдірген» (Лауланбекова Р., 2010:29). Бұның барлығы айналып келгенде қазақ халқының түр-түстанудағы идиоэтникалық болмысын танытады. Түр-түстердің шығу төркіні жайлы мәселеге байланысты ғалымдар тарапынан әр түрлі көзқарастар айтылып, қилы-қилы болжамдар жасалған еді. Соның бірі түр-түстерді қытай сөзінен алынған десе, кейбіреуі монғолдан кірген кірме сөз, кейбіреуі өзіміздің түркінің төл сөзі деген пікірді білдірген еді.

Қызыл - бұл қытай мәдениетінде таң қалдыратын түстер, шын мәнінде бұл түстің артықшылығы ғана емес, сондай-ақ қытай халқының материалдық және рухани ізденісі болып табылады. XIX ғасырдың 40-шы жылдарында революциялық дәуірде қызыл түс рух және құмарлық пен прогресті бейнелейді және революцияны, саясатта азаттықты бейнелейді. Қытай Коммунистік партиясының бастапқы режимі «қызыл режим» деп аталды, ал ең ерте әскери күш «Қызыл армия» деп аталды. Саяси түрде жұмыс істей алатын және мотивацияға ұмтылғандар үшін олар «қызыл және ерекше» деп аталады. Сонымен қатар, қытайлықтар жиі қызықты және сәттілік символы ретінде қарайды, ал қызыл барлық бақытты оқиғаларда қолданылады.

Қытай ақын Ай Циннің өлеңдері қызыл түсте күннің бейнесін бірнеше рет қолданған. Ай Циннің өлеңдерінде «күн» жарық пен үмітті білдіреді, ол адамдарға мәртебелік квотаны өзгертуге, ұлт азаттыққа ие болуға және революцияға белсене араласуға шақырады, ақынның Қытайдың әдемі болашағы үшін ұлт-азаттық қозғалысқа қатысуы. Және күрестің батылдығы білдіреді. Олардың ішінде ту - бұл күннің сүйіспеншілігінің айқын көрінісі және оның символдық мәні - революция, еркіндік, теңдік, бауырластық және т.б.

Күннің қызыл түсі әрдайым әдемі. Сондай-ақ, ақынның алдында күн революцияға және ынта-жігерге жетіп, еркіндік пен теңдік құндылықтарын өз іс-әрекеттерімен ұстағанда ғана ел босатылуы мүмкін. Ай Киндегі қызыл - ерекше дәуірдің құмарлық пен жауынгерлік рухы.

Түр-түс атаулары – мәдениеттің жемісі, әрі мәдениетті жасайтын фактор. Ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі құралы. Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықпен қарауының басты себебі осында.

Сондықтан тіл білімін зерттеуші ғалымдар түр-түс атауларының барлық аспектілеріне назар аударып келеді. Ғалымдарды төмендегі мәселелер ойландырады:

- әрбір ұлтқа тән маңызды (когнитивті және прагматикалық тұрғыдан) түр-түс атауларын ажырату;

- түр-түс атауларына лингвистикалық парадигма ретінде қарап, зерттеу;

- түр-түсті қабылдау мен оны атаудың универсалиялары;

- лексикалық-семантикалық ақпарат беретін компоненттерді зерделеу;

- түр-түс атауларының семантикалық өрісінің корреляциясын анықтау;

- түр-түс атауларын метатіл ретінде зерттеу;

- әрбір халықтың түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін салыстырып, кешенді түрде сипаттау және т.б.

Осы аталғандардың ішінде бірнеше аспект айрықша маңызды болып, қазірге дейін, зерттеулердің көп болғандығына қарамастан, қызу пікірталас тудырып отыр. Атап айтқанда, мұндай мәселелердің бірі – әрбір ұлтқа тән маңызды, ұлттық этносимволиканы білдіретін түр-түс атауларын ажырату. Қазақ тіл білімінде ғана емес, дүние жүзіндегі көптеген ғалымдар барлық түр-түс спектрін үш топқа бөлген:

1. Негізгі түстер: сары, көк, қызыл; басқа түстер осы арқылы жасалады.

2. Бірінші дәрежедегі құрамдас түстер – жасыл, қызыл сары (оранжевый), сия көк, бұлар негізгі екі түстің араласуы арқылы жасалады.

3. Екінші дәрежедегі құрамдас түстер – бірінші дәрежедегі түстердің араласуынан пайда болған түстер (Қайдаров Ә., 1996:189).

Қытайда қызыл түс байлық пен дамудың белгісі ретінде ассоциацияланады. Бұдан бөлек қызыл түс азия елдерінде қызбен байланыстырылады. Бұған дәлел, қазақы танымда: «қызың көзі –

қызылда» десе, қытайда: 红颜薄命, 红颜 (сөзбе-сөз: қызыл реңк, 'әйелдің нұрлы жүзі' 薄命: сори ашылмаған) «арудың маңдайы тайқы» т.б.

Күн шығыс елінің дәстүрлі үйлену салтында жас келін қызылдан желек жамылып, қызыл көйлек киіп, қызыл күймеге отырған. Олар тіпті той-думандарында да қызыл шырақ жағып, қызыл түсті қима қағаз суреттер ілуді қуаныштың символына балағандықтан, таным-түсініктеріне сәйкес қызыл түсін «бақыт пен жеңіске», «адалдық пен мейірімділік» секілді ұғымдармен ассоциациялайды. Дүние жүзінде қызыл раушан гүлі махаббаттың белгісі ретінде саналғандықтан, қызыл түс көбінесе раушан гүлімен немесе махаббат, ғашықтық сезімімен де ассоциацияланады. Ал қызыл планета Марс – соғыс құдайы ретінде танымал екендігі белгілі, сондықтан болар қанды қырғын соғыстар, қан майдандар қызыл түсімен байланыстырылып, санада ұрыс, төгілген қанмен елестетіледі.

Ассоциациялық өрісте берілуі – қызыл әскер, қызыл қан, қызыл от, қызыл жалын, қызу қанды, қызыл гүл т.б. Психологтардың кеңесі бойынша, қызыл түсті мына кезде таңдаңыз: қызығушылық тудырғыңыз келсе арманыңызды іске асырғыңыз келсе, қорқыныш пен үрейден қорғанғыңыз келсе, бойыңыздағы қуатты арттырғыңыз келсе қызыл түсті таңдаңыз. Сондай-ақ, «Қызыл түс тасыған күшті білдіреді. Көбінесе қызуқанды адам киімді осы түстен таңдайды. Албырт, белсенді, тез шешім шығаратындар бір орында отырғанды қаламайды. Өмірден бәрін үйреніп, алға ұмтылғыштар қызылға құмар. Оларды бірқалыптылық тез жалықтырады. Айналасындағылардың қателігіне көз жұмып қарамайды. Шынайылықты жақсы көреді», – деген пайымдаулар бар. Қытайда бай, ауқатты адамдар үйлерінің қақпаларын қызылмен бояған. Ежелгі құдайлардың үстемдігін, табиғаттан тыс ерекшеліктерін көрсету үшін қызыл киімде бейнелейтін болған. Қытайдың астанасы Пекин қаласында «Тыйым салынған қала» - императорлар өмір сүріп, билік құрған Қытай империясының орталығы бар. Бұл сарайдың қызыл қабырғалары оңтүстікті, күнді, бақытты білдірген. Ал ашық сары шатырлары жердің символы болған.

Сонымен қатар көк сөзімен байланысты шыққан қазақта көптеген сөздер бар. Бұған көк тәңірідегі алғашқы компоненттің ықпалы бар секілді. Мысалы, көк шықты дегендегі көк заттың түсін емес, жаңа шыққандығын білдіреді. Тәңірідегі көк дүниенің бастауы деп түсінсек, шөп сөзімен тіркескен көктің мағынасын біз көктем мезгілінің келгендігі, жаңа тірліктің басы деп ұғамыз. Көк сондай-ақ көне түркіде туыстық мағынада қолданылған. Бұлар көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі.

М.Қашқаридың еңбегіндегі «көгің кім» тіркесінің аудармасы »шыққан тегің қандай» дегенді білдіреді. М.Қашқари Сөздігінде көке деген туыстық атауы да кездеседі. Көке деп әкесінің апа-қарындастарын атаған екен. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз ауыз екі сөйлеуде «көкең кім?» түрінде жиі қолданылады. Бұл тіркес туыстық атауды білдіргенімен, тірек, демеуші деген мағынада жұмсалады. Дегенмен кей отбасыларда көне түркілік мәні әлі де болса сақталған.

Соңғы жылдары әлем тілдерінде түр-түс атауларын беретін лексикалық тілдік бірліктер құрамы мен саны жағынан күрт өзгеріске ұшырады. Бұған ағылшын тіліндегі лексикалық модельдердің әсері болып отыр. Ағылшын тілінде, әсіресе, жарнама терминдерін беру кезінде сипаттама түр-түс атаулары жиі қолданылады: олар мәдениетаралық қарым-қатынас бойынша орыс тіліне де өтіп, колоростика терминдерінің қатарын толықтыруда. Орыс тілінде негізгі түр-түс атауларымен қатар объектінің түсін нақтылайтын атаулар, түстің реңктерін айқын көрсету үшін приставка қосылып жасалған атаулар (ярко-синий, светло-коричневый, бледно-розовый) қолданылады. Бұл құбылыс қазақ тілінде де көрініс табууда. Мысалы, сәбіз сары т.б.

1 Жасыл түс атауының да түбірін жас деп тануға болады. Мұнда да о бастан заттық не сындық, сипаттық мағына болған. «Жас» сөзінің бастапқы мағынасы «жаңа шыққан көк, өсімдік, көкөніс» деуге болады. «Жас» сөзінің жаңадан көгеріп шыққан өсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кісінің өмір сүрген жыл санына ауысқан. Көк өсімдіктің дымқыл, ылғалды болуымен, әсіресе таңертеңгі шық түскен кездегі күйімен байланысты, бұл сөз «көз жасы» деген ауыспалы мәнге ие болған тәрізді», — деп көрсетеді. Яғни, жасыл, көздің жасы, адамның жасы, жаңа өсіп келе жатқан балаға байланысты айтатын жас сөзі шығу тегі бір, яғни гомогенді омоним (гомогенді омоним деп — «о бастағы бір сөздің мағыналық дамуы нәтижесінде туындап, арақатынасы алыстап, бара-бара екі сөзге айналып кеткен лексемалар» (Қыдырбекұлы Б., 1993:175) деп айтуға болады.

Түр-түс атауларымен берілген фразеологизмдер тілдің құрылымдық жүйесіндегі аса күрделі тілдік бірлік ретінде лингвистикалық зерттеулерде жан-жақты қарастырылып келеді. Көптеген зерттеуде тұрақты сөз орамдарының, әсіресе жеке сөздермен салыстырғанда, бейнелі, экспрессивті-эмоционалды қасиетке ие екеніне алдымен мән берілді. Фразеологизмдердің көбіне-көп көркем

шығарма тілінде көріктеуіш құрал ретінде жиірек жұмсалуды да олардың осы қасиетіне байланысты болса керек.

Көк - Көгалаң таң.

Таң. Қазіргі тіл қолданысымызда таң атқанда, таң құлан иектегенде, таң бозарып атқанда деген тіркестер бар. Ал халық тілінен таң мезгілін білдіретін сөздердің бұдан басқа да небір түрін кездестіреміз. «Таң сімірі жауғанда» (Төрехан батыр). Ереуіл таң.

«Шолпан жұлдыз батқанда,
пәленің алды қайтқанда,
Ереуіл таңдар атқанда,
қызара келіп күн шықты» («Ер Қосай»: 68).

Көгалаң таң.

«Желпіндіріп ту байлап,
Ерлерім тұрды ат сайлап,
көгалаң таң болғанда» (Қашаған Күржіманұлы:45).

Рауан таң.

Рауан таң біліне,
жемісті сайдың бойына
бастап келді ол енді» (Құбығұл:53).

Ерен-параңда «ерте, таңерте»

көк жан - арық, жүдеу

ақ, қар, көк мұзда - қыс ішінде, қыстыгүні;

Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе

Немесе қытайлық әйел ақын Чжау Лихуа жырлағандай: («Ай туып келеді»)

Қарашы айға, көк аспандағы күміс түймедей,

Көтеріліп келеді еш кім итермей де, сүйремей.

Қарап тұрсаң сол айға,

Түнді бөлеп арайға:

Тасымайды,

Асықпайды,

Шаршамайды.

Зорланбайды,

Көлгірсімейді,

Желікпейді.

Қамықпайды.

“Жас” сөзінің сөздіктерде берілген мағыналарына қарап, алғашқы бастапқы мағынасы жас өскін, жаңадан қылтиып шыққан көк деп топшылаймыз. Көк шөп мағынасынан жас өскін (балаға байланысты) мағынасы, одан адамның жасы семасы, кейін ол өмір мағынасына (жасына жас қосу, өміріне өмір қосу) ауысты. Ал адамның көз жасы мағынасындағы жас, жас шөптің бойында нәрі бар сулы екендігіне қарап, көзден аққан жасты ұқсатқан болу керек.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде Н.Қарашева: «Жас» сөзінің бастапқы мағынасы жаңа шыққан көк өсімдік деп ұйғаруға болады. “Жас” сөзінің жаңадан көгеріп шыққан өсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кісінің өмір сүрген жыл санына ауысқан. Көк өсімдіктің дымқыл, ылғалды болуымен, әсіресе, таңертеңгі шық түскен кездегі күйімен байланысты, бұл сөз көз жасы деген ауыспалы мәнге ие болған” деп көрсетеді. Ал түр-түстердің тілдегі көрінісіне талдау жасаған ғалымдар жалпы түркі тілінде жас//йаш сөздерінің түрлі мағыналық реңктегі көріністері омонимдер қатарына еніп бара жатқандығын айтады (Н.Қарашева, 1995:43). Демек, жас сөзінің алғашында заттық мағынаны иеленіп, кейіннен жас сындық мағынаға көшкенін, яғни атаудың арнайы сема иеленгенін ғалымдар зерттеп, дәлелдеген. Біздің де топшылауларымыз осыған саяды.

Әсіресе, төл басына (алғашқы төлге) айрықша мән берген. Оларды іріктеп, барлық жағынан өскелең талапқа сай келген үлгілерінен тұқымдық ақ нар, боз айғыр, көк бұқа, көк қошқар өсірген. Аса бағалыларын сатпай, соймай, сыйға тартпай ерекшелеп, сетер атаған. Сиыр малын бағып-күту, шығынсыз өсіру оңай еместігін, малшының маңдай терін, қажырлы еңбегін, қиыншылықта төзімділік талап ететінін: «Сиыр бақтым – сидаң қақтым» мәтелі арқылы шаруа адамның зердесіне жеткізген.

Көк қасқа айтты – этн. Ірі тойға, қуанышқа құрбандыққа мал атауы.

Көкәлі жас, піспеген шикі. Мысалы: көк түйнек, көк қауын, көк алма, көк өрік көк сағал («шала піскен»), көк сабақ («толық піспеген, дүмбілез»), көк асық, («шынықпаған»), көк өрік (кей жерде:

»көп өрік жеп іші кепкенше, көк өрік жеп өле қалған жақсы» деген де сөз. Көк арық, жасық, майсыз, дәмсіз. Мысалы: көк жасық («арық ет»); көк бақа қозы («арық, ет алмаған қозы»); көк қарын («арық»); көк шалап («майсыз, дәмсіз, су араласқан сұйық»).

Көлденең жүрген көк атты – кез келген, кім көрінген адам. Мысалы,

- Есенсіздер ме?- деп амандасып, басын изеді де, рұқсат сұрамастан аяқ киімін шешіп, бұрышқа торсылдатып лақтыра бастады. Содан белін жазып тұрды да басындағы күнқағары мен күртешесін керегенің басына ілді. Бұрылып әлі сол орнынан қозғалмаған бейнеге бұрылды.

- Үйге кісі келгенде төрге шығыңыз демей ме екен?,- деп тепсініп, жауап күтпестен-ақ көрпешенің ортасына барып малдасын құрып жайғасты. Енді үй іші алакөлеңкеге көзі үйрене бастады ғой дегенде манағы бейненің қыз бала екенін байқап:

- Шырағым, неғып әлі тұрсың қаққан қазықтай болып, сусының бар ма?- деді жуан дауыспен. Өзі жан-жағын шолып шықты. Жұпынылау шопан үйіне бас сұққанын түсінді. «Дұрыс екен, бай қойшының үйінен адам үзілмейді. Менің көп көзіне түспегенім дұрыс. Мына жер бірер жеті тұруыма жарар»,- деп іштей ойлап, есік түбінде әлі қазықша қақайған қызға таңырқап қарап:

- Әй, сен қыздың құлағың, тілің бар ма? Немесе мені неғып жүрген көк атты деп менсінбей тұрсың ба?- деді тағы. Шақырусыз келген еркектің аузы мен қас-қабағының қимылынан бірдеңе сұрап тұрғанын сезген Айдидар екі қолын жайып, көзі күлімдеп: не сұрайсыз?,-дегенді ишарамен білдірді. Еркек сонда барып қыздың мылқау екенін түсінді. Түңліктен түскен бесіндегі күннің сәулесімен қыздың жүзі албырап, көзінен үрей ұшқыны байқалды. Тоқпақтай бұрымы иығынан асып, жамбасын соғады.

Абай айтқандай «қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы». Қасы қарлығаштың қанатындай. Шарасы кең жанардың тұңғиығында үрей, қалың кірпік астынан еркекке күдікпен қарап тұрғандай. Ұшы ұзыншалау келген қыр мұрынының астында шиедей қызыл ерін үлбіреді. - Ойбай-ау, осынша сұлулық берген шебер құдайдың саған тіл бермегенін айтам-ау!- деп таң қалды еркек. Сөйтіп күбірледі де қолымен мегзеп маған сусын әкеліп бер деп белгі жасады. Қыз басын изеп, бұрыштағы асадалдан кесеқапты ашып ішінен тостаған алды. Оны орамалмен жылдам сүртіп жіберіп, босағадағы күбіден айран құйып, еркекке ұсынды»

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ және қытай тілдеріндегі түр-түс атауларының ұлттық-мәдени сипаты мен ерекшеліктері жайында салыстырмалы тұрғыда қарастырылып, екі халықтың салт-дәстүрін, ұлттық ерекшеліктеріне байланысты түс атауларын өзіндік танымына байланысты қолданады. Сондай-ақ, қазақ және қытай тілдерінде түр-түр атауларының екі халықтың, ұлттың өмір сүру жағдайына, жалпы рухани мінез-құлқының ерекшеліктеріне байланысты қызмет атқарады. Екі халықтың ақындарының өлеңдерінен түр-түс атауларына байланысты мысалдармен дәлелденіп айқындалды. Көркем әдебиет мәтіндерінен мысалдар арқылы олардың семантикасын, қызметін, мәнін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алдашева А.Аударматану:лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер.- Алматы, Арыс,1998.- 248б.
2. Лауланбекова Р. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты (сын есім + зат есім үлгісі бойынша): Канд. дис. автореф. — Алматы, 2010. — 29 б.
3. Қайдаров Ә. Этнолингвистика негіздері. А., 1996. – 189 б.
4. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1993. — 175 б.
5. Қашқари М. Девону луғат-ат турк. I-III т. – Ташкент. 1961-1963. 366 б.
6. Құрышжанұлы Ә. Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер. 1975. 44-65 б.
7. Шанбаева Л.Р. Түр-түсті білдіретін күрделі аталымдардың шығу төркіні, өзіндік ерекшеліктері. XII халықаралық конференция материалдары. Филология сериясы, №4. 2009.
8. Лилли Саймон и Сю. Сила цвета и цветотерапия: Используйте преобразующие силы света и цвета для здоровья и благополучия /перевод с англ.-СПб.: «ДИЛЯ», 2006, 96 С.
9. Айчин Өлеңдер жинағы Пекин, 1969ж 260б
10. Жау Ли Фа Өлеңдер жинағы Пекин, 2003ж 210б.

ЧАГАТАЙ ТИЛИНИН ТҮРК ТИЛДЕРИНДЕГИ ОРДУ

Ф.Ф.К., доцент А.У.АКЫНБЕКОВА*

Түйіндеме

Биз өзүбүздүн тегибизди жакшылап такташ үчүн, тарыхый коңшулардын да тарыхын жакшылап билишибиз абзел. Андыктан азыркы кыргыз тилинин материалдары тарыхый лингвистикалык фактылардын негизинде чагатай тили менен болгон жакындык, тектештик маселелери атайын изилдөөнүн объектисине алынышы зарыл.

Негизги сөздөр: лингвистика, лексика, кыргыз тили, диалект, эстеликтер, графика, чагатай жазуусу, доор, тарых.

CHAGATAI TILININ TRK OF CHILDRENTHEY HORDE

Abstract

We raxsila debt to clarify the origin of the self, as we know, raxsila historical koshelanyk history in General. Therefore, the materials based on historical facts of the modern language linguistic proximity Chagatai, the object of study, specific questions can techtastic necessary.

Key words: linguistics, vocabulary, language, dialect, monuments, graphics, inscription, Chagatai, and I, history.

Ата мекендик түркологдордун арасында чагатай тили чыгыш тобундагы түрк тилдеринин (уйгур, өзбек) түзүлүшүнө мүнөздүү болгон элементтери менен түштүк-батыш тобундагы түрк тилдеринин (түрк, азербайджан, туркмен) түзүлүшүнө тиешелүү огуз, кыпчак тилдеринин элементтерин камтыган «койнэ» жасалма адабий тил экендиги туурасындагы пикир кеңири тараган. Арийне, бул тил өз эне тилдеринин базасында адабий тил калыптануу деңгээлине көтөрүлө элек көптөгөн түрк тилдүү элдердин сабаттуу чөйрөсүндө адабий тил катары кызмат кылып келгени белгилүү. Тактап айтканда, аны бир эле учурда ар башка тилдик, диалектилик айырмачылык менен айырмаланган бир катар түрк мусулман элдери XV-XIX кылымдарда колдонуп келишкен.

Ошол мезгилдерде аталган тил чагатай жазуусу менен жазылган тексттерди түрк тилдүү мамлекеттердин баары эркин окуй алуусуна да белгилүү даражада шарт түзө алган. Бул тууралуу тарых илимдеринин кандидаты Кыяс Молдокасымов “Азаттык” радиосуна берген кабарында: “100 жылдар бою Стамбул шаарынын китепканаларынын биринде кыргыз тарыхчысы Зиябидин Максымдын 1662 беттен турган “Фергана хандарынын тарыхы” деген эмгеги кыргыз тилинде сакталып, чагатай тилинде жазылган дегени менен аны өзбектер өзбекче, кыргыздар кыргызча, казактар казакча окуй алгыдай баарына кеңири түшүнүктүү болгонун билдирген. Ал эми Алишер Навоинин сөздүгүн даярдап жаткан биздин боордош өзбектер кээ бир терминдердин маанисин түшүнүш үчүн К.К.Юдахиндин “Кыргызча-орусча” сөздүгүн колдонушкандыгын айтышкан. Бабурдун сөзүн иликтегендер дагы кээ бир сөздөр азыркы өзбек тилинде сакталбай, кыргыз тилинен табылган”, – деген.

Мунун өзү ошол доордогу чагатай тилинин сөздүгүн андаш үчүн бир учурда бир нече түрк боордош, тектеш элдердин сөздүгүнө таянуу керек экендигинен кабар берип турат. Андыктан чагатай тилин ошол кездеги тарыхый документтердин, кол жазмалардын көпчүлүгү ушул аймакта жашаган жалпы түрк тилдүү элдерге түшүнүктүү болсун үчүн кабыл алынган тил деп эсептеп, чагатай жазмасы, жалпы Борбордук Орто Азия элдеринин орток адабий мурасы болуп саналат дегенге толук негиз бар.

Ал эми түрк тилдеринин ичинен кыргыздар чагатай тилин XVIII-XIX кылымдарда өз турмушунда колдонгондугун байыркы жазма эстеликтердин материалдарын негиз кылып

алып, чагатай жана кыргыз тилинин, айрыкча, лексикасын салыштыруудан даана байкалат. Себеби тилдин лексикалык байлыгы – калктын бүткүл турмуш тарыхы менен өмүрлөш, аны менен бирге жаралган жана бирге жашап келе жаткан баа жеткис кенч. Бул байлык элдин нечен кылымдар бою өнүктүрүлүп, калыптанып отурган маданий жана материалдык байлыктары, аң-сезими, ой-

* «Азаттык» радиосу, Талас мамлекеттик университети, aimantmu@mail.ru

пикири, коомдук турмушу, башка элдер менен болгон карым-катнашы ж.б. жактары менен тыгыз байланыштуу.

Ушул максатта бул эмгекте Венгриялык чыгыш таануучу, фольклорист И. Кунош тарабынан 1902-жылы Будапештте жарык көгөн “Чагатай-Осмон-Немис тилдериндеги сөздүгү” («*Çagataj - Osmanisches Wörterbuch*») чагатай тилинин лексикасын азыркы кыргыз тили менен салыштырууда кеңири пайдаланылды. Анда чагатай тили менен кыргыз тилинин ортосундагы фонетикалык праформасында жана номинативдик семантикасында сакталган жалпылыктар бар экендиги, андай биримдиктердин негизин заттык, сын атоочтук, этиштик түшүнүктөргө, тууганчылыкка, үй-тиричиликке, тамак-ашка, кийим-кечеге, эски коомдук түзүлүштөргө тиешелүү сөздөр түзөрү аныкталды.

Алсак, аталган сөздүктө чагатай тилиндеги заттык, сын атоочтук, этиштик түшүнүктөргө байланыштуу бир нече сөздөр кыргыз тилинде да бүгүнкү күнгө чейин эч өзгөрүүсүз сакталып келгени байкалат. Маселен, заттык түшүнүктөгү сөздөр: *ay* “ай”, *ayım* “айым”, *aş* “аш”, *at* “ат, жылкы”, *atala* “атала”, *beşik* «бешик», *bilik* «билик», *börk* «бөрк», *çay* «чай», *çelek* «челек», *çelpek* «челпек», *çičkan* «чычкан», *çiy* «чий» ж. б.

Сын атооч сөздөр: *erke* «эрке», *kıska* “кыска”, *kızıl* “кызыл”, *kıyın* “кыйын”, *kök* “көк”, *mol* “мол”, *sak* “сак”, *sarı* “сары”, *kaynak* “кайнак” ж. б.

Ал эми биз кезиктирген этиштик түшүнүктөрдөгү сөздөрдө тыбыштык айырмачылыктар эч байкалбайт: *aç* “ач”, *çüü* “чык”, *iç* “ич”, *kêç* “кеч”, *kês* “кес”, *kêt* “кет”, *kir* “кир”, *kör* “көр”, *êşit* “эшит, ук” ж. б.

Бирок бул мисалдардан чагатай тили менен кыргыз тилинин ортосунда айырмачылыктар таптакыр жок дегенден алыспыз. Тилдин лексикалык составы ар дайым бир калпта турбайт. Ал элдин маданий турмушу, үрп адаты, чарбачылык жана өндүрүш каражаттарындагы өнүгүүгө байланыштуу өзгөрүүлөргө жараша дайыма тынымсыз өзгөрүү абалында турат. Маселен, чагатай тилиндеги заттык, сын атоочтук түшүнүктөрдү билдирген айрым сөздөр кыргыз тилинде кийинки фонетикалык мыйзамдарга багындырылган. Бирок булар фонетикалык жагынан бир аз өзгөрүлгөнү менен алар маанилик жактан чагатай тили менен жалпылыкты түзгөн. Маселен, зат атооч сөздөр: *ak mescid* “ак мечит”, *altun* “алтын”, *aşlıg* “аштык”, *atağ* “атак, даңк, наам”, *bulag* «булак», *çokmar* «чокмор», *cilim* // *çili* «чылым», *erkan* «аркан», *gence* «кенже», *gene* // *kene* «кене», *giyik* «кийик», *giyiz* «кийиз, палас», *gök* «көк, асман» ж. б.

Сын атооч сөздөр: *yumşag* “жумшак”, *güyük* «күйүк», *karamtol* “каралжын” *karamuğ* «карамык», *karangu* “караңгы”, *kararak* “карараак”, *kızımtol* “кызгылтым”, *köprek* “көбүрөөк”, *kuruğ* “курпак” ж. б.

Мындай көрүнүштөрдөгү сөздөр төмөнкү тематикалык топтордо да байкалат:

Тууганчылыкка байланыштуу сөздөр. Чагатай тилиндеги тууганчылыкка байланыштуу төмөнкү сөздөр тыбыштык жактан да, берген маанилери боюнча да эч өзгөрбөстөн кыргыз тилинде колдонулат: *ata* – ата: 1. балалуу эркек; 2. жалпы эле улгайган эркектерге кайрылганда урматтоо иретинде айтылат, *baba* – баба, түпкү ата, ата-баба. Мисалы: *Бабабыз черткен бул комуз, Баркына жетип ырдайлы*; *ağa* “ага, байке, улуу бир тууган, айылдын же уруунун башчысы, бий; *ake (eke)* аке, улуу эркек бир тууган, ага, байке, *balduz* – балдыз.

Ал эми айрым тууганчылыкка байланыштуу сөздөрдүн фонетикалык структурасы боюнча бириккен. Маселен, *balaçka (beleçke)* деген айрым татаал сөздөр азыркы кыргыз тилинде бала-чака, үй-бүлөдөгү балдар, бала-бакыра деген кош сөз түрүндө эки бөлөк жазылат. Чагатай тилинде бул сөздүн биринчи компоненти (*bala*) кыргыз тилиндегидей эле: бала, наристе, жаш бөбөк, жалпы эле уул, кыз деген маанини берет. Бирок айрым окумуштуулар бул сөздү түрк тилдерине индия тилдеринен келип кирген болуу керек дешет. Анткени К. Сейдакматов *bala* сөзүн индия тилдеринин бири болгон урду тилинде: 1) балакай, балача; 2) куулук шумдуксуз деген маанини берерин айткан. Ал эми *балак* сөзү “жаш бала, эмчектеги бала” деген маани берет деген (Седакметов, 1988:44).

Байыркы түрк жазууларында *bala* сөзү *жаныбарлардын баласы* же *кул* деген мааниде гана болгон (ДТС, 1969: 80). Анын ордуна *огул* деген сөз колдонулган. *Уры огул* “уул бала” дегенди, *кыз огул* “кыз бала” дегенди билдирет (ДТС, 1969: 364).

Ушуларга караганда *bala* деген сөз байыркы түрк каганатынан кийинки мезгилде, болжолу, караханиддердин тушунда индия тилдеринен түрк тилдерине кабыл алынган болуш керек. Себеби кыргыз тилинде да бул сөздү айбанаттардын жаш төлүнө, канаттуулардын балапандарына карата колдонулушун макалдардан кездештирүүгө болот: *Карга баласын аппагым дейт, Кирпи баласын жумшагым дейт (макал).*

Ағаша жана *байбеңе* сөздөрү чагатай тилинде бирдей колдонулуп, улгайган сөөлөттүү зайып маанисин түшүндүрөт. Бул сөздөр кийин ар түрдүү доорлордо түрдүүчө маанини түшүндүрүп кеткени байкалат. Маселен, байыркы түрк тилдеринде хан сарайда иштеген кызматчы аялды атаса, уйгурларда *агеча* формасында келип, үйдөгү байбиче аялды түшүндүргөн. Кыргыз тилинде болсо, чагатай тилиндегидей (*ағаша, байбеңе*) эки формасы бирдей кездешет. Алсак, *агача* формасы айрыкча фольклордук чыгармаларда гана кездешет: *Агача, келин, сулуу кыз Зайыптан чыгат турбайбы* (Элдик ыр).

Ал эми азыркы кыргыз тилинде бул (*агача*) сөздүн *байбиче* формасы сакталап, анын мааниси бир топ кеңейген. Маселен: 1) бир нече аялы бар адамдын биринчи аялы. *Чоочулаштып үрпөйүп, Байбиче, токол башында* (Жантөшев). 2) үйдөгү оокат-тиричиликти башкарып, көп жашап калган аял. *Байбиченин бардыгы – Төөдөй кара сандыгы* (Тоголок Молдо). 3) улгайган аялдарга карата урматтап, кайрылуу иретинде колдонулат. – *Келгиле, байбичелер, келгиле, – деп, Жапар ордунан тура калды* (Баялинов).

Эски коомдук түзүлүшкө тиешелүү кесипчилик сөздөр.

Ағ падишах – чагатай тилинде “Түркстанда аскердик чин” деп берилет. Кыргыз тилинде болсо, тыбыштык өзгөрүүгө дуушар болгон формасында *ак падыша* болуп кездешип, монархиялык бийликтин башчысы монархтын титулу, атадан балага өтүүчү кандык бийлик. Мисалы: *Зулум падыша, бай-манаттын тушунда элди, жерди кара туман каптаган*. Анын азыркы күндөгү өтмө мааниси мамлекет башчысы, эл башчысы, эң күчтүү, эң кыйын, эң урматтуу, асыл адам маанисинде да колдонулат. *Падыша тукумун жеке уул даңазалабайт* (*Кыргыз* тилинин сөздүгү, 2010:1031). Тарыхта бул наам кыргыздар Россияга кошулгандан кийинки мезгилдеги орус падышаларынын жергиликтүү эл тарабынан аталышын түшүндүрөт: *Герман менен ак падыша урушуп жатат имиш* (Абдукаримов).

Ал эми *atalik* (*atalıg*) сөзү Орто Азияда жогорку мамлекеттик чин, падышалардын тарбиячысы, увазир. Аталык – падышахтын баардык иштеринен кабардар болуп, жоопкерчилик алган, өлкөнү башкаруусуна акылы, кеңеши менен жардамчы болгон киши деген түшүндүрмө берилген (Kúnos,1902). Кыргыз тилинде да ушундай эле маанини туюндурары Х.Карасаевдин “Камус наама” сөздүгүндө (Карасаев,1999:119) байкалат. Анда Орто Азиядагы хандардын убагындагы жогорку мансаптын бири экендиги айтылат: *Түк амалга жетпей, же Нусунтун аталыктыгын көрө албай, ачык каршы чыгышка даап батынбай, ичтен сызып жүрүшкөн айрым бектер, уруу башчылары Муратбек жакындаар замат ага жалт өтүп кетиши ыктымал болчу* (Т.Касымбеков). *Бул Мусулманкул аталык эмеспи* (Касымбеков). Экинчи мааниси ата дегенге таандык: *Аталык мээрим менен кат аркылуу, Кучактап маңдайынан өөп алам* (Абдыраманов).

Yasaul – сөзү чагатай тилинде болуштун жигити, айыл аткаруучу маанисин туюндурат. Ал эми Х.Карасаев илгери кыргызда *жасоол* эки түрдүү болгонун белгилейт: биринчи, үйөздүн жасоолу кылыч асынган, тышын кызыл баркыт менен тыштанган тебетей кийген. Бирок аны кызыл тебетей дебестен кызыл чок деп атаган. Анткени кызыл тебетей илгери замандан бери «бир элдин эркеси же бир үйдүн эркеси» болгон. Чаташтырбас үчүн «жасоолду» (үйөздүн жасоолун) «кызыл чок» деп койгон. «Кызыл чоктор» барып турган катаал, ырайымсыз, алкы бузулган митаамдардан болгон: *Жамандан жасоол койсо, Жалгыз уулунун көзүн чыгара чабат* (макал) (Х.Карасаев,1996:292). Ал эми Кокон хандыгынын мезгилинде «акимдерди, улуктарды жандап жүрүүчү адам», «кароолчу, коргоочу», «үйөздүн, болуштун чабарманы» деген маанини билгизген: *Жардынын минип чологун, Салуучу бүлүк жасоолдор* (Турусбеков).

Ал эми *bek* сөзү чагатай тилинде “кол башчы, мырза, эмир” деген мааниде кездешет. Бул (*бек*) сөздү айрым түркологиялык изилдөөлөрдө байыркы түрк тилиндеги *йег* «жакшы» деген сөздөн келип чыгышы мүмкүн деп болжолдонот (ДТС,1969:242) К.Сейдакматов мындай болжолдоого эки негиз бар экендигин белгилейт: 1) кыргыз тилиндеги жакшы сөзү «атактуу, даңкы чыккан, эл бийлеген адам» маанисинде айтылат. Ушундай маани байыркы түркчө *йег* «жакшы» деген сөздө да болуп өтүшү мүмкүн. 2) Кыргыз тилинде сөз башындагы [й] тыбышы [б] тыбышына алмашкан. Натыйжада байыркы түркчө *йег* сөзү *бег* түрүнө келип, көпчүлүк түрк элдеринде хандан кийинки мансап орду *бек* аталган (Сейдакматов,1988: 50). Анын ичинде кыргыз тилинде да *бек* сөзүнүн мааниси “бир уруунун башчысы, эл бийлөөчү” деген маанилерди билгизет: *Зулумдар бизге бек болду, Эл ичинде көп болду* (Тоголок Молдо). Ошондой эле *бек* сөзүнүн азыркы кыргыз тилинде “туруктуу, бекем”, “катуу,” “жабык, кулпуланган” деген маанилери да бар: *Аткарууда сөзүңдө бек бол, эже* (Нуркамал). *Чаргын бек-бек унчукту* (Сыдыкбеков). “*Бек жерге катып койдум*” деп жылмайды (Осмонов).

Кыргыз тилиндеги жасоол сөзү чагатай тилинде *yasaul* болуштун жигити, айыл аткаруучу маанисин туюндурат. Кыргыз тилинде да Кокон хандыгынын мезгилинде «акимдерди, улуктарды

жандап жүрүүчү адам», «кароолчу, коргоочу», «үйөздүн, болуштун чабарманы» деген маанини билгизиши менен чагатай тилинен айырмаланбайт: *Жардынын минип чологун, Салуучу бүлүк жасоолдор* (Турусбеков).

Кийим-кечелердин аттары. Чагатай тилинде кийим-кечектерге байланыштуу сөздөр көп кездешет, бирок алардын тыбыштык жактан өзгөрүүлөрү байкалат. Мисалы *чекмен* эркек кийиминин бир түрү. Бул сөз тажик-фарс тилдеринен *чекмен, жемен* формасында кабыл алынган. Кыргыз тилинде [п] тыбышынын кошулушу жана [м] тыбышынын түшүрүлүп айтылышы менен *чеккен* сөзү пайда болгон. Бул сөздүн тыбыштык түзүлүшүндө айырмачылыктар болгону менен анын лексикалык мааниси бирдей, тактап айтканда, кабылбай, шырылбай эндей тигилген же ичи кабылып, сырты бош тигилген эркектердин тыш кийими *чеккен* деп аталат. Ал эми *гүйнак* күрмө кемсел сыяктуу сырт кийимдердин астынан кийилүүчү жалаң кат кийим, көйнөк (Кыргыз тилинин сөздүгү, 2010:774).

Börk – чагатай тилинде төбөсү бийик тебетей. Э.В. Севортян бул сөз байыркы эстеликтерде «*ороо*», «*жабуу*», «*чүмкөө*» маанилерин туюндуруп, *бөрү /бөри* сөзүнүн [и], [ү] тыбыштары түшүп, этиштен зат атооч жасоочу -к мүчөсүнүн жалганышынан пайда болгонун айткан (Севортян: 1978: 223). Бирок *бөрк* сөзү кыргыз тилинде чагатай тилиндегидей төбөсү бийик тебетей маанисинде колдонулат: *Бөрк ал десе баш кескен («Семетей» С.К.), Көк сүлөөсүн бөрк кийген, Көк жал абаң эр Бакай («Манас»)*.

Буюм-тайымдарга байланыштуу сөздөр. И. Куноштун сөздүгүндө буюм-тайымдарга байланыштуу сөздөр да өтө көп кездешет. Алар кыргыз тилинде тыбыштык өзгөрүүгө учураганы менен лексикалык маанисин сактаган. Мисалы: *биçак* сөзүнүн баштапкы *быч* этиши «кес» маанисин берген. Ага зат атооч жасоочу -ак мүчөсүнүн жалгануусу менен *бычак* сөзү келип чыккан (ДТС, 1969: 104). Чагатай тилиндеги *биçак* сөзү кыргыз тилинде тыбыштык өзгөрүүгө учурап, *бычак* болуп кездешип, кесүү үчүн колдонулуучу мийиздүү, сабы бар курал маанисин берет: *Маки бычактарын чыгрып, дасторкон үстүнө таштап, эттин келишин күтүштү*. Ал эми ушул эле сөз түрк тилдеринен азербайжан тилинде *бычак*, хакас тилинде *бичак*, якут тилинде *бычах*, түрк, татар, уйгур тилдеринде *пычак*, уйгур диалектилеринде *пичак*, татар диалектилеринде *пыцак*, алтай диалектилеринде *пыцах* деп аталган.

Bilau / bilağ – кайрак таш. Кыргыз тилинде болсо созулма үндүүлөр пайда болгондон кийинки *бүлөө* формасында кездешип, бычакты, устараны жана башкаларды бүлөөгө жануу, бүлөө менен курчутуу, жанып курчутуу маанисинде колдонулат: *Бычакты бүлөп бере койчу*. Өтмө мааниде кайратына келтирүү, кайраттандыруу, күчөтүү дегенди элестүү туюнтат: *Түркүн кеңешин салып бүлөгөн* (Бейшеналиев). Бүгүнкү күндө адабий тилибизде бүлөөгө синонимдеш кайрак (кайрак ташы) колдонулат: *Жазгычтар – кылыч болсо, сынчы – кайрак. Кылычты өткүр кылат мыкты кайрап* (А. Осмонов).

Bilekçe – билекче, колго тагылган чынжырча. Чагатай тилиндеги *bilekçe* сөзү *билек+че* деген эки бөлүктөн турат. *Билек* уңгусу чыканактан колдун башына чейинки аралыктагы мүчө, жилик, ага кичирейтүүчү -че мүчөсү уланганда колго тагылган чынжырча маанисине туура келет. Кыргыз жана чагатай тилдеринде -ча мүчөсү атооч сөздөргө улануу менен, кичирейтүү маанини туюндурат. Ал эми *билек* деген сөздүн алгачкы формасына *йүзүк* деген сөздүн биригишинен кыргыз тилинде *билерик* сөзү пайда болгон: *Кош билерик, кош шакек. Оң колуна сала кет*. (Т.Молдо)

Билек+йүзүк деген бириккен сөздө *билек* бөлүгүнүн аягындагы [к] (г) тыбышы [й] тыбышына өтүп, казак тилдеринин диалектилеринде жолуга турган *билейзүк* түрү жаралган. Мындай [й] тыбышынын мурдагы [р] тыбышынын алмашканы экен деп туура эмес «оңдоп айтуудан» түркмөн, турция, өзбек тилдеринин диалектилеринде *билерзик* түрү келип чыккан. Ал эми [р] тыбышы сакталып кала берип, андан кийинки [з] тыбышы түшүп калышынан кыргызча *билерик* түрү пайда болгон (Сейдакматов, 1988: 53). Бул чагатай тилинде *bilak yüzük* деген формада келип, түрк тилдеринин ичинен кыргыз тилиндеги *билек* уңгусу чагатай тилине жакын экендиги байкалат. Себеби түркмөн, турция, гагауз, караим, карачай-балкар, ногой, кара калпак тилдеринде *билезик, билзек*, өзбекче *благузук*, түркмөн, турция, өзбек тилдеринин диалектилеринде *билерзик* түрүндө айтылат (Севортян: 1978: 87).

Тамак аштардын аттары.

Аш – байыркы түрк тилдеринин сөздүгүндө бул сөз кайсы тилден келгени белгисиз, бирок *аш* деген сөз эң алгач манжурларда *ашуу* формасында кезигип, ал чайноо, оозуна алуу деген түшүнүктү берери айтылат (Севортян:1978: 62). *Аш* сөзү түрк тилдеринин айрымдарында үч мааниде колдонулат. Анын биринчи мааниси жалпы эле *тамак* деген түшүнүктү билдирет. Экинчи мааниси *палоо*. Бул түрктөргө перс тилинен кабыл алынып, чагатай тили аркылуу таркагандыгы белгилүү

(Севортян: 1978: 87) *Аш* сөзүнүн үчүнчү мааниси түрк тилдеринин ичинен кыргыз, казак, кара калпак, уйгурларда өлгөн адамды эскерип, бир жылдан кийин ага арнап мал союп, элге тамак берүү жөрөлгөсүндө колдонулат.

Göçe – сөзү чагатай тилинде ак жүгөрү таруусунан жасалган бир даам маанисин туюндуруп, кыргыз тилинен айырмаланбайт. *Көчө* сөзүнөн *көжө*, *көйө* сөздөрү келип чыккан. Чагатай тилинде да **göçe aşı** сөзү кезигет. Анын мааниси акталган таруудан, күрүчтөн, арпадан, буудайдан, жүгөрүнүн данынан соккуга жанчып, сууга сүт кошуп бышырылган суюк тамак “*көчө көжө*” деп аталган. Демек, бул түрк элдеринде байыртан келе жаткан тамактын бир түрү. *Көчө* сөзү азыр унутулуп, архаизмге айланып бара жатат. Аны мындан 30, 40 жыл мурда кыргызча жыл жаңырганда токчулуктун, молчулуктун жылы болсун деген тилек менен ар бир үй-бүлө көпчүлүк үчүн бышырып, таркатышчу экен.

Көжө сөзүндөгү [ж] тыбышынын [й] тыбышына өзгөрүшүнөн Талас говорундагы *көйө* сөзү жаралып, ал жалаң гана көчөдөн жасалган тамак эмес, кесме кошулганын да билдире турган болуп, мааниси кеңейип кеткен.

Kavudak – Бул сөз *куур+дак* бөлүктөрүнөн турат. Чагатай тилиндеги *каву* сөзү кыргыз тилинде созулма үндүүлөр жаралгандан кийин *кууру* этишине зат атооч жасоочу -дак мүчөсү уланып, *куурдак* сөзү жасалып, майга куурулган эт маанисин туюндурган. Кийин кыргыз тилинде мындай мүчө жалганып, *түй-түйдөк*, *быш-быштак*, *кекир-кекиртек* сыяктуу сөздөр жасалган.

Жыйынтыктап айтканда, мындай мисалдардан дагы бир нечени келтирүүгө болот. Бирок ушул фактылардын өзү эле чагатай тилиндеги айрым сөздөрдүн байыркы турпаты, семантикасы кыргыз тили менен бирдей экендигинен кабар берет. Мунун себеби, кыргыз тили байыркы тилдердин катарына кирет. Түрк тилдеринин башаты кыргыз тили менен байланыштуу деген ойлордун тууралыгын бекемдейт. Андыктан ушул багытта азыркы кыргыз тилинин материалдарын тарыхый лингвистикалык фактылардын негизинде жалпы эле түрк тилдери менен болгон жакындык, тектештик маселелерин атайын изилдөөнүн объектисине алуу маселеси зарыл деп ойлойбуз. Себеби Б.М. Юнусалиев белгилегендей: «байыркыны көздөй канчалык алыстаган сайын жакын тектеш тилдер ошончолук бири-бирине жакындайт»(Юнусалиев: 1985: 209).⁴ Ал эми мындай иштер кыргыз элинин маданиятынын азыркысы менен өткөндөгүсүнүн ортосундагы реалдуу байланышты калыбына келтирет.

АДАБИЯТТАР:

1. «Азаттык» радиосу 2014-ж.
2. Древнетюркский словарь. Ленинград: Наука, 1969. –С. 104.
3. Карасаев Х. Камус наама, – Бишкек, 1996. – 774 б.
4. Кыргыз тилинин сөздүгү. –Бишкек, 2010. –1031 б.
5. Kúnos I. «Šejx Sulejman Efendi's» Ćagataj - Osmanisches Wörterbuch, KSz III, Вр. 1902.
6. Сейдакматов К. Кыргыз тилинин кыскача этимологиялык сөздүгү. –Ф.: Илим, 1988. –50 б.
7. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на букву “Б”. –Москва: Наука, 1978. –с. 223.
8. Юнусалиев Б.М. Избранные труды. Фрунзе, –1985, с. 209.

АҒЫЛШЫН АНТРОПОНИМДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКАЛЫҚ КОННОТАЦИЯ

Магистр-аға оқытушы Л.У. АЛИПБЕКОВА*

Түйіндеме

Әр түрлі қоғамдық тарихи және мәдени сипаттағы факторлар әсерінен құрамы үнемі өзгеріп отыратын жеке есімдер тар шеңбердегі адамдарды ажыратуға қолданылады, соның ішінде отбасы, таныстар, достар. Бұл құбылыс жеке есімдердің жақын еркелетуші нұсқаларының болуын түсіндіреді, мұндай нұсқалар текке қарағанда жеке есімдерде жиі құрылады.

Сол себепті, ағылшын антропонимдері мәтіннің стилистикалық белгіленген элементі ретінде қабылданады. Көркем шығармадағы антропонимдердің эмоционалды-экспрессивті сипаттамасы: есімдердің дыбыс бейнелілігімен; жұрнақтардың онимдерінің субъективті бағасының бар болуымен; шығарылатын апелляциялардың экспрессиялы семантикасы есебінен көрінеді. Ағылшын антропонимдерінің эмоционалды мағынасы мен стилистикасын білдірушілер ретінде жалқы есімдердің кішірейткіш жұрнақтары қолданылады. Ағылшын антропонимдерінің денотативті мағынасы қолданысушысы жайлы аз ғана ақпаратты береді: жынысы мен ұлтын ғана көрсетеді. Алайда антропоним мағынасын құрылымына, конотативті компоненттердің семалық құрылымын енгізу оны күрделендіріп, семантикасының ашылуына жағдай жасайды. Ағылшын антропонимдерінің коннотациясында тек екі ғана емес, үш немесе төрт компонент те болуы мүмкін.

Тірек сөздер: антропоним, эмоционалды-экспрессивті коннотация, стилистикалық коннотация, жалқы есім.

THE EMOTIONAL-EXPRESSIVE AND STYLISTIC CONNOTATION OF THE SEMANTICS OF THE ENGLISH ANTHROPONYMS

Abstract

Individual names, constantly changing in composition, under the influence of various social, historical and cultural factors, are used to distinguish a narrow circle of people, including family, acquaintances, and friends. This phenomenon explains the existence of close-ups of individual names, which are often created in private names rather than in the ordinary.

Therefore, the English anthroponyms are regarded as stylistically fixed elements of the text. The emotional-expressive characteristic of anthroponyms in artistic work: the soundness of names; existence of subjective estimation of suffix's suffixes; expressed by the express semantics of the appellate. Individual namespace suffixes are used as an expression of the emotional sense and stylistics of the English anthroponyms. The denotative meanings of the English anthroponyms give little information about the user: only sex and ethnicity. However, the introduction of anthroponyms into the structure of the conformational components makes it more complicated and allows the semantics to be opened. The English anthroponyms can contain not only two but three or four components.

Key words: anthroponym, emotional-expressive connotation, stylistic connotation, proper name.

КІРІСПЕ

Ағылшын антропонимдерінің стилистикалық потенциалын зерттеу, оның стилистикалық мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады. Бұл антропонимдерді стилистикалық аспект тұрғысынан зерттеуді талап етеді, яғни антропонимдер мәтіннің стилистикалық белгіленген элементі ретінде қабылданады. Ағылшын антропонимдерінің стилистикалық мүмкіндіктерінің ерекшеліктері оның ономастикалық бірлік ретіндегі тілдік табиғатының ерекшелігімен шартталған. Ағылшын антропонимдерінің семантикасы жоғарыда аталып өткендей өзіндік сипатқа ие. Жалпыланған денотативті мағынамен ерекшелене отырып, сөз барысында белгілі референтпен үйлестірілетін жеке ұғымды білдіретін номинативті референтті мағына арқылы ағылшын антропонимдерінің семантикасы сипатталады, олар әр түрлі коннотация көзі бола отырып, ағылшын антропонимінің стилистикалық өзектілігінің негізіне жатады. Біздің пікірімізше, ағылшын антропонимдеріне қатысты коннотация ұғымы, оның ерекшелігіне байланысты өзгеріп кеңейеді.

* Еуразия гуманитарлық институты, alipbekova@mail.ru

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Антропоним семантикасын қарастыру үшін сөз мағынасының осы бөлігі ерекше маңызға ие болады. Себебі антропонимнің тілдік жүйеден көркем мәтінге ену үрдісі кезінде сема құрылымында антропоним мағынасының семантикалық жылжуы орын алып, антропоним семантикасының жаңа мағына компоненттерімен баюы, соның ішінде коннотацияның қосылуы орын алады. Бұл коннотация белгілері мынадай болуы мүмкін: а) лингвистикалық, мұнда коннотацияның лингвистикалық параметрлері, қосымша эмоционалды мағына жұрнақтары жалпы негіздегі апеллативті мағына кіреді; б) психологиялық, яғни тұрақты узуалды ассоциациялар, тілдік ортаны анықтауға ортақ, жеке немесе тосынды ассоциациялар.

Сөздің лексикалық мағынасы құрылымындағы коннотация рөлі жайлы мәселені қарастырғанда денотация және коннотация арасында нақты шекара жоқтығы аталып, бұл екі құбылыс өзара байланысты және өзара шартталған ретінде қарастырылды. Денотативті мағына және оның семалық құрамы коннотацияның пайда болуының объективті негізі. Коннотация мен денотацияның тығыз байланысының дәлелі коннотацияның ресми берлімеуімен қатар тілдің барлық деңгейлерінде ресми берілу мүмкіндігі болып табылады. В.И. Шаховский фонологиялық деңгейде тәжірибе жүзіне де коннотация саласында дыбыстық символизм фактісі анықталғандығын айтады. Осылайша, [d] дыбысы ағылшын тілінің «қорлау» сөздерінде беріледі: dupe, dull, dafty, mud, [r] дыбысы теріс эмоцияларды жеткізеді: grieve, groan, horror, terror, terrible (Шаховский В.И., 1999: 46 б.).

Бұл тұрғыдан алғанда ағылшын антропонимдері де ережеден ауытқымайды. Есімдер мен тектер әр түрлі эмоциялар туғызып, «ренжітуге және қуантуға, ұнауға және жиеркеніш туғызуға, қайғы немесе мақтаныш себебіне айналуға қабілетті».

Келесі мысалда коннотацияның эмоционалды және бағалаушы компоненттері Honoria жалқы есімде қарастырылады, ол дыбысталуы нашар ретінде қабылданады, бұған оның фонетикалық бейнесі ғана емес, контексте frightfull сөзінің болуы да жағдай жасайды. Теріс эмоцияларды жеткізуде аллитерация мүмкіндік береді, яғни [r] дыбысы frightfull Honoria үйлесімде.

Not even on the occasion, some years earlier, when I had inadvertently become betrothed to Tuppy's frightful Cousin Honoria, had I experienced a deeper sense of being waist high in the gumbo and about to sink without trace.

Көркем шығармадағы антропонимдердің эмоционалды-экспрессивті сипаттамасының міндеті:

- есімдердің дыбыс бейнешілдігімен;
- жұрнақтардың онимдерінің субъективті бағасының бар болуымен;
- шығарылатын апеллаттардың экспрессиялы семантикасы есебінен көрінеді.

Эмоционалды - экспрессивті сипаттаушы міндетті ішкі анық емес пішіні бар онимдер жасайды. Бұндай атауларда басты болып олардың дыбыстық экспрессиясы, дыбыс бейнесі, жалаң дыбыс жазбасы табылады, кейде ол (көбінесе саналы емес түрде) жағымды және жағымсыз бағалау ассоциацияға әкеледі.

Т.Э. Бенвенисттің айтқанына сәйкес, біз де дыбыс бейнешілдік деп сөз қасиетін, қажетті, маңызды, қайталамалы және салыстырмалы тұрақты сөз фономені мен объект-денотат белгісі бар негізгі есім арасында еріксіз байланысты айтамыз (Бенвенист Т.Э., 1994: 69 б.).

Көркем шығармадағы онимдерінің эмоционалды-экспрессивті сипаттаушы міндетін толық ашу үшін дыбыс бейнелеушіліктің кейбір қағидаттарына тоқтау керек. Тілдің дыбыс бейнелеушілік жүйесіне дыбыс еліктеу және дыбыс символдық қосалқы жүйесі енеді. Тілдің дыбыс бейнелеушілік жүйесінің бірінші деңгейін дыбыс еліктеу құрайды, ол сөз фономені мен денотаттың дыбыстық (акустикалық) есімі негізінде жатқан белгінің заңды, еріксіз, фонетикалық дәлелді байланысы болып табылады. Дыбыс символдық дыбыс бейнелеушілік жүйесінің екінші деңгейі ретінде әлде қайда күрделі құбылыс.

Дыбыс символдық құбылысының объективті/субъективті сипаты мәселесі, оның табиғаты және үшбұрышты: денотат-сигнификат-фонетикалық пішін жасайтын байланыс ғылыми зерттеулер үшін әр уақытта үлкен материал болған. Қазіргі таңға дейін сөздің дыбыс символдық компонентінің тасушы-бірлігі анық бөлінбеген, дыбыс символды сөздермен тудыратын ассоциацияның негізгі себебі де анықталмаған.

Зерттеушілер дыбыс символизмді объективті (жаратылыс тілдегі белгілі бір семантикалық бірліктер мен дыбыстар арасындағы байланыс) және субъективті (адам психикасындағы нақты дыбыстар мен семантикалық бірліктер арасындағы байланыс).

Дыбыс символизмнің сипаты туралы сұрақ ашық болып қалады: бір ғалымдар (Г. Альпорт, Р. Браун, Дж. Вайс, В.В. Левицкий) эмбебап (ұлтаралық) дыбыс символизм сипаты туралы айтады,

екінші көзқарас (И. Тэйлор) – дыбыс символизмінің жіңішке ұлттық сипаттамасы сақталады. Алайд В.В. Левицкимен жасалған тәжірибелер И. Тэйлормен жасалған дыбыссимволизмінің жіңішке ұлттық сипаттамасы туралы жасаған қортындылары нақты негізделмегендігі туралы шешімге келеді. В.В. Левицкий тәжірибелері кезінде туыстық (үндіевропалық) тілдер үшін статикалық сенімді дыбыс символды ережелердің бар екендігін анықтады және туыс емес тілдерге әмбебап үрдістің (статикалық сенімдіге өте жақын) бар екендігін анықтады. Олардың негізгісі болып келесілер табылады: «кішкентай» түсінігімен [n], [p], [s], [l], [m], [t] дауыссыз дыбыстар және [i], [e] дауыстымен символданады, ал «үлкен» [d], [b], [r], [g] дауыссыздарымен және [o], [u] дауыстысымен символданады. Басқа сөзбен айтқанда, үнділік, қатаңдық, алғы қатар, жоғарғы көтерілім «кішкентай» түсінігін символдайды, ал ұяң, жабысыңқы, артқы қатар, төменгі көтерілім – «үлкен» түсінігін (Воронин С.В., 1992: 78 б.). Сондықтан, мөлшердің символизациясы ауыз қуысының ашықтығымен және тілдің орналасуымен байланысты.

Е.А. Нильсен өз кезегінде үлкен мөлшерлі символизация «қараңғы» түсінігі символизациясымен арақатынастықты орнатады, ал кіші мөлшерлі символизация – «ашық» түсінігі символизациясымен (Нильсен Е.А., 2001: 87 б.).

М.С. Майронмен анықталған ағылшын және жапон тілдері үшін заңдылық қызық: алдыңғы дыбыстар «әлсізді» және «жағымдылықты», ал артқы – «күшті» және «жағымсызды» символдайды (Miron M.S., 1991: 29 б.).

В.В. Левицкий жағымды фонетикалық дәлелділік – сөз дыбысталуының оның лексикалық мағынасына сәйкес құрамындағы символдық мәні; жағымсыз дәлелділік сөздің дыбысталуы құрамында оның лексикалық мағынасына қарама-қайшы келетін дыбыстардың символдық мәні және нөлдік дәлелділіксөздің мәні мен дыбысталуы арасындағы қатынас «нейтралды» (Воронин С.В., 1992: 89 б.).

Көркем мәтіндегі антропонимдер қызметін бақылау, сонымен қатар бір тілді және екі тілді лингвистикалық сөздіктердегі есімдер талдауы барлық жалқы есімдер кішірейтуші жұрнаққа ие екендігі көрсетіледі. Барлық зерттеушілер бір ауыздан ағылшын тілінде дименутивті жұрнақтар арасында эмоционалды мағынаны білдіру үшін [y] жұрнағы қолданылатындығы аталады, оның нұсқалары ретінде [ie] және [eu] пайдаланылады. Бұл жұрнақтың семантикасында узуалды түрде эмоционалды, бағалаушы, экспресивті және конотативті мағынаның стилистикалық компоненттері жасырылған. Бұл компоненттер ағылшын антропонимінің семантикасында семантикалық жеке аппозицияларды контрастілеуде қолданылады: бейтарап коннотацияланушы нұсқа, мысалы: Charles-Charley.

Ағылшын антропонимдерінің эмоционалды мағынасы мен стилистикасын білдірушілер ретінде жалқы есімдердің кішірейткіш жұрнақтары қолданылады, олар фонетикалық немесе супплетивті тәсілмен жасалған, мысалы: кейбір балалар [r] дыбысын айта алмағандықтан оны [l] дыбысымен алмастырады, сондықтан тұрмыста келесі есімдер пайда болған: Dorothy Doll, Robert Bob. Бір қатар жалқы есімдерде кішірейткіш нұсқа ретінде еркін фонетикалық кешендер супплетивтер қолданылады: Mary- Moll; Martha- Pat; Elenor-Nell.

Лексика семантикалық деңгейде ағылшын антропонимінің семантикасына қатысты коннотация мен денотацияның келесі байланыс жағдайын анықтаймыз. Жалпы сөздерге қарағанда антропонимдер екінші ретті есім болғанына қарамастан және ондағы пәнмен қатынас қатыстық болғанымен «ішкі форманың» жоғалуы орын алады, бұл форма жоғалуымен есімдер мен тектер толықтай бейтараптанады деген біздің пікірімізше қате. Біздің ойымызша, антропонимдердің ішкі формасы олардың эмоционалдығы, эстетикалық бояуы сөйлеушілердің белгілі әсерін туғызады.

Ағылшын антропонимдерінің тарылған қосымша мағыналары ағылшын тілінің құрылымдық деңгейінде, мұндай құрылымдардың толықтырылуымен байланыста көрсетіледі: коннотацияны нақтылау - you + антропоним, a + антропоним.

Жоғарыда аталғаннан шығатын қорытынды коннотация тек ғана тілдік құрылым емес тілдік жүйенің элементі де бола алады. Коннотациялар тілдің барлық деңгейлеріне таралып, сөйлеу барысында өзектілікке ие болып, адамның сөйлеу әрекетіне реңк береді, сол арқылы белгілі, ерекше, квалификациялаушы бағалаушы қызметті атқарады.

Коннотациялар қосымша ақпаратпен теңестірілетіндіктен антропонимнің лексикалық мағынасының құрылымы мен референттің мәтінде келтірілген нұсқаулығы арасындағы нақты байланыстарды қарастырылады.

Тарылған эмоционалды және сөйлеу коннотациясы бар қаншама антропоним бар екендігін еске түсіру үшін Annie, Charley, Dick, Dolly сынды гипокорристикалық жалқы есімдерді атасақ жеткілікті.

Ағылшын антропонимикалық жүйесін қарастырғанда ағылшын тектері мұрагерлікпен беру негізінен өзгеріссіз қалды. Әр түрлі қоғамдық тарихи және мәдени сипаттағы факторлар әсерінен құрамы үнемі өзгеріп отыратын жеке есімдер тар шеңбердегі адамдарды ажыратуға қолданылады, соның ішінде отбасы, таныстар, достар. Бұл құбылыс жеке есімдердің жақын еркелетуші нұсқаларының болуын түсіндіреді, мұндай нұсқалар текке қарағанда жеке есімдерде жиі құрылады. Әсіресе жеке есімдердің кішірейткіш жұрнағы бар нұсқалары ересектердің балаларға қатысты айтқан сөздерінде ілтипатты, махаббатты жеткізу құралы.

"Can you tell me a nice name for a girl that's in the Bible?" Pilate asked. "Oh, plenty", they said, and reeled off a score, from which she chose Rebecca and shortened it to Reba.

And look at me, I've managed to pick up a baby without even getting married, haven't I Jamesie? And she gave the baby a lump of sugar (Арнольд И.В., 2010: 280 б.).

Балалардың өздері де құрмет және махаббат сынды аффиктивті мақсат әсерінен бір біріне немесе ересектерге еркелетуші, кішірейтуші есім нұсқаларын қолдана алады.

His brother Will, next to him in age, having just passed his tenth birthday, was the ring-leader. "So long, Ham", Babs and Tony had called back and Christine smiled at the use of the silly, affectionate name they gave her because she was the middle of their trio sandwich.

Келесі мысалдар отбасы мүшелері, ғашықтар немесе жақын достар арасында жеке есімдердің кішірейтуші нұсқаларын қолдануды көрсетеді.

"Let's hear it, Corrie". His knuckles stroked her jaw line.

Pinkie was his pet name for Mrs Jerebohm; it suited her much better than Phyllis (Арнольд И.В., 2010: 288 б.).

Di, Clo сынды кішірейткіш есімдер дауысты немесе дифтонгке аяқталса, [-y] жұрнағымен жақын еркелетуші нұсқа құрмайды. Алайда [y] жұрнағының танымалдығы соншалықты ол эмоционалды қатынас көрсеткіші ретінде кейде үйлесуі мүмкін емес, есімдерге де жалғанып жатады. Бұл келесі мысалмен көрсетіледі: Laura's mother disliked this cheapening of names and named her third child May, thinking it would not lend itself to a diminutive. However, still in her cradle, the child became Mayie among the neighbours (Арнольд И.В., 2010: 289 б.).

Ағылшын антропонимдерінің денотативті мағынасы қолданысушысы жайлы аз ғана ақпаратты береді: жынысы мен ұлтын ғана көрсетеді. Алайда антропоним мағынасына, конотативті компоненттердің семалық құрылымын енгізу оны күрделендіріп, семантикасының ашылуына жағдай жасайды. Жоғарыда келтірілген мысалдарда ағылшын антропонимдерінің эмоционалды компоненті стилистикалық коннотациясымен байланысады, себебі жеке есімдердің кішірейткіш нұсқасын қолдану әдетте ауызша тұрмыстық қатынасқа, яғни ауызекі стилге тән.

Ағылшын антропонимдерінің коннотациясында тек екі ғана емес, үш немесе төрт компонентте болуы мүмкін. Осылайша, келесі мысалда қарастырылған Johnie антропонимі ауызекі, эмоционалды сипатқа ие, сонымен қатар аталған антропонимнің қолданылуы сөйлеушінің бұл тұлғаға қатысты сезімдерін толықтай ашады. I was really happiest about Oarrie Louise when she was married to Johnie Eestarick, Johnie was a selfish, pleasure-loving, lazy hound, but that's so much safer than a crank. All Johnie wanted was to live soft (Арнольд И.В., 2010: 291 б.).

Атап өтетін бір жайт құрмет немесе құрметтемеу эмоционалды коннотациясының болуы және рөлдік құрылымның әр түрлі градациялары тілдік этикеттің нормаларының болуымен расталады, ол мүмкін нұсқалар ішінен берілген тұлғаға қолайлы коммуникация шартына сай нұсқаны таңдауды талап етеді. Коннотация және ассоциативті фон жалқы есім алдында қандай да бір эпитет қолданбаса да, туындайды. Бұл жерде басты рөл ұлттық дәстүрге беріледі. М.И. Стеблин - Каменский пікірі бойынша жалқы есімдерге деген махаббат Исландия ұлттық мәдениетінің басты ерекшелігі, Исландияда жалқы есімнің рөлі соншалық ол өз иесіне қатты әсер етеді. Исландияда бұған қатысты келесідей мақалда бар: «Төрттен бірі әкесінен, төрттен бірі анасынан, төрттен бірі тәрбиеден, төрттен бірі есімінен» (Стеблин-Каменский М.И., 1994: 301 б.).

И.В. Арнольдтың айтуы бойынша: «қаратпа сөз формасын таңдау есімнің белгілі белгісіздігіне, оның дәрежесін бағалауға тәуелді, яғни әлеуметтік сипаттамаға қарым қатынастың коммуниканттарының әлеуметтік рөлдеріне, ұрпақтар арасындағы арақашықтыққа тәуелді».

Мысалдарға көз салсақ: His pet term for her, Susie. In the normal way Sue. Perhaps in rare moments of exasperation, Susan. Carrie Louise... Suddenly Miss Marple realized that it was she alone, except for the absent Ruth, who used that name. To her husband, she was Caroline, To Miss Believer, Cara. Stephen Restarick usually addressed her as Madonna. To Wally she was formally Mrs Serrocold, and Gina elected to

address her as Grandam - a mixture, she had explained of Grande Dame and Grand- mamma (Арнольд И.В., 2010: 299 б.).

Келтірілген контекстерде антропонимдер қаратпа сөз ретінде қолданылып, эмоционалды бағалаушы және стилистикалық коннотацияның әр түрлі нұсқаларын көрсетеді, себебі құрметту ғана емес, керісінше сықақ, ашу, көңілі толмауды білдіруі мүмкін.

Көркем шығармалар мәтіндерінде антропонимдердің қолданылуын бақылау олардың ішкі формасы, яғни антропоним жасалған жалпы есім мағынасы оның семантикасын эмотивті компонентпен толтыруда үлкен рөл ойнайтындығын көрсетеді. Бұл жағдайда назар аударатын бір мәселе шынайы антропонимдер қандай көркем болса да, адамды сыртқы тұлға, мінез немесе қызметі тұрғысынан сипаттай алмайды. Шынайы адамдар есімдерінде денотативті аспект басым болады. Апельлятивті негіздің семантикасының айқындығынан туындаған мағынаның конотативті компоненттері әсіресе эмотивті коннотациялар шынайы есімдерде негізінен кездейсоқ, әдетте иелері үшін жағымсыз. В.А. Никонов бұл жағдайға қатысты пікірі бойынша, Гений, Герой сынды мақтанышқа толы есімдер өз иелері үшін шынайы қасірет. Оқу үлгерімі орташа мектеп оқушыларын Гений есімі үшін көп сөгеді, сәйкессіздік адамның артынан өмір бойы қалмайды (Арнольд И.В., 2010: 82 б.).

Егер антропонимнің ішкі формасы және оның иегері арасында қандай да бір байланыс пайда болса, бұл байланыс бір сәттік, өзгергіш және оны интеллектуалды емес, эмотивті тұрғыдан қарастыру қажет. Көркем мәтіндегі антропонимдерге келсек, мұнда бірінші орынға антропонимге дейінгі, апельлятивті мағына шығады, есім мағынасы қайта туындайды және антропонимдер эмоционалды экспресивті тұрғыдағы коннотацияны ғана емес, кейіпкерге мінзедеме беру құралы ретінде қолданылады. Берілген бөлімде көркем мәдени мәтіндегі антропонимдер қызметін қарастыра отырып, антропонимдер мағынасында апельлятивті негіз мағынасының айқындығымен немесе есім не тектің фонетикалық құрылымына байланысты туындайтын эмотивті коннотацияларға назар аударамыз. Жалқы есімнің экспресивті коннотациясы сәйкесінше оның этимологиясымен, тарихымен немесе дыбысталуымен байланысты ассоциативті аймақпен шартталған. Мысалы: акын Вистан Хью Оден Вистан есімін мақтан тұтқандығы белгілі, себебі бұл өз анасының некесіне қарсы шыққан Гамлет ханзада сынды 849 жылы өлтірілген Мерсия ханзадасы жайлы аңызбен байланысты таза ағылшын есімі.

Бұл тұрғыдан алғанда жеке есімдер емес, отбасы тегі жоғары эмоционалдылық пен экспресивтілікке ие. Жеке есімдердің текпен салыстырғандағы эмоционалды бояуы өзгергіш және жылжымалы, себебі жеке есімдердің эмоционалды, бағалаушы және экспресивті коннотациясы әдетте есімнің дыбысталуымен немесе сұлулығымен байланысты. Жалпы есімдер мағынасымен шартталып, мұндай коннотацияның туындау жағдайлары сирек кездеседі, себебі олардың этимологиясы көп жағдайларда бұлыңғыр.

Жеке есімдер семантикасында конотативті мағынаның үш түрлі көрсетілген компонентінің болуы кейіпкерлердің өздері коннотация жайлы баяндайтын келесі мысалдармен көрсетіледі.

"Let me introduce my niece", she said. "Miss Dufresne. Olivia". Charming, distinguished name, Mrs Clavering thought.

"My name's Ursula - Ursula Brangwen", she replied. "Ursula!" he exclaimed, dumbfounded, fit's not a common name, is it?" she exclaimed, excited as by an adventure.

Жеке есімдермен салыстырғанда текте көп жағдайда апельлятивті негіз семантикасының айқындығы сақталады, бұл текке потенциалды экспресивтілікті береді. Ағылшын антропонимикалық жүйесі жылжымалы және өзгергіш тектердің тарихи көзі белгілі тұлғаларды білдіруге қолданылған лақап есімдер. Сондықтан гениологиялық, кәсіби қызметтік және сипаттама лақап аттан басталатын тектер ерекше көркемдікке ие.

Баалағаттаушы, үйлесімсіз немесе сықақтау элементі бар тектер теріс эмоцияны жеткізіп, айқын экспресивті компонентке ие.

"We found some nice names in the news of Americans last week", said Nicole, "Mrs. Evelyn Oyster and - what were the others?" "There was Mr. S. Flesh", said Diver getting up also.

The day before you came, the married man, the one with the name that sounds like a substitute for gasoline or butter - "Mckisco?" "Yes - well they were having words and she tossed some sand in his face!"

Жеке есімдерді екінші есіммен қоса қолдану, әсіресе егер, екінші есім ретінде әйгілі адамдар есімдері, қарапайым адамдар тегімен қатар, соның ішінде төмендетілген семантикаға ие текпен бірге қолданылса сықақ сипатына ие болады.

"And now may I have the names of the two children? I always like to make sure (of) the spelling and so on". "Well", Ma said, "Oscar - that's ours - is going to be called Oscar Columbus Septimus Dupont

Larkin". Mr.Candy, who seriously thought for one painful moment that he must be having his leg pulled, flushed deeply again and seized on the word Septimus, inquiring. "Septimus. The seventh? You have seven children?". "Think so". Ma said, laughing richly. "Lose count a bit sometimes. What with little Blenheim and everything?" "Blenheim?" Mr.Candy said. "Blenheim?" "Oh, he's the other one". Ma said. "Marianne's baby. He's going to be called John Churchill Marlborough Blenheim Charlton". "Great Heavens!" - "Something wrong?" Ma inquired (Арнольд И.В., 2010: 311 б.).

Бұл көркем шығармада, жоғарыда талғандай, өз балаларына есім таңдағанда ата аналар әр түрлі мақсатты көздеген, солардың бірі эстетикалық сұлулық немесе есімнің беделі. Алайда, эстетикаға ұмтылыс бұл есімдірді сұлу емес, күлкілі етеді. Эмоционалды, бағалаушы және экспрессивті коннотацияның туындауы бірінші жағдайда әйгілі адамдар тегімен үйлесімімен шартталған: екінші есім ретінде алынған әйгілі теңіз саяхатшысы мен рим императорының есімі, Larkin ауылдан шыққандығын көрсететін текпен үйлесімде. Екінші жағдайда, стилистикалық төмендетілген реңкке ие John жеке есімінің үйлесімі, себебі көркем шығарма мәтіндеріндегі Dick, Tom, John, Harry есімдері қарапайым текті белгілі әлеуметтік топ өкілдеріне тән: қызметшілер, даяршылар және т.б. және екінші есім ретінде алынған белгілі саяси қайраткер есімі; Уилтширдегі гафтық атауы, Мальборо топонимі: Граф Мальборомен байланыс. Соңғысы, Blenheim екінші есімімен дәлелденеді, ол Бленхеймдегі 1704 жылғы ағылшын австр, голланд әскерінің Евгений Савойск ханзадасымен герцог Мальбороның франк бавар әскерін испан мұрагерлігі үшін шайқаста жеңгендігі жайлы қосымша ақпаратқа ие. Бленхейм шайқас болған Бавариядағы ауылдың атауы. Сонымен қатар ағылшын Blenheim сөзі қосымша мағынаға ие: «Бленхейм бомбалаушысы». Егер Charlton тегі Лондондағы аймақты білдіретін топоним ретінде қабылданса, John Churchill Marlborough Blenheim Charlton есімі оқырманда немесе тыңдарманда бір қатар сезімдер туғызады. Есім мен тектің немесе екінші есім мен тектің мұндай үйлесімі күлкілі әсер тудырып ғана қоймай, кейіпкердің мардымсыздығы жайлы хабардар етеді. Тағы бір мысал келтіріп өтейік.

"Mr.Alexander Bonaparte Gust rose from his seat and peered near- sightedly round the shabby bedroom. "Gust is saddled - apparently by the whim of his mother - with two extremely bombastic names: Alexander and Bonaparte. You see the implications? Alexander - the popularly supposed undefeatable who sighed for more world to conquer. Bonaparte - the great Emperor of the French".

Ағылшын антропонимдерінің лексикалық мағынасының эмоционалды компоненті көркем мәтін барысындағы басқа конотативті компоненттермен қатар дистрибуцияда көрініс табады, яғни құрылымдық үлгі мен үйлесімде көрсетіледі. Біздің пікіріміз бойынша, «you + антропоним» үйлесімі үлкен қызығушылық туғызады, мұндай типті контексттерді ерекшелеу жайлы В.Н. Михайловская жазады. Ағылшын антропонимдеріне қатысты бұл лексика синтаксистік контекст, онда антропоним әлеуметтік бағалаушы мағынаға ие, сөйлеушінің эмоционалды хабарлама бағытталған реципиентіне қатынасын білдіреді. Бұл құрылымдық үлгі шеңберінде мағынаның конотативті компоненттері интенсивтілік дәрежесіне қарай ажыратылады, себебі стилистикалық эмоционалды және экспрессивті компоненттерімен қатар антропонимдер балағаттаушы мағынаға ие болса, күшті бағалаушы коннотацияны да иеленеді. Мысалға, "If you think I'm going to sit back and take this from you, you're mistaken, I don't happen to be that type, you Sam". "I-m not Sam, you fool", Dixon shrieked, this was the worst taunt of all (Михайловская В.Н., 1990: 315 б.).

Лексикалық синтаксистік контекстің тағы бір типіне тоқталып өтейік, онда эмотивті коннотациялық мағынаның жүзеге асуы оның артикльмен немесе нұсқаушы есімдік (this, that) үйлесімімен шартталады.

Ағылшын грамматикасында әсіресе Р. Кверк пен оның пікірлестерінің әйгілі грамматикасында жалқы есімдер үлкен орынды иеленген және артикльмен үйлесетін, үйлеспейтіндігі, басқа детерминанттармен жалпы үйлесімділігі кеңінен қарастырылған. Антропонимдер артикльсіз қолданылатындығы аталады, тек көпше түрдегі тек алдында белгілі артикль қолданылады. Мысалы: he turned his noble head slowly so that his eyes rested with tenderness and affection on the Diverse және қарапайым енгізуші қызметтегі белгісіз артикль: I know a Tony Flynn.

Екі жағдайда да конотативті мағынаның стилистикалық компоненті жүзеге асырылады, себебі екі қолданыс та ауызекі формаға сәйкес. Мұнда антропонимдерді белгілі немесе белгісіз артикльмен шығарманы атау үшін метонимикалық қолдануды да жатқызамыз, ол жалпы есімдер қатарына транспозицияны жүзеге асырады. Мысалы, The landscape was indeed a Derein, as David had guessed. Three very fine Permeke drawings The Ensor and the Marquet. An early Bonnard. A characteristically febrile pencil scetch, un- signed, but iinmistakably Dufy. Then a splendid Jawlensky, an Otto Dix signed

proof nicely juxtaposed with a Nevinson drawing. Two Matthew Smiths, a Picabia, a little flower painting that must be an early Matisse, though it didn't look quite right.

Бұл жерде Дерен пейзаждары, Пермеке, Энсор және Маркеннің үш керемет суреті, ерте Бонар, Дюфи қарындаш сызбасы, Явленский жұмысы, Отто Дикоф гравюрасы, Невинсон суреті, екі Метью Смит, бір Пикаби, Матистің гүлдер натюрморты аталып отыр.

Бізге белгісіз адам тегінің алдындағы белгісіз артикльдің қолданылуына назар аударған қызықты болып көрінді, себебі бұл жағдайда белгісіз артикль әдетте антропонимді қатынастық тұрғыдан өзектендіріп, бағалау индикаторы ролін атқарады. Белгісіз артикль бұл жағдайда бұл тектің иегеріне қатысты қандай да бір жағымсыз қатынасты білдіреді, осылайша Скоби Г.Гриннің «Суть дела» (Істің мәні) романының кейіпкері басқа кейіпкер Бекстер сынды әрекет ете алмайтындығын көрсетеді: «He was not a Bagster».

Ш.Бронтенің «Шерли» романында сүйіктісі теріс айналған бас кейіпкер жалғыздық маңдайына жазылғандығын айтады, себебі ол Мелоне немесе Сайкс сынды адамдардың әйелі бола алмайды: «I will never marry a Malone or a Sykes – and no one else will ever marry me». Сәйкесінше, Мелоне мен Сайкс оқырман кім екенін білмесе де түсінетін теріс сипаттамаға ие болады.

Бағыттаушы есімдік this антропонимге анықтауыш ретінде белгісіз артикль сынды күшті реңкке ие, көптеген жағдайларда сөйлеушінің аталған тұлғаға қатысты жек көрінішін білдіреді. Мысалға, He and this Wolfsheim bought up a lot of sidestreet drug-stores here and in Chicago and sold grain alcohol over the counter.

ҚОРЫТЫНЫДЫ

Қорыта келгенде, антропонимдердегі лексикалық мағына жалпы есімдердегі сынды эмоционалды бағалаушы, экспресивті және стилистикалық компоненттермен көрсетіледі, олар көркем мәтінде бір біріне сәйкес келіп әр түрлі комбинацияларда қолданылады. Бұл коннотациялардың антропоним семантикасындағы өзіндік мәні жалпы есімдермен салыстырғанда эмоционалды және стилистикалық компонентін есептегенде ағылшын антропонимдерінің семантикасында узуалды түрде бекітіліп, ресми түрде эмоционалды мағына жұрнағы көмегімен және стилистикалық бояуы арқылы көрсетіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шаховский В.И. (1999), О лингвистике коннотации. Семантико-системные отношения в лексике германских и романских языков. - В.: вып. 11. - 512 с.
2. Бенвенист Т.Э. (1994), Общая лингвистика. – М.: Прогресс.- 247 с.
3. Левицкий В.В. (1995), Введение в языкознание. - М.:Высшая школа. - 327 с.
4. Нильсен Е.А. (2001), Лексико-семантическое поле звукообозначений в английском языке (синхронный и диахронический аспекты): Дис. канд. филол. наук. – СПб., - 233 с.
5. Miron M.S. (1991), A cross-linguistic investigation of phon. Symb./J. abnorm. soc. Psychol, - 318 p.
6. Арнольд И.В. (2010), Стилистика. Современный английский язык. М.: Флинта, Наука. – 384 с.
7. Стеблин-Каменский М.И. (1994), Древнеиславдская топономастика как материал к истории имени собственного. В кн.:Спорное в языкознании. М.:- 409 с.
8. Михайловская В.Н. (1990), Некоторые лексические средства выражения эмоциональности в современном английском языке. Автореф. дис. канд.филол.наук. М.: - 41с.

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Н.А. РЫСКҰЛОВА*
Г.А. ЖАНҰЗАҚОВА*

Түйіндеме

Мақалада тілді меңгерту арқылы өзге елдің мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен етене танысудың, сол елдің тұрақты азаматы сияқты әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыру үшін жан-жақты (мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси, ұлттық-этнографиялық, дәстүрлі) ақпаратты тіл арқылы меңгерудің тың әдістемелік технологиясы қажет болды. Авторлар осы технологияның маңыздылығын жұмысымызда айқындап көрсеттік. Әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктің лингвомәдени, лингвокогнитивтік, дискурстық, мәдениаралық коммуникация аясында қалай қалыптасатыны жөніндегі ұсыныстарымыз болашақта қазақстандық дипломаттарды дайындауда, мемлекетті танытушы өкілдерді даярлауда, шетелдегі елші-корреспонденттердің тұлғасын қалыптастыруда кеңінен қолданыла алады. Сондай-ақ жалпы қазақстандық азаматтардың әлемдік элита ортасында еркін қарым-қатынасқа түсе алуына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы шет тілін үйретудің ең негізгі міндеттерінің бірі – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Сондықтан да, отандық әдістемеді дұрыс мәдениетаралық қарым – қатынас және мәдениет диалогын жүргізуге қабілетті тілдік тұлға даярлау мәселесі алдыңғы орынға шықты.

Жаңа заман талаптары шет тілін оқытушы ұстаздардың алдына жаңа міндеттер қойып отыр соған сай шет тілінде қарым - қатынасқа түсу бұрынғыдай белгілі бір пәннің, уақыттың аясында шектеліп қалмай, әртүрлі мәдениетаралық байланыстарға түсу, басқа елдердің рухани құндылықтарына құрметпен қарай отырып, елді әлемдік аренаға таныстыру мәселесіне бағытталып отыр. Осы мәселені жүзеге асырудың ең басты жолы студенттердің бойында әлеуметтік - мәдени біліктілікті қалыптастыру.

Түйін сөздер: мәдениетаралық қарым – қатынас, әлеуметтік-мәдени, құзіреттілік, елші-корреспондент, біліктілік.

THE IMPORTANCE OF INTERCULTURAL RELATIONSHIP IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE AT PRESENT TIME

Abstract

In this article there is considered the methodology for investigating another country's culture and its everyday life, as its citizen, in order to form the competence of socio-cultural (cultural, social, political, ethnographic, traditional) information. This is what the technology of exploring the country by means of learning the language was needed for. The creators of this technology showed the whole necessity of this technique. Our proposals on how social and cultural competence can be formed in linguistic, discursive, and in intercultural communicative spheres can be widely used in the process of preparation of future Kazakh diplomats, training of government representatives, and shaping the personalities of correspondents abroad. Also, this technique allows citizens of Kazakhstan to be involved into the society of the world elite. At present, the main requirement for the teaching of foreign languages in Kazakhstan is the use of a foreign language as a means of communication. Therefore, the folk methodology of intercultural relations and the introduction of cultural dialogue took the leading place in the formation of language identity.

Contemporary demands, set before foreign language teachers, form new goals. In this regard, the teaching of foreign languages is not circumscribed by time and by a specific subject. The task of promoting the country on the international arena through various intercultural ties, taking into account the spiritual values of other countries, is formulated. The main way to solve this problem is to improve the skills of students in the socio-cultural sphere.

Key words: intercultural communication, socio-cultural, competence, international correspondent, qualification.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

* Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда шет тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі-мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, шет тілін сол тілде сөйлеуші ұлттық тілдік және әлеуметтік - мәдени ерекшеліктеріне сай, дұрыс қолдана алатын, білімді де мәдениетті мамандар даярлау болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде «тіл-ұлт-мәдениет» үштігін өзара тығыз байланыста қарастырудың, студенттің бойында әлеуметтік-мәдени біліктілікті қалыптастырудың маңызы зор. Өйткені Шет тілін оқытудың бұл аспектісі тілді этностың мәдениетімен тығыз байланысты қарастыруды, соның негізінде студенттердің бойында тілін үйреніп отырған халықтың салт-дәстүрі, наным сенімдері, тарихы т.б. жайындағы білімді қалыптастыруды талап етеді. Ал мұндай шынайы өмірге негізделген білім студентті көп мәдениетті орта жағдайында, әрекет ете алуға, жағдайға сай шешім қабылдауға, Шет тілін тек тілдік нормаларға ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші ұлт дәрежесінде қолдануға мүмкіндік беретіні сөзсіз (1)

Негізінен Шет тілінің әлеуметтік - мәдени біліктілігін оқыту мәселесі ғылымда орын алған жаңа бағыттың бірі екендігіне қарамастан әртүрлі отандық және әлем ғалымдарының Халеева И.И., Тер-Минасева С.Г., Сысоев В.П., Выготский Л.С., Құнанбаева С.С. зерттеу жұмыстарының нысанына айналған.

Сонымен бірге мәдениеттану біліктілігі тілді нақты бір жағдайда қолдануды анықтайтын және міндеттейтін фактор ретінде оған көп көңіл бөлу керек деген С.В.Сенченконың пікірмен келісеміз. Әлеуметтік-мәдени біліктілік біздің түсінігіміз бойынша нақты бір әлеуметтік ортада тілді лингвистикалық, психологиялық, мәдени қабылданған әлеуметтік ережелерді білу. Бұл ережелерді оқушыға меңгерту табиғи жолмен әлеуметтік және қатысымдық ара-қатынасы кезінде сол қоғамның өміріне әлеуметтік мәдени құрамдас бөлігін енгізген білім берудің мазмұнын жаңарту керек. Шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени құрамдас бөлігі студенттің мәдениетаралық еркін қатынас алуға себеп болатынын таныстыруға, әртүрлі ұлттардың мәдениетін түсініп, құрметтей білуге, үйретеді десек, оның мұндай маңыздылығы әлеуметтік-мәдени біліктілікті теориялық және практикалық тұрғыдан тереңірек зерттей түсуді қажет етеді. Қоғамдық сұраныспен ұштасып жатқан әлеуметтік мәдениет құрамдас бөлігін енгізген білім берудің мазмұнын жаңарту керек. Шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік - мәдени құрамдас бөлігі студенттің мәдениетінің диалогқа еркін қатыса алуға себеп болатын тұлғалық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады .

Өз кезегінде әлеуметтік - мәдени біліктілік қатысым құзіреттері: тілдік біліктілік, сөйлеу біліктілігі, оқу-танымдылық біліктілігімен қатар жүретін негізгі құрамы.

Сонымен, әлеуметтік - мәдени біліктілік дегеніміз не?

Әлеуметтік-мәдени біліктілік дегеніміз - оқып жатқан тіл елінің немесе елдерінің әлеуметтік - мәдени ерекшеліктері туралы білімін кеңейту, тілдік және тілдік емес іс-

әрекетті сол ерекшеліктерге сай қолдана білуін дамыту, өз елі мен оқып жатқан тіл елінің жалпы және жеке мәдени ерекшеліктерін айыра білу (Н.И. Гез., Н.Д. Гальскова) (2)

Осы ережеге қарап, бұл іскерлік өзінің негізі бойынша өте күрделі және оны меңгеруге еңбек керек екенін көрсетеміз. Әлеуметтік - мәдени қатысымға түсу үшін жақсы дайындық қажет. Аудармалардың тұлғалық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады .

Әлемдік тәжірибие бойынша XXI ғасыр жоғарғы оқу орындарының қызметін және ондағы білім беру мазмұнын анықтауда бірқатар жаңа тұжырымдық тәсілдердің негізгі бағыттары түзілгендігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда тіл үйренушіге алған білімнің негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларын еркін бағдарлауға, білімін толықтырып дамытуға, сол арқылы сөз мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс әрі жауапкершілікпен шешім қабылдауға бағыт беретіндей болуы тиіс. Білім берудің бұл тұжырымдары бүгінгі таңда жаңа «компетенттілік тәсіл» «компетенция» «компетенттілік», яғни соңғы уақыттары «біліктілік» ұғымдары арқылы беріліп келеді.

Екі елдің ойлау дәрежесіндегі бірізділікті тіл арқылы айқындап, жастардың әлеуметтік-мәдени құзіреттілігіне сіңірудің тәсілдері әлемдік қарым-қатынастың биік шыңына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жаңалығы:

1. Әлеуметтік-мәдени біліктілікті қалыптастырудың лингвомәдени, лингвокогнитивтік, прагматикалық, коммуникативтік парадигмалары анықталды, олардың ұқсас және айырым белгілері көрсетілді;

2. Жалпы білім берудің ішінде тілдік білім берудің өзіндік әдіс-тәсілдері, қиындықтары мен психологиялық бейімділік пен қабілеттілік өлшемдері айқындалды.

3. Шет тілін оқыту арқылы әлеуметтік-мәдени біліктілікті қалыптастыруды зерттеген қазіргі ғалымдардың тұжырымдамалары салыстырылып, әдістеменің бағыттары анықталды. Соның ішінде «қазақ-ағылшын тілді тұлғаны» қалыптастыруда тиімді қолданылатын әдістерге талдау жүргізілді.

4. Әрбір ұлт тіліндегі реалияларды таныту арқылы сол ұлттық әлеуметтік-мәдени болмысын тіл үйренушіге терең сіңірудің түрлі жолдары көрсетілді.

Әдістері: 1. Лингвомәдениеттанымдық әдіс. Әлеуметтік-мәдени күзиреттілікті қалыптастыру үшін ең тиімді әдіс. Себебі, бұл әдіс арқылы оқытылатын екінші тілдің ұлттық-мәдени болмысын терең тануға болады және аударуға келмейтін төл ұлттық тіл бірліктеріне ұқсас баламаны оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тіліндегі «Абылайдың асындай», «Асан қайғыға салыну» сияқты прецедентті тұрақты тіркестерге балама табу үшін тура аудармайды, мағынасына қарай, молшылық, қайғыға түсу, мұңдану ұғымдарының мәнін қолдануға тура келеді. Сондай-ақ ағылшын тілінде қыз бала мен бойжеткен сөздерін сипаттайтын, яғни жас ерекшелігіндегі өзгешелігіне қарай таңбаланған тіл бірліктері жоқ. Тек жалпы қыз ұғымын білдіретін girl сөзі ғана кездеседі. Ал орыс тілінде девочка және девушка сөздерінің қазақ тіліндегі (қыз бала-бойжеткен) балама аударма атаулары бар. Сондай-ақ ағылшын тіліндегі bank' - өзен жиегі мен shore – теңіз жағалауын білдіретін екі сөз орыс тілінде бір ғана «берег» сөзімен ғана таңбалауы. Ал қазақ тілінде өзен жиегі, теңіз жағалауы немесе өзен жағалауы, теңіз жиегі деген тіркестер жарыспалы қолданыла береді. Осындай ерекшеліктер лингвомәдениеттанымдық әдіс арқылы жүзеге асырылады.

2. Контент-талдау әдісі. Берілген мәтінді ойда тиянақтап, негізгі айтылмақ ойды, басты идеяны, ол мәтіннің нәтижесін тезистеу үшін, санада терең сақтап, тілдік

қолданыста еркін пайдалану үшін, әрбір мәтін арқылы осылайша тілдік қолданыстың жүйесін игеру мақсатында контент-талдау әдісі қолданылады.

3. Салыстырмалы-сипаттамалы әдіс. Шет тілін оқыту барысында бұл әдіс өте жиі қолданылады. Әсіресе фразеологизмдерді, бейнелі сөздерді аудару кезінде оларға дәл келетін баламаны табу кезінде ағылшын тіліндегі тілдік бірлікті мәтін мазмұнындағы қолданысын нақты айқындау үшін қазақ немесе орыс тіліне аударып, салыстыру әдісін қолдану, Шет тіліндегі сөйленістің сауатты шығуына мүмкіндік береді.

4. Ассоциациялық эксперимент әдісі. Ағылшын ұлтының өкілі мен қазақ ұлтының азаматына ассоциациялық эксперимент жүргізіп, нәтижелерін салыстыру арқылы, қарапайым ойлау деңгейіндегі ұқсастық пен айырмашылықты анықтау. Мәселен, қазақ баласы «бақыт» деген ұғымға өмірге келу, жетістікке жету, балалы болу, ұрпақ өсіру, ата-ананың амандығы, баланың қызығын көру деп ассоциация беруі мүмкін. Ал ағылшын ұлтының өкілі бүкіләлемге саяхат жасау, ғарышқа ұшу, мақсатқа жету, сүйіктімен мәңгі болу, т.б. деп жауап беруі мүмкін. Олар үшін қазақ секілді балалы болу, ұрпақ жалғастыру аса маңызды бақыттың қатарына жатпайды. Ассоциациялық эксперимент арқылы әлеуметтік-мәдени күзиреттіліктің әр ұлт өкілі үшін тепе-тең емес екенін аңғаруға болады.

Болжамы: Тілді меңгерту арқылы өзге елдің мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен етене танысудың, сол елдің тұрақты азаматы сияқты әлеуметтік-мәдени күзиреттілігін қалыптастыру үшін жан-жақты (мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси, ұлттық-этнографиялық, дәстүрлі) ақпаратты тіл арқылы меңгерудің тың әдістемелік технологиясы қажет болды. Осы технологияның маңыздылығын жұмысымызда айқындап көрсеттік. Әлеуметтік-мәдени күзиреттіліктің лингвомәдени, лингвокогнитивтік, дискурстық, мәдениаралық коммуникация аясында қалай қалыптасатыны жөніндегі ұсыныстарымыз болашақта қазақстандық дипломаттарды дайындауда, мемлекетті танытушы өкілдерді (представитель) даярлауда, шетелдегі елші-корреспонденттердің тұлғасын қалыптастыруда кеңінен қолданыла алады. Сондай-ақ жалпы қазақстандық азаматтардың әлемдік элита ортасында еркін қарым-қатынасқа түсе алуына септігін тигізеді. Жұмыста ұсынған ғылыми жаңалықтарымыз арқылы ағылшын-қазақ тіліндегі кейбір ұғымдарды танытудағы ұштастыққа көз жеткізуге болады. Мәселен, ағылшын және қазақ ақындарының абстрактілі ұғымдарды тану деңгейі, яғни лингвокогнитивтік өрісі ұқсас болып келеді. «Өмір» концептісі қазақ ақындарында тартыс, күрес, бірде буырқанатын, бірде толқынмен тербелетін теңізбен символданса, ағылшын ақындарында да өмірдің тыныш кезі мүлгіген мұхитқа, өмірдің қиын сәттері мұхиттың дауылына, штормға теңеледі.

Сондай-ақ ағылшын, қазақ поэзиясында символдау ерекшелігі жағынан ұқсастықтар кездеседі. Мысалы, емен – жалғыздық символы, тұманды түндер – қайғы, мұң символы, т.б. Осындай екі елдің ойлау дәрежесіндегі бірізділікті тіл арқылы айқындап, жастардың әлеуметтік-мәдени күзиреттілігіне сіңірудің тәсілдері әлемдік қарым-қатынастың биік шыңына қол жеткізуге мүмкіндік береді

Қазіргі таңда Қазақстандағы шет тілін үйретудің ең негізгі міндеттерінің бірі – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Сондықтан да, отандық әдістемеді дұрыс мәдениетаралық қарым – қатынас және мәдениет диалогын жүргізуге қабілетті тілдік тұлға даярлау мәселесі алдыңғы орынға шықты.

Жаңа заман талаптары шет тілін оқытушы ұстаздардың алдына жаңа міндеттер қойып отыр соған сай шет тілінде қарым - қатынасқа түсу бұрынғыдай белгілі бір пәннің, уақыттың аясында шектеліп қалмай, әртүрлі мәдениетаралық байланыстарға түсу, басқа елдердің рухани құндылықтарына құрметпен қарай отырып, елді әлемдік аренаға таныстыру мәселесіне бағыттала отыр.

Осы мәселені жүзеге асырудың ең басты жолы студенттердің бойында әлеуметтік - мәдени біліктілікті қалыптастыру. Өйткені тіл – ұлт – мәдениет үштігін өзара тығыз байланысты қарастыру. Қандай болмасын шет тілін оқыту процесінің жемісті болуына өз септігін тигізері анық.

Қазіргі кезде бұл ұғымдардың мән – мағынасын талдауға арналған ірі ғылыми – теориялық және ғылыми әдістемелік еңбектер жарық көре бастады.

Шет тілін оқытудың стандартына сай біліктілік адамның белгілі – бір ортада әрекет етуге дайындығы және қабілеттілігі «Біліктілікті игеру – мәдени» адамды академиялық білімнің өкілі ретінде "белсенді", "әлеуметтік бейімделген" тұлғаға айналдырады. Ол өз кезегінде тұлғаны ақпарат алмасу мақсатында қарым – қатынасқа түсіп қана қоймай, қоғамда әлеуметтенуге, сол қоғамды өзгерту мақсатында оған әсер ете алатын тұлғаға айналуына көмектеседі. (3)

Сондай – ақ қазақстандық ғалымдар да ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіргізу және қоғамдық сұраныстарға жауап беру мақсатына сәйкес білім берудегі біліктілік моделіне зерттеулер жүргізіп, оны мектеп, жоғары оқу орны тәжірибесіне енгізу мүмкіндігін қарастыра бастағаны көңіл қуантарлық жай. Соның ішінде «біліктілік» ұғымына өз еңбегінде Д.Н. Кулибаева тереңірек тоқталады.

Сонымен қатар, А.К. Мыңбаева қазіргі білім беруде компетенттік тәсіл мәселесін зерделесе, Ш.Т. Таубаева, Н.Э.Пфейфер және т.б. болашақ оқытудың кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселесін қарастыруда .

Қазақстандық білім беру жүйесінде жиі қалыптасып жүрген «біліктілік» ұғымы - «тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберінде қатысты мәселелерді меңгеруі , білуі» немесе «тұлғаның белгілі бір мәселелер шеңберінде таным мен тәжірибеге ие болуы» деп талқыланып, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, И.Л. Бим, И.В. Елухина, Н.Д. Гальскова сияқты ресейлік және шетелдік авторлар мен зерттеушілердің лингводидактикасында кеңінен қолданылады.

Шет тілінде сөйлей алудың ерекшеліктерін есепке ала отырып, аталмыш талдаушыға «хабардарлық», «бір нәрсемен таныс болу дәрежесі» деген анықтамалар қосылуы мүмкін. (6)

«Біліктілік» Шет тіліндегі әдебиеттерде «тәжірибе», «іскерлік» «дағды» мағыналарында көбірек қолданса, отандық әдебиеттерде бұл «білім», «теория» ретінде түсіндіріледі.

Берілген анықтамаларға талдау жасай келе, компетенция деп бір – бірімен тығыз байланысқан білім, біліктілік, дағды және студенттердің шығармашылық іс - әрекеттерінің жиынтығын айтсақ, компетенттік деп тіл үйренушінің білімімен дағдыларын тәжірибеде күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін айтуға болады. Компетенция мен компетенттік ұғымы, яғни оған қоса біліктілік бірін – бірі толықтырады және өзара байланысты.

Студенттердің біліктілігі ең әуелі мектепте, сосын жоғары оқу орнында оқыту үрдісі кезінде қалыптасады. Ол оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші болып табылады және қойылған педагогикалық мақсатқа жетуді көздейді. Біліктілік оқу нәтижелерімен қатар студенттің шығармашылық іс - әрекеттері мен құндылық бағдарламаларының жүйесін көрсетеді.

Қорыта келгенде «біліктілік» - бір нәрседен хабардар болу, белгілі - бір іс - әрекетте білімнің, тәжірибенің таныс болудың біршама дәрежесі, тұлғаның қасиеті.

Сонымен, бір нәрсені оқып үйрену, жетік білу барысында қалыптасқан білімнің, дағдының, іскер-ліктің жиынтығы деген мағынада қолданатын біліктілікті қалыптастыру ісінің маңызы уақыт өткен сайын арта түсуде.

Европалық кеңестің шет тіліне қатысты материалдарда біліктіліктің мынадай түрлері көрсетіледі.

Жалпы біліктіліктер және коммуникативтік тілдік біліктіліктер

Жалпы біліктіліктерге жататындар.

1. оқуға қабілеттілік (ability to learn)
2. экзистенциалды компетенция (existential competence)

3. декларативтік біліктілік (declarative competence)

4. іскерліктер мен дағдылар (skill and know – how)

Коммуникативтік тілдік біліктіліктерге жататындар .

1. лингвистикалық компоненттер (linguistic competence - lexical , phonological – syntactical knowledge and skill).

2. әлеуметтік лингвистикалық компоненттер (sociolinguistic component).

3. прагматикалық компоненттер (pragmatic component knowledge existential competence and skill and know how relating to the linguistic system and its sociolinguistic variation) жатады .(10)

Біліктілік мәселесі Д.Хаймс, Р.Уайт, Д.Ж.Равен, И.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Г.Э.Белицкий, А.В.Хуторский сияқты басқа да ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Осындай зерттеулерге сай ғылымда біліктілікке негізделген білім беру мәселесі (competence based education) мәселесі Америкада тіл теориясына қатысты Н.Хомский «біліктілікті» тілді шынайы жағдайларда (performance) игеруден гөрі тек оның жүйесін білумен байланысты лингвистикаға тән термин ретінде қолданса, Д.Хаймс кез-келген тілді жетік үйрену грамматикалық және лексикалық іскерліктерді қалыптастырумен ғана емес, сонымен бірге оны әртүрлі жағдайларда қолдануға қажетті біліктілікті қалыптастырумен тығыз байланысты екенін дәлелдеді, сонымен қатар ғылымға «коммуникативтік біліктілік» терминін енгізеді. Ал коммуникативтік біліктілік өз кезегінде шынайы қарым-қатынас жағдайында аса қажет болатын бірнеше құрамдас бөліктерге бөлінеді.

Әлеуметтік - мәдени біліктілікті қалыптастыру қажеттілігі мәдениет пен тілдің өзара тәуелділігіне байланысты. Адам өміріндегі материалдық және рухани құндылықтар олардың өмір сүру жағдайларына байланысты тілді толық меңгеру үшін тұлға әлеуметтенуі керек, яғни жаңа құндылықтарды, қарым-қатынастық жаңа нормаларымен танысуы керек. (12)

Енді әлеуметтік - мәдени біліктілік ұғымына берілген анықтамаларға тоқталып өтер болсақ, олардың бұл терминнің мағынасын әртүрлі қырынан жан-жақты ашуға көмектесетінін көруге болады.

Л.Н.Полуминаның пікірінше «Әлеуметтік - мәдени біліктілік - қоғам мен мәдениеттің ерекше белгілеріне ие, мұндай белгілер осы қоғам өкілдерінің қарым-қатынастық мінез-құлқынан яғни, демалысынан, көңіл көтеру және өмір сүру жағдайларынан, саяси, діни көзқарастарынан» байқалады. (13)

Білім беру стандартынан бұл ұғымның бұдан да толығырақ мағынасын табуға болады: «әлеуметтік - мәдени біліктілік (Sociocultural competence) - басқа мәдениет өкілі бола отырып, тілін үйреніп отырған халықтың мәдениет ерекшеліктерін білу, олардың салт-дәстүрлерін, мінез-құлық нормаларын, этикетін білу және олардың қарым-қатынас жағдайында дұрыс түсінік, адекватты түрде қолдана алу іскерлігі.

Жоғарғы оқу орындарында әлеуметтік - мәдени құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту шеңберінде өткізіліп жатқан зерттеулер болашақ мамандарды шет тілін кәсіби бағытталған оқытуда әлеуметтік-мәдени аспекттің рөлін анықтау әрекеті болып табылады. Ұсынылып отырылған өзге тілді әлеуметтік - мәдени құзырлықты қалыптастыру

үлгісінің негізіне келесі ұстанымдар енгізілген:

- * оқыту контекстінің аутенттік ;
- * шет тілін оқытудың кәсіби дайындық мазмұнымен өзара байланысы;
- * шет тілі мен ана тілін мәдени байланыста зерттеу ;
- * жаңа тілдік жағдайларына бейімделу қабілеттілігін ынталандыру ;
- * оқытудың аутентті материалдар мен тәсілдердің алуан түрлігі мен жеткіліктілігі ;
- * пайдаланылатын материалдардың прагматикалық релеванттығы

Студенттерге шет тілін үйретуде негіз болатын оқу әдебиеті қосымша аутентті әлеуметтік - мәдени материалды іріктеуді және кәсіби бағытталған мәдени танымдық тапсырмалар кешенін жасақтауды талап етеді .

Шет тілін үйретудің әлеуметтік - мәдени мазмұнын келесі бөлшектер құрайды: өзге тілді әлеуметтік-мәдени білімдер, дағдылар мен әдеттер; ұлттық мәдениеттің жұмыс істеу өрісі мен шағы өрісі; өзге мәдениет болмысының аспектін көрсететін жағдайлар; аутентті мәтіндер мен мәдениет танымдық сипаттағы өзге тілді тапсырмалар жүйесі .

Ұлттық мәдениет басқа ұлттық мәдениетте болатын қатынастардан өзге алуан түрлі құбылыстар, факторлар мен олардың өзара әрекетінің бірлігін көрсетеді; қайта құрушы болмыстың үрдісі мен нәтижесі, материалды және рухани құндылықтар жиынтығы; жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мазмұны мен мақсаты .

Мәдениет адам қызметінің барлық жағын қамтиды, болашақ мамандардың шетелдік әріптестері мен тұтынушылармен кәсіби бағытталған мәдени аралық әрекеттестікке қажетті өзге тілді әлеуметтік - мәдени құзырлықты қалыптастыру мәселесін шешу тұрғысында оқыту мазмұны болашақ мамандар тікелей кездесетін және әлеумет пен оның өкілінің ұлттық мәдени өзгешелігі көрінетін тіршілік әрекеті өрістерімен негізделеді: қоршаған ортамен қарым – қатынасы; физикалық тіршілік етуді қамтамасыз ету; кеңестікке, уақытқа қатысы; оқу – кәсіби қызметі.

Өзге тілді коммуникативті және әлеуметтік - мәдени шеберлікті интегративті дамыту қажеттілігі оқып жатқан тіл елінің мәдениетін үйретудің мәселелі сипатын айқындады. Оның өзі әлеуметтік-мәдени білім мен коммуникативті шеберлікті игеруде студенттердің ойлағыштық және ой-тілдік қызметін белсендіруге бағытталған өзге тілдік тапсырмалар пайдалануды болжайды. (Барышников, 2003).

Студенттердің өзге тілді әлеуметтік - мәдени құзырлығын қалыптастыруға қажетті барлық мәдени танымдық мәселелі тапсырмалар кәсіби бағытталған сипатта болады және танымдық, ізденімпаздық, зерттеушілік түрде болады: Тұлғаның туған және зерттеп жатқан мәдениеттегі мұқтаждық – мотивациялық және құндылық - мағыналық приоритеттерін анықтау;

Өзге тілді әлеуметтік - мәдени құзырлықты қалыптастырудың жасақталған үлгісі екі кезеңде іске асырады. Бірінші кезеңде оқытудың мақсаты студенттерде мәдени аралық өзгешеліктерге психологиялық зеректікті қалыптастыру болып келеді (құндылық нысаналар, менталитет, әртүрлі мәдениеттердегі таным тәсілдері, адамгершілік дамуы, эмоцияны ажырату және бағалау, психикалық бұзылудың ерекшеліктері, даулы жағдайлардағы жүріс - тұрыс стратегиясы, психологиялық бейімделу мен реакциясы, уақытқа, материалдық құндылықтарға, еңбекке, дінге, отбасына қатынасы).

Үлгіні іске асырудың осы кезеңінде әлеуметтік - мәдени компонент ағылшын тілін оқытудың мазмұнына танымдақ ізденушілік тапсырмалар түрінде кірістіріледі:

Кәсіптік маңызды мәдениетаралық коммуникацияға өзге тілде дайындаудың екінші кезеңінде болашақ мамандар әр қилы тәжірибелік жағдайларда әлеуметтік – мәдени білім, дағды, әдеттерін қолдануды үйренеді.

Өзге тілді әлеуметтік- мәдени құзырлықты қалыптастырудың екінші кезеңінің айрықша белгісі студенттердің қабылдау, ұғу мен түсінуден мәдениаралық байланыс орнату кезінде ынта көрсету шеберлігін ұйғаратын.

Қорытынды. Ғылым қол жеткізілген жерден тоқтап қалмады. Қазір басқа да қызықты әдіс-тәсілдер жасалуда, олардың көмегімен студенттерді оқытудың алға

қойылған мақсаттарына қалай да жету үшін оқытудың жағымсыз жағдайларына қарсы тұруға, оқулықтар мен бағдарламалардың қатал шеңберінен шығуға тырысады. Қазір оқытудың күрделі кешені ескерілу қажеттілігі түсініледі – тілдік ортаның және шет тілді тәжірибелік қолдануда студенттерде табиғи қажеттіліктің болмауы, оқушыларда тіпті бір жас ерекшелікті топтың, шет тілдік сөйлеуді табысты игерудің әртүрлі психолого-педагогикалық алғышарттардың болуы.

Сонымен, біздің ойымызша, Шет тілін оқытуда студенттердің әлеуметтік - мәдени біліктілігін қалыптастыру болып табылатын зерттеуімізде біз нақты нәтижелерге қол жеткіздік.

Шет тілін оқытудағы өзекті мәселелердің бірі лингвоелтанушылық аспектіні және мәдениетті дайындау болса, әртүрлі әдістемелік арсенал түрінде: көшірме, үлестіру материалдары, кесте, сызба, әсіресе слайдтар және кинофильмдер, елтану мазмұнындағы мәтіндер жазбаларының кассеталарын пайдалану өте тиімді болады. Сонымен қатар, өзекті қажеттіліктерді, қызығушылықтарды, оқушыға маңызды мақсат, ниеттерді ескеру маңызды. Осылайша, шет тілін осы тілде сөйлейтін халықтың ұлттық мәдениетімен тығыз байланыста оқытуды ұйымдастыру, оқытудың, соның ішінде оқу материалдарының лингвоелтанушылық реңкі оқушылардың коммуникативтік танымдық ниетін күшейтуге, жалпы әлеуметтік - мәдени ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді, жұмыстың әдістері мен нысандарын түрлендіруге жағдай жасайды, оқытуды тәрбиелеумен үйлестірудің жалпы дидактикалық талабын тиімді жүзеге асырады.

Біздің пікірімізше, оқытудағы осындай тәсілдерді жүзеге асыру ниетті, белсенділікті, студенттің сабақтағы бастамасын көтеруге мүмкіндік береді, яғни білім алуға және шет тілі бойынша шеберлік пен дағдыға тілек, қажеттілік туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Романова Р.З. (1998) Язык и культура: лингводидактический аспект. - А - С. 138.
2. Гез Н.И . Гальскова Н.Д. (2003) Методика преподавания иностранного языка -М- С. 27.

3. Сафонова В.В. (1990) Культуроведение в системе современного языкового образования иностранных языки в школе. № 6 С. 2 .
 4. Артемева В.А. (1969) Психология обучения И.Я – М.: Просвещение, стр. 58.
 5. Верещагин Е.М., Костомаров Г.В.(1976) Язык и культура, Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного, Изд .2, перераб., дом –М : русский язык -С.58.
 6. Шукин А.Н. (2010) Обучение иностранным языкам , Теория и практики . Учебное пособие для преподавателей и студентов. Москва , Филоматис. С.165.
 7. Тер – Минасева С.Г. (2000) Язык и межкультурная коммуникация. Учебное пособие М . Слово -С.134.
 8. С.Г.Агапова. (2004) Основы межличностной и межкультурной коммуникации.Серия "Высшее образование " - Ростов на Д .: Феникс,. -С.96.
 - 9.Әкімішова Ж.Ә. (2002) Тіл – мәдениет феномені мәселесі 27 Б.
 10. Қазақ Совет энциклопедиясы (1997), . Бас редакторы М.Қ Қаратаев - 7 том 3б.
 11. Ахмет Байтұрсынов Шығармалары. (1989) Алматы. Білім, -1. Б.
 12. Сепир.(1993) Избранные труда по языкознанию и культуре. Под редакций: Кибрина А.Е. Москва . Прогресс, -С.15
 13. Борисов Л.П. (2003) Компетентностное деятельной подход и модернизация содержание общего образование. Стандарт и мониторинг. -М. русский журнал №1. С.127.
 14. Ибраймова Г.К. (2006) Шет тілін оқытуда элеуметтік мәдени біліктіліктің мазмұны. Магистрлік Диссертация, Алматы, -С.105.
 - 15.Полушина Г.А. (1995) Текстотека учебника как основа формирование социокультурный компетенции, Автор.т дисс... канд.пед.наук ., М.
 16. Воробьев Г.В. (2000) Развитие социокультурной компетенции будущих учителей иностранного языка . Иностранные языки в школе №4
 17. Аскарлова Г.К. (2003) Шет тілдері оқулығына қойылатын талаптар // Вестник /
 18. Coombs J.C. (1985) The World Crisis in Education. - Oxford University Press
 19. Сафонова В.В. Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций. – Воронеж: Истоки,
 20. Тер-Минасова С.Г. (2008) Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово
- References:
1. Romanov R. Z. (1998) Yazyk y kultura: lingvodidakticheskyi aspekt - A - S. 138.
 - 2.Geiz N.Y. Galskova N.D. (2003) Metodica prepodovaniya inostrannogo yazyka -M- С. 27.
 - 3.Safonova V. V. (1990) Kulturovedenie v systeme sovremennogo yazykovogo obrazovaniya inostrannye yazyki v shkole. № 6 С. 2 .
 - 4.Artemeva V.A. (1969) Psichologia obucheniya Y.A. – М.: Prosvechenie, S. 58.
 - 5.Versheshagin E.M., Kostomarov G.V.(1976) Yzyk y kultura, Lingvovedenie v prepodavanii russkogo yazyka kak inostrannogo.–M: russkii yazyk -С.58.
 - 6.Shukin A.N.(2010) Obuchenie inostrannym yazikam, Teoria y praktiki. Uchebnoe posobie dlya prepodovatelei y studentov. -M, Filomatis. -С.165.
 - 7.Ter – Minasova S.G. (2000) Yzyk y megkulturnaya kommunikacia. Uchebnoe posobie posobie M . Slovo -S.134.
 - 8.S.G. Agapova. (2004) Osnovy meglichnostnoy y megkulturnoy kommunikacii.Seria "Vyschee obrazovanie" – R na D .: Feniks. -С.96.
 - 9.Akimshova. A. (2002) Til – madeniet fenomeni maselesi 27 B.
 10. Khazakh Sovet enciklopediasy (1997), Bas redaktory M.Kh. Kharataev - 7 tom 3b.
 - 11.Ahmet Baitursynov Shygarmalary. (1989) Almaty. Bilim, -1. Б.
 12. Sepir.(1993) Izbrannye truda po yazikoznaniyu y kulture. Pod redakcii: Kibirina A.E. M. . Progress, -S.15
 - 13.Borisov L.P.(2003) Kompetentnostnoe deyatelnoy podhod y modernizacia soderganie obchego obrazovanie. Standart y monitoring. -M. russkii zhurnal №1. S.127.
 14. Ibraimova G K. (2006) Shet tili okituda aleumettik madeni biliktiliktin mazmuny. Magistrlik Dissertacia, Almaty, -S.105.
 15. Polushina G. A.(1995) Tekstoteka uchebnika kak osnova formirivanie sociokulturnyi kompetencii, Avtor.t. diss... kand.ped.nauk ., M.
 16. Vorobev G. V. (2000) Razvitie sociokulturnoi kompetencii buduchich uchitelei inostrannogo yazyka. Inostrannye yazyki v shkole №4
 17. Askarova G.K. (2003) Shet tilderi okulygina koylatyn talaptar // Vestnik /
 18. Coombs J.C. (1985) The World Crisis in Education. - Oxford University Press
 19. Safonova V. V. Izuchenie yazikov megdunarodnogo obshenia v kontekste dialogo kultur y civilizacii. – Voroneg: Istoki.
 20. Ter-Minasova S.G. (2008) Yazik y mezhkulturnaya kommunikacia. – М.: Слово

М.О.ӘУЕЗОВТИҢ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ «АЖАЛ» КОНЦЕПТИСІНІҢ КӨРІНІСІ

Ф.ғ.д, профессор А.О. ТЫМБОЛОВА*
PhD док. А.С.КУШКИМБАЕВА *

Түйіндеме

Мақалада "Ажал" ұғымының когнитивті моделі қарастырылады. Ғаламның тілдік бейнесінде «Ажал» концептісі өлім, демнің бітуі, қайғы, қасірет, жесір, жетім, өмірдің аяқталуы сияқты тілдік бірліктермен ассоциацияланып, таңбаланады. Ажал ұғымының құбылыс ретінде қабылдау эмоциясымен байланысты түсіндірілу өрісі бағалау ассоциацияларынан тұратындығы көрсетілді. М. Әуезов халық танымы мен түсінігін терең саралаған суреткер. Сондықтан «Ажал» концептісінің М.Әуезовтің драмалық мәтінінде берілу реті сараланып, суреткердің драмаларында жалпыхалықтық, мәдени мазмұнды, физиологиялық, философиялық, діни-мифологиялық аспектіде өлім туралы түсініктері қамтылып, сонымен бірге авторлық таным арқылы модельденіп, концепт мазмұнын кеңейткендігі зерделенді. Демек, мақалада ажал ұғымы қазақ халқын тануға негізделген ұлттық бірегейліктің дүниетанымдық тұжырымдамасында ашылды.

Тірек сөздер: *концепт, субмәдениет, репрезентация, лингвистикалық және когнитивті мінез.*

Abstract

The article considers the cognitive model of the concept of "death". In the linguistic picture of the universe, the concept of "Death" is associated with language units such as demise, dying, end, passing away, widow, orphanage, end of life. It has been demonstrated that the concept of death is made up of associations of interpretation related to emotion-related perceptions. It has been demonstrated that the concept of death is made up of associations of interpretation related to emotion-related perceptions. M. Auezov is a painter who has deeply analyzed people's knowledge and understanding.

Thus, in the article, the notion of death was discovered in the worldview concept of national identity, based on the recognition of the Kazakh people.

Keywords: *concept, subculture, representation, linguistic and cognitive character.*

КІРІСПЕ

«Ажал» концептісін сараламас бұрын оның жалпы түсіндірілу ретіне тоқталуымыз қажет.

1. **Ажал** – діни-теологиялық ұғым-категория, тіршілік иесіне (нақтылап айтсақ, адамға фәни дүниедегі) белгіленіп берілген мөлшерлі мерзім, уақыттың соңы, аяқталуы. Ажал ұғымының түп негізі Құран Кәрімде Аллаһ Тағаланың құдіретімен белгіленіп қойылған деген түсінікті береді.

2. **Ажал** – екі мағыналы ұғым. Біріншісі, дәстүрлі дүниетанымда да, мұсылман агиологиясында да жасағанның әмірімен адамның, жалпы тіршілік иелерінің жанын алатын тылсым құдірет иесі. Екіншісі, адамның биофизиологиялық ғұмырының аяқталғанын білдіреді.

3. Қазақ мифологиясында жаналғыш Әзірейіл періште бейнесі ажалдың түрінде айтылады. Ал исламға дейінгі түсінікте ажал Сұрмерген, кейде Сұржекей бейнесінде болғанын көрсетеді және бұл мифтік бейне ислам мифологиясындағы Әзірейілден әлдеқайда көне болуы ықтимал. Ұрыс-соғыста қауіпті-қатерде «Сұрмерген жолға шықты», «Ажал оғы қайсымызға тиер екен» дейді екен. Ауру-сырқау адам да ажалы жақындағанда ажал төнді дейді.

4. **Ажал** ұғымы адам баласының өмірі алдын-ала құдай құдыретімен белгіленіп қойылған дейтін көне сенім- наным, түсініктерді де қамтиды. «Тағдыр», «маңдайға жазылған», «жазмыштан озмыш жоқ», «пешенеде бар» деген секілді сөздер осының дәлелі [1, 28].

Ю.Степанов концепт құрылымының үш қабаттан тұратынын айтады:

1. Негізгі, актуалды белгілері;
2. Бір немесе бірнеше қосалқы белгілері; Олар қазіргі кезде аса маңызды болмауы мүмкін тарихи сипаттағы белгілері;
3. Әдетте ұғыныла бермейтін, сыртқы сөз формасында қатталған ішкі формасы [2].

* әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. tymbolova@mail.ru

** Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ, Alitok@mail.ru

Ю.С. Степанов концептінің негізгі құрылым көзін анықтай отырып, әрбір қабаттағы компонентті белгілі бір көлемдегі жеке концепті ретінде тануды ұсынады. Демек, бүтін концептінің компоненті деген ұғымды одан әрі кеңейте түседі.

Бірінші қабат (мәдениетті ұстанушыға таныс негізгі өзекті белгілер) жалпы ұлттық концептімен сәйкестендіріледі. Ал пассив қабат (қосымша белгілер мәдениетті сақтаушылардың арнайы тобы үшін өзекті деп саналатын белгі) ерекше субмәдениеттің концептосферасына жатады. Ішкі форма (күнделікті тұрмыста айқын көрінбейтін, тек мамандар көмегімен айқындалатын, бірақ концептінің таңбалық сыртқы формасына негіз болатын қабаты) көптеген мәдениет ұстанушылар үшін концепт компоненті болып есептелмейді, тек мәдени элементтерге ықпал етуші құбылыс деп түсініледі [3, 30].

Қоғамда орын алған қандай да бір оқиғаны немесе қоршаған ортадағы бір құбылысты бейнелеу, жеткізу үшін жасалатын коммуникацияның негізгі міндеті – ақпаратты нақты мағыналық өзек шеңберінде беруді ұйымдастыру болып табылады. Р.Г. Пиатровский оларды «мәтіннің мағыналық белгілері, яғни кілт сөздер» деп атайды [4].

М.Әуезов халықтық таным мен түсініктен туған ұғымдарды терең талғап, саралап қолданған. Ажал концептісі ұлттық мәдени концептіге жататын, қазақ ұлтының таным түсінігі негізінде қалыптасқан бірлік.

Ю.С. Степанов айтқан 3 қабаттың біріншісі

- Ажал - *азамат ажалы, ажалдан құтқару* бұл жерде дәстүрлі тура мағынасында қолданылып, өмірден өткені немесе аман қалғаны туралы айқын айтылып, вербалды түрде көрініс тауып тұр;

2-қабаты

- *От пен ажалын төккелі* ауыспалы мағынада, соғысуға шыққан неміс армиясы,

- *Ажал шашатын қамқор қанат* ауыспалы мағына, бұл автордың өзіалғаш қолданып, қазақ әдеби тілінің лексикалық қорына енгізіп отырған тіркес. Бұдан М.Әуезовтің сөзді шығармашылық деңгейде меңгерген элитарлық тұлға екені көрінеді;

Ал 3-қабаты соғыс кезіндегі жағдайды суреттейді.

- *Азар болса ажал ма, артымда ажал* ауыспалы мағына бұл жердегі ажал сөзі когнитивтік (метафоралық) сипатта суреттеліп тұр;

- *Қасқайып қара тайсалмай, кешікпей, кідірмей ажалдай соғар кек болсын* ауыспалы мағына, жолдасы өліп, соның кегін қайтару үшін соғысатынын айтып тұр.

Ғаламның тілдік бейнесінде «Ажал» концептісі өлім, демнің бітуі, қайғы, қасірет, жесір, жетім, өмірдің аяқталуы сияқты тілдік бірліктермен ассоциацияланып, таңбаланады. «Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі арқылы анықталады. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінде пайда болған ақпараттың құрамында когнитивтік және прагматикалық мағыналардың элементтері бейнеленеді» [5, 116]. Жазушы драмасында «ажал» концептісі *кек, жау, оқ, найза, от, қан* т.б. фреймдермен, фрейм сценарийлермен айқындалады. Оған мынадай мысалдар дәлел: «*кек кетпек емес*», «*от дариясынан өтіп табысқан Сейфулмәлік Жамалың*», «*жау жүрегіне сермелген найза біздің батальон болса, сол найзаның болат жебесі сендерсіңдер*», «*темір қанат көк болат дивизия*» т.б.

Бұл мәтіндердегі абстрактылы ұғым қатарына жататын «Ажал» концептісін танытатын тілдік бірліктер түгел дерлік метафораланған. Ол әртүрлі сөз тіркестері, тұрақты тіркестер арқылы көрініс тапқан.

Тілдік тұлға драмасында «Ажал» концептісінің фразеологиялық деңгейі мынадай авторлық тұрақты тіркестермен репрезенттелген: «*шыдаған жүректің алдында оқтың да майырылып жатқаны*», «*жүрегін суырып алып, итке салу*», «*өрмекиінің шыбынға ұмтылған арманы ынтықтығы*», «*желге мініп*» т.б.

М. Әуезов драмаларында «ажал» концептісінің аясына өзара шектес «*от*», «*кешірім*», «*қайғы - қасірет*», «*қоштасу*» концептілерімен байланысты тілдік бірліктер кіретіндіктен, олар ассоциациялық элементтері болып табылады. Ол «ажал» концептісінің когнитивтік құрылымы арқылы анықталады.

Ғаламның тілдік бейнесінде негізі «ажал»-«өлім» макроконцепциясының өзегіндетұрады. Себебі ажал өліммен аяқталады. Сондықтан тіл ұстанушының когнитивтік базасында ажал – адам өмірінің аяқталуы. Бұл туралы С.Жиреновтың кандидаттық диссертациясында жан - жақты жазылғандықтан қайталап айтуды жөн көрмедік. Мифтік, діни концептуалды дүниетанымда «өлім мен ажал» концептісінің символдық сипаты «жоғарғы күш жаратушымен» байланысты. Сондықтан да адам өлімі этнос дүниетанымында «қастерлі, аяулы» деп бағаланған.

«Ажал - от» концептісінің тілдік-танымдық сипаты Оттың адам санасында абайлап қолданбаса ажал төндіретіні айдан анық екені белгілі. *Ажал - от* автор драмасында *от төгіп, ажал шашу, оттың ортасында өртеніп жанып күл болу, от дариясы, от төгу* т.б. сынды фреймдер арқылы ақиқат бейне санадағы логикалық факт бейнеленеді.

«Ажал - кешірім» концептісінің тілдік-танымдық сипаты. Өмірінің соңғы сәтінде кез келген адам кінәлі болсын, болмасын жақындарынан кешірім өтінеді немесе өзі үшін кешірім сұрайды. Мысалы,

Назым. *Қаталдық, ақымақтығым болып еді, кеш мені, Нұрланым (Сүйеді.)*

Нұрлан. *Кештім...сен...сен де мені кеш! Немесе «Қарагөз» пьесасындағы Қарагөздің соңғы сапарға аттануы,*

Нарша (*төсегінен басын көтеріп*).*Құдай–ау, үзіліп барады ғой. (Жылап.) Бір ауыз жылы сөз... жалғыз ауыз ғана «кештім» деген сөзді естімей қалғаным ба?*

Талықсып жығылады. Қарагөз үзіліп бара жатады. Тойсары иман айтады.

Текті (*ақырын жылап*).*Сорлы, шын–ақ сорың қалың, сор маңдай екенсің ғой. Маңайыңда жыламаған жан қалдырмағаның не? Я, құдай, әлде осының қарғысына ұшырадым ба?*

Тойсары. *Үзілді. Қарагөз қайтпас жолға сапар шекті.*

Бұл көріністі беру арқылы адресат эксплицитті түрде адресантына о дүниеге аттанғалы жатқан адамға иман айтылуы қажет екендігін білдіріп тұр. «Өлім» концептісі адамзаттың бәріне ортақ негізгі белгі боп саналады. Және бұл жерде адамдар арасындағы қарым – қатынасты да айқындаушы рөл атқарып отыр. Қарагөздің осы адамдар үшін қаншалықты қымбат екендігін автор имплицитті түрде сездіріп отыр.

«Ажал - ажыратушы» концептісінің тілдік-танымдық сипаты. Қимас адамдардың бірі о дүниелік болғанда екіншісі бұ дүниеде қалып, тірлігін жалғастыруы керек деген ойды адресант адресатына Қарагөздің о дүниелік болғаннан кейін Сырымның түсіне кіріп, аян беруі арқылы белгі береді. Мысалы,

Қарагөз (*баяғы сау, сұлу қалпында. Нажағай, күн күркіреді*). *Ей, Сырым!.. Жалғыз-ақ сөз тапсырамын. Сен еркексің. Еркек бол да, екеуміздің басымызды ақта! Сенің бойыңда оған жетер қуат бар. Сен жалындаған жанды сөздің иесісің. Көңіліңді бекітіп, күйіңе мүссең, сенің аузыңнан өрттей ыстық сөз шыққалы тұр. Бу беліңді бекемірек!.. Шеш күрмелген тіліңді! Мені де, өзіңді де ақта! Тапсырамын осыны! Сынған ер жамалады, сыны біткен көңіл қайғысын сөзбен жазады. Сенің дауысың биік қалың тоғайдың басын теңселткен қатты дауылдай аңқып ессін! Сенің бетіңе тура қарар жау болмас. Дауыл мен жауында жай ұшырған жапырақтай болып өшеді, жоғалады. Шеш, тіліңді! Оян, серпіл! Сөйле!.. Сөйле!..*

Қарагөз сөзі арқылы Сырымға қуат беріп қана қоймай, оны қайрап, алға ұмтылуға, ешбір жеңілмей, қиындыққа қасқая қарауға үгіттеп тұр. Адресантқа эмотив етістіктер арқылы әсер етіп, «*қалың тоғайдың басын теңселткен қатты дауылдай аңқып ессін! Дауыл мен жауында жай ұшырған жапырақтай болып өшеді, жоғалады*» деген гештальттарды тиімді пайдаланып тұр.

«Ажал - қайғы-қасірет» концептісінің тілдік-танымдық сипаты. «Адамның ішкі жан дүниесінің күйзелісі, қасірет шегуі, мұң арқалауы» деген лексикалық мағынаны автор туындысында «Бір–ақ түнде бар шашы аппақ боп кеткен» Назымның жан күйзелісін беруде репрезенттеген. Яғни шаштың ағаруы деген біртіндеп, ұзақ жүретін үдерістің бір түнде пайда болуы арқылы автор адресатына имплицитті түрде Назым үшін сүйген жар қазасының қаншалықты ауыр болғанын сездіріп отыр.

Мәтіндегі «*нахақ қанға боялған ормандар өксіп үн қатады*», «*мұнарадай мұралар күрсіне күйреп, үн қатады*» ассоциативтік таңба арқылы қалыптасқан фреймдер ажал төніп келе жатқан сәттегі табиғат құбылысының күңіренісін танытады. «Мәтін құрылымымен қатар шығармашылық тұлғаның идиолектісінде сақталған, автордың тұлғалық танымында туындаған ассоциативті семантикалық өріс негізінде ақиқат дүниені тану қабілетін анықтауға болады» [1, 99 б].

«Ажал - қоштасу» концептісінің тілдік-танымдық сипаты. Өлім мен өмірдің арасында жатқан Звездовтың Нұрланмен қоштасуы:

Звездов (*ажарлы үнмен*).*Рұқсат сұрамайтын уақыт та болады, достар! Жақындатыңыз! (Санитар Нұрланға жақындатады.) Нұр! Қадірлі Нұр!.. Жай өмірде жан аямас жолдасым... Майданда жауынгер досым! Қош, Нұрлан бауырым! Бауырым менің. (Еңкейіп маңдайынан ұзақ сүйеді.) Отанының ері еді ол!..* Бұл концептіні талдағанда кейіпкер сөзінің эмоционалдық қырына назар аудармау мүмкін емес. Ол негізгі мағынаға қосымша мазмұн береді, эмоционалдық-экспрессивтік –бағалау реңкін үстейді де, кейіпкер сөзіне трагедиялық сипат үстейді. Бұл жердегі

мағыналық басымдық – Нұрланның соғыс құрбаны болғаны. ИмPLICITті түрде Нұрлан өлімінің табиғи жолмен емес, жау оғының кесірінен болғаны туралы ой туындап, актуалданады.

М.Әуезов драмаларында «ажал» концептісі фрейм, ойсурет, сценарий және т.б. білімді таныту модельдері арқылы көрініс табады. Т.А.ван Дейктің көзқарасы бойынша «...фреймдер – белгілі бір концептінің төңірегінде ұйымдасқан бірліктер. Ассоциациялардың жай жинағынан фреймдердің айырмашылығы, олардың өздері ассоциацияланатын қандай да болмасын концепт жайлы негізгі, арнаулы және барынша кең мағлұматтарды иелену мүмкіндігінде» [6] дейді.

«Ажал» концептісі мынадай **фреймдік** тармақтар арқылы танылады: **Қырық күн!..Қаралы қайғымен, жылаумен қырық күн өтті. Баяғы қабыр, әлі де баяғыдай нық басып бітеуленіп жатырсың. Бір топырағың шашылған жоқ. Бір жеріңе жік түсіп, жалғызымның бір тырнағын көрсеткен жоқсың.**

«Ажал» концептісінің **ойсурет** құрылымында танылуы:

Көк сөгіліп от төкті,

Жай отымен нұсқар ма?

Баратұғын сол бетті.

Сен жарық ең, мен – көлеңкең,

Құдырет қуып сорлы етті!

«Ажал» концептісінің **сценарийлік** құрылымы:

Өткеніңе жеті күн толғанда түсімде көріп ем. Енді белгі беретін күні бүгін шығар...Қырқы толған күні бір рет ескермес пе екен...

Жас күнімізде бір аурудан екеуміздің де шешеміз өлді. Өлген анамызды жоқтап, екеуміз оңаша жер болса, үн қосып жылаушы едік. Сол күймен ересек болдық, ер жеттік.

Шындық болмыстың тілде бейнеленуі мәселесін адамның танымдық қызметінің негізі болып табылатын қабылдау категориясына назар аудармай тұрып қарастыру мүмкін емес. Бұл тұрғыдан алғанда тілдік бірліктердің мағыналары арқылы көрініс табатын қоршаған дүниені қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу тіл, сана және шынайы болмыс арақатынасы мәселелерінің белгілі бір қырын ашуға мүмкіндік беретін когнитивтік лингвистиканың маңызды бағыты болып табылады. Қабылданатын объектілерді басқа нәрселермен ұқсастыру барысында белгілі бір қасиет, сапаларды, белгілерді пайдалану мен перцептивтік бейне құралатын сенсорлық материал да қабылдаудың маңызды сипаттамасы болып табылады. Таным процесі барысында танылатын перцептивтік белгілердің поэтикалық мәтінде көрініс табатын семантикалық мағыналардағы маңызы мен меншікті үлесі әртүрлі деңгейде болады.

«Ажал» концептісі құрылымының танылуы

1. Бейнелер (образдар) арқылы танылады:

а) перцептивтік бейне арқылы танылуы: *қара жыландай қайғы, өлейін орын берші қара жерден, қаралы дауыс, қайтпас жол, қара тұман*

«Ажал» ұғымын танытатын лексемаларға анықтауыштар тіркесуі арқылы эпитеттер құралады: *қара көр, қаралы жүз, діріл қағып, елбіреген домбыраның шегіне ілінген күйдей болыпоянған қайғылы, мұңды күй,*

ә) когнитивтік (метафоралық) бейне: *семген гүл, өлген бұлбұл қайғысынан, қайырылып қос қанатым, ажар кетті, ақиреттен табысу, тоғай, көр, арыстанның аузы, ажал айдап келу*

1 Түсіндірілу өрісі:

а) бағалау аймағы: *аш бөрі, аямас, қара тастай қатал, қанды шелек, бауыры суық қара жер, қаны суық өгей шеше, шұбар жылан, сұлу, қорқынышты, мейірімсіз, мейірімді, қараңғы, азап, қайғы.*

ә) паремиялогиялық аймағы: *«Ажалсыз қай найман барсың», «табысарда сойған», «Көк бөрі демей не дейін, қан сорпамды ішпесең көңілдерің көншімес», «еркек тоқты құрбандық», «жетім қозы бұл зарлық зарласа солар баурында зарласын», «қан түртіп тұру», «қара сорпасын ұрттау», «арыстанды сұлату», «қанға былғау» түрінде көрінеді.*

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ажал ұғымының құбылыс ретінде қабылдау эмоциясымен байланысты түсіндірілу өрісі бағалау ассоциацияларынан тұрады. «Ажал» концептісінің М.Әуезовтің драмалық мәтнінде берілу ретін сараптай келе, біз оның суреткердің драмаларында жалпыхалықтық, мәдени мазмұнды, физиологиялық, философиялық, діни-мифологиялық аспектіде өлім туралы түсініктерді қамти отырып, сонымен бірге авторлық таным арқылы модельденіп, концепт мазмұнын кеңейткендігіне көз жеткіземіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жиренов. С.А. XV – XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы «Өмір- өлім концептісінің танымдық табиғаты». ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы, 2007.
2. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. М.,1997.С.824
3. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдарының негізінде). -Алматы, 2007. – 450 б.
4. Пиатровский Р.Г. Лингвистический автомат в исследованиях и непрерывном образовании. СПб.: РПГУ, 1999 С. 103
5. Васильев. Китайские надписи, 1987, 3.
6. Ван Дейк Т.А. Вопросы прагматики текста // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: НЗЛ., 1978. – Вып. 8.– 311 с.

«ЖЕТИ АТА» ҰЛТТЫҚ КОНЦЕПТІСІНІҢ ТІЛДІК САНАДАҒЫ КӨРІНІСІаға оқытушы, 3 курс докторанты (PhD) **Н.Ш.ҚАЛИЕВА*****Түйіндеме**

Мақалада қазақ халқының этноерекшелігін сипаттайтын ата-бабадан күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан «Жеті ата» ұлттық концептісінің тілдік санадағы көрінісі айқындалды. Ұлттық концепт, ұлттық тілдік сана ұғымдарының мазмұнын ашатын ғылыми тұжырымдамалар негізге алынды. Менталитет пен менталдылық ұғымдарына анықтама беріле отырып, тілдік санада түйісетін тұстары көрсетілді. «Жеті ата» ұлттық концептісінің атауыштық ядросы мен перифериясы концептуалды талдау арқылы анықталды. «Жеті ата» ұлттық концептісінің перифериясын құрайтын тілдік бірліктерге жасалған этимологиялық талдаулар сарапталды. Зерттеу барысында тарихи деректер мен мәліметтерге жүгіне отырып, «Жеті ата» ұлттық концептісіне қатысты тілдік бірліктердің танымдық және тілдік коды анықталды. Қазақ этнотілдік ұжымының санасында «Жеті ата» ұлттық концептісінің белгілерін айқындайтын білімдердің жиынтығы қазақ халқының басынан өткен тарихымен сабақтас екендігі дәлелденді.

Тірек сөздер: *жеті ата, шежіре, тілдік сана, ұлттық концепт, менталды дүниетаным.*

THE PHENOMENON OF THE NATIONAL CONCEPT OF “ZHETI ATA (SEVEN GENERATIONS)” IN LINGUISTIC CONSCIOUSNESS**Abstract**

The article defines the phenomenon of the national concept of “Zheti Ata (seven generations)” in linguistic consciousness, which continues to this day, from ancestors who describe the ethnic identity of the Kazakh people. Scientific concepts that reveal the contents of the national conception, the national linguistic consciousness are based on. The notions of mindset and mentality are identified and the convergent moments in linguistic consciousness are expressed. The notable core and periphery of the national concept of “Zheti Ata” are defined through conceptual analysis. The etymological analysis of linguistic units, which form the periphery of the national concept of “Zheti Ata” is explored. During the study, the cognitive and linguistic codes of language units were identified in relation to the national concept of “Zheti Ata”, referring to the historical information and data. It was proved in the mind of the Kazakh ethno-linguistic collective that a set of knowledge defining the characteristics of the national concept of “Zheti Ata” is interrelated with the by-past history of the Kazakh people.

Key words: *zheti ata (seven generations), chronicle, linguistic consciousness, national conception, mindset.*

Жалпы қандай да бір ұлттық концептіні алып қарастырсақ та, ол әлемнің тілдік бейнесінің негізгі бірлігі ретінде сол халықтың ұлттық өзіне ғана тән ерекшелігінен хабар береді. Олай болатын себебі, ұлттық санаға байланысты. Жер бетін мекендеген адамзат баласын ұлт ретінде қалыптастырған негізгі қозғаушы күш – ұлттық сана.

Ұлттық сана ұлттық тіл арқылы бейнеленеді, осылайша этностың тарихы мен мәдениеті ұрпағына жетеді. Ұлттық тіл – қатынас құралы ғана болып қалмайды, ол санадағы ақпараттарды жеткізуші белгілер жүйесі болып табылады.

XX ғасырдың соңында пайда болған «тілдік сана» ұғымы тілшілер, этнографтар, психологтар мен мәдениеттанушылардың зерттеу нысанына айналды.

З. Д. Попова мен И.А. Стернин ұлттық тілдік сананы – әрбір этнос өкілі қалыптастыратын ұлттық қоғамдық сананың ажырамас бір бөлігі ретінде қарастыра отырып, халықтың психологиялық ойлау құрылымының, сол халықтың мәдениетінен, ұлттық ерекшелігінен тілдік, өзіндік айшықталған ақпарат беретін бір қабаты деуге болады. Осы ұлттық ақпарат арқылы біз этностың өзін-өзі тануын, жалпы әлем бейнесінде өзінің әлеуметтік және саяси бейнесін қалай тани алатындығын анықтаймыз деген пікірді ұстанады [1,106].

«Жеті ата», «шежіре» ұғымдары тарих пен мәдениеттану салаларының зерттеу нысаны болғанымен қазақ халқының ұлттық тілдік санасында ұлттық дүниетаным арқылы репрезенттелген

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

концепт. Концептілерді талдау арқылы біз халықтың мәдениеті мен құндылықтарына терең бойлаймыз.

Ұлттық концептілер қандай да бір ұлттың рухани, тарихи және мәдени құндылықтарын бейнелейтін концептілер екендігін назарға ала отырып, «Жеті ата» ұғымын **ұлттық концепт** ретінде қарастыруға толықтай негіз бар екеніне В.В. Красныхтың ұлттық концептіге берген анықтамасына сүйене отырып көз жеткізуге болады.

В.В. Красных ұлттық концептілерге: «Ең жалпы, барынша абстрактілі, бірақ нақты (тілдік) сананы репрезенттеуші, ұлттық-мәдени белгілермен маркерленген «нысанның» барлық валентті байланыстарының жиынтығында когнитивті өңделген идеясы, «нысанның» өзіндік терең «мағынасы» деген анықтаманы ұсынады [2,269 б].

Біз зерттеуімізде Адам ата мен Хауа анадан бастау алатын шежірені таратудан аулақпыз, бірақ, Алаша ханның ұрпағы - қазақ халқының шежіресін жанай өтіп, жеті аталық туыстық шежірені лингвистикалық тұрғыдан талдауды жөн көрдік. Өйткені: **«Тіл субъектісінің санасындағы ақиқат дүниенің бейнесі ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесі»** – дейді ғалым Н. Уәли.

Еуропа мен Азияда рыцарь, барон, граф, князьдердің жекелеген отбасылары, корольдердің, патшалар мен императорлардың билеуші әулеттері өздерінің шежіресін жүргізеді. Тіпті, тұқымы мықты иттер мен аты жер жарған сәйгүліктердің де паспорт (төлқұжат) түріндегі шежіресі болады. Алайда тұтастай халықтың ішінде жеті атасына дейінгі шежіресін білетіндер қазақтар ғана шығар. Ежелгі дала тұрғындарының көшпелі және жартылай көшпелі өмірі бірнеше мыңжылдықтар бойы осы бір бірегей құбылыстың пайда болуына ықпал еткендей. Біз – бірнеше ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бойы әке тарапынан өз шығу тегінің шежіресін жаппай жадында сақтап жүргізіп келе жатқан әлемдегі жалғыз халық шығармыз [3,6 б.].

Халық жадында берік сақталған жеті аталық ұстанымның ұлт болып ұйысуымызға, ұлттық құндылықтарымызды сақтап оны дамытуымызға әсері мол болды. Тағдырдың талай тауқыметін көріп, бұл күндері әлемнің отыздан артық елінде тарыдай шашылып жүрсек те, біртұтас халық ретінде тарих сахнасынан көрінуімізге тигізген үлесі мен пайдасы, құны мен қымбаты, рөлі мен маңызы туралы мұнымен ғана тоқталуға болмайды. Дүниедегі барлық халықтың таралу тегі болатынын, тіпті, өз ата-бабаларын Нұх пайғамбардан бастап таратып көрсететін ұлттардың да барын білеміз (араб, еврей ұлттарының осындай «ұлттың тегі» дейтін шежірелік таралу кестесін көргенбіз). Өйткенмен, әзірге жеті аталық ұстаным әлемдегі қазақтан өзге ұлттарда бар екенін естімедік. Ол жеті ата немесе жеті ұрпақ атауына сәйкес атау-терминнің өзге ешбір халықтан шықпауынан да белгілі. Жеті ата танымының қазақ халқында бағзыдан келе жатқан тамыры терең ұғым екенін арнаулы атаулары дәлелдейді. Жоғарғы салыстырудан қазақтың жеті атаға дейінгі атауының толық екенін, бабадан кейінгі атауларға ата сөзінің алдына ұқсамаған анықтауыш қосылып барып жасалғанын көреміз. Ал, ханзу мен ағылшындардың ата атаулары тек 5-атаға дейін екенін, мұндағы 5-ататек, ата-баба деген жалпылама атауға сәйкес келеді. Ал, жапон және ұйғырлардың ата тегі 3-4 әулетке дейін ғана айтылса, орыстарда арнаулы атаулар болғанымен ұстаным жоқ. Біз бұл салыстырудан қазақтың ұрпақ таратылуы ұзақ әрі атауларының да көп екенін көреміз [4].

Біздің ойымызша, жоғарыда айтылған пікірлер, ұлттың менталитетіне де байланысты. Себебі, ұлттық менталитетті - ұлттың танымдық стереотиптерінің жиынтығынан құралған ақиқат бейнені қабылдау мен түсінудің ұлттық тәсілі ретінде қарастыруға болады. Себебі, концептілерді зерттеуші ғалымдардың бірқатары концептінің мәдениеттанымдық аспектісіне назар аудара отырып, оны адамның менталды ойлауымен байланыстырады. Мысалы Ю.С. Степанов өзінің концептіге берген анықтамасында, концептінің мәдениеттің микромоделі ретінде түсінеді. Яғни, «Концепт – адам санасындағы мәдениеттің бір бөлшегі, осылайша ол адамның менталды әлеміне енеді, ал, екінші жағынан «мәдени құндылықтарды жаратушы адам» емес, қарапайым адамның өзі мәдениетке кіреді және кейбір жағдайларда оған әсер етеді», - деп топшылайды [5,436].

Отандық ғалымдардың арасында А. Ислам концептінің «Этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым»- деп қарастырады [6,2136].

«Жеті ата» ұлттық концептісі қазақ халқының менталды дүниетанымында негізгі рөл атқаратындығын жоғарыда айтылған пікірлер қуаттайды. Себебі, қазақ әуел бастан-ақ ру-тайпалар мен ұлыстар бірлестігінен құралған халық. Сонау қадым замандардан бері көшпелі мал шаруашылығымен күн көріс қамын жасап, өмір кешкен бабаларымыз өздерінің қай тектен шыққандығын кейінгі ұрпақ буындарына баяндап, шежірелеп айтып келген. Сол себепті де, түйенің

комында, аттың жалында жүрген әрбір дала кезбесі жеке өз басының қай ұлыстан өрбіп шыққанын және арғы тегінің қандай жерлерге орнығып, жаз жайлауы мен қыс қыстауы қылғандығын, мекен-тұрағы еткендігін біліп отырған.

Менталдылық – этномәдени, қоғамдық дағдылардың, рухани қағидалардың, стереотиптердің жиынтығы. Тілді пайдаланушылардың ойын, ерік жігерін, сезімін жеткізетін белгі ретінде менталдылық, тілде оның тереңнен бастау алатын өзгерістерінде жүзеге асырылады. Ал, менталитет – адамдардың әлеуметтік ортаның, ұлттық дәстүрлерінің ықпалына байланысты қалыптасқан жеке-дара және қоғамдық сананың, олардың өмірлік ұстанымдарының, мәдениетінің, мінез-құлқының аса айрықша ерекшеліктері; ақыл-ойдың көрінісі, дүниетаным. Тіл ақиқат дүниені менталды құрылымдау және нақтылау қызметін атқарады, осылайша әрбір тілде менталитет пен менталдылық түйісіп отырады [7,3926].

«Жеті ата» ұғымының жеті санымен байланысы тегіннен тегін емес. Ең алдымен қазақ халқы үшін жеті саны киелі саналады. Қ. Тәжиев көп мәнді шұбыртпалы ойларды ықшамдай келіп, аз сөздің аясына сыйғызған қасиетке ие киелі сандарды дүниетанымдық – әдеби сан ретінде қарастырады. Қазақ дүниетанымында **«Жетінің»** киелі мән алу себебін көптеген ғалымдар өзге халықтар (үнді, жапон, вавилон мен ассириялықтар, орыс, корей, моңғол, парсы) мәдениетінен іздеп, оның сырын өзге халықтардың түсінігімен байланыстырады [8,1006].

Екіншіден, жеті атасының өмірін білген адам өз халқының кем дегенде екі ғасырлық тарихынан хабардар болады. Яғни, «әке жағынан бастап жеті атаға дейінгі туыстар жеті ата – 200 жыл /шамасында/ «қандастары», «аталастары» саналған. Немере –шөбереге дейін ата – «ата баласы», ал жеті атаға дейін – аталастар, одан әрі – туысқан рулар, одан соң – тайпаластар, одан әрі – жүздестер саналған. Ең жоғары бірігу – Үш жүз – қазақ, ең жоғарғы түркі тайпасының бірігуі – Алты Алаш /қазақ, өзбек, ноғай, қырғыз, қарақалпақ, және башқұрт/ балалары» [8,796].

Қазақ халқында **«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан»** деген ұғым осыған байланысты айтылған.

Жоғарыда келтірілген пікірлерді саралай отырып, біз, «Жеті ата» ұлттық концептісінің когнитивті моделін З. Д. Попова мен И.А. Стерниннің концептілерді талдауға арналған тұжырымдарына сүйене отырып көрсеттік. **«Жеті ата» ұлттық концептісінің атауыштық өрісінің ядросын** төменнен жоғары қарай түзсек, – **1. бала; 2. әке; 3. ата; 4. арғы ата (үлкен ата); 5. баба; 6. түп ата; 7. тек ата** құрайды.

«Жеті ата» тілдік бірлігі тарихи-этимологиялық тұрғыдан денотативті мағынасында «Арғы ата, ата – баба» деген ұғымды білдіреді. Осыған байланысты халық аузында коннатативті мағынасын ашатын **«жеті ата жеті түптен бері қарай», «жеті атасынан қара көк», «жеті атасын мал өлтірген», «жеті атасына бітпеген», «жеті атасынан», «жеті ата жау», «жеті атасын білмеген мұрт», «жеті атасынан түк көрмеген», «жеті туып бір қалған»** т.б. тіркестері қолданыста бар [9,393-3946].

Бұлай баладан тек атаға дейінгі тармақтың пайда болып жүйеленуі қазақ халқының тілдік санасының көрінісі. Тілдік ұжымның санасында қалыптасқан, осы атаулар әлі күнге дейін қолданыста.

Жеті аталық дәстүрдің қалыптасуының өзі жоғарыда аталып өткендей, көшпенді халық өмірінің тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты. Мал шаруашылығын тіршіліктің негізгі көзі ретінде пайдаланған халқымыз үшін туыстық қатынасты сақтау басты қағида болғаны анық. «...өмір сүрудің бірінші қағидасы, әр ерлі-зайыптыға екі ұлды болуы заңға айналған. Осы жағдайда ғана жеті ата туыстығы: өзі, емшектес бауыры, әке, онымен бірге туылған бауырлар, ата, онымен бірге туылған бауырлар, арғы ата, онымен бірге туылған бауырлар, баба ата, онымен бірге туылған бауырлар, түп ата онымен туылған бауырлар, тек ата бірге туылған бауырлар сияқты еркек кіндікті жұмысшы қолдарынан тұрған. [10,66]. Халқымыз ежелден **«Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді билер»**, - деп айтады. Бұл жеті аталық құрылымды, рулық билік ретінде қабылдау деген пікір емес. Көшпенді халықтың тілдік санасымен тікелей байланысты мәселе. **«Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер»** деп қандастық пен бауырластықты нығайта түсу үшін, қарға тамырлы қазақтың бір – бірінен ажырамай ауызбіршілікте болуын үндегендігінің белгісі.

«Жеті ата» ұғымының мағыналық өріс аясын тереңірек зерттей отырып, шеткі аймағын төмендегідей жіктеме арқылы көрсеттік:

Біріншіден, «Жеті ата» – қазақи шежірелік жүйе. Шежіре ұғымы араб тілінен аударғанда «бұтақ, тармақ» мағынасын білдіреді. Шежіре – халқымыздың ежелгі дәуірінде қалыптасқан,

негізінен ауызекі дәстүрде айтылып, алдыңғы буындардан кейінгі ұрпаққа есте сақтау арқылы жеткен, асыл мұра ретінде қалдырылып отырған көне тарихнамасы.

Екіншіден, «Жеті ата» – ұрпақ жалғастығы мен туыскандық (*ер жігіттің үш жұрты: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты*). Жоғарыдан төменге қарай – 1. әке; 2. бала; 3. немере, 4. шөбере; 5. шөпшек (өбере); 6. немене (өбере); 7. туажат деп таратылады. Сондай-ақ, ары қарай жүрежат, жекжат, жұрағат, қаймана деп жалғаса береді екен.

Зерттеуші ғалым Ясиын Құмарұлы өзінің «Қазақ шежіресін зерттеу» атты еңбегінде «өберенің ел ішінде «немене» «шөпшек» деген нұсқалары бар. Бұл атаулар кей деректерде бір-бір атау болып, төртінші және бесінші ұрпақ атауы ретінде қолданылады. Сонымен қоса кейде шөберенің баласын «немелтай» және «мүдежат» дейді», – деп жазып осы атаулардағы тұрақсыздықтарға тоқталып өткен.

Қазақ әрқандай затқа, құбылысқа ат қойғанда өте ыждахатпен қараған. Сондықтан да, қойылған аттардың өзіндік қисыны, дәлелі бар. Ұрпақ атауы да осындай. Мәселен, бала, немере, шөбере, шөпшек атаулары тұрақты, бұлар – етене жақындықты көрсетеді. Туажат – бірге туысқан, бірақ аралығы алшақтап, жат болып бара жатқан ұрпақ болса, жүрежат атауы да аты айтып тұрғандай, түбі бір болса да тұрмыстары бөлектеніп, жүрістері де жаттаса бастаған дегенді білдірсе керек. Әйткенмен, жүрежат – жүре-жүре жатқа айналып барады дегенді, туажат – туғаннан-ақ жат дегенді білдіреді деп жүрежатты туажаттың алдына қоятындар да бар. Немене атауы туыстық атауға сіңіп кеткенімен, туыстықты бейнелемейді, жансақ қолданылған атау болмақ, Сондықтан да, «немене» сөзінің орнына бейнелі ұғым «көгенжат» атауын қолдансақ болады. [11,101б]

Үшіншіден, «Жеті ата» – қан тазалығын (медициналық тұрғыдан генетикалық ауытқулардың алдын алу) айғақтайды. Қан тазалығы дейтін себебіміз, қазақ жеті атаға толмай тұрып, үйленуге, құда болуға тиым салған, мұндай әрекетті тұқымбұзушылық пен азғындықтың белгісі ретінде қабылдаған. Қан тазалығы халықтың генофондық саулығын, әлеуметтік әлдігін, абыройлық ахуалын жақсартуға қажетті ішкі ресурс болып табылған.

Жеті атаға толған соң **«Жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық»** деп, жар салып, жеті жұрттың белгілі адамдарын куәлікке арнап шақырады. Құдайыға боз бие сойылып, қанына қолдарын малып, «араларымыз алыстамасын, бұрынғы бауырлардай тату бірлікте болайық» деп баталасады. Ала арқан кесіледі. Ұраны, елтаңбасы бекітіледі. Осылай «ендігі жерде құдалыққа жол ашық» делінеді [12,115б].

Қазақта **«Айғырда өз байталына шаппайды»** деген сөз бар. Қазақтар өзін «Жылқы мінездес» деп атайды. Жылқының басқа жануарлардан ерекше бір қасиеті – тазалығы мен тегіне адалдығы. Әдетте айғыр өзінен туған құлын байталға шыққанда қуып шығып, басқа үйірге кетуге мәжбүр етеді. Сонымен бірге өз кіндігінен тараған еркегінде үйірден қуады.

Қыз алыспайтын дәстүр құндылығы қазақ халқы қалыптасқанға дейін де болса керек, ол туралы 1015-1070 жылдары өмір сүрген ғұлама бабамыз Ж. Баласағұн **«Әйел алсаң төрт рудан алысты ал. Ол болмаса – ей, азамат, қалыс қал»** – дегені айғақ.

Бірақ, араб, түрік, өзбек, парсы сияқты халықтар емшек сүті араласпаған ағайынды да үйлендіре береді. Мұсылман елдеріндегі мұндай жағдай ұлттың денсаулық сапасына әсер еткен. Олар көп жағдайда «жақсы қызды жатқа бермейміз» деген сылтаумен өзара туыс екі жасты үйлендіре береді. Тек емшек сүті араласпаса болды деп есептейді. Тіптен Тәжікістанда осындай некенің кесірінен мүгедек адамдардың саны тым көбейіп кеткен. Осыған байланысты үкімет арнаулы қаулы да қабылдап, туыстық, қандастық байланысы жақын болса некеленуге тыйым салатын ережені бекітті. Үгітте жүргізіп отыр. Қытай елінде некелену алдында қан тексеруді міндеттеген [13, 6-7б].

Тарихшылардың мәліметіне сүйенсек, Я. Гавердовский «Қырғыздар (қазақтар – авт.) өте күшті және қартайған шағына дейін өмір сүреді, қатерлі ауруды да онша сезбейді, ал жұқпалы кесел дегенді мүлдем білмейді, бұлардың арасында кемтарларда байқалмайды», – деп жазған.

Жетісу қазақтарының әдеттік құқығын зерттеген Н. Изразцов: «Қырғыздардың (қазақтардың – авт.) жақын туыстардың әйелдікке алмауының тағы бір себебі бар, бұл себеп – руды әлсіретуге және рулық одақты ыдыратуға жол бермеу. [10,6б].

Қан тазалығы мәселесі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегінде де сипатталады. Жиренше шешен арқылы Өз Тәуке ханның алдына келген Ө Тілеуқабылұлы ханның шипагерлікке байланысты барлық сұрақтарына мүдірмей жауап берген екен. Сондай-ақ, ханның:

– **Сырқат ішінде науқастанғанға оңайлықша білініс сездірмейтін, ілгіштікпен түпке жетсе де жанға көп батпайтын, әрі айықпайтын сырқат қайсы?** – деген сұрағына, ол.: – **Қандық уылмалық пенделік жалғасын бітістілігі,** – дейді..Хан: – **Ол сырқат қандай сезіліс білдірмек?** – дегенде, шипагер: – **Пенделік жанға батымы аз болмақ, тұқым қуаламақ, әрді**

бұзбақ, ұрпақсыз қалдырмақ, ұрпағы болса да нақұрыстандырмақ, қандық уылма, мерездік, құлғаналық, мигұлалық, Аллалық шала жаралым болмақ. Айығымы – одан сақтанбақ қана – дейді [14]. Яғни, қызды «Жеті атадан ары, жеті өзеннен өтіп барып ал» деген ұстанымды қалыптастырады. «Жеті ата – қан алшақтығын меңзесе, «жеті өзен» дегені – емшек сүті араласпаған» деген ұғымға саяды.

Төртіншіден, «Жеті ата» – заң (Әз-Тәукенің жеті жарғысы). Жоғарыда айтылған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының Әз Жәнібекке берген жауабының негізінде қан тазалығын сақтауға байланысты жарлық енгізілген. Қыз алысу немесе құдандасу жеті атаға толмай жүзеге асқан жағдайда қатаң жаза түрі – өлім жазасына кесілген. Бұған қазақ фольклорында кездесетін Қалқаман-Мамыр, Еңлік-Кебек, Қозы Көрпеш-Баян сұлу сияқты ғашықтар хикаясы куә.

Бесіншіден, «Жеті ата» – тектілік. Қан тазалығы генофондық тұрғыдан халықтың саулығын сақтаса, тектілік ананың сүтімен, әкенің қанымен даритын қасиет.

Ақтанберді жырау тектілікті «*Мұхиттың түбінен шыққан сауһар*» деп бағалаған. Қазақ халқы ертеде балаларын балиғат жасына толмастан, тіпті дүниеге келмей жатып атастырып қоятын болған. «*Көріп алған сұлудан, көрмей алған текті артық*» деген осыдан қалған.

«*Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға, Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға. Жақсының арқашанда жөні бөлек, жаман адам жарымас бір қымтарға*» немесе «*Жабы жүйрік болмайды байлағанмен, Жасық болат болмайды қайрағанмен*» деп Ж. Жабаев шалқыса, ұлы ойшыл А. Құнанбаев жеке тұлғаның қалыптасу барысында, оның өскен ортасымен алған тәрбиесінен де бұрын, оның қанындағы тегіндегі қасиеттердің басымдыққа ие болатындығына ерекше тоқталған. Абай сынды алып ой иесінің тамыры тобықтының ішіндегі шынжыр балақ, шұбар төс, тұқым екенінде кезінде көп көңіл бөлінбегені рас. Әкесінің: «*Әй, Абай! Мақтағыш болсаң, алдымен мені – Құнанбайды мақта! Өзімнен асырып мен сені тудырдым. Ал, сен мықты болсаң, өзіңнен асырып ұл тудыр. Содан кейін мақтанарсың шырағым*», - деп ширға тіл қатуында ұлт танымындағы тек туралы түсініктің терең мағынасы жатыр.

Егер жігіт текті тұқымның тұяғы болып оның болашақ жарыда аталы жерден болса, онда мұны «*Інжуе орнатылған лағыл*» деп бағамдалған. Ал, ат байлайтын жері көңілдегідей болмаса, келіннің құрсағында өсетін ұрпақты «*Құмға сіңген су, сорға сепкен дән*» деп түсіну тек қазаққа ғана тән түсінік. Сондай-ақ қазақ тіліндегі «*Қатын алма қайын ал*», «*алып анадан туады*», «*нағашысы жаманның жиені оңбас*», «*анасын көріп қызын ал*», «*анысын сүйгеннің баласын сүй*», «*шешеге қарап қыз өсер*», «*ана көрген тон пішер*», «*Тектен нәр алған тозбайды*», «*Шұғаның қиқымыда шұға*», «*тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы*», «*тегінде бар тектілік*», «*текті жердің тұлпар ұлы*», «*тегі мықты*», «*тегіне тартқан*», «*асылдың сынығы*», «*тектінің тұяғы*», «*тектінің тұяғы*» деп келетін тұрақты тіркестер тектіліктің коннотативті мағынасын ашады.

Адам – тектің бір бөлігі. «*тек*» деген ұғым қазақ үшін қандай қасиетке ие болса, «*тексіз*» деген сөз күллі жеті атасы түгілі, жетпіс жеті атасына дейін жететін ауыр сөздің бірі болып саналады. Керісінше бұған қарама-қарсы мәнде «*жетесіз*», «*жүгенсіз*», «*парықсыз*», «*көргенсіз*», «*тексіз*», «*тәрбиесіз*», «*ұятсыз*» т.б. нәлетті сөздерде жайдан жай айтыла салмаған. Бағзы бабалардан жеткен «*Барымташыдан ұры, ұрыдан қары, қарыдан бөрі шығады*» деген ұлттық дүниетанымы кей кезде «*Өзі болған жегіттің – ата-тегін сұрама*», «*Жаманнан жақсы туса – теңі болмас, жақсыдан жаман туса – емі болмас*» деген пайыммен алмасқан. [15,45-48б].

Алтыншыдан, «Жеті ата» – тәрбие. «*Тәрбие тал бесіктен басталады*» деген қағиданы ұстана отырып, әрбір қазақ отбасы баласына тілі шыққан кезден бастап жеті атасын үйретуді парыз еткен. Бұл жөнінде З. Ахметова жеті аталық ұстанымды «... *отбасылық тәлім тәрбиенің әліппесі, негізі*. Тек ата-анасынан айырылған жетімдер мұндай тәлімнен құр қалған. «*Жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары*» деген осындайларға қарата айтылған. Ал, әке-шешесі бола тұрып жеті атасын айта алмайтындарды «*Жеті атасын білмеген жетесіздік*» деп айыптаған деген тұжырым жасайды [12,115б].

Қорыта келе, жеті ата ұғымының концептуалды жүйесі этностың өмір салтына, тыныс-тіршілігіне, мәдени тәжірибесіне сүйенеді. Яғни, ұлттың когнитивтік санасында жеті ата ұғымына қатысты мағыналар кеңістігін құрайтын тілде бекітілген дәстүрлі аялық білімнің қалыптасқандығы сөзсіз. Жеті ата концептісінің менталды ұғынылуында біз осы тілдік бірліктің ішкі когнитивтік құрылымын көрсетуге тырыстық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Попова З.Д. Стернин И.А. Язык и национальное сознание. Вопросы теории и методологии. Монография. Воронеж: 2002.- 151с.
2. Красных В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? М., 2003. - 375с.

3. Қабылдинов З. Жеті атаның қамын жеген ұлт. – Алматы: Қазақ үні. №14 (780), 9 сәуір, 2018. – 12 б.
4. <http://www.akikat.kazgazeta.kz> Күні: 14.09.2018ж. Уақыты: 10.27.
5. Степанов Ю.С. Константы: словарь русской культуры. М.: 2004.- 992 с.
6. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол.ғыл.док. дисс. – Алматы: 2004. - 228 б.
7. Сүлейменова Э.Д. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов/Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. – Астана: «Арман – ПВ» баспасы, 2008. – 392 б.
8. Тәжиев Қ. Т. Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі. Фил.ғыл.канд.дисс. дайындалған дисс. – Түркістан: 2004.- 145б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том/ Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы: «Арыс баспасы, 2007- 752б.
10. Болсанбек Б. Жеті ата жүйесі мен Мәңгілік ел тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан заманы, 17 мамыр, 2018. – 12 б.
11. Жақыпұлы Д. Жеті ата және шежіре. Ақиқат ұлттық – қоғамдық-саяси журнал. №1, 2013.
12. Ахметова З. Күретамыр. - Алматы: 2018. - 208б.
13. Ахметұлы Б. Жеті атаға толмай қыз алыспау қағидасы, Үш таған рухани танымдық журнал №4 (20) сәуір, 2018.
14. http://kitap.kz/books/otejbojdaq_tileuqabylyly_shipagerlik_bayan. Күні: 15.09.2018. Уақыты: 14.20.
15. Тойшыбайұлы А. Тектілік феномені – қазақтың теңдесі жоқ даналық мектебі. Ақиқат ұлттық қоғамдық-саяси журнал. №9, қыркүйек 2017.

ТІЛ БІЛІМІНДЕ КОННОТАЦИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАЙЫ

Ф.ғ.к. Л.Ә. ИБРАЙМОВА*
Магистр А.Б.САРБАЛИНА**

Түйіндеме

Мақалада тіл біліміндегі коннотациялар мен сол туралы ғылыми еңбектер талданып қарастырылған. Коннотациялардың түрлері мен қызметі туралы сөз болады. Аталған терминді тіл білімінің түрлі бағыттары өз саласы бойынша қарастырып, соған сәйкес балама терминдерді де қолданады. Коннотация ұлттың мәдени ерекшелігін білдіріп қана қоймай, сөзге эмоционалдық реңк береді, бағалау мәнінде экспрессивтілікке ие және сөйлеу прагматикасымен тікелей байланысты. Коннотациялардың қолданылу орны мен мағыналық түрлері ажыратылады. Оның хронологиялық, функционалдық, жас ерекшелік, экспрессивті ұлттық, идеологиялық, мәдени деп бөлінетіндігі мысалдармен талданады. Коннотациялардың лингвомәдениеттегі талдану түрін, аударма теориясындағы, прагматистикадағы қолданылу жайын көрсетіп, ғалымдарың еңбектерінен дереккөздер алынады. Зерттеу жұмысы байқатқандай коннотациялар көбіне мақал-мәтелдерде, қанатты сөздер мен тұрақты тіркестерде көп кездеседі. Сол сияқты оның прагматикалық, қатысымдық мақсатты таситын жүгі бар.

Тірек сөздер: коннотация, стилистикалық, прагматистика, фразеологиялық, мәдени.

ABOUT THE USE OF CONNOTATIONS IN LINGUISTICS

Abstract

The article considers connotations in linguistics and analyzes scientific works on this topic. The connotation not only conveys the cultural characteristics of the nation, but also gives the emotional color of speech, expressiveness in the meaning of evaluation and is directly related to verbal pragmatics. We distinguish the place of use and the types of meanings of connotations. It was analyzed by means of examples their division into chronological, functional, age, national-expressive, ideological, cultural. In the article is considered the problem of the type of analysis of connotations in linguoculturology, the ways of their use in the theory of translation, pragmatististics, the sources from the works of scientists are used. As the study has shown, connotations are most often used in proverbs and sayings, winged expressions and stable combinations. They also convey a pragmatic, communicative goal.

Key words: Connotation, stylistic, Pragmatististic, phraseological, cultural.

Тілдегі кез келген бірліктің белгілі бір мағыналық жағы бар. Ол денотативті, коннотативті, мифологиялық тұрғыдан ажыратылады. Денотативті – сөздің тікелей, негізгі мағынасы. Коннотативті – белгілі бір жағдаятта қолданылатын, тұлға мен әлеуметтік ортаға тән сөздер. Мифологиялық – алғашқы мағынасынан айрылып, жалған наным-сенімге айналған сөздер. Коннотация – тілдік бірліктердің семантикаға тілдік норма бойынша немесе тосыннан қосылған, семантикалық мән. «Коннотация» термині алғаш логикада пайда болған. Семиотикаға Копенгаген мектебінің, басқаша айтқан глоссематиканың негізін қалаушы Л.Ельмслев енгізген (Говердовский, 1979). Неміс психологы әрі лингвисті Карл Людвиг Бюлер коннотация ұғымына сөздің грамматикалық мағынасын да қосты. Ол мәтінде басқа бір мағынаны береді.

Коннотация термині тіл ғылымында екі түрлі мәнде түсіндіріледі. Біріншісінде коннотация – тіл бірлігінің грамматикалық және денотаттық мағынаны (заттық-ұғымдық мағынасы) толықтырып, оған экспрессивті рең береді. Екіншісінде - тіл бірлігі мағынасының бір бөлігі, с.ол мағынаның ассоциативті-бейнелік ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағынаны білдіреді (Кәріпжанова, 2010: 9 б.).

«Қазақ тілі» энциклопедиясында да коннотация (лат. *connotatio*, *connoto* - қосымша мағынасы бар) – тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық рең білдіруі. Кең мағынасында: тіл бірлігінің грамматика және заттық-ұғымдық мағынасын толықтырып, оған экспрессивті сапа беретін бөлігі. Коннотация - сөйлеушінің тәжірибиелік, тарихи, мәдени, танымдық біліміне, олардың сөз

* ҚазМемҚызПУ, lira.ibraymova@mail.ru

** ҚаМемҚызПУ, sarbalina.a@mail.ru

болып отырған нәрсені ұнатуы не ұнатпауына, бағалауына, стильдік деңгейге, тіл қызметінің саласына, олардың әлеуметтік қатынасына және т.б. байланысты болатын құбылыс. Тар мағынасында: Коннотация тіл бірлігі мағынасының бөлігі, сол мағынаның ассоциотипті-образдық ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағынасы, яғни троп не сейлеу фигурасы болып табылады. Коннотацияның субъектілігін бір сөздің қарама-қарсы мағынада қолданыла алуынан байқауға болады. XIV ғ. аяғынан бастап "Коннотация" термині эмоциялық бояуы бар сөздерге байланысты қолданылады» (Қазақ тілі. Энциклопедия, 1998).

Л.М.Штейнгарт коннотацияны «сөздің мағынасына ассоциативтік белгілердің орнығуы» деп, коннотацияның пайда болуын мәдени-ұлттық үдеріске жатқызады. «Мәдени коннотация» сол немесе басқа лингвомәдени ортаның тілдік таңбасының әлеуметтік, эмоционалдық және эмоция тудырушы мәні ретінде танылады» (Штейнгарт)

В.Н. Телияның коннотацияға берген анықтамасы: «Коннотация – семантическая сущность, узואльно или окказонально входящая в семантику языковых единиц и выражающая эмотивно-оценочное и стилистически маркированное отношение субъекта речи к действительности при ее обозначении в высказывании, которое получает на основе этой информации экспрессивный эффект» (Телия, 1986: 5 б.).

В.Н. Телия «коннотация» ұғымын әр сала өзінше пайдаланатындығын жазады.

Стилистикада оны сөздің эмоционалды реңкімен байланыстырады (Винокур, 1980; Скребцова 1975), Аударма теориясында сөйлеушінің сөзіндегі белгілі бір «прагматикалық мағына» мәнінде (Бархударов 1975; Киселева 1978; Комиссаров 1980).

Лингвоәлкетанулық бағытта (Верещагин, Костомаров 1976; 1980) қосымша ақпарат пен, ұлттық ерекшелікті көрсететін мағынаның «лексикалық аясымен» байланыстырады.

Семасиологияда бұл терминнің мәні өте көп. Мағынаны тану аспектісінде – «эмоционалды қабат», «экспрессивті бояу» (Шмелев 1973), «эмотивті мағына» (Новиков 1982), «эмотив» (Шаховский 1983). Сөйленімнің құрамындағы сөздің қолданылу заңдылықтарын маңызды санайтын зерттеушілер оның имплициттілігін (жасырын) көрсету үшін «әлеуетті белгілер» (Гак 1972), «жасырын семалар» (Гинзбург 1979); Хидекель, Кошель 1981). «Қосымша мағынаны» психологиялық категория ретінде қарастырған «семантикалық ассоциация» (Апресян 1974) немесе түсінік мәнінде (Комлев 1969) қолданған ғалымдар бар. Түсінік, ұғым мәнінде коннотация кез келген мағыналық бояумен байланысты болады (Блумфилд 1968).

Әдеби-тілдік талдауларда (Бахтин 1979) коннотацияны концепцияға қарама-қайшы қойып, номинативтік бірліктердің мағынасының қатарына кіргізеді (Азнаурова 1973,1977; Варина 1967; Телия 1977; 1981) (Телия, 1986: 6 б.).

В. Н. Телия коннотацияны сөйлеу прагматикасымен тығыз байланыстылығын айтады. Ол байланыстырушы фактор – коннотацияның ықпал ету (әсер ету) функциясы. Субъект объектіні өз тәжірибесі арқылы меңгеріп, оның құндылықтарын анықтаған кезде бағалайды. Сол білім мен тәжірибенің негізінде жаңа критерийлер – стереотиптер, стандарттар, нормалар мен идеалдар пайда болады. Олар мәдени-тарихи мұраларға айналады (Телия, 1986: 40 б.).

Ойдағы сөздің сөйленім мен мәтінге айналуы немесе керісінше сөйленім, мәтіннен алғашқы түріне ауысқанда экспрессивтіліктің пайда болу тетігі өзгеріп отырады, бірақ мәні өзгермейді (Телия, 1986: 122 б.). Бұны түсінікті етіп талдасақ, мынандай: сөйлеуші кез келген бір сөзінде бағалау мәнді немесе экспрессивті-эмотивті коннотация айтты. Естіген адамның ойында қалды делік. Келесі жолы сол коннотацияның мәні өзгерместен басқа бір жағдаят үстінде қайтадан айтылды. Демек сөздің коннотациясы жағдаятқа қарай көрініс табады.

Коннотация мәтелдерден көбірек байқалады. Мысалы, «Ер – бас, қатын – мойын», «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Аузы күйген үріп ішеді», «Иттің құны бір күшік», «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан», «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады», «Балық басынан шіриді», «Қойшы көп болса, қой арам өледі» т.т. мәтелдердің барлығының коннотациясы бар. Мәтелдердің бойындағы коннотациялар бағалау мәнінде жұмсалған. Осы арқылы қазақ халқының әлемнің тілдік бейнесін танудағы өзіндік ойы мен дүниетанымы байқалады. «Ағама жеңгем сай, апама жездем сай» - мінез-құлқы ұқсас адамдарға немесе ұқсас іс-әрекеттерге айтылады. Кекесін мәнін білдіру басым.

Сонымен, В.Н.Телия коннотацияны зерттеуде үш түрлі бағытты көрсетеді:

1) Семиотикалық бағыт – коннотацияны мазмұн ретінде қарастырады. Ол үшін мәтіннен денотатты оқып, нәтижесінде мазмұн анықталады. Л.Ельмслев, Р.Барттың еңбектері осы бағытта жазылған.

2) Психоллингвистикалық бағыт – коннотацияны сөйлеудің ассоциативті және эмоционалды ұйымдасуы ұғымымен байланысты зерттейді. Коннотация сөйлеуді қабылдаудың ерекшелігімен байланысты қарастырылады.

3) Лингвистикалық бағыт. Бұл бірнеше тармаққа бөлінеді:

3.1) Стилистикалық тәсіл. Мұнда коннотация ретінде экспрессивті, стилистикалық, бағалау мәндегі сөздің қосымша мағынасы саналады. Лингвистикалық еңбектерде «эмоционалды бояу», «стильдік бояу», «экспрессивті-стильдік бояу» атауларымен кездеседі.

3.2) Прагматилистикалық бағыт. Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы сөйлесімнен коннотация анықталады.

3.3) Лексикологиялық бағытта сөздегі экспрессивті қосымша мәнің пайда болу жолдары мен түрлері зерттеледі.

3.4) Өлкетану мен мәдени бағытта коннотация реалиялардың ұлттық ерекшелігін көрсете отырып, мағынаның семантикалық бөлігі ретінде қарастырылады.

Д.А.Әлкебаева «стилистикалық коннотация бояу, стилистикалық мән деген мағынаны бере отырып, тілдік бірліктердің экспрессивті-эмоционалды, бағалаушы функционалдық қасиетін танытады» дейді. Стилистикалық коннотация кең мағынасында тілдік бірліктердің бояулы өрнектері болып табылады. Стилистикалық коннотацияның құрамына зерттеудің әр түрлі аспектілері кіреді: саяси, моральдық, эстетикалық, этнографиялық т.б. (Әлкебаева, 2007: 25 б.)

«Стилистикалық коннотацияның бойынан табылатын қасиеттерді көрсететін стилистикалық бояу, стилистикалық норма деген атаулардың қолданылуы заңды құбылыс. Егер коннотацияның жеке тілдік бірліктерде көрінуі, сөз жоқ, оның табиғатының күштілігіне, тереңдігіне байланысты болса, онда негізгі қызметі стилистикалық мәнермен және прагматикалық мақсатпен өз нәтижесін береді» (Әлкебаева, 2007: 28 б.).

Автор коннотацияның стилистикалық мағына деген екінші бір атауының бар екендігін айта отырып, оның лингвистикалық әдебиеттерде стилистикалық бояу терминімен синонимдес екендігін, ол жалпы стилистикалық коннотация деп те алына беретіндігін айтады (Әлкебаева, 2007).

А.О.Кәріпжанова диссертациялық жұмысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары бойынша фразеологиялық коннотациялардың прагматикалық, танымдық, стилистикалық болмысын зерттеген. Автор «фразеологиялық коннотация прагматикасы деп фразеологизмдердегі эмоционалды, экспрессивтік, бағалағыштық, стилистикалық, ассоциативті-бейнелі компоненттердің ықпал ету, әсер ету қасиетін» айтып мысалдармен дәлелдейді: «*Екі дүние – нұры ғылым, Амалдап ұстама-саң, жойылмағы* (Аталған фразеологиялық оралымнан эмотивтік сема мен бағалаушытық семаның тығыз байланысты екені байқалады. Мұндағы «нұр» лексемасында әрі эмоция, әрі бағалау мәні бар.); *Жатқанмен алтын жерде кір болмайды, Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды* (Фразеологизмнен астарлы ой байқалады. «Алтын» сөзінен жағымды бағалағыштық коннотация көрінеді және ол «Жай тасқа» жағымсыз бағалағыштық қарама-қарсы мәнде алынып, адамға қатыстырыла айтылғаны айқын.)). Коннотациядан туындайтын қосымша мағынаның бағалау, эмоционалды, экспрессивтік, ассоциативті-бейнелік мәнде болатыны туралы В.Н.Телияның еңбегінде айтылған болатын.

Кәріпжанова коннотацияның пайда болуына ұлттық-танымдық стереотиптер мен ассоциациялардың күшті негіз болатынын ғылыми еңбегінде жақсы сипаттаған. Фразеологизмдердің симфолдық коннотацияларын, оның ішінде түр-түс, сан коннотациясын мысалдармен дәйектеген (Кәріпжанова 2010: 14-15 б.).

Жалпы түр-түс коннотациясы фразеологиялық тіркестердің құрамында ғана емес, жеке тұрып та коннотациялық мәнге ие. Түстердің ішіндегі ең өнімдісі – ақ пен қара барлық ұлттың менталитетінде белгілі бір мәнді білдіреді. Ақ түс қазақ үшін барлық жақсылыққа телінеді. Мысалы, ақ пейіл, ананың ақ сүті, сүттей ақ, ақ өлім, ақ бата т.т.

Қара түс екі түрлі мәнде, бірі жаман – қараңғылықты, бақытсыздық пен қайғы жұтуды (кісі қайтыс болғанда – «қара жамылды»), қара ниет (адамның пиғылы туралы), қараю (білімі таяздану), қара жер («қара жер қойнына алды» деген тіркес болатын болса, жерге деген адамның көңілінің суықтығын, қимастығын» білдіреді), екіншісі жақсы мәнде - қара (мал басы), қарайған (адамның бар екендігін білдіреді), қара шаңырақ (қазіргі кезде көп жылдан бері құрылған оқу орындарын айтады, әкесі өлсе де, түтінін түтетіп отырған үйді қара шаңырақ деп атайды), қара (түс), 2. түнек (жарық жоқ); 3. ауыс. бақытсыздық, сәтсіздік, қайғылы; 4. ауыс. Жамандық, қара көңіл; 5. ауыс. күнделікті, жай; 6. лас. 7. сия (Кәріпжанова 2010: 25 б.).

Орыста қара түс – қара жамылуды, қара ниетті т.т. білдіреді. Коннотацияларда халықтың ұлттық санасы мен ойлауы көрініс табады. Бірақ кейбіреулер бірнеше тілдерге ортақ болып келеді.

Орыстар есектің коннотациясы – «қырсық» деп білсе, қазақ та адам бойындағы қырсық мінезді есекке теңейді. Түркі мен славян халқының өмір бойы ауыс-күйіс отыруынан болса керек.

Б.Қасым «туынды сөздердегі мағынаның айқын және жасырын болуы оның ішкі мағыналық құрылымынан анықталады» дейді (Б.Қасым, 2003: 82 б.). Заттың күрделі атауларының жасалуы жайдан-жай болмайтындығын ескерген ғалым, қара, көк, сары, қызыл т.б. сапалық сындардың күрделі аталымдардың қалыптасуына құрастырушы тірек сындардың қызметін атқарып, лексикалық бірліктердің жасалуына жәрдемін тигізгендігін дәлелдейді. Мысалы, көк сөзінің мән-мағынасының халықтың таным-түйсігіне сәйкес дамуын мына мысалдармен көрсетеді: «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» көк¹ сын. сөзіне мынадай анықтама берілген: 1. Ашық аспан тәрізді түс. Көк ала аспан түнерсе: Көк теңізге не жорық (О.Шипин). 2. Көк² зат. Түпсіз тұңғиық әлем, аспан. Жарып жалпақ ауаны, Көкте қалқып келем мен (С.Мәуленов). 3. Көк³ зат. Таспаның жуан, мықты, шыдамды түрі. Мұндай таспаны көк деп атайды (С.Қасиманов). Бірінші көк¹ сынның ішінде көк ет, көк бақа (жасық), көк долы, көк қасқа, көк өзек (қиын кезең), көк шешек (індет) т.б. біріншіден, сөз тіркесі ретінде алынған, екіншіден осы мысалдарда нақ сол жеке сындық мағынаны беріп тұр ма? деген сұрақ қояды. Сонымен қатар «Абай тілі сөздігінде» көк – жер бетіне шығатын жасыл шөп, әуе, аспан, түсті береді (Көк торғындай аспан – көк).

Ғалымның көк сөзінің бүгінгі тілдік қолданыста көкбөрі – тотем, көкнәр – наркотик, көкет – диафрагма, көкталақ – селезенка, көктамыр – вена, көктүйнек – іш ауруының аты т.б. терминдер медицина саласында, көкжиек – қоғамдық-саяси термин дәрежесінде қолданыс тапса, көкіл – синька тұрмыстық заттың атауы ретінде, көктемір робот, көкпаршы – сайысшы ұлттық спорт термині ретінде қолданылады. Бұндай жағдай сөздердің даму жолын көрсетеді (Б.Қасым, 2003: 120 б.).

Қаңғыбас сөзінің мағынасы көбінесе итпен байланысты айтылатын: бұралқы ит, қаңғыбас ит т.б. Жаңа қолданыста қаңғыбас – бомж, екінші – босқындар деген мағынаны білдіреді (Б.Қасым, 2003: 120 б.).

Түр-түс атауларының, соның ішінде жан-жануарлардың түр-түсі әрбір елдің өзіндік ұлттық санасы мен тұрмыс-тіршілігіне қарай сипатталады. Араб елдерінде түйенің мыңға жуық түрі мен түсіне қарай атауы болса, қазақта жылқы малының түсін білдіретін сансыз сөздер бар. Айталық, жирен, қасқа, ала, шұбар, шұбар ала, қаракөк, торы, күрең, құла, кері, боз, бурыл, шабдар, көкала, қарала, теңбіл, сары, сұр, сұр ала, қоңыр ала, күрең ала, т.б. бұл туралы түрлі ғылыми зерттеу жұмыстары да жазылған.

Сандық символдар барлық елде кездеседі. Қазақта киелі, қасиетті деп санайтын сандық символдар – бір, үш, жеті, тоғыз, қырық т.б. Бір Алла деп жаратушысын теңеген, үш жұрт, жеті ата, «Ағасы аға болғанның қолы тоғыз болар», қызды қырық үйден тыю, қырқынан шығарудың қосалқы мәндері бар. Орыстар алты санын шайтанның санына балайды.

Фразеологизмдерде, атап айтар болсақ, метафоралық тіркестерде, теңеулер мен эпитеттерде коннотация бәрінде болмаса да, бірінде міндетті түрде кездеседі. Сол себепті коннотациялардың жасалу жолына қарай метафоралық коннотациялар, эпитеттік коннотациялар, теңеу коннотациялар деп жіктеу орынды.

Қазіргі уақытта коннотациялардың қолданылу орны мен мағыналық түрлері бірнеше түрде кездеседі:

1. Хронологиялық. Тілдік қолданыстан шығып қалған (архаизмдер) немесе қолданыстан шығу алдында тұрған, бұрынғы заманға тән сипатты білдіре алатын сөздер. Оларды стилистикалық тұрғыдан сол дәуірдің тарихын әсірелеу үшін қолданады. Мысалы, «Мың бір түн» тіркесі қолданыста түрлі эмоциялардың шексіздігін білдіреді.

2. Функционалдық. Адамдардың қызметі мен еңбегіне қатысты кәсіби, ғылыми сөздер (канцеляризм): оқымысты, аяғынан тұрғызу, тұлға т.б.

3. Жас ерекшелік коннотациялары. Жастардың тіліндегі сленгтер мен баланың тіліне қатысты сөздер құрайды. Мысалы, «базар жоқ» (сөз жоқ, тамаша, керемет т.б. мәнде), «құлақтан тепті» немесе «құлаққа лапша ілу» (өтірік айту), «қораға кірді» (басы бәлеге қалу, проблемаға кезігу), «лақтырып кетті» (сөзінде тұрмау), «сындырды» (екі түрлі мәнде, біріншісі – өзін біреуге ұната алу, екіншісі – бір істе басым түсіп, сол адамды үгіттеу арқылы дегеніне жету), «қоянның суретін салып кетті» (қашып кету) т.б.

4. Экспрессивті. Бұны бағалау коннотациялары деп те атайды. Бұған жататын сөздер адамның бүкіл эмоциясынан шығатын құрметтеу, мақтау, кемсіту, қорлау, балағат сөз т.б. лексемалар. Мысалы, түлкі, қоян, қасқыр, қыран, ақсаусақ, бәдік (сөзуар адам), кірпияз т.б.

5. Ұлттық коннотация. Мұны этноконнотация деп те атайды. Елдің мәдениеті мен тарихына тікелей байланысты сөздер. Мысалы, «Ат құйрығын кесу» (адамдардың бір-бірімен араласпай кетуі). Белгілі бір ұлтқа қатысты басқа бір ұлттың қойған лақап аты: қазақтардың қырғыздарды «айыр қалпақтылар», өзбектерді «ала шапандылар», қытайды «қысық көздер» (жағымсыз мәнде) немесе «аспан асты елі» (жағымды мәнде), ұйғырды «сарт» деп атауы ұлттық-мәдени коннотацияны байқатады.

6. Идеологиялық коннотациялар. Әдетте саяси метафоралардан көрінеді: биліктің құлы, саяси ойын, өткір билік, өткір саясат т.б.

7. Мәдени коннотациялар. Мәдени коннотация терминін 90 жылдардың басында В.Н.Телия ұсынған болатын.

Коннотацияны плеоназм, тавтологиямен шатастыруға болмайды. Тавтология – мәтінде басы артық сөзді қайталап жазу. Әдетте тавтологияны $x = y$ теңестіру арқылы ажыратады. Ал коннотация сөздің астарында қосымша мағына береді. Мысалы, көп ұлттарда қу, айлакер адамдарды түлкіге теңеген болса, зұлым, зымиян адамдарды «жылан», «су жылан» дейді.

Плеоназм – (грек тілінен аударғанда *pleonasmos* – «артық») мағынасы жақын сөздердің тіркесін білдіретін стилистикалық термин. Мысалы: ежелгі – ескі, қара – күйе т.б. қазақ тілінде самал жел (екі сөздің әрқайсысы мәндес мағыналы сөздерді білдіреді), ежелгі ескі досы (ежелгі және ескі синонимдер).

Лингвомәдени коннотациялар белгілі бір ұлттың өзіндік тұрмысы мен мәдениетіне, шаруашылығына тығыз байланысты болып келеді. Әдетте мұндай коннотациялар екі тілді салыстыра зерттеуде анық байқалады. Орыс паремиясында көбіне орман, дала, теңіз, көл кеңінен қолданылса, қазақ тілінде дала, тау, өзен, бұлақ кездеседі. Орыс тілінде «Лес рубят – щепки летят». Қазақ тілінде – «Ұшарын жел біледі, қонарын сай біледі» – тұрақсыздықты білдіреді. Негізі бұл – жұмбақ. Шешуі – қанбақ. Ауызекі тілде тұрақты тіркеске айналып, «тұрақсыздық» мәніне ие болған.

Аударма теориясының да өзекті мәселелерінің бірі болып саналатын коннотациялардың аударуға келмейтін, баламасы жоқ түрлері кездеседі. Бұның мынандай мағыналары ажыратылады:

А) белгілі бір этникалық қоғамға тән денотатпен байланысты тұрақты мағыналар: орыс тілінде: вол – безропотное трудолюбие, неміс тілінде өгіз – ақымақ ұғымын білдіреді. Мотылек – непостоянство т.б. қазақ тілінде де көбелекті тұрақсыздық, жеңілтектік мәнінде жұмсалады. Түлкі – көптеген тілдерде қулық пен арамдықтың символы ретінде фольклорда қолданылады.

ә) денотатпен байланысты символикалық мағына: снег – высшая степень белизны; қазақшасында да ақ түстің биік шыңы.

Б) белгілі бір тарихи дәуірлерге байланысты мағыналар. «Новые русские» немесе «жаңа қазақтар».

Егер коннотациялардың баламасы табылмайтын жағдайда аудармашы сол тілдегі стильдік бояуы бар басқа образдармен ауыстыруына тура келеді немесе құрылымын қайта жасау тәсіліне сүйенеді. Мысалы, орыс тіліндегі «*За двумя зайцами погонишься, ни одного не поймаешь*», - қазақ тіліндегі «*Екі кемеңіз басын ұстаған суга кетеді*», «*После боя кулаками не машут*» - «*Ақсақ қой түстен кейін маңырайды*», «*Глаза боятся, руки делают*» - «*Көз қорқақ, қол батыр*» тіркестерімен алмастырылады. Ауыстыру тәсілі екі тілдің метафоралары сәйкес келмеген жағдайда қолданылады.

Коннотацияның тіл білімінде қалыптасқан бірнеше синонимдес атауы бар. Ауыспалы мағынадағы сөздердің бәрін коннотация ретінде қарауға болады. Өйткені ауыспалы мағынада міндетті түрде эмоционалды-бағалау реңкі болады.

Тіл білімінде коннотация түрлі бағыттары бойынша әр қалай талданады. Зерттеушілер оның стилистикалық, эмоционалдық, мәдени, прагматикалық, ассоциативтік қырларын көрсетіп берді. Бұл коннотацияның біржақты ғана зерттелетін термин еместігінің дәлелі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Говердовский В. И. История понятия коннотации // Науч. докл. высш. шк. Филол. науки. – 1979. – № 2. – С. 83-86.

2. Кәріпжанова А.О. Фразеологиялық коннотацияның прагмалингвистикасы (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары бойынша). 10.02.02. филол. ғылымд. ганд. дисс. автореф. Алматы, 2010. – 32 б.

3. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.

4. Штейнгарт Л.М. Коннотация как показатель национальных особенностей картины мира(на материале пословиц и поговорок российских немцев) электронный ресурс: [laibrary.krasu. ru > ft\\ft – articles \ 0103752.pdf](http://laibrary.krasu.ru/ft/ft-articles/0103752.pdf).
5. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. М.: «Наука», 1986. – 142 С.
6. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 244 бет.
7. Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме. Оқу құралы. Алматы, 2003, – 167 б.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ БІРЛІКТЕРДІ ЖАҢАША ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ф.ғ.м., аға оқытушы **Г.Ж.СҮЛЕЙМЕНОВА***

Ф.ғ.м., оқытушы **А.ӘМІРЖАЕВА****

Түйіндеме

Тәуелсіз мемлекетіміздің рухани-әлеуметтік мүддесі, мемлекеттік тілдің қоғамдық, саяси және мәдени-аралық коммуникациядағы қызметінің жаңа деңгейі тілді тұтынушылардың ұлт болмысының өзегін құрайтын тілді меңгерту, мазмұнын тереңдету, соған сәйкес ғылыми-әдіснамалық тұғырын да инновациялық технологиямен жетілдіруді қажет етеді.

Осымен байланысты бүгінгі таңдағы өркениетті елдерді этнос ретінде түбегейлі танытатын – оның тілінде қалыптасқан деректерін *тіл мен мәдениет, тіл мен ұлт* сабақтастығында кешенді қарастыратын лингвоелтанымдық зерттеулер.

Осы орайда тілдік мұра арқылы ұлтты, ел мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін барынша толық танытудың негізгі бір тетігі – ұлттық әлемнің тілдік үлгісін жасау, ұлттық мәдениеттің кілтін ашу. Оның мәні тілдің тек коммуникативтік қана емес, мұрагерлік те, танымдық та, танытушылық та қызметімен байланысты.

Тірек сөздер: *тілдік мұра, инновациялық технология, лингвоелтанымдық атаулар, мәдениет-аралық коммуникация*

PROBLEMS OF NEW TEACHING OF LINGO-REGIONAL UNITS WITHIN THE FRAMEWORK OF SPIRITUAL REVIVAL

Abstract

The spiritual and social interests of the independent state, the new level of state language, political and cultural and intercultural communication requires the development of the language, the content of which is the basis of the national identity of the consumers, and their corresponding scientific and methodological approach and innovative technology.

In this regard, *Lingua Americana* research, which represents the modern civilization as ethnos - a complex of language and culture, linguistic and ethnic harmony.

In this context, one of the main mechanisms of the national heritage, full of national culture and life, is the creation of a national language model, the key to national culture.

Its meaning is not only communicative but also inherent, informative, and manifest.

Keywords: *linguistic heritage, innovative technology, linguistic-oriented names, intercultural communication*

КІРІСПЕ

XX ғасырдың 80 жылдарына дейін қазақ тілі құрылымдық лингвистика аясында зерттеліп, негізгі зерттеу әдіс-тәсілдерін жетік қалыптастыра бастады. Қазақ тілінің сөздік құрамы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тұрғысынан қатар зерттеліп, тіл құрылымындағы өзіне тән жеке ерекшеліктер толықтай ашылды. Әсіресе тілдің кейбір ескірген, көнерген, ұмытыла бастаған мағыналары жаңартылып, сөздік қордың маңызы арта түсті. Дегенмен, тілді өз ішінде, «құрылымы мен мағынасы аясында ғана қарастыру» деген басты қағида арғы-бергі тарихы бар көне қазақ тілінің түпкі мағынасын, мәнін ашуға, тілдің осыншама көркем, нәрлі құпиясын тануға мүмкіндік туғызбайды. Әлемдік тіл білімінде қалыптасқан жаңа антропоэлекті бағыттың дүниеге келуі, тілдің бірқатар зерттелмей жатқан мәселелерін айқындауға септігін тигізді. Әсіресе көркем ойға құрылған, бейнелі, астарлы мағыналары басым, метафоралық, коннотаттық мәні жоғары қазақ тілінің осы ерекшеліктері қазақ халқының ойлау дәрежесімен, өмір сүру салтымен, ұлттық аялық білімімен, ғұрыптық тұрмыс-тіршілігімен тікелей қатысты зерттеле отырып, түпкі мәні, маңызы ашылмай жүрген тіл бірліктерінің уәжі жаңаша қолданыста анықтала бастады. Тілдің адам танымына, ұлттық мәдени болмысына, адамның қабылдау, ойлау деңгейіне қатыстылығын, тілдің адамның ұшқыр

* Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, gul_bekon2002@mail.ru

** amirzhaeva_akai@mail.ru

қиялын, білімін, мінез-құлқын, өмір сүру болмысын, тіпті әлуеметтік деңгейін таныта алатын қасиеттері мен ұлттанушылық, елтанушылық қызметтері ғылыми негізде дәлелденбесе де қазақтың тілші зиялылары А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев еңбектерінде жан-жақты көрініс тапқан.

Тілдің бұл жаңа қызметтері мен қасиеттері тіл білімінің антропоэкеті бағыттары: лингвомәдениеттану, лингвоелтану, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, ділдік лингвистика т.б. салаларына жіктеліп, жеке пән ретінде қалыптаса бастады.

Қазақ тіл біліміндегі жаңа салалардың теориялық негізін қалап, ана тіліміздің ашылмай жатқан тілдік құндылықтарын жаңғыртып, жаңаша ғылыми негізде талдаулар мен зерттеулер жүргізген ғалымдарымыз Н.Уали, К.Құсайын, Ж.Манкеева, С.Сәтенов, Э.Д.Сүлейменова, Н.Шаймерденова, Ш.Жарқынбекова, Қ.Жаманбаева, Г.Смағұлова, Р.Авакова, З.Ахметжанова, Қ.Рысберген, Қ.Есенова, А.Ислам, Г.Сағидолла, Б.Тілеубердиев, Н.Оразалиева, К.Садирова және т.б.

Жер бетіндегі түрлі ұлттар мен ұлыстардың, этностардың әлем бейнесін тануының, салт-санасының, дүниетанымының көрсеткіші болып табылатын лингвоелтанымдық атауларды семантикалық, тақырыптық, және семиотикалық тұрғыдан зерттеу қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Тіл қазынасындағы халық тұрмысынан хабар беретін, шаруашылық әрекеттерін танытатын алуан түрлі тұрмыстық атаулар мен тіркестер, олардың тілдік заңдылықтары, құрылымдық ерекшеліктері әлем тілдерінің көпшілігінде зерттеліп келе жатқаны белгілі. Себебі олардың шығу төркіні, көнеленуі, мағыналық құрылымы, тұлғасы жағынан өзіндік ерекшеліктері бар. Сан мың жылдық тарихы бар қазақ халқының өмірінен мол мәлімет беретін, осы халықтың тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты сөздер лексиканың үлкен бір саласын құрайды. Лингвистикада бұл ұғым екі түрлі мағынада қолданылады:

а) адамдардың күнделікті тұрмыста қолданған заттары мен бұйымдарының атауы;

ә) күнделікті тұрмыста, қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі сөйлеу тілінің аясындағы сөздер.

Қазақ тіл білімінде тұрмыстық атауларға қатысты бұған дейін де этнографиялық, тарихи, этнолингвистикалық, лексика-семантикалық, этимологиялық тұрғысынан қарастырылып келгені белгілі. Өйтсе де тұрмыстық атаулар лингвоелтанымдық тұрғысынан арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Өйткені сөздің қызметі мен мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалып ерекшеліктерін айқындаумен маңызды. Мәтін құрамындағы сөздің қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады. Бұл орайда халықтың (ұлттың) өмір салтындағы барлық қасиеттерінің ішінен тек мәдени ерекшеліктерін тұрмыстық атаулардың лингвоелтанымдық аспектісін зерттеудің маңызы зор.

Қазақ тілі-қазақ халқының тілі, оның рухани баға жетпес байлығы. Бүгінгі таңда дүние жүзіндегі тілдердің саны 5651 болса, соның бірі қазақ тілі сөйлеушісінің саны жағынан алғашқы жүздің 70-орнын алып отыр[1].

Тәуелсіз мемлекетіміздің рухани-әлеуметтік мүддесі, мемлекеттік тілдің қоғамдық, саяси және мәдени-аралық коммуникациядағы қызметінің жаңа деңгейі тілді тұтынушылардың ұлт болмысының өзегін құрайтын тілді меңгерту, мазмұнын тереңдету, соған сәйкес ғылыми-әдіснамалық тұғырын да инновациялық технологиямен жетілдіруді қажет етеді.

Осымен байланысты бүгінгі таңдағы өркениетті елдерді этнос ретінде түбегейлі танытатын – оның тілінде қалыптасқан деректерін *тіл мен мәдениет, тіл мен ұлт* сабақтастығында кешенді қарастыратын лингвоелтанымдық зерттеулер.

11. Yeleukenov Sh.R. *From folklore to novel-epic (Ideological-aesthetic and genre originality of the Kazakh novel)*: Monograph. - Alma-Ata. Zhazushy, 1987. - 352 p.
12. Badikov V. "At first it was, it was and then". *Notes on the work of Nadezhda Chernova* // Badikov V. On the Hamburg account. Creation. A life. Voices of friends. Almaty. 2007. P. 162.
13. Saveleva V.V. *Our modern novel as a genre mix and non-commercial project* // <http://sozvucyie.by/>
14. *The world through the eyes of Dyusenbek Nakipov* // <http://mysl.kazgazeta.kz/>
15. Shainova G.B. *Genre of the novel-myth in the works of R. Seisenbayev: textbook* / G.B. Shainova. - Almaty: Kazgoszhenpu, 2017 -160 p.
16. Gachev G. *Journey to the Kazakh cosmos*. - Semey: International Club of Abai, 2002. - 217 p.

ТҮРЛІ МЕДИЯДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЗАМАНҒА САЙ САҚТАУ ЖОЛДАРЫ

филол.ғ.к., проф. **Р.Р.БАРҚЫБАЕВА***
филол. ғ.к., проф. **А.С.СКАФИ**

Түйіндеме

Білім беру саласындағы жаңаша үрдістер ақпаратпен жұмыс істеудің жаңа тәсілдері талап етеді. Егер бұрын білім алушылармен ұстаздарға білімнің негізгі көзі ретінде кітапхана мен әдістеме кабинеті жеткілікті болса, қазіргі заман әр-түрлі медиалық дидактикалық құжаттарды сақтау, өңдеу және көрсету жүйесін қажет етеді. Біздің ойымызша осындай жүйе ретінде мұражайдың негізінде жасақталған, бірігей контентімен жабдықталған, тұтұнушаға энциклопедиялық нақты және дәл ақпарат бере алтын виртуалды медиатека бола алады.

Зерттеудің өзектілігі: Бүгінгі жастардың мәдениеті ғаламтор арқылы қалыптасып жатқанда жаһандандыру кезінің өзекті мәселесі бірінші қатардағы болашақ интеллектуалды элита болатын жастарымызды жоғалтып алмау, оларға өз елінің мәдениеті туралы оларға жақын тілмен және оларға түсінікті түрде нақты ақпарат беру.

Қазіргі жастардың ақпарат алудың негізгі құралдары болып саналатын википедия және түрлі ғаламтор ресурстарында Қазақстанның мәдениеті, аумақтары мен ұлы мәдениет қайраткерлері туралы өзекті ақпарат жоқтың қасы. Ал ғаламторда кездесетін ақпарат дұрыс жинақталмаған, бір-біріне қайшы келетін немесе тіпті Қазақстанда болып жатқан ақиқаттан алыс шетелдік зерттеушілердің туындысы болуы мүмкін ақпарат.

Кілттік сөздер: *мультимедиялық ресурстар, виртуалды медиатека, виртуалды мұражай, мұражайлық педагогика, интеллектуалды элита.*

WAYS OF PRESERVING VARIOUS MEDIA DIDACTIC MATERIALS IN THE MODERN EDUCATIONAL PROCESS

Abstract

New approaches in education require new methods in working with information. If earlier the library and the teaching room were sufficient for the needs of the students and teachers, today there is a need to talk about the modern system of storing, processing and broadcasting of various media didactic material. Such a system to date, in our opinion, can be a virtual media library equipped with unique content created on the basis of such an authoritative institution as a museum that could set a bar of quality, providing the user with only encyclopaedically accurate information.

Today, during the formation of a global youth Internet culture, the problem becomes urgent not to lose the representatives of youth - the future intellectual elite of the nation, to form an undistorted view of the culture of their native country and to do it in a form they understand and in a language they understand. The main sources of information of modern youth (Wikipedia, various kinds of Internet resources) practically do not contain actual information about Kazakhstan culture, local lore, and outstanding representatives of the Kazakh cultural world. Rare materials on the Internet are of an unorganized nature and often contradict each other (or are the result of the work of foreign researchers who are far from Kazakhstan reality).

Keywords: *multimedia resources, virtual media library, virtual museum, museum pedagogy, intellectual elite.*

Біздің зерттеуіміздің тақырыбы жоғарғы мектебінде білім беру саласындағы жаңа технологияларды қолданумен тікелей байланысты. Бүгінгі таңда осы мәселеге байланысты көптеген жұмыстар бар. Білімнің тез ескіруі білім беру мекемелерінен қазіргі қоғамдағы құбылыстарға сай болатын мамандарды дайындауды талап етеді.

Сондықтан осы мақсатты іске асыруда жаңа ақпараттық технологиялардың ролі аса маңызды. Алғаш рет осы саладағы білім беру реформасы әлемнің алдыңғы қатардағы: АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Алмания, Франция - сияқты елдерде қолданылды. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданылуы оқушылардың әлеуметтік жағдайы мен тұратын жеріне қарамастан білім алудың ұтымдылығы

* Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, kainigulasia@mail.ru

мен қол жетімділігінің арттыруына, өз бетімен жұмыс істеуіне және оқушылардың белсенділігі әкелді.

Осындай білім беру саласымен қоса қоғамдағы да күрт өзгерістер басқа әлемдегі елдердің қызығушылық тудырмауы мүмкін емес еді.

Жаһандандыру, қоғамдағы приоритеттер мен әлеуметтік құндылықтардың ауысуы, ғылыми-техникалық прогресс қазіргі заманға сай бола алатын білім берудің стратегиясы мен тактикасын күрт өзгерілуін талап етті.

Білім берудегі жаңа үрдістер ақпаратпен жұмыс істеуде жаңа әдістерін қажет қылды. Заманау технологиялар оқу процесін жаңа контентпен толықтырды — видео, аудиожазылымдармен, мультимедиялық курстармен. Бұрынғы дидактикалық материалдарда өзгерілді — қол жетімді оқу құралдары көбейді. Бірақ бұл материалдардың жүйеленбеген түрде сақталуы олардың оқушылар үшін жарамсыз, ал оқытушылар үшін қолайсыз қылады. Бүгінгі таңда түрлі медиялық дидактикалық материалдадың заманға сай сақтау, өңдеу және трансляция жасау жүйесі туралы сөз қозғауға уақыт келді. Осындай жүйе ретінде бүгінгі таңда мұражай негізінде жасалған бірігей контентпен жабдықталған виртуалды медиатека бола алады. Біздің ойымызша, мұражайдың білім беру қызметі оның ең маңызды қызметтерінің бірі. Мұражай педагогикасының объекті болып мұражай ортасындағы мәдениеттік құндылықтарымен танысу сәтінде тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін мұражайлық коммуникациясының мәдени-білім беру аспектілері деп санаймыз. Мұражайды педагогикалық жүйе ретінде қарастыра отырып, біз "мұражайлық педагогика" ұғымына тоқталдық. Бұл ұғым алғашқы рет ХІХ ғ. аяқжағында Германияда (Э. А. Росмелер, А. Лихтварк, А. Рейхвейн) қалыптасты. Е. Б. Медведева, Германия мен Ресейде мұражайлық педагогиканың қалыптасуын өарастыра отырып, бұрын ол оқушылармен мұражайлық жұмыс істеу бағыты ретінде қарастырылған. Гамбург қаласының көркем мұражайы мұражайлық педагогиканың бесігі болып саналады, ал оның әкесі болып мұражай директор, бірінші мамандығы бойынша мектеп оқытушысы болған А. Лихтварк (1852-1914 жж.). Алғашқы рет «мұражайлық диалогтар» ұғымын енгізіп, Лихтварк мақсаты өнер туындыларын суретшінің ойын түсіну арқылы шығармашылықпен қабылдауды дамытатын ғылыми бағыт ретінде мұражайлық-педагогикалық әдістемесінің негізінқалаушы болды.

XX ғ. 60 жылдары қоғамда мұражайлар рөлі күшейе бастаумен («музейный бум») мұражайлық педагогика зерттеулермен білімнің ерекше саласы ретінде қалыптаса бастады. КСРО-да "мұражайлық педагогика" термині XX ғ. 70 жылдары қолдана бастады.

Мұражайлық педагогика анықтамасы 1989 ж. Мәдениеттану ФЗИ ресейлік ғалым М. Ю. Юхневич мұражайтану, педагогика және педагогикалық психология ғылымдарының қиылысында орналасқан, мұражайлардың білім беру қызметін зерттейтін ғылыми пән ретінде берді.

Мұражайлық педагогиканың дамуына М. М. Бахтин, В. С. Библердің мәдениеттер диалогі теориясы әсер етті.

Е. Г. Ванслова мұражайлық педагогика адамды тәрбиелеуде бағаламбас көмек беріп, мұражайлардың қоғамға қызмет ететінін идеологиясын дәлелдейді. Еуропа зерттеулерінде мұражайды мектептен тыс білім беру және адамды ғұмұр бойы тәрбие беретін құралы ретінде қарастырылады.

Ең сапалы мұражайдың қызметіндегі өзгерістер 1960-70 жж. («музейный бум») болды. Қазіргі заманда егерде адам жан дүниесін ескермесек экономикалық және әлеуметтік мақсат мәнсіз деуге болады. Бұл шындық білімдік парадигмадан туындайды, нақтылай айтқанда қоғамдық білімге деген талпыныс болып табылады. Тура және айқын, гуманизациялық жолдағы білім-жастарды тәрбиелеуге бағытталған білім салалары мен музей серіктестіктерінен тұрады. Яғни бұл жобаның мәні ұлттық және халықаралық масштабтағы болашаққа деген талпыныс деп түсіне отырып, болашағымыз-жастардың қолында дей аламыз. Ал ұлттық салт-дәстүрлерімізді құрметтеп, тарихымызды ұмытпаған жастар ғана еліміздің болашағы атана алады.

Музейдің интеграциясын айтар болсақ, әрине біз бірегей емеспіз. Сөзсіз, тенденцияның даму мұражайының мультимедиясы бар. ХХІ ғасыр бұл-мультимедиялық технологиялардың және көптеген көрмелердің, мәдениеттік жобалардың кең тараған уақыты. Виртуалдық музейдің мультимедия базасының арқасында әр мұражайдың өз саласы, өз тарихы қарастырылады. Google мәдениет академиясы - бұл үлкен оқытушылық онлайн жоба, жүздеген мұражайлардың бірлескен жобасы, мәдениет институттары.

Ал виртуалдық Art Project әлемінен Google мәдениет академиясын 40000 нөмірленген жұмыстарының көшірмелері, 6000 суретші-фотографтардың және мүсіншілердің бірлескен жұмысы. Бұл жұмыстары 40 мемлекеттің 250 мәдени институттарында орналасқан.

Материалды спекторлар өзіне жайлы суреттерді, сызбаларды, акварельдерді, ескерткіштерді - бұлардың бәрін жоғары гига-пикселді камераның сапалық дәрежесінде түсірген, яғни бұның бәрі бізге көзге көрінбейтін кішкентай нәрселерді үлкейту бойынша көруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда да осындай жұмыстар атқарылады. Осындай этномемориалды Қазақстан картасын «Атамекенді» ғаламтордан кез келген адам көре алады. Билет құны - 400тг. Оны онлайн-кассадан сатып алуға болады.

Өскемен қаласында Қазақстандағы ең бірінші виртуалды музей бар. Оған тұрғындар әр уақытта әлемдегі ең белгілі галереяларын көруге мүмкіндігі бар. Ол Орыс мемлекеттік мұражайының көмегімен құрылған. Петербор мамандары құралдар мен программалық жабдықтарды орнатуға ат салысқан. Енді компьютер көмегімен виртуалды 38 залға серуен жасауға мүмкіндік туды.

Бұл жердей "Гибель Помпеи", "9 вал", «Явление Христа народу» акты әлемге әйгілі суреттерді тамашалауға болады. Сонымен қатар «Ғылым ордасы» РММ көмегімен «Виртуалды интерактивтік 3D-ғылым мұражайы» ашылуда.

Бұл жобаны іске асыру үшін мекеме жанында арнайы лаборатория құрылды, яғни бұнда мұражай экспонаттарын визуализациялау және үш өлшемдік моделдеу технологиялары зерттеледі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті мұражайы және «3Дримтим-VIZERRA» атты ресей компаниясы серіктестік жайлы меморандумға қол қойды.

Бүгінде дүниежүзілік нарықта мультимедиялық өнімдерді өңдеу қоғамның білімдік және тәрбиелік ресурсы ретінде қолданылады. Бірақ Қазақстанда бұндай өнімдерді жасау жеткілікті дамымаған. Бұл зерттеудің қолданыстағы аналогтардан түбегейлі ерекшеліктері мынада:

- біріншіден, білім беру саласына үлес қоса алатын, болашақта медиатеканың негізі болатын еліміздегі аймақтық мұражайлардағы материалдар бірегей;

- екіншіден, біз қазіргі заманға сай, жастарға тартымды мұражайдың жаңа, альтернативтік нұсқасын ұсынудамыз;

- үшіншіден, жасалынатын медиатеканың мазмұны жастардың бойындағы құндылық бағыттарын қалыптастыруға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімді оятуға, тарихқа деген қызығушылықты қалыптастыруға, Отаны туралы білімдерін байытуға арналған.

Әлеуметтік сұраныс және (немесе) жобаны жүзеге асырудағы экономикалық және индустриалды қызығушылық пен оның нәтижесін алу жолдары:

- мультимедиялық әдістемелік құралдарын жүйелік түрде дайындау білім беру саласында сандық мультимедиа-индустриясын одан әрі жетілдіруге ат салысады;

- оқу сабақтарын дайындау ісіне жұмыстың инновациялық түрлерін заман талабына сай оқыту мақсатымен белсенді қолданып жүрген оқытушыларға қосымша мүмкіндіктер пайда болады;

- жасалған электронды өнімге қашықтықтан, соның ішінде ауыл мектептері, қол жеткізуді қамтамасыз ету;

- білім беруге мұражайларды еңгізу мәселесі бойынша мамандардың және қызығушылық танытқан тұлғалардың желілік қаумдастығын ұйымдастыру;

- елдің аумақтарында мәдени туризмді дамыту үшін туристік қалыптастыру;

- арнайы ғаламтор сайтында барлығына қол жетімді білім базасын үнемі толықтырып жаңарту үшін белгілі бір инфрақұрылымды қалыптастыру.

Ғылым мен технологияның дамуына алынған нәтижелердің әсері және күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсері:

- заманға сай интерактивтік технологияларды оқу ісіне белсенді еңгізу ҚР білім беру саласын жетілдіруге себеп;

- 2012 ж. ҚР-да жүріп жатырған бірінші электронды оқытудың оқу-әдістемелік кешендерді толықтыру.

Әдетте біздің елде қоғамдық ақпаратқа кітапхана, архивтермен бірге мұражайларда қол жеткізе алатын. Қазақстанда көптеген түрлі (тарихи, көркем,мамандандырылған және мемориалдық) мұражайлар бар. Мұражайда сақталған ақпаратқа ақпараттық-коммуникативтік технологиялар еңгізу арқылы қолжеткізуді дамытуға болады. Әрине ақпарат алудың форматы бұл жағдайда өзгертіледі, сонымен қатар бұл жаңаша бағытта қарастырылуы тиіс.

Мұражайлар ақпарат шығармашылық идеяларға қолжеткізу мүмкіндігі бар. Олар білім, мәдениет және идеяларға жол ашады, интеллектуалдық еркіндікті іске асыруға жағдай жасайды және негізгі демократиялық құндылықтармен азаматтық құқықтарды сақтауға ат салысады.

Ақпараттық саясатқа жүгінсек, мұражайлардың негізгі мақсаты келесі:

- Қоғамдық ақпараттың барлық түрлеріне азаматтардың еркін алуын қамтамасыз ету.

- Басқа әріптестермен қарым-қатынас орнату.
- Жергіліктік, аумақтық, ұлттық және халықаралық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету.
- Мәдени мұра және өнер, ғылым жетістіктеріне қызығушылық тудыруға мүмкіндік жасау.
- Мәдениетаралық диалогті дамыту және мәдениеттің түрлі болғанын демеу.
- Рухани дамуға әсер ететін, мәдениеттік және әлеуметтік сана-сезім тәрбиелейтін шаралар ұйымдастыру.
- Электронды (виртуалды) мұражайлардың дамуы.

Соңымен, зерттеудің өзектілігі: Бүгінгі жастардың мәдениеті ғаламтор арқылы қалыптасып жатқанда жаһандандыру кезінің өзекті мәселесі бірінші қатардағы болашақ интеллектуалды элита болатын жастарымызды жоғалтып алмау, оларға өз елінің мәдениеті туралы оларға жақын тілмен және оларға түсінікті түрде нақты ақпарат беру.

Қазіргі жастардың ақпарат алуының негізгі құралдары болып саналатын википедия және түрлі ғаламтор ресурстарында Қазақстанның мәдениеті, аумақтары мен ұлы мәдениет қайраткерлері туралы өзекті ақпарат жоқтың қасы. Ал ғаламторда кездесетін ақпарат дұрыс жинақталмаған, бір-біріне қайшы келетін немесе тіпті Қазақстанда болып жатқан ақиқаттан алыс шетелдік зерттеушілердің туындысы болуы мүмкін ақпарат.

Пайдаланылатын методология: дидактикалық әдіс, жүйелік және ақпараттық бағыт, анализ және синтез, индукция және дедукция әдістері.

Күтілетін нәтижелер: Қазақстан жерінде тұратын елдердің мәдени мұрасына виртуалды түрде қол жеткізу мақсатымен мультимедиа бағдарламалары мен видеофильмдердің біріктірілген базасы ретінде ҚР 9 аумақтық мұражайлар негізінде медиатека жасақтау.

Күтілетін нәтижелердің қолданылуы: Жобаның нәтижелерін оқу сабақтары мен тәрбие шараларын дайындап өткізуде және республикамыздың аумақтарында мәдени туризмді дамыту мақсатында қолдануға болады.

Күтілетін нәтижелердің потенциалды тұтынушылары: Қазақстанның оқу орындары (мектептер, колледждер, жоғарғы оқу орындары).

Жоба мақсаты мен міндеттері:

Жоба мақсаты: мұражайларды оқу кеңістігіне еңгізу және оқу ісін жаңа контентпен қамтамасыздандыру.

Жобаның міндеттері:

- аумақтық мұражайлар негізінде виртуалды мұражайлар мен оқу видеофильмдерден жасақталған медиатека құру;
- арнайы әлеуметтік желілердей сияқты жастар арасында мәдениеттік-ағартушылық және оқу-тәрбиелік жұмысын жүргізу үшін оқытушылар мен мәдениет жұмысшылардың кәсіби желілік қаумдастығын құру;
- виртуалды медиатеканы қолданып белгілі пәндерді қашықтықтан оқытудың қолайлы әдістемесін жасақтау;
- сайт (скайп) арқылы Жобаға еңген мәдениет мекемелерінің өкілдерімен онлайн- консултациялар өткізу үшін программалық қосымша жасақтау;
- «Кәсіби шеберлік медиатекасы» атты әдістемелік құралды дайындау;
- мәдениет және білім беру мәселелері бойынша тәжірибе айналысу мақсатымен халықаралық конференция өткізу.

Жобаның практикалық маңыздылығы:

Жобаны жасауға себеп болған жастардың өміріндегі медианың рөлімен байланысты. Қазіргі таңда жастар өз қарым-қатынастарын әлеммен түрлі идеалдармен құндылықтарды ұсынып отырған медиа арқылы жасайды. Бірақ ғаламторда объективті ақпаратпен қатар, бірнеше рет өңделген ақпараттың болуы жастардың бойында жалған құндылықтарды қалыптастыру қауіпі бар. Осы жағдайда бұл мәселені ен тиімді шешуге мұражайдың мүмкүндігі бар. Өйткені оның әлеуметтік-мәдени қызметі бірінші қолдан шығатын, нағыз объективті, бастапқыдан тарихи және мәдени ақпаратқа негізделеді, басқаша айтқанда мәдени эталондарға сүйенеді. Сонымен қатар мұражай мәдениеттің нышаны ретінде жас өспірімдерді тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады: оны өткен дәуірдің мәдениетіне қайтарып, болашақтың құндылықтарымен байланыстыра отырып оны сұхбатқа жасауға шақырады. Осы Жобаның шеңберінде жасалатын виртуалды медиатека жаңа әлеуметтік-мәдени болмыста қалыптасқан жастардың талаптарына, ақпарат алу тәсілдеріне сай келеді деп ойлаймыз.

Жобаның ғылыми жаңалығы бірігей контенті бар виртуалдық медиатекамен, осының негізінде жасалған ғылыми-әдістемелік өнімді құру мақсатымен. Қазақстанның аумақтық мұражайларының ресурстік потенциалын қолдануда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Библер В. С. Культура. Диалог культур. // Вопросы философии. - 1989. № 6. — С.34-41.
2. Ванслова Е.Г. Музейная педагогика.//Воспитание школьников, № 5, 2000. - С.27-42
3. Медведева Е. Б. Становление музейной педагогики в Германии и России. Дис.... канд. ист. наук.:М,1999. 193с.
4. К. Хадсона Хадсон К. Влиятельные музеи Пер. с англ. / Кеннет Хадсон, пе Л.: Прогресс, 2000. – 628 с.
5. Юхневич М. Ю. Разработка понятия «музейная педагогика» в зарубежном музееведении//сб.: Музееведение. Вопросы теории и методики. Труды НИИ культуры, т.156. М., 1996.
6. Young, L. Globalisation, Culture and Museums // ICOM News. 2002. № 1. P. 3.

ДИМ БАШКОРТТАРЫНЫҢ ҺӘМ АФҒАНСТАНДЫҢ АФШАР ТӨРКМӨНДӘРЕ ТЕЛЕНЕҢ ФОНЕТИКАҒЫ*

Доцент **Л.Ф. АБУБАКИРОВА** **
М.М. ЗИМИН ***

Аннотация

Мәкәләлә инструменталь юл менән башкорт теленең дим һөйләше фонетикаһы Афғанстандың афшар төркмөндәренең теле менән сағыштырыла. Ике идиом өсөн дә бындай анализ беренсе тапқыр үткәрелә. Мәкәләнең авторзлары идиомдар араһындағы окшаш яктарзы асыклайзар һәм башкорт-төркмән этник-ара мөнәсәбәттәренең тарихы артабанғы тикшеренеүҙәрҙе талап итеүен белдерәләр.

Алдан сығарылған эксперименттар шуны күрһәтә: сибилант булмағандар системаһы билдәлә берзәйләккә эйә түгел, был параллель үсәү процессы һөҙөмтәһе булып тора.

Аскыс һүҙҙәр: башкорт теле, төркмән теле, башкорт һөйләше, төркмән диалекты, дим һөйләше, фонетика

PHONETICS BASHKIR OF DIM AND AFSHARITURKMEN OF AFGHANISTAN

Abstract

In the article is instrumental comparison of Dim (Dyoma) Bashkir dialect phonetics with that of the Afshari Turkmen of Afghanistan. It is well known, that Bashkir and Central Turkmen dialects share a specific innovation – desibilantisation of parental (Old Bashkir and Old Turkmen resp.) /s/ and /z/. In the context of ethnic contacts discussed in the first part of the article the named innovation is particularly interesting. If there much congruity between modern Dim Bashkir and Afshari Turkmen systems of non-sibilants, it is possible that results of desibilantisation in Turkmen had their influence on the same process occurring in Dim Bashkir. But as our experiments had shown, the systems of non-sibilants share no specific congruity, thus being result of an evolutionary parallelism.

Key words: Bashkir language, Turkmen language, Bashkir dialects, Turkmen dialects, Dim Bashkir, phonetics

ИНЕШ

Уғыз телдәре араһында иң боронғо берләшмә һаналған хәзерге төркмән теле үзенсәлекле фонетикаға эйә, ә барса кыпсак телдәре араһында үзенсәлекле консонантизмы менән башкорт теле айырылып тора.

Төркмән теле башкорт теленең дим, каризел, өршәк һәм эйек-һакмар һөйләштәрен үз эсенә алған мең ырыуы теленә яқын тел. Т.Г. Баишев классификацияһына ярашлы урындағы халықтың теле “*с һөйләше*”нә карай (Баишев, 1955: 29), йәғни был һөйләштә дөйөм төрки һәм эзәби башкорт телендәге *h*, *s*, *ш* урынына бөтә позицияларҙа һаңғырау теш араһы спиранты - *с* (**θ**) өнө кулланыла (*сыу, туксан, сикқан, беҫ*).

Башкорт һәм төркмән телдәре өсөн уртаҡ булған *с* (**θ**) һәм *з* (**ð**) тартынкыларының фонологик үзенсәлектәре дөйөм билдәлә, ә бына уларзың фонетик үзенсәлектәре проблема тыузырған һорау булып кала килә.

* исследование в рамках проекта “Language and ethno-cultural variability of Southern Siberia in synchrony and diachrony: language and culture interaction” (РГНФ No. 14.Y26.31.0014).

** старший научный сотрудник лаборатории лингвистической антропологии, Томский государственный университет, lidiya_bspu@mail.ru

*** лаборант отдела урало-алтайских языков Института языкознания РАН (Москва), ung.ofelia@gmail.com

Мәселен, **θ** һәм **ð** тартынқыларын әйткәндә телмәр аппаратының кайһы өлөшө һәм нисек хәрәкәт итә, кеүек һораузар ике телдең дә диалекттары өсөн әлегәсә асықланмаған. Ябай фонетик транскрипция иһә ишетеү тәьсирендә башкарғылыу сәбәплә дөрөс һөзөмтәләр бирмәй.

Һәр телдең (һөйләштең) үзенә генә хас артикуляция базаһы булығын һәм Дим йылғаһы буйы башкорттарының төркмән-кыпсақтар менән боронғо бәйләнештәрен иһәпкә алып, без тәкдим ителгән мәкәлә сиктәрендә башкорт теленең дим һөйләшендә һәм, бер классификация буйынса әзербайжан теленең диалекты һаналған, икенсе классификацияға ярашлы уғыз телдәренең айырым бер тармағын тәшкил иткән Афғанстандың афшар төркмәндәре телендә регуляр кулланылған, һәм был ике телдең дә үзенсәлеген тәшкил иткән корональ сибилант булмаған⁵ **θ** һәм **ð** тартынқыларын Praat акустик анализаторы (аудио-материалдарзы осциллограмма и спектрографияға әйләндерә торған программа) ярзамында сағыштырып тикшерзек.

Беззең зур максат түбәндөгәнән ғибәрәт: Төрки телдәре төркөмөндә төрлө генетик төркөмсәләргә индерелгән башкорт һәм төркмән телдәре тарихи үсеш дәүерендә бер төрлө фонетик үзгәреш кисергәнме? Шулар араһында дөйөм төрки *s һәм *z-ның **θ** һәм **ð**-ға күсеүе бер төрлө булғанмы. Мәкәлә алдына куйылған максат: Төньяк Афғанстан афшар төркмәндәренең һәм Дим йылғаһы буйы башкорттары миһалында **θ** һәм **ð** фонетикаһының үзенсәлектәрен күрһәтеү.

Программа һакында бер нисә һүз. Рәсәй фәндәр академияһының Тел ғилеме Институты һәм программалаштырыу Институты телдәре теркәү һәм тасуирлау өсөн маһсус программа – Лингводок программаһын эшләп сығарзылар. Был фонетик программа һәр өндөң физик кылыкһырламаһын бөтә нескәлектәре менән тасуирлай ала, тәү телдең ышаныслы реконструкцияһын булдыра.

Диалектологик экспедиция материалдарын хәзәр Лингводок веб-сайтында <http://lingvodoc.ispras.ru> тыңларға, транскрипцияларын күрергә һәм анализланған һәр һүззе маһсус фонетик программала (Praat) экранға сығарырга мөмкинлек бар. Программа шулай ук һузынқыларзың аһәңлә үзенсәлектәрен, өндәрзең көсөргәнешлелеген, һүззәрзең грамматик категориялар менән үзгәрәүен, этимологияһын, төрки телдәрзәге тамырзаш һүззәрзе күрһәтә. Экспедиция аудиозмаларынан мультимедия һүзлектәре эшләү мөмкинлеге тыуа. Интернет менән файзаланыусы һәр кеше веб-сайт менән таныша, иһкәрмәлар, өстәлмәләр индерә ала.

Тикшерәү өсөн без диалект вәкилдәренең үзаллы һөйләгән телмәрзәрен алдык⁶. **θ**, **ð** тартынқылары кулланылған һүззәр сегменттарға бүлендә һәм фонетик һәм фонологик транскрипция эшләнелдә. Сағыштырып тикшерәү шуны күрһәттә (Кушымтаны карағыз): тәү төрки *s был телдәрзә бөтә позицияла **θ** бирә, тик интервокалда һәм аффикс башында афшар төркмәнә телендә **θ** тартынқыһы **ð**-ға яңғыраулана (Таблица 1). Был күренеш башкорт теленең арғаяш һөйләшендә лә күзәтелә.

Таблица 1.

пратюркская форма	лит. башкирский	южн. башкирский	центр. туркменский	
пратюр.*s > общ.тюр.*s > θ				
*siŋök	«кость»	höjäk	θöjäk	θüŋk, θüjek
*sogi-k	«холод»	hiwiq	θiwiq	θoβuq
*sɛ-	«ты»	hin	θin	θen
*sib	«вода»	hiw	θiw	θuβ
*süs-	«черпать»	hoθ-	θoθ-	θuθ-

⁵ "non-sibilant": Ladefoged, Meddieson "the Sounds of the Words Languages", Oxford, 1996

⁶ Башкорт теленең дим һөйләше информанты – Әлшәй районы Хөсәйен ауылынан Мөлөкөв Ғәбизулла Һизият улы, Афшар төркмән теленең информанты – Афғанстандың Мазар-Шәриф калаһынан Һажы Ғайбуллаһ.

пратюр. *f > общ.тюр. *z > ð			
*gōf	«глаз»	küð	göð
*kāf	«гусь»	qað	gāð
*bof	«серый»	buð	buð
*agif	«рот; губа; устье реки, ушелья»	awið	ayıð

Афшар төркмәндәренәң теле **θ**, **ð** һәм **s**, **z** тартынкыларын айырмай тиерлек. Бында без көсһөз һызғырыузан алып бөтөнләй ишетелмәй торған өндәрзе күрәбез, йәғни бында артикуляция вариацияһы күзәтелә. Киреһенсә, башкорт материалы **s**, **z** һәм **θ** и **ð** айыра.

Анализланған аудиоматериалдарза сибилант булмаған тартынкылар күп төрлө (Таблица 2). Был бигерәк тә һаңғырау тартынкыларға қағыла. Шуһыһы қызыклы: афшар төркмән телендә интерденталь сибиланттар булығы мөмкин, шуға күрә киләсәктә инструменталь тикшеренүзәрзе күберәк информанттарзы йәлеп итеп үткәрәү зарур.

Ә бына дим һөйләшәндә көтөлгән **t** урынына **θ** кулланылығы инглиз теленәң лондон һөйләү теле, дан (датский), төһьяк фриз телдәрәндәге ошондай ук феноменды тәшкил иткән тартынкыларға типологик параллель була ала. Башкорт /**t**, **k**, **q**/ тартынкыларының ышқыулашыуға һәләтендә лә ошо механизм күзәтелә.

Йомғақлау

Шулай итеп, сағыштырған телдәрзә сибилант булмаған тартынкылар артикуляцияларының һаны буйынса айырыла. Шул ук вакытта **θ** һәм **ð** өндәрә әйтелештә позицион варианттарының төрзәрә буйынса бик яқын. Түбәндәге позицион варианттар булырға мөмкин⁷:

башкорт теле: 1) увуларизация, 2) иренләшеү, 3) фарингализация, 4) глоттализация, 5) назализация, 6) палатализация, 7) фаукализация төркмән теле: 1) увуларизация, 2) иренләшеү, 3) фарингализация, 4) глоттализация.


Таблица 2.

Сибилант булмаған тартынкыларзың төрзәрә

дёмский южный башкирский				афшарский туркменский			
длительность	место артикуляции	способ			способ	место артикуляции	длительность
/θ/							
средняя	субапикальный зубной	глухой фрикатив	$\underset{̣}{\theta}^i$	θ̣	глухой фрикатив	интердентальный	средняя
краткий	ламинальный дентиальвеолярный	глухой фрикатив	θ^i				
краткий	ламинальный альвеолярный	глухой фрикатив	θ^i				
/ð/							
сверхкраткий	лабиодентально-велярный ко-артикулянт	сдавленно-звонкий глайд	$\underset{̣}{\theta}^i$	$\underset{̣}{\theta}^i$	оглушённый фрикатив	ламинальный дентальный	краткий
сверхкраткий	интердентально-дентальный	звонкий фрикатив	$\underset{̣}{\theta}^i$	$\underset{̣}{\theta}^i$	звонкий фрикатив	интердентально-	сверхкраткий

⁷ Лингвистик терминдар рус телендә бирелә

	коартикулянт					дентальный коартикулянт	
средняя	дентальвеолярный	звонкий фрикатив	ð	ð	звонкий глайд	интердентальный	средняя/краткий
	/s/					/θ/	
	/z/					/ð/	



Қушымта “үскәнмен” һүзенең осциллограммаһы һәм спекторграммаһы

Әлбиттә, киләсәктә фәнни әйләнешкә төркмән һәм башкорт диалектарының аудиоматериалдарын күберәк индереү проблеманы киңерәк һәм тәрәнерәк аңларға, сағыштырган телдәрзә **θ**, **ð** фонемаларының анык үсеш тарихын күзәтергә булышлык итер.

ӘЗӘБИӘТ:

1. Баишев, Тагир (1955), *Башкирские диалекты в их отношении к литературному языку*, Москва.
2. Voersma, Paul., Weenink, David, *Praat: doing phonetics by computer* [Компьютерная программа] / [Версия 6.0.42 от 15 августа 2018] – Режим доступа: <http://www.praat.org/>
3. Абубакирова, Лидия; Зимин, Марк, *Идиолектный корпус “Корпус диалекта с. Хусаиново, дёмский диалект южного наречия, башкирский язык* [Электронный ресурс] А.В. Дыбо (отв. ред.) //LINGVODOC. – Режим доступа: <http://old.lingvodoc.at.ispras.ru/#/dictionary/1574/203787/perspective/1574/203793/view> (Дата доступа: 28.08.2018)
4. Абубакирова, Лидия; Зимин, Марк, *Идиолектный словарь «Диалект с. Хусаиново, дёмский диалект южного наречия, башкирский язык* [Электронный ресурс] / А.В. Дыбо (отв. ред.) //LINGVODOC. –Режимдоступа: <http://old.lingvodoc.at.ispras.ru/#/dictionary/1574/268677/perspective/1574/268682/edit> (Дата доступа: 28.08.2018).
5. Абубакирова, Лидия; Зимин, Марк, *Идиолектный словарь «Диалект с. Хусаиново, дёмский диалект южного наречия, башкирский язык* [Электронный ресурс] / А.В. Дыбо (отв. ред.) //LINGVODOC. – Режим доступа: <http://old.lingvodoc.at.ispras.ru/#/dictionary/1574/268630/perspective/1574/268635/edit> (Дата доступа: 28.08.2018).
6. Абубакирова, Лидия; Зимин, Марк, *Идиолектный корпус “Afsari Türkmen, speaker: Adym Naci Gaybullaah. Mazar-e-Sharif, 2016”* [Электронный ресурс] / А.В. Дыбо (отв. ред.) //LINGVODOC. – Режим доступа <http://old.lingvodoc.at.ispras.ru/#/dictionary/1574/203694/perspective/1574/203700/view> (Дата доступа: 28.08.2018).

ТАРИХИ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ ТҮРҒЫСЫНАН

Ф.Ф.К. А.Х.ЕРІМБЕТОВА*
П.Ф.К. Ж.М.БЕКТҮРҒАНОВА**

Аннотация

Тарихи ескерткіштер тілінің психолінгвистикасы тілдің шығуы, яки филогенезіне қатысты мәселелерде көбірек сөз болады. Ол кейбір нейропсихолінгвистикалық зерттеулерге жол ашады. Нейропсихолінгвистика мәдениет тарихына терең талдау жасау арқылы адам санасының дамуы, адамзат қоғамымен бірге тілдің дәуірлеу сатылары туралы зерттеулерге мүмкіндік береді. Тарихи ескерткіштер тілін зерттеу арқылы ортақ универсал құрылымдарды анықтау ескерткіштер мәтініне концептуалдық талдау жүргізуде маңызды болмақ. Тіл байлығы сөздік қормен, тілдің грамматикалық мүмкіншіліктерімен ғана өлшенбейді, сонымен қатар, оның концептуалдық әлемін де қамтиды. Кез келген тілдің, ұлттың өмір сүруіне тірек болған, өзіндік болмысы мен өмірлік көзқарастарын көрсетететін нақты концептілер болады. Концепт тіл мен мәдениеттің байланысын көрсетеді. Психолінгвистикалық зерттеу үшін маңыздысы тілдің өркендеу жолындағы адамзат санасының дамуы мен қалыптасуы және қазіргі күйі болмақ.

Тірек сөздер. антропология, парадигма, психолінгвистика, ойлау, сөйлеу, сана, тіл тарихы.

Annotation

The psycholinguistic research of language of historical monuments in the majority cases touches on an issue of emergence of language and concerns questions of phylogeny of language. Thanks to it some neuropsycholinguistic aspects of historical monuments became studied. The neuropsycholinguistics does the deep analysis of cultural history and by that opens possibilities of studying of a periodization of language. Identification of universal structures of language is very important in the conceptual analysis of texts of historical monuments. The richness of language is not measured only by lexical resources, grammatical opportunities of language, it also covers his conceptual world. Each language and the nation has concepts which define a peculiar life and perception of the world of certain people and culture. The concept is a reflection of language and culture. For a psycholinguistic research development and formation of human consciousness and its today's state, by studying of language is very important.

Key words. Anthropology, paradigm, psycholinguistics, thinking, speech, consciousness, language history.

Антропологиялық зерттеулер қазіргі ғылым салаларының барлығына дерлік дендеп ене бастаған мәлім. Антропологиялық парадигма тілді зерттеуде адам табиғатын күллі болмысымен алдыңғы орынға шығарады. Адамның күрделі, сан алуан табиғатын танып білу мақсатында көптеген ғылымдар тоғысып, өзара «серіктес» ғылым салаларының дамуына әкелді. Адам болмысы қоғам, ұлт, мәдениет, психология, физиология, гносеологиялық аспектіде қарастырылып, сәйкесінше әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, психолінгвистика және тіл палеонтологиясы сияқты тағы да көптеген салаларда кең қарастырыла бастады.

Қазақ тіл білімінде бұл мәселеге ерекше мән берген танымал ғалым Қ.Жұбанов «біз жекелеген лингвистикалық фактілерді тілдің басқа салаларымен жалпы бірлікте қарастырып, осы байланысты қоғамның даму деңгейі, экономикалық, әлеуметтік дүниетаным тұрғысынан зерделеуді қажет етеміз» деген болатын [1,405-406]. Тілді зерттеудің бұл қағидасы бүгінде өркен жая бастады. Оның жетістіктерін түркітануда, түркі халықтарының жазба ескерткіштерін зерттеуде де қолдану аса маңызды болмақ.

Психолінгвистика антропологиялық парадигма аясында қарастырылса да, өз ішінде интегративтік сипатқа ие болып келеді. Себебі ол бірнеше дәстүрлі пәндердің тоғысқан жерінде пайда болып, қолданбалы мақсаттағы зерттеулердің ажырамас бөлігіне айналды. XX ғасырдың ортасында ғана қалыптаса бастаған бұл ғылым саласы тарихи ескерткіштер тілін зерттеуге терең бет бұра қойған жоқ. Ол негізінен эксперименттік, сипаттамалы зерттеулерге ден қоюда. Дегенмен,

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

** "Нархоз Университеті" АҚ

тарихи ескерткіштер тілін зерттеуде ол тілдің шығуы, яки филогенезіне қатысты мәселелерде көбірек сөз болады.

Тілдің шығуы, пайда болуы және оның дамуы туралы мәселеде күні бүгінге дейін түрлі көзқарастар бары белгілі. Шеті мен шегі жоқ бұл мәселені зерттеуде ғалымдар түрлі топшылаулар, болжамдар жасады. Тілдің шығуын еліктеу теориясымен, тума қабілет теориясымен байланыстыра қарастырды. Дегенмен, соңғы кездердегі зерттеулерде ғалымдар әлеуметтік-биологиялық көзқарас теориясына көбірек жүгіне бастағаны байқалады.

Тарихи жазба ескерткіштерді психоллингвистикалық тұрғыдан зерттеу кейбір нейропсихоллингвистикалық зерттеулерге жол ашады. Нейропсихоллингвистика мәдениет тарихына терең талдау жасау арқылы адам санасының дамуы, адамзат қоғамымен бірге тілдің дәуірлеу сатылары туралы зерттеулерге мүмкіндік береді. Американдық нейропсихолог Р.Орнстейн батыс адамының ойлауы мидың сол жақ бөлігінде өтетінін дәлелдейді. Оның ойынша, мидың оң жақ бөлігі мүмкіндіктерінің шектелуі адамның рухани мүмкіндіктерін азайтып, оған нұқсанын тигізеді. Ол батыс әлеміндегі тәрбие мен оқытудың шектен тыс рационалды, аналитикалық жүйеге құрылғанын айтады. Өзінің зерттеулерінің нәтижесінде Орнстейн Батыс пен Шығыстың арасындағы айырмашылық – мидың сол жақ және оң жақ бөліктеріндегі ресурстарды әр түрлі пайдалануында деген тұжырым жасайды. Азиаттықтар мен батыс халықтарының ойлауы әр түрлі екені көп айтылады. Бұл мәселемен этнопсихология айналысады. Бұл зерттеулерде ежелгі шығыс этностары өкілдерінің оң жақ ми бөліктері Еуропаның дамыған елдеріндегі және Американың адамдарымен салыстырғанда дүниені түсінуде, қабылдауда ерекше белсенділігімен ерекшеленеді делінеді. Бұлардың алғашқыларының өмірінде дәстүр, әдет-ғұрып, ұжымшылдық, интуиция, тылсым дүние (мистицизм) т.б. алатыны айтылады [2,230]. Түркі тілі мен өркениеті туралы жазған О.Сүлейменовтің сөздері де оны дәлелдей түседі: «Түркі сөзінің мезгіл езгісіне төзімділігі оның құрылымдық қаңқасының тарихи алғышарттары – дәстүрлі өмір сүру ерекшеліктерінің өзгерместігін (көшпелі тұрмыс салты), діни ғибратты (тәңірге, аруаққа табыну) қосалық. Көшпелілер ат жалын құшып, қанша құйғыта шапқанымен уақыт бір орнынан қозғалмаған сияқты. Көшпелілер ондаған қоңсы халықтармен араласқа түседі де өзінің ұлттық ерекшелігін үнемі байытып отырған, әдет-ғұрып, салт-сана өзгермеген [3,203].

К.Ф.Седовтың пайымдаулары бойынша, адам санасының даму векторын анықтайтын болсақ, өркениеттің пайда болуы, дамуы барысында адамзаттың ойлау стратегиясы оң жақ ми бөліктерінен сол жақ бөліктеріне біртіндеп ығысқанын көруге болады. Ал бүгінде ол оң жақ бөлікке ығыса бастағанын байқалады. Қазіргі аудио, видео жаңа технологиялардың, компьютер, Интернет өміріміздің барлық саласына енген заманында ақпаратты беру жолдары мен формасы да адам айтқысыз өзгерді. Мидың сол жақ бөлігінен гөрі оң жақ бөлігінің белсенділігі күшейе түскен. Теледидар, БАҚ, жарнамалардың арқасында ақпарат тек мидың сол жақ бөлігіне ғана емес, оң жақ бөлігіне де әсер ете бастады. Ақпарат адресатқа рационалды ғана емес, эмоционалды жағынан да ықпал ете түсті. Қазіргі заман адамының әмбебап болмасқа амалы жоқ секілді көрінеді. Ақпаратты жеткізудің техникалық артықшылығы визуалды қабылдау каналдарының белсенділігін күшейте түсті. Суреттер мен фото бейнелер біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Оны интернеттен ғана емес, хабарлама жазуда да қолданатын болдық. Бұрынғы кездердегідей тыйым салу сөздері нақты бейнелермен ауыстырылды. Мейрамханалардағы, қоғамдық орындардағы ақпараттар нақты бейнелермен көрсетілетін болды. Оқулықтар суретпен, түрлі-түсті бейнелермен өрнектеле бастады. Қоршаған ортадағы өзгерістер қазіргі заман адамының да қарым-қатынас стиліне, жеке санасына, түптеп келгенде ұжымдық санаға түбегелі әсерін тигізуде. Ақпаратты өңдеу, жеткізу барысындағы сол жақ ми бөлігі мен оң жақ ми бөлігінің ара қатынасында да өзгерістер пайда болуы даусыз. Кітап оқу мәдениетінің адам өмірінен ығысып шыға бастағаны осының салдарынан болса керек.

Сөйлеу тілінің онтогенезі мен филогенезін тұтастықта қарастыратын әлеуметтік-биологиялық теория өкілдерінің ойынша, бала тілді меңгеруге деген тума қабілетпен туылады да, өзі өмір сүріп отырған ортадағы тіл туралы материалдарды үлкендер арқылы қабылдайды. Оны жай қабылдап ала бермейді, даму сатысы жоғарылаған сайын «өңдеп», «бала» тілін «ересектер» тілінің жүйесіне ауыстыра отырып, көп жағдайда өз бетінше меңгереді. Тілді меңгеру қарқыны оның өмірлік қажеттіліктерінің артуына қарай өсе түседі. Осы көзқарасты жақтаушылардың бірі Т.Черниговская ол туралы өзінің мақалаларының бірінде былай деп жазады: «...баланың миы – тамаша тілші, оның ана тілді қалай игеретіндігі ғылым үшін әлі құпия нәрсе. Егер бала тілді диктафонға жазып, фразалар мен ережелерді жаттап үйренетін болса, біз сияқты еркін сөйлеу үшін оған ең аз дегенде 100 жыл керек болатын еді. Бірақ бала магнитофон емес, оның миында тілдік алгоритмдерді жасайтын тумысынан

берілген құрылым бар» [4,5]. Оның ойынша, баланың миындағы бұл құрылым тамаша жазылған виртуалды эмбебап кітап, «чип» сияқты (ал кейбір ғалымдардың айтуынша ол биологиялық компьютер), оның сырын түсінген күні эмбебап оқулық жазудың тәсілін үйренуге болады. Сайып келгенде, мидың қалай жасалғанын білген кезде дүниенің қалай жасалғанын түсіне аламыз дейді. Шын мәнінде, сәбидің дүниеге келген күннен бастап өз ортасын тани бастауы, жеке сөздерден, фразалардан, ағаштың сыбдыры, иттің үруі, күннің күркіреуі, т.б. осы сияқты табиғаттағы сан алуан дыбыстардан адамзаттың тілін ажыратып, одан өзіне қажетті сөйлеу механизмін жасауы, сосын пайдала бастауы – барлығы өте күрделі үдеріс. Бұған қатысты қазақ халқының дүниетанымында «төбесі тесік» деген ұғым бар. Бұл тұрақты тіркес «өзге тілді түсініп қалатындай хабары бар» деген мағынаны білдіреді [6,687]. Бұл әсіресе ерекше сезімтал балаға қатысты айтылады. Қазақ халқы баланың тілі шыға бастаған кезде айтатын сөздеріне айрықша мән береді, себебі бала – періште, не айтса сол орындалады деп кәміл сенеді. Және олар алдын-ала сезгіш, болжағыш келетінін байқап, баланың сөздерін жақсы ырымға балап отырады. Бұл тұрақты тіркестегі «төбенің», адамның бас бөлігінің ми қызметіне қаншалықты қатысы бары, оны неліктен тесік деп айтатыны ерекше қызықты жайт. Қазақтар бұл жерде баланың енбегін айтып отыруы да мүмкін. Қалай болғанда да бұл процесс баланың дүниеге келгеннен бастап дыбыстық тілді алғаш рет қабылдай бастайтын кезеңімен қатар өтеді. Аталмыш «құрылымның», «эмбебап кітаптың», «чиптің» мида дұрыс құрылуы, жазылуы баланың одан кейінгі даму, қалыптасу механизмдеріне түрткі болатыны сөзсіз.

Тілдің адам табиғатындағы ең жұмбақ әрі ең маңызды орталық екенін аз ғана қалыптасу тарихы бар (салыстырмалы түрде айтқанда) қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі А.Байтұрсынұлы да айтқан болатын. Ол әу бастан тілдің ми, сана қызметімен тікелей іске асатын күрделі механизм екеніне айрықша назар аударған. Ол сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі деп көрсетті, олар *ақыл, қиял, көңіл*. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау» [7,10]. Бұл жерде ғалым поэтикалық тіл мен поэтикалық ойлау туралы айтып отыр. Поэтикалық тілді архаикалық тілмен, мифтік санамен тамырлас, жақын тіл ретінде қарайтын болсақ, тілдік сананың дамуына тірек болған жетелеуші механизмдерді болжауға да болатын секілді. Сондай-ақ, ақыл мен қиялдың, көңілдің үнемі, жетілу, даму үстінде болатын табиғатын да меңзеп тұр. Алайда бұл механизмдердің тілдің түрлі дәуірлеу кезеңдерінде бірдей деңгейде болмағаны мәлім. Бүгінде бастапқы тіл мен қазіргі тілдің арасында жер мен көктей айырмашылықтар біліне бастағаны осының айғағы болса керек.

Тарихи ескерткіштер тілін психолингвистикалық зерттеуде тіл генетикасы мен энергиясын зерделеу мәселесі де туындайды. Адам миындағы нейрондардың сөйлеу барысында ұйымдасуы, жаңа функционалдық байланыстардың қалай және неліктен пайда болатыны, сырттан келетін ақпараттардың және генетикалық факторлардың тілдік құзыреттің дамуына қалай әсер ететінін зерттеу мәселесі өте өзекті [8, 269-284]. Адамзат тілінің құрылымын, нақтылап айтқанда, тілді өзге қарым-қатынас жүйелерінен ажыратуға негіз болатын, бірақ ұлт тілдерінің барлығына ортақ эмбебап (универсалды), базалық қасиетін анықтауға деген талпыныс бары анық. Барлық ұлтқа ортақ «тілдік ген», «грамматикалық ген» мәселесі генетиктерді де қызықтырып отыр. Бұл түптеп келгенде тілдің шығу тарихы мәселесімен тамырлас мәселе екені белгілі. Тарихи ескерткіштер тілін зерттеу осы мәселеде ортақ универсал құрылымдарды анықтауда маңызды болары хақ. Н.Хомскийдің ойынша, эмбебап грамматиканың бары еш күмән тудырмайды. Эмбебап грамматика барлық нақты тілдерге ортақ, барлығына бірдей ортақ тәртіпке негізделген «грамматикалық метатеория» қызметін атқарады. Ал әрбір тілді үйренуші сол эмбебап грамматикаға бағдарланған ортақ тәртіп пен ережелерді нақты тілді индуктивтік жолмен игеру арқылы меңгереді [9,27]. Ол өзінің зерттеулерінде негізінен тілдің грамматикалық құрылысындағы, әсіресе синтаксистік құрылымдарындағы ұқсастықтарға иек артты. О.Сүлейменов өзінің «АЗиЯ» атты туындысында барлық тілге ортақ «жер» сөзіне байланысты қызыты деректер келтіреді. «Жер – «йер» қадым дәуірлерде халықаралық атау болған, өйткені ол сол күйінде семит, герман және түркі тілдерінде сақталып қалды. Олардың бәрі алғашқы бір нүктеден басталғанмен, түпнұсқасы ешбір қосындысыз таза күйінде тек түркі тілдерінде ғана сақталып қалған: йер - жер» [3,202]. Осыған байланысты ол үндіеуропалық тілдермен салыстырғанда түркі тілдерінің бұл орайда жеткілікті дәрежеде зерттелмегенін алға тартады. Оған мысал ретінде Н.Я.Маррдың түркі тілдері туралы бұлтарпас, күні бүгінге дейін өзекті ойларын дәлел ретінде алға тартады. Айтылған ойды әрі қарай жалғастыратын болсақ, түркі тілдерінде «жер» сөзінің айтылуының бірнеше нұсқасы бар: йар, жер, джер, чер, тьер, кер, кир. Автор герман тілдеріндегі бұл сөзге емлелік-фонетикалық

жағынан сәйкес келетін мынадай нұсқалар барын көрсетеді: дие йерде (йард, йорд, йурт). Зерттеушілердің айтуынша, мыңдаған жыл аралығымен есептелетін кезеңде жалаң ауызекі сөйлеу тілі ықпалымен тұлғалық өзгеріске ұшырамай жеткен түбір сөздің өзі де көп емес. Табиғи тілдердегі тұлғалық өзгеріске тым баяу ұшырайтын қазақ тіліндегі мұндай сөздерге *жіктеу мен сұрау есімдігі, қимыл атауы, физиологиялық әрекет пен сезінуді білдіретін сөздер, өлшем атауы, айнала қоршаған ортамен байланысты атау, туыстық атаулар, соматикалық атаулар* т.б. жатады. Мұндай «неғұрлым көне, неғұрлым тұрақты ұғымдарды бейнелейтін сөздер сөздік қордың 1-2 пайызынан аспайды. Әдетте, осылар ғана салыстыра зерттеуге жарай алады. Математикалық лингвистика осы негізгі қордың 15 пайызы мың жылда өліп, олардың орнын басқа сөздер басатынын дәлелдейді. Сондықтан болса керек-ау, шумер тілінің осы заманғы тілдермен жақын-алыстығын анықтау мүмкін болмай отыр. Себебі олардың бір-бірінен ажырасқан мезгілі тым алыс дәуірлерде болған» екен. И.М.Дьяконовтың осы пайымдауларына сүйене отырып, О.Сүлейменов тағы да қызықты деректер келтіреді. Қазіргі ағылшын тілінің лексикасында тек роман тілдерінен ауысқан сөздердің өзі ғана 5 пайыздан асса, ал корей сөздігінде қытай сөздері 75 пайызды құрайды екен. Бүгінде осындай негізгі сөздік қордың ізімен этностың тілдік сана архетипін зерделеу, оны өзге ұлттардағы көрінісімен салыстыра-салғастыру зерттеу мүмкіндігі туып отыр [10,30-34].

Ч.В. Хокеттің ойынша, әр тектес тілдерге тән ортақ ұқсастықтар әлі күнге «жұмбақ күйінде қалып отыр». Тілдердің арасындағы мұндай ұқсастықтар мен біртектестік, әр тектес тілдердің грамматикалық және басқа құрылымдарының арасындағы жақындық әр тілге тән энергетиканың табиғи біртектестігін көрсетеді. Ю.В. Казариннің ойынша, «бұл энергияны *reperitum mobile* деп ұғуға болмайды, алайда әртектес тілдердің антропологиялық ықпалда болатынын, соның арқасында тілдік жүйелердің бәріне ортақ «энергетикалық қозғалтқыш» барын жоққа шығармайды» [11,7].

Барлық тілге тән ұқсастықтарды анықтау универсалды тілдік құрылымдарды анықтаумен бірге, барлық адамзатқа тән инварианттық универсалды ұғымдарды, сонымен бірге құндылықтарды зерттеу мәселесімен де өзекті бола түседі. Т.В. Черниговская Р. Джэкендофтың зерттеулеріне сүйене отырып, тілді шынайы сұрыптаудың нәтижесінде пайда болған «грамматикалық мәшине» секілді сипаттайды. Бұл «мәшиненің» тілдегі концептілер күрделенген сайын жетіліп келе жатқанын айтады. Джэкендофтың ойларына сүйенсек, лингвистикалық мағына (семантика) ол концептуалдану процесі мен синтаксистік және фонологиялық деңгейлердің аралығында пайда болатын тілдің дербес қызметі болып саналады. Мұндай пайымдаулар тілдің синтаксистік деңгейімен қоса, фонологиялық қабатын да қатар зерттеуді алға тартады. Бұл ұстанымдық көзқарас, Т.В. Черниговскаяның ойынша, адамзат тілін зерттеуде прагматикалық қағиданы, оның ішінде синтаксисті басты зерттеу нысан етіп алатын Н. Хомскийдің пікіріне тіпті қайшы келеді. Т.В. Черниговскаяның пайымдауларынан тілді зерттеуде синтаксисті емес, тұтас жүйені, сол жүйеге тән концептілерді нысанға алудың маңыздылығы көрінеді. Себебі адам концептілер әлемінде өмір сүреді. Оның ойынша, адамзат тілінің шығуы мутациялық өзгеріс нәтижелері ме, әлде сұрыптаудың нәтижесі ме деген қарама-қайшы көзқарастарды бинарлық әдіспен өлшеудің шырмауынан шығып, өзге ғылым өкілдерімен мәмілеге келе «сұхбат жүргізу» аса қажет. Соның ішінде гуманитарлық ғылымдардың ғана емес, теориялық физиканың жетістіктерін пайдалана отырып, «тіл-сана-ми» қызметі мәселелерін жаңа қырынан қарастыру керек.

Бұл орайда тарихи ескерткіштер тіліндегі концептілердің жүйесін қарастыру маңызды болмақ. Тіл байлығы сөздік қормен, тілдің грамматикалық мүмкіншіліктерімен ғана өлшенбейді, сонымен қатар, оның концептуалдық әлемін, ортасын да қамтиды. Кез келген тілдің, ұлттың өмір сүруіне нақты концептілер тірек болады. Концепт тіл мен мәдениеттің байланысын көрсетеді. Сол себепті тілдегі концептілерді адам санасындағы «мәденит ошағы» десек те болады. Концептіні адам санасында тұрақталған идеалды түсініктердің жиынтығы деуге де болады. Концептінің тұрақтылығы (константтылық) дегеніміздің өзі концептінің мәдени санада берік орын алғанын көрсетеді. Тұрақты концептілерге қарағанда әмбебап (универсалды) концептілер жалпыадамзаттық, жалпыланған санаға тірек болады. «Концепт – адамзат санасына тән әмбебап құрылым... Ол ассоциативтік өрістердің жасалуына ықпал етеді де, субъектінің санасындағы «мәдениет жадысымен» байланысын, рухани дәстүрге қатынасын анықтауға мүмкіндік береді» [12,10]. Ал Ю.С.Степановтың ойынша, концепт үнемі дамып, жетіліп отыратын қасиетке ие, сол себепті ол «көпқабатты» құрылымнан тұрады. Оның әрбір қабаты әр дәуірдегі мәдени өмірдің «ізі» бейнелеп тұрады [13,46].

Бұл барлық тілдерге ортақ танымды көрсетеді ме, әлде оның басқа да сыртқы тарихи объективтік факторлары бар ма? Бұл мәселе әлі де талай рет сөз болатыны хақ. Оны зерттеуге тіл білімінің глоттогенез, глоттохронология салалары да өзінің үлесін қосады.

Психолингвистикалық зерттеу үшін әзірге маңыздысы тілдің өркендеу жолындағы адамзат санасының дамуы мен қалыптасуы және қазіргі күйі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұбанова Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.
2. Седов К.Ф. Нейропсихолингвистика. М: Издательство «Лабиринт», 2009. -250с.
3. Сүлейменов О. Азия. Алматы: Жазушы, 1992. -295б.
4. Черниговская Т. Главная тайна мозга. «МК» в Питере» газеті. от 9 мая 2007.
5. Черниговская Т. Ум как джазовая импровизация. № 51 от 17 июля 2008г.
6. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007. -800б.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Атамұра, 2003. -208б.
8. Черниговская Т. Мозг и язык: Полтара века исследований. Нейропсихолингвистика. Хрестоматия. Москва: Лабиринт, 2009. -304с.
9. Хомский Н. О природе и языке. Москва: КомКнига, 2010. -288с.
10. Дмитриук Н.В. Фразеологический соматикон как отражение архетипов языкового сознания этноса. Вопросы психолингвистики. №10 2009. 30-34.
11. Казарин Ю.В. Филологический анализ поэтического текста. М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2004. -432с.
12. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка. // Изв. АН СССР. Сер лит. и яз. 1993. Т.52, №1.
13. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры: Опыт исслед. Москва, 1997.

УДК: 894.341 (043.3)

КӨРКӨМ ТЕКСТТЕГИ ҮНДӨШ ТЫБЫШТАРДЫН ЖЫШТЫҒЫНЫН СТИЛДИК БОЁКТУУЛУГУ

фил.и.к., доцент **З.А.АЛЫМБАЕВА***

Аннотация

Бұл мақалада көркөм тексттегі үндөш тыбыштардың стилдік коннотацияны уюштуруу, текстті уккулуктуулукка эгедер кылуу мүмкүнчүлүктөрү тууралуу маселелер иликтенген. Көркөм текстте үндөш тыбыштардың жыштыгынын мааниси, эстетикалык кызматы тууралуу орус, кыргыз окумуштууларынын көз караштарына карата пикирлер берилет.

Негизги сөздөр: *стилистика, үндөштүк мыйзамы, тыбыштардын жыштыгы, көркөм текст, строфа, ыргак.*

PHONETIC CONNOTATION OF FREQUENCY CONSONANT SOUNDS IN A LITERARY TEXT

Abstract

In this article have learned questions of organization stylistic connotation of frequency consonant sounds in a literary text, possibilities of ensuring the soundness of the text.

The opinion on the views of Kyrgyz, Russian scientists about the aesthetics of the function of frequency of consonant sounds in the literary text is given.

Keywords: *stylistics, the law of consonance, sounds, frequency, literary text, stanza, rhythm.*

Қасыда гаел сияқты кең тарала қоймағанмен он үшінші ғасырдың діни –ғажайыптық мазмұнына айналған шығармаларды тудыра алды. Қасыданың алғашқы үлгілерінде қалам тербегендердің бірі-Хорезми болатын. Кейінірек қасыданың жалғасы шағатай поэзиясында орын алды. Ал төрт жолдан тұратын рубайдың түркі поэзиясында орын алуына парсы поэзиясының ықпалы зор болды. Бұл ұйқастық құрылымы жағынан қазақтың кара өлеңдік өлшеміне де келеді. Ең алғашқы түркі тіліндегі жеткен алғашқы рубайдың бірі 1206 жылы жазылып біткен Мүбәрак-Шахтың повесі болатын. Алғашқы рубайлардың мазмұны мен мәтінінде парсылық тәкаппарлық пен өктемдікке құрылғанымен бертін келе мазмұны мен тақырыптық жағынан күлтеленіп сатираға, әзіл-қалжыңға құрылған шығармаларды тудырды. Мәселен, Сайф Сарайидың шешендікке құрылған рубайлары мен Кади Бурханаддиннің мадаққа негізделген «Диванынан» алынған 20 рубайы он төртінші ғасырдың жемісіне айналып отыр. Түркілік поэзияның ерекше түрі ретінде сөз болатын өлеңнің түрі-тұйық та (тұйық) рубайдан тақырыптық жағынан алыс кетпесе де оның әуенге негізделетінін атақты шайырларымыздың бірі Бабур да айтып кеткен екен. Кади Бурханаддиннің «Диванынан» көрініс алған тұйық кейінірек Абдалқадыр Марач, Лутфи, Абу Бәкір Мырза Ескендір Ширази, Мирсайд, Әлішер, Мұхамед Омархан т.б. еңбектерінен табылған. Түркілік оғыздардың жиналып бас қосқан кезде әңгімелесіп, шер тарқатуының негізінде дүниеге келген бұл өлең түрінен біз өлеңнің әсерлі де мағыналы, құпиялы жиындар мен әңгімелердің шешімін іздеуге талпынған өлең түрін әкелген.

Маснеуи- екі жолдан құралып (аа, вв, сс, т.б.) келісімді ырғаққа ұласқан өлеңнің түрі де түркілік поэзияда кеңінен қолданысқа ие болды. Бұл өлең құрылымы жағынан басқаларға қарағанда көлемді болған. Тармақтары көп бөлшектенбей, айтылар ойдың асықпай жеткізілуіне таптырмас сала-құла шумақтарына қарап оны поэмамен ұқсастыруға болады. Мазмұны жағынан аңыз бен шынайы өмірдің араласып келіп, шытырман оқиғаларды басынан кештіретін жағдаяттарына қарап қазіргі поэманың жүгін арқалағанын білеміз. Осы өлең түрін жетілдіре алмай кейінірек қолданыстан қалған өлеңнің түрі ретінде-Бахр-и-тавилді айтуға болады. Бұл өлеңнің түрі біздіңше айтып жүрген ақ өлеңге немесе өлең сөзбен қарасөздің ортасындағы өлеңнің түріне жатқызуға болады. Әрине қазір біз қарасөзбен жазылған өлең деп алып жүргеніміз прозаның ішіндегі ырғақты, ішкі сезімдік иірімдерді білдіретін лирикалық толғаныстарды айтамыз. Әрине мұндай шығармалардың орнын кейін Дивандар толықтырғанын білеміз. Бір немесе бірнеше ақындардың шығармаларының топтамаларынан құралған жиынтық еңбек 1 диваннан-4 диванға дейін біздіңше томдарға ұласқан еңбектерді тудырды. Тіпті, Әлішер Науайдың өз өлеңдерінің антологиясын жасап кеткенін де білеміз.

Стилистикалық ерекше дәстүрі негізінде жалпы түркі әдеби жанрларының дамуына парсы жырларының әсері мол болғанын көреміз. Әсіресе, лирика түркі поэзиясының қарыштап дамуына әсер етті. Енді оның мазмұны мен тақырыбы жан-жақты кеңіді. Жаңа жанрларының дүниеге келуіне әсер етті. Сондай жанр ретінде ғашықтықтың, сүйіспеншіліктің адам нанғысыз ғаламат әсерлерін жеткізетін құмарлық-ғажайыптық (эротика-мистическая поэзия) поэзияны дүниеге әкелді. Табиғатта өте маңызды орын алатын құмарлықтың ішкі иірімдеріне үңілу, сырын айтуы, күрделі құбылыстың мәнін сезіну сияқты өлеңдерге басымдық беріле бастады. Түркілік поэзияда да енді парсы поэзиясындағыдай тәңірді дәріптеу, құдайға деген ынтызарлық пен шектен тыс мадақ, құштарлық пен сүйіспеншіліктің мазмұнын біртіндеп адамзаттық мәселеге алмастырғандай көрінді. Алғашында суффизмді дәріптеген ғашықтық жырлардың бағыты сол суффизмнен бастау алса да бертінде адамды дәріптеу, адамзатты бағалау, адам жанының сұлулығын тәңірдің сыйы ретінде қабылдау сияқты суффизмдегі мазмұнды метафоралық жақсы көрумен алмастырды. Адамзатты жақсы көру, оның мүмкіндігін дәріптеу, жақсы көру сезімін ашып айту, сезіну, сезімге бөлену сияқты тамаша әсерлерді нақты адресатқа арнау көріністері белең алды.

Ежелгі дәуірлерден бергі уақыттарда замана ағымына, қоғамдық өзгерістер мен адамдардың діни, дүниәуи таным-түсініктеріне байланысты келген тақырыптардың аталмыш жанрларға түсіп, әдеби дамудың сатысына айналды. Жаратушыға деген шексіз құрмет пен аса пафосты көңіл-күйлер мен оны сыртқа шығарудың бірден бір жолы осы лирикалық жанрлар болып табылды. Адамзат құдіретінің барлығын діни пайымдар құдай берген деп қабылданады. Осы ретте оның зор мүмкіндігін өз шығармашылықтарында, арман мүдделерінде қолданды десек те болады. Содан болар ғайып пен мифке негізделген дивандардың дүиеге келуі орын ала бастады. Өйткені мифтер көптеген халықтардың өмірінде өр түрлі дәрежеде өз уақытының саяси проблемаларының көрінісі ретінде қызмет етті. Мұнда билік табиғаттан тыс, ерекше абсолютті күш ретінде қарастырылады. Ол құдіретті күштің құралы, сондықтан адам билікке бой ұсынып, көнбістік танытуы керек.

Осы уақытқа дейінгі тәңірді құрметтеу, жақсы көрумен шектелмейтінін танытатын нағыз материалистік көзқарастағы жырларды тудырды. «Божественная красота» тәңірдің берген сұлулығын жырлау арқылы оның адам сенгісіз күш беретінін оның өзін адамзатқа тәңірдің берген сұлулығы ретінде тануы, сүйіспеншіліктің тәңірден нақты адамзатқа ауысуын дәріптеуге көшті. Адамзат сұлулығына сүйсіну, сезімін бағалаудың метафоралық сипаты көрініс тапты. Сұлулық енді адам мазмұнына, идеясына айналған, ғашықтық тіліне ауысқан шынайы сезімді тудыратын өлеңге айналды. Адам ішкі иірімдерін сезімге толы құмарын, сырын біреуге арнау оның құдіретіне бас ию, мойындау, сияқты ішкі иірімдеріне ырық беру барлығы енді метафоралық сипатқа ие болды. Түркілік поэзияда бірден еніп кетпесе де алғашқы үлгілерін ғашықтық жырлардың тереңінен өрбітіп әкелген бұл жанр әлі күнге дейін өз мазмұнының жоғалтқан емес. Махаббат мақамын, құмарлық-құштарлық сезімін тілге тиек, жанға серік еткен соң да барынша нәзік, кірпияз екені белгілі. Парсының махаббаттық сезімге құрылған шығармаларынан ерекшеленген түркілік ғашықтық өлеңдер адамзаттық сезімнің нақты тұлғаға арналуында еді, жаратушыға деген махаббаттың метафоралық ауысуына бертіні келе дендеген парсы поэзиясы Саади мен Хафиздың шығармаларымен адам санасындағы құмарлық пен жаратушыға деген сүйіспеншіліктің аражігін ашқандай болды. Махаббатқа құрылған өлеңдердің құрылымы мен мағынасы, мазмұны жағынан бірдей болғанмен нақты Сұлбаның атауы болмағандықтан белгілі бір нәрсеге деген құштарлықтың бейнесін табасыз. Құштарлық пен жақсы көру сезімінің лирикадағы көрінісіне басты тақырыбына айналған көктем, шарап, махаббат тақырыптары жаңа формалардың өріс алуына себепкер болды. Әрине ол кейінірек түркілік әдебиеттің еуропалық үлгілерді өзіне жинап, әр кезеңде, әртүрлі уақытта қабылдағаны белгілі. Батыс еуропа әдебиеті әсері әр түрлі жолдармен еніп отырды. Әсіресе француз әдебиеті осман түріктерінің еңбектерінде көрініс бере бастады. Сол арқылы Осман әдебиеті кейін қазіргі Түрік мемлекетінің барлық даму сатысында еуропалық деңгеймен қатарлас дамып келеді. Оған мысал еуропа әдебиеті басынан кешірген 19 ғасырдың романтизмінен қазіргі сюрреализм, постмодернизмді басынан кешіп отыр. Кеңес кезінің өзінде осман әдебиеті бірқатар мемлекеттердің әдеби дамуына күш берді. Әзербайжан әдебиетінің дамуында және қазан татарлары мен оған жақы елдердің әдебиеттері де жаңа үрдіске тез бейімделіп кетті. Жаңа үлгідегі әдебиеттің өркендеуі сөзсіз тіліне де әсерін тигізбей қоймады. «Түрік әдебиетінде жазба тілдің трансформациясы ауызекі тілдің ыңғайына бейімделді. Оған араб-парсы тілдерінің грамматикалық элементтері әсер етпей қоймады» [1, 33-35бб.]. Мәселен түркі жұртына тән шығарма дастандық пішінмен жазылғанмен, ішкі сезімдік иірімдеріне қарап түркілік поэзияның ежелгі лирикалық дәстүрлерін көреміз. Жоғарыда аталған парсы-түркі лирикасының басымдығы жатыр. «Алып Ер Тоңа» дастаны – ежелгі түркі тайпаларының шежіресін аңыздар мен тарихи деректер негізінде баяндайтын қаһармандық жыр. Бұл дастанның сюжеті мен жекелеген үзінділері ғана бізге жеткен. Ежелгі түркі әдебиетіне тән дәстүрлердің бірі батыр шешуші шайқасқа шығардың алдында қорқынышты түс көреді. Алып Ер Тоңаның түс көруіне арналған дастанның жыр жолдарын Фирдоуси өз шығармаларында зор шеберлікпен пайдалана білген. Мұнда: «Афрасиабтың қорқынышты түс көруі» деп аталатын ұзақ жырда:

*Қалышылдап, айғай сап оянып кетті
Құлындағы дауысы қиырға жетті.
...долы дауыо жұрт зәресін ұшырды
Байрағымды жұлып жерге түсірді.
Жау әскері қарақұрым қаптаған,
Тұран елін аямай-ақ таптаған.
Әр найзаға бір-бір басты ілінті
Бір-бір басты қолтықтап та жүріпті.
Жарқ еткізіп алмас қылыш жасқады*

Қақ ортамнан екі бөліп тастады- деген жолдар бар.

Жаудың келе жатқанын батырдың түс көруі арқылы жеткізу тәсілі қазақтың батырлар жырында қазақ елін шабуға әзірленіп жатқан қалмақ ханы тайшық батыр да түсінен шошып оянады. Ол түсінде қалмақты қырғалы келе жатқан Алпамыс батырды көреді:

*Мен бір бүгін түс көрдім
Түсімде жаман іс көрдім,
Заманым менің қағынды
Қағынбасқа не қылды?
Құрсаулы қара бура кеп
Қарсы қарап шабынды
Қаланың аузын қан қылды
Қақпаның аузын шаң қылды
Айдарлымды құл қылды
Тұлымымды тұл қылды
Солқылдаған мырзамды
Табанға салып жүн қылды.*

Ежелгі түркі ауыз әдебиетіне тән бұл көркемдік дәстүрдің сол көне дәуірдің өзінде жазба әдебиеттен жалғасын тапқанын көреміз. Сонымен «Алып Ер Тоңа» дастанының негізгі идеясы – Тұран елін сыртқы жаудан қорғау, түркі жұртын ішкі-ынтымақ бірлікке үндеу, туған жердің абырой даңқын арттыра түсу болып табылады. Бұл дастан Алып Ер Тоңаның қайтыс болып, бүкіл түркі елінің күңіренген жоқтау жырымен аяқталады. «Алып Ер Тоңа» дастаны – түркі «тайпаларының байырғы поэтикалық өлшемінде - көгөлшемінде туған». Бұл өлшем бойынша жырдың алғашқы үш жолы өзара ұйқасады да, төртінші жолы келесі шумақтың төртінші жолымен ұйқасып отырады. Көне түркі поэзиясының **көг** өлшемі негізінен а-а-а-б; в-в-в-б; г-г-г-б түрінде болып келеді. Бұған мына жыр жолдары дәлел:

*Али Ер Тоңа өлді му?
Есіз ажун қалды му?
Өзлек өчун алды му?
Емді йурэк **йыртулар**.
Беглар атын арғұрб.
Қазғу аны түргұрұб
Меңзі йузі сарғыпаб
Қурқум анар **туртулар**.*

Ежелгі түркі жырларына тән ұйқастың мұндай түрі бертін келе қазақтың ақын-жыраулары поэзиясынан да кең орына алғаны мәлім. Мәселен, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау толғаулары мен Дулат, Абай сияқты ақындардың өлеңдерінде көг өлшемі жиі ұшырайды. Көне түркі ауыз әдебиеті тудырған мұндай жыр өлшемін ұлы абай өзіне ғана тән шеберлікпен жазба әдебиетте көркемдік дәстүр ретінде жалғастыра түсті. Мәселен, Абай «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінде:

*Әбілет басқан елерме,
Сөзгежуықкелерме?*

Түзу сөзге сенер ме?

*Түзелмесін білген ез?
«Айтыш-айтшылап» жалынар,
Ұққыш жансып шабынар
Ұқпай жатып жалынар
Ұйқылы ояу бойкүйез – дейді [3].*

Сөйтіп, «Алып Ер Тоңа» дастаны – түркі халықтардың ежелгі ерлік тарихын аңызға айналған шежіре деректер негізінде баяндайтын көне түркі фольклорының дәстүрлі талаптарына сәйкес туындаған қаһармандық жыр.

Ежелгі түркі поэзиясына тән дәстүр бойынша, осындай әрбір циклдың өзі міндетті түрде мынадай үш элементтен тұратын болған: 1. Оқиғаның басталуы; 2. Сол оқиға желісінің біртіндеп ұлғая түсуі; 3. Осы циклда айтылуға тиісті ой-пікірдің түйіні. Мәселен, «Күлтегін» (кіші жазу) жырының екінші циклы – Түрік қағанаты жерінің ұланғайыр кең екендігін суреттеуге арналған[4].

Бұл жырдың ерекшелігі – осы жыр бір-біріне толық дербес тұрған алты хикаядан, яғни алты оқиғадан құралған деуге болады. Бірінші хикая – түркі халқының ұлы ата-бабалары туралы; екінші хикая – түріктерді табағаштардың бағындырып алғаны жөнінде; үшінші хикая – Елтеріс қағанды

сипаттауға арналған; төртінші хикая – Қапаған қаған туралы; бесінші хикая – Білге қағанды жыр еткен; алтыншы хикая – Күлтегін туралы жыр. Түрік халқының ата-бабалары ұлы адамдар болғанын жырлауға арналған бірінші хикая – құлыптастағы руналық жазудың бірінші – төртінші жолдарын толық қамтиды.

Төртінші цикл – Білге қағанның ата-бабаларын жоқтап-жылауға арналған. Мұнда да әрбір цикл өз ішіне міндетті түрде үш элементті қамтиды – бастаушы (орысша «зачин»), осы циклдағы оқиғаның өрістеуі және түйіні.

Біртіндеп шағатай әдеби тілі жергілікті диалектілерге бөлініп ұлттық тілге дейінгі мәртебесіне жетті. Поэзиядағы буынның, айтылу мәнерінің әсері күшейіп силлабикалық өлшемге қызмет еткен ауызша әдеби үлгілер мен верлибрлердің қолданысы күшейді. Енді дәстүрлі араб-парсы әдеби жанрларының орнын жаңа еуропалық жанрлар-роман, драма, әңгіме сияқты үлгілер басты.

Ежелгіден бүгінгіге өткен Түрік әдебиетінде өзіне қалыптасқан ерекшелігінен таймай келеді. Ол көңіл-күйді білдіретін риторикалық элементтерінің кез-келген шығармаларында басымдығы. Ол өзінің негізін ежелгі жоғарыда талған өлең үлгілерінен алған болса соны қазіргі уақытта басынан кешірген символикалық, романтикалық үлгілермен жетілдірді. «Жаңа» хикаят жанры, «орта ойну» сияқты дәстүрлі драмадан жаңа үлгілерді дүниеге әкелді» [1, 255 б]. Ауыз әдебиетінің басымдығы барлық жанрларында көрініс беретін түрік әдебиеті қазіргі уақытта барлық бағытта өз қарымын танытып келе жатқан қуатты шығармаларымен танылып келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғалым Н.Келімбетов «Филологиялық мектептің историография, библиография, текстология үшін маңызды кейбір табыстары болғанын айту ләзім» – дей келе, “Тарихи салыстыру мектебі яки компаративизм ағымының Россияда туын көтерген адамдар – А.Веселовский, В.Миллерлер[2]. Мұндағы негізгі принцип – салыстыру. Дүние жүзінде капитализмнің дамуы нәтижесінде экономикалық қарым-қатынастар шеңбері ұлғайып, бір ел мен екінші ел, бір халық пен екінші халық жақындай түсті, жерге, байлыққа, қызығуымен қатар, әдебиет нұсқаларына да назар аударылды. Компаративистер әр түрлі халықтар әдебиетіндегі жанрларды салыстыра қарап, форма мәселесіне, сюжеттің шығуына байланысты көптеген пікірлер айтқан. Әдебиеттің әлеуметтік маңызына, эстетикалық сипатына бұл әдіс те терең бойлай алған жоқ” - дейді.

Яғни, қазіргі тұста компаративистердің осы күйіне қарап, проблемалық мәселені алдыға тартады. Оны шешу алдағы уақыттың еншісінде болса, тарихи салыстыру мектебі, яғни компаративизм термині, қазақ әдебиеттану ғылымында кейінгі он, он - бес жылдың ішінде ғана ауызға алынғаны жасырын емес. Бұл терминнің өзі әлемнің әдебиеттану ғылымында өткен ғасырдың 50-жылдарында ғана кеңінен пайдаланыла бастады. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты әдебиеттану ғылымында да түрлі терминдер мен атаулардың пайда болуы заңды да. Сондай терминнің бірі, әдебиет саласының бір бөлігіне айналған, көне дәуірдегі әдеби мұраларды танудағы жоғарыдағы аталған әдеби компаративистика болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бомбачи А. *Тюркские литературы. Введение в историю и стиль*. М, 1983. -255 стр.
2. Келімбетов Н. *Ежелгі дәуір әдебиеті*. А., 1989ж. 12-15 бет.
3. Ақмұқанова Б. *Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті*. А., 1983, 190, 191 – бет.
4. Рустамов Э.Р. *Узбекская поэзия в первой половине XVв.*, М., 1963, 35-37 бет.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

филол.ғ.д., профессоры **Р.ЗАЙКЕНОВА***

Түйіндеме

Бұл мақалада Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы негізінде «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жөн-жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген тұжырымы бойынша әдебиеттің келелі мәселелері сөз болады. Соның ішінде мақалада шетелдегі қазақ әдебиеті және шекара тақырыбына алғаш қалам тартқан халық жазушысы Қ.Жұмаділовтің романдары қамтылған. Кеңес өкіметі тұсында Шығыс Түркістан тақырыбын көтере білген халық жазушысының шығармашылығы бүгінгі рухани жаңғыру идеясымен өзектес екендігі дәлелденеді. Бұл тақырыпты эпикалық деңгейде көтере білген жазушының жете зерттелмей келе жатқаны алға тартылады. Қ.Жұмаділов шығармаларында әлденеше кезең шындығын, тұтас бір дәуірдің басты оқиғаларын тарихи шындық тұрғысынан көркем жеткізілетіндігін тап басып көрсеткен автор жазушыны әлденеше қырынан тереңдеп зерттеу қажет екендігін алға тартады.

Тірек сөздер: рухани жаңғыру, ұлттық рух, тарихи шындық, идея, әдебиет.

SPIRITUAL MODERNIZATION AND LITERATURE

Abstract

In this article, the main issues of the literature on the theme "National tradition, language and music, literature, traditions, in a word, the national spirit must remain in us" is based on the article "Leading to the future: spiritual revival" by President N.Nazarbayev. The article includes the novels of the national writer K.Zhumadilov, the first Kazakh writer on foreign literature and borders. It is proved that the work of the People's writer, who was able to raise the issue of East Turkestan during the Soviet era, is in line with the idea of spiritual revival today. It is noteworthy that the writer, who was able to raise this subject on an epic, was not being studied. The author suggests that the writer has to study the writer in more depth than ever before in the works of K.Zhumadilov, which has proven to be a factual period of reality, the main historical events of a whole epoch.

Key words: spiritual revival, national spirit, historical reality, idea, literature.

КІРІСПЕ

Әдебиет – заман айнасы. Оның бақылайтыны, айналысатыны адам. Ел өміріндегі ұлықаусар оқиғаны, әлеуметтік құбылысты, жамағаттың жан қозғалысын тіркейді. Осыншама ұзақ тарихы, бай мәдениеті бола тұра, қазақ халқы үлкен-үлкен үш топқа бөлініп, одан арғысы торғайдай тозып дүниенің төрт бұрышына тарады. Бірнеше ғасыр бойы тағдыры талқыға түсіп, қандай қырғынды, қандай сүргінді басынан өткерсе де, ел қорғаған батырын, оны жырына қосқан ақынын халық ешқашан ұмытқан емес. Зобалаң тудырған жыр-толғауларды ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа саналы түрде көшіріп отырған. Қадім заманнан бері тілі, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы ортақ этникалық төркіні түп-тұтас қазақ жері бөліске түсіп, орыс-қытай қарамағына өткеннен кейін, елдің еркіндігіне шек түсті. Жаңа билеушілерінің тепкісіне, тепершілігіне шыдамағандықтан халықтық қақтығыс екі империядан бірдей шықты. Шыққанда да бұрқ етіп, басыла салған жоқ. Әр жолғы дүрбелең, ірі-ірі қантөгіспен, қып-қызыл қырғынмен тынып отырды.

Өткенге көз жіберсек, батыр да, барлық жыр да, дастандар мен хикаяттар да кез-келген уақытта туа бермейді. Батыр мен ақын ең алдымен халқының жыртысын жырттып, еңсесін тіктейтін дінгегі, ұлтының маңдайындағы – көзі, таңдайындағы – сөзі. Ендеше елдің елдігін танытып, рухын өсіретін потенциалды ең алдымен мемлекеттік құрылым қорғауы керек.

Бұл тұрғыдан алғанда Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы», сондықтан «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жөн-жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» екендігін атап көрсеткен еді.

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ruda1957@mail.ru

Сондай-ақ мақалада көрсетілгендей табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екендігі, жастарымызға басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұратындығы, себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететіндігі ақиқат.

Өйткені «Рухани жаңғыру» идеясы аясында тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі, салт-дәстүрі «Ұлттық бірегейлікті сақтай» отырып, ешқашан бұлжымайтын екі ереже бойынша жүзеге асуы керек.

Оның «Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек». Елбасының осы қағидасы біздің ұлттық жаңғыруымыздың басты мақсатына айналып, ел санасын жаңғыртып, өркениетті қоғам құру мәселесі өз-өзінен күн тәртібіне шығып отыр.

«Рухани жаңғыру» идеясы аясында жүзеге аса бастаған тың жобалардың бірі ең алдымен гуманитарлық бағыттағы атап айтқанда тарих, философия, саясаттану, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, филология, педагогика, сондай-ақ, түркітануға байланысты оқулықтардың жедел түрде қазақ тіліне аударылып, ел қолына тие бастауы жаңа өркениеттің кеңінен орын тебуінен де айқындалады.

М.Әуезов өзі суреттеп отырған дәуір келбетін тұтас қамтып, Абай заманы арқылы ұлттық мәдениетіміздің тұңғыш тарихи «көркем полотносын» жасаса, ал халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы өзі көзімен көріп, құлағымен естіген, өзімен бірге жүрген адамдардың тағдыр-талайын суреттеу арқылы Әуезов суреттеген дәуір сипатына бір бүйірден келіп, «жұрт назарын аударарлық ерекше құбылысқа» (Р.Бердібаев) айналдырды. Осы арқылы қалыптасқан дәстүр тағы да бір жаңа сипатқа ие болды. Демек көрген-білгені жағынан Қ.Жұмаділов кешегі алашордашылармен де, М.Әуезовтермен де, бүгінгі С.Мұратбеков, Р.Тоқтаров, Д.Исабеков, О.Бөкеев, С.Сматаев, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Ә.Тарази, С.Елубаев, Т.Әбдіқовтермен де қаралас. Әдебиетке қатар келген бұл топтың қазақ прозасын дамытудағы ролі ауыз толтырып айтарлықтай.

Қ.Жұмаділовті өз тұрғыластарынан даралайтын ерекшелік – біріншіден, оның оң-солын танып білгенше, қаймағы бұзылмаған қазақтың қалың ортасында қалыптасуы, екіншіден, қызыл империяның тұсында «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген идеяны негізге алмай, жанын шүперекке түйіп, ешкім бармаған тың тақырыпқа баруы. Үшіншіден, көзбен көріп, қолымен ұстаған өмірдің өзін қағазға қалыбын құратпай түсіруі.

Айта кететін бір жай – жариялануы кештеу демесеңіз, С.Сматаевтың «Елім-айы» мен Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көші» әріректе жазылған шығармалар. Мысалы, «Соңғы көштің» нүктесі 1971 жылықойылып, 1973 жылы «Лениншіл жас» (16 янв.) газетіне «Қамаудағы көкжал» деген атпен көлемі әжептәуір үзінді жарияланған болатын. Содан 1974 жылы романның бірінші томы жарияланса да, диалогияның толық нұсқасы оқырман қолына тигенше арада оншақты жыл өтті. «Елім-айдың» да тағдыры соған жуық. Демек, бұл екі автор да тарихи тақырыпқа М.Әуезовтен кейінгі қалам тартушылардың ең алғашқы легінде.

Десе де, Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» романы тақырып сонылығымен, заман шындығын көркем айшықтаумен әлі де дара тұр. Сондай-ақ оның шығармалары посткеңестік жүйенің «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» желеуінен ада болуы қазақ халқының мәдени руханиятын емен-еркін көрсетуге жол ашты. Роман-диалогия соңында жазушы от тиген қамыстай, елдің дүрк көтерілуіне себепші болған бүкіл Құлыстайды кезген ұлы дүбір «көш», «көшу» деген сөздің құдіретіне бас иіп, «Ұлы көш» басталды деген сөзді жүйрік аттың желмен жарысқанына теңейді. Осылайша қазаққа бұрыннан етене таныс жылқы мен көш ұғымы тарихи поэтикалық сыр-сипатқа ие болған.

Романды оқымаған адамға «Соңғы көштің» тақырыбы 1962 жылы 10 сәуірден 1 мамырға дейін айналасы 20 күн ішінде Тарбағатай шекарасынан Қазақстанға өткен 200 мың адамның қалың көші сияқты болып көрінуі мүмкін. Негізінде мүлде бұлай емес. Бұл кітап – ХХ ғасырдың ортасына дейін тек Қытайда ғана сақталған көшпенділер тұрмысының соңғы шежіресі іспетті. Сондай-ақ Тарбағатай аймағын мекен еткен қазақтардың ұлт-азаттық күресі, Оспан батыр бастаған көтеріліске қатысқан халық қаһармандарының азапты тағдыры, Шығыс Түркістан республикасының күйреуі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі Алаш зиялыларының шекара сыртындағы қазақтарға тигізген рухани әсері, қазақ өмірінде «ақ қашқан» жылы деген атпен қалған кезең көрінісі, жергілікті халықтың жерінің үстімен жүрген ақтың генералдары Анненков, Дутов соның ішінде генерал Бакшъ армиясының соңғы тынысы, Қазақстандағы ашаршылық зардаптарынан босқан елдің Шыңжаңдағы тағдыры, ондағы «мәдениет төңкерісі» басталар алдындағы оқтын-оқтын халық басына төнген саяси науқан жылдарынан кейін бүкіл Құлыстайды кезген «көш» дүбірі, мұның ақыры болашақ ұрпақ қамын ойлаған алашшыл азаматтардың бастауымен, отандастарымыздың ата жұртқа келіп қосылуымен роман

концепциясы түйінделеді. Дилогия сюжетіне арқау болған осы желілердің барлығы да көшпелі ұлт руханиятының тұрмыстық-этнографиялық мәдениетімен, дәстүрлі өнегелі сипатымен, қанық ұлттық бояуымен көркемдік шешім табады.

«Соңғы көш» роман-дилогиясының бірінші кітабы «Қарсанда», «Қат-қабатта», «Сарыжайлау», «Ақпанда» деген төрт бөлімнен, екінші кітабы «Қара қақпа», «Киелі қан», «Кісен ашқан» деген үш бөлімнен тұрады. Сырқы композицияның элементі ретінде қызмет атқарып тұрған бұл тақырыптардан суреттеліп отырған дәуірдің басты сипатынан хабардар еткендей болады. Қазақ әдебиетінде оқиғасы тұтас бір дәуірді қамтитын роман-эпопея деңгейінде талданып келген шығарма – М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы.

«Таңғажайып дүние» атты мемуарлық романында жазушы 1949 жылы Алматыдағы «Қазақ елі» баспасынан Шыңжан қазақтары үшін араб әрпінде басылып шыққан «Абай» романының екі кітабын оқып, Абайдай данышпан ұшыраспағанымен, Құнанбай, Бөжей, Қаратайдай шонжарлар мен Зере, Ұлжандай әже-аналар, Тоғжан, Әйгерім, Салтанат сынды арулар, Базаралы, Балағаз, Дәркембай сынды қайратты азаматтарды оқығанда өзінің ежелгі таныстарымен қайта қауышқандай, бір ғажап күйге бөленгендігін «бұл кітап дегенің құр қиялдан емес, өмірдің өзінен туады екен-ау» деген ой қылаң бергендігін әсерлі етіп жазады (Қабдеш, 2, 195).

«Соңғы көшпен» «Абай жолындағы» байланыстың бір жағы жазушының өзі айтқандай «құр қиялдан емес, өмірдің нақты өзінен» туғандығында болса, екіншіден, жан мен тәнге ортақ таным-түйсіктің үндестігі. Сондықтан да Қ.Жұмаділовтің шығармалық ізденісі М.Әуезовтың көркемдік дәстүрімен сабақтасып жатуы – заңды құбылыс.

Өмір ағысы шекараның екі бетінің сипаты сияқты болып көрінгенімен, екі романдағы кезең, кеңістік, уақыт қана емес, қазақтың сол кездегі тұрмыс жағдайы, өмір сүру салты, ұлттық дүниетанымы мен дәстүрі ортақ. Шекараның қай бетінде болса да, қазақ ұлтының рухани және мәдени өмірі мен тарихын оның ұлттық болмысынан бөліп қарауға болмайтындығын, біз ең алғаш Қ.Жұмаділов шығармалары арқылы танып-білдік. Қ.Жұмаділов арғы беттегі өмірді ғана сипаттап қоймапты, ол қазақ әдебиеті тарихындағы ақтаңдақ беттерді толтырыпты. Ал «Соңғы көш» романының көркемдік әсері жағынан келгенде, оның ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы, образ сомдау даралығы, қат-қабат оқиғаларды жинақтап берудегі нақтылығы мен аз сөзге көп мағына сыйғызатын поэтикалық ерекшелігі бүгінгі күн тұрғысынан талдана бастаса, Қ.Жұмаділовтің қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны әлі де айқындала түседі-ау деп ойлаймыз.

1981 жылдың өзінде-ақ Қ.Жұмаділов Шығыс Түркістан тақырыбының қағаз бетіне түспей қағаберіс жатқаны болмаса, олардың тарихы, азаттық үшін айқасы, басқыншыларға қарсы ерлікке толы күресі, басқасын былай қойғанда 1945 жылы жеңіске жеткен ұлт-азаттық төңкерісі, бес жыл бойы дербес мемлекет болып тұрған Шығыс Түркістан республикасының құлауы, Оспан батыр бастаған халық көтерілісі әлі де талай романға азық болары сөзсіз екендігін атап көрсетеді (Қабдеш, 2). Мұның жарқын көрінісін Шыңжаңдағы үш аймақ көтерілісін нақтылы сөз ететін Жанат Ахмадидің «Дүрбелең», «Шырғалаң» дилогиясынан, Шәмсі Құмардың «Қайқая шапқан қарагер», Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Тау тағысы», Батырхан Құсбегиннің «Зуха батыры», Қажығұмар Шабданұлының «Пана», Сейітқан Әбілқасымовтың «Оспан батыр», Жаксылық Сәмитұлының «Сергелдең» (төрт кітап) атты романдарынан анық көруге болады.

Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» дилогиясымен, «Тағдыр», «Прометей алауы», «Таңғажайып дүние» атты романдарындағы ортақ байланысты атап айту керек. Мұның біріншісі – оқиғалардың өткен орны мен мекен-тұрағының бір жер болуы. Екіншісі – кейіпкерлерге байланысты. Аталған романдарда Қанағат би, Күдері, Ысмайыл т.б. сияқты кейіпкерлер еш өзгеріссіз алынады. Мысалы, «Соңғы көште» басты кейіпкер Естайдың әкесі Қанағат би елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын ел ағасы ретінде суреттелсе, «Тағдыр» романында Қанағат бидің әкесі Күдері мен атасы Ысмайылдың кесек тұлғалары сомдалады. «Прометей алауы» романында XIX ғасырдағы екі өлкеге де шарапаты тиген дін қайраткерлерінің тарихи орны көркем айналымға түскенімен, бізге жақсы таныс төртуыл жуандары Ысмайыл, Күдері мен Керімбайлар мұнда да бой көрсетеді. Ал «Таңғажайып дүниеде» бұл кейіпкерлердің нақтылы тарихи орны мен өмірдегі бейнесі ашылады. Үшінші байланыстырып тұрған нәрсе – дәуір шындығын, оның басты оқиғасын жазбай тану. Төртіншісі – тіл. Жазушының сол дәуір туралы дүниетанымы, авторлық ой елегінен өткен тілдік қоры, этнографиялық тіпті фольклорлық түсінік деңгейі, сүйек сіңді не жүре бітті білім-білігі төрт романдан да білініп тұрады. Бесіншіден – Қ.Жұмаділов романдарының қай-қайсысы да әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерін толықтыруға бағытталған. Қазақ халқының басынан өткен оқиғалардың бұрын зерттелмеген тұсына назар аударып,

соны тарихи дәлдікпен көркем шындыққа айналдыру арқылы тарихты зерттеуші ғалымдардың назарын сол тұсқа аударуға тырысады.

Шетелдегі қазақтардың тағдыр талайы туралы білу – әлі де зәру мәселелердің бірі. Бұл мәселе тұрмақ, жалпы «кенестік дәуірде туған тарихи романдарға объективті түрде баға берілді» деп бүгінде ешкім де айта алмаса керек. Ал 1974 жылы «Соңғы көш» сияқты шекара сыртындағы қазақтар тағдырын тұңғыш қозғайтын роман алғаш шыққанда қазақ сыны жұмған аузын ашпады. Тек Жазушылар Одағының дәстүрлі өтетін жыл қорытындысында ғана «қазақ әдебиеті тарихына қосылған сүбелі шығарма» екендігі аталып өтті (Қабдеш, 2,481). Жекелеген немесешолу мақалаларда, әсіресе тіліне байланысты оң баға беріліп, атап өтілетіні болмаса, қазақ халқының сүйікті шығармаларының біріне айналған «Соңғы көш» туралы әлі күнге дейін арнайы зерттеу жұмысы жазылған емес.

Ұланғайыр тарихымыздың бір тарауы – Қытайдағы қазақтардың Түркияға көшуі. Бұл тұрғыдан келгенде Х.Алтай мен Х.Оралтайдың бастарынан өткен нақты оқиғаны сипаттап жазған өмірбаяндық кітаптарын астын сызып атау керек. «Соңғы көштегі» қазақ басына түскен тауқыметті тағдырдың суретін бұл екі кітаптан айғақты деректер негізінде көресіз. Халифа Алтайдың кезінде екі рет түрікше, қазақша басылған «Ата жұрттан Анодолияға дейін» кітабының Қазақстанда 2000 жылы «Алтайдан ауған ел» деген атпен басылып, толықтырылған нұсқасында 1889 жылы Бөке батыр бастаған Алтай қазақтарының Тибетке келуін, одан Индияға, одан Пакистан арқылы Түркияға ауған қазақтардың азапты сапары мен сол тұстағы өз басынан өткен қиын күндері сөз болады. Мұндағы көштің сипаты бөлек. Бұл – Түркияны бетке алып, Алтай, Тарбағатай аймақтарынан ауған елдің жол үстіндегі тарихи шежіресі іспетті кітап. Халифа Алтай кітабының бірінші бетін ашатын Алтайдан ауған елдің ең алғашқы көшін бастаған Бөке батыр туралы да бірнеше романдар жазылды. Соның ішінде Қытайға белгілі жазушы Шәміс Құмардың «Бөке батыр» романын оқырман қауым жылы қабылдады. 1903 жылы Бөке батыр Тибет жерінде қайтыс болады, оның ізін бағып отырған Қытай әскері қорғансыз елді шауып, қайтадан кері көшіреді де, қабірді ашып, Бөкенің басын кесіп алып, Үрімжі қаласына әкеліп, халық көп жүретін көшенің біріне іліп қояды. Кейін баласы батырдың басын туған жері Алтайға әкеп жерлейді. Халифа Алтай кітабында сөз болатын екінші көш 1932-1933 жылдары табиғаттың да қатты қысып, жұрт «егіз тауық» деп атаған жылдарымен дөп келеді. Монғолия мен Қазақстан шекарасында көшіп-қонып жүретін 500 үйге Қазақстан белсенділері тыныштық бермей, Монғолияның шығысына қарай еріксіз ығыстыра бастайды. Бір жағы Монғолиямен болған қатты қақтығыстардан, бір жағы Қазақстаннан келген шолақ белсенді Кенжебек дегеннің салған лаңынан кейін ешкімге соқтықпай мал баққан момын ел Алтайдың күнгей бетінде отырған Халифа аулына көшіп келеді. Алтай қазақтарының осы 500 түтінмен бірге басталған 1000 үй, 3039 адам, 1500 қару, 2000 түйе, 5000 жылқы, 8000 қойы бар екінші көші яғни 1933 жылы он үш жастағы Халифа Алтайдың Түркияға сапары осылайша басталады...

1940 жылдардан бастап, Алтай аймағын азат етуді мақсат еткен Оспан батыр мен Жанымхан қажы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер және де Бөке батыр кеткен ізбен 1949 жылы Қалибек Хакім бастаған үшінші көш туралы Хасан Оралтайдың 2005 жылы Алматыдағы «Білім баспасынан» жарық көрген «Елім-айлап өткен өмір» кітабында егжей-тегжейлі баяндалады. Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтерілістерден кейін автордың әкесі Қалибек Хакім бастаған көштің Такламан шөлінде, Гималай тауында және Түркия мен Германиядағы арпалысты жылдары нақтылы деректер негізінде сөз болады. Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» сөзіне берген қат-қабат мағынасының астарында қилы-қилы өмір жатқанына тағы да көзіңіз жете түседі. Белгілі академик-ғалым Р.Нұрғали құрастырған «Қазақтың 100 романы» атты кітабында: «Шетелдегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, журналист, қаламгер Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» шығармасын жанр жағынан алғанда, өмірбаяндық роман деуге болады. 1999 жылы Стамбул қаласында жарық көрген сегіз жүз бетке жуық туынды С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романдары сияқты автордың басынан кешкен өмір жолынан мол мағлұматар береді. Мұндай романдар қазіргі әдебиетімізде де бар. Мысалы соңғы онжылдықта жарық көрген Б.Тілегеновтың «Тұйық өмірдің құпиясы», Ә.Нұршайықовтың «Өткелдер», Р.Тоқтаровтың «Бітеу жара», Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», М.Мағауиннің «Мен» романын айтуға болады», – деп жазылған. (Қабдеш, 3,193) Осы тізімнің қатарына жоғарыда аталған Халифа Алтайдың туындысын да жатқызуға болады. Сонымен бірге бірін-бірі толықтырып тұрған бұл екі кітап Түркияға ауған қазақтардың тағдырының тарихи шешіресі әрі ғұмырбаяндық роман жазудың өзіндік өнегесін көрсететін қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі дүниелер деп таныған дұрыс.

Тибет арқылы Индияға, одан Пакистан арқылы Түркияға кетуге мәжбүр болған қазақтарды көзімен көрген Британ парламентарийі былай деп жазады: «...Орта Азияны коммунистік идеяның жайлауымен ымыраға келмеген қазақтардың ерлік пен қасіретке толы тағдырлары осындай болды. Ресей орнықтырған тирания мен Қытайдың жаңа тираниясы қазіргі кезде бұл құрлықтың халқын азапқа салды. Осы тираниядан қазақтардың қашуы – ерлік және бұл туралы Еуропа мен Азияның ерікті әлемі білуге тиіс», – дейді. (Рымғали, 4,81). Жоғарыда аталған Х.Алтай мен Х.Оралтайдың деректі кітаптарын оқысаңыз, кезінде қай жерде өмір сүрмесін, қандай ұлттың өкілі болмасын көзі ашық, көкірегі ояу оқығандар мен алашшыл азаматтар сезінген бізге беймәлім дүниенің қаз-қалпында жасалған картинасы көз алдыңызға келеді. Қазақ әдебиетіне «шекара» тақырыбын тұңғыш әкелген Қ.Жұмаділовтің «Мен Қазақстанға уылдырық шашу үшін келдім» деген сөзді тегіннен-тегін айтпайтынын осыдан да көруге болады (5).

ҚОРЫТЫНДЫ

Бір ғажабы, 1981 жылғы «Соңғы көш» осылай туған» деген мақаласында автор сыншыларға өзі бағыт-бағдар сілтеген екен. Аталмыш романдағы образдар жүйесін, адамдар арасындағы ара қарым-қатынасты талдағанда, оларды үйреншікті тәсіл бойынша бай немесе кедей деп, біріңғай таптық тұрғыдан жіліктеуге келе бермейтіндігін айта келіп, сол тұстағы Африка, Азия, Латын Америкасындағы ұлт-азаттық күресі жүріп жатқан елдердегі сияқты, кезінде Шығыс Түркістанда да «Бірлік сап» деп аталатын майдан құрылғандығын, бұған еңбекші халықпен бірге көзі ашық байлар да, оқыған зиялы қауым да түгел қатынасқандығын жазады. Сондықтан да жазушы мұндағы тартыс табиғатын таза таптық тұрғыдан түсіндірмей, ұлттық мүдде тұрғысынан қарау керек дегенді ашық айта алмаса да, «ұлт мәселесі түбегейлі шешіліп болмаған, ішінара ерекшелігі бар ел ретінде қараған орынды» деген емеурін танытады. Шығыс Түркістан туралы не арғы беттен, не бергі беттен ешқандай мәлімет жоқ, құлаққа ұрған танадай болып тұрған кезінде Қ.Жұмаділовтің бұл тақырыпты эпикалық деңгейде алғаш көтеруін бүгінгі ұрпақ ерлік деп бағалау керек деп білеміз.

Шығыс Түркістан қазақтары деген кімдер? Олар бізден бөлініп ол жаққа қалай барып қалды? деген оқырман сауалына жарты ғасырға жуық талмай жауап беріп, шекараның арғы бетіндегі қазақтар өмірінен «тауқыметті тұрмыс шежіресін» (Т.Әлімқұлов) туғызып, бір емес, әлденеше кезең шындығын, негізгі объектіге айналған тұтас дәуірдің басты оқиғаларын тап басып көрсететін қомақты туындылар легін дүниеге әкелген Қ.Жұмаділов шығармашылығы әлденеше қырынан тереңдеп зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Нұрсұлтан. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*. //Егемен Қазақстан 26 сәуір, 2017 ж.
2. Жұмаділов Қабдеш. *Таңғажайып дүние*. – Алматы: Тамыр, 1999. – 623б.
3. Жұмаділов Қабдеш. *«Соңғы көш» осылай туған*. // Қазақ әдебиеті. -1981. 2 октябрь.
4. Нұрғали Рымғали. *Жеті томдық шығармалар жинағы. Қазақтың 100 романы*. (Тілешов Е.) – Астана: Фолиант, 2005.– 532 б
5. *Қазақ. Жинақ*. (Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы). – Алматы: Білім, 1994. – 175 б.
6. *Жазушымен сұхбат*. / Әңг. Д.Анаш // Алматы ақшамы, 2006 жылы. – 20 сәуірде. – Б.7-9.

AZERBAIJAN MİLLÎ ROMANTİZMİ'NİN İLK TEMSİLCİLERİNDEN ABDÜLHALİK CENNETİ (GAFFARZÂDE)

Huseyn AHMADOV*

Özet

XX. yüzyılın başlarında yaşanan siyasi gelişmeleri bütün Rusya'da olduğu gibi Azerbaycan'da da etkisini göstermiştir. Esarete yaşayan halklarda özgürlük fikirleri artmaya başlamıştır. Özellikle bu temanın işlenmesi açısından edebiyat önemli bir vasıta haline gelmiştir. Bu yıllarda Azerbaycan edebiyatında Abbas Sehhet, Ali Abbas Müznib, Mehmet Hadi, Ahmet Cevat, Hüseyin Cavit, AbdullaŞaik gibi şairler, Azerbaycan Millî Romantizmi'ni oluşturanlar arasında yer almışlardır. Bu şairlerden biri de Abdülhaluk Cenneti'dir. Abdülhaluk Cenneti (Gafarzade), edebi faaliyetlerini XIX. yüzyılın ikinci yarısından XX. yüzyılın ilk yarısına kadar sürdürmüştür. Şairedebîeserlerini daha çok klasiküslupta yazmıştır. Millî ruha ve maarifçiliğe önem veren şair, şiirlerini genellikle aruz vezninde kaleme almıştır. Bunun yanı sıra hece vezninde de şiirleri bulunmaktadır. Şiirlerinde yaşadığı dönemi sert bir dille eleştiren Cenneti, özellikle çar yönetiminin ağırı ve acılarından bahsetmiştir. Şair hürriyet düşüncelerini eserlerinde her fırsatta dile getirmiştir. Azerbaycan Millî Romantizmi'nin etkisinde kalan Abdülhaluk Cenneti, eserlerini dönemin "Dirilik", "Babai- Emir", "Fiyuzat", "İkbal", "Tekâmül", "Azerbaycan" gibi önemli basın organlarında yayınlamıştır. Şair eserlerinin çok az kısmını kitap şeklinde bastırmıştır. Buna 1917 yılında Bakü'de basılan "Türkçe Gazeller" kitabı örnek gösterilebilir. Bunun yanı sıra, şairin günümüzde basılmayan el yazısı şeklinde bulunan birçok eseri de vardır. Bu çalışmada Abdülhaluk Cenneti'nin hayatı ve sanatı üzerinde durulacaktır. Aynı zamanda onun Azerbaycan Millî Romantizmi'ne katkısından bahsedilecektir.

Anahtar Kelimeler: Abdülhaluk Cenneti, şiir, Azerbaycan, Millî romantizm.

ONE OF THEFOUNDERMEMBERS OFNATIONALROMANTICISM IN AZERBAIJAN: ABDULHALİK CENNETİ (GAFFARZADE)

Abstract

The political event occurred in Russia at the beginning of XX. century, also effected Azerbaijan. Thoughts of freedom were increasing among dependent people. And the literature especially became important to treat this theme. Poets like Abbas Sehhet, Ali Abbas Munzib, Mehemed Hadi, Ahmed Cevad, Huseyin Cavid, Abdulla Shaik were ones who found romantic national literature in Azerbaijan. One of them was Abdül haluk Cenneti. Abdulhaluk Cenneti (Gafarzade) wrote his literary Works from these condterm of XIX. century up to the first term of XX.century. In his literary works, he especially focuse don classical poetry. Cenneti who care dabout national soul and education, wrote his poetry with aruz prosody. He wrote his poetry with syllabic metertoo. In his poetry Cenneti sverely criticised his term, especially, mention edabout pains of Tzarism. He wrote his opinions about "freedom" in his poetry at every turn. Abdulhaluk Cenneti, who was under their fluence of Azerbaijani romanticism, published his works in important pressorgans like "Baba-i Emir", "Fiyuzat", "İkbal", "Tekamul", "Azerbaycan". Very few of his Works were pressed as book. His book with the title of "TurkishGhazals" can be cited as an example. Besides there are a lot of manuscript which haven't been published so far. In this article, the art and works of Abdulhalik Cenneti will be examined and his contributions to national romanticism in Azerbaijan will be mentioned.

Keywords: Abdulhalik Cenneti, poetry, Azerbaijan, nationalromanticism

GİRİŞ

Azerbaycan klasik edebiyatının son temsilcilerinden biri olan Abdülhalık Abdulgaffar oğlu Gaffarzâde Cenneti, 1855 yılında Bakü'de doğmuştur. Eğitimini dinî mektepte almıştır. Bu okulda Kuran-ı Kerim okumayı öğrenmenin yanı sıra Arapça ve Farsçayı da öğrenmiştir. Öğrendiği bu diller sayesinde Cenneti, Azerbaycan aydınlarının yanı sıra Doğu dünyasından olan aydınların eserleriyle de tanışmıştır. Fakat maddi sıkıntılardan dolayı şair, düzenli bir eğitim alamamış daha çocukken çalışmak zorunda kalmıştır.

Yaşadığı bütün maddi sıkıntılara rağmen edebiyata olan merakı onu sık sık Bakü'deki edebî sohbetlere çekmiştir. Burada elde ettiği tecrübe ve yeteneğinin sayesinde artık genç yaşta Bakü'de kurulan "Meclis-i Şuara" edebî meclisinin aktif üyelerinden biri olmuştur. On sekiz yaşında şiir yazmaya başlayan şair, 1915 yılına kadar faaliyet gösteren bu edebî mecliste Azerbaycan edebiyatı tarihinde önemli bir yeri olan Seyit Azim Şirvani'nin detaktirini kazanmayı başarmıştır. Seyit Azim, meclislerin birinde bu kadar

*Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü, doktora öğrencisi, h_ahmedov1989@yandex.com

başarılı olmasına rağmen neden diğer şairlere göre daha az tanındığını sorduğunda Cenneti'nin cevabı şöyle olmuştur: “*Kiminin meşhuratı olur, kiminin hüneri.*” (Xəyal, 2003: 33).

“Vasıf”, “Attar”, “Heccerzade”, “Daşkesenoğlu” gibi mahlaslar kullanarak ilk edebî eserlerini ortaya koyan şair, daha sonra bağa, bostana, gülistana vurgun olması dolayısıyla “Cenneti” mahlasını kullanmaya başlamıştır.

Abdülhaluk Cenneti, edebî faaliyetlerin yanı sıra maarifçi faaliyetleriyle de bilinmiştir. Şair, usul-i cedit okullarının kurulmasına yakından iştirak etmiştir. Onun bu faaliyetleri yeni sisteme karşı çıkanların tepkisine neden olmuş ve kendisi de sürekli takiplere maruz kalmıştır.

Hayatında birçok trajik olay yaşayan şair, çocuklarını genç yaşta kaybetmiştir. Bundan dolayı bunalımlar yaşayan şair, 1931 yılında kanser hastalığından vefat etmiştir.

1. EDEBİ KİŞİLİĞİ

Edebî faaliyetlerine genç yaşta başlayan Cenneti, ilk başlarda daha çok âşıkane gazeller ve mersiyeler kaleme almıştır. Daha sonra ülkede siyasî durumun değişmesi, şairin edebî çalışmalarını da derinden etkilemiştir. 1905 yılından itibaren Bakü'de çıkmaya başlayan basın organlarında şair aktif bir şekilde faaliyet göstermiştir. Cenneti, eserlerini “Tekâmül”, “İraşad” “Dirilik” gibi dönemin önemli yayın organlarında bastırmıştır.

Şiirlerinde çeşitli konuları ele alan Cenneti'nin “Mühessenat-i Şeriyet” adlı risalesi, “TehvillaÖvzan” adlı kavaid-i edebiye kitabı ve “Yenibül Hikmet” gibi eserleri Azerbaycan Elyazmalar Enstitüsünde bulunmaktadır. Bunun yanı sıra edip; altı bin beyitlik divan,ahlâk felsefesine dair üç ciltlik eserve “El Sefer Fil Hezer” adlı bir roman kaleme almıştır. Şair edebî faaliyetlerinde halk bilimine de yer vermiştir. Bu alanda Cenneti'nin mani tarzında kaleme aldığı şiirleri ve darbimeselleri örnek gösterilebilir.

Edebî faaliyetlerinde ülkedeki siyasî durumdan etkilenen şair, Sovyet döneminde çok az eser kaleme almıştır. Hatta ömrünün sonuna yakın kaleme aldığı son şiirinde artık yorulduğunu, gençlere yol açmak istediğini ve bundan dolayı şairliği bıraktığını şöyle dile getirmiştir:

*“Yetər, ey mürdeyi-cünbündəhəvəsdir, bəsdir,
Ruhin uçmuş, cəsədin xaliqəfəsdir, bəsdir.
Bir müqəvvakibisən, tabütəvanını yoxdur,
Dirilikdən əsərin varsa, nəfəsdir, bəsdir.
Çalınır zəngi-şütür, başqatədarüknəgərək,
Bu ənifin ki, həməvazicərəsdir, bəsdir.
Pir vəqtində cəvanlarkibi at oynatma,
Qarğıdır çapdığında at, sanma fərəsdir, bəsdir.”* (Cənnəti, 2006:116)

2. AZERBAJCAN MİLLİ ROMANTİZMİ'Nİ ETKİLEYEN ESERLERİ

Çar Rusyası'nda 1905 yılında yaşanan sosyal ve siyasî olaylar birçok alanda etkili olduğu gibi edebiyatta da derin etkiler yaratmıştır. Özellikle müstemleke şeklinde yaşayan Türk toplumlarında fikir özgürlükleri artmaya başlamıştır. Bu hareket Bakü merkez olmak üzere tüm Azerbaycan'da hareketlilik yaratmıştır. Bunu, dönemin yazar ve şairlerinin eserlerinde açık bir şekilde görmek mümkündür.

Yaşanan gelişmeler Azerbaycan Millî Romantizmi'nin oluşmasına neden olmuştur. Klasik Azerbaycan edebiyatındaki romantizm istisna olmak şartıyla yeni dönem romantizmi Azerbaycan edebiyatına iki yolla gelmiştir. Birisi Türkiye diğeri ise Rusya'dır. Türkiye etkisiyle oluşan romantik akımda Azerbaycanlı aydınlar, Rıza Tevfik, Abdülhak Hamit, Abdullah Cevdet ve Namık Kemal'den esinlenmişlerdir. Türkçülük ve İslamcılık fikir akımlarına daha yakın olan aydınlar arasında Ali Bey Hüseyinzade, Ali Abbas Müznib, Samet Mensur ve AğadadaşMuniri, Mehmet Hadi, Hüseyin Cavit, Ahmet Cevat gibi edipler örnek gösterilebilir. Rusya'dan gelen romantizme yönelen edipler ise Lermantov, Puşkin gibi Rus yazar ve şairlerinin etkisinde kalmıştır. Bu aydınlara AbdullaŞaik, Abbas Sehhet, Abdulla Bey Divanbeyoğlu örnek gösterilebilir (Cəlal vd. 1982).

Bu aydınlar biri de Abdülhaluk Cenneti'dir. Çar Rusyası'nda yaşanan olaylara kadar şairin edebî faaliyetinde yer alan eserler daha çok aşk ve tabiat konulu olmuştur. Fakat sansürün ortadan kalkması ve millî uyanış hareketliliğinin güçlenmesiyle birlikte birçok Azerbaycan aydınlarında olduğu gibi şairin edebî faaliyetinde de değişim yaşanmıştır. Millî romantizmin güçlendiği bu dönemlerde Cenneti, dinî-ahlâkî ve vatan sevgisinin içinde yer aldığı şiirler kaleme almıştır (Erol, 2007: 54). Bu periyotta şair, artık vatan, millet ve hürriyet kelimelerini şiirlerinde kullanmaya başlamıştır. Şair bu dönemden itibaren kaleme aldığı eserlerinde hükümete açık şekilde itiraz etmiştir. Romanovlar sülalesi dönemindeki istibdat ve açlık dönemiyle ilgili şair düşüncelerini şöyle dile getirmiştir:

*“Fəğan, fəryad çərxi-dumu bədbünyaddövründən,
Bu bərbad olmuşun daim çəkiblərdaddövründən.”*

*Əgərtəqriredərsəm, lal olur nitqim, dilim tutmaz,
Amandır, açma söhbəthərgiz istibdat dövründən.
Əgərsahibhünərsənhərnəgörmüşsənbəyaneylə,
Romanovlar kimi xunxar olan Şəddaddövründən.*"(Qarayev, 1987: 393)

Cenneti'nin halka ve vatana sevgisini ifade eden şiirleri çoktur. "Gözümde Azeristandır gülistan" söyleyen şair, kendi vatanını gülistana benzetmiş, onu cennet kadar güzel görmek istemiştir (Xəndan, 1956: 3). Cenneti'nin bu konudaki şiirleri arasında yer alan "Vatan Teranesi", "Vatanım", "Bayrağımız", "Sancak" ve "Hürriyet" dönemin çeşitli basın organlarında yayınlanmıştır. Şair, "Vatan Teranesi" şiirinde vatanı namus olarak görmüştür. Toprağın bir karışından bile vazgeçilmeyeceğini dile getirmiştir. Bunun için gerekirse düşmanı mahvetmek gerektiğini şair şöyle söylemiştir:

*"Topraq, məsələn, bir səri-suzəncəverilməz,
Məlbusimizisoyşa da düşməntənimizdən.
Biz qəl'əyi-mərsusi-təvəkküldəmüqimiz,
Təhrikədəməzkimsə bizi mə'mənimizdən.
Himmət ediniz, düşməniməhveyləyəlim ta,
Ətfal kimi qaçmayalım məskənimizdən.
Zülmət kimi tirəvü tar olsa da dünya,
Nurani edək ani dili-rövşənimizdən.
Namusi-vətənhifzi üçün bəzledəlim can,
Ta vizrübəbaligötürək gərdənimizdən.*" (Cənnəti, 2006:45)

Şair, diğer şiirlerinden biri olan "Fahriye"de Turanlı olmanın ne kadar şerefli bir şey olduğunu söyleyerek ve bunun gururunu şöyle dile getirmiştir:

*"Hərçənddücüari-mühəni-əhli-cəfayiz,
Hərçənd bu əyyamdəpabəndi-bəkayiz,
Ey xargörvnbizləri, bizlərnüicəbayiz,
Meydani-həmiyyətədaləmdari-vəfayiz.
Turanlılarız, sahibi-şə'nüşərəfiz biz,
Əslafımızınayibixeyrül-xələfsiz biz.
Ey zülmi-cəhalət, həzər et göz yaşımızdan,
Dur olmalısən toprağımızdan, daşımızdan,
Bu yolda mədəbizlərməsləkdaşımızdan,
Hürriyyət üçün vaz keçəriz can-başımızdan.
Turanlılarız, sahibi-şə'nüşərəfiz biz,
Əslafımızınayibi, xeyrül-xələfiz biz.*" (Cənnəti, 2006: 72-72)

Abdülhalık Cenneti'nin edebî faaliyetlerinde Güney Azərbaycan da önemli yere sahiptir. Buradaki siyasi gelişmeleri yakından izleyen şair, Güney Azərbaycan bağımsızlık mücadelesinin liderlerinden biri olan Mirza Abdurrahim Talıbov'la yakın dost olmuş ve onun hareketini desteklemiştir (Xəyal, 2003: 33). Bunun yanı sıra Cenneti, Güney Azərbaycan tarihine "Meşrutiyet İnkılâbı" olarak geçen hareketin liderlerinden biri olan Settar Han'a armağan ettiği "Ehda" adlı şiirinde Settar Han'a milleti için yaptığı kahramanlıklardan dolayı teşekkür etmiştir. Onun vefatından dolayı çok üzülen şair, bütün bu duygularını şöyle dile getirmiştir:

*"Ey vətəncismindəçünruhürəvanSəttarxan!
Ruhi-pakin ola cənnətdəərəvan, Səttarxan!
Ey vətənxadimi, ey əqdəgüşəyi-millət,
Ey hünərdi-cəhan, fərdi-zəmanSəttarxan!
Əhsən olsun sənənamusi-vətənhifzi üçün
Can qoyarkən, şərəfinətdizəman, Səttarxan!
Afərinlərsənə, ehyaelədinmillətini,
Elədinmürdləri sahibi-can, Səttarxan!
İsmürəsminhəzinseyticəhangir olmuş,
Ey cəhangiri-zəman, miri-yılan Səttarxan!
Əkdüyimşaxəgöyərəkədkə, heyfsənə,
Vermədi peyki-əcəl bir dəməman, Səttarxan!"*(İsmayılzadə, 1981: 54-55)

Şair millî romantizmin etkisinde şiir yazmayı Azerbaycan'da Sovyet rejimi kurulana kadar sürdürmüştür. 1920'li yıllardan itibaren ise Cenneti, daha çok maarifçilik faaliyetine öncelik vermiştir.

3. HÜRRIYET KASİDELERİ

Azərbaycan edebiyatında hürriyyət kelimesini ilk kez kullanan şairlerden biri de Abdülhalık Cenneti'dir. Hatta bazı kaynaklarda edebiyatımıza hürriyyət kelimesini ilk kez Cenneti'nin getirdiği söylenmektedir. Bu konuda şairin yakın arkadaşı olan Ali Abbas Müznib'in fikirleri diqqət çəkicidir. Müznib'e görə Abdülhalık Cenneti, Azərbaycan şiirinin "Hürriyyət Peygambəri"dir. O, Cenneti'nin hürriyyət üzərinə şiir yazdığı zamanlarda Mirza AliəkberSabir'in ve Mehəmmət Hadi'nin hürriyyət düşünərək şiir yazmadığını vurğulamışdır(Cənnəti, 2006: 3).

Osmanlı'da Tanzimat döneminde "Hürriyyət" kasidesi Namık Kemal tərəfindən kaleme alındıysa Azərbaycan edebiyatında XX. yüzylın başlarında Abdülhalık Cenneti tərəfindən kaleme alınmışdır. Her iki kasideyi birləşirən ortaq nöqtə, hər iki eserin hem Osmanlı İmparatorluğu'nda hem de Çar Rusyası'ndakı hökumətlərin daha yumuşaq politika yürütməyə başlamasından sonra kaleme alınmasıdır.

"Tekâmül" gazetesində kaleme aldığı ilk kasidesində şair, hürriyyət kervanının yaxlaştığına inandığını söylərək istibdattan kurtulmanın yolunu yinə de hürriyyətdə görmüşdür. O, hürriyyəti bulmaq için gökte bir melek olmaq gerektiğini söylemişdir. Bununla şair, özgürlüğün ne kadar zor olsa da əldə edilməyəcəğini ima etmişdir. Bütün bu duyğularını kasidedə şu şəkildə ifadə etmişdir:

Bununla da “Əkinçi” qəzeti xalqın güzəranının ağır, gələcəyinin təhlükədə olduğunu bildirir və vətəninə sevnən, qəlbində az-çox millət sevgisi olan ziyalılar və imkanlı şəxsləri bu hadisələrə kənardan tamaşa etməkdənsə, əl-ələ verib iş görməyə çağırırdı. Qəzet, hər bir kəsi vətənin və xalqın dərdinə şərik olmağa, vəziyyətdən xilas yolu axtarmağa çağırırdı. Çıxış yolunun tapılması üçün isə birinci növbədə mövcud acınacaqlı vəziyyətə düşməyimizin səbəbləri axtarılmalı, inkişaf və irəliləyişimizə mane olan əngəllər müəyyənəşdirilməli idi. Bu düşüncə və axtarışlar göstərdi ki, Azərbaycan xalqının getdikcə tənəzzül etməsinə səbəb bizim elmsizliyimiz, dünyəvi elmlərdən xəbərsizliyimizdir. Bütün bunlarla yanaşı, həm də xalq arasında təbliğat və izahat işi aparılırdı. Həmin izahatlarda elmin səmərəsi, təhsilin xalqın inkişafında, həyat səviyyəsinin yüksəlməsində rolu göstərilir, gənc nəslin düzgün tərbiyə edilməsində valideynlərin öhdəsinə düşən vəzifələr aydınlaşdırılırdı. Əhsənül-Qəvaid “Əkinçi” qəzetində cahilliklə aqilliyin fərqi, onların şəxsiyyət üçün xeyir və zərərli cəhətini izah etdikdən sonra bildirir ki, hər bir müsəlman dini ayinlərin icrası ilə özünü axirət əzabından xilas etməyə çalışdığı kimi bu günün cəhalətindən, yoxsulluq və digər məhrumiyətlərindən xilas etməyə də çalışmağa borcludur. Çünki cəmiyyətdə hər kəs yaxşı ad qazanmaq, hörmət-izzət sahibi olmaq istəyir. Bütün bunlar isə zəhmət, ağıl və zirəklik, öz mövqeyini təmin etməyi bacarmaq hesabına əldə edilə bilər. Ona görə də istədiyinə nail olmaq üçün mütləq düzgün istiqamətdə çalışmalısın. Bu məqamda qarşıya belə bir sual çıxırdı ki, tərəqqi və inkişaf edib digər millətlərin sırasına çıxmaq üçün hansı elmləri öyrənmək və övladlarımıza öyrətmək faydalı ola bilər?. Deməli, islam aləmindəki geriliyin, tənəzzül və ətalətin başlıca səbəbi xalqa rəhbərlik edən şəxslərin onlara münasibətinin dəyişməsi ilə bağlı olmuşdur. Hakim dairələrlə işbirliyinə girən ruhanilər özlərinin şəxsi mənafeləri naminə xalqı cəhalət zülmətinə qərq etmiş, onları elm nurundan məhrum edərək cəhalətdə saxlamağı üstün tutmuşlar. Əsasları da bu olmuşdur ki, cəvahir hər kəsin əlində olanda qiymətdən düşdüyü kimi, elm və bilik cəvahirinə də hər kəs sahib olsa o da qiymətdən və hörmətdən düşər.

2. ÖLKƏDƏ APARILAN ELMİ İSLAHATLAR

Güclü ordu və güclü dövlətə sahib olmağın başlıca şərtlərindən biri elmə, təhsilə, alim və müəllim kadrlarına yiyələnməkdir. Belə olarsa, ölkədə bütün istiqamətlərdə aparılan islahatlar elmi əsaslar üzərində qurular və daha səmərəli olar. Bunun üçün müəllim kadrların yetişdirilməsinə də nail olmaq lazımdır. Bu həqiqəti başa düşən qabaqcıl görüşlü ictimaiyyət nəzərə alırdı ki, indiyədək tamamilə başqa təlim üsulları ilə işləyən müəllimlər birdən-birə qabaqcıl təlim metodlarına yiyələnmə bilmədiklərindən onlarla da iş aparmaq lazımdır. Əslində əsil müəllim hər şeyə qadirdir, o xalqı qəflət yuxusundan oyatmağı bacarmalıdır və ən azından bunu etmək xalqının azadlığı naminə onun borcudur. XIX əsrin maarifçiləri bir vətəndaş kimi məktəblərdən onu tələb edirdi ki, orada hər şeydən qorxan, düşünməyi bacarmayan itaətkar, müti adamlar deyil, fikri aydın, gözü açıq vətəndaşlar yetişdirilsin. Buna nail olmaq üçün də insanların bir-birlərinə, o cümlədən uşaqlara, onların gələcəklərinə münasibət kökündən dəyişilməlidir. maarifçi ədiblər onu da nəzərə alırdılar ki, gənc nəslin təlim tərbiyyəsinin yararsızlığını ayrı-ayrı təbəqələrdə və zümrələrdə yox, bütövlükdə cəmiyyətdə axtarmaq lazımdır. Burdan bir daha aydın olur ki, dövrün qabaqcıl görüşlü elm, ədəbiyyat və maarif xadimləri xalqın gələcəyini, tərəqqi və inkişafını yeni təlim metodlarının tətbiqində, əhalinin bütün təbəqələrinin sözün əsl mənasında maarifçilik hərəkətinə qoşulmasında görürdülər. Onlar bütün bu tədbirlərin birgə həyata keçirilməsinə çalışır, xalqın ictimai-mədəni səviyyəsinin və dünya görüşünün yüksəldilməsi üçün cürbəcür vasitələrə və üsullara əl atırdılar. Bu ziyalı gənclər və ədiblər başa düşürdülər ki, yeni tipli məktəbləri açmaq, həmin məktəblərə dövrün tələblərinə cavab verən müəllim kadrlarının cəlb edilməsi ilə iş bitmir. Bütün bunlarla yanaşı gənc nəsildə yeni dünya görüşü və əxlaq normaları formalaşdırma bilən dərslilər hazırlanmalıdır. Bu dövrdə xalqın gözünü açan, onu qəflət yuxusundan oyada bilən bədii əsərlər yazılıb həmin dərslilərdə yer almasına çalışmaq lazım idi. Bu əsərlər isə zamanın tələbi və xalqın mənafeyi ilə üst-üstə düşməli, uşaqların yaş və qavrayış səviyyələrinə uyğunlaşmalıdır. Göründüyü kimi, maarifçilər, məktəblərimizin və dərslilərimizin, müəllim kadrların günün tələblərinə cavab vermədiyini, məhz bu səbəbdən gənc nəslin tərbiyyəsini acınacaqlı, xalqın gələcək taleyinin, aqibətinin ümitsiz olduğunu diqqətə çatdırıb, həyəcan təbili çalır, vəziyyətdən çıxış yollarını axtarırdılar. H. Zərdabi, Əhsənül Qəvaid, Məhəmmədətağı Əlizadə Şirvani, M. F. Axunzadə və başqaları yeni tipli məktəblərin açılması, yeni ruhlu dərs

kitablarının hazırlanması və onlara uyğun ədəbi əsərlərin yazılması, müəllim kadrların yetişdirilməsi məsələsini qaldırır, problemin həlli yollarını göstərirdilər. Bu acınacaqlı vəziyyətdən çıxış yolunu maarifçilər savadlı və vətənpərvər gənclərin yetişməsində, xalqını ürəkdən sevən və onu düşünən, azadlığa aparan oğulların baş qaldırmasında görürdülər.

3. AZƏRBAYCANDA MAARİFÇİLİK HƏRƏKATI.

XIX əsrin ikinci yarısında başlanan maarifçilik ictimai-ədəbi hərəkatının əsasında xalqın elm yolu ilə maarifləndirilməsi və həyatın bütün sahələrində onun uğur qazanmasının təmin edilməsi dururdu. Məhz bunun üçün də bütün ümidlər zəkali və təəssübkeş gənclərə dikilirdi. XIX əsrin sonu XX əsrin əvvəlləri Azərbaycan ictimai ədəbi və mədəni həyatının ən məhsuldar dövrlərindən biridir. Belə ki, XIX əsrin son rübü və XX əsrin əvvəlki onillikləri milli özünüdərk və milli müstəqillik məfkurəsinin formalaşması, həyata keçməsi, şanlı mübarizələrlə dolu bir mərhələdir. Bütün bunlar isə xalqın qabaqcıl düşüncəli, vətənpərvər ruhlu ziyalı nümayəndələrinin ardıcıl və məqsədyönlü səyi nəticəsində əmələ gəlmişdi. Beləcə, Azərbaycan xalqı əsrlər boyu azadlıq arzusu ilə yaşamış, milli azadlıq, istiqlal uğrunda mübarizə aparmışdır. XIX əsrdə azadlığa gedən yolun təməli qoyuldu da, artıq XX əsrin əvvəllərində Azərbaycanda milli azadlıq hərəkatı gücləndi. Azərbaycanın demokratik qüvvələri, mütəfəkkir şəxsləri, siyasi xadimləri yurdumuzun müstəqilliyi, xalqımızın azadlığı uğrunda mübarizəyə qoşuldular. Rusiya imperiyasının dağılması Azərbaycanda müstəqil dövlət yaratmaq üçün əsaslı şərait yaratdı. 1918-ci il mayın 28-i Azərbaycan xalqının tarixində əlamətdar bir hadisə oldu, Azərbaycan Demokratik Respublikası elan edildi. Azərbaycan Respublikasının yaradılmasında və ona rəhbərlik edilməsində M.Ə. Rəsulzadənin, F.Xoyskinin, N.Yusifbəylinin, A.Səfikürdskinin, Ə.Topçubaşovun, X.Xasməmmədovun, C.Hacınskinin, S.Mehmandarovun və başqalarının çox böyük rolu olmuşdur. Azərbaycan Cümhuriyyətinin yaradılması və milli dövlət quruculuğunun bərqərar edilməsi xalqımızın suverenliyini təmin etdi və tarixi yaddaşın formalaşmasında müstəsna əhəmiyyət kəsb etdi. Gənc Azərbaycan dövləti son dərəcə mürəkkəb daxili və beynəlxalq şəraitdə doğulmuşdu. Cümhuriyyətin yaradılması və fəaliyyəti əhəmiyyətinə görə Azərbaycan sərhədlərini aşaraq daha geniş bir mənə kəsb edirdi. Müsəlman dünyasına respublika anlayışını Azərbaycan xalqı gətirdi. Azərbaycan Xalq Cümhuriyyəti bütün müsəlman Şərqi ilk parlayan ulduzu oldu. Bu gün Şərqdə xalqların azadlıqda yaşamasının bir başa səəbkarı Azərbaycanda azadlıq toxumu səpən vətənpərvər oğulların adı ilə bağlıdır. Azərbaycanın öndə gedən və azadlıq toxumu səpən övladları müstəmləkə zülmü altında əzab çəkən xalqlara xilas yolunu göstərdi, həmin xalqların qarşısında ümid çıraqı yandırdı. Azərbaycan xalqı digər xalqlara örnək olaraq azadlığın rahatlıqla nəfəs almaq olduğunu anladı. Azərbaycan xalqının tarixində ilk parlamentli respublika olan Azərbaycan Xalq Cümhuriyyəti, eyni zamanda, bütün Şərqdə, o cümlədən Türk-İslam dünyasında ilk demokratik, hüquqi və dünyəvi dövlət nümunəsi idi. Azərbaycan Xalq Cümhuriyyəti özünün siyasi quruluşuna, həyata keçirdiyi demokratik dövlət quruculuğu tədbirlərinə, həmçinin qarşısına qoyduğu məqsəd və vəzifələrə görə də Avropanın ənənəvi demokratik respublikalarından geri qalmırdı.

NƏTİCƏ

Sonda belə bir nəticəyə gəlirik ki, Azərbaycanın dövlət müstəqilliyi Azərbaycan xalqının tarixi nailiyyətidir, qiymətli və qorumağa "məcbur" olduğu bir sərvətidir, eyni zamanda, bu sərvət və dəyər XX əsrin əvvəlindən sonunadək xalqımızın qəlbində yaşayan azadlıq idealları uğrunda mübarizənin məntiqi nəticəsidir. Azərbaycan Respublikasının Prezidenti İlham Əliyev Respublika Günü münasibətilə söylədiyi nitqində qeyd etdiyi kimi: "Azərbaycan Xalq Cümhuriyyətinin yaradılması dünya miqyaslı tarixi hadisə idi. Çünki müsəlman ailəsində ilk demokratik respublika yaradılmışdır. Biz fəxr edirik ki, bu tarixi Azərbaycan xalqı yazıb. Azərbaycan Xalq Cümhuriyyətinin yaradılması bir daha onu göstərir ki, Azərbaycan xalqı çox istedadlı, vətənpərvər və mütərəqqi xalqdır. Azərbaycan Xalq Cümhuriyyətinin qurucularının xatirəsi bizim üçün əzizdir. Azərbaycan dövləti və Azərbaycan xalqı onların xatirəsini ehtiramla yaşadır" (Azərbaycan Respublikası Prezidentinin İşlər İdarəsinin PREZİDENT KİTABXANASI, 2016: 53). Sovet Rusiyasının hərbi müdaxiləsi və XI Qızıl Ordu hissələrinin qanlı hərbi əməliyyatları nəticəsində Şimali Azərbaycan yenidən Rusiyanın tərkibinə qatılma da, Azərbaycan Xalq Cümhuriyyəti xalqımızın azadlıq hərəkatı tarixində dərin iz qoydu. Cəmi 23 ay yaşamasına baxmayaraq Azərbaycan Xalq Cümhuriyyəti sübut etdi ki, ən qəddar müstəmləkə və repressiya rejimləri belə, Azərbaycan xalqının azadlıq ideallarını və müstəqil dövlətçilik ənənələrini məhv etməyə qadir deyildir və Azərbaycan xalqı müstəqil yaşamağa, öz dövlətçilik ənənələrini bərpa etməyə qadirdir. Azərbaycan xalqı 1991-ci ildə öz dövlət müstəqilliyini bərpa etdikdən sonra Azərbaycan Xalq Cümhuriyyətinin ideallarını davam etdirərək bu tarixi varislik üzərində yeni müstəqil Azərbaycan dövlətini yaratmışdır. Azərbaycan Respublikasının ümummilli lideri Heydər Əliyevin sözləri ilə desək; "Azərbaycanın dövlət müstəqilliyi əbədidir, dönməzdir və bizim qarşımızda duran vəzifə dövlət

müstəqilliyimizi qorumaqdan, əbədi etməkdən ibarətdir” (Azərbaycan Respublikası Prezidentinin İşlər İdarəsinin PREZİDENT KİTABXANASI, 2016: 86).

ƏDƏBİYYAT

Azərbaycan Respublikası Prezidentinin İşlər İdarəsinin PREZİDENT KİTABXANASI (2018), (məqalələr toplusu 2008-2016).

Əhmədov H., (2006) XIX əsr Azərbaycan məktəbi.

Əkinçi (1875 - 1877). Tam mətni (2005).

Qasımzadə F. (1974), XIX əsr Azərbaycan ədəbiyyatı tarixi.

Mahmudov Yaqub, (2004) Azərbaycan Xalq Cümhuriyyəti Ensiklopediyası, iki cildə I cild.

ф.ғ.д., профессор **Қ.МӘДІБАЕВА***

Түйіндеме

Мақалада «Қармыс батыр» жырының көркемдік сипаттары негізінде XIX ғасырда әдебиет тарихында кең өріс алған авторлық ауызша әдебиет дәстүрінің ерекшеліктері араланады. Адай Қалнияз ақынның дәстүр дамыту бағытындағы шығармашылық өрісі талқыланады. Жыр сюжетіндегі нақтылық, баяндау тілінің өзіндік стильдік даралық сипаттарына мән берілген.

Тірек сөздер: *авторлық ауызша әдебиет, жазба дәстүр, тарихи жыр, баяндау телімі, эпикалық үрдіс, зар заман дәуірі*

The artistic feature of Kalniaz's poem "KarmysBatyr"

Abstract

The article analyzes the peculiarities of the oral tradition of literature in the XIX century in the history of literature on the basis of the artistic features of the poem "Karmsysbatyr". AdayKalniyaz discusses the creative field of the poet's traditions. The truth in the plot is the original features of the personality of the style of the narrative language.

Keywords: *author's oral literature, written tradition, historical poem, episode, epic process, epoch*

КІРІСПЕ

Ташкентте қазақ жоғары педагогика институтының қазақ тілі кабинетінде оқыған «Қазақ халық әдебиеті» баяндамасында Халел Досмұхамедұлы авторлық ауызша әдебиет қазақ халық әдебиетінің айрықша бір ерекшелігі деп көрсетеді.

Осы бір шығармашылық бағытқа қатысты кең құлаш мазмұн қозғаусыз қалмауын көксейтіндей. Айрықша ыждаһатпен түпкілікті ерекшеліктерге барлау жасау бағытын қисындаған. Халық поэзиясындағы авторлықтың үш түрі шығарушы, айтушы, түзетіп хатқа түсіруші туралы; бұл шығармашылықтағы авторлықтың өзгеше сипатты болатындығы – халық ақындарының әрқашан аяқасты суырып шығаратынын және әдетте оны өздері хатқа түсіре қоймайтынын; ауызша авторлықтың біртіндеп жазбаға ойысу факторларын әдеби дамудағы тарихи-көркемдік буындар ауқымында ғылыми негіздеуге мән берген.

«Аламан» жинағын құрастыру мақсатын баяндағанда – Халел Досмұхамедұлы әдеби мұрадағы өзекті түпмақсат ұстанымдардың, әлеуметшілдік, мемлекетшілдік, ұлтжандылық бағыттардың түпбастаулары мен қилы тарихи кезеңдердегі көрініс тауып отыруына қатысты өз тұсында, кейінгі кезеңде айғақталған мығым тоқтамдармен үндес пайымдаулар жасаған.

«Бұрынғы әдебиетпен танысқанда қазақтың бойына біткен мінездің бірнеше түрі орасан аңырайып тұр. Қазақ арасында болып өткен бірнеше әлеумет қимылдарда көрініп тұр. Ел әдебиетімен танысқанда осындай бадырайып көрінгеннің бірі – аламандық.

... Біздің жұмысымыз ел әдебиетінде бадырайып көрініп тұрған «өткен әлеуметшіліктің» бір бұтағын көпке көрсету.

...Аламандық бар жерде нағыз әлеуметшілдік тұра алмайды. Әлеуметшіліксіз қазақта ұлт тіршілігі, ұлт мемлекеті болуға мүмкін емес.

...Онды әлеуметшілік құру үшін елдің өткен-кеткен тұрмысын, бұрынғы болған әлеумет қимылдарын тану керек.

Ел әдебиетімен таныспайынша өткеннің көбін де, бардың жарымын да тану қиын.

... Осы «Аламан» деген кітапшада аламандықты көрсететін ел әдебиетінен бірнеше үлгі боларлық сөздерді тіздік» [1, 147, 151, 148- беттер].

«Аламанның» әдеби мұраны хатқа түсіру ісіндегі озық өнегесі болды. Құрастырушы тарапынан әр шығармаға қатысты айтылған пайымдауларда ғылыми өрістегі өз құндылығымен бағалы.

Адай Қалнияз ақын айтқан **«Қармыс батыр»** жырында баяндалатын оқиға 1840 жылдар шамасында болған деген қысқа мәліметтердің ғылыми таным түзудегі деректік мәні айқын. «Қармыс батыр» оқиғалы жыр. Халел Досмұхамедұлы мұндағы оқиғаны аламандық деп бағалаған. Қармыс бір ауылды түрікпен шапты дегенде он жігіт болып көп жауды қуа жөнеледі, соғысып өледі, алды-артын жимай, елге хабарламай жауға жалғыз шапты, бұл- аламандық мен-мендік деп мінейді.

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kapi-51@mail.ru

«Қармыс батыр» жыры - қазақ-түрікпен шапқыншылығына қатысты туған өмірдің ерекшелік суреттері, уақыттың айқын бедері түскен жыр. Енді бұрынғының батыры ертегідей етіп, Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғындардай көзсіз жаужүрек болмыс иесі қылып жеке-дара тұлғалау салттан шығып бара жатқанын осы жыр анық байқатады. Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде атап көрсететін XIX ғасырдағы тарихи жырлардың жаңа беталыстары «Қармыс батыр» жырының дәстүр жалғаған, жаңаға бұрылған поэтикалық өрісін түзген. Ессіз тәуекелдің батырларынан гөрі ел жүрегі ендігі заманның уақиғасы айтылған өлеңдерге көбірек ұйыттындай. Халық нақтылы өмір қыспағына түскен, қолы қағылған нақтылы бір тарихи кезеңнің қасіретті шақтарында ауыздың суы құрып, ертегі тыңдауды ермек етер күйде емес. Оның өмір шындығы ойланып жасар іс, нендей де бір нәтижемен бітетін әрекетке мұқтаж. Бұл дәуір ежелгі эпикалық дәстүрге суық өмір ақиқаты туғызған өзгерістерін сіңірді.

«Отан бірлігі, Отан сүю сезімі әлеуметшілік міндеті секілді. Бүтін мемлекетке керек сезімдерді менмендік, бәсекелік, ерегіс секілді аламандықтың жеңгенін ел арасынан жиналған ескі сөздер анықтап көрсетіп тұр» [1, 149-б.].

Халел Досмұхамедұлы XIX ғасырда Ресей патша үкіметі иелігінде қолға қарап қалған ел тұрмысының шындығы қалыптаған әлеуметтік қайшылықтар, алашапқын етіп қоюға әдейілеп жүргізілген сұрқия саясаттың ықпалындағы ыдырап, берекесі ортайған мүшкіл халіне ел әдебиеті үлгілерінде тұнған сырларды барлай отырып тарихи баға берген.

XIX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің ұлт мемлекетін жасап, қазақ арасынан аламандықты кетіріп, әлеуметшілік туғызамыз деген жаңа дәуірдегі арман-аңсар, тастүйін тәуекел шағында осындай азат ойлар айтылды. «Қармыс батыр» жырындағы нақтылы оқиғалар, адам есімдері, жер атаулары байырғы батырлық жырлардан алыстатқанмен, дәстүрлі арқаулар кәдеге жаратылып отырады. Оқиға барысын үдете жырлау, ұйқасты тармақтардың шашыратпалылығы, көбіне көсемше баяндауышты болып, ара-тұра жедел өткен шақпен жылдамдата баяндалу екпіні, алыстан жау қарасын көру, найза ілдірген ұрыс суреттері, «Қақ айырып қазанын. /Балтамен ойып сындырған» сынды батыл әрекет, әлпештеген аруын ат көтіне мінгізу, алтын сандық, ақ манат олжаға қарық болу сынды ежелгі жырлардағы жалпы соғыс суреті жалпы соғыста болмай қоймайтын жағдайларға нақты өмірде болған деректер кіріктіріліп оқиғаның сипатын ашады, дәлдік, реалистік шырай дарытады. Жырда қолда кеткен көп жесірдің ішіндегі он екі жасар қыз бала нақты бейне қалпында танылады. Жырдың баяндау жөні бұрынғының үлгісінде келгенімен, оқиға күні кеше болған сұмдық соғыстың шындығынан. Жан қысылғанда жау алар батырын іздеген елдің жан дағдарысы, он екі жасар қыздың сөзінде айшықталған. Ел шауып әкеткен түрікпеннің марқайысы мен қолға түскендердің жансауға іздеп шерленгені, шарасыз күйі дәстүрлі жауынгерлік эпос үлгісінде есіледі.

*Аруды құшып кенелді,
Қазынаға бөленді.
Құдайдан басқа кім бар деп
Сипай да шауып жөнелді.
Сол жесірдің ішінде
Он екі жасар қыз бала
Ала тонын кең жайып,
Алдаға мойнын ұсынып,
Шыдай алмай қысылып,
Әрі де бері зарлайды,
Зарлағанда не дейді:*

Қыздың сөзі – дәстүрлі жаугершілік замандарда жауда қалған елдің келешек күндерді көкспей сөйлеу үлгісі. Ақтамберді, Махамбетте жалғасын тапқан дүбірлі тарихтың дүмпуі, жадыда қалған сарыны.

*-Жұмалап кеттік ылдига
Енді бізге өр қайда?!
Қармыс сынды ер қайда,
Айдын-айдын көл қайда?!
Жағалай қонар ел қайда?
Алтыс басты ақ орда
Айбарақты көрсетіп
Төске тігер күн қайда?!*

*Алтын сандық алпыс тең
Төрге жинар күн қайда?!*

Әрі қарай да сән-салтанатты өмірдің өңі қашып, «былдырлаған түрікпенге» ел болған ендігі күннің күйігі төгілген. Жырдағы сегіз жасар баланың сай астында жасырынып қалуына келгенде ертегідей есілген мақам кілт үзіліп, күні кешегі қалыпты оқиғалар дерегі беріледі. Ертегідегідей «шу» дегенде зырлаған тұлпар – кәдімгі өмір шындығы.

*Бағанағы қашып бектерден
Сегіз жасар бір бала
Жау қарасы асқансын
Көтеріп басын алады.
Сайға көзін салады.
Бекітулі бір торы ат
Сай бойында қалады
Жүгіріп бала келеді
Тұсауын мойнына салады.
Ырғып мініп алады.
«Мұның бабын тап» ,-деді.
Ырғып мініп «шап» деді.
Бөктердегі еліне
Шаңытып жатқан жеріне
«Күн-түн қатып жет» деді.
«Бүгінгі күні шаппасаң
Ер Қармысты таппасаң
Жауда жесір кетеді!
Бауырынан қамшы салғанда
Сауырынан барып кеседі.
Күн қызарып батқанда,
Таң қызарып атқанда,
«Аттан» деген бір дауыс
Құлақтан сар-сар өтеді.*

Жырдың тілі көркем. Ежелгі ерлік жырлардың ескен желдей екпінді сарыны естіледі. Кешегі мен бүгіннің күйін Қалнияз ақын шалқыған өмір сәулесімен шарпиды. Шебер жымдастырып, авторлық еркіне салып тарихи жыр мен эпостық үлгі жымдасқан XIX ғасырдағы ұрыс, шапқыншылық уақыттар ақиқатымен суарылған жаңа бір өлең үлгісін жасаған. Халел Досмұхамедұлы ден қойғанындай аламандықтың ауаны сақталған жыр тудырған. Автор ертегінің батырларындай апырып, жапырып дегеніне демде жете қалатын алып батыр емес, кәдімгі жау қолынан қаза болған 80 жастағы Қармыс батырды жырлап отырғанын әсте естен шығармайды. Жан қысылып, жақын іздеп батырдың Жаппасқа баруы, оған адайды жыя алмай шыққан өкпесін айтуы, Төлеген ишан бас болып, жиырма кісі бірігіп жауға қарай жүруі, жау қарасын көріп Жаппастың бармаймын деп бүлінуі, Қармыстың ширьғуы барлығы ойдан қоспасы жоқ кәдімгі болған жайлар екендігі анық.

Шығармада нақтылы бір аймақтағы жер, мекен атаулары аталады. Оқиға барысы батырлар жырындағы сюжет өрбіту үлгісінде баяндалғанымен, шынның жүзі бүркемеленбей, буалдыр елес болмай анық ашылған.

Қармыс та байырғы батыр бабалар дағдысында жауымен шайқаста мерт болуды сұрар еді. Сыйымды, иланымды. Қармыс батырдың ұрыста мерт болғаны – рас. Қасындағы тоғыздың бас-сауғалап қалғаны – күйік. Намыс.

Қармыстың шешімді, кесімді болмысы тұлғалық деңгейде бой көтерген. Жырдың тілі көркем. Жауға шабар тұлпарлардың келісті сыны бар. Халел Досмұхамедұлы Қалнияздың осы жырын әлеуметшілдік ұйытқысы ыдыраған қазақ күйінің шындығы деп жоғары бағалайды, ой емеурінінде азамат ердің баласы бірігіп тізе қоспағанда басы қайда қаларына қауіп айтқан ишара бар.

Қалнияз ақынды авторлық ауызша әдебиеттің белді бір өкілі, осы көркемдік бағыттағы әлеуметшілдік сарынды жаңғыртқан тұлғаның бірі есебінде таныту, тану арқылы әдеби дамудағы тұтас бір мығым арнаның жайы қамтылған.

Зар заман дәуірін үш кезеңге бөлуінде Мұхтар Әуезов әлеуметшілдік бағыт туралы айтқан. Халел Досмұхамедұлының да көкейінде тұрған сол әлеуметшілдік, XIX ғасырдың шындығы бұзған әлеуметшілдік [3,157 б.].

«Қармыс батырда» батыр кейпін, ұрыс қалпын суреттеуде нақтылықтан гөрі образ ашар түйінді байқампаздық емес, дайын үлгілер алынып отырады.

*Батыр Төлен келеді
Сұр бұлттай тырысып.
Ет арқасы құрысып,
Езуінде – егіз оқ,
Садағында – сегіз оқ.
Астындағы құла аттың
Танаулары талыстай,
Құлақтары қамыстай,
Бауырлары аралдай
Желкелері сазандай,
Қабыртқасы шеңбердей,
Омыртқасы отаудай,
Толарсағы томардай,
Шоқтықтары шоңқалдай,
Жіліншігі жібітіктей,
Басқан ізі аймақтай,
Жануар айдап келеді,
Жел аударған қаңбақтай.*

Жырдағы кездесетін дәстүрлі тіркестер: *жапалақ ұшпас жапанда, тілекті құдай берсін деп, алпештеген аруын ат көтіне міндірді, әділ жаннан түңілтіп, алтын сандық, алтыс басты ақ орда, жағалай қонар ел, сөйлегенде не дейді, т.б.* Жырда сөйлетудің дәстүрлі, қалыптанған оралым, тіркестері өнімді қолданыс тапқан [4].

Жыр негізінен болған оқиға арқауында шығарылған.

«Адайдың Мықтыбай-Сары деген ауылын түрікпеннің үш жүз аламаны шауып алғанда, сексенге келген Қармыс деген батыр тоғыз жолдасымен қуып барып, жауды тоқтатып, соғысып өледі. Қармысты артынан Төлен батыр мен Шабай батыр жүз кісі жолдасымен қуып жетіп, түрікпеннің аламанын қашырып, алған малын, жесірін айырып алады. Төменгі сөз – осы туралы адай Қалнияз ақынның айтқан сөзі. Бұл оқиға 1840 жылдың шамасында болған [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жырда осы оқиға дәстүрлі мақамға салынып баяндалғанда авторлық дара нышандар әр тұста, орайы келген қажеттілікте бой көтеріп отырады. Түрікпендердің өмір салтындағы ерекшеліктер айшықталған ұтымды детальдар кіріктіріліп отырады.

*Ала қоржын теңдесіп
Арғымағын жемдесіп
Жан басына бір-бір нан
Садақасын береді.*

Ат пен нарды жайдақтап, ұзын жолға салу. Көк арбаға міну, көн шарық кию.

Жырда сөз айшықтаудың байырғы дәстүрлі тәсілдерін шығарушы автор мейлінше шебер айтқыштықпен ұқсатып, кәдеге жаратады, өнімді тілдік өріс түзеді, сөз қолданыстарын қосады. Жаралы батырдың елімен қоштасу, арыздасу дәстүріндегі Қармыс батырдың соңғы сөзіндегі шешімді, кесімді намысты батыр образының даралық қалпы да туындының авторлық шығарма мәртебесіндегі «артықшылығы».

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов, Мұхтар (1987), *T15. Жиырма томдық шығармалар жинағы*. Алматы.
2. Досмұхамедұлы, Халел (1991), *Аламан*. Алматы.
3. Мұқанов, Сәбит (2002), *Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихына очерктер*. 2-басылды. – Алматы.
4. Сыздықова, Рәбиға (1993), *Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)*. Алматы.
5. Байғанин, Нұрпейіс (2011), *Үш томдық шығармалар жинағы*. Алматы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

ф.ғ.д., доцент **Қ.Т.ЖАНҰЗАҚОВА***
PhD доктор, доцент **АДЕМ ӨГЕР**
2 курс PhD докторанты **А.Б. НУРСАЛИ**

Түйіндеме

Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романдарының жалпы жанрлық сипаты бағамдалады. Қазіргі романдардың жаңа түрлері анықталады. Тарихи, ғұмырнамалық романдар, роман-эссе жанрлары талданады және олардың авторларының жазу стилі сараланады. Аталған жанрда жазылған шығармалардың ерекшеліктері, идеясы, формасы жөнінде сөз қозғалады. Сонымен қатар, ел егемен болғаннан бергі романдары атап, оларды тақырыптар топтастырылды және тәуелсіздік жылдардағы романдарға арқау болған тақырыптар қарастырылады. Қазіргі қазақ романы жайлы зерттеулерге шолу жасалды. Өткен ғасырда жазылған романдар мен қазіргі жазушылардың туындылары салыстырылып, қазіргі романдардың көлемі, мазмұны мен құрылымы көрсетіліп, оның мазмұны ашылды. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы жазыла бастаған романдардан бастап, бүгінгі күнге дейінгі романдар атап көрсетіледі.

Тірек сөздер: роман, ғұмырнамалық роман, тәуелсіздік, жанр, стиль, идея.

GENRE CHARACTERISTICS OF NOVELS IN THE INDEPENDENS PERIOD

Abstract

The article presents the general genre character of Kazakh novels in the years of independence. New types of modern novels are identified. The historical, biographical novels, novel-essay contributions are analyzed and their writing style is analyzed. The genre deals with the features, ideas, style and shape of the works. In addition, the country has been renowned for its long-standing novels, focusing on topics, and topics that are based on novels of independence. From novels beginning with the first novel in the Kazakh literature, the novels are up-to-date. A review of the modern Kazakh novel has been researched. The novels of the last century are compared with the works of contemporary writers, and the content, structure and content of modern novels has been revealed. From novels beginning with the first novel in the Kazakh literature, the novels are up-to-date.

Keywords: novel, biographical novel, independence, genre, style, idea.

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік – қазақ халқының асыл қазынасы. Тәуелсіздік – ата-бабамыз сан ғасырлар бойы армандағандай, өзімен бірге қай салада болмасын тың жаңалықтар, шұрайлы өзгерістер әкелді. Соның ішінде болашақ ұрпақтың сауаттылығына, ой – өрісінің алғырлығына, рухани адамгершілік тәрбиеге тікелей қатысы бар – қазақ әдебиеті де жаңашылдыққа бет алды. Қазақ әдебиетіндегі әдеби жанрлар тың идея мен көзқарастарға толы бола бастады. Әдебиет әлеміндегі көлемі жағынан ауқымды, ерекше сипаттағы туынды - роман жанрының тақырып ауқымының кеңейіп, мазмұны көптеген ізденістермен баюда деп айта аламыз.

Өткенге көз жүгіртетін болсақ, XX ғасырдағы романдардың легі эпикалық сипатпен жазылатын көркем шындық поэтикасы сарынымен жазылды. Басқа жанрларға қарағанда роман жанрының сипаты заман талабына сай өзгеруде.

Бұл ойларымызды Профессор Т.Тебегеновтың: «Роман жанрындағы шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымындағы оқиғалар жүйесінде адамдардың қамтылуында тіршілік қозғалысындағы реалистік, дерекнамалық-тарихнамалық сипаттың негізділігі, жеке кейіпкерлердің, құбылыстардың бейнеленуінде түптұлғалық (прототиптік), тарихилық айқын болғанымен, көркемдік шешім аясындағы қиял мен шындық тұтастығындағы жинақтаушылық басты ықпалды орын алатыны анық. Роман – адам тағдырын кең тынысты көркем шындықпен суреттейтін эпикалық туынды.

Қазіргі қазақ романы әлем әдебиеті дамуы үдерісіндегі классикалық үлгілермен сабақтаса, үндесе дамуы жолында жанрлық сипатын жетілдіру бағытын үздіксіз жалғастыруда.

Халық даналығы - ұрпақтардың мінез-құлық қасиеттерінің әділ төрешісі. Көркем шығармалардағы кейіпкерлердің мінезделуі өмір қозғалысындағы саналуан өзгешеліктері бар адамдар болмысынан туындауында қаламгерлер өздері зерделеген шындыққа сүйенеді»(Тебегенов, 2013: 124) сөздері айқындай түседі.

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kuralay_zhanuzak@mail.ru

Ғалым Қ. Жанұзақова: «Тәуелсіздік идеясы әдебиетке жаңа серпін, санаға өзгеріс енгізіп, романтикалық рух дарытты. Осыған орай, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының мақсат-мұраты, бағыт-бағдары, өрнек-айшықтары да жаңаша, өзгеше болып қалыптасуы тарихи-әлеуметтік өзгерістер нәтижесіндегі заңдылық» (Жанұзақова, 2010: 331) - дейді.

Қазақ әдебиетінде М.Дулатовтың “Бақытсыз Жамал”, Т.Жомартбаевтың “Қыз көрелік”, С.Көбеевтің “Қалың мал”, С.Торайғыровтың “Қамар сұлу” шығармаларынан бастау алған бұл жанр қазіргі уақытта жан-жақты дамып, жаңа түрлермен толығуда. Өткен ғасырдағы қазақ романының майталмандары болған М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов, І.Есенберлин, Т.Ахтанов, М.Мағауин, т.б. жазушыларды айтпасақ болмас. Аталған авторлар мен олардың қазақ әдебиетінің қазынасына құйған сарқылмас байлықтары өз заманында да, қазіргі заманда да алар орындары ерекше.

«Роман» дегенде, ең алдымен, бұл қазіргі күндегі ең өнімді жанр еместігін ескеруіміз керек. «Қазіргі қазақ романы» дегенде Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптары», Айгүл Кемелбаеваның «Мұнарасы» алдымен ойға оралады. Себебі бұл шығармаларда постмодернистік сарын бар, бұрынғыларға ұқсамайтын, формалық ізденістер байқалады. «Гүлдер мен кітаптар» эстетикалық, философиялық сипатымен құнды болса, «Жармақ» қазіргі қазақтың екіге жарылған образын, біздің кері кеткен қоғамды анық көрсетті, «Мұнара» замандасымыздың бейнесімен қымбат. Таласбек Әсемқұловтың «Талтүсі», Смағұл Елубайдың «Жалған дүниесі» дәстүрлі романның лайықты жалғасы деуге болады. Соңғы кезде біз тұшынып оқыған дүниелердің ішінде Тынымбай Нұрмағамбетов, Төлен Әбдік, Асқар Алтай, Роза Мұқанованың шығармалары болды, бірақ олардың көбі хикаят пен әңгіме. Көлемді жанрда, әрине, Қажығұмар Шабданұлының «Қылмысын» ұмытуға болмайды. «Түрмеде жазылған әдебиет», «Мемуарлық роман» деп аталып жүргенімен, ол бір адамның ғана емес, күллі қоғамның жай-жапсарынан хабар беретін туынды ретінде бағасын да алды (Жарылғапов, 2015: 79).

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда роман жанрның жаңаша түрлері пайда бола бастады. Атап айтсақ, тарихи роман, публицистикалық, деректі, мемуарлық роман, роман-эссе, роман-күнделік, психологиялық роман, сатиралық роман, фантастикалық роман т.б.

Романдар жайлы сөз қозғамастан бұрын олардың тақырып ауқымына тоқталар болсақ, әуелі, тарихи тақырыптағы романдарды атар едік. Бұлай болатын себебі, өзге романдарға қарағанда оқырман сусап отырған тақырыптардың бірі тарих еді. Сонымен қатар, «XX ғасырдың екінші жартысынан бермен қарай тарихи роман әдебиетіміздің алдыңғы шебіне шықты. Жетекші жанрға айналды. Сан жағынан да, сапа жағынан да. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы қазақ әдебиеті әлемдік биікке көтерілді. Көтерілісімен міндеті де өзгеріп зорайды» (Ақыш, 2010: 467).

Тәуелсіздіктен кейін жарық көрген тарихи романдар деп Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» (1994, 1996) дилогиясын, «Прометей алауы» (2002), Ұзақбай Доспамбетовтың «Қызыл жолбарыс» (2000), «Абылайдың ақ туы» (2004) дилогиялары, Софы Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясы, (2003), Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» (2003), Жанат Ахмадидің «Дүрбелен» (1990), «Шырғалан» (1997), Қалмұқан Исабайдың «Шоң би» (2005), Кәдірбек Сегізбайдың «Беласқан» (2001) романдарын айтамыз. Ал, Рамазан Тоқтаров («Бақытты құлдықтың ақыры»), Оразбек Сәрсенбай («Шамшырақ», «Шенбер»), Баққожа Мұқай («Өмірзая»), Смағұл Елубай («Мінәжат», «Жалған дүние»), Тоқтар Бейісқұловтардың («Қаза мен аза») сынды авторлардың романдары қазақ халқының бастан кешкен өткен тарихын туындыларының өзегі етті.

Ел тарихына, сөз өнеріне елеулі үлес қосып келе жатқан ғалым Т. Жұртбайдың сөзімен айтсақ, «Тарихи тәуелсіз ойлау жүйесі қалыптаспаған тарихшылар тарихи шындықты қалпына келтіре алмаса, ұлттық мемлекеттің тарихы мен ұлттық мүддесі, танымы мен тағдыры толық тұжырымдалмайды» (Жұртбай, 2008: 15).

«Еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрес тақырыбы енді қазіргі тарихи романның жаңа беттерінің сүбелі бөлігін құрап отыр. Тәуелсіздік жазушылар санасына күрт өзгеріс енгізді. Қазіргі тарихи романның өткенге сұрау салуы бұрынғыдан батылырақ, ауқымдырақ. Бұлжымас принципі – шындық. Әр дәуірдің күнгейі мен теріскейін қаз қалпында көрсете білу. Сөйтіп ата-бабаларымыздың ұлағатты сөзін қару ету» (Елеуенов, 2009: 469). Бұл тұста қазақ елінің қилы тарихын шынайы суреттейтін Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» дилогиясын айтпай кетуге болмас. Қазақ әдебиетінде ұлттық идея мен ұлы тұлғалар ерлігін насихаттау арқылы қоғам танымын шындайтын тарихи романдар аз емес.

Әр заманның тарихи оқиғаларын оқырманға түсінікті тілде жеткізу жолында еңбек еткен жазушыларымыз да жетерлік. Олардың ішінде тарихта белгілі Абылай хан, Әбілқайыр хан, Бұқар

жырау, Қаракерей Қабанбай секілді қазақ халқының тарихи тұлғаларының ұлы бейнелерін асқан шеберлікпен суреттеп, кейінгі ұрпаққа таныстырған – Қабдеш Жұмаділовтің есімі ерекше. «Дарабоз» романы — қазақ тарихының қилы кезеңдерін Қазақстанның бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес ел болғанда жазылған шығарма. Ұлтты ұлт ретінде сақтап тұрған әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен рухани құндылықтар екенін білеміз. Ұлттық идея мен ұлттық таным мәселесі қазіргі заманның көкейкесті мәселелеріне айналған кезеңде Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабозы» арқылы ұлттық рухымыз асқақтап, өз құндылықтарымыздың қадірін біліп, қастерлейтініміз хақ.

Тарихи романдардың жоғарыда айтылғандай сипаты жағынан да жазылуы, қабылдануы жағынан да ерекше. Заман жаңарған сайын халықтың санасы да жаңарып отырады, сондықтан өткен тарихты қазіргі заманның тілдік стилінде жазып, оны жас ұрпаққа сол қалпында қабылдану да оңай дүние емес.

Роман жанрының сипаты жағынан өзгеше, көркемдік –эстетикалық орны ерекше тағы бір түрі – ол мемуарлық романдар. Романның бұл түріне, яғни “Мемуар” ұғымына “Қазақ әдебиеті” энциклопедиясында берілетін анықтама мынадай: “Мемуар (фран. *memoires* –еске алу) авторлардың өздері қатысқан немесе куә болған тарихи оқиғалар, қоғам қайраткерлерінің өнегелі өмірлері туралы көркем естеліктер. Мемуар шығармалардың түрлеріне, сондай-ақ, күнделіктер, өмірбаяндық жазбалар да жатады.

Мемуарлық шығармада жеке адамның, тарихи тұлғаның тағдырын халық өмірімен тығыз байланыста алып, оның азаматтық өнегелі қалыптасу жолын қоғам дамуындағы іргелі, ұлы өзгерістермен сабақтастыра, нақтылы әрі көркем баяндайды. Мемуар жанрының туу тарихы ерте дәуірлерден басталды десек те, оның шын мәніндегі жетілу, қалыптасу кезеңдері –XVIII-XX ғасырлар.

Кенес дәуірінде қазақ мемуарлық романдарының дәстүрлі тізіміне С.Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу”, С.Мұқановтың “Өмір мектебі”, Ғ.Мұстафинның “Көз көрген”, С.Көбеевтің “Орындалған арман” сияқты санаулы шығармалар ғана кіретін. Бұл қатар еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Ө.Нұршайықовтың “Мен және менің замандастарым”, Х.Әдібаевтың “Өмірдария”, Ш.Мұртазаның “Ай мен Айша”, Қ.Жұмаділовтың “Таңғажайып дүние”, М.Мағауинның «Мен», Қ.Ысқақтың “Келмес күндер елесі” мемуарлық романдарыментолықты. Ал тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген қазақ мемуарлық романдарыжөкелеген рецензиялар деңгейінде, кейбір шолу мақалаларда ішінара ғана талданған, тіпті Х.Әдібаевтың «Өмірдария», Қ.Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние», Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі» тәрізді шығармалары жайында жарық көрген пікірлер мүлде тапшы, алғаш рет осы диссертацияда сөз болып отыр. Демек, тәуелсіздік кезеңінің мемуарлық романдарының өзі де жанр тұрғысынан қарауды қажет етіп жатқаны байқалады (Елеуенов, 2009: 12).

Иә, ғұмырбаяндық роман жазу ең бірінші автордың шығармашылық дүниесінің ауқымдығын қажет етеді. Романның мұндай түрін жазу үшін автор өзін сан қырынан аша білуі, рухани бай болуымен қатар замана шындығын да қоса алып жүруі керек деп санаймыз. Яғни, өзге адамның дүниетану дәрежесін, ой-санасының талғамын, мінез-құлқын, табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасын қағаз бетіне дәл үстінен түсіруі әр әдебиетшінің қолынан келе бермейді. Бұл ойымызды әдебиетші Н.Ақыштың төмендегі сөздері қуаттандыра түседі «Мемуар жазуға дайындық жұмыстарын жүргізудің жауапты бір қыры автордың өмірлік материалдар мен фактілерді шығармасына дұрыс іріктеп ала білуіне байланысты. Адамның өмір жолында көрген, білген, естіген оқиғаларының барлығы мемуар жанрына енгізуге жарайды деп түсіну жаңсақтық. Басқа адамдар үшін елеулі маңызы жоқ, тек автордың жеке өмірінде ғана орын алған тым ұсақ нәрселер мен тұрмыстық детальдарды тықпалай беру көркемдік талаптар тұрғысынан мемуарды ұшпаққа шығара қоймайды. Өйткені кез келген адамның көрген-білгені, бастан өткізген жайлары екінші бір адамды қызықтыра қоймауы әбден мүмкін. Қандай оқиғаны кіргіземін, қандай фактілерді айтамын деген мәселенің тек мемуар жазушылар үшін ғана емес, барлық деректі шығармаға ден қойған қаламгерлердің де мықтап ойланатын мәселесі екендігі анық. Бұдан шығатын қорытынды –автор өзін қоршаған қоғамдық ортамен, оқырманның рухани сұранысымен санаса білуі шарт».

Тарихи тақырыптағы романдармен жалғас, XX ғасырдағы оқиғаларды негіз еткен романдардың ауқымы да біршама. Атап айтқанда, Сәбит «Қылбұрау», «Ұйық», «Тұйық», «Намыс нажағайы» аталатын төрт кітаптан тұратын «XX ғасыр» роман-эпопеясы, Смағұл Елубайдың «Мінәжат», «Жалған дүние», Рамазан Тоқтаровтың «Бақытты құлдың ақыры» секілді романдар сол ғасырдағы ұлт тағдырын сөз ете отырып, бұрындары социалистік реализммен бүркемеленіп келген, не айтылуына тыйым салынған тақырыптар жарыққа шыққан болатын. Бұл романдар күрделі кезеңнің қатпарларын кейінгі ұрпаққа шынайы бейнесін көрсету борышын сезінгенінен дүниеге келген болатын (Асқарова, 2015).

Роман жанрының кейінгі уақыттарда пайдаланыла бастаған роман-эссе жанры формасы мен типологиясы жағынан басқаларынан ерекшеленеді. Роман-эссе Тәуелсіздік жылдармен бірге дамып келе жатқан кенже жанр десек артық айтпағандығымыз болар. Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдеби сында, оқырмандар мен әдебиеттанушы ғалымдар назарын аударған роман-эсселерді З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі» атай аламыз.

Роман-эсседе жарқырап көзге түсетін бейне – ұстаз, жазушы, ғұлама ғалым М.Әуезовтің бейнесі. Роман күзгі аспанды, күзгі аспан астындағы Алматыны, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетін, Қазақ мемлекеттік университетінің ғұлама ұстазы М.Әуезов бейнесін көрсетуден бастайды. Күзгі аспан көктемгідей көгілдір, таза. Алматының көркіне көз тоймайды. Көшелері түзу. Көше жағалай тізіліп көкке өрлеген көк теректер мен ақ қайындар. Көк теректер мен ақ қайындардың тобығын айналып сылдырлаған бұлақтар: «арық жиегіндегі жылтыр тастарға мөлдір моншақтай шашылып, төңірегін түгел қоңыр-салқын шафхат лебімен жалпиды!» (Асқарова, 2015). Роман-эсседе көше бойлап келе жатқан екі кісінің бірі – ұстаз, екіншісі – шәкірт. Бұл М.Әуезовтің лекциясынан кейінгі сәттің бір көрінісі еді. Жазушы осы сәттен сәл шегініс жасап, оқушыларын университеттің аудиториясына, университет аудиториясындағы лекцияға алып келеді. Лектор – М.Әуезов. Қаламгер М.Әуезовтің ұстаздық қызметін, ұстаздық келбетін нақты шындық оқиғалар арқылы көрсетіп алған соң, ұстаз, ұстаздық туралы монолог түрінде берілетін ойлары мен толғаныстарынан сыр ашады. Сөйтіп эпикалық баяндау лирикалық толғауға ұласады.

Роман-эссенің өн бойында М.Әуезовтің өмірі мен қызметінің аясында айрықша дараланатын және өзара сабақтас екі ұғымның орны ерекше: а) ұстаз туралы ұғым; ә) ұстаздық туралы ұғым. Роман-эсседе ұстаз бен шәкірт арақатынасында орныққан ерекше екі қасиет жарқырап көзге түседі: а) ұстаздың шәкіртке деген шексіз ілтифаты; ә) шәкірттің ұстазға деген шексіз құрметі. Осы екі қасиет – ұстаздың шәкіртке деген шексіз ілтифатымен шәкірттің ұстазға деген шексіз құрметі – роман-эссенің бір бүтін көркемдік болмысына негіз болған (Қабдолов, 2003: 56).

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-эссесі ауыр тұрмысты басынан кешкен балалық шағы (тұтас замандастары), басынан кешкен өмір тарихындағы анасы Айшаның азапты тағдырын қазақ халқының басынан кешкен сонау жылдардағы тағдыр-талайы, қаралы тарихымен сабақтастыра отырып, солардың себеп-салдарына бүгінгі көзқарас биігінен сыншылық ой жіберген қаламгердің жеке дара тағдыры мен өткен тарихтың тынысын таразылаған көркемдік әлемі ашып көрсетеді (Әбдіманиұлы, 2015: 56).

Қорытынды

XX ғасыр ел өміріне түрлі өзгерістер алып келуімен ерекшеленсе, ғасыр бойына халық басынан кешкен оқиғалар шынайы бағасын ғасыр соңында ғана алып, бейнесін көрсетті. Ғасыр шындығын тану жолында қарымды қаламгерлер еңбегі ерекше көзге түседі. Кенес кезінің өзінде орын алған аз ғана жылымықты оңтайлы сәт деп білген зиялылар көп жылдар тарих қойнауында бүркеліп қалғандығына наразы ішкі қыжылын көркем сөзде жеткізуді ұрпақ алдындағы басты міндеті санады. Бұл тәуелсіздік алғаннан кейін де жалғасын тапқан романдар легіне алғышарт болатын (Асқарова, 2015).

Өткен ғасырдағы роман жанрының сипаттамасы бір текті, роман-кең көлемді эпикалық жанрлардың бір формасы, өмірлік процестердің қиын формаларындағы адамды, қоғамды, сол заманның тіршілігін суреттеу, бірнеше адамның, оқиғаның сюжетін қатар алатын көпдеңгейлігімен анықталып келді. Ал тәуелсіздік алғаннан бастап олардың жанрлық сипаты сәл өзгешелеу болып роман стилі, мазмұны, әдеби бағытқа қатыстылығы жағынан деп бөліне бастады. Бүгінде роман жанрны қалам тартатын жазушылар бір шығармада жанр мен бағыт, түр мен форманы қамтитын болған.

«Адамзат барда – роман бар. Эпосқа жүк боларлық адам тағдыры андағайлайды. Бар құпия осында, сондықтан да адамзат мифы қилы да қиян қоғаммен әдеби әлем ретінде қатар өмір сүре берері хақ. Роман, ұлы Ахаңның (Байтұрсынов) айтуынша, — бар-жоғы әңгіме. Иә, «ұлы әңгіме». Ал адам жүрген жерде әңгіме пәлсапаланып, өсек өре жөнеледі... Романда толқын-толқын болып туып отырады» (Жарылғапов, 2015: 85).

Роман жанр ретінде әлі де даму үстінде, олардың көп бөлігі постмодернистік бағытта жазылып жатыр, модернистік, реалистік, классикалық элементтерді де кездестіреміз кейбір шығармалардан. Бүгін біз мақаламызда қазіргі романдардың ішінде көптеп жазылып жүрген тарихи, ғұмырнамалық романдар және роман-эссе жайында сөз қозғадық. Аталған жанрлардың сипатын, ерекшеліктерін ашуға тырыстық. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардан бастап бүгінге дейін рухани құндылықтарға біршама туындылар жарық көрсе, болашақта ол шығармалардың саны көбейеріне сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тебегенов, Темірхан (2013), *Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті* (XX ғ. 90-жылдары және ХХІ ғ. Бас кезі) *Монография*. – Семей: «Үш биік» баспасы, -380 б.
2. Жанұзақова, Құралай (2010), *Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі. Монография*. – Алматы: ИП «Есенбекова», -448 бет.
3. Жарылғапов Ж.Ж. (2015), *Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм: Монография* — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, - 290 б
4. Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы.(2010), *Монография*. - Алматы, -323 бет.
5. Жұртбай, Тұрсын (2008), *Біртұтас Алаш идеясы және Шығыс Түркістан ұлтазаттық қозғалысы*, Көп томдық. XII том, Алматы: ЕЛ-ШЕЖІРЕ баспасы.
6. Елеукенов Ш. (2009), *Тарихи романның жаңа өрісі*. Кітапта: Қазақ романы: өткені мен бүгіні: *ұжымдық монография*, Алматы: -Алматы баспа үйі.
7. А.Ш. Асқарова, Б.Б. Баязитов. (2015), *Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романы*. Алматы.
8. Қабдолов, Зейнолла. (2003), *Тандамалы шығармалар*. – Төртінші том. *Менің Әуезовім. Роман-эссе*. – Алматы: Санат,.
9. Ө.Әбдиманұлы Ө., Ж.Дадебаев Ж.(2015) *XX-XXI ғасыр тоғысындағы қазақ романы және тәуелсіздік идеясы. Монография*.– Алматы: Қазақ университеті,. – 230б.

STEAM-БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ТУРАЛЫ

ф.ғ.к., доцент Л.М.ӘДІЛБЕКОВА*

Түйіндеме

Мақалада жаһандану заманындағы ең қажетті әрі үлкен сұранысқа ие пәндердің бір арнада тоғысуын зерттейтін, әрі заманауи іске асыратын, бір сөзбен айтқанда, STEAM - пән аралық байланысты дамыта отырып, оқу бағдарламасында бес пәнді оқытудың бір жүйесінде интеграциялау болып табылатын жаңа оқыту әдістемесінің мемлекетіміздің білім беру саласындағы алғашқы қадамдары мен болашағы сөз болады. Әлемде бүгінгі нарық заңы бойынша жақсы маманға жақсы төлем жасайтын жұмыс берушілер санының жоғары екендігін ескерсек, нақты ғылымдарға деген оқушылар мен студенттердің қызығушылығын арттыра білу қажеттілігі ұстаздардан, жоғарғы оқу орнының оқытушыларынан үлкен жауапкершілікті, жоғары біліктілікті талап етуде. Жастарды ғылыми-техникалық шығармашылыққа баулу үрдісі жоғарытехнологиялы өндірісі дамыған мемлекеттерде приоритетті іске айналған. Технологиялық прогресті алға мақсат еткен мемлекеттерде ғылыми-инженерлік мамандарға сұраныс күн санап артуда, ал инновациялық экономиканың өсуі де IT-компаниялардың «маман тапшылығын» сезінуіне алып келуде. Экономикадағы бұл үрдіс көптеген алдыңғы қатарлы мемлекеттердің STEAM-білім беру жүйесіне баса көңіл бөлуге мәжбүрлеп отыр. Күні бүгін болашағы ерен, экономикасы күннен күнге дамып, спорт, өнер, ғылым саласында әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарынан үзеңгі қағыстырып, алға ұмтылған мемлекетіміздегі жастарды жан-жақты білімді, шығармашыл, іздене білетін, нанотехнологияларды да, өнер әлемін де меңгерген тұлға ретінде дайындау ісінде STEAM-оқытудың өзектілігі сөз болады.

Тірек сөздер: STEAM-оқыту, STEAM-білім беру, жаңа технологиялар, приоритет, өнер.

ABOUT THE RELEVANCE OF STEAM-EDUCATION

Abstract

In this article, the new methodology is being taught, which explores the integration of the most demanding and fast growing discipline cycles in globalization and integrates the interdisciplinary perspective of STEAM into one of the educational programs and perspectives. For those who want to be more attractive to marketers in the world, the need for students to focus on the needs of the most demanding professions requires a great deal of responsibility and high qualification from the faculty, university professors. The process of enriching the science-technical creativity is one of the priorities of the technologically advanced productions. In the technological advancement process, researchers have acknowledged that the innovation economics as well as the fact that IT firms perceive "unwanted desires". This tendency in the economy has caused a lot of stress to be drawn to the STEAM education system. Today, STEAM is a leader in development of science, art and science, and also educates young people in world, familiar, creative, nanotechnology and art. - Actuality of teaching - this is a word. Kazakhstan is young country. It means that right education of young generation depends on how the country will grow in future. Because of that it is important to stress out the point that STEAM-learning will improve the knowledge of youngsters. It will depend on the improving of youngsters in every way: they will be more educated in science, new technologies, art, etc.

Key words. STEAM-learning, STEAM-learning, new technologies, priorities, art.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 2016-2019 жж. арналған Білім және ғылымның мемлекеттік Даму бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық Даму жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жж. арналған стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттары» Стратегиясы, «100 нақты қадам: кәсіби мемлекеттік аппарат құру» Ұлт жоспары (2015 ж. 20 мамыр), Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашасындағы «Нұрлы жол – путь в будущее» Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2015 жылғы 30 қарашасындағы «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсу, реформалар, даму», «Мәңгілік ел» патриоттық актісі, рухани жаңғыру, бес әлеуметтік бастама сынды кешенді бағдарламаларының негізгі нысаны мемлекетіміздегі адами капиталдың сапасын арттыру,

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, lazzat.m.adilbekova@gmail.com

әлемнің алдыңғы қатарлы өркениетті елдерінің қатарынан, яғни алғашқы отыздың құрамынан орын алу бағытындағы кешенді істер болып табылады. Ұстаз – болашағымызды тәрбиелейтін, рухани адамгершілікті, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық құзырлықтары қалыптасқан шығармашыл тұлға екендігін ескерсек, бүгінгі күні педагог мамандар дайындайтын педагогикалық оқу орындарындағы білім беру үдерісінің сапасы, жаңашылдығы туралы мәселе өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Мемлекет деңгейінде бұл мәселелер Қазақстан Республикасының жоғары білім беру Тұжырымдамасында, жаңа формация ұстазының үздіксіз білім беру Тұжырымдамасында айқын көрініс тапқанмен, педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын жоғарылату мәселесі өзектілігін жоймақ емес.

Себебі, Елбасы атап көрсеткендей: «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шакта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» (Назарбаев, 2017: 26.).

Мемлекетімізде білім беру жүйесін реформалау үдерісі кеңінен жүргізілуде. Әсіресе, қоғам, заман талабымен еніп отырған жаңа мамандықтар мен пәндердің енгізілуі, барлық мамандықтардың бағыты бойынша стандарттардың өзгеруі, жаңа білім беру технологияларын енгізу, білім мазмұнының түрлі деңгейлігі, шетелдік ғылыми-білім беру орталықтарымен ынтымақтастық қарым-қатынас негізінде әлемдік білім беру кеңістігінің ықпалдастығы кеңейтіліп келеді. Үздіксіз білім беру жүйесі қалыптасуда. Бүгінде барлық деңгейдегі оқу орындары жаһандану дәуірінің басты көрінісі - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша біліктілігін арттырған оқытушылар санын ұлғайтуға күш салуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандағы адами капиталдың өсуі, ең алдымен білімге байланысты» - деген сөзін басшылыққа ала отырып, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда әлемдік білім беру саласындағы, оның ішінде озық технологиясымен, халқының жоғары әлеуметтік-экономикалық тұрмысымен алға шыққан Ұлыбритания, Сингапур, Жапония, Израиль, Корея, Австралия, Америка Құрама Штаттары мен Қытай мемлекеттері соңғы онжылдықта қолға алған жаңа бағыттарға баса көңіл бөліп, отандық үдеріске оңтайлы енгізу, дамыту қажет. Соның бірі әрі бірегейі - STEAM-білім беру формасының маңыздылығы болып табылады. Алдымен, STEAM аббревиатурасына расшифровка жасап көрейік, яғни ағылшын сөздерімен өрнектелген «ғылым - S – science», «технология - T – technology», «инженерия - E – engineering», «өнер - A – art», «математика - M – mathematics», немесе: жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия, өнер+шығармашылық+музыка және математика салаларының бірлестігі болып табылады.

S – science,
T – technology,
E – engineering,
A – art,
M – mathematics.

Яғни, жаһандану заманындағы ең қажетті әрі үлкен сұранысқа ие пәндердің бір арнада тоғысуы деген сөз. Бір сөзбен айтқанда, STEAM - пән аралық байланысты дамыта отырып, оқу бағдарламасында бес пәнді оқытудың бір жүйесінде интеграциялау болып шығады. Бүгінгі нарық заңы бойынша жақсы маманға жақсы төлем жасайтын жұмыс берушілер санының жоғары екендігін ескерсек, нақты ғылымдарға деген оқушылар мен студенттердің қызығушылығын арттыра білу қажеттілігі ұстаздардан, жоо оқытушыларынан үлкен жауапкершілікті, жоғары біліктілікті талап етуде. Жастарды ғылыми-техникалық шығармашылыққа баулу үрдісі жоғарытехнологиялы өндірісі дамыған мемлекеттерде приоритетті іске айналған. Технологиялық прогресті алға мақсат еткен мемлекеттерде ғылыми-инженерлік мамандарға сұраныс күн санап артуда, ал инновациялық экономиканың өсуі де IT-компаниялардың «маман тапшылығын» сезінуіне алып келуде. Экономикадағы бұл үрдіс көптеген алдыңғы қатарлы мемлекеттердің STEAM-білім беру жүйесіне баса көңіл бөлігіе мәжбүрлеп отыр.

Демек, алдағы уақытта, жоғарытехнологиялық өндірістің дамуына байланысты, IT-мамандарға, программистерге, инженерлерге, био-нанотехнология мамандарына сұраныс артпақ. Сонымен қатар, жаңа дәуір жаңа мамандықтар алып келері сөзсіз. Яғни, болашақтың мамандары инженерия, технологияғ жаратылыстану ғылымдары мен шығармашылық өнерден білімі және дайындығы болу қажет. Бұл үрдіс әлемдік деңгейде қолға алынып, шешімін табуда, яғни жоғарыда аты аталған мемлекеттер мемлекет тарапынан STEAM-білім беру саласы бойынша арнайы мемлекеттік бағдарламаларды жүргізуде. Бұл үрдісті шешу мақсатында көрші Ресейде «Білім беруді техникалық қолдау орталықтарын» көптеп ашып, үкімет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетуде. Израильде бұл мақсатта мектеп бітірушілердің қорытынды емтихан тапсыруымен қатар, ғылыми-ізденіс жұмысымен айналысуы міндеттелді. Яғни, мемлекеттің ұлттық білім беру бағдарламасына мектеп оқушысы уақытының 70%-ы дәстүрлі сабақтарды оқуға, 30%-ы ғылыми-ізденіспен айналысуға жұмсалы қажеттігі міндеттелді.

«Өрлеу» республикалық біліктілікті көтеру орталығының қызметкері А.С.Теннің «Қазіргі білім берудегі жаңа трендтер» (Тен, 2016) мақаласында қазіргі заманғы білім беру саласындағы жаңа трендтер қарастырылады – бұл Smart-оқыту, білім берудегі робототехника, сыныптан тыс оқыту, саябақтардағы оқу, әлеуметтік медиа, білім берудегі ойындарға оқыту, жаратылыстану пәндерін оқыту әдістері (learning sciences), STEAM – білім беру технологиясы, білім беру үдерісінде пайдаланатын мобильді құрылғы және т.б. Инновациялық болсын, дәстүрлі болсын оқыту технологиясында оқыту сапасы білім беру үрдісінің тиімділігінің шешуші факторы болып табылатындығы ақиқат (Красильникова, 2008:46.). Доктор Кейс Терлоу: «Білім беру – әлеуметтік үрдіс, сондықтан да оқыту процесінде жаратылыстану ғылымдарында оқытушы жаңа технологияларды, қашықтықтан оқытуды т.б. кеңінен пайдалануы тиіс» - деп көрсетеді(Кейс, 2018). Білім беру үрдісіндегі өнер түрлерімен кеңінен шұғылдану да қуатты қару екендігін педагогтер қауымы бүгінде мойындап отыр (Шатунова, 2017:566.). Қазіргі білім берудің басты мақсаты – балаларды неге оқыту және қалай оқыту. Мақсатымыз – ертеңгі болашағымыз табысты өмір сүруі керек.

Бүгінде әлем нарығында STEAM-білім беру нағыз трендке айналды, ал көптеген сарапшылар STEAM-оқуды болашақ білім көзі ретінде қарастыра бастады. Коммуникация, кооперация, сыни ойлау мен креативтілік – ХХІ ғасыр мамандары үшін ең қажетті дағды болмақ. Ғылым мен өнерді ұштастыра білу туралы тарихта даналардан қалған тұжырымдар көптеп кездеседі. Мидың сол жағы логикалық, оң жағы креативтік, инстинкті-интуитивтік ойлауға жауап беретіндігін ескерсек, STEAM-оқыту жүйесінде жас адам миының қос жартысын да қозғауға болады. 1990 жылы биохимик Р. Рутбернштейн әлемге әйгілі 150 ғалымның өмірін зерттей отырып, барлық өнертапқыштар мен ғалымдардың өмірде музыкант та, ақын-жазушы да, суретші де болғандығын анықтаған (STEAM, 2018). Бұл тізімнен Леонардо да Винчи, Луи Пастер мен Эйнштейн сынды адамзат тарихындағы ұлы адамдарды кездестіруге болады. Галилейдің ақын әрі әдебиет сыншысы болғанын, Эйнштейннің тамаша скрипкада ойнағанын, Морзениң суретші(портретші) болғанын кім білмейді?! 2009 жылы Джон Хопкинс университеті ғалымдары жүргізген неврологиялық зерттеу нәтижесі – жастарға өнер саласынан білім беру олардың бойында танымдық дағдыларын жақсартып, есте сақтау, назар сала тыңдау дағдыларын дамытатындығын дәлелдеген.

Психоаналитиктердің мына бір мәліметіне көз жүгіртсек (мәліметтер «Точка Роста» халықаралық білім беру орталығының ресми сайтынан алынды). АҚШ және Қытай елдерінің ата-аналарынан алынған сауалнама бойынша, Қытай ата-аналары балаларының өнерге қатысты білім алуына басым мән береді екен, ал АҚШ ата-аналары 52% компьютерлік ғылымдарға қызығушылығын қолдайды екен, ал бұл көрсеткіш қытайлық балалар үшін бар болғаны 9% болған. Ал инновациялық мәселелерді креативті шешу көрсеткіші мүлдем керісінше, Қытайда 45%, ал АҚШ-та бар болғаны 18% болған. Әлемдік мәдениетті меңгеруге Қытайда 18%, ал АҚШ-та 4% қызығушылық көрсеткен. Демек алдағы уақыттарда мұндай көрсеткіштер арқылы көптеген мемлекеттердегі STEAM-білім беру жүйесінің деңгейін байқауға, анықтауға болады деген сөз.



Сурет №1. [6]

Сонымен, STEAM-білім беру дегеніміз не? Бір сөзбен жеткізе алсақ, дәстүрлі оқытылатын ғылымдарға заман ағымымен келген және келе беретін жаңалықтарды кіріктіріп оқыту. Жас адамды жобамен жұмыс жасауға, оқу-ізденістік жұмысқа баулуға қадам жасау, әрі іске асыру. Алғашқы ғылыми ізденіс нәтижесін күнделікті өмірде іске асыруға болатындығын көрсету. Яғни оқытушы өз сабағында робототехниканың қызметін түсіндіруге, жастардың өз роботтарын құрастыруға, арнайы программалар жасап, қызығушылығын арттырып, өз бетінше ғылыми ізденіс жасауға итермелеуі тиіс. Жоғарғы оқу орындары мен кез-келген білім ордаларындағы стартап жобалар мен ғылыми-инновациялық жобаларға бизнес өкілдерінің қызығушылығын арттырып, тығыз байланыс орнату үрдісі де инновациялық жаңалықтың өндіріске түсіп, халық игілігіне жаратудың жолын тездетеді. Қалай десек те, болашақ жаңа технологияларға, ол жаңа мамандықтарға жетелеуде. Бұл ұлы үрдістен ұлт болашағы, мемлекет қуаттылығы үшін қалыс қалуға мүлдем болмайды. Жастарымыздың әлемдегі ғылымның ең озық жетістігін, жаңа технологияның ең соны үлгісін үйрене, меңгере отырып, өз мемлекетінің гүлденуі жолында жұмыс жасауға тәрбиелеу, бұл жолда бар жағдайды жасап, күрмеуін шешуге тырысу - ұстаздардың ұлық міндеті болса керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

2015 жылдан бастап, Қазақстан білім беру жүйесінде де бұл салада күрделі реформалар жүргізілуде. 2016-2017 оқу жылынан Астана қаласының 70 мектебінде «Робототехника» курсы енгізілді. Мектеп бағдарламасына «Ғылымға кіріспе», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» сынды ақпаратты сараптай білуге үйрететін заманауи пәндер кіргізілуде. 2014 жылы Иерусалимде өткен «STEM forward» халықаралық конференциясында STEAM-оқыту мектеп жасына дейінгі балалардан, яғни балабақшалардан бастап жүргізілу қажеттігі жария етілді. Сонымен қатар, конференция шешімімен, ғылым тілі – ағылшын тілі, STEAM-білім беруде ағылшын тілін білу қажеттігі де көрсетілді. Бұл тұрғыдан жас егемен мемлекетімізде қолға алынған ағылшын тілін үйрену үрдісінің кеңінен етек алуы аса құптарлық іс, уақыт талабы. Сонымен қатар, есте ұстар басты мәселе: тіл біле отырып, сапалы, бәсекеге қабілетті маман бола отырып, өз Отанының патриоты болу – әр азаматқа басты міндет екендігін есте ұстау абзал. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетімізде үлкен резонанс тудырып, көптеген игілікті бастамаларға жол бастап келе жатқан 2017 жылғы 12 сәуірде «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ХХІ ғасырдағы ұлттық сана, бәсекеге қабілеттік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау туралы айта келіп, білімнің салтанат құруына байланысты жиырма бірінші ғасырдағы технологиялық революцияның қарқыны «таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып» кететіндігіне тоқтала отырып, қазіргі құндылықтар жүйесінде «білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететіндігін» атап көрсетті [1, б.2]. Жаһандану заманында әр жас адам: «Мен мемлекетім үшін не істеймін, не істедім, қандай пайда әкелдім?» принципін қашан да жадында ұстануы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев, Нұрсұлтан. (2017), *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру* // Egemen Qazaqstan, 13 сәуір 2017 ж
2. Тен, Алира (2016), *Қазіргі білім берудегі жаңа трендтер*// zkoipk.kz/ru/2016smart3/2541-conf.html
3. Красильникова, Вера (2008), *Компьютерлік технологиямен оқыту концепциясы*, Орынбор.
4. Кейс, Терлоу (2018), *Заманауи білім берудің он тренді* // URL:<https://www.hse.ru/news/media/63841790.html>
5. Шатунова, Ольга (2017), *Категория «arts» в steam-образовании*// *Педагогика и психология: перспективы развития : материалы Междунар. науч.–практ. конф. (Чебоксары, 6 авг. 2017 г.) / редкол.: О.Н. Широков [и др.] – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2017. – С. 56-58. – ISBN 978-5-9500768-0-0*, Чебоксары.
6. <http://www.tochka-rosta.ru/STEAM/>
7. Сурет № 1 еркін интернет желісінен алынды.

ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖАСАУ ТӘСІЛДЕМЕСІ

П.Ф.К., доцент **Б.Д. ЖҰМАҚАЕВА***
П.Ф.К. **Ш.Л.ЕРХОЖИНА****

Түйіндеме

Мақалада әдебиет сабағындағы оқу-тыным үдерісін ұйымдастыру мен қадағалау тетігінің бірі – кері байланыс мәселесі қарастырылады. Кері байланыс оқу үдерісіне қатысатын мұғалімге де оқушыға да маңызды. Тиімді кері байланыс оқушыларға өз қабілеті мен әлсіз тұстарын түсінуге және білім алу үдерісін жақсартуға көмек береді. Ал мұғалімге өткен сабағының жетістігі мен кемшін тұстарын көруіне, оқу үдерісін саралауына, оқушылардың сол пәннен қалыптасқан құзіреттілігіне мониторинг жасауына көмек береді. Сол арқылы мұғалім алдағы сабақ үдерісін тиімді жоспарлап отырады.

Мақалада оқу үдерісінде қолданылып жүрген кері байланыс түрлері сараланып, оның қолдану мақсат, міндеттері түсіндіріледі. Әдебиет пәнінде кері байланысты тиімді қолдану оқу-таным үдерісін бақылау, бағалау мүмкіндіктерін асырып, оқушыларды оқу-танымдық әрекетте белсенді, шығармашылық іс-әрекетке бейім, іздемпаздыққа, оқу материалына талдау жасай білуге үйретеді.

***Тірек сөздер:** рефлексия, оқу үдерісі, кері байланыс, тәсіл.*

APPLICATIONS OF A METHOD OF REFLEKTION AT THE LITERATURE LESSONS**Abstract**

The article considers the feedback issue, it is one of the mechanisms for controlling the process of organizing and implementing the learning process in the literature lesson. Feedback is also important for the teacher involved in the learning process. Effective feedback helps students understand their strengths and weaknesses and improve their learning. With the help of this the teacher see the successes and shortcomings of the past, analyze the learning process and monitor the competence of students in the same subject. Thus, the teacher plans the next lesson effectively.

The article explains the classification of feedback used in the learning process, its types, purposes. Effective using of literature on this subject helps to control the learning process, the ability to evaluate, to teach students to be active in cognitive activity, to be creative in behavior, to be able to analyze educational material.

***Key words:** reflection, learning process, feedback, approach.*

КІРІСПЕ

Бүгінгі күн ұстазының алдына қойылған басты мақсат – баланы субъект ретінде оқу ісіне өз бетінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үдерісінде бірлесе әрекет ету. Өзіндік адамгершілік құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту.

Білім кеңістігінде оқу үдерісінің тиімділігін арттыру ғасырлар бойы қарастырылып келе жатқан өзекті мәселе. Таяу шетелдер мен Республикамызда да білім беруді оңтайландыру үдерісі белсенді қарқын алды. Қоғам мен өмірдің үздіксіз дамуы, жалпы адамзат қоғамындағы күрделі құбылыстар, белсенді өзгерістер бүгінгі қоғам адамының кемелдену жайын жан-жақты қарастыруды талап етеді. Ғылыми-техникалық қарқынды даму үдерісі білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ақпараттар ағымы әр 5-10 жылда еселене өсуі адамның ақпараттар ағымында өзіне қажетті білім мазмұнын мейлінше ыждаһатпен тандай білу қажет ететіндігін танытады. Ең бастысы, бүгінгі оқушыға қандай білім мазмұнын, қандай мақсатта игеру қажет деген саналы қарым-қатынас жасау аса маңызды. Яғни, қоғам мен технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын тұлғаны қалыптастыру міндеті қойылады. Қойылған міндет жолында әдебиет пәнінің де үлкен үлесі бары талас тудырмайды.

*С. Демирел атындағы университеті, d.bereke2009@mail.ru

**С. Демирел атындағы университеті, ergozhina@inbox.ru

Оқушы танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәнінің алатын орны ерекше. Әдебиет пәні еркін ойдың қиялдың дамуына жол ашады. Бұл пәннің басқа пәндерден өзіндік ерекшелігі тұлғаны рухани дамуына мол мүмкіндіктер туғызатындығында. Әдебиет пәні арқылы ойлаудың жүйелеу, саралау, жинақтау т.б. көптеген үдерісі сезім, шабыт, эмоция сияқты психологиялық үдерістермен қат-қабат жүзеге асады. Сондықтан әдебиет пәнінде тұлғаның логикалық жетілуі мен рухани шынығуы, шығармашылық шындалуы қатар жүреді.

Әдебиет сабағында оқу-тыным үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыру тетігі – кері байланыс. Кері байланыс латын тілінде *reflexio* – делінеді, мағынасы – керіге айналу ұғымына сәйкес. Қандай да бір іс-әрекетке қайтарымды жауап, білімді қабылдау деңгейіне бағдар деуге болады.

Рефлексия терминін XIV ғасырда Джон Локи атты ғалым ұсынған. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі, сондай-ақ өз әрекеті барысында негізге алған ережелер мен кестелерді қабылдауы не жоққа шығаруы» [1] деген түсінік береді. Осыдан келіп психологияда өзін - өзі дамытумен қатар индивидтің жан мен тән үйлесіміне сәйкес өз ойын жинақтау қабілетін бейнелейтін рефлексия ұғымы пайда болды. Білім берудің философиясында «өзіндік» таным және өзіндік «мен» ұғымдары қалыптасты. Білімнің жаңа бағытында - адамның өзіндік «мен» құндылығы пайда болды. Бұдан басқа да рефлексия жайында айтылған философиялық ойлар негізінен «адамның өзіне бағытталған зерттеу жұмысы», «өзінің іс-әрекеті мен ақылын өзінің бақылауы» деген ұғымға бара-бар. Н. В. Кузьмина адам өзін – өзі әрекетке түсіру арқылы дамиды, жаңа бағыттарға бет алады деген ой білдіреді. Бүгінгідей ақпарат ағымында білім алушы тұлға әртүрлі дереккөздерден алынған білімді жинақтау, оларды тәжірибеде қолдану үшін жүйеге келтіру, «кері байланысты» жүзеге асыру сияқты әрекеттер жасайтынына тоқталады [2].

Бүгінгі білім үдерісін субъект-субъектілік қарам-қатынас тұрғысында қарастырғанда, оқу үдерісіндегі басты нысан білім (оқу материалы) деп түсінеміз. Ал кері байланыс сол білімді (оқу материалын) немесе оқу үдерісінен әр тұлғаның өзіне, өзінің қабылдау үдерісіне анализі, жасаған кері қадамы деп түсінген оң. Кері байланыс оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның өзінің оқу-таным әрекетін бағдарлап бағалауы түрінде де және өзгенің іс-әрекетіне кері жауап ретінде де жүзеге асады. Кері байланыстың қазірде қолданылып жүрген түрлері көп, жіктелері де қарастырылып жүр.

Рефлексия жіктелері:

- 1) Қабылдау мазмұнына қарай: ауызша және жазбаша;
- 2) іс-әрекет формасына қарай: жеке, топпен, ұжыммен;
- 3) қабылдау тәсіліне қарай: сауалнама, сұрақ; суреттер, жағдаят, символ, кесте қолдану арқылы

т.б.

4) қызмет түріне: іс-әрекет (үлгердім-үлгермедім; жеңіл-күрделі); сезіну қалпына қарай (қызықты-қызықсыз; ыңғайлы-ыңғайсыз) зияткерлік жағынан (түсінікті, түсініксіз, қиындықтар байқалды).

5) Мақсатына қарай үш топқа жіктеледі:

- а) эмоциялық күйге қатысты рефлексиялар;
- ә) іс-әрекет түрлеріне қатысты рефлексиялар;
- б) оқу мазмұнына қатысты рефлексиялар.

Ал, педагогикалық үдерістегі рефлексияны қызметіне қарай топтастырғанда:

- Диагностиалық;
- Жобалық;
- Ұйымдастырушылық;
- Коммуникативтік;
- Шығармашылық;
- Мотивациялық;
- Реттеушілік деген түрлеріне жіктеледі.

Соның ішінде мақсатына қарай жіктелетін түрлеріне тоқталып өтейік: – *эмоциялық көңіл күй рефлексиясы*. Яғни оқу үдерісіне деген оқушының қарым-қатынасын, көңіл күйін білуге бағытталған түрі. Көбіне сабақ соңында немесе сабақтың басында қолданылады. Көңіл күй рефлексиясын бастауыш сынып оқушыларына қолдану жиілігі байқалады. Оған түрлі-түсті қағаздар, жалаушалар, әртүрлі көңіл күйді білдіретін смайликтер т.б. құралдар қолданылуда. Әдіс-тәсілдеріне:

«Бір сөзбен» тәсілі - оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдауы. Мысалы: қуаныш; шабыт; жалығу; сенімсіздік, сенімділік; қанағаттану т.б. сөздер беріп тандату.

Сондай-ақ «бағдаршам» тәсілі (оқушы өз көңіл күйі мен әрекетін бағдаршамның түсімен көрсетуі);

«Бас бармақ бағыты» (бұл да көңіл күйін бармақ бағытымен: жоғары – төмен немесе орташа деңгейді бармақ бағытын көлденең қоя отырып көрсетуі);

«Күн бейнесі» (күлген, түнерген немесе ойланған күн бейнесіндегі суреттермен беруі);

«Көңіл күй таразысы» (көңіл күйі мен оқу әрекетін таразымен бейнелеуі);

«Пирамида» (табанынан жоғары қарай белгілеу арқылы өз көңіл күйі мен оқу әрекетінің шамасын көрсетуі);

«Плюс – минус – қызықты» сөздермен беруі т.б. жатады.

Келесі бірі – *іс-әрекет түрлеріне қатысты* рефлексиялар. Оқу үдерісінің өн бойында оқу материалын игеру деңгейін, оқушылардың белсенділігін қадағалау үшін қолданылады. Сабақ барысында әр оқушыны дербес бағалауға да көп септігін тигізетін рефлексия түрі. Оқу үдерісінде үздіксіз қолданған жағдайда оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке, іздемаздыққа, оқу материалына талдау жасай білуге үйретеді. Әр оқушы өз жұмыс әрекетін реттеуге, сарапта алуға, шығармашылыққа бейімделеді. Өзіңде өзгенің іс - әрекетін объективті бағалап, кемшіліктерді жоюға, жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Түрлеріне тоқталсақ:

«Ойлан – жұптас – бөліс» – топтық талқылау кезінде қолданылатын тәсіл.

«Бір минуттық эссе» – оқу әрекетінің белгілі бір кезеңін саралауға бағытталады, сабақтың қорытынды кезеңінде қолдануға да тиімді;

«Қате түсінікті тексеру» – әдетте белгілі бір оқу материалын оқушылардың қалай қабылдап отырғанына бағдар жасау үшін қолданылады. Мәселен, әдебиет пәнінде жүргізілетін мәтінге жақын баяндау тәсілінде сыныптағы оқушыларды белсенді тыңдау әрекетіне көшіру үшін баяндаушы бірнеше қате мәліметтер жібереді. Сынып оқушылары қате жіберілген тұста анықтауы тапсырылады.

«Өзін-өзі бағалау парағы», «формативті сұрау» – кесте, сауалнама, сұрақ т.б. арқылы белгілі бір жұмыс әрекетін немесе оқу кезеңін бақылап бағалауға арналған;

«Стикердегі жазбалар» немесе «қабырғадағы жазбалар» – топтың немесе дербес оқушының оқу өнімін сараптауға, бағалауға мүмкіндік туғызатын тәсіл;

«Екі жұлдыз, бір тілек (ұсыныс)» – оқу кезеңін, жұмыс нәтижесін не сабақты қорытындылап, бағалауға тиімді тәсілдің бірі. Әдетте топ жұмысын сараптау барысында жұмыс нәтижесінің екі ұнаған жақсы жағын атап, өз тарапынан қосатын пікірін білдіру тапсырылады. Бұл жалпы пікір сұрағаннан тиімдірек, себебі екі жақсы қырын атау үшін де жұмыс өнімін сараптауға тура келеді. Ал жұмыс нәтижесін бұдан да жақсарту үшін ұсыныс білдіру оқушыларды креативтілікке, сыни пікірге баулиды.

Оқу мақсатына бөлінетін рефлексияның бірі - *оқу мазмұнына қатысты рефлексиялар түрі*.

Оқу мәліметінің мағынасының рефлексиясы оқыту субъектінің өз іс - әрекетін саналы түрде ой елегінен өткізіп, оларды білуге, өзіндік дұрыс сезінуге көмектеседі. «Оқушының білімге, білуге деген құштарлығын, жауапкершілігін, ізденуін, қызығушылығын дамыту әдіскер ұстаздар қолында. Ол өз бойына жинаған білімін біреуден мақтау, жоғары бағасын есту үшін емес, саналы түрде өмірде, болашақта өзіне, еліне қызмет етуі үшін жинау керектігін түсінуі, сезінуі қажет» [3, 229]. Іс - әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін, өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтауға бағытталады. Көбіне мұғалім оқу материалының мазмұнының оқушылар қалай қабылдады, түсіну деңгейі қаншалықты екендігін анықтау үшін қолданады. Тәсілдеріне келер болсақ:

«Аяқталмаған сөйлем тәсілі» – мұғалім оқу мазмұнына сәйкес фразаны немесе сөйлемді ала отырып оқушылардың өздеріне тиянақтауды тапсырады.

«Think wane (*синквейн*)» бестаған – бірінші жол- тақырып атауы; екінші жол – тақырыпты екі сөзбен сипаттау;– белгі немесе сын есіммен; үшінші жол - осы тақырыптағы іс-әрекетті үш сөзбен (етістікпен) сипаттау; төртінші жол – тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын фраза; бесінші жол– тақырыпты ашатын синоним сөз.

«Баспалдақ»– сабақтың өн бойында жүргізуге болатын тәсіл. Кейде оқу материалын оқушылардың қаншалықты меңгергенін бағалауға мүмкіндік туғызады. «Тірек сөздер» тақырыпты талдар алдында немесе қорытынды кезеңде де қолдануға болатын тәсіл. Берілген тақырып бойынша тірек сөздерді мұғалімнің өзі ұсынса да немесе шығарманы талдау барысында оқушыларға түйіндетіп отырса да болады.

Оқу мазмұнына қатысты рефлексиялардың ішінде зияткерлікті танытатын бір түрі «Ақылды үкі» тәсілі. Мәтін бойынша оқушылардың өздері жұмыс істеу барысында мәтінді оқи отырып, « + » - білемін, « - » - білмеймін, « ! »- мен білген жаңа мәлімет « ? » - таңданарлық деген белгілермен

сараптайды. Нәтижесінде жұмыс барысы білген мәліметтен тың мәліметке бағытталады, бағдарланады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей оқу үдерісінің әр кезеңінде кері байланыс оқушы үшін де мұғалім үшін де маңызды. Жалпы мектепте көбіне кері байланысты сабақ соңында ұйымдастыру дағдысы байқалып жүр. Онда да «бүгінгі сабақ ұнады ма?», «білдім», «білгім келеді» түрінде ғана қолданылу басым. Ал, сабақтағы оқушылардың таным әрекетінде, сабақтың ең басты кезеңдері оқу материалын игеру тұсында ұйымдастырылғаны одан да тиімдірек болар еді. Мәселен, мұғалімнің өз жұмысын сараптауға мүмкіндік беретін: «сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз», «осы сабақ барысында менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?» деген мазмұндағы сауалдар немесе «Мұғалімге хат» түріндегі тапсырма-сұрақтар сабақтың ұтымды жағы мен кемшін тұсын сараптауға мүмкіндік береді:

1. Сізге қай тапсырма ұнады?
2. Қай тапсырма сізге қиындық тудырды?
3. Келесі сабаққа қандай ұсынысыңыз бар?
4. Келесі сабақта қандай мәселеге қайта оралғыңыз келеді? Неліктен? Дәл осындай сауалды

интервью түрінде топ ішінде де жүргізуге болады.

Сондай-ақ бағалау парақтары да кері байланыс рөлін атқарады.

Оқушының аты-жөні

- бүгінгі сабақтан сіз қандай ой түйдіңіз?	
- сіз үшін сабақтың ең ұтымды жері қайсы?	
- сабақ тақырыбының сіз үшін қандай маңызы бар?	
- сабақта сізді ойландырған қандай мәселе болды? Неліктен?	
- Топ жұмысы қандай деңгейде өтті?	
- Өз тобыңыздың қай мүшесіне жоғары балл қояр едіңіз (аты-жөнін жазыңыз)	

Оқушының оқу әрекетін сараптауға арналған кері байланыс түрлерін қолданудың маңызы аса зор. Себебі оқу әрекетін сараптау арқылы да оқу мазмұнына саналы меңгереді. Мәселен,

Шығарма (немесе тапсырма) несімен ұнады?	Өзіңе ұнаған кейіпкерлердің сөзі не іс-әрекетінен мысал келтір	Ұнаған кейіпкеріңе ең қысқа хат жаз	Шығармада (мәтінде)өзіңді ойландырған фраза(сөз) қандай?
--	--	-------------------------------------	--

Жұптық не топтық жұмыс түрінде де кері байланыс түрін қолдануға болады. Мысалы:

1-топ: Шығарманы оқығаннан кейінгі алғашқы талқылау пікіріңіз:

«Қосу»(+) «Несі ұнамды?» сұрағына жауап беретін 5 дәлел табыңыз.

«Алу» (-) «Несі ұнамсыз?» сұрағына жауап беретін бірнеше дәлелдер мен ойларға мысалдар келтіріңіз.

«?» - «Несі қызық?» сұрағына жауап беретін дәлелдер мен ойларды дәлел келтіріп айтыңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тұжырымдай айтқанда, сабақтың өн бойында, оқу үдерісінің әр кезеңінде кері байланыс орнату тәсілдері көп. Бүгінде әртүрлі атаулармен беріліп жүрген кері байланыс түрлерін тиімді жүзеге асыру сабақты сапалы етері анық. Ең негізгісі кері байланысты қолдану мақсаты мен міндеттерін айқын түсіну. Оқушы мен мұғалімнің оқу әрекетін сараптауға, бағалауға бағытталған кері байланысты қолдану ұстанымдарының мәніне бойлау. Оқу сапасын жақсартатын жұмыс бойынша тиімді кері байланыс құра алу сабақтың сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Кері байланыстың ауызша үлгілері және жазбаша үлгілерін сабақтың өн бойында пайдалану мүмкіндіктері мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын ЖОО бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру *Бағдарламасы /Үлестірме материалдар/*. А., ПШО, 2015. – 13б.
2. Кузьмина Н.В. *Методы исследования педагогической деятельности*.- Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1970.
3. Кенжебаева Г.М. *Қалыптастырушы бағалауды жүргізудің әдіс-тәсілдері*. // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы №3(61) 2017 ж.

ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР

ф.ғ.к., қауым. профессор Б.С.САРБАСОВ*

Түйіндеме

Мақалада мотивтердің шығу тегі халықтың ертедегі дүниетанымымен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланысты қарастырылады. Мақалада Оғыз, Шыңғыс хан, Қорқыт кейіпкерлердің дүниеге келуі туралы мифтер мен аңыздарға талдау жасалынады.

Аңыз әңгіме, шежіредегі ғажайып туу мотивін зерттеу үшін нысанаға оғыз, түркі-монғол тайпаларының шыққан тегі туралы шежірелер және Оғыз, Қорқыт, Шыңғыс хан туралы аңыздардағы ғажайып туу сарындары алынып отыр.

Мақалада Оғыз, Қорқыт, Шыңғыс хан туралы шығармалардың түркі халықтарына ортақ нұсқаларына талдау жасалып, олардағы ғажайып туу мотивінің ерекшеліктері мен ұқсастықтары өзара салыстырдық. Қазақ фольклорындағы кейіпкердің ерекше жаратылу мотиві көбінесе дүниежүзі халықтарына кеңінен тараған дәстүрлі сарындарда баяндалады.

Тірек сөздер: *Түс көру мотиві, ғажайып туу мотиві, Тәңірлік дін, анимистік, тотемдік наным-сенімдер.*

FOLKLORE MOTIFS IN TURKIC MONUMENTS

Abstract

This article almost all above mentioned scientists carry a legend to classical-turkic to the period and consider(examine) her as epic product constructed on mythological a plot. And we as a result of study and analysis calculating of the concept, determine it (him) as book epics a monument, general for turkic of the peoples.

This article in process of formation epic of legends there is a wide experience of condensation and generalization of various subject lines and event of units. The author added in a legend the description only of those events, which witness he was by.

The purpose of research is the consideration "Oguz-name" as book epic of a monument, study folklor- typological of similarities. As "Oguz-name" was understood as a spiritual heritage perceived (recognized) from a primogenitor Oguz-Kagana, we took into account(discounted) the objective and subjective factors. Also we undertook attempt of study and analysis of folklore character of a monument.

Keywords: *motive of searches, motive first feat etc; to define specificity of functioning them in the epos; Tengrianstva.*

КІРІСПЕ

Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді. Халықтың ертеңгі болашаққа деген ұмтылысы, даналық ой – тұжырымдары, қоршаған дүниеге көзқарасы әртүрлі формада көрініс табуы орынды.

Фольклорлық шығармалардың таралу аясы тек жеке халықтың территориясымен шектеліп қоймай, көршілес шет елдерге ауысып отырған. Қазақ халқының эпикалық мұраларындағы ғажайып тууға байланысты эпизодтардың көпшілігі берісі түркі, арысы әлем халықтары фольклорлық туындыларында да кездеседі. Бұл ата-бабаларымыздың әлемдік өркениеттің ілгері басу процесіне белсене араласуының, дүниежүзілік мәдениеттің өркен жаюына өзіндік қомақты үлес қосқанының нәтижесінде болып отыр. Сонымен қатар әлем фольклорындағы тығыз қарым-қатынастардың айқын айғағы.

Қырғыз халқының атақты «Манас» эпосының бір нұсқасында батырдың шешесі түсінде жаратушы иесінің қолынан алма жеп, Манасқа жүкті болады. Ә.Марғұлан: «Бұл дала эпосында өте сирек кездесетін бейне. Тегінде алмаға жеріту – Манас шыққан ортаның жемісі көп оңтүстік алқаптар – Талас, Ферғана, Қашқармен тығыз байланысты болғанын белгілеп, оның Қарахан дәуіріндегі мәдени тұрмысты еске түсіретіндігін көрсетеді» (Марғұлан, 1985:82), – деп тұжырымдайды. Негізінен сиқырлы алма жеу мотиві бүкіл дүниежүзі халықтарының фольклорында кейіпкердің ерекше жағдайда тууына орай пайдаланылады.

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, sarbasov.bolathan@mail.ru

«Манас» жырында бас қаһарманның Манастың дүниеге келуіне қатысты оқиғаларынан бастап, соңғы сәтіндейінгі өмірі суреттеледі. Оның ішінде кейіпкердің жорықтарын кеңінен суреттеуге зор мән беріледі. Әрине, эпостағы мұндай күрделі сюжеттік құрылымның аз ғана уақыт ішінде құрыла қалмағаны анық. «Манас» эпопеясы ұзақ даму процесінің нәтижесінде осындай көлемді жырға айналған. Ол іштей эпос қаһармандарының өмірбаянына тән дәстүрлі мотивтермен толықтырылып, кеңейтіліп отырған. Сол мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууы.

Ғалымдар Манастың жалпы эпикалық өмірбаянын бірнеше негізгі эпизодтарға бөліп қарастырады. Оның ішінде бас кейіпкердің жеке басына қатысты өмірбаяндық мотивтер тобында қаһарманның ғажайып туу эпизодтары да бар.

Батырлық эпоста кейіпкердің ғажайып туу мотивінің кеңінен тараған түрі – ата-бабалар аруағының жәрдемімен және әулие-әнбиелердің түсте аян беруі арқылы болашақ батырдың дүниеге келуі. Бұл мотивтер, әсіресе, шамандық және мұсылмандық культтердің үстемдігі тұсында қалыптасып, дамыған.

Бұл жөнінде С.А.Қасқабасов былай дейді: «Ислам діні енгеннен бастап Қазақстанда ескі шамандық пен ислам діні қатар өмір сүрді. Бұл жағдай көп уақытқа созылғаны белгілі. Бірақ жай созылған жоқ, екі идеология арасында үнемі күрес болып келді. Сөйтіп, бұрынғы шаманизмді исламның «қасиетті» күштері ығыстыра бастады, ал, кейбір шамандық кейіпкерлер мен әдет-рәсімдер исламдық сипат алады. Соның нәтижесінде ежелгі тотемге және ата-баба аруағына табынумен қатар, мұсылман дінінің әулие-әнбиелерін қасиеттеп, оларға сыйыну кең етек алды. Міне, бұл процесс қазақ фольклорында көрініс тапты. Мысалы, аңыз, ертегі, жырларда болашақ қаһарманның ата-анасы бала тілеп, Аллаға сыйынады, мұсылманның қасиетті орындарына зиярат етеді (Қасқабасов, 2002:252). Осындай таным-түсініктердің өзгеруіне байланысты жырдағы кейіпкердің дүниеге келу жөніндегі сюжеттерінде әулие-әнбиенің жәрдемімен туу сарыны пайда болады. Әрине, бұл сюжет өзінің негізгі баяндалу тәртібін, қалпын сақтап қалады.

Батырдың ғайыптан дүниеге келуіне болашақ қаһарманның шешесінің тотемнің етін жеу де себепші болатыны белгісі, әулие-әнбиелердің шапағатымен жүкті болған. Болашақ кейіпкердің шешесі әр түрлі жыртқыш аңдардың етіне жерік болуынан аңғарылады. Осындай құбылысты «Оғыз-наменің» кейбір нұсқаларында әсіресе мұсылманшылдығы танытылған Оғыздың сыртқы кейпінің тотемдік жануарларға ұқсауынан байқаймыз.

Түркі халықтарының батырлық эпосында жиі кездесетін тотемдер – қасқыр, жолбарыс, аю, арыстан сияқты айбарлы да күшті хайуандар кейпінде. Аталған хайуандарға балау немесе теңеу батырларымыздың ерлік тұлғасын сипаттауда қолданылып ержүректіліктің, батырлықтың, күштіліктің символына айналғандығына толық көз жеткізуге болады.

Оғыз қаған келбеті: «Осы ұлдың өңі-шырайы көк еді, көздері қызғылт, шаштары, қастары қара еді. Нұрлы періштелерден көріктірек еді... Аяғы өгіздің аяғындай, белі бөрінің беліндей, жауырыны бұлғынның жауырындай, кеудесі аюдың кеудесіндей еді. Тұла бойын қалың түк басқан еді», - деп сипатталады (Өмірәлиев, 1988:30).

Дүниежүзі фольклорының эпикалық жанрларында елдің дүниетанымын, ежелден қалыптасып келе жатқан тарихын көрсететін әр түрлі көркем тәсілдерді кездестіруге болады. Қай халықтың эпикалық мұрасы болмасын, ол сол жерді мекендейтін адамдардың тіршілігінен, салт-дәстүрінен хабар береді. Соның ішінде бүкіл дүниежүзі халықтарын эпосында кеңінен тараған мотив – кейіпкердің ғажайып дүниеге келуі.

Ғажайып туу мотивін аналық ру заманында пайда болған түсініктермен байланысты қарастырған ғалым А.Н.Веселовский өзінің «Историческая поэтика» атты еңбегінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген (Веселовский, 1940:538-539). Бұл мотив – осы көрсетілген кезеңдегі адамдардың дүниеге келуі тотемнің әйел бойына қонуына байланысты жүзеге асатын құбылыс қарабайыр дүниетанымның жемісі деп білген. Бірақ кейбір халықтар өздерінің генеалогиялық мифтерінде өздерінің шығу тегін, әйелмен емес, керісінше ер адаммен байланыстырады. Кейіпкер белгілі бір қасиетті тотеммен некеге отырып, сол арқылы ұрпақ таратуға иеленеді.

«Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткішінде де ғажайып туу сарыны кездеседі. Солардың бірі – «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарау. Кейіпкердің ғажайып туу мотивінің бір түрі – болашақ кейіпкердің күннің нұрынан пайда болуы. Бұл мотив бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар. Бұл мотивтің түркі-монғол халықтарының фольклорында пайда болу себептерде, оған әсер еткен, діни-наным сенімдер де анықталған. Кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің пайда болуына ерте замандағы шаман дінінің мол әсері болған. Шаман дінінің ең негізгі ұста-

нымдары күнге, айға, көк аспанға табыну болып табылады. Кейіннен Құдайдың есімі болып табылатын – «Көк Тәңірі» деген сөз пайда болған.

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы дүние жүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «Күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған (Пропп, 1976:207-208).

Қазақ аңыздарында бұл мотив Шыңғыс ханның дүниеге келуімен байланысты айтылады. Қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры Есім ханның атасы Шыңғыс ханның күннің нұрынан дүниеге келгенін әңгімелеуден басталады. Ал, біз қарастырып отырған «Оғыз-намеде» да Оғыз қағанның анасы Ай қаған күн нұрынан жүкті болады. Бұл мотив екі туындыда ұқсас сарында баяндалады (Өмірәлиев, 1988:35). Осы аңыздың қазақ, монғол арасында тараған нұсқаларын салыстырып зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері бір арнаға саяды. Олар кейіпкердің күн нұрынан туу мотиві түркі тектес және монғол халықтарының фольклорына тән сарын екендігін дәлелдеп көрсетеді. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Бұл мотив халқымыздың ежелгі таным-түсінігінің негізінде қалыптасқан түркі, монғол тайпаларының таралуы туралы шежірелерде және қыр аңыздарда, соның ішінде Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның, Манас жөніндегі шығармаларда ұшырасады. Осы қаһармандар туралы шығармалардың нұсқаларын Әбілғазының, Қадырғали Жалайырдың шежірелерінен, Г.Н.Потанин жинақтарынан кездестірсек, оларды зерттеуге Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, С.Қасқабасов т.б. ғалымдар зор үлес қосты.

Оғыз, Қорқыт туралы аңыздарда немесе ру тайпалардың шығу тегі туралы шежірелерде қаһармандардың ерекше жаратылуына үлкен мән беріледі. Бұл жерде ол алғашқы ру-тайпаларды жаратушы ілкі бабалардың, атышулы әулие-перілердің, жасампаз қаһармандардың ғажайып тууын баяндайтын мифтер циклін құрайды. Әрбір халық өздері табынатын объектілерді уағыздау мақсатында осындай мазмұндағы аңыздарды таратқан. Оның халыққа әсерлі болуы үшін қаһармандарды ерекше жаратылысын суреттеу тәсілі қолданылады.

С.А.Қасқабасов «Ертеке пен эпостың сюжеттік типологиясы» атты мақаласында ғажайып туу мотивін ертегі мен эпос сюжеттеріндегі тұрақты элементтердің бірі ретінде қарастырады. Ғалымның тұжырымдамаларына сүйенсек, біркелкілік мотивтің сыртқы формасына қатысты. С.А.Қасқабасов бұл мотивтің барлық елдердің ертегілерінде және эпостарында бар екенін айғақтайды. Ғалым дүниежүзі фольклорында кездесетін ғажайып туу сарынының нақты түрлері адамзат тарихының қай кезеңдерде туып, қалай дамығандығын байқауға болатындығын анықтаған. Осы тәсілмен ғалым қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің түрлерін жүйелеп, әрбір сарынның қоғам дамуындағы қай сатыларда пайда болғандығын және оған әсер еткен қозғаушы күштерді ашып көрсетеді.

Мәселен, тотем-баба сарыны матриархат заманындағы тотемдік дүниетанымның нәтижесінде пайда болса, аталар аруағының, әулие-әнбиелердің жәрдемімен дүниеге келу сарыны шамандық наным-сенімдер мен мұсылман дінінің ықпалы екендігін анықтап береді.

Ғалымның тұжырымы бойынша ертегіде мотив өзінің алғашқы мифтік формасына жақын болса, эпоста тек болашақ қаһарманның ерекшелігін әсірелеу мақсатында қоладнылады (Қасқабасов, 2002:242).

Эпос сюжеттерінде ғайыптан дүниеге келу мотиві өзіне дейінгі эпизодтармен байланысып, оқиғалар тізбегінің белгілі бір тәртібін сақтап орналасады. Эпикалық жырларда ерекше жағдайда туу мотивінің бірнеше сарындары қатарынан қатысады. Әрбір мотивтің жырда баяндалу тәртібі мен мағынасына қарай аталуын ғалым Ш.Ыбыраев «Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі» деген мақаласында экспозиция болашақ қаһарманның ел-жұртын, ата-анасын, дүние байлығын, бейбіт тіршілігін, қоныс еткен мекенін суреттеуден бастап, содан соң жыршы біртіндеп баласыз ата-ананың басына түскен ситуацияны баяндауға ауысатындығын көрсеткен. Ғалым жырдың кіріспе бөлігіндегі осы екі көріністі мотив-суреттеу және мотив-ситуация деп атайды. Мұндай ситуацияның тууын екі түрлі себептермен байланыстыра қарастырады.

Баласыз ата-ананың мал-мүлкін мирас етіп қалдыратын мұрагерінің жоқтығы, өзі басқарып отырған елді шет жаулардан қорғайтын батыр ұлдың болмауы керемет эпос қаһарманның тууын

қажет етеді. Сюжеттің осындай қажеттілікті білдіріп тұрған кіріспесінен соң, болашақ батырды әулиелерден тілеу, тотем-бабаның көмегімен дүниеге келу және тотемнің етін жеу мотивтері баяндала бастайды.

Қазақтың ғашықтық жырлары мен дастандарындағы қаһарманның ғажайып туу мотиві көбінесе оның дүниеге келер алдындағы ерекше жағдаймен байланысты. Бұл кездерде ғажайып туу мотиві әлеуметтік негіздерінің басымдығына қарай өзгеше сипат алады. Бұл жайында фольклортанушы ғалым Б.У.Әзібаеваның «Казахские народные романические дастаны» атты монографиясында сөз болады (Әзібаева, (1990:5).

Мифтерде Тәңірі бейнесі анық сипатталған. Жалпы, ол туралы мифтер көне түркі дәуіріне дейін де өмір сүруі мүмкін. Осы күйінде Тәңірі бейнесі орта ғасырлық монғолдардың мифологиясында кездеседі.

Монғолдардың шамандық мифологиясының мәтіндерінде «Тәңірі», сөзіне «хан» дәрежесі қосарланып айтылады. (Хан-Тәңірі). Мұндай атақ дәрежелер оның игілікті істерінің маңыз-мәніне қарай қойылатын болған, яғни, «мәңгі көк аспан», Монге-тенгри, Хан-Монге-тенгри, т.с.с. түрде жалғаса көрініс берген. Кейініректегі аңыз-әңгімелерде «Тәңірі» сөзі «жоғарғы аспан құдайы» деген ұғымды білдіріп, көбінесе жалпы Құдай мағынасында айтылады (Қасқабасов, 2002:501).

Ұмай ана культінің түркілер арасындағы маңызы туралы В.Басилов мынадай мәліметтер келтіреді: «Тәңірінің жер бетіндегі сыңары - Ұмай – көне түркілердің мифологиялық дүниетанымында әйел кейпіндегі жер құдайы. Ол жер бетіндегі тіршіліктің өсіп-өнуіне қамқорлық жасайтындықтан, жер-ана бейнесінде қабылданған. Ұмайды түркі тектес халықтардың мифтерінде Көк Тәңірінің әйел сыңары, жұбайы деп түсінген. Бұл жөнінде YII-YIII ғасырлардағы руникалық көне ескерткіштердің мәтіндерінде де баяндалады. Ұмай –ананың құдіреттілігіне деген сенімнің қалдықтары бірқатар түркі тектес халықтардың мифологиясында сақталған.

Мәселен, оғыздарда Ұмай-ана әлі дүниеге келмеген нәрестені қорғаушы рух, желеп-жебеуші күш ретінде танымал. Түркілердің Адам ата мен Хауа ана туралы мифінен олардың саздан жаратылғанын көреміз. Бұл мифте ғажайып туудың екі түрлі сарыны бар. Біріншісі - саздан туу да, екіншісі - ең алғаш пайда болған ер мен әйелден ұрпақтың тарауы.

Осы мифтің Библия мен Құрандағы нұсқаларында Адам ата саздан немесе топырақтан жаралса, Хауа ана Адамның қабырғасынан жаралады. Мифтің шығу тегін зерттеген ғалым А.Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы» атты еңбегінде келтірген мәліметтерінен мұндай сарынның пайда болу негіздері айқын көрінеді: «Адам мен Хауаның жаратылуы жөніндегі діни аңызды біздің жыл санауымыздан бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген адамдардың фантазиясы туғызғандығы дәлелденіп отыр. Археологтар ертедегі Месопотамия қалаларының орнын қазу кезінде осы аңызды бейнелейтін сурет тапқан. Библия мен Құрандағы Хауа ананың Адам сияқты топырақтан емес, қабырғадан жаралуы ғалымдарды ойға қалдырып келді. Бұл оқиғаның негізі қайдан, қалай алынғандығы көпке дейін жұмбақ болды. Оның сыры кейін Вавилонның ескі қаласын қазу кезінде табылған клинопись арқылы ашылды: Шумер мифі бойынша Энки Құдайдың қабырғасы ауырады. Әйел құдай Нинти оның ауырған қабырғасын жазады. Шумер тілінде Нин-әйел, ти-қабырға деген мағынаны білдіреді екен. Кейін ескі тайпалар Нинтиді Ева деп танып, шумер аңызындағы Құдайдың қабырғасын жазған оқиға өзгеріп, «қабырғадан шыққан», «қабырғадан жаралған» болып кетеді» (Қыраубаева, 1988:24),- деп жазады. Ғалым мұнда қабырғадан жаратылу сарынының Шумердегі Нинти әйел құдайының атына байланысты шыққанын дәлелдеп отыр.

Әкем Елтеріс қағанды,
Шешем Елбіге қатынды
Тәңір төбесіне ұстап

Жоғары көтерген екен – дейтін мысалдарды келтіре отырып, "Демек, қағанның тәңірлік жаратылысы алдымен алдымен өзіміздің байырғы төл тарихымыздан мықтап орын алған дүниетаным болып шықты. Біз үшін мұның маңызы зор деп" – деп ой қорытады.

Оғыз қағанның жарын Тәңіріден тілеуі және оның бірінің ағаш қуысында отырған сұлулығы керемет қыз болуын сипаттайтын тұстарда түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаштың қуысындағы сұлу қыз көзінің көктен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірлік нанымның көріністері. Себебі, Жаратушы Көк Тәңірінің мекені көкте болғандықтан, ең әдемі де қасиетті түс – Көк Тәңірінің нышаны. Ал, фольклорлық туындылардағы қаһарманның ағаш қуысында дүниеге келу мотивінің негізінде ежелгі адамдардың ағашты тотем тұтқан наным-сенімінің ізі бар.

"Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата-демиург бейнесі Тәңір образымен алмасты-

рылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни, Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі. Аспанды да, ондағы жұлдыздарды да, адамды да, жер бетіндегі нәрселердің бәрін де, жаратушы – Тәңір деп саналған. Міне, мұның бәрі – көне мифтік ілкі ата – демиургтың, жасампаз қаһарманның атқаратын істері. Бұл қызметті түркілер заманында Тәңір, ал ислам келгенде Алла атқарады. Қазақтың көне мифінде ілкі ата – демиург образының толық және айқын сақталмау себебі осында деп білуіміз керек" – дейтін С.А. Қасқабасов пікіріне сүйенсек, "Оғыз-наме" эпосындағы тәңірлік сенімнің негізгі сюжеттік өзек болғанын байқау қиын емес. Оның дүниеге келуі де ғана емес, жар таңдап сүюінде де Тәңірлік сипат басым. Ғашық болған жары да тылсыммен тығыз байланысты екендігіне мәтін арқылы көз жеткізуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оғыз хан, Қорқыт, Шыңғыс хан туралы шығармалардың түркі халықтарына ортақ нұсқаларын жинастырып, олардағы мотивтердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын өзара салыстырдық. Қазақ фольклорындағы кейіпкердің ерекше жаратылу мотиві көбінесе дүниежүзі халықтарына кеңінен тараған дәстүрлі сарындарда баяндалады.

Батырлар жырында қаһарманның ерекше бітімі, құдіреттілігі аңыз кейіпкеріне қарағанда басқаша түсіндіріледі. Қаһарман тайпалық тотем мен аталар аруағының ғажайып түрде желеп-жебеуінің нәтижесінде туылған болады. Батырлар жырында ғажайып туу мотивтері кейіпкердің кереметтігін дәріптейтін көркем тәсілге айналған. Кейінірек бұл мотив батырлардың, ру-тайпа көсемдерінің ерекше жаратылысын бейнелеуге, яғни, басқа қарапайым адамдардан дәрежесін көтеру мақсатына қызмет еткен.

Мәселен, жоғарыда сөз болған Оғыз қаған, Шыңғыс хан, Қорқыт т.б. кейіпкерлердің барлығы да түркілердің мифологиялық дүниетанымына сәйкес суреттеледі. Осы келтірілген материалдардың зерттелу нәтижесіне қарап, ғажайып туу мотивтері дами келе эпикалық туындылардың экспозициясын құрайтын негізгі бөлшектердің қызметін атқарғандығын көреміз. Мұндай мотивтің ертедегі алғашқы адамдардың пайда болуы туралы антропологиялық мифтерге негіз болып, өз алдына дербес жанр ретінде таралғандығын фольклортанушы ғалымдар анықтаған.

Жалпы, дүниежүзі тарихында атакты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбінде күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады. Ол – тек түркі халықтарында ғана айтылмайды, көптеген халықтарға тән құбылыс. Текті нұрдан жаратылған етіп көрсету ежелдегі адамдар үшін өте маңызды болған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Марғұлан, Әлкен (1985), *Ежелгі жыр, аңыздар*, Алматы.
2. Қасқабасов, Сейіт (2002), *Жаназық*, Астана.
3. Өмірәлиев, Құлмат (1988), *«Оғыз қаған» эпосының тілі*, Алматы.
4. Веселовский А.Н. (1940), *Историческая поэтика*, Ленинград.
5. Пропп В.Я. (1976), *Фольклор и действительность*, Москва.
6. Әзібаева, Бақытжан (1990), *Казахские народные романтические дастаны*, Алматы.
7. Қыраубаева, Алма (1988) *Ғасырлар мұрасы*, Алматы.

ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ АТ БЕЙНЕСІ

ф.ғ.к., қауым. профессор м.а. А.А.КӨШЕКОВА*

Түйіндеме

Жалпы қазақ халқы бағзы заманнан-ақ тұлпарды ерекше қадір тұтқан, тек тұрмыста пайдалы төрт түліктің бірі емес сонымен қатар, ер жігіттің қанаты, айнымас серігі ретінде ерекше қастерлеген. Осылайша ат образы тарихи жырлардағы тек бас кейіпкердің жанындағы қарапайым жануар ғана емес, ерекше сәттілік жаршысы, жеңісін жеделдетуші ретінде суреттелгенін көріп отырмыз. Айта кететін бір жайт, мақалада келтірілген мысалдардан аңғарғанымыздай аталмыш жырлардағы ат бейнесіне жай бір-екі жол жыр шумақтары емес, ондаған жол өлең шумақтары арналған, яғни бұл дегеніміз, басты кейіпкердің тұлпарына деген ерекше ризашылығын білдіреді. Иә, кейбір жырларда ат образы ерекше әсіреушілікпен берген тұстары бір емес бірнеше мәрте кездескен, мысалға алып қарайтын болсақ, аттың аяқ астынан адамша тілі шығып, иесіне деген ризашылығын білдіріп, немесе, көп жағдайда, иесіне ақылын айтып, дұрыс шешім қабылдауға барынша оң ықпал еткен. Және бір жырларда аттың қарым-қауқарын, күш-жігерін сипаттау барысында әсірелеген тұстарды көптеп байқап жатамыз. Менің ойымша, мұндай әсіреулердің басты мақсаты- қазақ халқының өмірі мен тұрмысындағы, жаугершілік замандардағы жылқы малының маңыздылығын барынша көрсету, ұрпақ алдында асқақтату.

Тірек сөздер: Реальды прототип, эпос, әсіреушілік, образ, тұлпар

PORTRAIT OF A HORSE IN HISTORICAL WORKS

Abstract

In general, the Kazakh national is unique, not only one of the four most important animals in the world, but also as a wing, a male partner. Thus, we see that a horse is not just an animal in the historical past, but also as a special success with respect to good news and the victory of a simple being. It should be noted that, as we have seen from the examples in the article, the names of the pseudonyms are not just about 1-2 songs of poetry, but dozens of poems, which means that the main character is grateful to the horse. Yes, in some of the psalms, horseback rare occasional occasions of meticulous exposures, for example, a horse's humiliation, an expression of gratitude to its owner, or, in many cases, a profoundly positive influence on the owner. And in one poem, we have seen a lot of points in describing the relationships and attitudes of the horse. In my opinion, the main purpose of such expositions is to demonstrate the importance of horse breeding in the life and life of the Kazakh people, and to extend to the generation.

Keywords: real prototyp, epos, exaggeration, appearanc, horse

КІРІСПЕ

Эпостың негізгі қаһарманы – хас батырдың бойына адалдық, батылдық, алыптық секілді асыл қасиеттер жинақталып беріледі. Батырлық эпос ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне, дәстүрлі жыр, ол негізінен жатқа айту арқылы жалғасады. Бір жыршыдан екінші айтушыға ауызекі жету жолында әрбір қисса қисапсыз өзгерістерге ұшырайды. Әр алуан жүйріктер ғасырлар бойы бірінен-бірі іліп алып жырлағандықтан, бастапқы шығарған автордың немесе алғашқы орындаған жыраудың есімі ұмытылып қалуы да заңдылық. Осылайша ол халықтық шығармаға айналады.

Тарих белдерінің тасасында қалған жаугершілігі мол ерте заманнан күні кешеге дейін, анығырақ айтқанда, батырлар жыры – эпос ұрпақ тәрбиесін түбегейлі мойнына алған институт секілді еді. Біріншіден – батырлар жыры ерте бастан баланың дүниеге, алыс-жақынға деген көзқарасын қалыптастырды, туған жерге деген оттай ыстық сүйіспеншілігін оятты; екіншіден – елін, жерін сүюдің тамаша үлгісін көз алдына елестете отырып, жау мен жанашырдың ара жігін ажырата білуге баулыды; үшіншіден – халық тілінің қайнар бұлағынан емін-еркін сусындатты.

Шешен сөйлеуге, ойды дәл, ұғынықты етіп жеткізуге; төртіншіден – жарық дүниені көркем бояумен көретін суреткерлікке; бесіншіден – шапшаң ойлап, дүниені жіті көзбен көруге таптырмайтын құрал болды. Эпостық жырлардағы бір ерекшелік – олар күйкі тірлік, күншілдік, пендешіліктен ада. Кейіпкерлері шетінен ірі сөйлеп, кесек тұрайды.

Ноғай Ордасының негізін салушы – әмір Едіге (1395-1419 жж). Ноғай Ордасы Едігенің ұлы, Нұраддин (1426-1440 жж) тұсында Алтын Ордадан бөлініп, дербес мемлекет атанды. Ноғай Ордасында ұлыстық басқару жүйесі қалыптасып, бір орталыққа бағынған өкімет болды. Орда билеушісі – хан. Ұлыс билеушісі – мырза. Орданы Едіге ұрпақтары басқарып, әкімшілік, әскери, елшілік, билігі мұрагерлік жолмен берілді. Ш.Уәлиханов ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан Орда» деп атаған. Ал Хақназар хан «қазақтар мен ноғайлар ханы» атанған. XVI ғасырда Ноғай Ордасының Орыс мемлекетімен сауда, экономикалық, саяси байланысы дамыды. XVI ғасырдың екінші жартысында Ноғай Ордасы ыдырап екіге бөлінді: Үлкен Ноғайлы – Еділдің шығысы;

Кіші Ноғайлы – Еділдің батысы. Ер Едіге – тарихи қаһармандық жырлардың ортақ атауы. Әмір Темір заманында өмір сүрген көреген мемлекет қайраткері, ерен ерлігімен қоса әділ билігімен де есімі аңызға айналып, Алтын Орда хандарының ақылшысы, халық қамқоры болған Едіге батырдың Тоқтамыспен арадағы соғыстарын арқау еткен аңыз-әңгіме, дастан-жырлар халық арасына кең тараған.

Мен – Ноғайлы елінің
Елден шыққан ерімін,
Артық туған шерімін,
Асыл туған бөрісі едім.
Талай алдым қалмақтың.
Астымдағы ала тай,
Жануарда қанат бар.
Енді қуып жетейін,
Қорамсаны қолға алайын.
Алмай қойман өзінді –
Енді қанға малармын,
Басынды кесіп алармын,
Қалаңа ойын салармын

Ноғайлы кезеңі тудырған батырлар жырында да негізінен ел бірлігі, сырт елдің басқыншылық әрекетіне деген күрес сөз болады. Қырымның қырық батыры жырларының ішіне кіретін Аңшыбай жырында да елінен жырақта жүрген ердің табандылығы, оның тұлғалануы және елін қайтадан тауып, оның айбынын арттыруға деген жігерлі күресі баяндалады: “Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары”

атты тараудың “Аңшыбай батыр” деп аталатын жыры бас кейіпкердің үш жасқа келгенде шешесі, төрт жасқа келгенде әкесі өліп, жетім қалғаны, жетім қалған бала Аңшыбайдың, оны ауылдағы өзге балалардың елден қуып жібергендіктен, қаңғырып жүріп, бір тоғайдың ішіндегі көлге тап болып, сонда жалғыз өзі аңшылықпен күн көріп, алты жыл бойы өмір сүргені, ол он жасқа келгенде, оған мұсылман перісі патшасының қызы мен кәпір перісі патшасының қызы аққу кейпінде келіп, жолығып, өз еріктерімен тиеді.

Осы екі аққу қыздың жәрдемімен Аңшыбай мал-мүлікке ие болып, елі-жұртына қайта оралып қана қоймай, Ноғайлы елін қорғайтын батырға, өз елінің басшысына айналады.

Қалмақтың көрдім барып, қалаларын.

Жапанда жүріп жалғыз араладым.

Саны көп, сапасы жоқ ел екен ол,

Қайратын, қаруын да шамаладым.

Жауыңды жеңіп келдім алдарыңа,

Аман ба мал мен басың, балаларың?

Бармысыз сау-саламат елде, халқым,

Көтерді, әруақ қолдап, ноғай атын,

Қаһармандық жырлардың тағы бір ерекшелігі ғалым С.Сәкенов пайымдауынша: «Эпостық жырлардың барлығына тән типологиялық мотивтердің бірі – батырдың өзі мінетін атты өз күш-қайраты мен ерлігі арқасында иемденуі. Осы дәстүрге Мұрын жыраудың да адалдығына біз Әділ зынданнан шыққан сәт бейнеленген тұста куә боламыз. Айтулы ерлердің жаудан сытылып шығу үшін жолдасын жаяу қалдырып, соның атын өзі мінуге немесе біреуге мінгесіп, құтылуға арланатынын, оны “өзінің сүйегіне таңба салатын әрекет” деп санайтынын Абылай мен Жәнібек, Исатай мен Махамбет туралы халық аңыздары және одан да өзге халық туындылары айқын аңғартады (Сейілбек, 7,386 б.).

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, айтарымыз ноғайлы жырлары батырлық, ерлік дәуірінің жыры болып табылады. Оның негізгі өзегі ноғайлы елінің бірлігі, оның мемлекеттік тұтастығының нышаны.

Ноғайлы дәуірі Еуразиядағы кең далада ерекше роль атқарған көшпелі қоғамның саяси және құқықтың дамуында маңызды із қалдырған кезеңнің бірі болып табылады. Ноғайлы дәуіріндегі көшпелі қоғамының, қоғамдық ойының маңызды мұраларының бірі батырлар жыры екендігі белгілі. Батырлар жыры осы кезеңде айшықталып, негізін қалады десек артық айтқандық емес. Ежелгі дәуірлерден бері жырланып келе жатқан барлық түркі халықтарына ортақ батырлар жырының дәстүрі осы кезеңде айшықталды.

Тәуелсіздігімізді алу барысында көнеден келе жатқан рухани құндылықтарымызды толық жариялап, оқырмандарға жеткізу жолға қойылып отырғандығы қуантады. Осы орайды біз сөз етіп отырған батырлар, қаһармандық жырлардан «Бабалар сөзі» сериясының 50-томына «Қырымның қырық батыры» эпикалық топтамасының «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» шежірелік циклына жататын «Аңшыбай», «Парпария», «Құттықия», «Едіге», «Нұрадын», «Мұса хан», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қазы» жырлары және «Қарадөң батыр және оның ұрапақтары» шежірелік циклының «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Көгіс, Тегіс», «Тама», «Тана» жырлары енді. Бұл эпикалық туындыларға XIV-XVI ғасырлардың тарихи оқиғалары негіз болған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық / Жауапты ред. А. Қойгелдиев. – Алматы: Ғылым, 1983. – 1 т. – 225 б.*
2. *Мұрын жыраудың өмірбаяны және қысқа өлеңдері. – 7 бет, 145 жол, 1942 ж. жазып алынған. – 330. – №5*
3. *Қазақ фольклористикасы / Жалпы ред. басқ. проф. Мәлік Ғабдуллин. – Алматы: Ғылым, 1972. – 297 б.*
4. Сейфуллин Сәкен *Қазақ әдебиеті // Шығармалар: 6 томдық. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1964. – 6 т. – 455 б.*
5. Жұмалиев Қажым *Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1958. – 201 б.*
6. Әзібаева Бақытжан Уәлиқызы *Қазақ қаһармандық эпосы: ноғайлы циклы. Керуен. Ғылыми және әдеби-көркем журнал. №2 (47) 2016.*

7. Сәкенов Сейілбек. - *Мәдени Мұра мемлекеттік бағдарламасының кітаптар сериялары. Бабалар сөзі: Жүз томдық.* - Астана, Фолиант , 2008. Т. 50: Батырлар

М.МАҒАУИННИҢ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ф.ғ.к., доц., **К.С.ӘБДІҚАЛЫҚ***
2-курс магистранты **Г.С.НҮСІП****

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kun_jan.16@mail.ru

А.А. ЧАНЧАРОВА***

Түйіндеме

Бұл мақалада қазақ жазушысы Мұхтар Мағауиннің шағын әңгімелеріндегі рухани құндылықтар бірізділікпен жүйелі зерделенеді. Ұлттық рухты алғашқы орынға қоя отырып сан түрлі сюжеттер мен образдарды қалыптастырған жазушының «Жаздыгүн шілде болғанда», «Ұлт-аралық жанжал» және «Құмырсқа қырғын» атты шығармалары осы мақалаға арқау болды. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында жазылған жазушының бұл шығармаларында сол кездің ең басты мәселелері қамтылғаны сөз етіліп, еліміздің нық тұрып кетуіне тілекші болған қаламгердің басты идеясы жан-жақты талдауға алынады. М.Мағауиннің ұлт тағдырына қатысты мәселелерді шығармаларында бірде астарлап, бірде ашық түрде жеткізудегі шеберлігі де ашып көрсетіледі. Сондай-ақ рухани құндылықтарды ұлттық таным тұрғысынан дәріптеудегі өзіндік қолтаңбасы бар жазушы екендігіне айқын көз жеткізіледі.

Тірек сөздер: қаламгер, ұлттық сана, руханият, әдеби талғам, көркемдік шындық.

THE PROBLEMS OF SPIRITUALITY IN STORIES OF M.MAGAUIN

Abstract

This article examines the problems of spirituality in the stories of the Kazakh writer Mukhtar Magauin. He created different subjects and images inserting in the first turn the national spirit. This article written about works like «Жаздыгүн шілде болғанда», «Ұлт-аралық жанжал» and «Құмырсқа қырғын». This stories written in first decade of independence and they cover the problems of these time. There written about how he motivates people with his words and stories and always dreamed that people got up. And analyzes how the M.Magauin wrote problems connected with the fate of the people openly sometimes mysteriously. It is proves as a writer who has his own style in glorifying national spirituality with the point of view of national cognition.

Keywords: writer, national consciousness, spirituality, literary taste, artistic reality.

КІРІСПЕ

Жаңашылдықтың жаңғырығы болған Елбасының бағдарламалық мақаласында ұлттық бірігейлікті сақтау, рухани құндылықтарды дәріптеу мәселесі айырықша орын алғанын білеміз. Елбасы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу» деп ерекше екіпін түсіріп айтқаны рас. Оның ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі жастарды патриоттық сезімге тәрбиелейтіні сөзсіз. «Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі – көркемөнердің басты тақырыбы...» деген Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, ұлттың тарихын, болмысын, мінезін, құндылықтарын дәріптеуде әдебиеттің орны айрықша екені тағы белгілі.

Адамгершілік, имандылық, қайырымдылық, ізгілік, төзімділік, қарапайымдылық, тағы басқа қасиеттер рухани азықты байытатын рухани құндылықтар десек, бүгінгі ғылым мен техниканың шарықтап тұрған шағында адамдардан осы рух қажеттілігі, рухани азық алыстап, мейірімнен алшақтап бара жатқан тәрізді. Дегенмен қазіргі рухани азық тапшы уақытта шығармаларына шынайы түрде рухани қажеттілікті байланыстырып отырған жазушыларымыздың көркем шығармалары көмекке қол созғандай.

Қазақстанда егемендігімізді алғалы бері руханият мәселесіне қатысты бірқатар істер тындырылып келеді. Ана тілдің мемлекеттік мәртебе алуы, Абай мен Жамбылдың 150 жылдығынаның сипаты заман талабына сай өзгеруде.

1997 жылдың «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы», 2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы», 2001 жылдың «Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығы» деп жариялануы [1,305 б.] және тағы сол сияқтылардың тарих пен бүгіннің сабақтастығын орнатуы нәтижесіндегі атқарылған қыруар жұмыстар елдің мәдени әрі рухани байлығын арттыруға үлкен әсерін тигізді. Тарихта өткен ірі тұлғаларымызды еске алып, олардың мақсат еткен тәуелсіздігін қолдан шығармай ұстасақ, бізге қалдырған аманатына берік болғанымыз. Ал мәдени мұрасының қадірін түсініп, қасиет тұтсақ өзіміздің руханиятымызға қиянат жасамаған болар едік.

** 2-курс магистранты nycin@mail.ru

*** Ғылым бөлімінің жетекші маманы, aliya.87.87@mail.ru

Ұлттың қамын жеп, ұлттық рухты ең бірінші орынға қойып жүрген бүгінгі жазушыларымыздың бірі – Мұхтар Мағауин. Жазушының «Аласапыраннан» бастап соңғы шыққан романы «Жармаққа» дейін ұлт мүддесі үшін қызмет етіп келе жатқанын байқауға болады. Руханият мәселесі шығармаларында аз қарастырылмайды. Халықты кемелдендіру жолында жүрген жазушының руханиятты аттап кетпесі айтпаса да анық. Көзбен көрген оқиғаларын, үлкендерден естіген естеліктерін ескіртіп алмас үшін қағаз бетіне түсіріп, халықтың рухани әлеміне, ұлттың рухани байлығына айрықша үлес қосып жүр. Бар білгені мен көргенін мұра ретінде жазып қалдырсам деген мақсатын аңғару да қиын емес.

М.Мағауиннің шығармаларының көпшілігі өзінің қатысымен басталады. Өмірінде болған бір оқиғаны өрбіте отырып, соған қатысты тарихи бір хикаяны бастап кетеді. Осы сияқты «Жаздыгүн шілде болғанда» атты шығармасында кезінде өзінің атасы Абайдың аулына жер беріп, көшіріп әкелгенде болған оқиға жайын баяндайды.

«Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып өсіп толғанда...» деп келетін Абайдың өлең жолдарын еске алумен бастайды шығарманы. Ал осы өлеңді өзі көзімен көріп тұрған жерге тамсанып жазды дегенге адам сенбейді. Себебі, жер тозып, өлуге айналған. Оны былайша суреттейді: «Өспеген, толмаған. Бәйшешек жоқ, шалғын көкорай емес. Сирек тоғайлы өзен иіні мен түйетайлы қырат аралығындағы тай шаптырым кең түбек шөбі жұтаң, селдір шилеуіт, бозғыл қияқты саржағал ойпаңға айналыпты. Бірақ сол қоныс.» [2,106 б.]. «Жер тозады деп кім ойлаған.» [2,139 б.]. Автордың түйіні адам ғана емес, жер де тозып, өледі екен-ау дегенге келеді. Ал адамға келер болсақ, адамның физикалық тұрғыда азуы елең ететін жағдай емес, рухани тұрғыда азуы – нағыз қайғы. Бір ғана адамның осылайша азуы біліне қоймас, тұтас халық азса – нағыз қасірет.

2000 жылы жазылған бұл қысқа ғана әңгімесінде автор қазақтың басынан кешкен бірталай ауыртпалығын айта өткен. Сонымен қатар, Абай заманындағы көш, ондағы орыс зиялы өкілінің Абаймен әңгімесі, сол дәуірдің салты, адамының ерекшелігіне дейін шебер сипаттайды. Сондай-ақ Кенже ағасының баяндауымен 30-жылдардағы аштық оқиғасы да қамтылған. Бұл жерде автор біраз статистикаға көңіл бөлген. Аштықтың салдарынан болған қазақ санының азаюына сандар мен дәлелдер келтіре жазады. Ал аштықтың туу салдары табиғи құбылыс емес, адам қолынан болғандығы басты назарда болады. Сөз арасында бүгінгінің жайы да әңгіме болады. Осының бәрін жазушы шағын ғана әңгімеге асқан шеберлікпен сыйғыза білген. Түсінген адамға түйер ой да көп.

Абай заманын суреттеуде ұсақ болса да көптеген детальдарға мән берген. Әрі екі жас ақынның сөз таластыра жарысуы, Абайдың әр нәрсені елеп отыруы ескеріле бермейтін дүниелерге назарынды аудартады. Өзен бойында аң аулаған адамдардың, аң-құстардың бейнесі салынған тастар бар екенін, олар ерте замандағы адамдардан қалған мәдениеттің бір бөлшегі екенін біліп отырса да басқалардан сынай сұраған Абайдың сыншылдығын баса суреттеген жазушы. Байкөкше мен Көкбайға өлең жаздырып, оларды қатал сынға алып отырады. Сондағы олардың да ойында ертеңгі ұрпаққа бізден не қалар екен деген сауал тұрады. Бұл автордың өзін мазалаған сұрақ болатын. Жүз жыл бұрын жасыл желегі жайқалып жатқан табан астындағы жердің бүгінде адам танымастай өзгергені ата мирасына ие бола алмағандай қынжылтады. Ол Сеймейде жарылып жатқан жарылыстардың нәтижесі еді. Бабаларынан мұраға қалған жер бұлайша талқан болғанына жаны жабырқайды. Абайдың өлеңін бірнеше рет қайталап жүріп, тозған жерге қарап, қайта-қайта таңданады. Оның да бар мақсаты – халқына өлмес рухани мұра қалдыру екені әңгіме астарында жаңғырып жатыр.

Әңгімеде мынадай жолдар кездеседі: «Мен сенің жазғандарыңды оқығанда қарадан-қарап қорқып отырам...

– Е, Кенже аға, бұл – бергі жағы ғана ғой, – дедім мен. – Ойдағыны жаза алмай өтіп барамыз...

– Жазбай-ақ қой, айналайын, – деді Кенже ағам. – Осы жазғаның да жетеді...» [2,158 б.]. Өткен ғасырдың ең үлкен қасіретінің бірі осы еді. Сөз еркіндігіне бой берген адам жазықсыз жалаға ұшырап кететін кез. Бұл – адамдарды көзі бола тұра соқыр, аузы бола тұра мылқау ететін жағдайға жеткізіп, халықты рухани азғындауға, өз тарихын қате үйреніп, шындыққа көз жұмуға мәжбүрлеген кезең болды. Шығарма 2000 жылы жарыққа шыққанымен, оқиға 1986 жылы болған. Саяси ахуал қаншалықты ретті дегенімен орыстың астарлы саясаты нені күттіріп тұрғанын ешкім болжай алмайды. Бір тараптан Семейдегі жарылыстар халықты қысымға салса, екінші тарапынан айтқысы келгенін айта алмайтын айтушыны сарсаңға түсіріп біткен. Осы жағдайлар қазақтың санасын оятып, рухани дамуының кешеуілдеуін айтарлықтай артта қалдырды.

Жазушының «Ұлт-аралық жанжал» әңгімесі – адамның азғындауы идеясына құрылған шығарма. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі шиеленіскен әлеуметтік оқиғалар яғни, ұлт-аралық жанжал әңгіменің негізгі ұйтқысына айналған. Басқа ұлыс өкілдерінен құралған жеті отбасы болмаса, қазақи деп атауға толық болатын ауылдағы тіл мәселесі алдыңғы орынға шығады. Оқиға желісі нақты қай ұлттан екені белгісіз Марат мырзаның өзін қазақтар басынып алды деп жоғарыға жазған хаттарынан басталады. Сол хаттардың желеуімен жоғарыдан келген төраға «егемен елдің иесі ретінде қазақтар ұлт-аралық жанжал тудырмай, бейбітшілікті сақтап отыруы керектігін» баса айтады. Соны желеу етіп Марат та құтыра түседі. Оның «Сендер — қазақтар адал совет адамдарын ұлтқа бөлдіңдер. Қысым жасадыңдар және жасап келесіңдер, әлі жасап отырсыңдар... Ұлтшылдық деген осы. Балық басынан шіриді. Ұлтшылдық осы ауылдан емес, Алматыдан, жоғарыдағы сен сияқты көсемдерден басталған!» [2,225 б.] – деген үрей туғызатын сөздері жергілікті тұрғындарды жіпсіз байлайды. Ол кезде халықтың ұлтшыл деген сөзді түсінуі де басқаша екені байқалады. Кеңестік идеологияның құрсауынан әлі шығып болмаған халық ұлтшыл деген сөзді қылмыскердің, елге қарсы адамның сөзі іспетті көреді.

Шығармада еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі бірнеше жылдар көлемі сөз болады. Бұл уақыттардағы халықтың сана-сезімі жас баланың аяғынан енді тұрып, өмірді жаңа тани бастағанкезеңіне ұқсап кетеді. Әйтсе де Кеңестік тоталитарлық жүйенің ыдырауынанкейін елімізде егемендігін алған соңғы онжылдықтар ішіндегі жаңалықтар қоғамдық өмірдегі руханияттың кері кетуімен емес, алға жылжуымен сипатталады. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы тұсындағы қазақ халқының руханияты мен қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен тарихта қалды. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени азғындауға ұшыраған ұлттық мәдениет қайта өркендеп келе жатты [1,305 б.].

Осы шығармада айтылған қиындықтар және одан басқа қоғамдық өмірде болған мәселелердің орын алуы халықтың жаңа белестерге көтерілуіне әкелген баспалдақ тәрізді. Елді қиындықтардан шығарған – рухани дүниесін байыту жолында жұмыс істеген ақын-жазушылардың, ғалымдар мен ел қамын ойлаған қоғам қайраткерлерінің батыл қадамдары. «Өркендетуге, дамытуға, сақтауға, байытуға міндеттіміз. Ал, қазақ... Тәуелсіздік алдың, енді атаңның басы керек пе? Ел иесі екеңді қашан ұғасың?!» [2,245 б.] деген жазушының халыққа жолдаған жан айқайы бүгінгі қазақты қалыптастыруға үлесін тигізді.

М.Мағауиннің «Ұлт аралық жанжал» атты туындысының «қаны қазақ, рухы қазақ сүйсініп оқитын шынайы әңгіме екендігі көркемдік қуатының кемелділігінен көрінеді. Шығарма тұтастай сатиралық фон, емеурін, тұспал, символ, күлкі қатар өріліп отырады» [3,29 б.]. Расында, М.Мағауин әрбір оқиғаны болған жағдайына қарай, адамдардың аттарын белгілі бір қасиеттеріне қарай әжуалай суреттейді. Қандышеке Жалтырбас пен Кертпеш мұрын Қалыңшаштардың өздеріне ғана тиесілі мұндай есімдері автордың оларға берген жеке суреттеуі. Ауыл жұрты туралы айта келе соңғы жылдарда пайда болған мынадай әдеттерін елеусіз ғана атап өткенімен, сөз астарында құптамаушылық аңғарылады. «Десе де, бұрын жаға жыртылмаған момын ауылдың қазіргі жауынгерлік рухы жоғары. Соңғы төрт жылда ғана ауыл балалары екі кісіні атып, үш кісіні жарып өлтірді. Үлкен жер, орта есеппен алғанда ештеңе емес» [2,215 б.]. Немесе қазақ тілінің өз жерінде үстемдік құра алмай келе жатқаны туралы былай дейді: «Ауылдағы барлық әкімшілік іс қағаздары ұлы орыс халқының құдіретті тілінде жүргізіледі. Ресми мәжіліс, жалпы жиналыс, мерекелік салтанат атаулы, айтпаса да түсінікті, тұтасымен орыс тілінде. Бұл заңды да – мұндай үлкенді-кішілі жиындарға тым құрса екі-үш орыс және қазақша ұқпайтын тағы бірер кісі қатысып қалуы мүмкін ғой. Ал бір орысты емге таппайтын малшылар келсеше? Ол да орысша. Қыста құм сағалап, жазда тау жайлап кететін жабайы шабан ештеңе ұқпай-ақ қойсын, арнайы шақырған соң, әңгіме мал шаруашылығы турасында екенін білмейтін соншама мақұлық емес [2,216 б.]. Әр жерде осы сияқты сатираның салмақты ізі жатыр және өз қызметтерін орынды атқарып тұр.

Жазушы шығарманың негізгі кейіпкері Мараттың ұлты кім екенін білмей, оған Мирзоев, Мирзоян, Мирзоаде, Мирзопуло деп әр ұлтқа тән адамның тегіне жалғанатын жалғауларды жалғағанмен, кім дерін білмей дал болады. Оны тіпті, кейіпкерінің өзі де білмейді, білсе, әр жазған хатына әр түрлі емес бір ғана фамилия жазар еді. Осылай бола тұра республика деңгейінде қаралған дау шығарып, қисынсыз талаптарының бәрін орындатып отырды. Оның әрбір сөзі, іс-әрекеті оқырманның көңілінде жиіркеніш тудырып, адамды өзінен кері итереді. Бұл сұмырайдың кінәсін мойындатып, жазаға тартқызу соншалықты қиын іс емес, неге солай істемейді деген шыдамсыздық пайда болады. Бірақ олай ететін болса, шығарманың айтар ештеңесі қалмас еді. Марат сияқтылар қай

қоғамда болса да кездесіп жатады. Сондай типті адам қазақтың кеңпейілдігіне тап келіп, өзінің шын жазасынан құтылып кеткені де шығарманың көркем бір түйіні. Қанша әурелеңге салса да маса шаққан құрлы көрмеген қарапайым қазақтың кеңшілігі оны өзіне жау емес, керісінше, жақтасы етіп шығарды. Дандайсып басына шықса да кешіріммен қараған қазаққа Марат өкінішін білдіреді: «Мені куманыздар... Осы жерде тудым, осы елде өстім. Қазақша өте жақсы білем. Орысша да білем, бірақ мен орыстілді емес, қазақтілдімін. Мені қазақ деп атасаңыздар да болады. Мен – байтақ Қазақстанның азаматы екенімді мақтан тұтам. Қазақ– кең халық. Жомарт, қонақжай халық. Кекшіл емес. Кешірімшіл. Бөтен ұлтты жатырқауды білмейді. Түгел жайсаң. Жаңадан тәуелсіздік алған басқа бір республикада мені тоздырып жіберер еді. Өздеріңмен тең тұтып, сыйлағандарыңа рақмет. Менің басқа барар жерім жоқ, рұқсат етсеңіздер осы ауылда тұра берейін» [2,243 б.]. Бөтен елдің аузымен автор қазақты мақтап, абыройын үстем етіп қойған. Бірақ, мұны өтірік деп те ешкім қарсы шыға алмасы анық.

Әңгімнің соңында ғана пайда болса да негізгі орындардың бірін алатын тентек Текебай қазақтың намысын қорғап шығып, намысшыл жігітке тән мінезімен ерекшеленеді. Текебай түрмеден шығып келеді, бірақ оның ол жерде болуға титтей де кінәсі жоқ еді. Сол кездегі бассыздықтардың бірі деп те қарауға болады бұған. Сонымен, Текебай өз қатарластарының бәрінен озды: Мараттың сыбағасын берген болатын. Тентек деген сөз атына бекер жармасып жүрмеген болып шықты. Тентектігі бүтін бір ауылдың азаттықты сезінуіне жағдай жасады. Тілін, жерін, атасын, рухын қорлаған Маратты Текебайдың тентек мінезі басты. Өзгеге жем болып жүрген өз жұртымызды құрықтан босатып елді бір риза қылады. Шығарманың соңы осылайша, кектесумен емес, ұлт арасын бекітумен бітті. Оған үлкен үлесін қосқан ауыл әкімі мен оның жауапты орынбасары, ауыл тұрғыны Қанат пен Тентекбайлар болды. Қанша қоқан-лоққы көрсетсе де сабырлық танытып шыдап баққан ауыл тұрғындары, әсіресе, Қанат ел арасын ажыратып алудан сақтап қалды.

М.Мағауин шығармаларының барлығында дерлік астарлап немесе ашық түрде ұлт тағдырын, рухани құндылықтарын ұлттық таным тұрғысынан дәріптеп келеді. «Қазақы менталитетімізге тән кейбір келеңсіздіктер, аяушылық, адамшылық сияқты сезімдердің аяққа тапталуы, мақсатсыз, мағынасыз саясатқа деген шарасыздық кейде ашық күйде берілсе, енді бірде астарлы образдар арқылы сөз болады» [3,43 б.].

Сондай шығармаларының бірі – «Құмырсқа қырғын» әңгімесі. Жаңадан көшіп келген үйінің ауласындағы құмырсқалардың тіршілігін бақылай жүріп күтпеген нәрсеге кез болады автор. Қырық жылдан бері қонысын өзгертпеген құмырсқалар әуелден-ақ назарын өзіне аудартты. «Мына бір илеу — тұтас бір әулет. Немесе, мемлекет. Ерекше тіршілік жүйесі, бағзыдан бекіген, бұлжымас заң-жарғылары, басқару рәсімдері бар. Әрине, өзіндік үлгі, бөтен бір өлшемдегі қоғамдық құрылым» [4,235 б.]. Осылайша кейіпкер әрі автор құмырсқалар хандығын тапты. «Илеу — құмырсқалар мелекетінің бас ордасы» [4,236 б.] деуінен-ақ үлкен бір тақырыпты қозғағалы тұрғаны байқалады. Сол хандықтың ордасында болып көргендей илеудің бөлме-бөлмелерін, ондағы құмырсқалардың қызметтерін айта бастайды. Бірақ осынау бақытты құмырсқалар әулетінің шырқы да бұзылатын кезі болады екен. Үйінің бір бұрышынан пайда болған жаңа илеу жаңа бір құмырсқалар әулетінің өкілдері еді. Түр-тұрпаттары, қимылдары бұрынғыдан басқаша, ұсақ болғанымен ширақ қимылдайды. Үй иесі де зияны жоқ қой деген оймен айтарлықтай мән бере қоймайды. Бірақ бір ай өтпестен олардың саны көбею үстіне көбейе берді. Жай ғана көбейіп қойған жоқ, өз жеріне сыймай, ашкөз империялар сияқты айналасындағыны да жайпай бастады. «Кенет көлеңкебеттегі топтан екі ш ымал бөлініп шықты да, бейбіт шеруге тура бел ортадан тиді. Әй-шәй жоқ, келе сала беткері бір қоңыр құмырсқаға, бірі кеудеден, бірі бөкседенбас салған. Қоңыр жиырыла тыпырлады. Сол, жағаласа бүктелген беті үшеуі бірдей жерге құлап түскен» [4,240 б.]. Құмырсқалар соғысы емес, тап бір адамдар соғысып жатқандай айқас басталып кеткен екен. Бірақ бұрынғы қоңыр құмырсқалар бейбіт болып шығады. Өзіне тимегенге тиіспейді, егер тиіссе ерлікпен қаза табады. Себебі, қара құмырсқалар оларға бірнешеулеп жабылады.

Қоңыр құмырсқалар шаруада ұйымшыл келгенімен, жаумен арпалыста берекесіздеу көрінеді. Азғантай уақыттың ішінде қара құмырсқалар баудың жарым бөлігін иеленіп үлгереді. Осы кезде үй иесі қоңыр құмырсқаларға көмекке келуді ойлайды. Әйткенмен, күте тұруға бел буады. Бәлкім ақылдары кіріп, бірігіп қара құмырсқаларды қуып шығар деп дәмеленген. Бірақ ол да бола қоймайды. Жеңіліп бара жатса қара құмырсқаларды өлтіретін дәрі сеуіп, жоқ ете салам деп риза болып отырған кейіпкерге мынадай ой келеді: «Жеті қат көктің төріндегі Ақсақал жердегі мына бізге қарап, дәл осылай масаттанып отырған шығар. Кейбір кездерде ол Кісі... Кісі емес, Тәңірі тағалам да өзі араласып кететінтәрізді ғой» [4,242 б.]. Бұлай деуіне бір нәрсенің себеп болатыны анық. Ал жалпы

мұндай әңгіменің жазылуына тағы бір нәрсе себеп болатыны да белгілі. Тұспалдап сөйлеуінде, бір нәрсені екінші бір нәрсеге ұқсатуында, бәрінде бір мән жатыр. Қалай болғанда да автордың айтқысы келген мәселенің бір шеті шығып жатыр. Сонымен, қандай айла қолданам десе де бәрі өз қолында емесін түсінді үй иесі. Ақыры, жауыз қара құмырсқалар қоңыр құмырсқалардың туған үйін, жерін тартып алғаны мәлім болады. «Өздеріне де обал жоқ... – Күші жетеді, саны көп. Тек береке-бірлік жоқ. Сондықтан осындай зобалаңға ұшырады!..» [4,243 б.]. Автордың балаларына, сонымен қоса оқырманына айтпағы осы еді. Бірлікті ту еткен халық қана басқаға төтеп бере алатынын, ауызбірлікті жоғалту жерді жоғалтуға әкелетінін насихаттайды. Қоңыр құмырсқалар жер ауып басқа жақтан қоныс тапты, бірақ, саны бұрынғыдай емес еді. Өлденеше есеге азайып қалған, илеуінің көлемі де кішкентай. Бар күш жігерінен айрылып, есін енді жиып келе жатқан ел сияқты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұдан кейін де туыстас екі әулет құмырсқалар арасында бау ішіндегі айқастар қайта басталды.. Қанды қырғынмен тең. Осының бәрін ой елегінен өткізе отырып, неге бұлай болады деген сауалға бас қатырады кейіпкер. Құдай өзі жаратқан тіршілік иелеріне жаны ашмайды ма деген де ой келеді. Соңында екі жақ та түгелімен қырылып бітіп, байтақ жер иесіз қалды. Жоғарыдан тамашалап тұрған адам үшін ұсақ құмырсқалар тым елеусіз болып көрінгенімен, олар да адамдар сияқты тіршілік иелері. Олардың да өмірі тамақ табумен, ұрпақ өрбітумен жалғасып келе жатқан үлкен бір отбасы немесе мемлекет тәрізді. Автор осы оқиғаны адамзат баласымен салыстыра қарап, ой түйерлік шағын бір әңгімемен ойын жеткізген.

Түйіп айтқанда, жоғарыда талданған шығармалар халықтың ұлттық танымын кеңейте түсуге өз үлесін қосады. Адамның рухани әлемі бай болса ғана өз елі мен жерінің қадірін жете түсіне алатынын сендіре тұседі. Бүгінгі күні жастарымыздың рухани әлемінде жетіспеушіліктер байқалып тұрады. Ал зиялы қауым өкілдері оны толықтырудан ешқашан да жалықпайды. Елім деп соққан жүрек тоқтағанда ғана бұл процесс үзілуі мүмкін. Ал олардың мұрасы өмір бақи халыққа қызмет етумен болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.
2. Мағауин, Мұхтар (2004), Көкбалақ. Роман, әңгімелер.– Алматы: Атамұра, – 248 б.
3. Балтабаева, Гаухар (2012), Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы.– Алматы. - 273 б.
4. Мағауин, Мұхтар (2004), *Тазының өлімі*. Хикаят, әңгімелер.– Алматы: Атамұра, – 256 б.

ӘЛІМҒАЗЫ ДӘУЛЕТХАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

П.Ф.М., аға оқытушы Т.ДӘУІТҰЛЫ*

Түйіндеме

Мақалада тарихшы, әдебиетші, өнер танушы Әлімғазы Дәулетханұлының өмірі мен шығармашылығының өзіндік ерекшелігі мен тарихы туралы сөз болады. Әлімғазы Дәулетханұлы Қытайдағы қазақтардың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген көрнекті ағартушы, діни ғұлама, ақын әрі күйші композитор Шылбы бабасынан бастау алып, әкесі Дәулетхан арқылы Шығыс түркістан қазағына кең танылған жыраулық, ақындық, әншілік, композиторлық қатарлы дәстүлі өнердің бәрі болмаса да, бірнешеуін толық қанды меңгерген өнер майталманы. Сондай-ақ, бала жастан өршілде өжет өсіп, ұлтының салт-дәстүрін бойына сіңіріп, еркіндігімен бостандағын аңсап, сол жолда басын бәйгеге тіге күреседі. Осындай тағдырлы тарихымен көптеген құнды шығармаларды өмірге әкелді. Оның шығармалары өмір сырын тебірене шерткен аңсау-сағыну сияқты арман тілекпен астасып жатады.

Тірек сөздер: *Тәуелсіздік, өнер, сағыныш, туған жер, жыр, қытай, орыс.*

CREATIVITY OF ALIMGAZI DAULETKHANULY

Abstract

The article is about historian, writer, art critic Alimgazy Dauletkhanuly's life and the features and history of his work.

Alimgazy Dauletkhanuly is skilful poet who with the support of his father Dauletkhan learned if not all but several traditional art similar to zhyrau, poetic, singing, composer art which were widely spread among Eastern Turkistan Kazakhs and he also started learning art from Kazakh ancestor living in China during the end of XIX and the beginning XX, Shylby who was outstanding teacher, a religious scientist, a poet and a music composer. Also, from his childhood he was purposeful, tenacious, learning customs and traditions of his nation, wishing liberty and independence for his nation, he fought on that way. With a fateful history he created many valuable works. His works declaimed with dreams and wishes about covert life.

Keywords: *Independence, art, missing, mother land, poem, Chinese, Russian.*

КІРІСПЕ

Әлімғазы Дәулетханұлының ұлт өнері мен мәдениеті, әдебиеті мен тарихына қосқан еселі үлесі, азаматтық парызы, жүрегі ұлтым, тәуелсіздігім деп соғатын абзал азаматтығы, ұлт мүдесімен тағдырына нұқсан келтіретін әрқандай әрекетке қайыспай қарсы тұратын қайраткерлігі, кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге.

Қытайдағы аты шулы мәдениет төңкерісі қарсаңында өмір есігін ашқан біздерге, Айтан Нүсіпханұлы мен Әлімғазы Дәулетханұлының есімі, мәдениет төңкерісі аяқталып, Мао өліп жайма шуақ заман орнап, ақ-қараны айыра бастаған шағымызда еміс-еміс естіле бастады. Бұл оқиға біздің ұлтқа деген сүйіспеншілік, отанға деген махаббат, тәуелсіздікке деген арман-тілегімізбен ұлттық рухымызды біртіндеп оянып, азаматтық сенімімізді қалыптастырды.

XX ғасырдың соңында алланың шапағатымен азуын айға білеген Ресей империясы ыдырап, Қазақстанның тәуелсіздік алуы, жалынды жастығын арнап, ұлт мүдесі үшін ұран тастап, топ бастап, Қытайдың темір ноқтасына мойын ұсынбай, соңғы мүмкүндіктеріне дейін тіресіп, қар жастанып, мұз төсеніп жүріп шегара асқан Айтан Нүсіпханұлы, Әлімғазы Дәулетханұлы қатарлы, қазақ тәуелсіздігін аңсаған азаматтардың арманының орындалуы еді.

Бұл Тәуелсіздік әлемнің әр түкпіріне тарыдай шашылған қазақтың отанында қауышуына зор мүмкүндік берді. Бағалай білген әр қазақтың баянды бағы, айтып тауысқысыз мақтанышы еді. Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлем қазақтарына тастаған үндеуі, біздің ел қатарлы ата жұртқа оралуымызға сеніммен шабыт берді. 1994 жылдың 20 қазаны, Алматы қаласы Әл - Фараби атындағы ұлттық университеттің жатақханасындағы Рахым Айыпұлының уақтылы баспанасында, естен кетпес елеулі кездесу болды.

Түскі ас мезгілі, сырттан келсем Рахымның төрінде, аққалпағын қырлай киген, қызыл шырайлы, дөңгелек жүзіне қою мұртты жарасқан ел ағасы, әңгіме дүкенін құрып отыр екен. Есіктен кіре берген сәлемімді, орнынан сергек тұрып алып жатып, күлімдей қарап, кімсің-ей деді?! эзілдей күліп. Тұрсынбаймын деп едім, уай бауырым! аман-сау жеттіңбе? ел-жұрт аманба? деп, қайталай

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, d.tursyn@bk.ru

құшағын жайып бауырына баса, құшағына қыса амандасты. Міне бұл ағалық акеділ, дархандығымен аңқылдай қарсы алған азамат, қытайда бізге аңыздай елестейтін Әлімғазы Дәулетханұлы еді.

Осы күннен басталып, 24 жылға жалғасқан біздің аға-інілік силастығымызбен, отбасылық және шығармашылық қарым-қатынасымыз алтын арқауын осы күнге дейін үзбей келеді.

Қоныстану, тіркелу, азаматтық, баспана алу, жұмысқа орналасу, той-томалақ, өлім-жітім, қиналғанда жәрдемдесу т.б. бәр-бәріде Әлекеңнің ағалық ақылы, қайырымды қамқорлығынан шет қалған жоқ. Айтпақшы 2000 жылы өмірге келген ұлымның атын Әлекең, Ермырза болсын деп қойып еді. Сол Ермырзамыз биыл 11 класты тамамдап, ҰБТ-дан 130 бал алып, С.Демерел атындағы оқу орнының студенті атанып, ұстаздарымен ата-анасының сенімін ақтап отыр. Бұлда Әлекең ағамызбен Мәриям жеңгеміздей жақсыдан тиген шарапат деп білемін.

1995 жылы жадыраған жаз айында Әлекеңнің толықсыған шағы, ердің жасы 50 жылдық мерей тойымен бірге, ғалымдар үйінде «Еренқабырға әуендері» атты шығармашылық кеші өтті. Ошақтың үш бұтындай тағдырларымен достығы жарасқан, Айтан Нүсіпханұлы мен Жәркен Бөдешұлы және қытайда қалған досы Қасымхан Уатханұлының өлеңдеріне жазылған Әлімғазы Дәулетханұлының «Туған жер», «Сайрам көл», «Мәрияш», «Жалған-ай», Есбосын батырдың әні «Ақкөйлек» т.б. әндерін өнерпаз әнші аға-інілері Абылай Түгелбаев, Тілеубек Қожанұлы, Ермұрат Зейіпханұлы, Жаннат Тоқтасынқызы, Тұрсынбай Дәуітұлы, Тайшыбек Жұмашұлы т.б. тамылжыта шырқаса, Әлекеңнің «Ықылас Дүкен» атындағы мұражай қорына тапсырған халық күйі «Сары өзен» мен өз күйлері «Сағыныш», «Әкеме» атты күйлерін «Ықылас Дүкен» атындағы мұражайдың ансамблі төгілдіре орындап, көрермен көпті мәз етті. Кеш тізгінін қазақтың аққу ақын қызы Мәрпуға Айтхожина мен қайраткер ақын ұлы Айтан Нүсіпхан ұстады. Халық жазушысы Қабдеш Жүмәділұлы Әлекең жайлы тарихи кешулерді толғана сөйледі. Осы кешке арнайы шым қаладан келген ұзақ жыл мектеп директоры болған Тоқташ Исламбеков, Әлімғазы Дәулетханұлының сол өңірдегі кешірімелері, өнері, білімі, азаматтығы, досқа адалдығы жайлы ақтарыла айтып ризашылығын білдірді. Міне бұл Әлімғазы Дәулетханұлының таныстықтың алғашқы жылдары, отанға жаңа оралған біздерге қалдырған ерекше әсері еді.

Осыдан кейінгі ширек ғасырға жуық уақытта тарихшы, сыншы, өнер танушы, журналист Әлімғазы Дәулетханұлының бұрынғы-сонды өмір жолы, шығармашылығы, ғылыми зерттеу еңбектері, қоғамдық қызметі, қайраткерлігі, ұлтқа деген азаматтық ізгі істері, 60-70 жылдық мерей тойлары т.б. ел үшін, ұлт мүдесі үшін еткен табысты еңбектері, көп сериялы теле филімдей көз алдымыздан өтіп жатты. Енді осылардың басты-бастыларына қысқаша тоқтала кетелік.

Біріншіден 1961-1966 оқу жылдарында Үрімжідегі жалғыз университеттің (Шин жияң университеті) қытай тіл-әдебиеті факультетінде оқып, оны ойдағыдай тамәмдаған, өмір бойы тіл-әдебиеттен, тарихтан қол үзбей, саналы ғұмырын ғылым мен өнерге, саясат пен ұлттық тәуелсіздік жолындағы күреске арнаған Әлекең, Алаш ұранды әдебиеттің белді өкілі ақиық ақын Таңжарық Жолдыұлы шығармаларының зерттелуімен насихатталуына бір кісілік есесін қосты.

1976 жылы Әлімғазы Дәулетханұлы Шымкенттегі институтты тамамдарда Таңжарық шығармашылығы жайлы диплом қорғап, кейін ары қарай кандидаттық диссертация жазуға ниет етіп, Мәскеудегі дүние жүзі әдебиеті тарихы бөлімінің бастығы Зоя Кедринадан қодау тапқанымен, Алматыдағы ғылым академиясының сол кездегі басшылары оң қабақ танытпайды. «Айтқан уәждары: Біріншіден Жамбыл тануға жатқызайық десек Таңжарық жазба ақын. Екіншіден ерте заман әдебиетіне келмейді, Таңжарық таяу жылдардағы ақын. Үшіншіден бұл тақырып Ресей мен Қытай арасындағы даулы мәселе» [1, 121 б.] деп, жетекші болуға ешкім батылдық етпеген. Сонымен бұл жұмыс аяқсыз қалған. Кейін бұл еңбегі қысқартылып 2003 жылы «Таңжарық тағлымы» атты жинақта және 2004 жылы «Абай» журналында басылды.

1990 жылы «Алатау» телеарнасынан тұңғыш рет Әлімғазы Дәулетханұлының авторлығымен «Таңжарық туралы сөз» деген бір сағаттық телехабар ұйымдастырылып, хабарға Қабдеш Жұмаділов, Тілеужан Сақалов, Нұрқасым Қазыбектер қатысып, Таңжарық өмірі мен шығармашылығы жайлы сөз-сұхбаттар құрып, ой бөлісті. Еркін Құжманов «Түрме халі», «Елмен амандасу» сияқты жыр-толғауларын тамылжыта орындап, әуе толқыны арқылы күллі қазақтың құлағына жетті.

Қала мен дала газетінің 2017 жыл 21 сәуірдегі санының 12-13 бетінде, Әлімғазы Дәулетханұлының «Таңжарық Жолдыұлының жаңа өлеңі табыды» деген көлемді мақала жарияланды.

Мендіғали Мейрамов мұңдым сізге,
Қаламды арнап әтей бұрдым сізге.
Неде болса тілдесіп қалайын деп,
Кең жайып құшағымды бұрдым сізге.

Толқыны уақыттың кетті бөліп,
 Бар еді айтар сөзім ырғын сізгек.
 Көп жапа көрсетті деп ренжіме,
 Бұл жақта қалмақ, қытай тұрғын сізге.
 Кедергісі кездесіп кесел болды,
 42 -43 жылдың сізге[2, 12-13 б.].

Осылай басталатын Таңжарық Жолдыұлының бұрын еш жерде жарық көрмеген, түрмелес досы Меңғали Мейрамовқа осыдан 74 жыл бұрынарына жазған, жаңа өлеңінің өз қолына қалай түсіп, қалай толық жазып ала алмау тарихын, Марқұм Балқаштың досы, Меңдіғалидың күйеу баласы Төлеуханның есерлігін, бостандығын шектеп, ар-намысын таптаған қоғамнан көрген қорлығын, оқыған жанның ет жүрегін жүрегін шымырлата әңгімелейді. Екіншіден Әлекең, әділетсіздікке жаны қас, азаматтық арын таза сақтаған, ұлтын шын сүйетін, дәстүр мен өнердей рухани мұраны тел емген, нақтылап айтар болсақ «Уызына жарыған» сирек кездесетін бегзат мінезді тұлға. «Байгелдінің «Елібайы» кім? Қайда туған?», «Мұхтархан Оразбайдың 15 өтірігі», «Оспанның үккімі Жағда тергегенге дейін шығып қойған» [4, 15 б.] т.б. сынни сараптама мақалалары осыған айқын дәлел бола алады. Әлекеңнің бұл айтқанын біреу айтар, біреу айтпас. Біреуге жағар, ал біреуге жақпасы белгілі. Өйткені біреу мәртебені, ал біреу жақын-жұрағаттықты алға тартып немесе нем бар еді, жаманатты болып деп жалтақтар еді, жалтақтады. Ал, Әлекең болса ұлтқа, ұлттық намысқа күйе жағатын мұндай әділетсіздікті тайрандатып қоя алмады. Өзгелер мұны көрмеді естімеді дейсізбе? көрді, естіді, бірақ жоғарда айтқан пендешіліктен аттап өте алмады. Батылдығы жетпеді. Әлекең бетің-жүзің, мәртебең, шен-шекпенің деген жоқ. Шындықты шығғырып бетіне басты, айтқанын дәлелдеді, ақиқат жеңді. Үшіншіден Әлекең әдебиетпен тарихтың шын жоқшысы, зерттеушісі. 2015 жылы Алматыдағы «Дәстүр» баспасынан жарық көрген, «Шығыс Түркістан халықтарының ұлт азаттық дәуірі әдебиеті (1679-1949)» атты көлемді ғылыми монографиясында ұлттық-түркілік көзқарасы, жанаша ойлау жүйесімен айқын да нақты, мол дерек көздеріне сүйене отырып, ғылыми тұрғыдасмпатталған, көпшілік оқырман іздеп жүріп сүйіп оқитын құнды еңбек.

70 жылдығында жарық көрген «Тарту» атты жинағында ұлттық руханиятымыз - өнер, мәдениет және қоғам қайраткерлері мен тарихи тұлғалар жайлы әңгіме, эсселері топтастырылған. «Мағжан және қазақ поэзиясы» атты сын-зерттеуі, «Ежелгі Түркілер» атты бірнеше рет қайта басылған тарихи еңбектері Әлімғазы Дәулетханұлының ұлт өнері мен мәдениеті, әдебиеті мен тарихына қосқан еселі үлесі, азаматтық парызы деп есептейміз. Бұл жүрегі ұлтым, тәуелсіздігім деп соғатын санаулы азаматтардың ғана батылы жетіп, байыбына баратын игі іс.

Төртіншіден Әлімғазы Дәулетханұлы Қытайдағы қазақтардың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген көрнекті ағартушы, діни ғұлама, ақын әрі күйші композитор Шылбы бабасынан бастау алып, әкесі Дәулетхан арқылы Шығыс түркістан қазағына кең танылған жыраулық, ақындық, әншілік, композиторлық қатарлы дәстүлі өнердің бәрі болмаса да, бірнешеуін толық қанды меңгерген өнер майталманы десек, артық айтқандық болмас. Әлекең халық әндерімен халық композиторларының әндерін домбырамен күйкылжыта сүйемелдеп, тамылжыта орындайтын, ән табиғатын терең танып, әлдилеп-аялап, асқақтата шырқайтын әнші. Сондай-ақ, азамат болып ат жалын тартып мінгелі өз көзімен көріп, басынан кешкен кешірмелерін тереңнен толғап қоғам, заман, тәуелсіздік, сағыныш, достық, махаббат т.б. тақырыптарда жүрек қылын шертер, әсерліде әсем әндерді өмірге әкелген композитор. Ана сүтімен дарып, туада біткен талантын өмірдің сан қилы сокпағында шыңдап, тағдырлас достарымен тығыз шығармашылық байланыста болып, «Туған жер», «Сайрам көл», «Қайран жер», «Азамат атқа қон», «Сағыныш», «Аңсаған махаббат», «Көкше қызы Алмагүл», «Мәрияшым» т.б. сөзімен әні бірін-бірі толықтыра қабысып, тыңдарман жүрегінен терең орын алған, өміршен әндерді дүниеге әкелді.

Әсіресе есімдері бірін-бірі толықтырып тұратын, қанды көйлек тағдырлас досы Айтан Нүсіпханұлының азаматтық тұлғасы, ақыл парасаты, достығы, ақындығы, Әлекең шығармашылығының құрамдас бөлімі іспетті. Әлекеңнің өз сөзімен айтар болсақ «Айтан поэзиясының шоқтықты бір саласы оның өр рухты, азаматтық жырлары болатын. Саяси күрескер Айтанның асқақ азаматтық лирикалар жазбауы тіптіде мүмкүн емес еді. Ол осы қарымымен басқалардан оқшау, айырықшаланатын. «Сайрам көлім» Айтан ақындығының бір белесін танытар мұрасы» [3, 224 б.] дейді, асыл досын айырықша ардақтай түсіп. Өлеңге шабыттана ән жазып, ақын арманын тіптіде асқақтата түседі.

Атыңнан айналайын Сайрам көлім,
 Өмірге сенен құлаш жайған едім.

Үн қосып күңіренген зар күйіне,
Жағанда қалды-ау менің қайран елім. –

жолдарындағы «Үн қосып күңіренген зар күйіне» деген сөздер, 50 жыл өтседе сол ел тағдырында бүгінде қайталанып тұрған құбылыс екені шындық. Сондықтан Айтекеңнің ақындық байқампаз, сезгірлігі еріксіз бас шұлғуға мәжбүр етеді. «1969 жылдың жазында Айтекең екеуміз нағыз шығармашылық көңіл-күйде жемісті еңбек етіппіз. Сол тұстағы біздің көңіл-күйімізді білдіретін жаңа шығарманың бірі «Азамат атқа мін» дейтін марш екпінді ән еді. Егер естір құлақ, көрер көз болса, бұл ән бүгінгі тәуелсіз қазақ елініңде бір кәдесіне жарап қалар еді-ау» дейді Әлекең толқынысты сезіммен.

Әлімғазы Дәулетханұлының келесі бір шоқтықты әні өмірден ерте қайтқан ақын досы Қалибектің «Қайран жер» өлеңіне жазылған әні.

Қайран жер сағымды алқап, шоқы құздар,
Қайран ел, қырғи жігіт, тоты қыздар.
Сағындым сені.

Жүрмін мен бейтаныс бір жат өлкеде,
Жаныма сары тамызда өтіп ызғар.

Қалибек ақын небәрі 20 жасында, 1965 жылдың жазында ұйғырдың қайнаған ортасы Токсұн ауданы жерінде жазған өлеңге, Әлекең 1970 жылы Көкше тауда, ақ түтек боранда қой соңында, сағынышпен қайғы қос бүйірден қыспаққа алған тұста, арпалысып жүріп осы әнді шығарады. Ән мәтінінің тілге жеңілдігіне орай, әуені де жүрекке жылы тиеді. Бір айтқаннан жатталып, жабырқау көңілді жұбатып, іштегі шерді шығарып, қасірет мұзын ерітетін шуақ нұрындай сезіледі. Автордың өз сөзімен айтар болсақ, «Осы әнді айтқанда, Айтан аһ ұра: «Қайран Қалибегім-ай қайда жүр екен, не күйде жүр екен, әлде жауыздардың қолынан мерт болдыма екен, тірі болса жарар еді?» деп солқылдап жылағанда, бәріміз қосыла күңіренуші едік» дейді, жанарына жас іркіліп. Әлімғазы Дәулетханұлының әндерінің бір бөлімі: туған отанның, туған халқының мұң-зарымен тауқыметті тағдырынан сыр шертіп елді бостандыққа, тәуелсіздікке деген арман тілекке жетелесе, ал «Аңсаған махаббат», «Көкше қызы Алмагүл», «Мәрияшым» қатарлы көңілдіде ойнақы сезімнен туған әндері, сағынышпен махаббат және құштарлықпен аңсау сияқты көтеріңкі көңіл-күйдің жемісі.

Әлімғазы Дәулетханұлы қай тақырыпқа қалам тербесе де нақты дәлел, айнымас ақиқат, шырқыраған шындықты толық дәлелмен жан-жақты жүйелі жазып, оқырманның да, тыңдарманның да көкейінен шығатын толғақты дүниелердің шешімін табады. Қарсы уәж айтқандарға да салмақтылықпен салихалы жауап қайтарады. Бұл тарих пен әдебиет сынында ұлт мүддесіне қатысты шешуі қиын түйіндердің шиесін ажыратуға айтарлықтай көмегін тигізгені шындық.

Нарықтық экономикаға негізделген бүгінгі ұлт тағдыры сынға түсіп жатқан қоғамда, Әлекең еш екіленбестен жалынды жастығында, темірдей тегеурінді денсаулығында, алтынға сатып ала алмас қымбатты уақытында, ұлт мүдесі, ұрпақ келешегі үшін арнаған жан. Ұлтының адал ұланы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, тарихшы, әдебиетші, аудармашы, сыншы, сазгер, әнші ұлтының адал ұланы, Әлімғазы Дәулетханұлы биылғы жылы жемісті 75-тің шыңына шықты. Оның ерен еңбегін елеген халықаралық Түрік академиясы мен Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты 2018 жылдың 13 қыркүйегінде «Рухани жаңғыру және түркі әлемі тарихының мәселелері» атты ғылыми конференция өткізіп, Әлімғазы Дәулетханұлының әдебиет, тарих, сын және өнер жайындағы еңбектеріне жоғары баға берді. Сондай-ақ түрік академиясы, еңбегі ерен қазақ ғалымдарына берілетін күміс медалмен марапаттаса, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, институт тарихындағы тұңғыш реткі профессор-ғалым атағын берді. Әлімғазы Дәулетханұлы жемісті 75 жасқа келген мерейлі тойында «Зар заманның шерлі шежіресі», «Өмірімнің арқауы-ел мен ерлер тарихы», «Ли Бэй қазақ емес», «Ұлы ғұн империясының тарихы» 2том, «Ежелгі түркілер» қатарлы 6 кітапты оқырман назарына ұсынды.

Еліңіз елеген еңбегіңіздің игілігін көріп, Мәрия жеңгем екеуіңіз жарасқан жұптарыңыз жазылмай қол ұстасып, ауырмай-сырқамай қара орман халқыңызбен, ұрпақ алдында мәртебелеріңіз биіктей берсін!?

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Таңжарық тағылымы: (Т.Жолдыұлының өмірі мен әдеби мұрасы хақында) Құрастырған Оразанбай Егеубаев. Алматы, - «Көркем!», 2003 – 392 бет.
2. Қала мен дала газеті. 2017 жыл 21 сәуір 16 бет.
3. Тарту: Әңгіме, повестер, естеліктер, сын-зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. Әлімғазы Дәулетхан. Алматы, “Мерей» баспасы. 2013, - 364 бет.
4. Ли Бэй қазақ емес!: мақалалар мен ой пікірлер. Құрастырған – Әлімғазы Дәулетхан. – Алматы: «Жания-Полиграф», 2018. – 252 бет.

А.ҮЛІМЖІҰЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЖЫ БАЯН» ДАСТАНЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

докторант **Э.С.СЕЙСЕНБИЕВА***

* Қазақ мемлекеттік қызар педагогикалық униерситеті, elka1975@mail.ru

PhD доктор, профессор З.-А.ӘУЕЗОВА**

Түйіндеме

Мақалада араб әдебиетінің XIX ғасырдағы қазақ кітаби ақындар шығармашылығына әсері туралы айтылады. XIX ғасыр кітаби ақындарының көпшілігі Ислам дінінің әсерінен көптеген діни қисса-дастандар жазған. Кітаби ақын, назира сөздеріне түсініктеме беріліп, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып талдап жазылды. Кітаби ақын Ақыт Үлімжіұлының «Қажы Баян» тарихи романы талданып қарастырылды.

Тірек сөздер: назира, мінәжат, кітаби ақын, діни қисса-дастандар

THE UNIQUENESS OF THE POEM "QAZHY BAYAN" AND A.ULIMZHILY**Abstract**

The article examines the influence of Arabic literature on the Kazakh book of creativity of 19th-century poets. Most of the 19th century poets were influenced by Islam, with many religious writings. The poet of the book commented on his approximate words and analyzed on the basis of the opinions of scientists. The historical novel "Qazhy Bayan" of the book poet AktytUlimzhiuly is analyzed.

Keywords: approximate, prayer, book poet, religious dictionary.

КІРІСПЕ

Біз бұл мақаламызда араб әдебиетінің қазақ кітаби ақындар шығармашылығына ықпалы туралы айтамыз. Араб әдебиеті шығыстағы ең бай, әлемдегі ең көне әдебиеттердің бірі болып саналады. Араб әдебиетінің алғашқы жанры поэзия, оның мазмұны ислам дінінің негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың өсиет, насихат сөздері, яғни хадистер мен діни аңыздар. Ислам әдебиетінің негізі араб еліннен бастау алады. Ислам діні араб әдебиетінің өркендеуіне жақсы әсер етіп, әлемдегі ықпалды әдебиеттердің біріне айналды. Араб халқына Исламның әсері туралы Ханна әл-Фахури былай: «Поэзияға жаңа ағым әсер етті... шығарманың сюжеті Құранмен байланыстырылып күрделеніп, Құранның дана және нақыл сөздерінен тұрды...» – десе [1, 174].

Ал, белгілі шығыстанушы ғалым, профессор Ә.Дербісәлінің: «Ислам дінінің Арабия жарты аралынан ұзап шығып өзге елдерге тарауы, араб халқының басқа жұртпен қарым-қатынасы, әдет-ғұрып алмасуы әдебиетке әсерін тигізбей қойған жоқ. Егер исламға дейінгі дәуірдегі бәдәуи ақындары өз өлеңдерінде руы мен тайпаластарын мақтаумен шектелсе, исламнан кейінгі кезеңдегі шайырлардың бір тобы жаңа дінді, Мұхаммадты мадақтап жырға қосты, пайғамбардың жауларына шүйлігіп, дінсіздерге қарсы «киелі соғысқа» («джихада») шығуға шақырды. Араб ақындары ислам дінін әрі қарай батыл тарата беруді ұсына отырып, оның жеңістерін насихаттады, «қасиетті соғыста» мерт болғандарға элегия арнады», – деп [2, 47] жазғанындай, жаңа дін ең алдымен жергілікті араб халқының әдебиетіне әсер етіп, біртіндеп басқа Орта Азия елдерінің әдебиетіне де ықпал ете бастады.

Ғалым, профессор Ө.Күмісбаев: «Нәзірат – арабша жауап, ұқсату. Нәзира – мұсылмандық Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Белгілі бір ақынның өзіне дейінгі классикалық шығармаға «жауап» қатуы түрінде, өнер сынасу, өлең жарыстыру мақсатында пайда болған. Жыр бәйгесіне тәуекел еткен шайыр бұрыннан мәлім шайырдан жаңаша жол іздеуге, өзі өнеге тұтып отырған дастанның тақырыбын, өлең өлшемін, көркемдеу өрімін пайдаланып, ілкі туындыдан асып кетпесе де, жетеғабыл түсетін өзіндік бояу, реңі бар шығарма жазуға тиіс еді. Бұл – ежелгі өнер иесі үшін ақындық кәметел белгісі. Нәзирашылдық дәстүрі қазақ кітаби ақындар шығармаларында көптеп кездеседі» - дегендей шығыстың назира үлгісінің қазақ әдебиетіне енуіне кітаби ақындар шығармаларының орны ерекше [3, 242]. Араб әдебиетінің әйгілі шығармаларын насихаттаған қазақ әдебиетінде кітаби ақындар. Кітаби ақындар романтикалық, батырлық, ғашықтық, діни дастандар жазды.

Кітаби ақындар араб ертегі, қиса-дастан, аңыздарының үлгісінде қазақ ортасына лайықтап, үндестіріп, өз ортасының, уақытының әдеби-эстетикалық талғам-тілектеріне қарап, шығыста кең тараған «назирашылық» дәстүрді қазақ әдебиетінде кеңінен дамытқан.

«Кітаби ақындар – шығыс әдебиетінің араб, парсы, түркі тілдес халықтарында бар поэзияның озық үлгілерін өзінше жырлап, қазақ арасына таратып, шығыс тілінде шыққан кітаптар сюжетін қайта өңдеп, қисса-дастандар шығарған бір топ ақындар. Шығыс поэзиясының көрнекті ескерткіштерімен

** Евразиан перспектива ғылыми-зерттеуорталығы, zauezova@yahoo.com

түпнұсқада танысты. Олар Шығыс поэзиясының көркемдік құралдарын өз шығармаларында орынды пайдалана білді» - [3, 281].

Қазақ әдебиеті тарихына «кітаби ақындар» деген атпен кірген ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қазақ ақындарының үлкен шоғыры болғаны белгілі. «Кітаби» сөзі шартты түрде болса да, термин ретінде қалыптасқанын әдебиетші ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады. Олар Бұхара, Ташкент, Самарқан, Қазан, Уфа сияқты қалалардағы мектептер мен медреселерде білім алып, өз шығармашылықтарында ағартушылық идеяларымен ерекшеленді. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген кітаби ақындар Шығыс әдебиетінің классикалық үлгілерін қазақ даласында насихаттап, жырлауда айрықша танылады. Б.Кенжебаев кітаби ақындар жайында «Олар екі түрлі мәдениетпен танысып, екі түрлі әдеби дәстүрден нәр алған. Бірі қазақ халқының бұрынғы мәдени байлығы мен әдеби қазынасы, екіншісі мұсылмандық Шығыстың ертедегі әдебиеті», – деп тұжырым жасайды [4, 11].

«Кітаби» деген атау ертедегі христиан діндарлары арасында діни кітап – «Инжіл» ережелерін бұлжытпай орындауды жақтаған, уағыздаған, адамдар жөнінде қолданылған. Оны біздің ХХ ғасыр басындағы ақындарымыз жөнінде қолдану мүлде орынсыз. Кітаби ақындарды діншіл, жазған шығармаларының көркемдік жағы әлсіз, сапасыз деген пікір үстем болып, біраз уақыт зерттеу нысанына алынбағаны белгілі. Кеңес заманында ғасыр басындағы ақындарды менсінбеушілік, жете бағаламаушылық болғандығын, тіпті, шын мәнінде әдебиет болған жоқ деген секілді ұшқары пікірлердің өріс алғанын ғалым Б. Кенжебаев орынды атап өтеді [5, 18].

Қазақ әдебиетінің тұңғыш сыншысы, ғалым, академик Мұхаметжан Қаратаев «Ізденіс іздері» атты ғылыми еңбегінде кітаби ақындар жайлы былай деп жазады: «Біз халқымыздың бұрын-соңды белгілі адамдарын еске алып, ардақтағанда, оның әрқайсысының өскен ортасында, озса – бүкіл қоғам өмірінде алған орнын, атқарған қызметін, сіңірген еңбегін аңқытауды мақсат тұтамыз. Ал, «кітаби» ақындарды көпке дейін дұрыс түсінбей келдік. Тіпті, оларға қырын да қарап келдік. Сондағы уәжіміз – әлгілердің бәрін “діншілдер” деп теріс түсіну еді. Ал бұл жиырмасыншы жылдары пролеткультшілдердің «Пушкинді тарих кемесінен лақтыру керек» дегені сықылды сорақылық болатын» [6, 172].

ХХ ғасыр басындағы әдебиетті зерттеген ғалым Ы.Дүйсенбаев «Қиссашы ақын», «Кітаби ақын» деу қолдан жасалған терминдер. Сондықтан да олардың шығармаларын зерттеп, талдап барып идеялық-көркемдік сапасын анықтау керек. Болмаса бұлай атау жаңсақтық дегенді алға тартады [8, 27].

ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің дамуы мен оның қайраткерлері жайында әдебиетші ғалымдардың барлығы дерлік қалам тартып, олардың шығармашылықтарын зерделей келе ұстанған принциптеріне қарай әдеби бағыттарын анықтауға тырысқан. Белгілі ғалым Б. Кенжебаев бұл қаламгерлерді ұстанған бағытына қарай ағартушылар және ағартушы демократтар деп бөлсе [9, 189-190], әдебиетші ғалым Ө.Әбдіманов “ХХ ғасыр басында үш әдеби бағыт болды. Олар: ағартушы ақын-жазушылар, ағартушы демократ ақын-жазушылар және буржуазияшыл-ұлтшыл ақын-жазушылар” – деп саралайды [10, 82].

Қазақты надандықтан құтылуға шақырған Абайдан, халықты оқуға шақырған Ыбырайдан бастап, ислам діні негізінде жаңаша дүние ғылымын меңгеріп, өз заманына сай білім алуға насихаттаған қазақ оқымыстыларын жәдиттік бағытты ұстанғандар demuімізге болады. Демек, осы аталған кезеңдегі көркем әдебиеттегі бағытты екіге бөлуге болады. Олар:

- 1) Қадимдік бағыт;
- 2) Жәдиттік бағыт.

Қадимдік бағыт дегеніміз бұл – дүние болмысын өзгертпеу, өркениетті мойындамау сипатында болса, ал жадиттік бағыт – өркениет әкелген жаңалықтарды игілік ретінде бағалап, жаңа дүниенің ғылымы ретінде танып, оны қабылдаған; өз заманына сай білім алуды мақсат еткен, надандықты құтылу жолында білімді құрал етіп алып, оқыған зиялылардың жасаған көркем шығармаларының бағыты.

Кітаби ақындар шығыс әдебиетінің араб, парсы халықтарында бар поэзияның озық үлгілерін өзінше жырлап, қазақ арасына таратып отырған, шығыс тілінде шыққан кітаптар сюжетін қайта өңдеп, қисса-дастандар шығарған. Профессор Н.Келімбетов: «Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қиссалар жазып, кезінде нәзира дәстүрін ұстанған бір топ ақындар қазақ әдебиеті тарихында «кітаби ақындар» деп аталып жүр», – деген пікір айтады [11, 325].

Кітаби ақындар өз заманында мұсылмандық жолды берік ұстанып, ислам дінін насихаттауды мақсат тұтқандықтан, көп жағдайда шығармалары зерттеушілер тарапынан сынға да ұшырап

отырған. Дегенмен, бір ескерер жайт зерттеушілердің сол кездегі кеңестік саясат пен коммунистік идеологияның ықпалымен осылай жазуға мәжбүр болғанын аңғару қиын емес.

Жалпы арабтың әдеби үлгілерінің тақырыптық, идеялық, сюжеттері жағынан болсын, оқиғаны суреттеу шеберліктері ерекшеліктерін алсақ та қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларымен ұқсасып отыратынын анық аңғаруға болады. Арабтың бұл жырлары қазақ әдебиетінде қисса, дастан жанрларының қалыптасуына, дамуына әсер етті.

Арабтың «Мың бір түн», «Ләйлі-Мәжнүн», «Калила мен Димна» секілді жәдігерлері мен Ислам дінінің пайда болып, әлемге таралуына байланысты туған әдеби үлгілерінің қазақ тілінде жасалған нұсқаларынан қазақ әдебиетінің араб әдебиетімен тарихи байланысын, ежелден келе жатқан терең тамырлы қарым-қатынасын көруге болады.

Ғалым У. Қалижанов: «...бүгінгі күнге дейін әдебиет тарихынан өзінің нақты бағасын, орнын ала алмай келе жатқан тұлғалар бар. Олар кезінде кітаби ақындар, діншіл ақындар деген желеумен әдебиет тарихынан, ел тарихынан ұмыт қалдырылды. Бұл діни-ағартушылық ағым ХІХ ғасырдың екінші жартысында өзінің үлкен прогресшіл ролін танытты» [12, 3] – деп кітаби ақындарды діншіл ақындардың қудалауға түскенінін, тіптен азаппен өлтіргені туралы айтады.

Бұл кездегі кітаби ақындардың бірі, кезінде «діншіл» ақын болып танылған, бүкіл еңбектерінде Алла сөзін құрметпен атап, өз заманының қыспағына қарамастан оған деген жүрегінің тазалығын, иман сенімін жырлап өткен ақындардың бірі – Ақыт Үлімжіұлы.

Ақын Ақыт Үлімжіұлының «Хажы Баян» сапарнамалық тарихи романын төмендегідей құрылымдық ерекшеліктерге бөліп қарастыруға болады:

1. Тәухид (Алланы ұлықтау);
2. Мінәжат (Аллаға сыйыну, жалбарыну);
3. Нағыт (Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабаларына мадақ);
4. Сәбәб-и тәлиф немесе сәбәб-и китаб (шығарманың жазылу себебін баяндау);
5. Ағаз-и дастан (негізгі бөлім);
6. Хатима (Қорытынды сөз).

Әрине бұл аталған құрылымдық ерекшелік «Хажы Баян» тарихи романында толығымен бірізді болып сақталмаған, аталған құрылымдар жекелеген бөліктерінде жазылмауы немесе кейбірінің орындары ауысып, болмаса өзара мінәжат жырының шығарманың соңына қарай орналасуы кездесіп отырады. Мысалы: тәухид пен мінәжат секілді бір-бірімен астас, ұқсас тақырыптық бөліктер көбіне қатар келіп, кейбір жағдайда арасы ашылмай бір-бірімен ұқсасып та жатады. Шығармадан осындай ерекшелікті кездестіруге болады. Ақын дастанның тәухид яғни, Алланы ұлықтау бөлімінде Аллаға мадақ айтылған:

Қылған ісің Құдайға,
Аян болар күн болар.
Ғазырайыл жаныңда,
Даяр болар күн болар...
... Бұл дүниеде кім қалар?
Нәсихат қылған тіл қалар.
Патшалардан тақ қалар,
Мергендерден жақ қалар.
Ұсталардан тат қалар,
Ғалымдардан хат қалар [13, 119-122].

немесе
Күнәдан аулақ қашыңыз,
Түзу жолды басыңыз.
Жоғалады бір күні,
Қайран өмір жазыңыз [13, 122].

– деп мінәжат етеді. Ақын тыным таппай Алладан күш-қуат, медет, көмек сұрайды. Жаратқанына мінажат етеді, жалынып әрі жалбарынады. Ертелі-кеш Аллаға құлшылық етіп, дұға жасайды. Мұнда Аллаға мадақ айтылғаннан кейін нағыттан ақын былай деп жырлайды:

Мұхаммедті жаратып,
Досы қылдың өзіңе.
Мұхаммедтің құрметі,
Жас толтырдың көзіме...
Әбубәкір, ия Ғұмар,

Ғұсман, Ғали ол Хайдар.
Адам ата һәм барша,
Мүрсәл Нәби пайғамбар.
Құрметіне солардың,
Саламатлық бер Жаппар [13, 187-188]
немесе

Иә, Аллаһи тіледім:
Ісім Ағзам құрметі,
Сүйер достың Мұхаммед,
Мұстафаның құрметі,
Бәрінен бұрын жаралған,
Зиараты таралған,
Атамыз адам құрметі.
Ұжмақтан шығып зарланған,
Ерін таппай сандалған,
Хауа ананың құрметі[13, 209]

- деп ақын Мұхаммедке арнап мадақтау жырлайды.

Ақын шығармасының тематикасы өте бай, онда тек бір ғана мінәжат тақырыбындағы шығармасында бірнеше сарында өрнектелуін байқауға болады. Мысалы:

Иә Алла, қабылдай гөр жылағаным,
Шапағат Расұлыңнан сұрағаным.
Расұлыңның құрметіне жарылқасаң,
Шүкірлік жай болғандай бұл арманым.

Таусылмас арманым көп айта берсем,
Құдая нәсіп етсең қайта келсем.
Аманат қойдым Алла шәһәдәтім,
Келе алмай ажал жетіп сахарада өлсем.
Жолығып қияметте Расүліңе,
Құдая мен разы дидер көрсем [13, 217].

Ақын тәуекел етіп алыс сапарға шыққан жоқ Алладан аман-есен туған елге, жерге оралуды жалбарынып сұрайды. Жолдың қашықтығы мен жол азабының қиындығын бастан кешірген ақын, сол қиын сапарда өліп кетсеп, Алладан жұмақтан дидар көруге жаз деп сұранады.

Мінәжат қылдық сонда Хаққа зарлап,
Тұрдық қой басты сонда өлімге арнап.
Жолынан Мәдиненің үміт үзіп,
Рузаға ғайып болды бару-бармақ.
Ғарып басқа бұл михнат душар болып,
Көңілге түсіп кетті қатты салмақ.
Үш жарым тәулік бағыр қалды тоқтап,
Тұрдық қой өлмесекте өлікке ұқсап.
Сол кезде теңіз толқып шықты кеме,
Жүрерге патша Құдай берді соқпақ [13, 212-213].

Ақын азды-көпті жасаған кемшілік-білместіктеріне кешіріп сұрап, тәуба ете отырып, осы жол сапарындағы қиындықтарда Аллаға былай деп жалбарынады:

Он сегіз мың ғаламды,
Жаратқан өзің бар Құдай.
Бір өзіңнің хүкіміңе,
Қаратқан өзің бір Құдай
..Ғарып бірлен міскінге,
Жардам берген бар Құдай
...Тіршілігін ғаламның,
Жаннан берген бар Құдай.
Жан сақтауын адамның,
Малдан берген бар Құдай [13, 187].

Ақын Хатима бөлімінде яғни, қорытынды сөзін де Аллаға мінәжат етіп, туған жеріне, еліне аман есен келгеніне тәубаға келіп, Аллаға ризашылығын білдіріп, жалбарынып аяқтайды:

Жайсаннан бері жүріп келдік елге,
Абақ ел, Алтай, Сауыр мекен жерге.
Хазірет атам мекенін зиарат қып,
Келдік қой туып өскен Алтай кенге.
Ата-ана – ұлық зат, ел менен жұрт,
Амандасып тынығып кірдік өңге.
Әр істің артқы жағы қайыр болса,
Жол жүру үлкен мерей жігіт шерге.
Бар істің алды-ақырын Алла білер,
Алладан бұйырықсыз-ақ болар деме [13, 239].

Ақынның туындыларында Алланы сөз ету бірнеше бағытта көрінетін тәрізді. Біріншіден, өз ортасына, оқырманына Алланың құдіреттілігін, дүниенің жаратылысын, мұсылман дінінің тууын, тарихын, басты тұлғаларын түсіндіруге, насихаттауға бағытталған туындылары. Екіншіден, өмір тіршіліктің, адамдықтың мән-мағынасын, дүниедегі жақсылық пен жамандықтың күресін, әр алуан мінездердің қақтығысын, оның адамға тигізер залалын, имандылық негіздерімен байланыстыра жырлаған шығармалары. Үшіншіден, өз басындағы жағдайды, тағдыр талқысын Аллаға деген сеніммен қайырын тілей айтқан туындылар. Бұл шығармаларында ақын қысқа өлең, нақыл толғаудан бастап, мысал өлең, бұрыннан белгілі қалыпты сюжетті қайта жаңғырта жырлау тәрізді көркемдік ізденіске барады.

Адамдардың діл тазалығын, ар-ұятты берік сақтауы, адалдық, әділдік, жомарттық, қайырымдылық, мейірімділік, еңбексүйгіштік, ауызбірлік, достық, жолдастық, т.б. сан-алуан сипатты ізгілік ұлағатын ұлықтауы насихат өлеңдердің сипатын құрайды.

Қазақ әдебиетінің дамуындағы маңызды бір кезең XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр бас кезіндегі кітаби ақындар поэзиясы болып табылады. Алласыз сөз бастамайтын діни-ағартушылық ақындар бағыттағы поэзиясы да мінәжат мәнді жырларды көптеп қамтыған. Әйтседе бұл ғасырдағы шығармалардағы мінәжат жырларын қарастыру екі түрлі мәселені ескеруді қажет етеді. Біріншіден, кітаби ақындар поэзиясының жинақталуы мен зерттелуінің қолға алынғанына көп уақыт өте қойған жоқ. Отандық ғылыми айналымдағы кітаби ақындар поэзия үлгілері айтарлықтай көп емес.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы шығармалардың көптегені Аллаға сыйындан тұратын таза мінәжат қисса-дастандары болып келеді. Шығармалардың тақырыптарының түрленуі, нақты өмірлік мәселелердің көбейе түсуі ол қоғам өмірінің айнасы сияқты ақындар шығармаларынан да көрініс тауып, көп қабатты құрылымға көп тақырыпты мазмұнды болып келеді. Осыған орай аталған ғасырда мінәжатты Жаратқанға жалбарыну сөзінен гөрі ақынның жан зары, сыры деп қабылдау қажет. Себебі ақындар өз тарапынан «мінәжат» деп аталған өлеңдерінде сол заманының қиындығын, халқының жәй-күйін, қоғамның әділетсіздігін айта отырып, Жаратушысымен сырласады, соның алдында ағылып шер тарқатып, арманынан арылады.

Көрнекті татар зерттеушісі, ғалым А.Шарипов мінәжат жанры туралы мынандай құнды пікір айтқан: «Жоғары рангалы жанрлар – бұл поэтикалық публицистика, яғни шығарма ең жоғары идеалға және жоғары мақсатқа бағытталған. Бұл жанрларға: таухид, қасыда (әсіресе Мұхаммед пайғамбарға арналған қасыда-нағт), мінәжат (ақын Құдаймен сырласып, Жаратқаннан қайырым сұрайды), махфия және мәрсия» – деп мінәжат жанры жоғары рангалы жанрға жатқызып, оны Алламен сырласу, сұхбаттасу екенін ерекше атап өтеді.

Қазақ әдебиетіндегі мінәжат жанрының дамуы – алғашқы ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алып, бүгінгі жаңа ғасыр талабының жырларымен жалғасып үндесіп жатыр. Бүгінгі заман талабынан қоғамдық өзгерістерге, әлеуметтік көзқарастарға сай аталған жанрға деген сұраныс күннен күнге артып, мінәжаттың дербес жанр ретінде ерекшелене көрінген кезеңдері де, нақты өмірлік тақырыптардың көбірек жырланып, мінәжат жанрының байсал тартқан тұстары да болды. Дегенмен адамның жан дүниесіндегі сезімдерімен ұштасып жататын аса нәзік те сыршыл мінәжат жырлары ешқашан да әдебиет әлемінен тыс қалған емес. Қандай қиын кезеңдерде болмасын мінәжат мәнді өлеңдері өміршең қалпын сақтап, тұтастай буын өкілдерін өнегесіне ұйыта білді. Қазақ әдебиетінің алтын қорын байытқан рухани қазынамыздың бірі – мінәжат жырлары ешқашан ескірмейтін, жоғалмайтын, әдебиет барда бірге жасайтын мәңгілік тақырыптардың бірі екені біздің жоғарыдағы келтірген мысалдарымыз дәлел бола алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, біз мақаламызда кітаби ақындар шығармашылығы Ислам дінімен, соның ішінде араб әдебиетімен тығыз байланыста десек қателеспейміз. Себебі кезінде түрлі діни мектеп-медреселерде оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген, сол арқылы араб поэзиясынан еркін сусындаған, Ислам тарихы мен араб әдебиетін терең білетін қазақтың ғұлама шайырлары Ақыт Үлімжіұлы мен Ғұмар Қараш қазақ көркем сөз өнерін мазмұн мен норма жағынан байыта түсуге өзіндік үлестерін қосты. Олар шығыс классикалық поэзиясына тән нәзира дәстүрін жан-жақты меңгеріп, қазақ оқырманының заман талап-тілектеріне сәйкес келетін тың шығармалар жазды. Мұның өзі, қазақ әдебиетін мазмұн, тақырып, идея жағынан көріктеу құралдарымен байытуға үлкен септігін тигізді.

Қазақтың діни дастандарының негізгі идеясы мұсылман аңыздары мен мифтері, Құран қағидалары, Пайғамбар суннасы мен хадистер, мұсылман қайраткерлері мен ислам батырлары туралы аңыздар құрайды.

Діни қисса-дастандардың тақырыптық ауқымы өте кең: мұсылман батырлары туралы шығармалар, қасиетті соғыс, Пайғамбардың қызметі т.б. Олардың барлығы да белгілі бір мақсатқа құрылып жазылған яғни, Ислам дінін дәріптеуге және уағыздауға арналған.

Кітаби ақындар өз еңбектері арқылы қазақ әдебиетіндегі сан ғасырлар бойында жасап келе жатқан, ең бір жасампаз, дәстүрлі, қазақ оқырманының көркемдік қабылдауына етене жақын, қазақтың қара өлеңіндей құлаққа үйреншікті, сіңісті жанрлық түр – дастандық жырларымыздың өресін жаңа биікке көтерді. Тақырыптық ауқымын кеңейтті, танымдық-тағылымдық мәні терең діни-философиялық, сюжеттік дастандар жазды. Тарихи тұлғалар тағдырын немесе пайғамбарлар өмірін тарата айтылатын, сюжеттік оқиғалары тартымды болып келетін, оқырмандарын жалықтырмайтын, поэтикалық қуаты өте әсерлі, көркемдік бояуы қанық, суреткерлік шеберлік тұрғысынан төрт аяғынан тең тұрған дастандық жырлардың осынау үлкен шоғыры бүгінгі қазақ әдебиетіміздің де баға жетпес байлығы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ханна аль-Фахури. История арабской литературы. I-II том. –Москва: 1959. –367, 482бб.
2. Дербісәлиев Ә. Ислам және заман. –А. 2003. –560б.
3. Күмісбаев Ә. Абай және Шығыс. – А.: ҚазМУ, 1995. –344 б.
4. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. –А.: Ғылым. 1973. – 170 б.
5. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. –А.: ҚМКӘБ, 1958. –308 б.
6. Қаратаев М. Изденіс іздері. –А.: Жазушы, 1984. –376 б.
7. Қаратаев М. Шеберлік шыңына. –А.: ҚМКӘБ, 1963. –417 б.
8. Дүйсенбаев Ы. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Т-1. –А.: ҚМКӘБ, 1960. –364 б.
9. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. –А.: ҚМКӘБ, 1958. –308 б.
10. Әбдіманов Ә. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. –А.: Қазақ университеті, 2002. –430 б.
11. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары (Көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу. –А.: Ана тілі, 1998. –256 б.
12. Қалижанов У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. 3 том. –А.: Құс жолы. 2008. – 288 б.
13. Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының толық жинағы. I, II том. Ғылыми қосымшаларын даярлаған, құрастырушы және жауапты редактор Омарова Г.С. –Конья.: 2011. –652б.

KIRIM TATAR DESTANLARINDAKİ ŞAHISLARIN TARİH İÇİNDEKİ YERİ

Prof. Dr. ZUHAL YÜKSEL*
PhD докторант Б.Т.ПАНЗАБЕК**

* Gazi Üniversitesi, Ankara, zyuksel50@gmail.com

** Қазақ мемлекеттік қызар педагогикалық университеті, bagyla05@mail.ru

Özet

Toplumlar yaşadıkları şartların gerektirdiği arzu ve ideallerini yarattıkları destanların kahramanlarında sembolleştirirler. Kırım Türkleri bölgelerinde yaşanan gerçek hadiseleri ve bu hadiselerin kahramanlarını destanlaştırmışlardır. Bu destanlar tarihte yaşanan olaylarla karşılaştırıldığında, destanlarda tarihî olayların izleri görülüyorsa da, bu olaylar aynen yansıtılmamakta, her destan kahramanının özellikleri ve yaptıkları işler, tarihteki isimdaşı ile bire-bir örtüşmemektedir. Ancak halk muhayyilesi, bazı tarihî kahramanları olumlu iken olumsuz gibi; bazılarını da olumsuz iken olumlu gibi gösterebilmektedir. Bu durum dikkate alınarak yapılan bu çalışmada, Çorabatır ve Edige destanlarının Kırım varyantlarındaki ana şahsiyetleri ve yaşanan olayları tarihteki durumlarıyla mukayese edilecek, nesiller boyunca halkın millî şuurunda bu olay ve şahsiyetlerin biçimleniş şekilleri ortaya konulacaktır.

Anahtar Kelimeler: Kırım Destanları, tarihî olaylar, tarihî kahramanlar

PLACES IN CRIMINAL TATAR DEPARTMENTS IN DATE

Abstract

Societies symbolize the desires and ideals required by the conditions in which they live, in the heroes of the epics they create. The Crimean Turks have epicized the true tradition and the heroes of these hobbyists. When these epics are compared with events in history, although episodes of historical events are seen in epics, these episodes are not reflected exactly, and the features of each epic hero and works done by them do not overlap one another with their historical ones. However, popular imagination, like some historical heroes are positive while they are negative; while others can be positive in the negative. In this study, the main personalities and events of the Crimean variants of the Çorabatır and Edige epics will be compared with the historical events and the formation of these events and personalities in the national consciousness of the population for generations.

Keywords: Crimean epics, historical events, historical heroes

Halkın muhayyilesinde kuvvetli intibalar bırakan her şahsiyetin hakikî hayatının yanında menkıbevi bir hayatı da teşekkül eder. Bu menkıbeler asırlar boyunca nesilden nesle geçerken değişikliğe uğrar. Yazılı olmadığı için de her nesil kendi hayal gücüyle genişleterek hakikî hadise veya şahsiyeti çok farklı bir şekilde hafızalara yerleştirir, bazen o şahsiyetin kimliğini tespit etmek imkânsız

hâle gelir. Ayrıca, millî destanlar tarihî vakaları tasvirde ziyade milletin yüksek millî duygularını dile getiren, tamamıyla yahut az çok tarihe dayanan bir ideal âlemi gösteren halk edebiyatı eserleridir.

Destan kahramanları toplumun arzu ve emellerini sembolleştiren millî varlıklardır. Kırım Destanlarının çoğu gerçek tarihî hadiselerle ve gerçek tarihî şahsiyetlere dayanmaktadır. Bunu dikkate alarak, bu çalışmada, Kırım destanlarındaki kahramanlardan hareketle destan kahramanı-tarihî şahsiyet bağlantısını tespit etmeyi düşündüm. Tarihî kahramanlarla ilgi kurulabilecek Kırım destanı sayısı fazla olduğundan, tebliğ sınırlarını aşmamak için, bu destanlardan Çorabatır ve Edige'nin Kırım varyantlarındaki ana şahsiyetleri ve yaşanan olayları tarihteki durumlarıyla mukayese ederek, nesiller boyunca halkın millî şuurunda bu olay ve şahsiyetlerin biçimleniş şekillerini ortaya koymaya çalıştım.

Kırım'da Han'ın danışmanını öldürdükten sonra Kazan'a gidip uzun zaman Kazan'ın Ruslar tarafından işgal edilmesine engel olan Çorabatır isimli bir yiğidin kahramanlıklarının anlatıldığı Çorabatır destanındaki tarihî kahramanlar ve tarih içindeki yerleri şu şekildedir:

CANIBEK: Çorabatır destanının Büyük Hocalar varyantında Canıbek, Halk Ağız Yaratıcılığı isimli eserde yer alan varyantta Karahan, diğer varyantlarda ise han olarak geçmektedir. Tarihte ise, bir görüşe göre, Altın-Orda hanı Seyid Ahmet'in yeğeni olan Canıbek, Kırım hanedanından değildir. Canıbek 1476 yılında han olan Mengli Geray döneminde, Kırım'ı Kefe'ye kadar işgal eden Seyid Ahmet Han'ın yanında sefere katılır ve daha sonra da Kırım'da kısa bir süre hanlık yapar. (Ürekli 1989:18-19)

Başka bir görüşe göre ise, 1476 yılında Kırım'a hücum eden Ahmet Han, himayesindeki Canıbek'i Kırım Hanlığına getirir. K.V. Bazileviç, Kırım'da Canıbek'e Rus elçilik kurulunu gönderdiğinden söz ettiğine göre, Canıbek'in 1476-1478'de Kırım'ı idare ettiği düşünülebilir. (Yakubovski 1976:313)

Üçüncü bir görüş ise, Canıbek'in Mengli Geray'ın kardeşi olduğu ve Kırım Hanlığı için mücadele ettiği için de Kırım'dan kaçıp Moskova'ya sığındığı şeklindedir. (Sroekovsky 1979:55)

Ancak, Gülbün-i Hanan'da Mengli Geray dönemi anlatılırken Canıbek'ten hiç bahsedilmemektedir. (Çögenli, Toparlı 1990:108)

Milletin hafızasında ise, vatanını işgal edip çok kan döken Seyid Ahmet Han'la birlikte hareket eden ve Kırım Hanlığı tahtını işgal eden Canıbek, Çorabatır'ın babası Näärik tarafından, karısına musallat olduğu için öldürülen Kırım hanı olarak yerleşecektir.

Kırım tarihinde yer alan Canbek Han ise (1009-1046) arasında hanlık yapmıştır. Canbek Geray, hanlıktan azlolunup Rodos'a sürülmüş, orada bir müddet yaşadktan sonra vefat etmiştir. Destanda geçen Canbek Han ile ne tarih ne de yaşanan olaylar bakımından ilgisi yoktur.

ALİ BEY: Tarihte, Kırım hanı Saadet Giray'ın mir-ahurudur. (İnan I 1968:239) Kırım sarayında mirahur, doğancıbaşı, saray ağası bilinen önemli rütbelerdendi. Mengli Geray'ın ve Muhammed Geray'ın hanlıkları sırasında uzun süre mirahurluk görevini Kıpçak kabilesine mensup asillerden Elyüke yapmıştır. Elyüke'nin 1521'de Kazan'a, oradan da elçi olarak Moskova'ya gitmesinden sonra Kırım'da 1523 yılında Ali-Bey Saadet Geray Han döneminin mirahuru olmuştur. Mirahurun görev çizelgesini, tam olarak tespit etmek bugün için imkânsızdır. Ancak, 1523 yılında Saadet Geray'ın "nişancılar" dair buyruğunun, mirahur Ali Bey'in raporuna dayanılarak yazılmış olması, bu makamın önemini göstermektedir. (Sroekovsky 1979:68-69)

Destanda geçen Ali Bey ise, hanın danışmanıdır ve Çorabatır'ın annesine, babasına, kız kardeşine zulmettiği için Çorabatır tarafından öldürülmüştür.

ÇIGALI (Şeyh Ali): Kırım hanı Mehmet Geray, Kazan hanı Abdüllatif'in vefatı üzerine Moskova knezi Vasili'ye, kardeşi Sahip Geray'ın Kazan hanı olmasını teklif etti. Zor durumda kalan Vasili bu durumu kabul etmiş gibi göründüyse de, sonra bir hile ile Moskova'ya ilhak ederek Rus terbiyesiyle yetişen, Şeyh Ali'yi Kazan hanlığına getirdi. Mehmet Geray'a da bol hediyeler gönderdi. İstanbul'a da bol bol hediyeler göndererek Mehmet Geray'ın baskısından şikâyetinde bulundu. (Çögenli, Toparlı 1990:29-30) Daha sonra halkın Şeyh Ali'nin aşırı Rus taraftarı olmasından rahatsız olmasını fırsat bilen Mehmet Giray, kardeşi Sahip Giray'ı orduyla Kazana gönderir. Sahip Giray 928 (1 Aralık 1521-19 Kasım 1522)de Kazan tahtına oturur, Rus sefiri ile şeyh Ali'yi hapsedirir. Bir müddet sonra Şeyh Ali serbest bırakılır. O da Moskova knezinin yanına gider. (Çögenli, Toparlı 1990:38)

Çıgali "Şeyh Ali", Çorabatır destanının Büyük Hocalar varyantında Kazan hanı Sarı Han'ın kızı Çıgali hanım, Karasubazar varyantında Çıgali Han, Kırım Tatar Halk Ağız Yaratıcılığı isimli eserlerdeki varyantta ise, hanın kızı Sarı Hanım şeklinde geçer. Her üç varyantta da Kazan'ın işgali sırasında Kazan'a hükmeden şahıstır ve Çorabatır'la birlikte çalışır.

ÇORABATIR: Çora Narikov, tarihi vesikalara ve Rus vekayinamelerindeki bilgiye göre destanda geçen Narik oğlu Çora gibi temiz bir vatanperver değildir. Tarihte İvan huzuruna elçi olarak giden Kazan'a Rus ordusunu davet eden Buyurgan Seyit, Kadış, Kul Şerif Molla ve diğerleri ile bazan beraber çalışan, vatanperver Safa Girey tarafından idam edilen bir şahıstır. Zaten destanın Karasubazar ve Büyük Hocalar varyantlarında isminin meşhur Şah Ali (Çıgali) Han ismi ile bağlı olması da, Çora'nın parlak simasında bir leke teşkil etmektedir. (İnan I 1968:77) Adı geçen varyantlarda, Çıgali ve Çorabatır şu şekilde yer almaktadır:

Çoranıñ oғu o kätıştän kätti, kätip kätip qazanda Çıғalı qanıñ sarayına kälip soqtu. Qazanda otuz säkiz batır bar-ädi. Bu batırlarıñ biri Qaraman batır. Bu oqnu körüp Çıғalı qanı çağırıtı, sarayına soqqan oqnu oға köstärdi. Qazanda turğan batırlarıñ minday ätkän oq yoq, dädi.

O zamanda Çıғalı qan ayttı:

-Minday oq qazanda yoq, älbättä bu oqnuñ sabısı bir batır-äkän, o bizgä kälir Qazanğa. (Yüksel 2005:135)

Baş üş on yıl Qazanğa Çıғalı Qanıñ baş batırı bolup Çora batır olturdu äş Qazanğa bir Mäsküü baqmadı. (Yüksel 2005:54)

Destan'da ise, Kırım mütegalibesi Ahtacı Ali Beyi ve "saklav"larını imha ederek Kazan'ı kurtarmaya giden, binlerce Rus askerini kovup Kazan'da beylik eden ve nihayet mahallî entrika ve çekememezliklerden dolayı Kazan'ın sukutunu müteakip Karasu çayına kendini atıp intihar eden Çora'yı millet yaratmıştır. (İnan 1968:77)

QANIKEY VE HANIKEY: Toktamış'ın kızlarının ismidir. Çorabatır destanının Halk Ağız Yaratıcılığı isimli eserde yer alan varyantında Hanıkey, Karasubazar varyantında ise, Kanıkey Çorabatır'ın kız kardeşidir.

Altın-Orda devletinde Emir Edigü ile Toktamış Hanın mücadelelerinin anlatıldığı Edige destanındaki tarih içinde de yaşamış şahsiyetler ve özellikleri şu şekildedir:

TOKTAMIŞ: 1379-1397 yılları arasında hanlık yapan Toktamış, 1381 yılında Sağ-Kol beyi Kıyat Mamay'ı da Kalka muharebesinde perişan edip öldürdükten sonra bütün Cuci Ulusu'nun hakimi olmuştur. Toktamış Han, 1391'de Kunduzça'da, 1395'de de Terek muharebesinde Timur'a mağlup olduktan sonra

tahtını kaybetmiştir. Yerine Edigü Bey'in yardımıyla Timur Kutluk han olmuştur. (Kafalı 1976:31) Toktamış Han, 1405 yılına kadar Deşt-i Kıpçak'ın ücra köşelerinde saklanarak ve yer değiştirerek yaşar. Bu kaçak hayatı sırasında Emir Edigü onu yakalayabilmek için çok uğraşır. Toktamış, 1405 yılının kış mevsiminde Garbî Sibiryada Tümen civarında kendisini takip eden Emir Edigü'nün adamları tarafından katledilir. Bir başka görüşe göre ise, Edigü ve adamları tarafından takip edilirken Karaton ırmağı boyunda atıyla uçuruma yuvarlanarak ölür.(Kafalı 1976:113-114)

Altın-Orda hanlığını ikinci defa diriltten Toktamış Han, gayretli ve mücadeleci yapısına rağmen Edige destanının varyantlarında zayıf karakterli, tahti için belli yaştaki bütün çocukları öldürecek kadar zalim bir hükümdardır. Destanda Edige'nin oğlu Nuraddin tarafından öldürülür. *“sol qoluman Toqtamışniñ saqalından tuttı, Toqtamış qorqudan qatıp qaldı, müçeleri kirtleşkenday boldı. Soñ qaba sesmen bek qattı qıçırdı. Şay degeçi, Nuraddin qılıç bilen onıñ başını çapıp aldı. Soñ Toqtamışniñ başını torbasına saldı, ketirip babasınıñ aldına taşladı.”*(Yüksel 2005: 195)

CANİBEK: Edige destanının Nogay varyantında Toktamış'ın yerine Canıbek han geçmiştir.

1339-1357 yılları arasında hanlık yapan Canıbek Han, Özbek Han'ın oğludur. Altın-Orda devletinde ilk gerileme belirtileri Canıbek Han zamanında ortaya çıkmıştır. Canıbek Han, kardeşleri Tini-Bek ve Hızı-Bek'i mağlup edip öldürdükten sonra Cuci ulusuna hakim olmuştur. (Kafalı 1976:25) Canıbek medreseler, camiler yaptırmış, din adamlarının yetiştirilmesine çalışmış; Altın-Orda devletinde islâmiyeti yayma yolunda enerjik bir faaliyet göstermiştir. (Yakubov 1976:158-166) Canıbek Han, oğlu Berdi-Bek Han tarafından, atalığı Kanglı Talubay yardımıyla zehirlenerek öldürülmüştür.(Kafalı 1976:38)

TEMİRHAN: Destanda Toktamış Hanın avcı kuşunu Kutlukaya beyi kandırarak alan Temirhan, daha sonra kızı Berdibike'yi Kabartin'in elinden kurtaran Edige'ye verir. Daha sonra Berdibike ve Edige'nin çocuğu olan Nuredin'in ısrarı ile Toktamış ile savaşıyor ve onu yener.

Tarihte Aksak Timur diye bilinen Emir Timur, Çağatay Devletinin karışık bir döneminde ortaya çıkmış ve 1370 tarihinden itibaren zaman zaman bazı hanların adı zikredilse bile, devletin mutlak hakimi olmuştur. Destanda olduğu gibi, gerçek hayatta da Toktamış ile savaşan Temir, Edige'nin yardımıyla onu yenecektir.(Kafalı 2005, 119)

EDİGE: Mangıt Kabilesi beylerinden olan Edigü Bey, büyük bir irade kuvvetine, enerjiye, şahsî kabiliyete sahip; ancak yaşadığı devrin siyasî şartlarını anlayamayarak, tarihin objektif gidişine bakmaksızın Altın-Orda'daki hakimiyetini siyasî entrika ve oyunlarla sağlamlaştırmaya çalışan kurnaz ve hilekâr biridir. Cuci ulusunda 25 sene boyunca söz sahibi olan Edigü bey, Toktamış'ın Terek muharebesinde bozguna uğramasından sonra istediklerini Altın-Orda devletinin hanı yapacak kadar kudret sahibi olmuştur.¹⁴ Sonunda, Toktamış'ın oğlu Kadir Berdi Han'ın beyleri, Şirin Tekne, Kongirat Haydar ve Barin Saray beyler, yaralı vaziyette kaçmakta olan Edigü'yü yakalayıp öldürtmüşlerdir. (Kafalı 1976:43)

Destan'da ise Toktamış'ın sürgün ettiği Kutlukaya ile bir periden doğan Edige, sıradan bir insan değildir:

*“Edige biyniñ ulı-edi,
Biy de tañrıniñ qulı-edi.
Anası cinniñ qızı-edi,
Dedesı tüklü-saçlı aziz-edi.”* (Yüksel 2005:167)

Destandaki Edige, Altın-Orda içinde soyağacı sayılan asillerdendir:

*“Sen maña qulum demeçi
Meni alçaltıp külmeçi.
Men sağa soy quvayım
Sen onı bir diñleçi:
Saçlı-tüklü Qocamet
Ondan tuvğan Eramet
Ondan tuvğan Kōramet
Ondan tuvğan Qutluqaya
Ondan tuvğan Edige
Edigeden tuvğan Nuraddin*

¹⁴ Tokay Timur neslinden Melik Timur oğlu Timur-Kutluk Han (1397-1400)ı Altın-Orda tahtına çıkarmıştır. Timur-Kutluğ'un 1397 yılına ait yarlığından Edigü beyin Sağ ve Sol-Kol beylerinin başkanı olduğunu anlamaktayız. (Yakubovski,273) Bundan sonra Edige sırasıyla Timur Kutluk Han'ın yeğeni Kutluk Bek oğlu Şadi bek Han (1400-1407), Timur Kutluk oğlu Polat Han¹⁴ (1407-1410) ve Timur Kutluk Han oğlu Timur Han (1410-1412) tahta çıkarmıştır. Bundan sonra Toktamış'ın oğullarıyla mücadele devresinde (1412-1419) arasında çok kısa bir müddet ile Çekre, Seyid Ahmet ve Derviş adında üç prensi daha Altın-Orda tahtına çıkarır. (Kafalı,42)

Sıra oğa kelgende

Baq - alla bergen Muradın! – “ (Yüksel 2005: 195)

Destan’da mağdur olan, iyi ve ahlaklı bir yapı içinde görülen İdüğü, tarihin tam tersine devamlı Toktamış’ın zulmünden kaçmak zorunda kalmış görünmektedir. Destanda Edige’nin ölümü gerçek hayattaki gibi, Toktamış’ın oğlu Kadir-Berdi’nin isteği üzerine Barın ve Şirin mirzalar tarafından gerçekleştirilir.

“Şay dep, at çaptırıp, qılıç oynatıp qamışlıq içinden çıqtı, mirzalar oña ücüm ettiler. Barın mirza Edigeniñ başını qılıçnen kesti. Başı tıǵırıp tüşti yerge, qatalap ketti.

Amma Edigeniñ başı:

Barın, saǵa men nettim?

Sizçün devlet, yurt küttüm.

Biriñ eki bolmasın!

Yurtıñ, qarañ qalmasın!

Hanlar hanın men yıqtım,

Han bolıp sen de qalmazsıñ!

Süt yerine qan töktiñ,

Qanımnı tögip ne ettiñ!

Qazan, Qırım, Ajdarhan

Soyumnu sorap qalǵanda,

Ne bolǵanın anda körersiñ! -dep qarǵadı.

Barın mirza aldı Edigeniñ başını - Qadırberdi sultandan onıñ qan qarışqısını alacaq.

Şirin mirza oña:

-Ber, Edigeniñ başın men tutayım, sen üstüñni qandan arındır! -dedi.

Barın mirza berdi Edigeniñ başın Şirin mirzaǵa. Şirin mirza Edigeniñ başın qoluna alǵaninen tuttu qaçtı. Ketirip Edigeniñ başını Qadırberdi sultanniñ aldına saldı. Qan qarışqısı Şirinǵa boldı. Şirin mirza ükümdar boldı. Barın mirza-edi - mirza olup da qaldı. Tap soñu, Barın mirza ayttı:

Öldi, bitti Edige –

Merafeti bitmedi.

Qarışqısı Şirinniñ

Barınǵa qismet etmedi.

İdil yurtı devrildi,

Yav üstüne yav keldi.

Edige aytqan kün keldi,

Çingizniñ qoyǵan handaǵı

Han daǵına aylandı,

Altın Ordu tarqadı,

Han sarayı qalmadı.

Qırım, Qazan, Ajdarhan

Ayrı-ayrı il boldı. “ (Yüksel 2005:212)

NURADDIN/NUREDİN: Tarihte olduğu gibi destanda da Edige’nin oğludur. (Kafalı 1976:41) Nureddin destanda Toktamış’ı öldürür.

HANIKE ve CANIKE: Gerçek hayatta olduğu gibi destan da da Toktamış’ın kızlarıdır.

QADIRBERDİ SULTAN: Destanda Toktamış’ın oğlu olan Kadirberdi, Edige’nin oğlu Nuredin’i esir alır, ancak yiğitliği karşısında, yaralı olarak serbest bırakır. Buna rağmen, Edige tarafından ağır yaralanan Kadirberdi, ölmek üzere iken Edige’nin başını getirene hanlık hakkını vereceğini söyler. Şirin Mirza ve Barın Mirza Edige’yi saklandığı kamışlıkta bulup öldürürler, başını Kadirberdi’ye götürürler.

Tarihte ise; Toktamış’ın oğullarından Kadir Berdi Han, 1419 yılında Edigü Bey ile harbederek, ailesinin en büyük düşmanını yok etmiş; fakat kendisi de muharebe meydanında kalmıştı. Kadir-Berdi Han’ın beyleri Şirin Tekne, Kongirat Haydar ve Barın Saray beyler, yaralı vaziyette kaçmakta olan Edige’yi yakalayıp öldürmüşlerdir. (Kafalı 1976:43)

ŞİRİN MIRZA: Şirin kabilesi ve beyleri Toktamış Han’a Barın, Argun ve Kıpçak kabileleri ile birlikte atalarından miras kalmıştır. Şirin kabilesi ve beyleri Toktamış hana gelinceye kadar Cuci ulusunda mühim bir unsur olmadıkları halde, Toktamış’ın Altın-Orda hanı olmasıyla birlikte Cuci ulusunun en gözde mevkilerini işgal etmişlerdir. Dolayısıyla Edigü Bey ve Mangıt Nogay kabilesi ile siyasetleri zıt ve düşmanca devam etmiştir. Buna mukabil Barın, Argun, Kıpçak ve Kongirat kabileleri ile daima aynı safta bulunmuşlardır. (Kafalı 1976:43)

BARIN MIRZA: Cuci ulusunun bünyesindeki Моғол кәбилелерінен бірі де Баринлерді. Барин кәбилесі Токтамыш'а бағлы кәбилелерденді. Барин Яғлы Бай, Токтамыш Хан'ın гөзде бейлерінен олуп, Тимур іле япылан Тerek савашында кәтледілмішти. Барин бейлерінен Сарай Бей, Токтамыш Хан'ın садык адамларынан ве Celalettin Хан'ın да аталғы іді. Онын өлүмүнен сонра Токтамыш евләдіна хызмете devam etmiş ve 1419 жылында Кадир-Берди Хан'ın Edigü Bey іле яптығы савашта bulunarak Edigü Beyin кәтледілуіне амил олмуштир. Барин кәбилесі, даима Ширин Кәбилесі іле birlikte ve Sağ-Kolda bulunmuşlardır. (Kafalı 1976:43)

SONUÇ:

Destanların varyantlarında kahramanlar bazen aynı isimle, bazen de farklı isimlerle geçmektedir. Tarihi olaylar bakımından değerlendirildiğinde ise, destanlarda tarihi olayların izlerinin görüldüğü; ancak olayların aynen yansıtılmadığı ve her destan kahramanının, tarihteki isimdaşı ile bire-bir örtüşmediği görülmektedir. Halk muhayyilesi, bazı kahramanları, tamamen değiştirerek olumsuz bir karakterde iken, olumlu bir karaktere dahi çevirerek destanlaştırmıştır. Tarihi kişilik ile destanî kişiliğin bire-bir örtüştüğü kahramanlar, incelediğimiz iki örnekte; Hanike, Canike, Kadir Berdi ve Nuredin gibi birinci derecedeki kahramanların çocukları olan ve destanda geri planda kalan kahramanlardır.

KAYNAKLAR:

1. A.Y.Yakubovskiy, Altın Ordu ve Çöküşü (Çev.Hasan Eren), Kültür Bakanlığı Yayını, Ankara, 1976.
2. Abdulkadir İnan, Makaleler ve İncelemeler I, Türk Tarih Kurumu Yayını, Ankara, 1968.
3. Halim Geray Sultan, Gülbün-i Hanan (Haz. Doç.Dr.M.Sadi Çögenli, Doç.Dr.Recep Toparlı), Erzurum 1990.
4. Mustafa Kafalı, Altın Orda Hanlığının Kuruluş ve Yükseliş Devirleri, İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yayını, İstanbul 1976.
5. Mustafa Kafalı, Çağatay Hanlığı, Ankara 2005.
6. Muzaffer Ürekli, Kırım Hanlığının Kuruluşu ve Osmanlı Himayesinde Yükselişi, Türk Kültürü Araştırma Enstitüsü Yayını, Ankara 1989.
7. V.E.Sroekovsky, Muhammed Geray Han ve Vasalları (Çev. Kemal Ortaylı), İstanbul 1979.
8. Zühal Yüksel, Kırım Türk Destanları, Ankara 2005.

МАҒЖАН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

ф.ғ.к., доцент **К.С.ӘБДІҚАЛЫҚ***
ф.ғ.к., доцент **Н.М.РАХМАНОВА****
ф.ғ.к., доцент **Ғ.А.ОРЫНХАНОВА*****

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kun_jan.16@mail.ru

** Алматы университеті, rahman55@mail.ru

Түйіндеме

Бұл мақалада Мағжан Жұмабаевтың ел мәселесін көтерген өлеңдеріндегі ұлттық идея кеңінен сөз етіледі. Алдымен Мағжанның көзі тірісінде жарық көрген «Шолпан» (1912) жинағындағы өлеңдерінен сол уақыттың шындығы, қазақтың ауыр халі, патша отаршылдығының озбырлығы қалай сипатталғаны зерделенеді. Сондай-ақ екі жинағындағы (1922, 1923) ұлт мүддесі жырланған шығармаларынан XX ғасыр басындағы алаш зиялыларының басты мақсатына Мағжанның айрықша қолдау көрсетіп отырғандығы, Қазан төңкерісінен кейінгі қоғамда болып жатқан өзгерістерге көңілі толмағайтындығы ашып көрсетіледі. Қазақтың өз алдына жеке ел болу идеясын қолдап, азаттықты аңсаған ақынның негізгі ұстанымы талдауға алынады. Мағжан Жұмабаевтың отаршылдықтың бұғауындағы ұлтының тағдырымен қоса, түркі жұртының да бірлігін көп ойлайтын азаматтық адал қасиеті де насихатталады.

Тірек сөздер: ұлттық сана, өршіл рух, бірлік, азаттық, бауырмалдық.

Abstract

Magzhan Zhumabayev is a wonderful Kazakh writer, poet, publicist, one of the founders of the new Kazakh literature. His poems, poems, stories are characterized by acute tragedy, expressing a sense of responsibility to the people and the resulting appeal to the origins and turning points of history. In the poems of the poet, boldly turning to history, there are motives of the national liberation struggle. For him, the true hero is the one who "remembers his nation." The literary heritage of Magzhan Zhumabayev stood the test of time, it organically entered the history of the Kazakh poetic culture, making along with the work of other classics its integral part.

Key words: national consciousness, spirit, unity, freedom.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың басында ұлт санасын оятуға күш салған қазақ оқыған азаматтарының ішінде Мағжан Жұмабаев та болды. Бұл жөнінде алғаш сөз еткен Ж.Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» деп аталатын мақаласында «1905 жылғы өзгерістен былай қазақтың қамын ойлаймын деген азаматтар ұлт мұңын сөйлеп, ұлт мәселесін қолға ала бастады.

Ол өзгерістің арты Государственный Думаға уәкіл жіберуді шығарды. Қазақ азаматтарының бас қосуына, мұңын сөйлеуіне аз да болса еркіндік берілді. Қазақ баласын оқуға беруі көбейді. Қазақтың баспасөзі газет-журналдары шыға бастады. Қазақтың “жақсы” боламын деген жасы ұлтшылдық сезіміне жабысуға айналды. Міне, сол жастың біріне Мағжан да қосылды» деген болатын. Расымен де еліне тек азаттық өмір тілеген Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің ең басты тақырыбы да ұлт тағдыры, оның бостандығы еді. Ақын нені жырласа да, нені айтса да бірінші кезекке ел мүддесін қояды. Тіпті, лирикаларында ақынның ішкі сезімі табиғат құбылыстарымен астасып жатуының да сыры осында.

«Оян, қазақ!» (1909) пен «Маса» (1911) жинағынан кейін іле-шала шыққан Мағжанның «Шолпаны» (1912) да ел санасын оятуда үлкен маңызға ие болды. Ақынның осы алғашқы жинағында отаршылдық езгіге наразылық, сондай-ақ халықты қараңғылықтан құтқарудың жолын іздеп, оқу-білімге шақырған біршама өлеңдері жарияланды. Солардың қатарындағы «Жатыр», «Сорлы қазақ», «Туған жерім – Сасықкөл», «Қазағым», «Осы күнгі күй» сияқты өлеңдерінде ел тағдыры басым жырланған. Осы жинақтан бұрын «Айқап» журналының 1911 жылғы 2-санында жарияланып үлгірген ақынның «Жатыр» өлеңінде отаршылдықтың озбырлығына жаншылған елінің жай-күйі толық ашылып көрсетілсе, ал «Сорлы қазақ» өлеңінде ақын:

Сорлы қазақ жан алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай, біткен ісі кер кетіп,
Нәр тата алмай, күнсіз, әлсіз бүгіліп,—

деп өзге елге бодан болған халқының жай-күйін осылайша сипаттай келе, «Пып-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр» деп жұртының жайбарақаттығына алаңдайды. Ең бастысы мұнда сорлықтан арылу үшін елінің оқу-білімге ұмтылу керектігі баса айтылады.

“Туған жерім – Сасықкөл” өлеңіне келсек, бұл туындысы туралы алғаш пікір білдірген Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ұлтшылдық, түрікшілдік өлеңдері “Ғалияда” шәкірт болып жүрген кезінен басталады.

Сол күнде-ақ “Туған жерім – Сасықкөл” деген өлеңінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы жаза бастайды.

Айдын көл ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп, сұрағанға от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.
Білмеймін не боларын қайран көлім!
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қарашекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің, –

деп туған жерінің зарын зарлайды» дегенінде Мағжанның бар қайғысы ел мұңы екені айқын көрсетіліп отыр. Расымен де осы ата қонысына «итиіп қарашекпен келіп қонса...» жұртының күні не болмақ? Өлең астарынан ақынның сол уақыттағы аграрлық реформалар, нақтырақ айтқанда 1911 жылы 29 мамырда қабылданған «Жерге орналастыру туралы» заңнан хабардар етіп отырғаны да байқалады. Жалпы, қарашекпенділердің шұбырып қазақ жеріне қоныс аударуы жалғыз Мағжанның ғана емес, сол тұстағы барлық қазақ ақындарының жанына батқаны белгілі.

«Қазағым» өлеңінде де ақын алдымен қазақтың бар байлығы – жері кеткенін еске салады.

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,
Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын.

Отаршылдықтың сұрқия саясатын түсіндіруге күш салған ақын «Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер» деп ұрандап қана қоймай,

Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,
Хохолдар алып қала салып жатыр.
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,
Жерінен аузын ашып қалып жатыр, –

деп патша үкіметінің аграрлық реформаларынан бейхабар көпшілікке өз жерінің қайда кетіп жатқанын айтып, ой тастайды. Сөйтіп, «Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық...» дей келе, өз жұртын қайдағы келімсектерге желінбей, ертеңгі күнді ойлауға шақырады.

Мағжанның «Осы күнгі күй» өлеңіне келсек, мұнда да қазақтың ауыр халі барынша сипатталған.

Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,
Сөз ұқпас мылқау, меңіреу, жүрген жалғыз.
Көрінбес көзге түртсе қараңғыда,
Япырм-ай, қалдық па екен тіпті таңсыз?!

Азаттықты аңсап, жұртының тағдырына алаңдаған ақын «Тақаулы тамағында өткір пышақ, Тек жатыр тұяқ серіппей сонда да аңсыз» дегенді де ескертеді.

Жер кетті, жаның кетті, қам жамедің,
Құл болдың қара табан енді малсыз, –

деп елінің қамсыздығына күйінген ақын бір сәт ащы шындықты жайып салса, бір сәт «Қазағым, арыстаным, қайратты ерім» деп жұртына рух береді. Тығырықтан шығатын жолды осындай азаматтар көрсетсе екен деген тілекпен қоса, «Сандалдың алдың – боран, артың – тұман» деп елінің мұңын жоқтайды.

Жалпы, Мағжанның патша үкіметінің тұсында-ақ қаймықпай жазған осы алғашқы өлеңдерінде отаршылдық саясат мейілінше сыналып, жұрт санасын оятуға батыл ұмтылыс жасалған.

Ақынның көзі тірісінде «Шолпаннан» басқа екі жинағы жарық көріп, яғни, оның 1912 жылдан кейінгі жазған өлеңдері Бернияз Күлеевтің шығаруымен 1922 жылы Қазан қаласында және 1923 жылы Ташкентте «Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері» деген атпен жарияланған жинақтарда басылып шығады. Мағжан Жұмабаевтың «Шолпан» жинағынан кейінгі ұлт мәселесін қозғап жазған туындыларынан да оның ел тағдырына бей-жай қарай алмайтын ұлтжанды азаматтық болмысы тереңнен таныла түседі. Осы уақыттардан бастап ақынның отаршылдық саясатқа наразылығының күшейе түскенін ең алғаш аңғарған Ж.Аймауытов «14-15-ші жылдардан бастап оның ұлтшылдық сезімі жетіле бастады. Ол бұрынғыдан гөрі қаттырақ, зарланады, күштірек налиды» деген болатын.

Мағжанның ұлттық идеяны сөз еткен өлеңдерінің бірсыпырасы 1922, 1923 жылдары жарық көрген жинақтарға енгізілген. Солардың ішінде ақынның «Тез барам», «Жер жүзіне», «Қазақ тілі», «...ға», «Мен жастарға сенемін», т.б. өлеңдері туралы бүгінгі жинақтың түсініктерінде «патшаның отарлау саясатына қарсы жазылған» [1,191 б.] деген пікір берілген. Расында да осы өлеңдерінде өз

жұртының отаршылдыққа мойымай, еңсесін тік көтеріп жүргенін көргісі келетін ақынның асқақ арманы жырланады. «Тез барам» өлеңінде ақын сол асыл арманына жетуге асығады да. Алдымен беті қайтпай өскен батыр ұрпақтың баласы екенін еске салып, қазақтың өрлігі мен табиғи болмысын танытып алады.

Асқан алып – ата затым сұрасаң,
Асқан дана – ана затым сұрасаң.
Шашып жалын жас жолбарыстай ұмтылса,
Қорқақ құлдар қалай қарсы тұрасың?!

деп дұшпанына сес көрсеткенде атаның алып күшімен, дана ананың сүтімен дарыған қазақ баласының тектілігін айтқысы келеді. Одан әрі намыс туын қолға алған ақын жұртының қан майданға да дайын болуын қалайды. Сөйтіп, «Жердің жүзі кім екенін танысын, Жас бөрідей біраз ойын салайын» деп бір сәт қазақтың кім екенін әлемге танытқысы келеді. Тіпті, ұлан-байтақ жеріне тек қазақтың ғана өзі билік жүргізуі керек деген ойын ашық айтқан ақын орыс отаршылдығынан теперіш көрген жұртына осылайша рухтандырып дем береді. Қазақ даласын, ата-мекенді қорғау кейінгі ұрпағының да міндеті екенін сезіндіреді.

Сонымен, отаршылдықтың езгісін көргісі келмеген ақын «алтын Алтай – қарт анасына» сиынып қана қоймай, алып атасындай ерлердің шығатынына нық сеніп, «Ақ шашынды, көкірегіңді иіскеуге, Тәңір жазса, сәулетпенен тез барам» деп уәде береді.

«Жер жүзіне» өлеңінде де «жер жүзіне ер атағым жайылған» деп үлкен мақтаныш сезіммен жырлаған ақын кейінгі жастардың бойына сол өр рухты сіңіргісі келеді. Қамал бұзып, арыстанға қарсы ұмтылған ер қазақтың ұрпағы қайдағы бір төбеттен қорықпайтынын ашық жария еткенде де жастардан қайтпас қайсарлықты күтіп, жауының табанында енді тапталмауды, еркіндікке жетуді аңсайды. Ал «Қазақ тілі» өлеңінде еркіндігі мен жерінен, өз билігінен айрылған жұртының келешегіне алаңдаған ақын:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, арман –
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз – баба тілі, сен қалдың!–

деп жырлап, ұлтының енді қалған өзіне ғана тиесілі ана тілін жоғалтпауын еске салады.

«Мен жастарға сенемін» өлеңінде ақын өзінің қандай жастарға сенім артатынын толық айқындап береді. Мұның да үлкен мәні бар. Өйткені айбатты, қайратты, күшті, отты, жалынды, арлы, арманшыл, мінезді, таза жүректі, иманды... ұраны тек Алаш дейтін жастар ғана бір таңда Алаш атын шығарады деп сенім артады. Осындай жастар ғана алаштың құрбаны бола алатынына Мағжан кәміл сеніп, оларға зор үміт артады.

1917 жылы ақпан төңірісі болғанда қазақ зиялылары көптен күткен азаттыққа қол жеткізгендей болып осы тарихи оқиға өз қуанышын білдіріп жатты. Бұл туралы Ж.Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласында «17-ші жылғы февраль төңкерісі қазақ азаматтарына ұлт сезімінің көтерілуіне зор себеп болды. Ауызда сөйленіп жүрген ұлт қамы, ұлт мұңы іс жүзінде жарыққа шығатындай көрінеді, қазақ азаматы мәре-сәре болды. Төңкерістің болғанына, бостандық туғанына қарық болып кенелді» деп жазады.

Ұлт тағдырына қатысты осы ірі оқиғаны Мағжан да шығармаларына арқау етті. Бұл тарапта ақынның «Бостандық» деп аталатын өлеңіне тоқталсақ, осы өлеңі туралы ғалым Ш.Елеукунов «Бостандық» өлеңі Мағжанның 1923 жылғы Ташкен жинағында «Сібірде 1918 жылы реакция дәуірінде жазылғаны» арнайы ескертілген... Ал енді «Бостандық» өлеңі қай жылы, қай жерде жазылғанын арнайы ескертуіне қарағанда, Мағжан бұған ерекше мән берген секілді. Ақынның мұнда айтайын дегені – Қазан революциясына қарсы емеспін, мен Колчаққа қарсымын, өлеңді Колчақтан монархия иісі аңқыған соң жаздым дегені. Оған қарамастан Мағжанның бір алуан сыншылары, солардың бірі Ғаббас Тоғжанов «Бостандық» өлеңі қазан төңкерісіне «тіл тигізгендік» деп тұжырады. Осының қайсысы дұрыс? Біздіңше, шындық өлеңнің авторы жағында.

Біріншіден, өлеңнің жазылу мерзімін алыңыз. Ғ.Тоғжанов «Бостандықтың» Сібірде Колчак қоқаңдай бастаған кезде, «қазақ ұлтшылдарына «автономия» дегенінді қоя тұр» (48-бет) деген уақытта, «ұлтшылдар қатты сасып», «февральдан айырылып қаламызға» ұшырағанда жазылғанын теріске шығармайды. Сөйдейді де өзіне-өзі қарсы шығып, Қазан төңкерісін «сасық», «сайтан» дейді деп көрінеу теріс қорытынды жасайды. Екіншіден, өлеңде ақпан я қазан төңкерістері деген сөздер атымен жоқ. Әңгіме солардың нәтижесі – бостандық жайлы...» [2,189 б.] деген пікірін айтқан еді.

Мағжан Жұмабаевтың «Бостандық» өлеңіне зер салсақ, мұнда ақын алдымен 1918 жылға дейінгі оқиға көз тастайды.

Жер жүзін қан басқанда,
Көбігі шығып аспанға,
Жын жолдас боп адамға,
Туралық, теңдік ұмытылып,
Інжіл, құран жыртылып,
Жатқанда жерде – табанда.
Қызыл қанға мас болып,
Жүрегі қара тас болып,
Айырылып естен адамзат...–

деп бірінші дүниежүзілік соғыстың өршіген кезеңін осылайша сипаттап алады да, әрі қарай ізгілік ұмыт болып, жауыздық тамырын жайып бара жатқанда келген 1917 жылғы ақпан төңкерісіне айрықша мән береді.

... Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды.
Келді ұшып бостандық,—

деп қуана жырға қосып, ұшып келген бостандықты жүзі ғарыш нұрлы, сөзі кәусар жібек, әдемі, алмас қанатты етіп суреттейді.

Аппақ нұрға оранып,
Ақырын ғана дем алып.
Құрметпенен тұрысты.
Сәуле көрмей, шеккен зар,
Аш-жалаңаш сорлылар
Қуанысты, күлісті.

Бұл арада ақын ақпан төңкерісін жасаған большевиктер партиясының құрметпенен ақырын ғана орныға бастаған келбетімен қоса, сол бостандықты халықтың қалай қарсы алғанын да шынайы таныстырып өтеді.

Тез жалындап суынған,
Жұмақтан да қуылған,
Адамзат бір әуреде,—

деп бірінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы бірде жеңіп, бірде жеңіліп әуре болып жатқан Ресей мемлекетін назарға алып қана қоймай, Уақытша үкіметтің тосынан келген бостандыққа «есін жиып күйленіп, әбден бойы үйреніп алғаннан соң», қайтадан ескі әуеніне басқанына ақын наразылық танытады:

Баяғысын бастады,
Ұжданды былай тастады,
Бостандықта жоқ жұмыс.
Зар еңіреді талай жас,
Сел боп ақты қызыл қан,
Өтірік, талау, өтіріс.

Keywords: Myths of Creation, Legend, Sarı Saltık, Jesus, Walking On Water, Shaman

GİRİŞ

Doğadaki tüm canlıların yaşam kaynağı olan su, halk edebiyatı ürünlerinde de özel bir yere sahiptir. Dinî ve mitolojik anlatılarda suyun önemli bir yeri olduğu bilinmektedir. Su birçok yaratılış mitosunun temel taşıdır. Türk mitolojik dünya modelinde ebedî başlangıç olan kaosu bildiren ve yaratılış sürecinde rol oynayan, yapı yaratıcı bir mitolojem olan su, çeşitli mitolojik sistemlerde ilk başlangıçla bağlıdır, ilk kaosu tanıtır ve onun eş değeri yerine ortaya çıkar (Beydili 2003: 502).

Su altında yaşayan canlılar ve ruhlar da bu anlatılarda yerlerini almışlardır. “Suyun bu dinsel çok yönlülüğü, tarihte pınarlar, nehirler ve ırmaklar çevresinde gelişen pek çok tapım doğurmuştur. Bu tapımlar öncelikle suyun evrenin mayasında bulunan madde olarak edildiği kutsal değerden, aynı zamanda bulunduğu yerin epifanisi olmasından, herhangi bir akarsuya ya da pınara kutsallık kazandırmasından kaynaklanmaktadır. Bu yerel epifaniler dinsel yapısından bağımsızdırlar.” (Eliade, 2000: 206). Su üzerinde yürüme konusu ise su ile ilgili anlatıların içerisinde ilgi çekmektedir.

Kaostan kozmosa geçişin en belirgin özelliği yaratılış mitleridir. Eski Türk kozmogonisinde evren sonsuz bir su ile kaplıydı, bu suyun üzerinde yürüyen yaratıcı metaforu bu motifin kökeninin mitolojik zamana kadar uzanabileceğini düşündürmektedir. “Henüz ne Gök ne de Yer vardı. Sadece Ülgen vardı. O uçsuz bucaksız deniz üzerinde oradan oraya koşturuyordu ve dalgalandırıyor; denizde tutunacak sert bir yer de yoktu.” (Radloff ?). Aynı zamanda insanın yaratılışı da Verbitskiy'in derlemiş olduğu bilgiler doğrultusunda denizin üstünde yüzen bir buz parçasına şekil verilerek insan yapılması ve ona Ülgen isminin verilmesi sonucundadır. Mitolojinin devamında insan olan bu yaratık insandan çok ikinci bir Tanrı izlenimi vermektedir (Verbitskiy 1893: 89'dan Taş 2011: 116). Su üstünde yaratılan bu canlının sonradan yaratılacak insanlardan farkı doğaya hükmetmesi yönündedir.

Türk yaratılış mitinde kozmos, sudan türemiştir, başka bir deyişle yaratılışın başlangıç nüvesi sudur. Bütün canlılar da sudan yaratılmıştır (Bayat 2016: 248). Yaratılış mitlerinin pek çoğunda sonsuz evrende her yerin su ile kaplı olduğu söylenmektedir. İnsanın yaratılışı da uçsuz bucaksız denizin ortasında cansız bir nesneye can verilmesi sonucunda olmuştur. İnsanın yaratılışı, diğer canlılardan üstün kılınması, ona yaratıcının birtakım özelliklerinin geçişi Türk inanç sisteminde var olan anlatılara konu olmuştur. Bu anlatılardan birisinde insanın yaratılışı şu şekilde izah edilmiştir: “Birgün Tanrı Ülgen denize bakarken su üzerinde yüzen bir toprak parçası gördü. Bu toprağın üzerinde insan vücuduna benzeyen kil tabakası vardı.

*Necmettin Erbakan Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı Yüksek Lisans Öğrencisi.

'Nedir bu cansız nesne? Kişi olsun!' dedi. Toprak derhal kişi oldu. Ülgen buna Erlik adını verdi ve bunu orada bıraktı" (İnan, 2015: 20). Tufan öncesi sonsuz suyun olduğu bir evren tasviri tufan sonrasında da yerini sonsuz suya bırakmaktadır. Evren'in yaratılışı ile ilgili bu mitin birçok eski medeniyette aynı sırayı izlediği bilindiğinde ortak bir motifin kökenini mitolojik zamana dayandırmak muhtemeldir. Tufan yeni dünyanın başlangıcı eski dünyanın ise sonudur. Buradaki değişimmetaforu ise ilginçtir. Sonsuz su üzerinde başlayan dünya, tufan öncesinde aynı şekilde son bulur ve yeni dünya sonsuz suyun üzerinde değişimini tamamlar. Bu bağlantı eski Türk evren sisteminde de desteklenmektedir. Tufandanöncesinde yeryüzünün hükümdarı Tengiz (Deniz) Handır. Yeryüzünde sonsuz bir su olduğu algısı anlatılarda bir rastlantı değildir.

Suyun devranını doğum ve ölüm ritüellerinde de görmek mümkündür. Yeni doğanın yıkanması ve kırklanması ölen kişinin yıkanması dönüşümün esasını oluşturmaktadır.

Kült olarak su Türk halk anlatılarında önemli bir yere sahiptir. Kült kavramı yüce ve kutsal varlıklara gösterilen saygı ve tapınmadır. Kült kavramına giren bu varlıklar Tanrısal olmaları açısından önem arz ederler (Bayat 2016: 80). Türkler, yaşayan her varlığın bir ruhu olduğunu tasavvur etmişlerdir. Su kutsaldır ve ruhu vardır. Bu ruhu incitmemek ve ona saygı göstermek halk kültürüne ve Halk edebiyatı ürünlerine yansımıştır. Bu ruh suya ait olan tüm varlıklarda aranmaktadır. Suyun önemi onun üzerine anlatılan metinlerin çeşitliliğini de artırmıştır. Bu ürünler içerisinde efsaneler önemli bir yere sahiptir.

Anlatıları oluşturan en küçük yapı taşları motiflerdir. Anlatılar motiflerin birleşmesi sonucunda bütün hale gelmektedir. Maddeyi oluşturan en küçük yapı taşları kuarklar gibi hikâyelerde motiflerin dizilimi ile anlam kazanmaktadır. Destan ve menâkıbnâme özelliğini bünyesinde barındıran Saltıknâme'de motif kavramı incelenirken hem destanî unsurlar hem de menkıbevi unsurlar göz önünde bulundurulmuştur. Menâkıbnâmeler üzerinde önemli çalışmalar yapan Ahmet Yaşar Ocak menâkıbnâme motifini şu şekilde izah etmiştir: "Evliya menkıbelerinde bu motifler, velilerin gösterdiklerine inanılan kerametleri temsil ederler. Her motif bir şeyi yoktan var etme, çok kısa zamanda uzun mesafeler aşma, ırmak veya deniz üstünde yürüme ve ölü diriltme gibi birtakım tabiatüstü olaylardan ibaret bulunan unsurlar olup evliya menkıbelerindeki motifler işte bu ve benzerleridir" (Ocak 2016: 107). Saltıknâme'de yer alan ve diğer evliya menâkıbnâmelerinde sık görülmeyen su üzerinde yürüme motifi İncil'de Hz. İsa'nın su üzerinde yürümesi ile de ortaktır. Motifin Sami dinlerden öncesinde var olup Hıristiyanlığa geçmesi mümkün olduğu gibi İslamiyet öncesi Gök Tanrı inancından izler taşıyabileceği de muhtemeldir.

HZ. İSA'NIN SU ÜZERİNDE YÜRÜMESİ

Arınmanın ve yüce güce ulaşmanın işareti olan ruhun bedenden ayrılması, dünyadan vazgeçmenin ve adanmışlığın sonrasında bedeni hafifletmek ruhu ise maneviyat ile yüceltmektir. Su üzerinde yürüme günahattan arınmış, insanî duygu ve hasletlerden belli dönemlerde elini eteğini çekmiş; kimi zaman bir veli kimi zamanda peygamber olan yaratılana, yaratıcı tarafından bir işaret olarak verilmiştir.

İncil'de su ile ilgili anlatıların önemli bir örneği vardır. Hz. İsa'nın su üzerinde yürümesi ve çevresindekilere bu konudaki gücünü ispat etmesi onun kuvvetli imanınadelil olacak şekilde anlatılmaktadır. Bu hadisede onun gücü, temizliğinin mükâfatı olarak kendisine bahşedilmiştir. Hz. İsa'nın su üzerinde yürümesine dair kaynak İncil'de şu şekilde nakledilmiştir: "Bundan hemen sonra İsa öğrencilerine, tekneye binip kendisinden önce karşı yakaya geçmelerini buyurdu. Bu arada halkı evlerine gönderecekti. Halkı gönderdikten sonra dua etmek için tek başına dağa çıktı. Akşam olurken orada yalnızdı. O sırada tekne kıyıda bir hayli uzakta dalgalarla boğuşuyordu. Çünkü rüzgar karşı yönden esiyordu.

Sabaha karşı İsa, gölün üstünde yürüyerek onlara yaklaştı. Öğrenciler, O'nun gölün üstünde yürüdüğünü görünce dehşete kapıldılar. 'Bu bir hayalet!' diyerek korkuyla bağıştılar.

Ama İsa hemen onlara seslenerek, 'Cesur olun, benim, korkmayın!' dedi.

Petrus buna karşılık, 'Ya Rab' dedi, 'Eğer sen isen, buyruk ver suyun üstünden yürüyerek sana geleyim.'

Petrus da tekneden indi, suyun üstünden yürüyerek İsa'ya yaklaştı. Ama rüzgarın ne kadar güçlü estiğini görünce korktu, batmaya başladı. 'Ya Rab, beni kurtar!' diye bağırılmaya başladı.

İsa hemen elini uzatıp onu tuttu. Ona, 'Ey kit imanlı, neden kuşku duydun?' dedi." (Matta, 14: 22-31). Bu metinde görüldüğü üzere Hz. İsa'nın deniz üzerinde yürümesi ve beraberinde buyruğu sayesinde öğrencisinin de su üzerinde yürütebilmesi sıra dışı tasarrufla oluşmuştur. Bedenin hafifliği imanın kuvvetindedir. Burada imanı kıt olan öğrenci, korkusu sonucunda rüzgâra kapılıp yardım istemiştir. Ruhunu iman ile besleyen Hz. İsa'nın karşısında korkuları ile mücadele eden öğrencisi inancın önemini göstermektedir. Korkusuzca inanıp iman gücü olanın, bedenini eğitmesi sadece semavî dinlerde değil pek çok inanışta da yer alabilmektedir. Bu inanışı Nirvana'ya ulaşan Budistlerde de görmekteyiz. Günahlarından arınan ve minimalist yaşam döngüsünde hiçliği benimseyen kişi yapmış olduğu ayinin vecdi ile kendisinden geçerek başka bir boyuta ulaşır, bu yükseliş onu suyun üstünde tutar.

TEVRAT'TA SU ÜZERİNDE YÜRÜME VAR MIDIR?

Tevrat'ta su ve yaratılış konuları birbirine bağlantılı olarak anlatılmıştır. Yaratılış mitlerinin genelinde görülen başta her tarafın sularla kaplı olması Tevrat'ta da yer bulmuştur: “*Yer boştu, yeryüzü şekilleri yoktu; engin karanlıklarla kaplıydı. Tanrı'nın Ruhu suların üzerinde dalgalanıyordu.*” (Yaratılış, 1: 2).

Asa ile denizin yarılması üzerine Hz. Musa'nın müritleri denizi aşabilmişlerdir. Tevrat'ta su üzerinde yürüme hadisesi tam olarak olmasa da suyun karaya dönüşmesi ve bu zorluğun aşılması Saltık-nâme'de suların kara olması ile benzerdir. Hz. Musa'nın ve müritlerinin sudan sağ salım çıkması sonucunda Firavun ve askerleri de açılan bu yoldan suyu geçmek isteseler de geçemeyip boğulmuşlardır. Açıkça su üzerinde yürümeye dair bir beyan ise yoktur.

Semavî dinlerde bu motif Hz. İsa'nın su üzerinde yürümesi ile örneklendirilmektedir. Semavî dinlerde su üzerinde yürümenin yaygınlık bulamaması bu motifin eski bir mit olabileceğini düşündürmektedir. Ayrıca Hıristiyanlığın paganizm kaynaklı düşüncelerin üzerine inşa edilmesi ve misyonerlik faaliyetleri sonucunda yayılmış olması da mitolojik kökeni düşündürmektedir.

Tevrat'ta ise su ile ilgili pek çok anlatı olmasına rağmen su üzerinde yürüme motifini açıkça işaret eden bir kaynak yoktur. Burada asa ile yarılan su kara parçası olur ve bu yüzeyde yürünür. Hz. Musa'nın suya hükmedebilmesi sonucunda deniz yarılr ve müritleri ile Firavun'un zulmünden kurtulurlar. Bu durum Tevrat'ta şu şekilde yer almıştır:

“İsrail ordusunun önünde yürüyen Tanrı'nın meleği yerini değiştirip arkaya geçti. Önlerindeki bulut sütünü da yerini değiştirip arkalarına, Mısır ve İsrail ordularının arasına geldi. Gece boyunca bulut bir yanı karartıyor, öbür yanı aydınlatıyordu. Bu yüzden, bütün gece iki taraf birbirine yaklaşamadı. Musa elini denizin üzerine uzattı. RAB bütün gece güçlü doğu rüzgarıyla suları geri itti, denizi karaya çevirdi. Sular ikiye bölündü, İsraililer kuru toprak üzerinde yürüyerek denizi geçtiler. Sular sağlarında, sollarında onlara duvar oluşturdu. Mısırlılar artlarından geliyordu. Firavunun bütün atları, savaş arabaları, atlıları denizde onları izliyordu. Sabah nöbetinde RAB ateş ve bulut sütunundan Mısır ordusuna baktı ve onları şaşkına çevirdi. Arabalarının tekerleklerini çıkardı; öyle ki, arabalarını zorlukla sürdüler. Mısırlılar, ‘İsraililer'den kaçalım!’ dediler, ‘Çünkü RAB onlar için bizimle savaşıyor. RAB Musa'ya, ‘Elini denizin üzerine uzat’ dedi, ‘Sular Mısırlılar'ın, savaş arabalarının, atlılarının üzerine dönsün.’ Musa elini denizin üzerine uzattı. Sabaha karşı deniz olağan haline döndü. Mısırlılar sulardan kaçarken RAB onları denizin ortasında silkip attı. Geri dönen sular savaş arabalarını, atlıları, İsraililer'in peşinden denize dalan firavunun bütün ordusunu yuttu. Onlardan bir kişi bile sağ kalmadı. Ama İsraililer denizi kuru toprakta yürüyerek geçmişlerdi. Sular sağlarında, sollarında onlara duvar oluşturmuştu.” (Mısır'dan Çıkış, 14: 19-29). İnananlar ve şahitlik edenlerin kurtuluşa erişmesi inanmayanların ise boğularak can çekişmesini anlatan bu metinde İncil'de olduğu gibi kutuplaşmaların vurgulandığı önemli nokta imanın gücüdür. Bedeni eğiten ona gerekli besini iman yolu ile veren kişi sıra dışı olan zorlukta muvaffak olmaktadır.

ESKİ TÜRK İNANÇ SİSTEMİNDE SU ÜZERİNDE YÜRÜYEN ŞAMAN

Şaman metinlerinin konuları halk kültürü motiflerinin önemli bir bölümünü oluşturur. Efsanevî arkaikteki birçok mitolojik karakter, şaman özellikleri taşır. Şaman mitolojisinden gelen unsurlar eski mitolojik düşüncenin daha sonraki aşamalarında da açık bir şekilde kendini gösterir (Beydili 2003 520). Göçebe medeniyetin egemen olduğu ve yazılı kültürün etkin olmadığı dönemlerin en büyük eksikliği Türk mitolojik sisteminin ana hatlarının ortaya koyulmasında hissedilmektedir. Göçer medeniyetlerde bireyler yerine toplumlar ön plandadır. Ekonomik faaliyetler imece usulü ile dönüşümlü olarak yapılmaktadır. Ekonomik faaliyetlerin etkisi hayatın diğer alanlarına da yansımıştır. Birey kaygısından ziyade toplum kaygısı olan konargöçer kültürlerde iletişim kulaktan kulağa sözlü olarak aktarılacak kitleye ulaşmaktadır. Edebî ürünlerde de yazı yerine sözlü kanallar kullanılmıştır. Yazıya duyulan ihtiyacın az olması ve sözlü kültürün yaygınlık kazanması sebebiyle bugün mitolojik parçalardan hikâyeye bütünleri oluşturulmakta ve Türk mitolojik sistemini kavramakonusunda zorluklarla karşılaşmaktadır. Bugün efsanelerde ve kerametlerde yerini alan su üzerinde yürüme motifini köken olarak Şamanizm'e dayandırılabilir mi?

Şamanlar güçlerini inançlarından alan sıra dışı insanlardır. Onlar olağanüstülükler sergilemeleri sonucunda toplumdansoyutlanmış, uzaklaşmış ve yalnızlığa çekilmişlerdir. Şamanlar tarafından gerçekleştirilmiş olan olağanüstülükler belli bir zaman sonra evliya hikâyelerinde de görülmeye başlanmıştır. Nitekim Türk Şamanlığı hususunda çalışmalar yapan Fuzuli Bayat, bu dönüşümü şu şekilde açıklamaktadır: “*Sosyo-kültürel bağlamda kalıcı olan keramet olgusu, dinî ve siyasi engelleri aşarak yeni medeniyet çevresinde de kendi varlığını koruyabilmiştir. Türk evliya menkıbelerinin esasını oluşturan keramet kavramı, Şamanist olgunun transformasyonundan başka bir şey değildir. Ateşte yanmayan Şamanlardan balta yutan, kuşa dönüşen, suyun üstünde yürüyen, cansız eşyayı canlandıran, öldükten sonra da kendi kavmini koruyan Şamanlara kadar çeşitli keramet formları, Şamanlığı bir kültür ögesi haline getirmiştir*” (Bayat 2006: 162-163).

Aziz Ayva'nın Anadolu göl efsaneleri çalışmasında Beyşehir Gölü ile ilgili anlatılan göl üzerinde yürüme efsanesinin kökeni bir şaman efsanesine bağlanılarak izah edilmiştir. Çalışmada göl üzerinde yürüme efsanelerinin kökeninin Kitab-ı Mukaddes kaynaklı olabilmesinden ziyade tespit edilmiş olan şaman efsanesi sayesinde Türk kaynaklı olduğu açıklanmaktadır. Burada sözü edilen şaman efsanesi şu şekildedir: “*Çok eski zamanlarda, Kaçikat boyunda, Kaçikat Oyun isimli meşhur bir şaman vardı. Onun hakkında çeşitli olaylar anlatılır. Bir gün Kaçikat, Nemyugin boyuna giderek, orada şaman olan Solkoloh'tan, kendisine yardımcı olmasını rica etti. Sokoloh bu isteği kabul etti. Her iki şaman da farklı yerlere gittiler. Kaçikatlı şaman, ayağına rengarenk kestiği söğüt çubuğunu bağlayarak, Lena ırmağının üstünde yürüyüp, karşı sahile geçti. Şaman Solkoloh ise Lena'nın diğer sahilinde durup, ıslık çalmaya başladı. O anda karşı sahilden bir kayık onun yanına geldi. Şaman bu kayığa binerek karşıya geçti* (Bayat 2004: 124-125. Özetlenmiş şekli için bk. Güngör 1997: 7-8, Aziz Ayva 2007: 194). Kaçikat isimli şamanın bir söğüt çubuğu vasıtasıyla denizden yürüyerek geçmesi bu motifin temelini oluşturmaktadır. Az bilinen şaman efsanelerinin zamanla gün yüzüne çıkarılması sonucunda köken konusunda Türk mitolojisinin ne kadar zengin olduğu ispat edilecektir. Budist rahiplerin ve şamanların efsanelerinde görülen su üzerinde yürüme motifi zamanla evliya menkıbelerine tezahür ederek keramet olarak yansımıştır. Ayva'nın çalışmasından hareketle su üzerinde yürüme motifinin kökeninin Türk mitolojik sistemine ve şaman pratiklerine bağlanması muhtemeldir.

Ali Berat Alptekin, Saltıknâme'de yer alan efsanelerin günümüz sözlü kültüründe yansımalarını tespit ettiği çalışmasında belirlemiş olduğu başlıklarda su üzerinde yürüme motifine de yer vermiştir. Kültürün sürekliliğinin incelendiği bu makalede Saltıknâme'de bulunan efsane motiflerinin Şamanizm kökenli olduğu vurgulanmıştır: “*Sarı Saltık'a bağlı olarak anlatılan efsanelerin kökeni Şamanizm'e kadar götürülebilmektedir. Bilindiği gibi şaman obasının her şeyidir. Saltukname'de ve günümüzde anlatılan kerametlerin büyük çoğunluğunun İslam öncesinde şaman göstermektedir. Bize göre Türkler yeni dinleri İslamiyet'e geçince eski inançlarında bazı hususları yeni dinin emrine vermişlerdir. Böylece bir dinin hatırası zayıfladıkça eski inanışlar yeni dine adapte edilmiştir*” (Alptekin 2013: 17).

SARI SALTİK'IN SU ÜZERİNDE YÜRÜMESİ

Cem Sultan'ın emriyle Ebu'l- Hayr-ı Rûmî tarafından Anadolu ve Rumeli'den yedi yılda (1473-1480) derlenen bu metinler, Türk dili, Türk folkloru, Türk tarihi ve kültürü açısından oldukça önemlidir. Özellikle dinî, inandırıcı ve kısa olmasıyla diğer halk anlatılarından ayrılan Saltıknâme'deki pek çok efsane örneğinin benzerlerini günümüz sözlü kaynaklarında tespit edebiliyoruz (Alptekin 2013: 6).

Anadolu sahası Alevî-Bektaşî menkıbelerindeki *Baba, Eren, Alp, Alperen, Abdal, Dede, Sultan*, vb. makam sahiplerinin gösterdikleri kerametlerin hemen hepsinin, kamlık / şamanlık geleneğindeki menkıbelere, efsane ve inanmalara dayandığını söyleyebiliriz (Ayva 2007: 196). Bu düşünceden hareketle Sarı Saltık'ın su üzerinde yürümesi hikmetinin kökenini şamanlık geleneğinde şamanın su üzerinde yürümesinin kabuk değiştirmiş haline benzetmek yanlış olmayacaktır. Rum diyarında İslamiyet'i yayan Sarı Saltık'ın gerçekleştirmiş olduğu pek çok hikmet vardır. Su üzerinde yürüme motifi bu eserde şu hikâyelerde görüldüğü şekilde geçmektedir:

Sarı Saltık denize düşeceği zaman ayağının altında bir taş çıkar. Sarı Saltık avucuyla denize toprak serper bu topraklar denizde büyür kara olurlar (Yüce 1987: 148). Altay yaratılış mitinde bu olaya benzer bir örnek şu şekilde geçmektedir: “*Büyük Ak yaratıcı Ürüng-ayığ-toyon, ta başlangıçlarda, büyük denizin üzerinde, yüksekte durup dururken, su üstünde yüzen bir köpük gördü. Tanrı durdu ve köpüğe sordu : —“ Sen kimsin ?” Diye. Köpük baktı Tanrı'ya, dedi : —“ Ben bir Şeytanım. Ta su dibinde yerde, ben orada yaşarım.” Tanrı döndü Şeytana —“ Gerçek mi bilmem sözün! Var mı su altında yer! öyleyse getir bana, yerden bir parça toprak!” Şeytan daldı denize, epey bir zaman geçti. Sonra Şeytan göründü, elinde az toprakla. Tanrı eline aldı, kara toprağa baktı. Takdis etti toprağı, elinden suya attı. Sonra Şeytan düşündü, şu Tanrı'yı ben nasıl, suya batırayım da, suda boğayım diye. Fakat tam bu sırada, toprak nasıl olduysa, başladı büyümeğe, etrafa yayılmağa. Sertleşti katılaştı. Denizin büyük kısmı, hemen toprakla doldu” (Ögel 2010 448).*

Sarı Saltık kâfirleri mağlup edince atını denize sürer ve elindeki toprağı denize atıp denizi karaya çevirir. Kendisi ve müritleri kolaylıkla bu engeli aşarlar. Düşman gemilerinin denizi geçememesi için beddua eder, sonrasında çıkan şiddetli fırtına düşman gemilerini yok eder ve yerle yeksan olurlar: “*Alyanos helak olunca kâfirler tarumar oldular, kaçtılar. Müslümanlar kaleden çıkıp kâfirleri ele aldılar, kırdılar. Kırk parça gemilerini ele geçirdiler. Gerisi kaçtı, gitti. Karadeniz içine girip gittiler. Server (Sarı Saltık) atını denize sürdü, ardlarınca denize girdi. Eliyle toprak saçardı. Su, kara olurdu. Bu yer, Boztepe'nin önünde bellidir. Kâfirler denize girip gittiler. Şerif:*

-*İnşallah helak olurlar, diye beddua etti. Raviler rivayet ederler ki, o gemiler Karadeniz'e çıkınca Hak Teâlâ bir yel verdi. O gemilerin her birini bir taşla vurdu. Kimini kenara vurdu, kimini batırdı. Ancak üç parça gemi kurtulup İstanbul'a ulaştı. Onları da şehir önünde kenara attı.* (Demir-Erdem 2013: 60-61).

Hız. İsa'ya atfedilen mucizelerden biri de ayakları ıslanmadan deniz veya su üzerinde yürümesidir. Bu mucize Saltuk-nâme'de bazen aynen bazen de değişik biçimde Sarı Saltuk'a mal edilmektedir. Sarı Saltık denizde yürür su topuklarına kadar çıkmaz. Elinin işaretini ile düşman gemilerini bir çark gibi dönderir. Sarı Saltuk'un atı da denizde yürümekte ve su topuklarına kadar çıkmamaktadır. Tabii olarak denizde yürüyen nesnenin cinsi de zaman zaman değişmektedir (Yüce 1987: 139-140). Kahramanın atının da su üzerinde yürümesi ise oldukça ilgi çekicidir.

Sarı Saltık kendisi su üzerinde yürür ve yanındaki dervişleri de ona eşlik ederler. Bu hikâye ise Hz. İsa'nın öğrencisi ile arasında geçen hadiseye oldukça benzer: "*O üç derviş, Şerif'e: - Ya Server! Bize bu gemi lazım idi. niçin koyverdin, dedi. Şerif:*

- *Bize bir kişi lazım. Sabredin, gemisiz de geçeriz, dedi. Sözü tamam olmadan karşıdan bir derviş gelip selam verdi. Şerif, selamı alıp:*

- *Dediğim kişi işte geldi, dedi.*

Oturdular, bir müddet sohbet ettiler. Dervişler:

- *Server! Biz seninle Rum'a geçmek, gaza yapmak istiyoruz, dediler. Şerif kabul etti. Sonra ayağa kalktı, sırtındaki keçesini çıkardı, denize bıraktı. Keçe suya batmadı. O dervişlere:*

- *Babalarım! Bu keçe suya batmaz. İsterseniz bunun üstünde durarak denizi geçebiliriz, dedi. Onlar:*

- *Evet, isteriz, dediler. Server:*

- *Ben "Allah!" diyeyim. Sizler de "ya Baba!" deyiniz. Zira sizler, bana yetiştiniz. Be, Allahutealaya yakınlık derecesiyle yetiştim. Nitekim Tanrı, Kelam- ı Kadim'de şöyle buyurur "Ve nahnüakrebüileyhimin-habli'- verid." Şimdi ben de size bu hususta aracı olayım, dedi. Dervişler razı oldu. Beşi de keçe üzerine bindiler, batmayıp gittiler. Biraz yer gittiler. Sonra gelen dervişin aklına bir şey geldi, "Biz niçin 'Allah!' demiyoruz. Bizim derecemiz bu sözü söylememize engel değil. Hak yanında herkes birdir, fark nedir? dedi. "Baba" demeyip "Allah, Allah!" dedi. En ortada olan derviş oturmuştu. Hemen keçenin bir yanını suya battı. Derviş de suya batmaya başladı. Su boğazına kadar geldi. Baktı ki hakikaten boğuluyor:*

- *İmdat batacağım, diye çağırdı. Server(Sarı Saltık):*

- *"Babacığım!" de ki kurtulasın, dedi.*

Üç derviş bunu gördü. "*Babacığım!" diye çağırıştılar. O derviş de "Baba!" dedi. Server mübarek elini sundu. Derviş de sudan çıkarıp elini uzattı. Server üç derviş ile yürüdü, denizi geçti. Bir yere çıktılar*(Demir- Erdem 2013: 283- 284). Hz. İsa'nın, imanı zayıf olan öğrencisine suda boğulma tehlikesi karşısında yardım edip denizi yürüyerek geçmesini sağladığı gibi Sarı Saltık da imanı zayıflayan dervişlerine yardım eder ve onları boğulmaktan kurtarır. Hz. İsa ve Sarı Saltık arasında bu hikâye ile birbenzerlik kurulması Hıristiyanlıkta gerçekleşen bir mucizenin Müslüman dervişler tarafından da gerçekleştirilebileceğini ispat etmek için kullanılmış olabilir. Sarı Saltık, İslamiyet'i yaymak için gaza yapan hilal-hac mücadelesinin temsilcisi, batılın kovucusudur. Her ne kadar olaylar dinî anlatılar çerçevesinde gelişse de eski Türk inanç sisteminden izler ve kültürel kodlar bulunmaktadır. Hem göçün lideri hem de şeyh olan Sarı Saltık çifte statüye sahiptir. Ahmet Yaşar Ocak'a göre bu çifte statünün kökü İslam öncesi Orta Asya'ya kadar gitmektedir. Orada da şamanlar aynı durumda idiler. Bir şaman hem kabilenin reisliğini hem dini liderliğini yürütmekteydi. Bu durum Alevilikte de korunmuştur. Alevi dedeleri de Türkmen babalarının bu çifte kimliğini sürdürmüşlerdir (Ocak 2016: 93). Sarı Saltık'ın kimliği hakkında önemli çalışmalar yapılmaya devam etmektedir. Bu çalışmada asıl sorgulanmak istenen husus sadece diğer Sami dinler ve İslamiyet karşılaştırmasından ziyade Sarı Saltık'ın su üzerinde yürümesi motifinin mitolojik kökenli olabileceğidir. Tabiat kuvvetleri üzerinde hâkimiyet kuran Sarı Saltık, İslam öncesi eski Türk inancını tam olarak kaybetmiş değildir. Su üzerinde yürüme motifinin kökeni Kitab-ı Mukaddes kaynaklı olabileceği gibi Şamanizm'e de dayanabilir.

Sarı Saltık seccadesi sayesinde denizde boğulmadan ibadet eder. Onun derin iman gücü sayesinde zorlukları aşması metinde şu şekilde yer alır: "*Bazen seccadesini Tuna'nın suyuna bırakır. Üstüne çıkar, gezerdi. Suyu batmazdı. Büyük bir direği vardı. Onu seccadenin üstüne bırakıp Tuna'yı öte geçirdi. Eli ile büyük direği kaldırırdı*"(Demir- Erdem 2013: 303). *Şerif gördü ki kâfirler kendisini ok yağmuruna tuttu. Hemen yerinden kalktı. Büyük bir mermer direği, iki eli ile başının üzerine getirdi. O gemiye fırlattı. O direk gemiyi deldi. Kâfirler, hep birlikte gemi ile battı. Mermer direk suya batmayıp Şerif'in yanına geri geldi, durdu. Şerif o direği aldı, seccadenin üstüne koydu. Geri gelip Baba şehrine çıktı* (Demir- Erdem 2013: 306-307).

SONUÇ

Velf bakar ki, az evvel kendisinin dizlerine kadar girerek geçtiği gölden çoban adeta yürüyerek geçmektedir; topuklarına kadar suya ya girmiştir veya girmemiştir. Onun ibadet etmedeki samimiyetini ve ayakları suya girmeden gölden geçişini birlikte düşünen velf, çobana şu cevabı verir: “Sen yine bildiğin gibi İbadet, bildiğin gibi dua et Allah’a hepsi kabul olunur.” (Sakaoğlu 1976: 113-114). Bu özetlenmiş efsaneden anlaşıldığı üzere gölden yürüyerek geçmeye yardımcı olan imanın gücüdür. Su üzerinde yürüme motifi pek çok göl efsanelerine konu olmuştur. Bu konu üzerinde detaylı bilgi için Aziz Ayva’nın “*Anadolu Göl Efsaneleri*” ve Saim Sakaoğlu’nun “*Eğirdir’de Anlatılan Gölden Yürüyerek Geçme Efsaneleri Üzerine*” adlı çalışmaları referans olmaktadır.

Biz bu çalışmamızın sınırlılığından dolayı Sarı Saltık’ın su üzerinde yürümesi motifinin kökenini incelemiş bulunmaktayız. Saltıknâme adlı eserde Hristiyan çevre ile kurulmuş olan ilişkilerden dolayı anlatılar ve inanmalar birbirine benzemektedir. Biz bu çalışmamızda şamanın su üzerinde yürümesini temele alarak yaratılış mitlerinin de vasıtasıyla bu motifin kökeninin Şamanizm kaynaklı olduğunu düşünmekteyiz. Bu çalışmalar daha çok şaman efsaneleri bilindiği takdirde daha kalıcı olacaktır. Bu sayede Türk devletleri ve toplulukları arasında yakın temaslar kurulacaktır. Özü bir olanın sözü de birdir.

KAYNAKÇA

Alptekin, Ali Berat(2013), Saltıknâme’de Yer Alan Efsanelerin Günümüz Sözlü Kültürüne Yansıması, Milli Folklor, Yıl:25, Sayı:98, 5-18.

Ayva, Aziz (2007), Beyşehir Gölü Üzerine Anlatılan “Göl Üzerinden Yürüyerek Geçme” Motifi Üzerine, Milli Folklor, Yıl: 19, Sayı: 76, 191-201.

Bayat, Fuzuli (2006), Ana Hatlarıyla Türk Şamanlığı, İstanbul: Ötüken Neşriyat.

Bayat, Fuzuli (2016), Türk Mitolojik Sistemi 2, İstanbul: Ötüken Neşriyat.

Beydili, Celal (2003), *Türk Mitolojisi Ansiklopedik Sözlük*, Çeviren: Eren Ercan, Ankara: Yurt Kitap Yayınları.

Ebu’lHayr-i Rûmî, Saltıknâme :Saltık Gazi Destanı, Latin harflerine aktarılmış, haz. Necati Demir- Dursun Erdem, TİKA-UKİD, Alioğlu Yayınevi, İstanbul 2013.

Eliade, Mircea (2000), *Dinler Tarihine Giriş*, Çev: Lale Arslan, İstanbul: Kabalcı Yay.

İnan, Abdulkadir (2015), Tarihte ve Bugün Şamanizm, Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları.

İncil (2016), İstanbul: Yeni Yaşam Yay.

Kutsal Kitap (Tevrat, Zebur, İncil), (2011), İstanbul: Yeni Yaşam Yay.

Ocak, Ahmet Yaşar (2016), Sarı Saltık Popüler İslamın Balkanlar’daki Destani Öncüsü 13.Yüzyıl, İstanbul: Kitap Yayınevi.

Ocak, Ahmet Yaşar (2016), Evliya Menâkıbnâmeleri, İstanbul: Timaş Yayınları.

Ögel, Bahattin (2010), Türk Mitolojisi 1, Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi.

Sakaoğlu, Saim (1976), 101 Anadolu Efsanesi, İstanbul: Damla Yayınevi.

Yüce, Kemal (1987), Saltuk-nâme’de Tarihî, Dinî ve Efsanevî Unsurlar, Ankara: Kültür ve Turizm Bakanlığı Yayınları.

II. ОРАЗБАЕВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

ф.ғ.к., қауым. профессор м.а. **Б.С.БЕГМАНОВА***

Түйіндеме

Мақалада қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан белгілі ақын Иранбек Оразбаевтың асқақ рухты жарлары талданады.

XX ғасырдың жетпісінші жылдары қазақ поэзиясына келген ақындардың поэзиясындағы өзіндік ерекшеліктер жалпы әлем әдебиетіндегі озық әдеби дәстүрлердің негізінде қалыптасты. Олардың поэзиясындағы көркемдік тәсілдер де әр түрлі сипатта көрінді. Бірақ олардың поэзиясы тым ерте толысты әрі 60-70-жылдары поэзия әлеміне батыл қадам басқан бір топ талантты ақындардың поэзиясы мен шығармашылығы бәсекелестікпен дамыды. Сол бәсекелестің бел ортасында И.Оразбаев поэзиясы тұрады десек қателеспейміз.

Ақын поэзиясының тақырыптық ауқымы мен идеялық ерекшеліктерінің, ондағы мазмұн мен пішіннің ұстанымына айналған лирикалық қаһарман мен ақындық тұлғалық сипаты ғылыми тұжырымдар арқылы нақтыланады.

Кілт сөздер: ақын, поэзия, әдебиеттану, ұлттық мінез, қаһарман, тұлға

POETIC WORKS OF I. ORAZBAEVA

Absrtact

The article analyzes the pseudonym of the famous poet Iranbek Orazbayev, who has his own autograph in Kazakh poetry.

Features of poetic poetry, which came into Kazakh poetry of the seventies of the XX century, were based on the advanced literary traditions of world literature. Artistic approaches in their poems also had a different character. But the poetry and work of a group of talented poets were developed on a competitive basis, but their poetry is too early, and in the 60s and 1970s - a bold generation of poetry. In the middle of this participant, I am. If we say that Orazbaev is a poet, then we are not mistaken.

Lyric heroes and poetic personality traits, which are thematic scope and ideological features of the poet's poetry, the content and form of which are explained with the help of scientific results.

Keywords: poet, poetry, literary criticism, national character, hero, person

И. Оразбаев өлеңдерін өз толқынынан ерекшелеп тұратын нәрсе ондағы сыртқы сымбаттылық пен ішкі иірімдердің үйлесімділігі. Сол себепті де ақын қаламымен өрілген өлең тармақтарынан «сыңғырлаған бір өңкей келісімнен» бөтен басы артық ештеңе де сезілмейтіндей. Бұл ұлы Абай ұстанған кредо «теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» қағидасын еске салады.

Кешегі кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетін төл әдебиетіміздің алтын ғасырына балап жатсақ оның өзі Әбділдә Тәжібаев, Төлеген Айбергенов, Жүмекен Нәжімеденов, Тұманбай Молдағалиев, Қадір Мырзалиев, Жарасқан Әбдірашев сияқты біртуар жарқын таланттар есімімен еншілестігін қадай айтуға болады. Ал енді осындай тағлымды дәстүр жалғастығын тексерер болсақ, кейінгі толқын буын арасында Иранбек Оразбаев тұлғасы жарқырап алыстан көрінеді.

Ақын мінезінің қайсарлығы өлеңінен көрінеді. Ешкім басын имес менмендік те кейде талантты ақындарға жараса кетеді. Басына түскенді қиналмай көтеретін биік рух Иранбектің поэзиясында асқақтық пен өршілдіктің ауанына орап, жүрегінің түгі бар ақын атандырып келеді. Бірақ сол мұңын, сол қайғысын халық мұңына айналдыра білетін ақындар көп емес. Ақын да адам. Адамның тууы қандай заңдылық болса, өлуі де сондай заңдылық. Ақын да осы екі заңдылықтың аралығында өмір сүріп, өмір тіршіліктің қуанышын да, күйінішін де, азабын да бәрін бәрін жырға қосады. Әйтсе де өмірдің қас қағым сәттей ғана өткініші екендігін сөз құдіреті мен ой тереңдігімен жырлау ақын біткеннің барлығының қолынан келе бермесе керек.

Иранбек Оразбаевты өмірдің өзі шынықтырды. Өмір ұсынған тауқыметтер ол үшін таусылмас тақырып. Сондықтан бар арманын, бар қасіретін тіршілікке айтады. Оның өкпе назы да сол тірі тіршілікке арналады.

Өйткені тірі тіршілікте жасаушылар Иранбектің өзі сияқты мың-миллиондаған жұмыр басты пенделер. Ашынып айтамын деп артық сөйлеп қалатын, ақтарылып айтамын деп бар сырын ашып тастайтын ақын мінезі оның әрбір өлеңдерінен байқалып отырады. Ақын мінезі өр дедік. Лирикалық қаһарман ойын ірікпей ашық айтады. Осы себепті де Иранбектің өлеңдері жанға жайлы тиетін ой

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, bibizhan.begmanova@mail.ru

иірімдеріне толы. Олар жүрек жылуына, жүрек қанына оранған. Иранбек лирикасындағы ерекшеліктің өзі де жоғарыда айтылғанындай ой тереңдігінде.

Түнекке орап,
Тұншықтырма, бұла Таң,
Дәйім бейбіт атқаныңды ұнатам.
Оспадардың ошағынан от қашып,
Оның өртке шалдырмасын Ұлы Отан
Түнекке орап,
Тұншықтырма, бұла Таң!

Осы өлең жолдарында да ақын – Азамат, ақын – Күрескер үні мен үміті мен мұндалай алдыңнан шығады. Барша адамзат үні болып, солардың ұлы мұрат тілегі болып ұшырасады бұл шумақ.

Иранбектің «Дүниежарық», «Сұлулық сарасы», «Мұнар, Мұнар, Мұнарым...» жыр жинақтарынан оның ой-өрісі мен қиял көкжиегінің одан әрі кеңейіп, тереңдей түсетіндігі байқалады. Ол жинақтарда бастан аяқ өмір-тіршіліктің сан қатпарын тұтастай қамтуға күш салуымен жұртшылықтың назарын аударған ақын болатын.

Иранбек өлеңдері тақырыптық жағынан кең, диапозы ауқымды, ауан арнасы сан салалы. Ақынның қай жыр жинақтарындағы өлеңдерін алсақ та олардан жүрек махаббатының сыршыл сазы, азаматтық әуен, әлеуметтік, публицистикалық сарын молынан табылады. Ақын не айтқысы келсе де терең толғаныс, ішкі қозғалыс үстінде замана мінбесінде тұрып сөйлейді. Өзінің әлемдік болмысқа көзқарасын табанды позиция үрдісі үстінде аңғартады.

Менің тегім, маймыл емес,
Арыстан!
Арыстаннан шықса лазым данышпан!
Бәлкім, аю?
Жаралғанмын барыстан?
Текежәуміт ауыздықпен алысқан?!
Менің тегім маймыл емес, әйтеуір,
Құр алақан ұят пенен намыстан!

– дей келіп:

Түлкі де емес,
Маймыл да емес шын тегім,
Тексіздердің жаратпаймын күлтегін.
Түлкі көрсем ажалдайын аныстап,
Маймыл көрсем асаудайын үркемін...

деп түйіндейді. Ол сөздің астарына басқаша баға береді. Оған басқаша мағына дарытады. Адамдар бойындағы түлкі мінезге ақын қолындағы айбалтасын жарқылдатып тап болмысымен қарсы шығады.

Айрылғым жоқ...
Адасқан жоқ тегімнен,
Шындық үшін шайнасамын!
Шегінбен!
Мүмкін емес ымыраға келуім
Маймыл қылмақ,
Түлкі қылмақ өмірмен!...

Ата жолдан, дәстүрлі дамудан ауытқымау жайындағы ойды Иранбектен бұрын да талай ақындар айтқан. Бірақ Иранбек бұны екінің бірі әсте қолы жете бермейтін шеберлікпен бедерлеген.

Иранбек Оразбаевтың «Жүрек жырлайды» атты өлеңдері мен балладалар жинағына енген өлеңдерінде ақынның албырт жүрегі мен асау қанына жарасатын асқақ жырлар мол. Кітап «Өзім туралы» атты жыр жолдарымен ашылады:

Күн сайын сыр ақтарам,
жыр ақтарам,
Көз жазып қалу деген ұят маған
Қарасын алға кеткен ағалардың,
Көрем деп қуып жүрген сияқтанам

деп өзіне азаматтық борыш, үлкен міндет жүктейді. Ал, «Мен - Қазақстан», «Жұмыстан қайтар шағымда» деген өлеңдерден ақынның шабытты толғанысы, әлеуметтік ой-парасатының кеңдігі

аңғарылды. «Құда», «Ойланшы айым», «Мені теріс түсінбегін», «Мен сол шақта», «Жүрек тулап барады» тәрізді өн бойы лиризмге толы жылы жыр жолдарынан жаныңа ыстық ләззат алып әдемі тіл, соны бояу арқылы көз алдына төмендегідей жарасымды бейне жасап береді.

Толқын жатыр шырмауықтай оралып,
Салқын сабалы, көл әдібі қоғаның.
Көк кілегей ақ айдынның үстімен,
Көгілдірге керіп қойған доғаның.

Шынында да бояуы қанық, бейнесі анық сурет. «Ертеңге мирас қып», «Елең алған», «Қайғырмайды ол», «Өмір оған сол үшін де серікті» - бұл жырлары азаматтық лирикалар. Ақын сыйластықты, әлемнің тыныштығын, мамыражай мамырсын өмірдің ұлылығын өлеңіне арқау етеді және оны селқос айта салмай тебірене, толғана ой тастап, сырласып отырып өз ойының шымылдығын ашады. «Омар Хаямға» толғауы шын ақындықты танытатын тартымды дүние. Бағзы ортағасырлық заман көз алдына келеді. Әсіресе:

Соқыр көріп алтын таңның шапағын,
Керендер де есітіпті қапалы үн.
Қара жердің қарс айрылып жүрегі,
Қаралардың бұзылыпты реңі –

деп ұлы ақынның дүниеге келуін үлкен жүрек толғанысымен тебірене жырлайды.

Шағын шағын жылғалардан
Ашулы өзен бой түзер,
Пышың – пышың өсек сөздер,
Жалғыз жақсы ойды үзер

деген жалынды ой айта келіп, «Уақыт», «Шындар», «Адам» атты өлеңдерде айтар ойы әр қырынан таныла түседі. Жинақтың өн бойындағы желі болып тартылған өзекті ойлар мен шынайы толғаныстар адам бойындағы асыл қасиеттерді, адамгершілік пен ізгіліктерді, махаббат пен достықты жырлауға бағытталған.

Ақынның «Дүниежарық» өлеңдер жинағы оның айтары көп, тау өзеніндей сарқырап, күркіреп ағатын үні де, тынысы да ерен, өзіндік қолтаңбасы бар екендігін танытқан жинақ. Осы жинақта да ол айналада болып жатқан бүкіл болмыс бітімді өзінше ойлап өлең жолдарына өзек етті. Өмір қуанышына балаша мәз бола, сәтсіздігі мен өкінішті жақтарына жүрегі ауырып, жаны байыз таппайды. Рахатынан гөрі азабы жиі мазалайды. Оның өлеңдерінде жер тағдыры, ел тағдыры мәселелері үнемі сөз етіліп жүрсе, осы кітапта да бұған арналған өлеңдер аз емес.

Жаса мәңгі,
О, жұмыр Жер – Жыр-Ана!
Мен жылайын!...
Сен жылама!
Жылама!-
Қасіретінді қанымменен жуайын,
Айналайын көні кепкен жыраңа –
Жаса мәңгі,
О, жұмыр Жер – Жыр-Ана!, -

дейді ақын. И. Оразбаевтың терең ой-толғамға, ізгілік парасатқа орай жазатындығы осы өлеңнен де сезіледі. Ақынның жетістігі - өтірік өсекке құмар еместігі, жалғандыққа жаны қас екендігі. Оны:

Күнде осылай күлімдеп күн шықса екен,
Түн қуыс кеуделер де тұншықса екен.
Құлақ кесті құл етіп,
Ақ найзасын
Ақиқат жалғандыққа шын сұқса екен,-

деген өлең жолдарынан білеміз.

И. Оразбаев «Дүниежарық» жинағында цикл өлеңдерге орын берген. Жинаққа «Ақын ағаға жазған хаттардан» деген өлеңдер циклі енген. Осы топтамасында ақын оқырмандарға өмірдің өткінші екендігін тағы да терең сезіндіреді. Жарық сәулені қадір қасиетте терең бойлау жұмыр жерде өмір сүріп жатқан әрбір пенденің парызы екендігін ұқтырады. «Дүниежарық» кітабына «Көңілдің биі иесі», «Көзсіз күю, ессіз сүю» тәрізді махаббат тақырыбындағы топтама өлеңдері де енген. Бұл

топтамалар жинақтағы өмірдің сан қилы жақтарына барлау жасайтын басқа да лирикалық өлеңдер мазмұнын толықтыра түседі.

Ақындардың барлығы да махаббатты жырлап келеді. Әйтсе де махаббатты әр ақын өзінше сүйеді. И. Оразбаев лирикасындағы махаббат өзгеше. Күйдім-сүйдімнің құлына айналмай асқақ азаматтық сезімге өртеніп кете жаздап сүйеді. Осы себепті де оның осы тақырыптағы өлеңдерінде салт-санамызға тән сыпайлық мінез байқалып отырады. Ақынның сүйіспеншілік жырларының бірер жолы мынадай:

Сенсіз дертке ем қонуы - өтірік.
Төрт құбылам тең болуы - өтірік.
«Жаным» деген жылы сөзі түстіктен
Соққан желге «жеткіз» деймін өтініп.

Осы жолдарда іңкәр жүректің ынтығы мен ықыласы сұлу өрнектермен өріліп тұр.

Жалпы алғанда, ақынды осы «Дүниежарық» кітабы дүниеге танытты десек қателеспейміз. Бұл жайында белгілі ақын Қайырбек Асанов былай дейді: «Сыр бойының топырағында туып, оның киелі жерінен нәр алып өскен ақынның бұдан жиырма бес жыл бұрын жазған балауса өлеңдерімен де таныспын. Сол кездің өзінде-ақ қатар жазып жүрген біздерден оның поэзиясы оқ бойы озық болатын. Сол кезде-ақ оның үні жігерлі, өлеңі өршіл еді. Ал, бүгіндері көңіл көкжиегі кеңейіп орныққан ақынның, замандасымның творчествосына мына біздер қуаныштымыз» (Шөмішбай,1). Тап осындай мойындау пікірін белгілі ақын Серік Тұрғынбекұлы да кезінде ақ жүректен ақтарыла жазды. Оның: «Бұл күнде ел ағасы жасының есебіне еркін еніп, ақ табалдырығынан именбей аттаған ақын Иран-Ғайыпты өз оқырмандары «ақ кигізге орап хан» көтергені қа-ша-ан! Иран-Ғайып сол «билігінен» де, сол биігінен де бір сәт төмендеуге тиіс емес. Өйткені ол, әдебиетке әуел бастан-ақ қолына қалам ұстаған өлеңшілердің бірі емес, сол кездің өзінде-ақ өзгеден оқшау мінезімен қияңқылық танытып, қолына қара мылтық ұстай келді. Бәлкім сол кездегі игі қадамдарына ілтипат ете қоймағанымыз да рас шығар. Содан да болар, ол көбінесе әдеби ортадан аулақ, қалың қаламдастарына қол ұсынып, құшақ ашып, қонсы қонбай, талай жыл шет жүріп, қиыр жайлады» (Қайырбек 2) деп айтады.

Иранбек поэзия есігін айқара ашқан жетпісінші жылдар – Сыр бойы табиғаты Арал теңізінің тартылуынан азап шеге бастаған. Міне, осы уақытта Иранбек «Теңіз қашып барады» дейтін өлеңін жазды. Оның осы өлеңі әрбір пенденің төбе шашын тік тұрғызып, жанын тебіреніске салды. Жан біткеннің жүрегін жаралаған экология – нәубет Иранбектің де жанына тыным бермей, ақындық, перзенттік парызын орындауға әрекет еткізді. Уақыт өте келе Арал тағдыры мәселесіне қазақ зиялыларының бәрі араласа бастады. Бірақ олардың барлығынан гөрі Иранбек Оразбаевтың өз өлеңдеріндегі шағаладай шарқ ұрған даусы айқын естіліп тұрды:

Ерін ұмыт қылғандай,
Елін де ұмыт,
Оралмасқа мәңгілік белін буып,
Қан аралас көзінен сорасы ағып -
Өмір қашып келеді,
Өлім қуып!

Ғаламатты көрсетіп,
Ғазабатты,
Қорлап,
Жерге қаратып азаматты –
Зорлық қуып келеді, қаба сақал
Халық қашып барады Қазақ атты!

Ақын «Қазақ қашып барады» деген бір жолмен халқымыздың ақыл, сана, салт дәстүрден, діл мен діннен ажырап бара жатқанын астарлап жеткізген.

«Дүниежарық» кітабындағы оқырман санасын тереңдетіп қоятын өлеңнің бірі «Нан».

Мен табынар заман аты – Нан,
Мен сиынар Адам аты – Нан.
Таңы бейбіт атқан беймаз Бүгіннің
Ертеңіне аманаты – Нан.

Осы өлең тіршіліктің гимні сияқты. Нанның құдіретін жырламаған ақын жоқ. Бірақ сол наннан философиялық терең ой туындату екінің бірінің қолынан келе бермейді. Аталған өлең Иранбектің азаматтық тұғырын, әлеуметтік міндетін айқындап тұр.

«Дүниежарық» кітабы осы тақырыппен аттас өлеңнен бастап соңына дейін тіршілік туралы кең тынысты, кемел толғау болып шыққан. Ой тереңдігі өлеңнен өлеңге ауысып, оқырманды нәрлендіре береді. Кітаптағы өлеңдер тың теңеулерге толы.

Бұтақтағы соңғы жапырақтай боп,
Жел өтінде қалтырайды жүрегім...
Дүниенің жанарында от жарқылдап...
Бейопа дүние қашанда бой жасайды.
Байыдым батар күндейін...
Уақыт шебер қолындағы
Шыр айналған ұршықпын...
Сайда диірмен айналар
Көзден аққан жасыма...

Айта берсек мұндай көз жауын алатын теңеулерді бұдан да көп кездестіруге болады. «Дүниежарық» өлеңіндегі құндылық – ой тереңдігі. Ақынның қай өлеңін алсақ та кенеулі ойға кезігіміз.

Саулығына сұрайтындай сүйінші
Жылға біткен сай-салаға жүгірді...

Қысыр сөз қызыл тойып бұғалықтап,
Тәуекел дариясын бөгердейін...

...Қысырдың тайы сияқты
Құрықтан қашқан дүние!
Осы жолдар қаладан даланың суретін елестетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Иранбек Оразбаев ақпа-төкпе ойдың ақыны. Ой тереңіне шомдыру таланттылықтың белгісі. Қай ақын халыққа керекті ой айтты, ол ойды қандай жағдайда айтты, қалай айтты дегенде қара қылды қақ жарар уақыт таразына салмақтап саралап, ақ-қарасын анықтап берері сөзсіз. Сол кезде Иранбек Оразбаев жазған мынау өлең жолдары суырылып шығары сөзсіз:

Қалам тартқан қазақтың бәрі мықты
Майрылдым мықтылармен күресем деп.

Осы өлең жолдарын сыртқы түрімен емес, ішкі мазмұнына, айтар ойдың терең сырына үніле қабылдасақ қателеспейміз.

Ақынның соны ізденістен туған көңіл-күй лирикалары, әртүрлі жанрлардағы туындылары тың өрнекпен өріліп, толғандырар ойларымен елітеді. Расында да оның өлеңдері тайға таңба басқандай ой айтқанда ғана емес, сезімнің ыстық лебімен өріліп, жүректің лүпілі, толғанған жанның ыстық демі бетті шарпиды. Мәселе, шығарманың көлемінде немесе тақырыбында емес. Ең бастысы өлеңдік қасиетінде, өмірдің өзіндей шынайылығында болса керек. Әр ақын замандастар жанының жыршысы, арман-тілегінің мұншысы болуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сариев Шәмшібай «60-70-жылдардағы қазақ лирикасы». Алматы, 1993.
2. Асанов Қайырбек «Азаматтықтың асқақ жырлары» «Коммунизм нұры» 1988ж. 8-ноябрь.
3. Тұрғынбекұлы Серік «Алдаспан ақын» «Егемен Қазақстан» газеті 1997 ж. 7-маусым.
4. Омарханов Ғабит «Дүниежарық». «Қызыл ту» газеті 1988 ж. 23-октябрь.
5. Есдәулетов Ұлықбек «Дүниенің жарық дидары». «Социалистік Қазақстан» газеті 1988ж. 11-ноябрь.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕНУ МОТИВІНІҢ ТАРИХИ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Гум.ғ.м. Н.А.МАЖИЕВА*
PhD доктор Н.С.БАЛТАБАЕВА**

Түйіндеме

Бұл мақала қазақ эпосындағы үйлену мотивінің тарихи дүниетанымы қарастырылған. Үйлену мотивінің тарихи бастау алған неке түрлерінің қалыптасуы мен ерекшеліктері жүйеленді. Негізгі бастау фольклорда жатқан бұл проблемалық жай ғасырлар бойы жаңаланып, өңделіп, толығып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Әлем және отандық зерттеушілердің пікірлері мен еңбектеріне сүйене отырып некелесу рәсімдері туралы бірталай тұжырымдары негізге алынды.

Қазақ халқының үйлену салтымен байланысты ғұрыптық мәселелері мен әдеби көркемдік ерекшеліктері жан-жақты ашылды. Осыған орай қазақ эпосында кездесетін неке түрлерінің бірнешеуі көрсетілді.

Қазақ эпосындағы қаһармандықпен үйлену мотивінің жанрлық ерекшеліктері қарастырылады. Жырлардағы үйлену мотивінің орындалу шарттары мен талаптарын шешу арқылы мақсатына жету. Жырдың жанрлық, нұсқалық ұқсастықтарына аса назар аударылған.

Тірек сөздер: фольклор, эпос, мотив, архаикалық, эзогоамия, полигамия, моногамия.

HISTORICAL AND MIROVOOZRENCHESKY BASIS OF THE MOTIVE OF MARRIAGE IN EPOS

Abstract

In the present article is considered historical bases of a mirovoozreniye of motive searches of the promised in the Kazakh epos. And also features and types of marriages in a historical context of motive searches of the promised are revealed. The problem of the folklore, which is the beginning of the many years of innovation, was renewed, renewed and renewed. World and domestic scientific research and their concepts have been used. It is also considered the analysis in texts.

The genres of genre are based on motives of marriage in the heroic Kazakh epos. Friendship is the solution to the problem and the necessity of the marriage in the epos. The basic emphasis is placed on the genre, variants of the system.

Keywords: folklore, epos, motive, archaic, ezogoamy, polygamy, monogamy.

КІРІСПЕ

Қазақ халқының үйлену салтымен байланысты ғұрыптық мәселелері шағын зерттеудің көлемімен шектелмек емес, оның сан алуан сипаты халықтық жырдың әр түрлі жанрында өзіндік ерекшелігімен анықталады. Мәселен, негізгі бастау фольклорда жатқан бұл проблемалық жай ғасырлар бойы жаңаланып, өңделіп, толығып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Осыған орай тақырыбымыздың көне дәуірдегі некелесу рәсімдерінің эпос жанрларының бастауы деп, біз ғалым С.Қасқабасовтың қазақтың ертегі жанрларындағы неке түрлерінің қыр-сырын жан жақты ашып, зерттеген [1] еңбегіне сүйендік. Сондай-ақ қазақ халқының дәстүрлеріндегі неке түрлерінің ара жігін ғұрыптық тұрғыдан Х.Арғынбаевтың [2] еңбегінде осы некелесу рәсімдері туралы бірталай тұжырымдарды негізге алдық.

Фольклор арқылы бүгінге жеткен жырлардағы сүйіспеншілік пен имандылық, адалдық пен адамгершілік мәселелері - жазба әдебиеттің де ең басты, ең негізгі мәселелері санатында. Жалпы, тек қана шығарма мен өлең немесе сурет т.б. қандай да болсын өнер туындысы махаббаттың себебінсіз тумайды. Эпостағы ең алғашқы кезендердегі «батыр мен қыздың бірін-біріне құмартуы ғашық болу негізінде емес, уақыт аралығында әйелді керек еткендігінде» - деп санайтын зерттеуші Е.Вердиман бұл ойын әрі қарай былайша өрбітеді: «Первобытные охотники вели бродячий образ жизни и зависели от возможности добывать свежее мясо. Жили они почти исключительно в общество мужчин, поглощенный единственным, что его волновало и насыщало, - охотой. Лишь время от времени они начинали искать женщину, забывшись, однако, о выборе» [3, 11 б.].

Әрине, бұл көнеліктің көзқарасы деуіміздің өзі ойландырады. Қайткенмен де бүгінгі күннің өзінде де құдай жаратылысының өзі «еркек – әйелсіз, әйел - еркексіз» бола алмайтынына, олардың бір біріне үлкен тартылыс күш арқылы ынтықтығын дәлелдейді.

* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kaugabaj@mail.ru

** balnargiza@mail.ru

Қазақ эпосындағы жар іздеу мотиві ерекше мәселе деп айтсақ та болады. Қазақ эпосындағы жар іздеудің мысалы батырлар жыры, көне архаикалық эпос, лиро-эпос немесе діни және тарихи эпостарда жиі кездесіп, бір-бірімен байланысып, ұштасып жатады. Егер батырлық жырларда батыр жарын жекпе-жекте, жарыста немесе қыздың, әкесінің жарлығы бойынша бір талабын орындауы арқылы үйленсе, лиро-эпостарда батыр қызға шынайы ғашық болу арқылы қосылады. Көне эпостарда батыр алдымен үйленуді немесе жар іздеуді мақсат тұтпайды, өзі жорыққа шығып ерлік жолында ғашық болып үйленеді. Осы көне эпостың бір ерекшелігі кейде ерді қыздың өзі тандайды. Ал тарихи жырларда барлық жырлардағы секілді махаббат, сүйіспеншілік, сезімдік сипаттар көп көрініс беруімен бірге ұрпақ қалдыру мақсаты басым келеді деуге болады. Тарихи жырларда баяндалатын басты мазмұн халықтың өмір шындығы, шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Әлбетте, бұл жырларда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси жағдайы керемдік тұрғыдан бейнеленеді.

Қазақ эпосындағы әр жанр бір-бірімен тұтастай байланысып жатса, тарихи жырлардан мұндай байланысты көрмейміз. Бірақ мұнда да ерлік жасағанда оның халықтың қамы, отбасының амандығы, әділдіктің басым түсуі жолында жасалатынын көруге болады. Батырлар жырында кейіпкер өз ерлігін жар іздеу, таңдау мақсатында көрсетсе, тарихи жырларда халықтық, мемлекеттік мүдделері басты сипат алады. Тарихи жырлардағы басты кейіпкерлер - тарихта болған адамдар, сондай-ақ, анық тарихи оқиғаларға негізделген деп есептеледі. Бұл жайында С.Сәкенов зерттеуінде былай дейді: «Батырлар жырының классикалық үлгілерінде өмірбаяндық сарындар - батырдың ғажайып болып тууы, ерекше балалық шағы, тым ерте жасаған алғашқы ерлігі, үйлену үшін жорыққа шығуы ... негізгі мақсат етіп қойылған тарихи жырларда бұл сарындарға онша мән берілмейді» [4, 126 б.]. Әрине, бұл пікірмен басы бүтін келісуге болмайды. Жырларда қазақ қыздарына ерекше мән беріліп, олардың отбасында өзіндік орындары бар екені керемдік тұрғыдан шынайы берілген. Сондай-ақ, жырдағы үйлену дәстүрі жан-жақты сипатталады.

Ал, діни эпостардың негізгі ерекшелігі мұнда діни ұстанымдар көбірек (неке қию, некеге дейінгі зандар т.б.) суреттеледі. Өкінішке қарай, халқымыз орын алған солақай саясаттың салдарынан халық ауыз әдебиеті мұрасының қомақты саласын құрайтын діни дастандардан ұзақ уақыт бойы көз жазып қалды. Соңғы он-он бес жыл ішінде олардың қайта жарық көріп, көпшіліктің қолына жете бастауы қуанышты жағдай.

Кезінде қазақ халқы арасында ауызша да, жазба түрінде де кең тараған діни мазмұндағы қиссалар көп болған. Діни қиссалар имандылыққа, қанағат-ынсапқа, күншіл болмауға, біреуге зорлық-зомбылық жасамауға, жетім-жесірлерге көмек көрсетуге, қайырымдылыққа т.б. ізгі қасиеттерге үндейді.

Ақынның дидактикалық өлеңдерінде оның мұсылмандық-ағартушылық дүниетанымы айқын көрініс береді. Сондай туындысының бірі «Үгіт сөз» деп аталады. Адам бойындағы жалқаулық, жатыпшіерлік, бекер малшашушылық сынды жағымсыз қасиеттерді сын садағына алған ақын, мұндай мінез-құлықтың қазақтың жауы екендігін тілге тиек етеді. Ал оларды жеңу өз кезеңінде, уақытында орындалса ғана құнды, өтіп кеткеннен кейінгі өкініш орынсыз қылықтың орнын толтыра алмайды деген ғибратты ойлары ақынды бір сәт сөз зергерінен ойшылдық, пәлсапашылдық деңгейге көтеретіндей. Өлеңнің өн бойынан байқалатын бір ерекшелік қалың қауымға арналған үгіт сөзін Тұрмағамбет тұспал, бүркеме арқылы жеткізеді. Әдеби жаратындыдағы ең басты ерекшелік ақынның ғибратты ойларының діни-ағартушылық сипатта берілуі. Мұның төркіні шайырдың мұсылмандық дүниетанымында екендігі дау туғызбаса керек-ті.

Бағатын бағландарыңды иман атты,

Ақылды өздеріңе ес көріңдер.

Қалмасын қапияда қатаң шөлдеп,

Қолына құйып қатық мес беріңдер [5,66],-

деген бүгінгі оқырман үшін түсініксіздеу болып көрінетін өлең жолдарындағы астар, айтар ой тереңі исламдық танымда жатыр. Ақын өз тыңдармандарына яғни, қалың қауымға иманды жетілдіру, шыңдау мәселесін астарлай жеткізеді. Исламдық танымда иманды шыңдау көркем мінездің – бастау бұлағы, түп негізі болып табылады. Ендеше ақын айтып отырған иманды шыңдау адам бойындағы теріс қылықтардан арылудың ең басты, әрі ең төте жолы. Өз иманыңды кемелдендіруді ешкім жасап бермейді, ол тек өз қолыңнан келетін нәрсе деген өсиеттік ойлар айтады.

Тұрмағамбеттің дидактикалық өлеңдерінің ішіндегі ағартушылық ұстанымын білдіретін шығармаларының бірі – «Шәкірттерге айтылған сөз» деп аталатын туындысы. Адамзат баласы үшін ұрпақ тәрбиесінен асқан құнды байлық жоқ. Бүкіл бақ-дәулет атаулының қымбаттысы – ұрпақ тәрбиесі. Өйткені ұрпақты тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу. Ақындық-азаматтық мұраты осындай асыл ойдан бастау алған Тұрмағамбет үшін де заманды түзетудің жолы ұрпақ тәрбиесі. Сондықтан ақын өз ұрпағының болашағына бей-жай қарай алмайды. Оның адамзат баласын биікке жеткізер білім мен ғылымды игергенін қалайды, армандайды. Тек армандап қана қоймайды, өз ұрпақтарының осы жолды таңдауына септігін тигізуді борыш санайды.

Ақылмен андасандар ғылым, хикмет,

Секілді сауыт-сайман, садақтарың.

Бақ қонып бастарыңа, орнап ықпал,

Әркімнен ауыр болар қадақтарың.

Көркейтпін кеуілдеріңді күнгірт тартқан,

Ойлатар Жаппар Хақтың жанаптарың [5,74].

Ең басты байлық – ғылым мен білім деген ойды ақын шебер жеткізе білген. Материалдық байлық пен рухани байлықтың ара салмағын көңіл таразысына сала отырып, мәңгілік байлық ғылым екендігін болашақ ұрпақтың жадына сіңіруді мақсат етеді. Өз шәкірттерінен тек білім мен ғылымды игеруді ғана емес, оны адам игілігі үшін жарата білудің, әрі қарай дамытудың, жаңартудың қажет екендігін еске салады.

Тұрмағамбеттің жастарды өнер-білімге шақыруға арналған өлеңдерінің арасында шоқтығы биік шығармаларының бірі – «Болсандар, балаларым, хатқа ұста» деп аталатын туындысы.

Болсандар, балаларым, хатқа ұста,

Төрден жай аларсыңдар тұрмай тыста.

Төр түгіл төменнен де тимейді орын,

Жүрсендер жалқаулықпен жазы-қыста,- [5,79]

деп, білімнің адам өміріндегі маңызын ұрпақ санасында жаңғырта түсуден басталған өлең, ғибрат, үлгі, өнегеге толы. Жастық шақ тек қызық-думанымен, сұлу-сымбаттылығымен, қайрат-жігерімен ғана қымбат емес, ойдың алғырлығымен, ақылдың толықтығымен, есте сақтау қабілетінің мықтылығымен де ерекше. Адамның жас кезінде алған білімі құнарлы, өміріңе азық болар білім-ғылымды жастық шақта игеру қажет деген ой білдіреді.

Педагогика, психология ғылымдары негіздеп берген адамның жас кезеңдеріне байланысты білімді игеру ерекшелігін Тұрмағамбет өзінің ағартушылық-дидактикалық сипаттағы өлең жолдарында шеберлікпен жеткізе білгендігін аңғарамыз.

Жастарды өнерге, білімге, ғылымға шақырған қайбір шығармасын алып қарасақ та Тұрмағамбеттің исламдық дүниетанымы анық көрінеді. Осындай қасиет біз сөз етіп отырған лирикалық шығармада да бар.

Сауалын Сүлейменнің берген шешіп,
Білімге бай болған соң бір құмырсқа,- [5,80]
деген өлең жолдары осының дәлелі.

Тұрмағамбет қаламынан туған «Жігіттің жарастығы жан барында», «Жігітке жарамайды алаң болған», «Ой – терең, ойлар – нәһән теңізден де», «Қимаймын адам «дәлін» надандарға», «Ақыл – тон аңдағанға тозбайтұғын» т.б. шығармалары ақынның ағартушылық-гуманистік мұратын танытатын дүниелер.

Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясынан бастап, бүгінгі күнге дейін өзекті болып келе жатқан жақсы мен жаман, мінез-құлық турасындағы дидактикалық шығармалардың түп-төркінін де осындай пәлсапалық, ойшылдық рисалалар мен ғибрат сөздерден іздеуіміз керек шығар. Тұрмағамбет те осы дәстүрден ұзап кетпейді. Бірақ дәстүрді тек жалғастырушы, қайталаушы ғана емес, жаңартушы, жаңғыртушы ретінде өзіндік үнмен, өзіндік өрнекпен ой тербейді. Заман мен адам, қоғам мен тіршілік иесі арасындағы байланысты, үйлесімді болжай отырып, қоғамға ықпал етуші ең басты күш ретінде адам факторын алға шығарады. Адамды тәрбиелеу арқылы ғана қоғамды өзгертуге болатындығын ақындық түйсікпен сезінеді. Сол үшін де замандастары мен болашақ ұрпаққа ең бірінші мінез-құлықты тәрбиелеу керектігін айтып үн қатады.

Ақынның «Түзеп ал татаусыз ғып мінезінді», «Нәпсі», «Жігіттің жарастығы жан барында», «Бәз біреу бақ-дәулетке масығады», «Жарылған жалған дүние жар басындай», «Туымды ер туралықпен билейді ұлтын», «Ер болсаң алдыңды ойла ақыраймай», «Жаманға жақсы адам ақыл айтар», «Бектерім, ойласаңдар үшбу жаһан», «Жақсы өзін жан біткеннен кем көреді», «Сабырлы салтанатқа ие болар», «Ерлерім, өзгені қой, өзіңді ойла», «Болса егер көзің көкте, кеуілің биік», «Шырын тіл, шырайлы жүз, болсаң балдай», «Шырын тіл, шырайлы жүз, болсаң кішік», «Жаһанның жоқ қарары тұтынба дос», «Ақылсыз нені аңдар көз болғанмен», «Арасы төрт-ақ елі шын, жалғанның», «Ер деме артында аты қалмағанды», «Жақсы адам жатық мінез, кішік болар», «Әй, нәпсім» т.б. шығармалары осындай өмірлік мәселені көтеруімен құнды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сыр сүлейлері өз шығармалары арқылы қазақ әдебиетіндегі сан ғасырлар бойында жасап келе жатқан, ең бір жасампаз, дәстүрлі, қазақ оқырманының көркемдік қабылдауына етене жақын, қазақтың қара өлеңіндей құлаққа үйреншікті, сіңісті жанрлық түр – дастандық жырларымыздың өресін жаңа биікке көтерді. Тақырыптық ауқымын кеңейтті, танымдық-тағылымдық мәні терең діни-философиялық, сюжеттік дастандарды алып келді. Тарихи тұлғалар тағдырын немесе пайғамбарлар өмірін тарата айтылатын, сюжеттік оқиғалары тартымды болып келетін, оқырмандарын жалықтырмайтын, поэтикалық қуаты өте әсерлі, көркемдік бояуы қанық, суреткерлік шеберлік тұрғысынан төрт аяғынан тең тұрған дастандық жырлардың осынау үлкен шоғыры біздің бүгінгі әдебиетіміздің де баға жетпес байлығы.

Халқымыздың бір ғасырға жуық уақыт бойы талан-таражға салған бай рухани мұрасын жинақтап жүйелеу, көмескі тартқан асыл қасиеттерін сақтап, келесі ұрпаққа шашпай-төкпей сол қасиеттерімен жеткізу – бүгінгі әдебиетіміз бен өнеріміздің аса маңызды міндеті.

Ақиқатында шынайы талант иелерінің қаламынан туындаған адам баласына тән ізгі қасиеттер мен рухани құндылықтарды жырлаған шығармалар қай кезеңде де құнын жоймайды. Адамды биік мұраттарға итермелейді, руханияттың таусылмас азығына айналады.

Сыр сүлейлерінің артында қалған мол әдеби мұраларын халықтың ортақ игілігіне айналдырып, дүниемен қайта дидарластырып, өмірінің екінші кезеңін кейінгі ұрпақтарға таныстырып, із қалдыру қазіргі ұрпақтың мәртебелі міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Ә. *«Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан*, 2003, 29 қараша, № 311-312.
2. *Ақын-жыраулар*. - Алматы, 1979, 184 б.
3. *Әдебиеттану терминдерінің сөздігі*. Құраст.: З.Ахметов, Т.Шоңбаев, - Алматы: Ана тілі, 1996 - 240 б.
4. Кәкішұлы Т. *Сын мен сынышы, Жанр жайлауы*, 1-кітап. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 460 б.
5. Ізтілеуұлы Т. *Шығармалары*. Құраст.: Б.Жүсіпов, Қ.Бабағұлов, - Алматы: Дешті Қыпшақ, 2007. – 588 б.
6. Әбдіғазизұлы Б. *Шәкәрім әлемі*. - Алматы: Раритет, 2008.- 408 б.

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПЕН МЕХМЕТ ЭМИН ЮРДАКУЛДЫҢ ПОЭЗИЯЛАРЫНДАҒЫ
ТҮРІКШІЛДІК САРЫН****Қ. Ж. ЖҰМАБЕКОВ***
С.Ә.ЖҰМАБЕКОВА****Түйіндеме**

Түркі әлемі ортақ тарих, тіл, дін, әдебиет және мәдениет тұрғысынан ажырамас алып аумақты қамтып жатыр. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайда болған ұлттық қозғалыстар тек қана Түркияда ғана емес, бүкіл түркі әлеміне өз әсерін тигізді. Бұл қозғалыстар XX ғасырдың басында барлық түркі тілдес халықтардың ұлттық әдебиетінің туындауына зор ықпал етті. Ұлт зиялылары ұлттық әдебиет сол ұлттың ана тілі арқылы жүзеге асырылатынын атап көрсетті. Қазақтың «алаш ұранды әдебиеті» және түріктің «ұлттық әдебиеті» кезеңдері де ұлттық идеяны насихаттады. Екі әдебиеттің өкілдері де ұлттық рух, ұлттық болмыс, түрікшілдік, тұраншылдық тақырыптарын өз шығармаларына арқау етті. Біз өз зерттеуімізде қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев пен түрік ақыны Мехмет Эмин Юрдакулдың түрікшіл сарындағы шығармаларын жан-жақты талдауға тырысамыз.

Тірек сөздер: Алаш әдебиеті, ұлттық әдебиет, ұлттық болмыс, түрікшілдік, поэзия.

**TURKİZM İN THE POETRY OF MAGZHAN ZHUMABAYEV AND MEHMET EMİN
YURDAKUL****Abstract**

The Turkish World is a large geographical area connected with common history, language, religion, literature and culture. The national movements that emerged since the second half of the 19th century have had an impact not only in Turkey but also in the whole Turkic world. These movements had a great impact on the birth of national literature of all Turkic peoples at the beginning of the 20th century. Nation intellectuals have noted that national literature is carried out through mother tongue of the same nation. The Kazakh "alash slogan literature" and Turkish "national literature" also promoted national idea. Representatives of both literature have devoted their works to the national spirit, national identity, Turkism and Turanism. In our study, we are trying to thoroughly analyze the works of Kazakh poet Magzhan Zhumabayev and the Turkish poet Mehmet Emin Yurdakul about Turkism.

Keywords: Alash literature, national literature, national identity, turkism, poetry.

КІРІСПЕ

Түркі әлемі – жер жүзінде ұлан-ғайыр кеңістікті алып жатқан, этногенез, діл, тіл, тарих, әдебиет, мәдениет, әдет-ғұрып және салт-сана тұрғысынан ажырамаған тұңғиық әлем. Алайда қоғамда орын алған кей себептердің салдарынан бұл әлем жұрты өзара түсінісе алмайтын халге жеткені хақ. Бір-біріне қаншалықты жақын бір әлемнің бір-бірінен соншалықты алыс болуы, расында, ойландыратын жайт. Түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір түріктерді бір-бірінен алшақтатып, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер жасағаны да баршаға аян. Тағдыры мен тарихы ұқсас, түбі бір түркі халықтарының тұтасу процесінде тіл мен дін ерекше рөл атқарады. Бұл тұрғыда зиялы қауым өкілдерінің еңбектері өлшеусіз.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алған саяси қозғалыстар барлық түркітілдес елдерде өз әсерін тигізбей қоймады. XX ғасырдың басында анадолы жерінде белең ала бастаған Жаңа тіл қозғалысы мен қазақ даласында орын алған Алаш қозғалысы ұлттық сананы оятуға барынша күш жұмсады. Аталмыш қозғалыстар нәтижесінде ұлт тілінің мәртебесін көтеру мен ұлттық әдебиетті қалыптастыру секілді көзқарастар туындады. Қазақ «Алаш әдебиеті» мен түрік «Ұлттық әдебиеті» қалам тербеген тақырыптар, ұлттық романтизм һәм тарихи кезең тұрғысынан өте ұқсас болып келеді.

Бұл мақалада Алаш әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев пен түрік ұлттық әдебиетінің рухты қаламгері Мехмет Эмин Юрдакулдың түрікшілдікті арқау еткен өлеңдерін қарастырамыз.

*Нийде Өмер Халисдемир университетінің докторанты, kuanysh.zhumabekov@mail.ru

**Эрджиес университетінің докторанты, samalalikizi@gmail.com

Мағжан мен Мехметтің түркі халықтарының рухани және мәдени бірлігін аңсаған жалынды жырлары бүгінгі күні де өз құнын жоғатпаған.

Қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасымен өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – Мағжан Жұмабаев. Мағжан поэзиясы рухани азық алып, жан-дүниенді байытып, өмір құбылыстарына деген көзқарастарынды кеңейтіп, айналаның қыр-сырын түсінуге көмектеседі. Жалпы, ақын өлеңдерінің тақырыбы әр алуан, оның бармаған, жырламаған тақырыбы жоқтың қасы деуге болады. Солардың бірі – аса күрделі әрі әлі де зерттеуді қажет ететін Тұран, Түркістан, түрікшілдік мәселесі. Поэзия падишасының өзі өмір сүрген дәуірде кеңес қоғамының қытымыр саясаты халық жадынан өшіруге талпынған тақырыпты өлеңдеріне арқау етуі үлкен ержүректілікті талап етеді. Өз ұлтын және бүкіл түркі әлемін жанындай жақсы көріп жырға қосатын ақынның аталған тақырыпты жырлау себебін белгілі мағжантанушы ғалым Ш.Елеукунов былай деп сипаттайды: «Мағжан поэзиясында түрік өлеңдерінің өрістеуінен әлденеше себептер бар. Ең бастысы – отаршылдыққа қарсылық, дүние жүзіндегі ұлт-азаттығы қозғалысының күрескерлерімен бірлесу, тізе қосу» (Елеукунов, 2002: 31).

«Қарашы төңірекке мойның бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...» (Сүлейменов, 2006: 19) - деп, өзінің «Орал тауы» атты

өлеңінде кезінде даңқымен жарты әлемді тітіреткен түркі халықтарының бір-бірінен іргесі ажыраған соң, кей елдердің боданы болып кеткенін күйіне жазған ақын, ендігі жерде бірігудің қажет екенін алға тартады.

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңірі берген несібі ғой», - деп басталатын «Түркістан» өлеңінде ақын түгел түркіге ортақ Түркістанды сөз етумен қатар, Тұранның айбынын асқақтатқан атақты адамдарды да атап өтеді.

«Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан не тамаша күндер кешкен», - деп жалғасатын өлеңде ақын өткен ғасырларда түркілердің біртұтас мемлекет болып, түрлі саяси себептердің әсерінен атын да, атағын да жоғалтып алған тарихын баян етеді.

Түркі әлемі, соның ішінде Түркістан тарихын терең білетін Мағжан түркі халықтарының тегі бір тұтастығы мен бірлігін жүрегімен аңсады. Ақынның 1919-1923 жылы Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған азаттық соғыста түрік халқын қолдау және оларға рух беру мақсатында жазылған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде:

«Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа,
Лайық па құл боп тұру? Жүр кетелік.

Алтайға, ата мирас алтын таққа, - деген жолдарынан азаттықты аңсаған жүрегі өзге елдің отары болмай, бірігіп бір ел болуды қалайтынын айқын аңғаруға болады.

Мағжан Жұмабаевтың «Күншығыс», «Пайғамбар», «Тез барам», т.б. тәрізді жырлары да түрікшілдік, түрік бірлігі идеясын жалғастырды. Түрікшілдік тақырыбын тереңнен толғаған ақын Тұран тағдырын түгел түркінің толғанысы етіп жырлады.

Мехмет Эмин Юрдакул – түрікшілдік тақырыбын ту еткен ақын, «ұлттық әдебиет» ағымының көшбасшыларының бірі. Анадолыда түрікшіл көзқарасты қалыптастырған және өзін түрік қоғамы үшін құрбан ете білген халық ақыны Мехмет Эмин Юрдакул жырлары арқылы түркі ұлысын бірлік жолында күресуге шақырады. Тек жалынды жырларымен ғана емес, ісімен де түрікшілдікке сүбелі үлес қосқан қаламгер өз замандастары әрі пікірлестері Ахмет Хикмет, Жүсіп Ақшора сияқты түрікшілдермен бірге 1911 жылы «Türk Yurdu» журналын шығара бастады. «Türk Ocağı» қоғамын құрды және сол қоғамның басшылығына тағайындалды (Töker). 1914 жылы «Türk Ocaqları» тарапынан Мехмет Эмин Юрдакул атына әдеби кеш ұйымдастырылды. Бұл кеште Мехмет Эмин өзінің жаңадан жазылған «Әй, түрік, оян!» атты өлеңін оқыды.

«Әй, түрік, оян!
Сен тура бес мың жыл бұрын
Алтайларда өмір сүргенде,
Тәңірім саған айтқаны:

«Әй, түрік нәсілі!

Бұл жерден күнге ұмтылған

Қырандай ұш, самға!»», - деп басталатын өлең жолдары ұлттың рухын көтеріп, жігерін жанитыны рас.

Түрікшілдік ұғымының кеңінен қанат жайып, дамуына үлес қосқан ғалым Зия Гөкалп Мехметтің бұл тақырыпқа келу себебін өз еңбегінде былайша баяндайды: «Түрік ақыны Мехмет Емін бейдің бойына түрікшілдікті еккен, өзінің айтуы бойынша, - Шейх Жамаладдин Ауғани, ...Түркияда Мехмет Емін бейді тауып алып, оның халық тілімен және буын өлшемімен ұлттық сүйіспеншілікке толы өлеңдер жазуына кеңес берген» (Гөкалп, 2000: 8). Мехмет Эмин 1914 жылы жарыққа шығарған «Әй, Түрік, оян!» атты өлеңдер жинағының кіріспесі төмендегі жолдардан басталады:

“Әй, бауырлар, ояныңдар,

Түрікшілдікке жан беріндер,

Ара ұясы аранікі,

Тұран елі түркілердікі!..» (Tansel, 1989: 129). Осы жолдар арқылы Мехмет Эмин түркі халқының өз елі мен жері үшін жанын қиып, күресу және бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірігу керектігін алға тартады. Өршіл өлеңдері арқылы түркі ұлысының санасын оятуға күш салған ақын сол кезеңдегі қиындықтар мен тайталастарға қарамастан түбі бір түркілердің және түркі әлемінің қайтадан аяққа нық тұратынына сенімді еді. Ол халыққа былайша үн қатады:

«Оян енді! Азат күн келіп жетті,

Түрікшілдікті бәлекеттен құтқару,

Оны қайта бостандыққа шығару –

Сен үшін ең мүбәрак іс еді». Қиын тарихи кезеңдерді бастан кешірген түркі ұлысының азаттыққа қолы жетіп, бостандықпен қауышқаннан кейін де ұлттық бірлікті сақтап, түрікшілдікті дәріптеу керектігін насихаттайды.

Мехмет Эмин өлеңдерінде өз ұлтының зорбалаң кезеңдерде көрсеткен жанкештілігін тамаша суреттейді әрі түріктей ұлы ұлттан жаралғанын мақтанышпен жырлайды.

«... Мен түрікпін, дінім, ұлтым ұлы-дүр,

Өне бойым жанған отқа толғандай...» - деп, жалын жүректі, өршіл намысты, асқақ рухты ұлттың ұрпағы екендігін аса толқыныспен жырлайды.

1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталған уақытта әскерлерді рухтандыратын бірнеше өлеңдер жазады. Солардың бірі – «Таңсәрі дауысы» атты жыры. Бұл жырында ақын түрік әйеліне үн қатады:

«Гүл терген нұр қолдар,

Кеудеде қанаған жараларды қарайды.

Әрбір қыз Ұлы Тұранға оқалы байрақ

Немесе өзіне қанды кебін жасайды». Бұл өлеңінде де ұлт ақынының ұлы Тұранды дәріптегенін байқауға болады.

Мехмет Эмин Юрдакул - түрікшіл сарынды жырларымен түрік әдебиетінде ойып тұрып орнын алған ұлы тұлға. Кей дерек көздерінде оны «ұлттық сипатты айшықтайтын жырлардың дауысы» деп те атайды. Себебі ол – алғаш түрікшілдік, ұлтжандылық тақырыбында қалам тербеген қаламгерлердің бірі. Оның жауһар жырлары бүгінгі бостан ұлттың кешегі көрген қиыншылығын керемет суреттеп, түбі бір түркі тектес халықтардың тамырын қайта қозғап, ынтымақ пен бірлікте болуға үндейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз мақаламызда түрікшілдік тақырыбындағы тамаша туындыларымен талайды тамсандырған қос ақынның шығармалары жайында сөз еттік. Қазақ пен түрік ақынының сөз өрнегінде айырмашылық болғанмен, ой-пікір сабақтастығы айқын аңғарылады. Бұл орайда, түркі тілдес халықтардың ортақ әдебиеті тұрғысынан жаңаша пайымдаулар жасау бүгінгі ғылыми қауымға қажетті іс болмақ. Осы мақсатта келелі істерді күн тәртібіне шығарып, ұлаңғайыр игілікті істер тындыру түрік халықтары әдебиетіне жаңа бағыт пен соны серпіліс әкелмек. Түркі әлемі сонда барынша жарқырап, күннің нұрындай сәулесін шаша бермек!!!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гөкалп, зия (2000), Түрікшілдіктің негіздері, ауд. – Фәдли Әли, Алматы: «Мерей» баспасы, б.8.
2. Елеукенов, Шериаздан (2002), «Мағжан Жұмабаев», *көп томдық шығармалар жинағы*, 1-том, алматы: «Жазушы» баспасы, б.31.
3. Сүлейменов, Жарасбай (2006), Мағжан, Петропавл, б.19.
4. Tansel, Fevziye Abdullah (1989), “Ey Türk Uyan” *Mehmet Emin Yurdakul’un Eserleri-1-Şiirler*, Ankara: Tdk Yayinlari, S.129.
5. Töker, Yalçın, Mehmet Emin Yurdakulun Türkçülüğü Ve İttihatçiliği, Erişim Tarihi: 05.09.2018.

**SOME FEATURES OF VLADIMIR NABOKOV'S EARLY LYRIC POETRY.
(On the problem of consciousness modernization through the Russian culture phenomena)**

Saltanat MAKASHEVA*

Doctor of Philology, Professor
department of service engineering and legal support in housing and public
utility sector and in construction industry

Elena PRUDCHENKO**

lecturer of the department of intercultural communication

Abstract

This article considers the ways of expressing emotions of happiness / unhappiness in V. V. Nabokov's early lyrics. Conceptual analysis of the binary opposition of happiness/unhappiness in V. V. Nabokov's Russian works «Chto nuzhno serdцу moemu...» and «Ty mnogogo, slishkom mnogogo hochesh'!» has been produced. It was revealed that the modality of the emotions of happiness is represented by the concepts of "love", "admiration", and the modality of the emotions of unhappiness are submitted by the concepts of "melancholy", "sadness", "indifference".

Keywords: *binary opposition, dominant emotions, emotionsmodality, emotions intensity, emotions representation.*

Binary opposition is a universal means of the world cognition, which was used especially actively and what is most important was realized as such in the twentieth century. Binary opposition (binarius (lat.) double, dual, consisting of two parts) is a type of relationship in semiotic systems, in which the sign acquires sense and meaning only through the relationship with the sign opposing to it [13].¹ Thus, the word (linguistic sign) "friend" reveals the meaning through the word "enemy", the meaning of the word "sweet" is revealed through the word "bitter".

In the theory of structuralism, the binary oppositions principle turns into a fundamental category and an essential principle of nature and culture.

All relationships between signs are reduced to binary structures, that is, to the model, which is based on the presence or absence of a certain feature.

Currently, it is getting popular to criticize this kind of double opposition.

The ethology creator Conrad Lorenz stated that "the division of the world of phenomena into opposites pairs is an innate principle of ordering, a priori forced thinking pattern inherent in man since ancient times" [2].

In the archaic society, a man tried to organize his ideas, categorizing the phenomena on the principle of "male-female", "top – bottom", etc., his thoughts were organized on the principle of opposition and association of surrounding phenomena in pairs of opposites.

At the beginning of the third Millennium " new imperatives are defined. As the Binary scheme being one-dimensional it generates thereby a linear representation of connections.

To understand what unites opposites into one entity and how to resolve contradictions it requires a more complex structure containing additional elements and relationships [1]

The third element is necessary to solve the problem of binary contradictions as a compromise, as a condition of their coexistence.

The binary oppositions are widely used in the range from poetic rhyme to biological rhythms of day and night, as well as cultural rhythms: ideal culture – material culture.

According to many reputable researchers, such as N. Bohr, Heisenberg, Yu. M. Lotman, the binary opposition of the universal character, are the basis of any picture of the world description both of the archaic, and up-to-date one.

Binary complementarity of view points on the world compensates the impossibility of its final cognition.

* Industrial University of Tyumen, makascheva@mail.ru

** Industrial University of Tyumen, helenprud@yandex.ru

This bipolarity has acquired a special meaning in the cultural concept of Lotman, who distinguishes opposition pairs (on the one hand, linear-discrete, on the other hand, homeomorphic-continuum beginning of the organization) at almost all levels of human activity. The nature of these poles is associated with the thinking

principles, characteristic of the right and left brain hemisphere. Examples of such oppositions are "child – adult", "action – narrative", "iconic thinking – verbal thinking", etc. [3. p. 38].

As soon as any level of semiotic development of the world stands out, the opposition is immediately outlined, which fits into this series. It sets the internal dynamics of the semiotic mechanism and its ability to create information.

Here Lotman focuses on such an integration mechanism as a meta-language block. He says that meta-language descriptions are a necessary element of the "intellectual whole" [3. p. 39]. And it is binary oppositions that are the units of metalanguage.

The studies of ethnologist and anthropologist K. Levi-Strauss, who believed that structural models of linguistics are similar to models of anthropology can be a response to such criticism.

The culture is studied by identifying the structure of the unconscious through binary oppositions formed by five senses (quiet-loud, hard-soft, light-dark), and binary oppositions expressing logical oppositions as a result of a man's social experience (good – evil, life – death, friend – enemy).

The oppositions described by linguists exist in both biological and physical reality. The language is known to reflect the human culture, but its structure is not realized by the speaker (the structure of the unconscious).

It was found that the binary oppositions are widely used to describe any picture of the world; and they are universal:

life-death
happiness - misfortune
right-left
good-bad
near-far
past-future
here – there

The left part of the opposition is always considered to be marked positively, unlike the right one which is marked negatively.

In modern life, we also use the binary opposition: possible - impossible, necessary - unnecessary, accepted - unaccepted, true - false, yes - no, statement - denial, knowledge - ignorance. To study the mechanism of the binary opposition it is important to concern the concept of mediation, that is, mediation between the extreme members of the opposition.

The authors carried out a conceptual analysis of the binary opposition "happiness / misfortune" in V. Nabokov's Russian-language «Chto nuzhno serdцу moemu...» and «Ty mnogogo, slishkom mnogogo hochesh'!». It allowed to identify and describe the ideas, motives, images of works of art, and to establish the specificity of the author's personality, presented in the above poems.

To identify and describe the ideas, motives and images of works of art, it is necessary to identify the author's dominant personal meanings and dominant emotions. Let us consider the V. Nabokov's work «Chto nuzhno serdцу moemu...» with the prevailing emotion of happiness.

Chto nuzhno serdцу moemu
Chtob byt' schastlivym? Tak nemnogo...
Lyublyu zverej, derev'ya, Boga,
i v polden' luch, i v polnoch' t'mu.
I na krayu nebytiya
skazhu: gde byli ogorchen'ya?
Ya pel, a esli plakal ya –
tak lish' slezami voskhishchen'ya. (2)

This poem actualizes the emotion of happiness, which includes the components of "love", "admiration". The emotion of happiness modality is represented by the following concepts: "love", which is represented in the following way: "I love animals, trees, God, and at noon the beam, and at midnight the darkness" / "Lyublyu zverej, derev'ya, Boga, i v polden' luch, i v polnoch' t'mu." (Love (n) 2. a sense of deep liking, selfless and sincere affection (S. I. Ozhegov's dictionary of the Russian language)); and "admiration", which is represented in the lines, "I sang, but if I cried - I cried with tears of admiration" / "Ya pel, a esli plakal ya –

tak lish' slezami voskhishchen'ya. (Admiration (n) higher satisfaction, delight (S. I. Ozhegov's dictionary of the Russian language))

The intensity of the emotion "happiness" is represented by the expression "and on the edge of nothingness I will say: where were the sorrows? / I na krayu nebytiya skazhu: gde byli ogorchen'ya?" (Happiness (n) a feeling and a state of complete, supreme satisfaction (S. I. Ozhegov's dictionary of the Russian language), respectively, the absence of "grief»)

V. Nabokov's work "what my heart needs .../ Chto nuzhno serdцу moemu ...» was written in 1919 and is an example of the poet's early work, and is characterised by the emotion of happiness actualization .

The work " you want too much, too much!" on the contrary actualizes the emotion of unhappiness, which includes the components "melancholy", "hopelessness", "indifference".

Ты mnogogo, slishkom mnogogo hochesh'!
 Tosklivo i zhadno lyubya,
 naprasno ty gryozam pobedu prorochish'
 kogda on glyadit na tebya.
 Pover' mne: on zhenshchinu lyubit ne bole,
 chem lyubyat poehty vesnu...
 On molit, on manit, a serdce - na vole
 i cenit lish' volyu odnu!
 I zori, i zvyozdy, i radugi maya -
 sopernicy budut tvoi,
 i v noch' upoen'ya, tebya obnimaya,
 on vspomnit o pervoj lyubvi.
 Pust' ehta lyubov' mimolyotno-sluchajno
 kosnulas' i kanula... Pust'!
 V glazah u nego zamechaetsya tajna,
 tebe neponyatnaya grust'...
 Togda ty pochuvstvuesh' holod razluki.
 Chto zh delat'! Celuj i molchi,
 siyaj bezmyatezhno, i v rajskie zvuki
 tvoi prevratit on luch'i!
 No ty... ty ved' lyubish' vlastitel'no-dushno,
 potrebuesh' zhertv ot nego,
 a on lish' vzdohnyot, otojdyot ravnodushno -
 i bol'she ne dast - nichego... (4)

The modality of the emotions of misfortune is submitted by the concepts "melancholy", "sadness", "indifference", which are represented in the following way: "Sad and eagerly out of love, / in vain you dreams are predicting victory, when he looks at you./ Tosklivo i zhadno lyubya, / naprasno ty gryozam pobedu prorochish', / kogda on glyadit na tebya."; (Dreary (adj) experiencing mental anxiety, worrying, fear, boredom, grief, sorrow, mourning (V. Dal's Defining dictionary),; "...he just sigh, depart indifferently / and do not give - anything / ...on lish' vzdohnyot, otojdyot ravnodushno - / i bol'she ne dast - nichego ". (Indifferently (adv) showing indifference (2), relating indifferently, impassively to everything and everyone (T. Efremova Defining dictionary); "Then you will feel the cold of separation/ Togda ty pochuvstvuesh' holod razluki..." (Cold (idiom) indifferent, dispassionate (S. Ozhegov Defining dictionary) Separation *from* (n) parting with a loved one (T. Efremova Defining dictionary))

The intensity of the emotion "hopelessness" is represented by the expression "Sad and eagerly out of love, / in vain you dreams are predicting victory, when he looks at you. / Tosklivo i zhadno lyubya, / naprasno ty gryozam pobedu prorochish', / kogda on glyadit na tebya." (In vain (adv) the assessment of any situation, someone's actions as useless, unsuccessful (T. Efremova Defining dictionary)).

The author's emotion representation is unique ("love", "admiration", "longing", "hopelessness") and serves the author's idea of presenting the symbolic concept of "creativity". (5)

REFERENCES

obrashcheniya: 16.08.2018)

5. Vl. Sirin "Gornii put" Izdatelstvo "Grani". – Berlin, 1925. [Elektronnyj resurs]. – URL: http://librebook.ru/gornii_put (data obrashcheniya: 16.08.2018).

6. Lorenc K. Oborotnaya storona zerkala. [Elektronnyj resurs]. – URL: https://ps.vk.me/c539202/u100354823/docs/a264cc832a34/Konrad_Lorents_-_Oborotnaya_storona_zerkala.fb_2 (data obrashcheniya: 16.08.2018). []Ufimceva N.V. Russkie: opyt eshche odnogo samopoznaniya // Etnokul'turnaya specifika yazykovogo soznaniya. Sbornik statej / Otv. red. N. V. Ufimceva. – M., 1996– S.139-162.
- [7]Frumkina R.M. Est' li u sovremennoj lingvistiki svoya ehpistemologiya? // Yazyk i nauka konca HKH veka. – M., 1995 – S. 74-117.
- 8 Enciklopediya kul'tury i obshchestva. [Elektronnyj resurs]. – URL: [http:// glossword. info/index. php/term/](http://glossword.info/index.php/term/) (data obrashcheniya: 03.09.2018).
9. V. Rudnev. Slovar' literaturnyh terminov [Elektronnyj resurs].– URL:<http://slovar.lib.ru/terminologies/rudnev.htm> (data obrashcheniya: 03.09.2018).
10. V. Nabokov Chto nuzhno serdцу moemu... [Elektronnyj resurs].- URL: <http://rupoem.ru/nabokov/chto-nuzhno-serdцу.aspx> (data obrashcheniya: 03.09.2018).
11. S. Ozhegov. Tolkovyj slovar' russkogo yazyka[Elektronnyj resurs].- URL: <http://slovarozhegova.ru/>(data obrashcheniya: 02.09.2018).
12. V. Dal'. Tolkovyj slovar' zhivago velikogo russkogo yazyka.[Elektronnyj resurs].- URL: <http://slovardalja.net/> (data obrashcheniya: 02.09.2018).
13. Efremova T.F. Novyj slovar' russkogo yazyka. Tolkovo-obrazovatel'nyj.- M.: Rus. yaz. 2000.- v 2 t.- 1209 s. - (B-ka slovarej rus. yaz).
14. Толковый словарь русского языка: В 4 т./ Под ред. Проф. Д. Ушакова.- М.: ТЕРРА- Книжный клуб, 2007.- 752 с.
16. Т.А. Golikova Dinamika ehmocij schast'ya i neschast'ya v tvorchestve V. V. Nabokova.- ZHurnal "Kul'tura

I СЕКЦИЯ.

ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ФИЛОЛОГ МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Аты-жөні	Мақала атауы	
А.А.Сатбекова	Kazak dili proje öncesi eğitim teknolojisi-	14
А.А.Сатбекова	öğrencilere kaliteli bir seviyede öğrenmenin etkili bir yoludur	
Aysel Ahmedova	Orhon Yazıtlarındaki Türemiş Sözcüklerin Göktürk Harfli Uygur Yazıtlarına Yansıması	18
Қ.Қалыбаева	Кейбір сөздердің этимологиясы жайында	23
П.Байтімбетова		
М.Атабаева	Ахмет Байтұрсынұлының «Тілді қолдана білу» жайындағы тұжырымдары	27
Fidan Yusifova	Azərbaycan Dili Dialektlərində və Türk Dilində İşlənən Ortaq Sözlər	33
С.Қ.Иманбердиева,	«Ақиқат сыйы» ескерткішінің ономастикалық жүйесі	38
Л.Н. Дәуренбекова		
А.Оңалбаева,	«Дастарқан» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері	44
А.Задаева		
Наси Veli Bişkin	Tarihî Tıp Metinleri Çalışmaları Üzerine Bir Deneme	49
Қ.Т.Садыбаев,	Иғрабтың маңызы және оның араб тілінде алатын орны	57
Ж.Ж.Сариева		
Ж.Н.Сүлейменова	ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі	61
İsmayıl Kazımov	Sunqur Türkləri: Folklor və Dil	66
Ж.К.Отарбекова,	Абай шығармалары тіліндегі авторлық қолданыстар	74
Б.Н.Нуржанова		
С.Айтжанова,	«Қыз» сөзінің қатысымен жасалған фразеологизмдер	80
Б.Закенова		
С.А.Асанбаева,	Қазақ жарнама мәтіндерінің прагматикалық аспектісі	85
Г.Қ.Абдрасилова		
Mayıl B. Əsgərov	Türk Dünyasında Dil Siyasəti və Latin Əlifbası	89
А.Ғ.Сембаева,	Нейролингвистикалық бағдарлаудың коммуникативтік маңызы	96
А.Джамамбетова		
Ғ.Б.Шойбекова,	Орта ғасыр ескерткіштеріндегі етістік жасаушы жұрнақтардың жуан жіңішкеварианттары	101
Қ.Абдирасилова,		
Ш.Д.Дүйсенова		
Nebahat Erdem	Karamanlı Nizami'nin Divanında Harflerin Ele Alınışı	107
Ж.А.Абитжанова,	Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі соматикалық атаулардың лингвомәдени сипаты	112
С.Т.Наурызбай		

В.К. Bazylova	Artistic reflection of the national character in the historical novel	117
Ömer Küçükmehtetoğlu	Başkurt Türkçesinde “+Һыз,+Һез,+Һоз,+Һөз” (+Һи́з,+Һе́з,+Һү́з,+Һү́з) Yapım Eklerinin Çağatay Türkçesi Ve Türkiye Türkçesindeki Morfolojik Görünüşleri	123
Г.Ж.Бүркітбай Ж.З.Беркутбаева	Мультимәдениет қалыптастыруда тілдің әсері	127
М.Есімболова	Тарихи лексикологияның этнолингвистикалық негіздері	132
М.Ж. Жүнісова	М.Қашқари сөздігіндегі ауыз әдебиеті үлгілері (зерттелуі, тәржімалануы, басылымдары)	138
Рәхшанә Babazadə	Əsnəbi Dillərlə Ortaq Türk Feilləri	143
Г.ж.А.Кажигалиева	Қазіргі оқу үдерісіндегі шығармашылық компонент туралы	150
Ш.А.Тажобаева		
Г.К.Қайдарова, Ұ.Ноғаева	Қазақ тіліндегі дыбыстар түрленімінің зерттелімі	156
Sevda Rzayeva	İngilis Dilində Türk Mənşəli Sözlərin Mənimənilməsi Prosesi	160
А.Т. Тохметов, М.А.Кебекбаев	Қытай тілін оқутуда қазақстандық материалдарын пайдалануының маңыздылығы	165
М.Қ.Қанабекова	М.Әуезов көркемдік әлемін «тілдік тұлға» теориясы негізінде сипаттау	171
Қ.Ш.Балабекова	Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелу тарихын жүйелеу мәселелері	176
Süleyman Efendioğlu, Esra Yavuz	Kazak Sözdiziminde Zarf Tümleci	183
Д.Ж. Рысқұлбек	«Қазақ» атауына қатысты сандық метафоралар	191
Б.А.Садырбаева, М.З.Беркутбаева	Антропонимдердің прагматикалық аспекті	194
Г.Д.Даниярова	Жаратылыстану пәнін шет тілінде оқытуда мұғалімдердің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру	198
А.Даутқұлова	Су нысандарындағы ұлттық дүниетаным іздері	201
К.З.Елшібаева	Шаршы топта сөйлеудің тілдік нормалары	206
З.Ж.Жорабек	«Шаңырақ» концептісінің символдық семантикасы	212
Г.Т.Қарсыбек	Жаңартылған білім беру аясында бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі мен ағылшын тілдерінен сөздік қорын дамыту жолдары	217
A.S. Murzinova	National-cultural peculiarity of stereotype-concept	221

Ф.Өмірбай	Қазақ-Ағылшын мақал-мәтелдерінің мазмұнындағы ұқсастықтары мен ұлттық сипаты.	226
Б.А.Сабденова	Қазақ тілі сабағында қатысымдық технологияны қолдану арқылы оқушылардың ызығушылығын арттыру	230
Б.Матай	Түр-түс әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасы	234
А.У.Ақынбекова	Чагатай тилинин түрк тилдериндеги орду	239
Л.У. Алипбекова	Ағылшын антропонимдерінің семантикасындағы эмоционалды-экспрессивті және стилистикалық коннотация	244
Н.А.Рысқұлова, Г.А.Жанұзақова	Қазіргі таңдағы шет тілін оқытудағы мәденитаралық қарым-қатынастың маңызы	251
А.О.Тымболова А.С.Кушкимбаева	М.О.Әуезовтің драмаларындағы «ажал» концептісінің көрінісі	258
Н.Ш.Қалиева	«Жеті ата» ұлттық концептісінің тілдік санадағы көрінісі	263
Л.Ә.Ибраймова, А.Сарбалина	Тіл білімінде коннотациялардың қолданылу жайы	269
Г.Ж.Сүлейменова, А.Әміржаева	Рухани жаңғыру аясында лингвоелтанымдық бірліктерді жаңаша оқыту мәселелері	275
Г.Ақанқызы	Сана көкжиегіндегі аққу немесе «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы қақындағы ой	279
G.Shainova, M.Tuleubayeva	The modern kazakh novel. The development and genre diversity	282
Р.Р.Барқыбаева, А.С.Сқағи	Түрлі медиядидактикалық материалдарды заманға сай сақтау жолдары	289
Абубакирова, М.М.Зимин	Дим башкорттарының һәм афғанстандың афшар төркмәндәре теленең фонетикаһы	294
А.Х.Ерімбетова Ж.М.Бектұрғанова	Тарихи жазба ескерткіштер тілі психолингвистикалық аспект тұрғысынан	298
З.А.Алымбаева	Көркөм тексттегі үндөш тыбыштардың жыштығынын стилдик боёктуулугу	303
Ж.С.А битова Кенан Коч	Қазақ тілі сөзжасамының жеке ғылым саласы ретінде зерттелуі	306

II СЕКЦИЯ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ӘДЕБИЕТ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ КЕМЕЛДЕНДІРУ

Аты-жөні	Мақала атауы	
Doç. Dr. Adem Öger	Kazakistan uygurlari ve kültürel miraslari üzerine	310
С.Б.Ержанова	Ежелгі түркі поэзиясының даму үрдісі	315
Р.З.Зайкенова	Рухани жаңғыру және әдебиет	320
Huseyn Ahmadov	Azerbaycan Millî Romantizmi'nin İlk Temsilcilerinden Abdülhalık Cenneti (Gaffarzâde)	325
Turgay Düğen	“Manevi Uyanış” Makalesi ve Programı İçinde Kazak Milli Kimliğinin İnşası	331
Yeganə Hüseynova	Azərbaycanda Mənəvi Oyanış	338
Қ.Қ.Мәдібаева	Қалнияз ақынның «Қармыс батыр» жырының көркемдік ерекшелігі	342
Қ.Т.Жанұзақова, Адем Өгер, А.Б.Нурсали	Тәуелсіздік тұсындағы романдардың жанрлық сипаты	346
Л.М.Әділбекова	STEAM білім берудің өзектілігі туралы	351
Б.Д.Жұмақаева, Ш.Л.Ерхожина	Әдебиет сабағында кері байланыс жасау тәсілдемесі	356
Б.С.Сарбасов	Түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мотивтер	361
А.А.Көшекова	Тарихи жырлардағы ат бейнесі	366
Ziya Avşar	Ahmet Yesevi ve Yunus Emre'de Akibet Fikri	371
Bekir Çinar	Fatih Sultan Mehmed'in (Avnî'nin) Şiirlerinde Ali Şîr Nevâî Etkisi	376
Буробия Ражабова	“Қутадғу Билиг”да Васиятнома Жанри	381
Elmira Məmmədova Kekeç	Ramız Rövşən Poeziyası və Vücutnamə Yaradıcılığı	388
Б.Ш.Қожекеева, Т.А.Әзімхан	Ноғайлы дәуірі және тарихи қаһармандық жырлардың өзіндік ерекшелігі	393
К.С.Әбдіқалық, Г.Нүсіп, А.А.Чанчарова	Мағауин әңгімелеріндегі руханият мәселесі	398
Т.Дәуітұлы	Әлімғазы Дәулетханұлының шығармашылығы	403
Э.С.Сейсенбиева, З.А.Әуезова	А.Үлімжіұлы және «Қажы Баян» дастанының өзіндік ерекшелігі	408
Zuhal Yüksel, Б.Панзабек	Kırım tatar destanlarındaki şahislerin tarih içindeki yeri	414
К.С.Әбдіқалық, Н.М.Рахманова,	Мағжан шығармаларындағы ұлттық идея	419

Ғ.А.Орынханова			
Б.М.Сұлтанова, М.Кулманова	Б. Соқпақбаев прозасының идеялық- эстетикалық мәні	425	
Emine Nur Ata	Türk Halk Anlatıları ve Halk İnanmalarında Su İyeleri ve Burkut Ata'nın İzleri	430	
Gulshat Shaikenova	Kazak Edebiyatında Roman Türü ve Gelişmesi	436	
Hikmet Koraş	Ulpan Romanı Örneğinde Edebi Eserde Siyasi Propaganda	440	
Kamile Çetin	İki Klâsik Türk Şairinden Geleneksel Bir Türk Tatlısı Gullaç Tarifi	453	
Kübra Merve Taş	Su Üzerinde Yürüme Motifinin Kökeni Üzerine Tespitler: Sarı Saltık Örneği	458	
Б.С.Бегманова	И.Оразбаевтың ақындық шеберлігі	464	
Н.А.Мажиева, Н.С.Балтабаева	Қазақ эпосындағы үйлену мотивінің тарихи дүниетанымдық негіздері	469	
Afaq Yusifli	Rəsulzadə Publisistikasında Cümhuriyyət Dönəmi Ədəbiyyatının Rəmzi Xarakteri Haqqında Mülahizələr	474	
Meder Saliev	Osmanaalı Sıdık Uulu'nun Eserlerinde Kırgızların Sosyal ve Dinî-Eğitim Durumunun İzleri	480	
Mesut Sönmez	Ömer Seyfettin'in "Türkistan Devleti" Makalesi ve Günümüz	488	
Мукимова Зохида Расуловна	Ўзбек Тилидаги Ўхшатишларда Ҳаёт Тасвири	491	
Мархабо Кўчқорова	Замонавий Ўзбек Адабиётининг Маънавий Раҳномаси Абдулла Қодирий: "Ўтган Кунлар" Ва "Алпомиш"	494	
Natella Quliyeva	Azərbaycan Şairi Sərdar Əsədın Yaradıcılığında Milli-Etnoqrafik Obrazlar	497	
Pərvanə Hüseynova	Adlarda İkinci Reprəzentasiya Kateqoriyası	501	
P.P.Галиуллин	P. Фəхрəтдин Ижатында Ханыт-Кыз Образларының Бирелеше ("Сəлимə", "Əсма" Əсəрлərə Мисалында Мисалында)	506	
Sahibə Paşayeva	Azərbaycan və Qırğız Xalqlarının Dastançılıq Ənənəsində "Koroğlu" və "Manas" Dastanları	510	
Seda Selim	Rafiq Hümmet'in Şiirlerinde Türk Milleti ve Vatan	516	
Sevda Qasimova	Azərbaycan Nağıllarında Xıtablar	523	
Sevinc Talibova	Müstəqillik İllərində Azərbaycan Ədəbi Dilinin Lüğət Tərkibinin Zənginləşməsində Bədii Üs- lubun Rolu	529	
Seyfəddin Altayli	Atəşin Türk Mədəniyyətindəki Yeri və "Sirətin Nəbi"Də Atəş İyəsi	532	

Şəfahət Əliyev	Müasir Poeziyada Qərbi Azərbaycan Ədəbi Nümunələri-Aqıl İman	538
Təhminə İsmayilova	Publisistik Mətnlərin Struktur – Semantik və Funksional Xarakteristikası	543
Zəminə Rüstəmbəyli	Ədəbiyyatımızın Orta Əsr Dini Tərcümə Nümunəsi “Siyəgün-Nəbi”	548
A.M. Кенжан	Рухани жаңғыру – ұлттық тәрбиенің негізі	551
И.Боранбаева		
Ziya Bəhmənli	Azərbaycanda Terminografiyanın Təşəkkülü	557
Adem Öger	Kazakistan Uygurları ve Kültürel Mirasları Üzerine	
Faruk Çolak	Kıssa-I Navrubay Töre	562
Perizat Yertayeva,	Sesen/Şeşen/Çeçenin Mitolojik Kökenine Dair	565
Faruk Çolak	Bir Efsane	
Nurten Ay	Türklerde At Kültürü ve Ata Dair İnanışlar	569
Recep Tek	Folklor-Sözlü Tarih İlişkisi ve Bir Mübadele Destanı	576
Sönməz Abbaslı	Qarabağ Nağıllarının Özəlliyi	584
Yadulla Ələkbərov	Azərbaycan Nağıllarında Sehrli Alma Obrazının Mifik Semantikasi	589
Bekir Necati Altin	Han ve kervansaraylarDa COĞRAFI sorgulamalar	594
Г.Сатаева,	Чынгыз Айтматовдун чыгармаларында адам жана адамзат проблемасынын көркөм чагылдырылышы немис адабий сынында	598
К.А. Душеева		
A.F.Қожамкул	XX ғасыр басындағы поэзиядағы дидактикалық сарын (Сыр бойы ақындары шығармашылығы негізінде)	606
Қ.Ж.Жұмабеков,	Мағжан жұмабаев пен мехмет эмин юрдакулдың поэзияларындағы түрікшілдік сарын	612
С.Ә.Жұмабекова		
Saltanat Makasheva	Some features of vladimir nabokov's early lyric poetry.	616
Elena Prudchenko	(on the problem of consciousness modernization through the russian culture phenomena)	